Бақытжан
КЕНЕНҰЛЫ

ДҮЛДҮЛ

Алматы
2022
“*Алматы-Болашақ*” АҚ

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)
К 30

Бұл кітап –
«Кенен ата» қорының
демеушілігімен жарық көрді

Халық ақыны Кенен Әзірбаев туралы замандастарының әр жылдары жазған арнау-өлеңдері, ақынның көзін көрген ғалымдардың, әдебиет зерттеушілердің, жазушылардың естелік-мақалалары.
Құрастырып, алғы сөзін жазған Әзірбаев Бақытжан Кененұлы.

Кененұлы Б.
Дүлдүл / Бақытжан Кененұлы. – Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2021. – 512 б.

ISBN 978-601-7646-14-1

Бұл кітапқа халқымыздың қастерлі ақыны, күміс көмей әнші әрі композиторы, қайталанбас өнер иесі Кенен Әзірбаев жайлы жазылған арнау-өлеңдер және зерттеу-естелік мақалалар енгізіліп отыр. Мұнда ақынның көзін көрген, дәмдес болған ақын-жазушылардың, әдебиет зерттеуші ғалымдардың, ауылдастарының, шәкірттері мен балаларының абыз-ақын атамыз туралы қызықты материалдары топтастырылды. 92 жыл ғұмыр кешіп, соның 75 жылында халқына талмай қызмет көрсеткен ақын өмірінің әр қыры жан-жақты әрі тартымды әңгімеленеді.

Кітап халқымыздың өнерін қастерлейтін, ұлағатты ұлдарының өмірі мен шығармашылығын тереңірек білгісі келетін көпшілік оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ.84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7646-14-1

© Бақытжан Кененұлы, 2022
© «Алматы-Болашақ» АҚ, 2022

АЛҒЫ СӨЗ

Бұлбұл әнші – Ұлы композитор

Ақын, әнші, жыршы, күйші, сері, композитор, шежіреші, қайраткер, ұлы өнерпаз дейтін адамның бойындағы ерекше қасиеттерін даралап көрсететін атаулар бар. «Кенен соның қайсысы? деп сұрағанға, «Кененнің бойында осының бәрі тоғысқан» деуге болады. Ақынды жақсы білмейтін, шығармаларын оқымаған адам бұған күмәнмен қарауы әбден мүмкін. Болмаса ғасырға жуық өмір кешкен ақын, мұндай марапатты, құрметті көзінің тірі кезінде де көптеп естіген, дүние салғаннан кейін де үзбей айтылып келеді. Осы атаулар Кененнің өзіне ғана жарасады, өзінің болмысына ғана үйлесімді.

Мәселен, ұлы Абайды суырып салма ақын, алапат күйші десек құлаққа ерсілеу естілері hақ. Ол – ойшыл, кемеңгер ақын. Сол сияқты төкпе жырдың сүлейі Жамбылға күміс көмей әнші десек әбестік боп көрінуі де мүмкін. Ол жырау, жыр алыбы. Біржан сал, Ақан сері деп қастерлегенде халық олардың болмысына, дарын ерекшелігіне қарап қадір тұтқан ғой.

Ұлы жазушымыз М. Әуезов: «Кенеке, сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға дән ризамын» деп ағынан жарылғаны кеше ғана.

Атақты ғалым М. Жолдасбеков: «Кенен Әзірбаев – сан өнерді жарастырып тең ұстаған ұлы өнерпаз, жырау әрі ақын, жыршы әрі күйші, әнші әрі композитор, шежіреші әрі ел мұрасын сақтаушы үлкен қайраткер» деп ой түйеді.

Есімі әлемге әйгілі саясаткер, көп жылдар ел басшысы болған үлкен жүректі қайраткер Д. Қонаев: «Кенен Әзірбаев – өмірде де, өнерде де қайталана бермейтін ерекше құбылыс» деп бұл ойымызды тіпті тереңдете түседі.

Академик, әдебиет сыншысы М. Қаратаев: «Кенен ән шығарып сөзін жасайды (мұнда ол – ақын шайыр), сөзге шақтап әннің мелодиясын жасайды (мұнда ол – композитор), сол мелодияға тиісті музыкалық аспапқа (домбыраға) қосып өзі орындайды (мұнда

ол – музыкант), ақырында өзі шығарған әнін өз әуенімен салады (мұнда ол – әнші)» дейді.

Еуропа мәдениеті қазақ жеріне жете қоймаған сонау көне дәуірде «әнші» деген атау, біздің қазіргі ұғымыздағыдай «тек ән орындаушы» деген мағынада емес, оның ауқымы әлдеқайда кең болған. Әнші – ән орындаушы ғана емес, жанынан өлең шығаратын ақын да, оған лайықтап ән туғызатын сазгер де, сол мақамына қосып жыр тудыратын жыршы да болған. Ал композитор деген сөз бізге кейін қосылды. Арнайы музыкалық білім алған, консерватория сияқты арнаулы оқу орындарын бітірген адамдарды айтамыз. Композитор – кәсіп, мамандық.

Сонда даланың көне мәдениетінен сусындап, дала өркениетін жасасқан Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Абай сияқты өнер саңлақтарын кім деп атауымыз керек? Қазақ музыка өнерінің шаңырағын көтеріп, керегесін бекіткен осындай өнерпаздар жүздеп саналады. Солардың ешқайсысы да арнайы музыкалық білім алмаған. Халықтың ортасынан шыққан тума таланттар. Сондықтан да оларды халық ақыны, халық композиторлары дейді.

Ал өздерінің өшпес туындыларымен туған халқының даңқын шығарып, оның мақтанышына айналған ұлы ақын-жазушылар, өнерпаздар, композиторлар көп-ақ. Сондай тума дарындар қазақта да толып жатыр. Еуропа ұғымында оларды «классиктер», ал жасаған еңбектерін «классикалық туындылар» деп атайды, демек ең үздік туындылар деген мағына береді. Осы тұрғыдан алғанда өз халқына өшпес туындылар силаған, атақ-абыройын арттыра түскен ақын-жыршыларымыз, әншілеріміз, композиторларымыз аз емес. Солардың бірі әрі бірегейі Кенен Әзірбаев.

Халқымыздың ұлттық музыка мәдениетінің жаңа түрге еніп, жан-жақты дамуы кеңес үкіметі дәуіріне тұспа-тұс келгендігін айтпасқа болмайды. Алайда сол уақыттағы саяси ахуалдар қазақ өнерінің өркендеуіне еуропалық тұрғыдан жаңа бағыт бергенімен, жан-жақты зерттелуіне, көнеден келе жатқан ұлттық мұрасын тереңірек талдап көрсетуге мүдделі болған жоқ. Қазақ халқының мәдени мол мұрасы, музыкалық, поэзиялық қазынасы, оның біртұтас өзіне ғана тән ерекшеліктері ашылмай қалды. Қайта керісінше ондай өркениет бұратана халықта қайдан болсын дейтін көзқарас қалыптасты. Сөйтіп, кеңес дәуірі кезінде қазақ елінің ежелден қалыптасқан мәдениет-өнер тарихының сабақтастығы үзілді. Ендігі жерде ол өктем саясаттың ықпалымен біржақты зерттеле бастады.

Сол кезеңдегі өнер танушылардың, музыка зерттеушілердің еңбектеріне көз жүгіртсеңіз мұны аңғару қиын емес. Сөйтіп, солақай саясаттың ықпалынан шыға алмаған ғалымдарымыз, тарихшыларымыз өте ерте заманнан бері келе жатқан қазақтың мәдени мұрасын, музыкалық туындыларын өз деңгейінде, ұлттық көзқарас тұрғысынан жан-жақты зерттей алмады. Осыдан келіп қазақ халқы бұратана ел, өзінің жазу-сызуы болмаған, мәдениеті дамымаған жабайы деген пікір қалыптасты. Бұған наразылық білдіріп, қарсы болған қазақ зиялылары, ақындары, өнер зерттеушілері қуғынға ұшырады, жер аударылды, көбісі атылды.

Ал ендігі жерде осындай олқылықтардың орнын толтыру үшін қазіргі заман талабына сай басқаша көзқарас, басқаша талап-таным қажет екендігі айтпаса да белгілі. Бұған халқымыз тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған қазіргі кезде мол мүмкіндік бар.

Қазақ халқы сонау көне заманда-ақ өзінің музыкалық-поэзиялық дәстүрін қалыптастырып қана қоймай, оны бір жүйеге келтірген ел. Бұл тұрғыдан біз өркениетті дейтін еуропалық елдердің қайсысынан болса да кем түспейміз, қайта озық тұрамыз деуге болады. Қазақ халқының байырғы салт-дәстүріне (қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана, жастардың ойын-сауықтары, жоқтау т.б.), тіршілік ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі жанрдағы әндер мен күйлер дүниеге келді. Соның нәтижесінде халықтың орасан бай музыкалық мәдениеті қалыптасты. Бар айыбы осының бәрі ұрпақтан-ұрпаққа ауызша көшіп отырды. Олардың ішінде классикалық деңгейге жеткен туындылар аз болған жоқ.

«Аты аңызға айналаған **Қорқыт баба** (VIII-IX ғасыр), нота жазудың ең алғашқы үлгілерін ойлап тапқан **Әбу Наср Әл-Фараби** (X-XI ғасыр), XY – ғасырда өмір сүрген **Қазтуған** мен **Асан қайғы** – қазақтың өткендегі дамулы музыка мәдениетінің дүлдүл өкілдері. (ҚСЭ, 6-том, 293-бет.).

Музыка зерттеуші ғалым А.В. Затаевич қазақ халқының мыңнан астам ән-күйлерін жинап нотаға түсіргені белгілі. Міне, осы кезеңнен бастап ғасырдан ғасырға ауызша беріліп отырған қазақтың дәстүрлі музыкалық мұралары жаппай нотаға түсіріле бастады. Бұл енді қазақ өнері үшін жаңаша бетбұрыс еді.

Заманымыздың біртуар композиторы Нұрғиса Тілендиев өзінің «Дүлдүл еді әннің де» дейтін мақаласында, халық ақыны Кенен Әзірбаев жайлы ой түйіндей келіп: «Кененнің кей шығармалары үлкен полотнодағы музыкалық еңбектерге арқау болды. Мысалы, Е. Брусиловский оның А. Затаевич нотаға түсірген бір әнін «Қыз

Жібек» операсында пайдаланған» дейді. Бұл әрине тек Кененге ғана қатысты емес, қазақтың басқа да атақты әнші-композиторлары жайлы да осындай деректерді көптеп келтіруге болады. Сондықтан қазақ халқының жазуы, музыкалық өркениеті болмаған, ол кейін еуропа дәстүріне сай, соның ықпалымен дамыған деуге ешқандай негіз жоқ.

Бір адамның бойынан ақындық, композиторлық, күйшілік, ғажап әншілік те табылып жататындығы ақиқат. Осындай феномендік ерекшеліктеріне, табиғат силаған тума талантына қарап халық оларды, «сегіз қырлы, бір сырлы» өнер иесі деп дәріптеген. Қазақтың сондай саңлақтарының бірі Кенен екені даусыз. Бірақ оның бойындағы өнерін, сан алуан ерекшеліктерін жеке-жеке талдап, жан-жақты зерттеп-зерделеуге келгенде ғалымдарымыз біржақтылық танытады. Көп жағдайда ақынның өмір жолына, өлең жырларына, сол туындының шығу тарихына баса көңіл бөліп жататыны рас. Кененнің әндеріне замануи тұрғыдан, музыкалық терең, жан-жақты тұжырым жасаған зерттеулер әлі жоқ. Ал сол өнердің ішінде шоқтығы биік тұратыны Кененнің әндері, яғни композиторлығы.

«...Кенен әндерінің құрылысы ерекше. Әнші-композитор ой мен сезім тілін әнмен өрнектеп, кестелеп жеткізуге келгенде өзінен бұрынғы өткен халық композиторларының ешқайсысына ұқсамайды. Үлгі алуы бар, қайталауы жоқ. Домбыраның құлақ күйіне дейін өзгеше. Әсем әндері кім орындаса да «мен Кененнің перзенті едім» деп оқшау, дара тұрады...».

Осы жолдардың авторы атақты әнші, өнер зерттеуші марқұм Жәнібек Кәрменов. Бұдан әрі ойын жалғастырып «...Кенен Әзірбаев сөз жоқ ірі тұлға. Кенен әндерінің бітім болмысынан сахараның мол пішімі, ондағы өмір сүрген елдің арман-мұңы, тағдыр -талағы көлбеңдеп көз алдыңа келгендей болады» деп түйіндейді.

Кенен әндерінің ерекшелігін тап басып көрсеткен әнші-ғалымның ойын, белгілі жазушы, ақынның жерлесі Несіпбек Дәутаевтың мына пікірімен толықтырсақ деймін:

«Кенен әндерінің бауыры жазық, құлашы кең. Ол шексіздікке бет алған, самғауы ұзақ құстардай жер бетін сызып, көк төсін арқалап, құладүзденіп кете барады. Бұған жел жетпейтін жүйріктің алапат жүрек соғысы керек... Кенен – дала музыкасының классигі» дейді. Айтса айтқандай-ақ, Кененнің әндерін осы уақытқа дейін дәл өзі сияқты келістіріп орындаған әншіні көрген жоқпыз. Жәнібектің сөзімен айтсақ, «талпыныс көп, тап басу жоқ».

«Пайыз әні» Кененді бүкіл қазақ-қырғызға әнші ретінде танытты. «Пайыз» деген сөзді Жетісу мен оңтүстіктің тұрғындары арқасы, пайызы (құжыры) қозып деген мағынада түсінеді. Кейін бұл әннің аты көпке ұғынықты болсын деп «Көпшілік тыңда әнімді» болып өзгертілді.. 1939 жылы осы ән «Тік шырқау» деген атпен грампластинкаға жазылған екен. Екі әннің де басталуы өте ұқсас. Алайда мазмұны да, әннің табиғаты да, иірім-бояуы да бір біріне мүлдем ұқсамайды. «Тік шырқау» ақынның (25 жас) жігіттік кезінде туған әні. Балуан Шолаққа еліктеп шығарғанмын дейтін.

«Тік шырқауды» естиміз деп қаумалаған жұрт, алты қанат ақ үйді қиратып кеткен екен. Бұл оқиға жалайыр руынан шыққан Сүндетбай деген атақты байдың тойында болыпты. Мұнысын ақын:

«Жалайыр Сүндетбайдың жиынында,
Алты қанат ақорда үй шайқалды (қирады),
Алатауды жаңғыртып ән салғанда» деп еске алады.

Ал Кененнің атақ-даңқын бүкіл қазақ даласына паш еткен «Базар-Назар», «Көкшолақ», «Ойжайлау» әндері. Осы үш ән адамның тіршілік-болмысында кездесетін үш жағдайды білдіріп тұр. Бірі – қайғы, бірі – әзіл, бірі – шаттық.

Өзі жоқта шейіт боп кеткен балаларын жоқтап шығарған «Базар-Назар» әні жұртқа кеңінен мәлім. «Көштің көркі болмайды түйесі жоқ... Бірте бірте баламды ала бердің, домбырамның қала ма иесі жоқ?» дейтін зарлы әні талай жанның көңілін босатып, жүрегін тербеген туынды.

«Көкшолақтың» өрісі тіпті кең болды. Адамды бір мұңайтып, бір күлдіретін ғажап әнді сол кездегі кедейліктің құрығын киген бүкіл жас жігіттердің арман-мұңы деуге әбден болады. Ақынның бозбала кезінде шығарған бұл әні ғасырлармен жарысып, әлі күнге дейін сахнадан түскен емес. Қазақтың төрінде әлі шырқалып келеді. Классикалық ән, мәңгілік ән.

«Ойжайлау» әні қазақтың байырғы өмір-салтынан елес беретіндей ғажап ән. Осы әнді естіп отырып, құлағыңа қыз-бозбаланың салған әні, бойжеткен таққан сырғаның сыңғыры, желіге байланған бие-құлынның кісінесі естілгендей әсерде боласың.

«Ақ шәйнек, сары самаурын тұрса қайнап,
Отырса қыз, бозбала күліп-ойнап.
Киінген қызғалдақтай қыз-келіншек,
Сапырса сары қымыз, «құлан ойнақ» дейтін сөзге мың

бұралған ойнақы ән қосылғанда жұмақтың төрінде отырғандай әсер алатының сөзсіз. Ақын бұл жерде сөзбен шілтер тоқығандай әдемі көрініс көз алдыңызға әкеледі. Қыл қалам шеберлері салатын суретті сөзбен көркемдейді. Қыз-бозбаланың бір бірімен әзіл-қалжыңы, алтыбақан тепкен ойын- сауығы, «көктем кезіндегі құланның ойнақ салып, тістесіп-тебіскенін» еске салғандай. Ән құдыреті деген осы.

... Кенен ақын өз өмірінде үш соғыстың куәгері болды. 1916 жылғы халық көтерілісі. 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейінгі азамат соғысы. 1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысы. Осындай тарихи оқиғаларды көзбен көргендігі бір басқа, соның бел ортасында жүріп, талай дауылпаз әндерін шығарды. Мұны ақынның шығармалар жинағынан оқып білуге болады. Ол жөнінде әдебиетшілер де, музыка зерттеушілер де көптеп қалам тартқан.

Осындай патриоттық сезімге толы, азаматтық рухта шығарған әндерінің бірі **«Батыр Москва»** әні. Бұл ән 1947 жылы Мәскеу қаласының 800 жылдық мерекесіне арнап шығарылған. Оны бүкіл астана жұртшылығына радио арқылы әншінің өзі орындап берген. Кененнің әндерін зерттеуді бірінші болып қолға алған музыка зерттеуші ғалым Б. Ерзакович: «Бұл әнді қазіргі қазақтың халық музыкасындағы эпикалық-жауынгерлік стилінің жоғарғы үлгісі деп есептеу керек» деп тұжырымдайды.

«Кененнің **«Бұлбұлы»** бір үлгі, дейді қазақтың ұлы композиторы Ахмет Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» атты кітабында. ... Алдыңғы әндеріндегі аяқ алыстан «Бұлбұлда» басқа бір қадам бар сияқты. Басында Кенен бірнеше ұстамды, сабырлы, созымды ноталар арқылы іштегі шерін шығарып алғандай, тек содан кейін ғана сөзге бағынған қысқа әуенді музыкалық әуендер арқылы ойын жеткізеді...Кененнің бір кездегі творчестволық туындыларының ішінде «Бұлбұлы» музыкалық тілінің анықтылығынан, байсалдылығынан, ырғақтың жан-жақтылығынан ерекше орын алады».

Ұлы композиторлар мен ұлы ақындардың шығармашылық үндестігі деген ұғым бар. Бұл бірін бірі көшіру немесе қайталау деген ұғымнан әлде қайда тереңде жатыр. Ұлы адамдардың өмірге, тылсым жаратылысқа, табиғатқа, адам болмысына деген көзқарасында ұқсастық, сабақтастық болатынын ғылым да жоққа шығармайды. Олардың өздері мұндай ерекшелікті аңғармауы да мүмкін.

Махамбет Өтемісовтың:

«Ей, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Сені көлден айырған,
Лашын құстың екпіні,
Мені елден айырған,
Хан Жәңгірдің текпіні» дейтін өлеңіне Кененнің «Бұлбұлға» деген әніндегі мынадай шумағы үндес келіп жатады.

«Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр».

Мұндай ұқсастық Абай өлеңінде де бар. Ұлы ақын: «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті-ау мұртың» десе, Кенен өзінің «Қаладау» деген әнінде «Қайран елім, туған жерім ажал жетсең қаладау, қара жерге, қатты көрге халқым шулап саладау!» дейді. Осындай тақырып ұқсастығы, ойдың сәйкестігі ұлы композиторлардың музыкалық туындыларында да көптеп кездеседі.

Мәселен, ұлы Абайдың шығармашылығын терең зерттеген ғалым-жазушы Тәкен Әлімқұлов, «Жұмбақ жан» деген зерттеу кітабында әлгіндей жәйларға ерекше тоқтап, мұның өзі ойлау жүйесі, сезіну қабілеті ерекше жаратылған тұлғаларға тән қасиет екендігін баса айтады.

Осы кітапта Б. Ерзаковичтің мынадай әңгімесін келтірген. «Абай Омбы мен Семейде жиі болған. Бұл қалаларда оған таныс орыс зиялылары көп еді. Абай үлкен-үлкен концерттерді көреді, достарының үйінен музыка тыңдайды... Сахарасына қайтып келгесін Абай орыс және қазақ әндерінің әуенін пайдаланды. Осы кітабында Б. Ерзакович Абайдың алпысқа жуық әні анықталғанын, соның ішінде он екісі «Евгений Онегиннің» аудармасына жазылғанын әңгімелейді.

Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деп аталатын өлеңі һәм әні – А.Г. Рубинштейннің «Разбитое сердце» («Я видел березку») атты романсының аудармасы.... Абай романстың сөзін барынша жатық, дәл аударса, музыкасын да сондайлық үйлесімді, оралымды келтіреді, деп жазған.

Мұның бәрін келтіріп отырғандағы себеп, байырғы ақын, әншілердің туындысынан әйтеуір бір ұқсастық байқап қалса болды, оның байыбына бармай жатып, «мынау пәленің сөзі (әні), содан алған» деп кеңірдек созатын «дүмше» ғалымдарға айтар уәжіміз еді.

Кененің әндерінде қырғыздың, татардың, орыстың да ән

элементтері кездеседі. Бірақ олардың жымдасып, сіңісіп кеткендігі соншалық, олардың ара жігін, ұлттық реңін айыру ең білікті деген музыканттарға да қиын түседі. Нағыз дарын, ерекше қасиет деген осы.

Кенен 1940 жылы Москваға барып ССРО-ның халық әртісі Р.М. Глиердің бастамасымен ашылған әнші-композиторлар курсына қатысып келгені белгілі. Ол жөнінде ақын әзіл-шынын араластыра отырып әңгімелеуші еді. «Бір ай оқып - до, ре, ми, фа, соль – дегеннен басқасы миыма қонсашы, шіркін! Музыкаға байланысты небір термин сөздерді еске сақтай алмай қаратер болатын едім. Көңіл арнасы көң болып қатып, тепсеңге айналып кеткен бе өзі? деп өзіме-өзім талай ренжіген кездерім болды» дейтін.

Есесіне орыс музыка өнерінің тарихын бар зейінімді салып тыңдаушы едім. Оны бізге қазақ тілінде оқып түсіндірді. Қазақша ағып тұрған татар жігіті оқыды. Осы курсқа келген өзге де ұлттың әнші-музыканттары көп болды. Солардан бірқатар ән үйреніп қалдым. Орыс, татар, ұйғыр, грузин, украин- әндері бар. Әсіресе маған қатты әсер еткен грузин халқының «Сулико» деген әні.

Менің «Бозторғай» әнімді тыңдап, бастарын шайқап, таң қалатын еді. Бір-бірімен орысша сөйлесіп, у-шу болып, кәдімгідей кеңірдек созысып дауласып қалатын. Не деп жатқандарын толық түсінбесем де қимыл-ишараттарына қарап әңгіме менің әнім жайлы болып жатқанын топшылаймын. Қолдарына менің домбырамды алып, ары-бері қарап бастарын шайқайтын еді. Қалақтай ғана «ағаштан» осыншама дыбыс иірімі қалай шығады дегенге сенбейтін болу керек.

«Бозторғайды» қайта-қайта айтқызып, қағазға түсіріп әлек. Мен айтқан сайын «жаңа басқаша орындағансыз, неге өзгертіп жібердіңіз, әлгінде мына иірімдер жоқ болатын»» деп шулайды. Мен әнімді қайта шырқаймын. Бастарын тұқыртып, жазуға кіріседі. «Тағы да өзгертіп айттыңыз» деп ренжиді. Кейін ұққаным, менің ән салғандағы дауыс ырғағын, бірде созып, бірде баяулатып айтатын тұстарын нотаға түсіру қиын екен ғой. Қазақтың дарқан даласындай кең, мың бұралған мөлдір бұлағындай, бірде самғап, бірде төмен құйылып шырқалатын, табиғаттың өзіндей тап-таза ән иірімдерін дәл басып, нақ өзіндей етіп нотаға түсіру мүмкін емес. Мұны көп кейін өз әндерімді нотаға түсіру кезінде байқап, қатты налығанмын.

1948-жылдан бастап Кенен Әзірбаевтың әндерін нотаға түсіруді алғаш болып қолға алған музыка зерттеуші ғалым әрі ақынның

досы Борис Ерзаковичтің: «Кенен – дарынды халық әншісі. Оның күшті де, күмістей сыңғырлаған әдемі тембрлі даусы кең диапозонымен ерекшеленіп, әбден қартайған шағында да өз әсемдігін жойған жоқ. Кененнің орындаушылық, мәнерлік құралдары ән мазмұнына қарай, маңғаз байсалдылықтан темпераментті екпінділікке дейін, енді бірде масаттанған күшті сезімділіктен жадыраған, жайлы көңіл-күйіне дейін түрленіп отырады» деуі ақынның әлгінде айтқан ойын нақтылай түседі.

Кенен ақынның 125 жылдық мерейтойы 2009 жылы республика көлемінде тойланды. Осыған орай арнайы қаржы бөлініп, ақынның бес томдық шығармалар жинағы жарық көрген еді. Осы жолы композитордың 107 әні, 7 күйі, сондай-ақ айтыстағы ән туындылары тұңғыш рет домбыраға лайықтап нотаға түсірілді. Оны түсірген белгілі күйші, профессор Орынбай Дүйсен. Осы еңбекте Кенен әндеріне нақты музыкалық зерттеу тұрғысынан тұжырымдама жасауға, оның қыр-сырын ноталық жүйелеу арқылы ұғындыру жағына ұмтылыс жасалған.

Кенен әндерін нотаға түсірудің өте қиын екендігін айта келіп, композитордың ән туындыларындағы басты ерекшеліктерге түсініктеме беріпті. 26 пункттен тұратын түсініктеменің бірнешеуіне ғана тоқталып кетейік.

а) Кенен әндерінің негізгі екпіндік ерекшелігінің көрсеткіштері мынадай: адымдай, аяңдай, бүлкілдете, желдірте, термелете айту.

б) Автордың мұңлы, қайғы-қасіретке толы әндерінің өзі тым созылмай, аяңмен, бүлкіл екпінінде орындалады.

в) Кейбір әндердің негізгі екпінінен, орындалу мақамынан астындағы аттың жүріс-қимылына сәйкестігі аңғарылады. Мұның өзі әншінің көп жағдайда, алқалы жиын-тойларда ат үстінде отырып ән салғандығын аңғартады. Бұл да ақынның ән салудағы ерекшелігінің бір көрінісі деп түсінген жөн.

г) «Гі-гі-гай», «гік-көй», «ге-ге-гөк» т.б. дыбыс тізбектері автордың өзіне ғана тән ерекшелік. Кененнің әндерін орындау кезінде осыларға ерекше көңіл аудару қажет.

д) Әннің сөздері анық, ырғағы нақты, музыкасы айқын, интонациясы таза болу үшін әннің сөздерінің кейбір тұстары музыкаға байланысты орфоэпия заңдылығымен айтылғаны жөн.

Ұлағатты ұстаз, табиғатынан қарапайым Орынбай Дүйсен өз түсініктемесінде Кенен әндерінде кездесетін осындай ерекшеліктерге, Кенен әндерін домбыраға лайықтап нотаға түсіру кезінде ұстанған принциптерге, Кенен әндерін орындау үшін

қандай жайларға баса көңіл бөлу қажеттігі жайында біраз пікір айтыпты. Кененнің бітім-болмысы сияқты, оның әндері де асқақ, сан-алуан әрі сұлу болып келеді. Бір бойына сан қырлы өнер тоғысқан ақын-әншінің бүкіл ерекшелігін, өнерін саралап, зерделеу үшін қаншама ізденіс қажет екені айтпасада белгілі жай.

Ақынның шығармашылығы зерттелмей қалды десек әбестік болар. Ол жөнінде талай қаламгер қалам тартып, ақын-жыршылар толғауын арнап, талай ғалым ой-пікірін білдірген. «Мен бақытты ақынмын. Менің әндерім, өлең жырларым халыққа жетті, жүрегінде қалды. Қазақтың байтақ даласын тербетіп, дүниені шарлап кетті» деп ақынның өзі де ризашылығын білдіріп отыратын.

Кенен ақынның 125 жылдық тойына орай жазылған Секен Сыздықовтың «Ән мен жырдың кені еді» деген мақаласында («Алаш айнасы», 2009 ж,. 27-қазан) былай депті: «... Алайда, анаумынау әнді менсіне бермейтін Арқада да, өзіндік ерекшеліктері бар батыста да, тіпті көне түркі өнерінің өнегесі қалған Алтайда да Кенен Әзірбаев әндерін жатырқамай, жата-жастана тыңдайды. Егер бұл әндер соншалықты құдыретті болмаса, күллі қазақ даласына дәл осылай кеңінен тарай алмас еді. Сонымен қатар қандайда бір арнайы насихат арқылы емес, ауыздан ауызға өздігінен тарап кеткен».

Бұған қосып аларымыз жоқ. Бұл күмән туғызбайтын ақиқат. Халқының жүрегіне жол тапқан өнер, нағыз халықтық өнер.

Бақытжан Кененұлы
Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі, әнші-сазгер

І- БӨЛІМ

АРНАУ ӨЛЕҢДЕР

АБЫЗ-АҚЫН АТАМЫЗҒА ТАҒЗЫМ!

«Халық өмірінде Кенен Әзірбаев үн қоспаған, өзінің жарқын талантының шуағын төкпеген бірде - бір айтулы оқиға болған жоқ. Оның тамаша өшпес туындылары бүгін де осы жауапты құрметті істе сапта тұр».

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.
(ақынның 100 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінен. 1984 ж.)

Жақсылық Сәтібеков
«Сырлы қайың» кітабынан үзінді

«БОЗТОРҒАЙ»
(баллада)

Бай емес жалшы жайын керек деген,
Жалшы да байдан қайыр дәметпеген.
Көз ілмей отыр әлі, болғаны ғой,
Пысылдап ұйықтап жатқан төбеттен кем.

Түн тыныш. Ерке назды жел еседі,
Еш үнсіз жатыр дала белестері.
Жанына шаншып қойған ақ таяғы,
Өзіне құбыжық боп елестеді.

Күзетші ермек таппай сарылады,
Кеудесін қайғы кернеп, тарылады.

Мазақ па?...
Отау үйден келін түскен,
Құлаққа сыңғыр күлкі шалынады.

Тарқамай жүдеу түннің қараңғысы,
Шаршаудан шеге берді бала мысы,
От жанар оқтын-оқтын жұмылады,
Тартылып шеке тамыр-тарамысы.

Көрінді күн-раушан көк жиектен,
Жер төсі көмкерілді көк жібекпен.
Даланы аралап жүр торғын самал,
Оятқан ақын жанын елжіреткен.

Бұйраттың ұқсайды бұлт күндігіне,
Қарсы алды бұлақ суы күнді күле...
Қопаның жазығына көз жүгіртші...
Жазықтың Мәтібұлақ кіндігіне.

Кедейге осы болған бар сыбаға,
(Инесін жанға жәбірлі ой сұға ма?)
Өріске малын айдап кете барды,
Соңына қарай-қарай қойшы бала.

***

Самғайды көкте торғай, қалықтайды,
Талмайды нәзік қанат, жалықпайды.
Бейшара безек қаға ышқынады,
Бара ма, ет жүрегін шалып қайғы!

Жаңғыртып нәзік үні пәк даланы,
Шүйлігіп әлде неге қамданады.
Япыр-ау, мұнша неге шырылдайды,
Өзіне ұнайтындай таңдағы әні.

Сол әуен- еркіндіктің қарлығашы,
Төменде дірілдейді шалғын басы.

Жіберді бала жанын тербеп, тербеп,
Ағылып жүре берді көздің жасы.

Сол жаспен бірге туды осынау ән,
Талайлар мұңын тапты, досым, одан.
Алатау бұл дауысқа құлақ түрді,
Дегендей: - сені, балам, қасыма алам.

Жас қойшы өміріне зарланады,
Оятып айқайымен бар даланы.
Жарысып ұшқан құспен бара жатыр,
Кененің «Бозторғай» деп салған әні.

Балтағұл Бигелдиев

ШАБЫТСЫЗ ШАТТЫҚ ДАУЫС ШАРҚ ҰРАМА?

Алыбы асыл жырдың кешегі өткен,
Абай, Жамбыл қайнасқан сөзі көппен.
Кенеке, саған медет бермеді ме,
Дауысы қыран құстың сен есіткен.

Үніңнен сонда- ақ елім дауыл көрді,
Артынша бақыт құшар дәуір келді.
Қос бұлбұл Жамбыл, Кенен шырқадыңдар,
Сұрапыл басып өтіп ауыр жолды.

Құрдаспыз бірге ұшқан әр қияға,
Шабытсыз шаттық дауыс шарқ ұра ма.
Қабынан қарт жүректің иіп шыққан,
Алғысты бірге айтайық халқымызға!

ақынның замандас досы,
1959 ж .

Қадыр Мырзалиев

ЖАМБЫЛДЫҢ ІНІСІНЕ

Жоқшылық пен жалшылық
Жайлағанда халқымды,
Жата бермей жаншылып,
Жаныңыз жырға талпынды.

Қашан құрыр екен деп,
Кіжіндіңіз жаманға.
Көкшолақпен тепеңдеп,
Жеттіңіз жарқын заманға.

Сұлу әнің шырқалса,
Сахнаға симайды.
Сізді еліңіз ешқашан,
Кәрілікке қимайды.

Қайратыңыз таң қылды,
Қартаятын кез бе екен?!
Інісіне Жамбылдың,
Жетпіс бес те сөз бе екен?

1959 ж.

Ғали Орманов

АҚЫН ҚАНАТЫ

Тойлаған тоқсан жасын бұлбұл Кенен,
Көне ме кәрілікке дүлдүл денең!
Қолға алып домбыраңды, күйін бапта,
Күтіп тұр айналаңда күллі өлең.

Сілкініп, кәне, тарлан, шық айқайлап,
Селт етіп дауысыңды тыңдар аймақ.
Алдыңда бозбалалар желдей ұйтқып,
Бұралар талшыбықтай қыздар ойнап.

Сүйсінер тойдағы жұрт алқап толы,
«Пәлі!» деп бас изесер, қарттар тобы.
Баяғы жас шағыңдай шарықтатып,
Көтерер Көктөбеге жастар соны.

Ән салып Ақсеңгірден ассаң бері,
Қарсы алар Алматының әсем жері.
Ежелгі осы өңірдің еркесісің,
Әрі әнші, әрі күйші, әрі сері.

Тербелсін сені тыңдап кербез дала,
Теңселсін әнің билеп қыз-бозбала.
Көңліміз көл-дария еміреніп,
Көрерміз сымбатыңды сонда ғана.

Шырқат бір даламыздың бозторғайын,
Сілкіндір жеріміздің тау-тоғайын.
Балбырап әндеріңе, бойы балқып,
Халайық құлақ түрсін саған дәйім!

Сен соған, Кенен аға, жаралған жан,
Ән салсаң көкіректе қалар ма арман!
Қазақтың ұлан-байтақ даласында,
Бір үй жоқ сенің әнің таралмаған.

Толған бір тоқсаныңда, соны тарлан,
Әндердің толқытпаған бәрі жалған.
Сағынған сахарамыз түгел тыңдап,
Шықсын бір мерекеңде шер-құмардан!

Бақытты қазақ халқы сені тапқан,
Ерекше елімізге сен бір мақтан.
Соншама жанымызды жарылқайды,
Жақсы орден жарқыратып саған таққан!

Құттықтап құшақтайық, кәне, Кенен,
Кәрілікке қажымасын алып денең.

Қолға алып домбыраңды, күйін бапта,
Күтіп тұр айналаңда әлі де өлең.

Кел, ақын, шығайық бір Қордайыңа,
Бас шырқап, баяғыдай айқайыңа.
Жақсы әнің жаңғырып, жатсын тарап,
Алатау, адыр, дала, сай-сайыңа!

Асқақ ән, әсем өлең, ойы жылы,
Көрсет ер көп ішінде бойыңды ірі.
Жұрт ұзақ аңыз етіп айтып жүрер,
Сілтеген серпініңді тойың күні!

Тілейміз жылы, жылы жылдар саған,
Төгіліп туып жатсын жырлар содан.
Еліңнің еркелеткен сый, құрметі,
Тартсын тек талмас қанат, жігер саған!

«Қазақ әдебиеті» г-ті, 1974 ж.

Фариза Оңғарсынова

КЕНЕН ТОЙЫНДАҒЫ ТОЛҒАНЫС

Көп ойды көңілімде құлындатып,
қан қалғып, жүрегімде мұңым қатып,
өзгертіп, өрнегін сап, түрімді уақыт
жүргенде Мәтібұлақ жақтан бір үн
жетті-ау бар тұла-бойымды шымырлатып!

Көңілдің тот торлаған кілті жүрмей,
түндерде дөңбекшіген, кірпік ілмей:
күй көрмей қыр арқасы жыртық үйдей
жүйріктің шала-жансар бүлкіліндей —
жүр едім, атой салды ол намысыма
жер асты дүлейінің дүмпуіндей!

Кенеттен серпігендей мұңдарды үміт,
көңілімде тоңы катқан қырлар жібіп,
жанымның желбіреген жалауынан
жасқанып жалт бұрылып жылмаң жігіт,
тарттым мен Мәтібұлақ қайдасың деп,
іздерім — пірлерім мен жыр мәңгілік!

Жадырап жан біткенде шіркін ірең,
жабырқау жүрегіме күлкі бір ем,
көрісіп, құшақтасып жатты халық
өзінің ән тілімен, жыр тілімен!
тамырды солқылдатқан мына бәйге
басталған Көкшолақтың бүлкілінен.
күмбезі аспанға ұқсас ақбоз үйлер —
төрі түгіл, босағасы, сырты кілем!

Күн сорып қасиетін ағын ұрған
не пайда жорға мінген қалың ұлдан!
боз жусан боз даланың төсіндегі
жаралған қаны қырдан, жаны жырдан —
Өзіңдей марқасқалар керек бізге
шаң қағар қылау тұтқыш жанымыздан;
ұмытып касиетімді бара жатсам,
ой тастап аңқылдайтын әні қырдан.

Арылып мына тойда дерт-күдіктен,
көңілім от алғандай тектіліктен.
Алыппын қан қызылын жуасытып
қастерлі топырағыңнан шет жүріп мен.
Екпіні рухтардың ес жиғызып,
бір серпін тамырымды тепті үмітпен.
Мен тұрдым өзіңе ұқсап өтсем-ау деп
өмірде жалтаңдамас беттілікпен!

1984 ж.

Күлаш Ахметова

КЕНЕН

Дақпыртына даңқтың бөленбеген,
Өзі – тарих, өмірі - өлең, Кенен,
Мезгіл - өзен, барарсың болашаққа
Әніңді алып өзіңнің кемеңменен.

Жүрегіңнен туғызып сөз бен әнді,
Бозторғайдай жырладың боз даланды
Сұлу әнің жараның бетін сылап,
Нәзік әнің сезімді қозғаған-ды.

Ән шумағын шырқадың жиі құрап,
Көп өзгерді көңілдің күйі бірақ...
Қашан-дағы тағдырдың асулары
Асуынан Қордайдың қиынырақ.

Қоңырауы Қордайдың күмбірлеген,
Тыңдаттың ба майысқан мың гүлге өлең?
Тіл қатқандай жұлдызға жұлдыз ғана
Мұңдастың ба бір кезде бұлбұлменен?!

Бітірмей-ақ өнердің ордаларын,
Биіктеді өлеңің – қолда барың.
Үлкен ұстаз – табиғат,
Үйрендің бе
Көлден, таудан, аққудан сонда бәрін?!

Көкейінде көненің бір ән сыздар.
«Көк шолаққа» мінгесті ұнамсыздар.
Шын шайыр бұл дер еді өзбек, тәжік,
Шансонье дер еді француздар.

Әнге толып өмірде көкірегің,
Өтіп едің, көтерді ақыры елің.

Шаттықты да, мұңды да көркемдеген
Бір қауымның бір өзің театры едің!

Домбыраның келтіріп не бұрауын,
Иітіп ен даланың омырауын...
Қағылып тұр халықтың жүрегінде
Қалып кеткен Қордайда қоңырауың!

1984 ж.

Асылқұл Бүрбаев

ӘНГЕ ҚОСЫП АТЫҢДЫ

Естілген ер едің-ау сөзі алыстан,
Мерейлі мәртебемен қол алысқан.
Айдарлы Алатаудың баурайында
Атыңды әнге қосты Қазақстан.

Сусындап өскен едік бұлағыңнан,
Дауысың кетпейді бір құлағымнан,
Елің сенің ардақтап есіміңді,
Басыңа қойды ескерткіш мрамордан.

Шәкіртің әнге салмай тұра алмаған,
Өзіңнің сөзіңді айтпай жүре алмаған,
Біз бүгін «Кенеке» деп сөйлегенде
Орныңнан шығарсың-ау бір аунаған.

Қай қазақ мақтан етпес әйгілі ұлын,
Өмірің еді сенің бәйгүлі күн.
Сүйінбай, Базар, Жамбыл, Бұқар жырау
Жолымен жүріп өткен сәйгүлігім.

Көктем келіп жайғанда жапырағын,
Өзіңді есіме алып отырамын.
Қордайдың қыраны едің...
Жатырмысың,
Төсеніп туған жердің топырағын.

Кенекем қалың топтан озғаны шын
Қалыңдап кітапты да жазғаны шын
Ардақтап аруағыңды әнге салдым
Сағынып қарағайдай қаз дауысын.

Тамыры ақынымның терең кеткен
Құлағын дүниенің елеңдеткен
90 жыл толғау айтқан торықпастан
Опасыз дүниеден Кенен де өткен.

Кенекем адамзаттың ғажабысың
Жастардың дастан қылып жазарысың
Алатау Жамбыл болса асқақтатқан,
Қаратау осы Кенен қазақ үшін.

Уақыт бұзып кетті жол тармағын
Бір күнде сөнді сенің өрт арманың
Насихажан қосағың аза тұтты
Әкесіз қиын дейді Көркемжаның.

«Бозторғай» әуеніңді аспандатқан
«Көкшолақ» қыз-қырқын деп аттандатқан
Есілім дүниеден өтіп кетіп
Көзінен Асылқұлдың жас парлатқан.

Сөз кетер жаның шындап қиналғанда
Ащы өксік көкіректі тырнағанда
Дина келін, беліңді бекем буын
Барыңды бергін бүгін жиналғанға.

Төрткенің оқу, білім саралап жүр
Ақтамақ Ақбілекпен қалада жүр
Атаның абыройлы өр бағымен
Бақытжан жорнал жағын жағалап жүр.

Мен айтып шықтым міне шырқап бәрін
Аскеңнің өнеріне мін тақпағын

Бет алған көк жиекке үлкен керуен
Артында өсіп өнген ұрпақтарың.

Ордаңа марқұм Кенен байлық жаусын
Жартасты жаңғыртып еді қайран дауысың
Мирасыңның үстіне нұр төгіліп
Қызарып қызғалдақтар гүлін жарсын.

Ақынның шәкірті, 1984 ж.

Мұрсанәлі Ыбыраев

АТАМА АРНАП ТОЛҒАЙЫН

Алатау, асқар басыңды ій,
Ғасырмен құрдас Кененге,
Шалқыта төгіп тартшы күй,
Айналып кетсін өлеңге.

Қадырменді халқын сүй,
Атағы аян әлемге.
Жалынды жырдан тартшы сый,
Ескерткіш болсын Кененге.

Халқымның саңлақ жыршысын,
Жырыма өрнек етейін.
Әндерін шырқап, әнші боп,
Ақын боп, тіптен кетейін.

Кененше жырлап жыршы боп,
Жосылтып бір өтейін.
Күйлерін шертіп күйші боп,
Өмірге өзек етейін.

Бал таңдайлы өзің боп,
Елімді ән боп өбейін.
Ұрпағың жүрсе көзіңдей,
Ол дағы сенің мерейің.

Ғасырмен құрдас, Кененім,
Ән мен жырдың кені едің.
«Қайран жастық» әніңмен,
Өмірді сүйем,- деп едің.

Сазды әуенге кең арқау,
«Бозторғайыңды» әкелдің.
Далама жатқан самарқау,
Бұлбұлдың үнін әпердің.

Сүйінбай, Жамбыл сенімін,
Көтеріп шыңға өрледің.
Біржан сал, Ақан серінің,
Әні боп көкке сермедің.

Кенатам кеткен сыр айтып,
Қоңыржай, мамыр әнімен.
Өнерлі жастар жүр айтып,
Әндерін ерке сәнімен.

«Келінжаны» әр үйге,
Келінмен бірге енеді.
Бойыңды бөлеп бір күйге,
Шырқай да бергің келеді.

Кененді туған жердегі,
Тойлайды кәрі, жас бүгін.
Елімнің ерен ерлері,
Жалғаңдар Кенен дәстүрін.

«Жетісу» г-ті, 26 июнь, 1984 ж.

Мырзан Тұрғанов

БАСТАДЫҢ ДА БӘЙГЕНІ, ОРТАМЫЗҒА ТАСТАДЫҢ...

(Кенен ақынның рухына арналады)

Кенен ата - кемелім, тұңғиығым, тереңім,
Із-жолыңды өкшелеп, жыр аулаумен келемін.
Алатаудай ақиық, Қаратаудай далиып,
Етек-жеңі жиылмай, жатыр өнер-өлеңің!

Тойлап өттік, жан ата, жүзге жеткен жасыңды,
Ағармаған бір талы алдыңа игем басымды.
Қырғыз, қазақ ағылды асып Қордай асуды,
Мәтібұлақ төрінде той маржаны шашылды.

Ақмолланы ем көріп, Тоқтағұлға тең келіп,
Алты алашқа, япырмай, кетті даңқың дем беріп.
Бастадың да бәйгені, ортамызға тастадың,
Қол көтермес көкпарды «Көкшолақпен» өңгеріп.

Жасыңнан-ақ жарқ еттің соңына еріп Жамбылдың,
Қайта түлеп, бой түзеп, сән құрдың да жаңғырдың,
Бай-манапты қуалай, ұран тастап халқыңа,
Тұл далама толағай туын тіктің ән-жырдың.

Ой бағыпсың қой бақпай, туғаннан-ақ тусырап,
Жалбыр шапан ішінен жанып шықты мың шырақ.
Бозторғай боп шырылдап, бұлбұл сынды сыр ұрлап,
«Ойжайлауды о тоба, оятыпсың шымшылап.

Кедейліктің күй-шері көкейіңе қонды ма,
Жол ашыпты жұлдызға Жәкең берген домбыра.
Жайғастың да жыр -таққа, ұлағат боп ұрпаққа,
Қалды артыңда, мінеки, ағыл-тегіл мол мұра.

Өзің айтқан өзгеше толғап өмір термесін,
«Беташарды» бастадың «Келінжаның» келгесін.

«Жетпіс бесте» жасарып, желпініп ең жігіттей,
Қалың елің қуанған, ақын ұлын көргесін.

Лебізінен бал еріп «Ләтипа» қыз тұрғандай,
«Қайран жастық» қасында қызық дәурен құрғандай.
Көктеп өтіп ғасырды, ғұмырнамаң ашылды,
Баға жетпес қазына-байлық еді бұл қандай?!

Бүгін жүдә жүгі көп жүректегі жарқылдың,
Балуан Шолақ бата еткен саба түбі сарқындым.
Мәртебеңнің мәңгілік боларына ел кепіл,
Құдыреттісі бола бер, құрметтісі халқымның!

«Еңбек туы» г-ті, 6 февраль 1988 ж.

Жаппар Өмірбеков

ОРАЛҒАН ҮН

Бірінші жыр
Білу қиын, айтпаса адам өз жайын,
Басқа түссе, арылмас дерт - уайым,
Көлеңкеде ақын отыр күбірлеп,
Көре алмайсың күлімдеген шырайын.

Парасаты байқалса да түр - өңнен,
Қас-қабағы қалыңдапты түнерген,
Бурыл тартқан сипап қойып сақалын,
Ішқұса боп, тұйыққа жан тірелген...

«Бармай қойдым жиын-тойға шақырған»,
Бойға құйын келмей қойды, сапырған...
Меңірейдім еш нәрсеге зауқым жоқ,
Бір кеткен соң келмейді екен антұрған!

Дос, туыстар көңіл сұрап жалықты,
Түк түсінбей үй іші де қамықты,

Күттім шыдап төзім тауып ақырын,
Сыр бермеймін, көкірегім тарықты...

Қайталаймын әндерімді ішімнен,
Секілдімін өткенімді түсінген,
Ермегім жоқ,
Елең қағар күйім жоқ,
Жан күйзеліп, ауыр-ауыр күрсінем.

Құс сайрайды,
- не түрлі үнін естимін,
Еске түссе еркін шырқар жас күнім,
Дәтке - қуат болған сынды бойыма,
Ыңылдаймын, ойыма ермек тек мұным.

Қызық кездер ұмытылмас – жадымда,
Шарықтаған балаң күнгі шағым да,
Тұңғыш әнім жұрт тамсантқан шырқауым,
Қыздарға айтқан, қалжыңым да назым да.

Тау бөктерлеп, жазда қырғыз асқаным,
Оспанқұлмен бірге пішен шапқаным,
Бәрі есімде: ойын –сауық, тынық түн,
Махаббаттың алғаш балын татқаным!..

Кеңес құрып, ревком боп жүргенім,
Теңдік тиіп, еркін дәурен сүргенім.
Қуаныштан ұйқы қашып, шырқап ән,
Көкірегім ашылып, шат күлгенім...

Сұлутөрде табиғатпен сырласқам,
Сұлулармен ым қағысып ұнасқам,
Соның бәрі көзалдымда тұрады,
Секілді едім сәйгүліктей түн асқан.

Өмір, шіркін, өзен екен сарқылмас,
Өмір, шіркін, күн өткенмен таусылмас,

Саған жырақ, сыр ақтардым, жазып ал,
Көрінгенге имандай сыр айтылмас!..

Жамбыл тәтем көз жұмғасын, оң қолдың
Біреуіндей, қастерлі елге мен болдым,
Қайда жүрсем сый - құрметке бөлендім,
Әттең, енді үнім шықпай сор болды.

Үмбетәлі, Сәйәділ де мені аяп,
Көңіл сұрап келіп жүрді, аялап,
Сырқатымның сырын өзім білмеймін,
Кәрілік, шіркін, келгені ме таяп–ақ!..

Таусылмайды ойлай берсем, ой деген,
Көтерілмей қойды тіпті бой деген,
Мойымаймын, сыр бермеймін сонда да,
Секілденем, сонда қайта өрлеген...

Атқа мініп, тауға шықтым бір жазда,
Байқағанға қырда, тауда сыр аз ба?
Елең қақтым, еліккендей күйге кеп,
Еліктесең, табиғатта үн аз ба?!

Бұлбұл сайрап құлағымды қытықтап,
Ұлар шулап тасқа бұғып, қыт- қыттап,
Ескі досым бозторғай да шырылдап,
Тұрған сынды бәрі мені құттықтап.

Келдім төніп таза бұлақ басына,
Көптен іздеп тапқаным да осы ма?
Аттан түсіп, суын іштім тамсанып,
Бетім жудым, тізе бүгіп тасына!..

Үн келіп тұр құлағыма жағымды,
Жарқыратып жаңартқандай жанымды,
Күбірледім, ыңылдадым сол жерде,
Кәдімгідей сыңғырлайды өз үнім,
Қуаныштан көкірегім жарылды!

Сол арада «Бозторғайды» шырқадым,
Сол арада көк дауылдай бұрқадым,
Сол бір сәтте арылыппын дертімнен,
Оралды үнім, жас күнгідей бір шағым!..

Сәбит кеше тапсырған соң, шырағым,
Ғұмырымнан не бір сұрақ сұрадың,
Бұл тірлікте жиған-терген асылым,-
Бар қазынам - әнім, жырым, - Мұрадым!..»

Басталды өстіп, шын сырластық,-
Кенекем,
Өмірінің жаны жүдеп жылаған,
Тамам етіп қасіретті кезеңін,
Қарап отыр көне көзбен сынаған.

Кіргендеймін сиқырлы бір әлемге;
Ұшқыр қанат жыр жеткізер сәлемге,
Талмай шырқап қалықтаған құс құсап,
Жүргендеймін әнмен кіріп әр елге!

Екінші жыр
Үн оралды кең даланы гулетіп,
Үн оралды жас бұтақты бүрлетіп,
Үн оралды – шаттық кірді кеудеге,
Төгілгенді, құйыл енді, күй көлкіп!

Құйылды ән сыңғыр күміс көмейден,
Сүйсінді жұрт, талай тыңдап кенелген:
«Тояттайтын қарыны жоқ құлақтың»
Күтеді әнді, тілейді ақын Кененнен!..

Айнымас дос – домбырасын қолға алып,
Шықты қайта жиын–тойға толғанып,
Тамылжытты, - күміс көмей ашылып,
Тарланыңның үні асқақ, болды анық!

Қала, дала ақын даусын сағынған,-
Боз баладай басына үкі тағылған.
Кенен жетсе атқа отырып жамбылша,
Қарсы алды жұрт талантына табынған.

Сегіз жүз жыл Москваға,
Әлемдік,
Той боп жатты –
Келді өнерлі әр елдік.
Шырқап сонда асқақ үнді Кен- ағам,
Масаттандық, шаттыққа біз бөлендік!

«Жердің жүзі жиналған той, бұл құрмет,
Өзімді де асқақтатты мың рет,
Ұлы тойға ән шығарып шырқадым,
Бойға бітіп, бір алапат құдірет!» -

Деп оралды мақтанышын жасырмай,
Сөйлеуші еді әмәнда өзін асырмай,
Алып тұлға, сырбаз адам сыпайы,
Көруші еді – ау бар адамды досындай!

Келінмен де қалжыңы оның жарасқан,
Баламен де әзілі оның ұнасқан.
Бірге жүріп әнін ұққан адамның,
Кете қоймас қоңыр үні құлақтан!..

Естігенде әсем әнін, зор үнді,
Кенен жұртқа жасарғандай көрінді,
«Жамбыл дастан» күндері мен түнін ап,
Ұзақ айтса, жақсылыққа жорыды.

Еске аламын – үйіме алғаш келгенін,
Төрткен туған күнді айтып бергенін,
Нәрестемнің атын қойған «Ақан» деп,
Жазып алғам сондағы өлең сөздерін.

Қайырылып өткен күнге қарасам,
Отыз үш жыл өткен екен санасам,
Қара шашым бурыл тартып мен дағы,
Елжіреймін Кенен әнін тыңдасам.

Содан бері небір жақсы күн өтті,
Лүпілдетіп қуанышты жүректі,
Жер жастанған небір жайсаң, не дана,
Біздерге аян кімдер қалды, кім өтті...

Ұлы дүбір Сұлутөрдің бойында,
Кен - ағамның тоқсан жылдық тойында,
Шат – шадыман мен де асқақ жүргенмін,
Күнім туған тәрізденіп оңымда.

Кенен жыры бауырлас жұрт тілінде,
Кенен әні оркестрдің үнінде,
Алып жатты байтақ елдің аспанын,
Жадыратып жердің жасыл түгін де.

Қордай бойы қонақ сыймай ел–елден,
Қуанышқа шат күлкіге бөленген,
Қатар–қатар ақ боз үйлер тігіліп,
Салтанатты сүйсініскен көз көрген...

Үні өзгеше бозторғайдың дәл бүгін,
Сезінгендей қазақ жері кеңдігін,
Қой соңында қорлық көрген жас ақын,
Ұмытқандай мұңын шаққан зарлы үнін.

Ұмытқан жоқ, ұмытылмас зарлы ән,
Жетіскенмен заман жебеп жарлы жан,
Қуанса да, жұбанса да адамзат,
Әр уақыт өз белгісін қалдырған.

Ойы жүйрік, көзінен тек нұр тайған,
Ортамызда отырды ақын кәртайған,

Дарыны мен даналығы бір жасап,
Қалпын көрдім, масаттанған, марқайған!

Бүгілмейтін көтерсе де нар жүгін,
Палуандар күш сынасса дәл бүгін.
Асыл тұяқ тұлпар шапса құйғытып,
Құрметіне Кенекемнің сән бүгін!

Тойға арнап мақамдарын түзеткен,
Өнеге алған шәкірттері кезекпен.
Жыр нөсерін төгіп жатты көмейден, -
Еліне алғыс таланттарды түлеткен.

Жүрегімді жадыратқан күй қандай,
Жан біткенге масайра деп тұрғандай,
Бұдан асқан дұманды той, қызықты,
Салтанатты көрді ме екен бұл Қордай?!

... Ұлылықтың шарапаты таусылмас,
Көзді бұлақ іспетті ғой сарқылмас.
Елі – жұртты сүйіп өткен жүректің,
Ықыласы ыстық нұрдай басылмас.

Жазық маңдай, маңғаз адам жез таңдай,
«Қарағым!» - деп қасымда ылғи тұрғандай,
Құдіретті өлеңі мен әндерін,
Көкейіме қанғанымша құйғандай...

Бұлбұл үнді - әні асқақ өр кеуде,
Кенекемді еске алғанда кей - кейде:
Халқыма да разы боп жүремін,
Тап осындай дарындарын бергенге!

1974 ж.

Саттар Сейітқазин

КЕНЕН – ЖЫР

Кенен Әзірбаевтың «Мөртай сұлу» деген әні жұртшылыққа кеңінен таныс. Ақын бозбала кезінде өзіне ағайындас елдің Мөртай деген қызына ғашық болып, оны алып қашады. Содан екі елдің арасында үлкен дау туады. Ақырында ағайын-туыстары айып төлетіп, қызды атастырған жұртына қайтаруға күштеп көндіреді. Міне осы оқиға жайлы жазылған Саттар Сейітқазиннің дастан-жырынан қысқаша үзінді ұсынып отырмыз.

Мөртай:
– Кіріңіздер, Қасқарау асылдары,
Күте-күте сағыныш басылмады.
Отыр едік амандық ағадан деп,
Қыз-жігіті ауылдың осындағы.

Ізет қылдық, төрге шық, Ерекеміз,
Қордайдағы сарқылмас берекеміз.
Еріп кепті өзіңе екі іниіз,
Сағынысып көрісер тең екеміз

Еркебай:
– Ізетіңнен айналдым, қарындасым,
Үкілімсің, үш жүзден табылмасым.
Атыңды естіп алыстан іздеп келдік,
Айналайын, алдыңнан жарылқасын!

Осыны айтып үшеуі төрге өрледі,
Қағысарлық қарындас жел бермеді.
Әлде, қорықты Кененнің атағынан,
Әлде, Мөртай бойына теңгермеді.

Үшеуі де осыны бағып отыр,
Көңілге күй, көкейге от жағып отыр.

Елтіп қалған секілді Кенен де үнсіз,
Қалың ойға қамалып неғып отыр.

Жеңгесі:
– Кенен кепті ауылыңа ерке дарын,
Шын өнерпаз болса егер шертер әнін.
Алты ауызын ауылдың бастап жібер,
Қанжығаңа ал Кененді, Еркежаным!

Мөртай:
– Келіп қапсың алыстан, ақын аға,
Қойшы-қолаң дегенге батыл аға.
Екі ұртыңа құрт тығып отырмысың,
Шырқамасақ наз көңіл ашыла ма?

Әлде қалай ауылыма өкпең бар ма?
Сыр айтпай мұратына жеткен бар ма?
Өзіңді-ақын, Қордайды- тау деуші еді,
Ойқы-шойқы ұқсайтын шөккен нарға.

Балдызына батпайтын жезде ме едің,
Жасқаншақ деп өзіңді сезбеп едім.
Өнеріңді ер болсаң көрсет қане,
Атыңды естіп, көруді көздеп едім...

Тербеліп, тебіреніп Кенен кетті,
Өр дауысын бір көтерді, төмендетті.
Манадан отыр екен өлең буып,
Бір шырқайтын шағына әзер жетті.

Кенен:
– Мен ағаңмын, Мөртайжан, Қордайдағы,
Құрметіңе көңілім толмайды әлі.
Шу бойынан қолыма қондырам деп,
Іздеп келгем аққуды шалғайдағы.

Сол аққуым, япыр-ау, өзіңбісің,
Көңілді алдар әншейін сезімбісің.

Болғаның ба біреуге ноқталы жар,
Яки әлде, жайқалар өмір-гүлсің.

Көңіліңде кір болса жуып кетем,
Той-думанға шақырсаң суыт жетем.
Қаршыға боп ілейін, торғайым бол,
Мен келгенмін белімді буып бекем...

– «Пау дерсің, мына Кенен қатты кетті»,
Деген дауыс осы сәт басты көпті...
Шарт етіп домбыраның шегі үзілді,
Кененге домбырасы «қастық» етті.

Ақын қыз жігіт күйін сездірмеді,
«Ахау-ехеу» құрбыны көзге ілмеді.
Сызылтып кезегін ап жүре берді,
Жалғастырып қақпақыл сөзді ілгері.

Мөртай:
– Ол рас бала құстай кезімде едім,
Қордайдың бір меңмені өзің бе едің.
Қаршыға сезбей ме екен қыран барын,
Қоқаңыңнан ізгілік сезінбедім.

Кенен болсаң абайла, «ноқталы» жар,
Шыдамассың, апарып отқа жығар.
Мөртайдың да жұрты бар, ауылы бар,
Екі ұдайда боп жүрме босқа құмар...

Кенен тез домбырасын алды жөндеп,
Айқайлатып, дауысын қалды кернеп.
Әр сөзінен өлеңнің кесте тігіп,
Ақын қыздың көңіліне салды өрнек.

Ақ отауды басқан жұрт дуылдады,
Жыр үстіне жыр келді, туындады.
Шу бойының кербезін Кенен жеңіп,
Қыз бен жігіт намыс қып, шуылдады...

Өзі келіп Мөртайдың шапты шапан,
Еркебайға аға деп атады атан.
Аянбай да тартудан құр қалған жоқ,
Қыр сұлуы сараң боп көрген қашан?

Мөртайға болды Кенен өле құмар,
Кедейге қол жеткізбес ол бір шынар.
Қыз да көзін Кененге төңкереді,
Екі жас кездескенше қашан шыдар.

Сол құмарлық шыдатпай ерікті алды,
Кенен тағы бір жырды төгіп салды.
Сөз байласқан сыңай бар екі жаста,
Ерекеңнің көңілінде күдік қалды.

Жарты түнде сол сәнді кеш тарқады,
Думанды өткен әрбір сәт есті алады.
Қысылып, қымтырылып қиыса алмай,
Бір-біріне екі жас көп қарады...

Той бітті, қайтпақшы енді жүлделілер,
Сапардағы ел нарқын түзде білер.
Кенен жүр әлде неге айналшақтап,
Бұларменен зауқы жоқ бірге жүрер.

Ерағасы, Мөртаймен сөз байластым,
Алдымызда не барын бірге ойластым.
Айтқан ең жаңа заман жетеді деп,
Құтылар заман келсе, біздей қашқын...

Мөртайды алып қашам, тауға кетем,
Кенебай-Кербездей боп даудан өтем.
Дау соңын шешетін де сіз деп білем,
Тоқтамаспын, көңілім ауған әбден.

Ерекеңе көрсетті қыздың хатын,
Сөз байлап, серт айтыпты асыл затым.

Аянбай ойға кеткен аңтарылып,
Сыйлаған екі асылдың махаббатын.

– Ендеше,- деді Ерекең елге жетіп,
Ақылдасып көрелік еңбек етіп.
Ақыл керек, бәріне ақыл керек,
Көлден жүзіп өтердей, өрге бекіп...

Аумағы Жетісудың жеті дуан,
Жалайыр, Найманменен, Албан Суан.
Дулаттың бір баласын дауға бермес,
Бір жөнін келтірермін, алып шығам.

Ал енді бұл ауылдан жоқ болалық,
Қоналқыға жол бойы тоқтамалық.
Оралып келе қалсақ ел сезбейді,
Қанекей енді жылдам аттаналық.

***

Айсыз түн. Түнек басқан айналаны,
Төрт салтатты кезіп келеді айдаланы.
Селт етіп алдан бір зат сыбдыр етсе,
Қай жақтан шықты десіп ойланады.

Кездесті алдарынан шілікті өзен,
- Қыз айтқан жер сол шама, біліп келем.
Ауыл иті алыста абалайды,
Уәделі жерге жетті, бұл- сын кезең.

Десті де өзен жаққа кетті жүріп,
Тізгіндерін сақ ұстап, құлақ түріп.
Бөгелді бір бұтаның арасына,
Аттан түсті, отырды тізе бүгіп...

Бір сәтте шілік іші сыбдыр етті,
Әдейі сөз байласқан құрбы жетті.
Мөртайы Кененіне жайды ұшақ,
Махаббат қоңырауы күмбір етті...

Ауылдың иті тағы абалады,
Сойыл- шоқпар көтерген барады әне.
Сол сәтте екі жастың есі кіріп,
Кенен мінген жүйрікті сағалады.

Ұйып жатқан кең дала дүрсіл қақты,
Ауыл шаңын біреулер сілкіп жатты.
Аянбай – ал кеттік, деп атқа отырды,
Кенендер Теңбілкөкпен зымыратты.

«Әкетті! Әне кетті, міне кетті!»,
Жан-жақтан шуылдасқан айғай жетті.
Дүрілдеп ауыл түгел аттанғандай,
Қуғыншы қалар емес, болмай кетті.

Келеді қыз бен жігіт құс боп ұшып,
Сол қолы Кенекеңнің қызды құшып.
Артта шаң, сатырлатып келіп қалды,
Қашқандарды қарсыға алды қысып.

Аянбайды түсірді салып дұзақ,
Кенендер кеткен еді біраз ұзап.
Тағы да жетіп қалды ат дүбірі,
Солқылдап келе жатыр Мөртай жылап.

Бір белден аса бере қолға түсті,
Теңбілкөк бір секіріп орға түсті.
Жеткендер екеуінде байлап алды,
Қашқындар қолдарына зорға түсті

***

Қордайға пәле салды бір дуан ел,
Айтысты кіндік кесіп, кір жуған ел.
Еркебай айып төлеп сатып алды,
Төртеуін,
Бір босады дырдудан ел.

Кешікпей Мөртай кеткен ұзатылып,
– «Күйеуде өлді», десті қыз атылып.

Екі елдің есінде қыз мәңгі қалды,
Кенен де ас беріпті жыл асырып...

– ...Міне осы Мөртай жайы жазары жоқ,
Көңілімнің аз күн жүрген базары боп.
Деді де ақын үнсіз қалды тынып,
Жаста кешкен жылдарға назалы боп.

Эпилог

Ұлы дүбір Кененнің кең даласы,
Мен қарайын, ағайын сен қарашы.
Жамбыл, Кенен, Есдәулет ауылдары,
Бақыт кешті көрмеген жан баласы.

Қойшы аты – қазір елге жарасады,
Қырда да жасап алдық тамашаны.
Оқу орнын бітірген кейбір жастар,
Жазылбектің таяғына таласады.

Шу, Топар, сонау шөлейт Мойынқұмнан,
Бір керуен Кенекемнің тойын құрған.
Алматым алдарына ақыл тастап,
Үш жүзіне той бар деп сауын қылған.

Жүз жылға тақап кеткен қарияны,
Кенендей кемел ақын дарияны.
Еске алып бүкіл елі тойлаймыз деп,
Тойшылар салып жатыр жарияны.

Кененін еске алған жұрт елжірейді,
- Кенендей туар ма екен енді, - дейді.
Ақын туған ауылда ал қызыл ту,
Халқымның бірлігі боп желбірейді.

Жамбыл, Кенен дегендер - өмір өлең,
Халқымен бір қуанып, еңіреген.

Ризамын ел-жұртыма, Отаныма,
Сондықтан ұлдары үшін тебіренем!

Бостандық алған жұртым, күнінде осы,
Батырлар мен Кенен тұр тізімде осы.
Өмір бойы – халқым, деп сайрап өткен,
Кененнің асыл жыры үзілмеші...

1984 жыл.

Зайым Қасымов

ТОЛҒАУ
(қысқартып алынды)

...Демейін озық шығып дара келдім,
Әніңді өзің салған сала келдім,
Тойыңа, Кенен ата, шашуым мол,
Байлығын тың өлкенің ала келдім.

«Бозторғайың» шырылдап, көкте қалқып,
Біздерге жеткен еді желмен шалқып,
Атағың жер шарына тарап кетті,
Жүрсең де қой соңында жаяулатып.

Дарының дариядай тасқындаған,
Тұрғандай даламызда қалықтап ән,
Сырласқан сылқым желмен қыр еліне,
Жеткіздің дауысыңды саңқылдаған,

Айтып жүр көлде қаздар қаңқылдаған,
Найзағай көкті тіліп жарқылдаған,
Айтып жүр тау-тастарың, сырластарың,
Қосады аспандағы Аққу да әнін.

Айтып жүр орман-тоғай, қарағайың,
Қалықтап көк жүзінде салған әнің,
Айтады су сылдырай, қамыс-құрақ,
Өнермен өрге жүзген Кенен жайын.

Айтып жүр әндеріңді ұрпақтарың,
Кене ата, тауыса алман санап бәрін,
Айтып жүр көкте қыран, жерде ұлан,
Ғасырдан ғасырларға жетер бұл ән...

Қасымның тұяғымын атым Зайым,
Шын жүйрік екіленер қызған сайын,
Кенен ата, балаңа берші бата,
Мендағы топ жарыста бақ сынайын.

Целиноград қ-сы, 1984 ж.

Манан Иманбаев

Манан Иманбаев өмірінің соңына дейін Кенекеңмен силасып, туған інісіндей болған адам. Ұзақ жылдар бойы милиция қызметінде жүріп, милиция полковнигі шеніне дейін көтерілген аяулы ағамыз ақынға өзінің көптеген өлеңдерін арнаған екен. Төменде осындай аса жауапты қызметті атқара жүріп, ақындық өнерін тастамаған ағаның бірнеше өлеңін оқырманға ұсынып отырмыз.

ШАҚЫРУҒА ЖАУАП

Кенеке, хатыңды алдым түнде ғана,
Асығып оқығалы аша сала.
Ескіше білмеген соң кісі іздедім,
Аудар деп арап әрпін қазақшаға.

Жүріппін, ұмытпапсыз ойыңызда,
Сый тұтып шақырыпсыз тойыңызға.

Тойға кел, деп бірнеше рет қайталапсыз,
Барамыз көп-көп рақмет оныңызға.

Халықтың тамаша ұлы ардагерім,
Көңілді қайда барсаң жүрген жерің.
Жетпістің бесеуіне келгеніңді,
Құттықтап, атап өтпек туған елің.

Біреулер ныспыңызды Кенен дейді,
Біреулер сүйгендіктен Кенем, дейді.
Эфирден даусыңызды естігенде,
Ел-жұртың құлақ түріп елеңдейді.

Ойланып түсіреміз бәрін еске,
Өзіңіз келген күні жетпіс беске.
Өсиет өміріңіз біздер үшін,
Таусылмас айта берсе талай кешке.

Еліңе он үш жастан еңбек еттің,
Бел шешпей ортасында «қара дерттің».
Перделі қос ішекті домбыраңмен,
Халқыңның талай-талай мұңын шерттің.

Ол өмір өтіп кетті бұдан бұрын,
Өлеңмен нөсерлеттің елдің сырын.
Ыстық пен суығына бірдей төзген,
Тарихта кім ұмытар сендей ұлын!

Ширек кем ақсақалым жүзге келгің,
Шыңына көтерілдің талай белдің.
Шоқпартас, Қоңыртөбе, Сұлутөрмен,
Қызығын көрудесіз туған жердің.

Ауасы-ай, Ойжайлау мен Тікендіойдың,
Гүлдері-ай, Ырғайты мен Қасқажолдың.
Ерекше, көктем кезде табиғаты,
Ақ қайнар, Арпатектұр, Көкшежонның.

Кенеке, осы айтқаным арман емес,
Ұнасын, ұнамасын жалған емес.

Не істеп, нені киіп, не ішсеңде,
Жабысып адамзатқа қалған емес.

КЕНЕКЕМНІҢ ҰРПАҚТАРЫ

Деуші еді Кенен сені Төрткенім,
Айтушы еді аңсап жүріп өпкенім.
8-март мейрамымен құттықтап,
Кенекеңнің жоқтатпаймын кеткенін.

Ішіндегі өткірісің баланың,
Жасың ұзақ, бақытты бол қарағым.
Көпті көрдің Кенекеңнің қасында,
Арта берсін өрге шауып талабың!

Өркені өссін Жетісудың бұлбұлы,
Шалдықпайтын қазағымның дүлділі.
Уақытында келіп, кетті ұлы адам,
Сағынады ұрпақтары, ұл-қызы.

Көрік болсын ағайынға Көркемжан,
Бақыт болсын ел ішінде Бақытжан.
Кененге ұқсап осыларға бақ берсін,
Тілегім бұл екеуіне арнаған.

Ақтамағы, Ақбілегі Кененнің,
Түсінеді өмір сырын тереңнен.
Тәрбие алған Насихадай шешеден,
Қызығына атамыздың кенелген

Келіндері абыройлы, пішінді,
Силай біледі үлкен менен кішіні.
Кенекең де бір көргеннен танушы ед,
Анау-мынау, жаман-жақсы кісіні.

Естімеген Кенекеңде сырлар көп,
Айтылмаған өмірінде жырлар көп.
Жалғастырар Кенекеңнің арманын,
Арт жағында қыздары мен ұлдар көп.

1977 ж.

Шайхан Хамзаұлы

КЕНЕН БАБА ТОЙЫНА

Құрбыға қалжыңменен қырындаған,
Шыңдардан естіледі жырың маған.
Естілер кісінесі көкшолақтың,
Зарлы үні бозторғайдың шырылдаған.

Қордайдың қырларында ізің қалып,
Елестер көз алдыма жүзің жарық.
Ғайыптан бозторғай кеп, нұр сепкенде,
Кеудеңнен жыр төгілді қызыр дарып.

Көрсетіп жоқшылықтан жолды бөтен,
Сол сәтте бақыт келіп қондыма екен?
Төбеңде бозторғай боп шырылдаған,
Ән-жырдың періштесі болды ма екен?

Өткердің жалшылықты, таршылықты,
Жыр құйып бұлақ көзі ашылыпты.
Сүлейсің бар бойыңа жиып алған,
Жыраулық, сазгерлік пен әншілікті.

Қош иіс, гүлге оранып қыр мен қия,
Сұлутөр, Бұғымүйіз, Бүркітұя.
Беткейде Көкшолақтың ізі қалған,
Ешкілі, Бесмойнақ пен Қарақия.

Естілер құлағыма жыр алыстан,
Көгінде Кенекеңдей қыран ұшқан.

Сағындың ба, жібек сақал абызыңды?
Мәтібұлақ, Ойжайлау, Ұларұшқан.

Қордайдың асуындай жасыл биік,
Көз тартқан заңғар шыңсың асыл биік.
Ұлы той құтты болсын Кенен баба,
Келдім мен әруағыңа басымды иіп.
Сейілтіп бүгін таңда азалы үнді,
Кенелтіп ән мен жырға қазағымды.
Қордайдың асуында жүргендейсің,
Ойнатып Назарың мен Базарыңды.

Халқыңа сая болған шынар едің,
Жалының жарқыраған шырағы едің.
Отырмыз қасыңа кеп аят оқып,
Сүйінбай, қарт Жамбылдың мұрагері.

Теңеймін дүлдүлменен, бұлбұлменен,
Абызды Кенекеңдей кім білмеген.
Нұр шығар зиратыңнан жарқыраған,
Күй шығар күмбезіңнен күмбірлеген.

Жырлаған ғасыр бойы халық қамын,
Жұбатқан пәк көңілін қамыққанның.
Ұрпағы мәңгі есіне сақтап өтер,
Жамбыл мен Кенекеңдей алыптарын.

2004 ж.

Сәду Машақов

ЖҮЗГЕ ТОЛҒАНДА

Шілденің ашық күні тамылжыған,
Рахатқа көңіл шалқып, дамыл қылған.
Етегі Алатаудың гүл-бәйшешек,
Көрінбей көк жапырақ жамылғыдан.

Отырмыз қалың топтың арасында,
Білімдар, сөз зергері бәрі осында.
Келіпті жазушылар съезіне
Жыр сүйген жас іні, ағасы да.

Бейімбет, Ілиястай өңкей саңлақ,
Тіл қатты бізге қарап, ойды барлап:
– Кімдер бар ақындардан білдіңдер ме,
Қандай жыр әкелді екен жиынға арнап.

Біз айттық:
– Келген екен Қуат, Кенен,
Өлеңі, жыры тамаша құлаққа ерен.
Бұдан басқа Нартай мен Нұрлыбек бар,
Кеше біраз ақындар сынатты өлең.

– Қуатты тыңдап едік, - деді Ілияс, -
– Енді Кенен жырлауға қарсы болмас.
– Інілер қолқа қылса,- деді Кенен
Лебізімді естіртпей көңіл тынбас.

Ағытты жыр тиегін Кенен ақын,
Көтеріп көңіл күйін жұбататын.
Тым-тырыс көңіл қойып тыңдап отыр,
Сан құлақ әсем әнді ұнататын.

Кененге берілгенде сөз кезегі,
Жұрт оның өнеріне сенген еді.
Қолға алып домбырасын шырқағанда,
Сазды үні әр жүректі тербеп еді.

Жырлады Октябрьді шабыт берген,
Ревкомға сайланғанын бақытты елден.
Базар-Назар – екі ұлын жоқтағанын,
Жас шағын «Көкшолақпен» қырды кезген.

Шырқады шат тұрмысы саналы әнмен,
Халықтың қуанғанын жаңа заңмен.

Рахмет айтты риза боп отырған жұрт,
Кездескендер өнерпаз мұндай жанмен.

Шаршы топқа жиналған жайсаң, қасқа,
Соларды біз де көрдік балғын шақта.
Енді бүгін еске алып жырға қостым,
Ақын Кенен толғанда бір жүз жасқа.

Жақсылық Сәтібеков

ӘН ТОЙЫ

Іздесең әннің қызыл қырғауылын
Қордайға той бар бүгін, жүр, бауырым.
Қарт ата домбырасын сайлап отыр,
Дүр етсе атқарардай жыр дауылын.

Жүр тойға, болсаң ақын сұңқар үнді,
Ала жүр желден жүйрік тұлпарыңды.
Дүлдүл көп, бас бәйгеден бәрі үміткер,
Тойдың соңы анықтар – кім қарымды.

Бетегесі – бал құрақ, шиі – шынар,
Жусанында мейірдің иісі бар.
«Мәтібұлақ» мырзаның мәрттігін көр,
Күйің үшін саған ол сый ұсынар.

Өнер-түлкі қашса алдан, қойма шалып,
«Бозторғайды» кеткейсің ойға салып.
Көрімдіктің мықтысы деп білейін
Жиналған жұрт әніңе тоймаса анық.

Шабар лажсыз шабан да қамшыласа,
Сен өйтпе, самға биік қаршығаша.
«Па, шіркін, жігіт екен!» десін халық,
Нең кетер бір жолға тер тамшыласа.

Соңыңа қалсын сенің шаң ілеспей,
Тұс-тұстан қошеметтеп дабыл ескей!
Мен саған риза емеспін, жиналған жұрт,
Тараса «тағы, тағы, тағы» деспей.

Солай ғой деп жамағат жайын ұқсаң,
Қиналмай қаршығаңды қайырып сал.
Тыңдасын, әнқой мына жұрт түгілі,
Тұнып су, тыйылып жел, жайылып шаң.
Салтын істеп бабаңның бағзыда өткен,
Қыз ұсынса орамал ақ жібектен
Бөсіп кетпе,
Жөн болар қарт Қордайдың
Бас иіп рухына тағзым еткен.

Кенекемнен бата алғам жиырмамда,
Ақ батасы атаның бұйырған да.
Тұрады ылғи думанды топқа түссем
Жыр анталап жақыннан, қиырдан да.

Көңілім толы көп қызық көктемдегі,
Қайта оралмас армандай өткендегі.
Ішім толып жүрген бір жан едім мен
Көп ішінде көсілмей көптен бері.

Өлең-жырдың көмбесін ақтар асыл,
Өнердің аңдасын ел ақ-қарасын.
Ән салсаң Кенен боп сал, жиналған жұрт
Найзағай үні ме деп жалт қарасын.

Кінәлама көп шабыс арытса атты,
Ол рас, кеше топты жарып шапты...
Сағыныштың салқыны деп ұғыңдар
Үнемдегі бүгінгі жарықшақты.

Кеудемде Кенекемнің дәру әні,
Дәру әні – баршаға зәру әлі.

Ойып алар олжамды бөктермесем,
Теріс қарап кетпей ме әруағы?

О, баба, міне далаң, қалың халық,
Сол шығар түсінгені жаныңды анық.
Ұзақ жолға өзіңді аттандырып,
Қалыпты ғой қазыналы әніңді алып.

Шілдедегі нөсердей шаңды басқан,
Сағынды елің әніңді таңға ұласқан.
Күн күлімдеп шыққанда көкжиектен
Сені жоқтап тұрады тарғыл аспан.

Мен сені тірлігіңде-ақ сағынушы ем,
Өйткені, өнерде өрен дана ұғушы ем.
Хаса тұлпар сен болсаң, мен ұшқыр тай,
Той-думанда қасыңнан табылушы ем.

Түсіме енсе, бір қария, Кенекем деп,
Ұмтыламын құт-ризық берекем деп.
Ұйқымнан елегізіп тұрдым талай,
Бозторғай шырылдаса, сен екен деп.

Келеді атып Қордайдың құба таңы,
Құба таңмен кең өлкем гүл атады.
Әнің жетер сол сәтте ақ самал боп,
Сол ән сазы көңілімді жұбатады.

«Социал. Қазақстан» г-ті, 26 июнь, 1984 ж.

Әрі ақын, әрі композитор, әрі әнші, тамаша дарын Кенен Әзірбаевтың «Бозторғай әнінде» бүкіл бір ғасырдың үміті мен үні, арманы мен мұңы бар сияқты көрінеді маған. Бұл күнде Кенен әндері халқының рухани игілігіне айналды. Аспандағы бозторғайға үн қосқан ақынның өзі де шырылдаған әнші бозторғай бейнесін көзге елестетеді. Өйткені оның әндері биікке талмай қалықтай бермек.

Гүлсім Сейілжанова

БОЗТОРҒАЙ
(поэмадан үзінді)

Небәрі он төрт жасар бала кезі,
Байлардың қойын бағып дала кезді.
Күні-түні кірпік ілмей аш-жалаңаш,
Жыртылған шоқпыт шекпен жаға-жеңі.

Қоңыр күз. Кейде ызғар түні суық,
Күзетте отыр бала өңі сынық.
Мұңайып кірпігінен жас тамады,
Өкісігін баса алмайды үні құрып.

Көңілі тербеледі, шайқалады,
Ыңылдап іштей өлең айта алады.
Ойына оралғанда зарлы әндер,
Жанынан бір дарындылық байқалады.

Қысасын әнмен ғана тарқатады,
Кедейлік жанын жейді, шаршатады.
Шыққанда қой соңынан боз далаға,
Ән болып шашылады таң шапағы.

Қайғысын ақтарады сосын бала,
Балаға ашар ыстық төсін дала.
Көреді аспандатып ұшып жүрген,
Құстардың қанат жайған көшін ғана.

Мұң шертіп бозторғайға аспандағы,
Жаңғыртып тау бөктерін асқаралы.
Зарлы әні демеу болып, жігер беріп,
Қияға талпынтады аш баланы.

Құсты да тыншытпайды сезім нендей,
Қойшының мұңды жанын сезінгендей.

Топтасып шырылдайды бозторғайлар,
Боз дала боздайды екен боз інгедей.

Таңмен бірге оянған әсемденіп,
Бозторғай сергиді екен әсерленіп.
Қойшының көкірегіне күй құйылды,
Құйтымтай құстың даусы әсер беріп.

Егіліп жүрген шақта қой соңында,
Түседі есіне өлең толғандыра.

Серіктес өзіменен әрі аты,
Қаруы, ақ таяғы ол – домбыра.

Ән жылап, нені аңсап сұрап тұрды,
Қауым жұрт қойшы әніне құлақ түрді.
Апырау, бұл Кененнің әні ғой деп,
Кемсеңдеп кедей-кепшік жылап тұрды.

Кедейлер Кенен жолын тосып күнде,
Дауысын бір кісідей қосып бірге.
Ортаға ап «Бозторғайын» айтқызады,
Күмістей көңілдерін ашып күнге.

«Мына өлең ел намысын өтер енді,
Байлардың құлағына жетер енді».
Деді де жұлма шапан жас жігіттер,
Әншісін әуелетіп көтереді.

Мәз болып олар әр кез тарасады,
Кененмен кедей ауылы жарасады.
Көңілін жабырқатқан жалаң қайғы,
Ән-күйден жолын таппай адасады.

Жұпталы елдің әбден көңілінде,
Ұзарып қуаныштың шегі күнде.
Қосылып топ жұлдыздай шашырайды,
«Бозторғай» әнін айтып елі бірге.

Бірде күй, бірде ән боп шертіледі,
Соңынан кедейлерін ертіп енді.
Түскенде айтыстарға жеңіп шығып,
Қырмызы қыр гүліндей желпінеді.

Жігітке бақыт мұрат, ерлік мұрат,
Белдеуде тұрса шіркін, орғып бір ат.
Ән де бар, дауыс та бар, өлең де бар,
Болмады жас кедейде теңдік бірақ.

Бара алмай той-думанға өкінеді,
Толады ән – теңізге көкірегі.
Арманын шөлге де айтып, көлге де айтып,
Құшақтап туған жерін өтінеді.

Мінерге аты да жоқ алыс барса,
Безгектей безілдетті намыс қанша.
Ақынның қасиетті көз жасынан,
Шөп басы мөлтілдейді тамып қалса.

Дәл тауып көңіл-күйін жалшылардың,
Жаққанда жыршы әнінен шамшырағын.
Қорлық пен зорлық әлі-ақ ұмыт болар,
Ашатын заман келер әнші бағын...

БАЗАРЫМ-АЙ, НАЗАРЫМ-АЙ!

Жалған дүние-ай!
Салдың күйге - ай!
Омырауымнан үзіліп түстің
Екі түйме ой, дүние-ай!
Базарым - ай, Назарым - ай!
Қу шешектен болды-ау сенің,
Ажалың - ай, ой дүние-ай!
Кенен

Ертеңгі күн келер екен не сыймен?
Лашық үй. Туырлығы тесілген.

Жоқшылықты талай бастан өткеріп,
Қос құлынын көрген еді осы үйден.

Дауыл тұрып, үйді іргеден соғады,
Қос бүлдіршін тоңып иек қағады.
Еті – басы күйіп бірден ауырлап,
Базар, Назар денесі оттай жанады.

– Бұл не деген бізге келген үскірік,
Қос құлыным жатыр қатар түшкіріп.
Алап–жалап бара жатыр Кенен –ау!-
Деді жары бір сұмдықтан іш күйіп.

– Қайда апарып, енді қалай жазамыз
Қандай емді кімнен сұрап табамыз
Шипа етер дәрі берер ешкім жоқ,
Емдетуге жетпейді ғой шамамыз –

Деді әкесі балаға көз түсіріп,
Ауырлықты тастай алмай ысырып.
Айықпады - ау, күннен күнге сәл тартты,
Жатыр бала әлсін-әлсін қысылып.

Сұмдық мынау, бөртіп кетті денесі,
Келді жайлап бас жағына шешесі.
Қолындағы сусын құйған дайындап,
Түсіп кетті, қақ бөлінді кесесі.

Құлындардан көзін ала алмады –
Әкелді ме үйге мына таң қайғы.
Қош, Базарым, Назарым деп айтуға
Ата-ананың аузы мүлде бармады.

Қандай ауыр қасіретке жолықты
Күзгі күндей шіркін ана солыпты.
Қайғы қамап, белден ұстап әкені
Тұра алмай да, жүре алмай да қалыпты.

Дүние-ай, деп зарлайды ақын зарығып
Қос құлынын кеше жүрген сағынып.
Кеудесінен боздайды бір мұңлы күй,
Қасіреттен жатқандай мұз жарылып

Әлсін-әлсін сипап бала бесігін,
Жоқтайды ана қайғы толған іші мұң

Базары мен Назарына тым ерте
Ажал арсыз ашты қалай есігін?

Ет – жүрегі елжірейді-ау күйініп,
Ана сүті емшегінен құйылып.
Кейде ойлап, мауқын басып қайтуға,
Бейіт жаққа кетер бірде жиылып,

Шөпті тінтіп, жерді тінтіп іздейді,
Қос құлыннан ана күдер үзбейді.
Нәрлі тамақ болса, сақтап қалар ма ек,
Кедейліктен қиналдық-ау біз дейді.

Екі дерттің жүгін міне көтердім,
Тілсіз тағдыр саған енді не етермін.
Базар, Назар екеуің деп өмірден,
Жылай-жылай қастарыңнан өтермін.

Дейді анасы шаршап кетіп қалжырап,
Дәл осы сәт кеткендейін күн жылап.
Бір топ аққу ұшып өтті төбеден,
Ана бір сәт қарап тұрды тұнжырап.

Ау, ақ құстар, іздеп жүрмін жоғымды,
Жазбаңдаршы сендер әсте тобыңды.
Қос перзенттен қалдым ғой мен адасып
Көрсетіңдер сендер маған жолымды.

Қайран ана есін жиды аялдап,
Қайтсін енді қайран көңіл қаяулы–ақ.

Құс жолынан көзін бір сәт айырмай,
Қайтып келе жатты үйіне аяңдап...

Қайда барып әке шерін тарқатпақ.
Қарай берді бейіт жаққа жалтақтап.
Базар менен Назар жатқан сол жерде
Көңіл дертін осында кеп алдатпақ.

Келеді әке түскен сайын есіне,
Көз жіберіп қой – ешкінің көшіне.
Қозы – лақтар шуылдасып көрісіп.
Жармасады енесінің төсіне.

Бір ақ ешкі жағы тынбай маңырар,
Лағынан айрылыпты жануар.
Зар жүгіріп, әр қозыны тінтиді,
Ақ лағы қайдан бірақ табылар.

Ақын мұны өз көзімен тұр көріп,
Көзіне жас, көңіліне мұң келіп.
Сол ешкіге даусын қосып елжіреп,
Жоғын іздеп бара жатты бірге еріп.

«Сорлы ақ ешкі жылайсың лағыңа,
Емшегіңді емізген шырағыңа.
Кел екеуміз қосылып жылайықшы,
Жетер ме екен құдайдың құлағына»

Көз жасы осыны айтып тарамдалды,
Мұңдыға зарын қосты Кенен мәңгі,
Тудырып үлкен қайғы өлмес өнер,
Екі ұлға ескерткіш боп өлең қалды.

1983 ж.

Ғафу Қайырбеков

ҚАРТ ДАСТАН
(қысқартып алынды)

Қордайдың әдемі атқан ақ таңында,
Даланың самалы ойнап ат жалында,
Сау желіп, бұлбұл қағып келе жатқан
Қалт етпей қарайды аймақ қартқа мына.

Еңсегей бойы биік – мықты қандай,
Жай кісі ат үстінде тік тұрғандай,
Басында қара елтірі қазан бөрік,
Жадағай жасыл шапан нық буғандай.

Етектің екі өңірін тізе басқан,
Әрірек ат саурынан үзеңгі асқан.
Салалы сусақтары бұлдыр қағып,
Сол қолы ер басында тізгін қосқан.

Оң қолда сары жезді күрең қамшы,
Толқиды күнмен күліп ерсіл-қарсы.
Келеді тау иесі-дала иесі,
Жарасып Айқасқаға ер тұлғасы.

Күн сәске. Жарқырады «Таңбалы тас»,
Әжімді жаңағы бір шал қалыптас.
Бозторғай төмендеді әні бітіп,
Болған соң болмашы үнмен тау жаңғыртпас.

Сөйткенше шықты дауыс арғы белден,
Аспанға аңыратып ән жіберген.
Аймақты бара жатыр алып кернеп,
Шыққан үн арыс кеуде, нар көмейден.

«Пай-пай, пай! - дейді сөйлеп жаңғырықтар,
«Ай-қай-қай!» - дейді тыңдап бал-бұлақтар.

Ән селі бері қарап төңкеріліп,
Ел көшіп кеп қалғандай жамырап мал.

Жан-жақтың тіршіліке толып бәрі,
Басталып бар өмірдің жорықтары.
Осынша құдыретпен естіледі,
Адам мен табиғаттың жолыққаны!

Түсті аттан тасқа келіп манағы қарт,
Төңірек әлгіден соң саябырлап.
Бергендей ескі досқа үнсіз сәлем,
Қалғандай қария да бойы ауырлап.

«Aha!» - деп, дүр сілкініп алды ширап,
«Ата!» - деп жағалай тас қалды сыйлап.
Ат жақты, ұзын иек, қоңқақ мұрын,
Қоңыр жүз, шоқша сақал, мұрты қияқ,

Мойыны ұзап шыққан ұңғысынан,
Шағыр көз көне тартып, нұры сынған.
Сексенде сері кеуде селкіл қақпай,
Тұғыры мықты құстай тумысынан.

Жабысып, тасқа тақап көне көзін,
Көргендей көшкен ғасыр өнеге-ізін.
Күректей қолыменен сипап-сүртіп,
Тастардың жайнатады өрнек ізін.

Содан соң кебу ерін күбір қағып,
Қалғандай жарғақ құлақ дүбір шалып.
Түсті қарт неше түрлі құбылысқа,
Аңырып арасында тыныс алып.

Талай бір кісілердің атын айтып,
Шақырып алысқа көз шақырайтып.
Батырлар, замандастар келмеген соң,
Бас шайқап, көңіл суып, дәті қайтып.

Көп сағат тарихпенен оңаша қап,
Оқиды тас кітапты тамашалап.
Өзінің Қордай тауы, «Таңбалысы».
Өзінің оқуына жарасады-ақ!.....

Асыл тас-асыл жердің бір бөлегі,
Таусылмас бейне ғасыр, күндер шегі,
Екі ұрпақ- әке, бала- екі нұсқа,
Екеуі екі түрлі таныр сені....

Қараймын қара емендей мәңгі қартқа,
Мінетін сексенде де қарғып атқа.

Қараймын, қараймын да сүйсінемін,
Бәріне заман берген сол қуатқа.

«Алтын бесік» кітабынан

С. Дүйсенбаев

КЕНЕНГЕ АЙТҚАН ҚОҢЫР ТЕРМЕ

Халқымның бір кемелі
Айналайын Кененім,
Салдық құрған сексенде,
Қазақта соңғы сері едің.

Ән мен жырдың селі едің,
Күн-түн ескен желі едің,
Көсем сөзің киелі,
Соңғы жырау сен едің.

Сен бір алып кеме едің,
Кернеген өнер кемерін.
Балуан-Шолақ пірің боп,
Жамбылға ерген теңі едің.

Әруақ силар ер едің,
Сарбас рухы жебеді.
Ұя салды бозторғай,
Көмейіңе, Кененім.

Көк шолағың - Дөненің,
Ән болып ұшып жөнеді,
Базарым мен Назарым,
Екі туған пері едің.

Ақыл жетпес келелі,
Оқысам Кенен өлеңін,
Алтыннан түскен нұрлы мұң,
Көлеңкесін көремін.
Енді туар немере,
Кенен десе сенеме.
Кісілік қалып, пенделік,
Жанталасқа көнеме.

Уа, әулием, Кенекем!
Қандай болар ел ертең,
Қартайып шындап алама,
Қартаймай өткен сені еркем.

1984 ж.

Сапура қажы Әміреқызы

КЕНЕН ТОЙЫНА АРНАУ

Баршаңмен сәлемдесем ағайындар,
Ішінде ер – азамат талайың бар.
Тойына Кенен ата келдік біздер,
Солтүстік аталатын Қызылжардан.

Өнері туа біткен таңдайына,
Бір Алла бақыт берген маңдайына.
Жақсының аты өлмейді деген осы,
Бас иіп, тағзым етем әруағыңа!

Жақсы ғой ата аруағын құрметтеген,
Ұрпағыңа алғыс айтам құрметпенен.
Сыйлайды ата - анасын, бабаларын,
Алланың рахымынан үміт еткен.

Бақытжан, ақын әке жалғасысың,
Өнерін Мұхтар балаң жалғастырсын.
Қалдырған ұрпағына мұрасы мол,
Бір Алла тойын – тойға ұластырсын!

Арнайы Солтүстіктен келген едім,
Жақсы ғой ұлы тойды көзбен көрген.
Тойға кеп жай кеткенім жараспайды,
Шашуым бір - екі ауыз тойға берген.

2004 ж.

Жақсыгүл Қалжанова

ӨРІСКЕ ӨНЕРІҢНІҢ ЕКТІҢ ГҮЛІН

Әнші едің Кенен ата — сазгер ақын,
Жайылған жас күніңнен атақ даңқың.
Халықтың сал-серісі бабаларың,
Сақтаған касиетті өнер салтын.

Кезінде тоғыз құттың бірі болған,
«Бесжалаңаяқ» бабаңнан аңыз калған.
Сауықшыл домбырашы Әзірбай мен,
Әндері ел есінде, Ұлдар салған.

Анадан жеті жаста жетім қалып,
Тізгіндеп балалықты қозы бағып.
Жүргенде Еркебай көп тәрбиелеп,
Беріпті ақ домбыра қолдан шауып.

Бозбаладан шырқаған бозторғайың,
Шырылдаған шындықтың айтып жайын.

Жігіт кезде желдірген Көкшолағың,
Көрік берген көңілге айтқан сайын.

Талантың тау жаңғыртыш аспандатты,
Құйылып жыр нөсері дастандапты.
Ыстығын туған жердің сезіндірдің,
Көбелек куған сәби жастан тәтті.

Ұстазың сырласың да Жамбыл еді,
Көбейді әнші, ақын шәкірт легі.
Нартаймен ән айдынын бір жүзгенде,
Толқыды Алатау мен Сыр жиегі.

Тәнгі боп өнеріне Төрткеніңнің,
Тапсырдың домбыраның төккен үнін.
Ұстатып каламыңды Бақытжанға,
Өріске өнеріңнің ектің гүлін.

Орындалып көкейде бір арманың,
Келін келді дегенде қуанғаның.
Иірсу мен Қордайға алғыс айтып,
Жотасына қос таудың жыр арнадың.

Жаратқан екі жастың қосар басын,
Сүйресін деп, өмірдің отарбасын.
Келініңнің бірі едім, ақын болдым,
Сөзіңнің сарқытынан от алғасын.

2004 ж.

Рафаэль Ниязбеков

АҚЫН АТАМНЫҢ АҚ ШЫҢЫ
(ақынның 125 жылдық тойына)

Жолын кесіп көрмеген жан баласы,
Алты Алаштың кешірсін арлы анасы.
Екі Кенен тумайды

Айға асылып,
Толғатса да тау-тасы, сардаласы.

Талай жойқын тасқыннан жүзіп өтіп,
Көңілінен ұшырған құс түлетіп.
Кенен атам өлеңге айналатын,
Өмірді ерттеп мінгенде кісінетіп.

Тіршіліктің тұрғанда өңі кетіп,
Жалғандықтың көбесін сөгіп өтіп.
Жыр жебесі алысқа ұшатұғын,
Адырнасын тартқанда «мөңіретіп».

Қабыл болып тілегі, аңсағаны,
Ақындардың атанған ақсақалы.
Жүрген жердің бәрінен Кенен атам,
Жауһар жырдың есетін ақ самалы.
Жұлдыздары көгінде жамыраған,
Таудың неге қабағы салбыраған?
Базар, Назар өлгенде күңіреніп,
Кенен атам қайғыдан сансыраған.
Ақ ешкіге мұң шаққан
Лағын жоқтап,
Күндіз-түні зар илеп маңыраған.

Қайғы-мұңның қайрағы жанығанда,
Буырқанған қуарып арығанда.
Мұнарасы атамның құламайды,
Тал бойында қазақтың қаны барда.

Сардаланып көз салған шалғайына,
Атамның ән жазылған маңдайына.
Дүниені өтер ме әнмен тербеп,
Бұлбұл егер қонбаса таңдайына.

Көңілінде көк бөрі түлеп өрген,
Ақын бар ма бұл күнде жүрегі өлген.
Әне, біреу ақбас шың атам шығар,
Алатаудың төсінен түрегелген.

2009 ж.

Қадыр Әлімқұлов

КЕНЕН ДЕ КЕМЕЛ БАБАМА!
(толғау-жыр)

Тұлпарлардай самғаудан жалықпаған,
Сұңқарлардай құлшына қалықтаған,
Алты алаштың айналдың аңызына,
Кененсің де кемелсің,
Анық бағаң!
Қазақтың ән тербеген аспанында,
Дауысың шыңнан асып шарықтаған.
Разы боп ұлағатты ұрпағына,
Рухың бір желпінсін –
Алып бабам!
Дүйім жұрт аруағыңмен арқаланып,
Өткенде талай сыннан тарықпаған.
Еңселі ескерткішін қойды орнатып,
Әніңді әлдилеген Халық саған!

Жамбыл жәкем – пірім деп,
Балуан Шолақ – дүрім деп,
Сарбас ақын – жырым деп,
Ұстаз тұттың ұлықтап,
Бағдар берген нұрым деп.
Сөз саптадың содан соң,
Дауылпаздай дүрілдеп.

Саңқылдаттың үніңді,
Найзағайдай гүрілдеп.
Ұйқысынан ояттың,
Мұңайғанды «Тіріл!» деп.
Маңдайынан сипадың,
Құлшынғанды күлімдеп.

***

Қызылы бар,
Ағы бар – тағылары,
Қазақтың құт қонысы қаңырады.
Еліккендер су бүркіп қолтығына,
Желіккендер жер теуіп,
Жамырады.
Жұт жылғыдай жарымай уызына,
Адам арып,
Қозы-лақ маңырады.
Құдайсыздар қоғамы қырдан асты,
Дінсіздікті дәріптеп ән-ұраны.
Тексіздіктің талайын көрген көне –
Алатауың бүк түсіп,
Аңырады.
...Азат жұртың бүгінде,
Көк ту қолда –
Шайқалмастай тіктелді шаңырағы!

***

О, Кенен, бабам!
Өнеріңді өрге оздырдың,
Айтыстың шоғын қоздырдың.
Қарсы келген талайды,
Табанынан тоздырдың.
Сүйінбай, Майкөт, Бақтыбай,
Құлмамбет пен Жамбылдай,
Өмірзақ, Тоғалақ, Қалмырза,
Тоқтоғұл, Төкпе, Халықтай,
Алымқұл, Османқұл салдардың,
Дәстүрлерін дестелеп,

Әшекейлеп- кестелеп,
Көркейттің көшін боз жырдың,
Өлеңнің бәсін оздырдың!

***

Жұрт жады ұмытпайды бұрынғы әнін,
Ұлыстың қай тайпадан құрылғанын.
О, Баба!
Қылшықтайын құпияң жоқ,
Жырыңмен жайып салған сырың мәлім.
Қиындықтың селіне қарсы жүзіп,
Өзің де тура жолдан бұрылмадың.
Басыңа күн туғанда жігер жанып,
Жапанда бозторғай боп шырылдадың.
Көкшолақтың күйіндей қалпыңмен-ақ,
Серпіліп, сан сұлуға қырындадың...
(Сауықтың саудаламай «жырынды әнін»,
Жосықсыз, жетесізге ұрынбадың).
Серілік құрдың сөйтіп,
Кенен ата,
Тарқатып әнмен ару бұрымдарын!
Әнің жатыр шырқалып,
Ғасырға жалғап ғасырды.
Бақытжан ұлың бас болып,
Даңқыңды қырдан асырды.
Төрткен қызың жасындай,
Тау суындай тасиды-ай!
Жырларың жетіп жүрекке,
Аспанына қазақтың,
Жұлдыз болып шашылды.
Немерең - Мұхит, Мұхтарлар,
Өнегеңе бас ұрды.
Бақытжан келін баптауда,
Артыңда қалған асылды.
Осының бәрін жыр қылған,
Қадыр балам демеңіз,
Қандай сырды жасырды.

***

Қанып ішіп жыр-дастан қаймағынан,
Түлеп ұшып Қордайдың аймағынан,
Күйбең тірлік қамына қамалмадың,
Отау тігіп өнердің айлағына.
Тереңдікті іздеген балықтайын,
Аулақ болдың өнердің жайдағынан.
Биіктікке беттедің білгеннен соң,
Шырқау шыңға шықпасын сайдағы адам.
Кебекбай мен Ноғайбай,
Еркебайлар –
Өркенді өріс болмаса, қайдағы мән?!
Пайда іздеп,
Мансапқа малданбадың,
Шамшырақ боп шыңдалдың шаруа қуған,
Бәрін айт та бірін айт, кемел ата-
Айналады ұрпағың аруағыңнан!

***

Қазақта небір көсем бар,
Олардан асқан шешен бар.
Бірегейісің солардың,
Алайда зауал заманда,
Алынбай қалған есең бар.
Толысып жатыр орыны,
Көркейе түсті қорымың.
Бар ғұмырың безенген,
Мәтібұлақта кешен бар.
Қазақтың бар өңірі,
Деп тұрғандай: «Есеңді ал!».
Астананың төрінде,
Дара да даңғыл көшең бар!
Көшең бар, Баба, Кешен бар,
Есеңді ал, Баба, есеңді ал!

***

«Шырқа даусым!» деп едің..,
Жаңғырықты,

Ән қылып қыр,
Ол-дағы заңдылық -ты.
Көмейіңнен күмбірлеп шыққан үнің,
Әр заманның ұланын таң қылып тұр.
Шырқатуда жігіттер жасын-жалын,
Шырқатуда бикелер сән қылықты.
(Күйлерің мен дастандар өз алдына,
Арнайы зерделейтін мән құрып тұр.)
«Бозторғай»,
«Қос қалқа» мен «Ей, бұлбұлың»,
«Көкшолақ» пен «Ойжайлау» сән бұл күні,
«Базар-Назар»,
«Домбыра»,
«Насиқаға» -
Саздар ғой танытатын ән дүлдүлін.
«Келінжан»,
«Әнім қалсын»,
«Балаларға»,
«Мен сүйемін халқымды»»,
«Қайран жастық» -
Әлі де тербетеді жанның гүлін.
...Заңдылықты,
Дауысың жаңғырықты...
Алатаудың шыңынан шыққан үнің,
Шеру тарта береді бетке алып,
Қазақ елі аңсаған – мәңгілікті!

***

Жасай бер,
Жаса мәңгі,
Жаса, Баба!
Өзіңдей өнегесіз таса ма адам?!
Өлмейді әнің, сәніңмен жараса бер,
Ұлттың тойын басқарған асабадай!

Нұрсұлтан қ-сы, 2021 ж.

II- БӨЛІМ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН МАҚАЛА-ЕСТЕЛІКТЕР

КЕНЕН АТАНЫҢ РУХЫ ӨЛМЕЙДІ – МӘҢГІЛІК!

«Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі Кенен атамыз ел тарихында, халық есінде мәңгі сақталмақ. Аты аңызға айналған Кенен атаның арманы ел ырзығы, халықтың бірлігі, ұрпақтың баянды болашағы болды. Осы аруақ бізді қолдасын. Егемендігіміз, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!»

Президент Н. НАЗАРБАЕВ

(ақынның мұражайында қалдырған қолтаңба, 1994 ж.)

ӨЗГЕРГЕН ӨҢІР

(ақынның өз аузынан)

Бұл өңірді бұрын «Қордай» деп атайтын. Қордай адам аты. Ол тақыр кедей, ержүрек батыр, асқан мерген болыпты. Тау-тауды кезіп аң аулайды екен. Осы өнерімен бір өзі бір ауылды асырайды екен. Ол жөнінде ел аузында неше түрлі аңыз бар. Ол қазіргі Киров атындағы колхозға жете берістегі № 550 жол пайдалану учаскесіне қарасты асфольт-бетон шығаратын зауыт орналасқан жерде тұрыпты. Батырдың мәйіті де осы Қордай асуында жатыр...

Кешегі патшалық Россия тұсында Қордай өңірі құлазыған меңіреу дала болатын. Оны көзіміз көрді. Сексен мың гектарға жуық жер халық игілігіне асырылмай бос жататын. Осыншама кең атырапта Дәрменбай, Сұлтан, Кәрбоз, Бектенбай, Олжабай деген байлардың малы жайылатын еді. Бұлардың әрқасысында бес-алты жүзден жылқы, мыңдаған бас қойлары болатын. Ал кедейлер болса осы байлардың малын бағып, әйелдері отын жағып жалшылықта

жүретін еді. Тапқандары кисе киімге, ішсе тамағына жетпей, әйтеуір өлместің күнін көреді. Ел түгелдей сауатсыз. Қордай болысы бойынша екі адам ғана хат танитын.

1916 жылы мен 32 жаста едім. Сол жылы июль айында патша жарлығы шықты. Он тоғыз бен отыз бірдің арасындағыларды хаттап, ауылнай, болыстар діңкілдей бастады. Майдандағы қара жұмысқа жігіт бермейміз деп қалың бұқара халық көтерілді. Бұл ұлт-азаттық қозғалысты Қордай өңірінде Әли Нұрғожаев басқарғаны тарихтан мәлім. Сол көтеріліске мен де қатыстым. Әлидің жасағында жүріп: «Аттан!», «Қайран елім, қайда?», «Бұлбұл» деген өлең-әндерімді шығарып, жігіттерді жігерлі күреске шақыруға тырыстым.

Мына бір оқиға тап бүгінгідей көз алдымда. 1916 жылдың август айының бас кезінде Иірсуда күшті шайқас болды. Кедейлер байларды сабап, әскерге шақырылған адамдардың тізімін тартып алып, өртеп жіберді. Осы жағдайды пайдаланып жасақшы Шәрәпи Жылыбаев орыс байларының қорада тұрған 29 ту сиырын шығарып алып, кедей жалшыларға үлестіріп береді. Байлар көмекке Пішкек (қазіргі Фрунзе) қаласынан жазалаушы отряд шақыртты. Екі жақ арасында қатты атыс болып, жиырмаға жуық адам өледі. Кедейлер жағынан Босыбай Болатов, Майемір Байсақалов, Қоқытай Жолбынов, Манатай Керлібаев тағы басқалар оққа ұшады. Кулактар Шәрәпи Жылыбаевты ұстап өлтірмек болады. Бірақ ол жасақтағы жолдастарының көмегімен Алматы (Верный) болысына қарасты «Қалыңшеңгел» деген жерге қашып барып, екі жылдай уақыт сонда жүреді. Жазалаушы отряд көтерілісшілерді аяусыз күшпен басып, олардың мал-мүлкін тартып алады, үйлерін өртейді. Сол бір халық басына түскен қайғылы оқиғалар, менің «Әли батыр» атты дастанымда толық айтылған.

Қырсығы мен қисығы мол патша чиновниктері мен байманаптар билеген ескі дүниені лениндік жаңа дәуір тас-талқан етті. Қанушы таптың шынжыр бұғауы быт-шыт болды. Жаңа типтегі совет өкіметі орнады. Қордай өңірінде де бостандық таңы атты. Көппен бірге мен де жаңа дәуірді құшақ жая қарсы алып жырға қосқаным әлі есімде. Революция жеңіске жеткен алғашқы күндерден бастап-ақ, шалғай аймақта жатқан бізге бостандық, теңдік әперді, жаңаша тұрмыс құруға, өнер-білімге ұмтылуға қамқорлық жасады.

Ал 1920 жылы В.И. Ленин мен М.И. Калинин қол қойған Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік республикасын құру туралы Декрет шықты. Бұл қазақ халқының елдігін, бостандығы мен теңдігін қастерлеген өміршең құжат болды, бақыт декреті болды. Сол жылы мен Қордай болыстық революциялық комитетінің председателі болып сайландым. Сол кезде уездік революциялық комитеттің тапсырмасымен қасыма үш-төрт адам ертіп төменгі Топар, Іле бойындағы болыстарды аралап қызыл әскер үшін халықтан екі жүз ат, үш жүздей түйе жинап әкеліп тапсырдық. Бұл маған көрсетілген зор сенім еді.

Ауылға келісімен қызу іске кірістік. Ең алдымен көшіп жүрген халықты бір жерге қоныстандыру қажет болды. Ол үшін ел арасында бұқаралық жұмысты кеңірек өрістетуге тура келді. Жемісті еңбек өз нәтижесін берді де. Қысқа мерзімнің ішінде Қордай болысы бойынша 800 үйге жуық отбасы Ұзынсу, Иірсу, Ешкілі, Қордай-Павловка елді мекендерге көшіп келіп қоныстанды. Кедейлер комитеті құрылып, қосшы одағы ұйымдастырылды.

Ревком болып тұрған жылы большевик-жазушы Дмитрий Фурмановпен кездестім. Ол былай болған еді. Бір күні Ораз Жандосов пен Қуаныш Бөрібаев маған хабар жіберіпті. Д. Фурманов Пішкек қаласынан Алматыға өтеді. Бәріміз Қордай асуында күтіп аламыз. Өлеңін жұптай берсін, депті. Мен оларды тостым. Ұзын ағаштан Ораз, Қуаныш және большевик Масанчи келді. Артынша, үш ат жеккен жеңіл күйме-арбамен Фурманов келіп тоқтады. Бәріміз қарсы алдық. Мен құттықтау өлеңімді айттым. Ол менің қолымды қысып тұрып: «Орталарыңда ақындарың да бар екен ғой» деп жылы шыраймен қарады. Сонан соң көпшілік жұртқа қарап, қазақ ауылдарын советтендіру, жас өкіметті нығайту жөнінде біраз сөз айтты. Қордайдан тұз-дәм татып, Алматыға жүріп кетті.

1928 жылы бүкіл еліміздегідей Қордай өңірінде де ауыл шаруашылығын коллективтендіру науқаны басталды. Иірсудағы қосшылар одағы Ленин колхозы болып қайта құрылды. Бұл колхоздың тұңғыш председателі болып, бүгінгі күні республикалық мәндегі дербес зейнеткер Шәрәпи Жылыбаев сайланды. 31 үй жаңа артельге мүше болып кірді. Ол кезде бұлардың мал-жаны, күш-көлігі шағын еді, сондықтан үкімет бұларға 2 темір соқа, 3 темір тырма, 20 центнер тұқым бидай бөліп береді. Осы шағын техникаға қосымша, әркімнен алған 15 аттың күшімен 20 гектар

жерге егін салатын еді. Күзде оның әр гектарынан 60 пұттан өнім жинады. Түскен астықтың жартысы үкіметке, жартысы кедейлерге үлестіріп берілді. Барлық жұмыс қол күшімен атқарылатын еді.

Міне, содан бері 50 жыл өтіпті. Елу жыл деген тарих үшін тақия лақтырғандай мерзім. Ал осы уақытта қаншама өзгерістер болды десеңізші. «Елу жылда ел жаңа» дейді халық. Тауып айтылған сөз. Баяғы жоқшылық жайлаған Қордай атырабының елі де, жері де адам танымастай болып өзгерді. Біздің өңірдегі алғаш ұйымдастырылған ауыл шаруашылық артелі, кейін төрт шаруашылықты біріктіріп Киров атындағы колхоз болып ірілендірілді.

Артельге мемлекеттік акт бойынша 76 мың гектар жер мәңгі пайдалануға бекітіліп берілген. Далалық аймақтарда 11 мың гектар жерге егін егіледі. Бұдан басқа 16 мың қой, 1500 сиыр, 400 жылқы, 200 бас шошқа өсіріледі. Колхоз жыл сайын мемлекетке 60-70 мың центнер астық, 3300 центнер ет, 5 мың литр сүт, 500 ц жүн және 100 мың дана жұмыртқа тапсырады.

Колхозда техника жеткілікті. Қазір бізде елу автомашина, қырық комбаин, жетпіс трактор бар. Осының нәтижесінде колхозшылар еңбегі күнбе-күн жеңілдей түсуде. Мал фермалары мен қырмандағы жұмыстар толық механикаландырылған. Артельде комплексті үш учаске бар. Бізде жалпы алғанда мыңға жуық адам ауыл шаруашылық өнімдерін өндірумен шұғылданады.

Колхоздың егістік далалары мен мал фермаларында өздерінің қажырлы еңбектерімен халық сүйіспеншілігіне бөленген еңбек ардагерлері көп-ақ. Мысалы, аға шопандар С. Кәкетаев, Ж. Жарболов, Т. Қуанышев, Ш. Бабаевтардың есімдері аудан, облыс жұртшылығына жақсы таныс. Бұлар жыл сайын әр жүз саулықтан 123 – 130 қозы алып, әр қойдан төрт килограмнан жүн қырқып көзге түсіп жүрген абзал адамдар. Сондай-ақ, тракторист Григорий Каблуков, жылқышы Мырзанқұл Тәттімбетов үздік еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталған.

Колхоздың дәулетіне сәулеті сай. Осыдан он төрт жыл бұрын қазіргі Киров колхозы орналасқан жер құлазыған меңіреу дала болатын. Енді бұл жерде жасыл желек жамылған қазіргі заманғы село тұр. Оның дәл орталығында 535 бала оқитын жаңа мектеп салынды. Ол колхозшылар қаражатымен тұрғызылды. Мұнда 35 жоғары білімді мұғалімдер жас шәкірттерге сапалы білім, тербие береді. Бұл күндері ауыл еңбекшілеріне почта, телефон жүйесі, сақтық

касса және екі дүкен қызмет істейді. Өзімізде әйелдер босанатын үй, дәрігерлік пункт бар. Үлкен трассаға апаратын және ауылдағы орталық көшелерге түгел асфальт төселген. Аптасына төрт рет істейтін шағын моншамыз бар. Селолық клубта күн сайын кинофильмдер күн сайын көрсетіліп тұрады. Ал ауылдағы кітапханадан жеті жүзге жуық оқырмандар кітап алып оқиды. Көшелерге су құбыры тартылып, 33 жерге суағар колонка орнатылған.

Ауылымыз жыл сайын жасарып келеді. Қазір мұнда үш мыңға жуық адам тұрады. Онда бірнеше ұлттың өкілі білекке-білек қосып еңбектеніп, жарасымды өмір сүруде. Соңғы екі-үш жылда жүзден астам отбасы қазіргі заманға сай үйлерге қоныс аударды. Әр үйде Ильич шамы жарқырап, радиосы саңқылдап тұр. Үштің бірінде телевизор бар десем артық айтқандық емес. Колхозшылардың көбісінің үйі бумен жылытылады. Қай үйге кірсеңіз де ауласы таптаза неше түрлі жеміс ағаштары самсап тұр. Жаңадан салынып жатқан 350 орындық мәдениет үйі осы биыл пайдалануға берілуі тиіс.

Селода – өнерпаздарымыз да аз емес. Ауылдың көркемөнер коллективі аудан, облыс, қала берді республикалық байқауларда жүлделі орынға ие болып жүргені жұртқа мәлім. Ауыл тұрғындарының мақтаныш тұтып, жастардың үлге етер қадірменді адамдарымыз да бар. 1919 жылдан партия мүшесі, біздің колхоздың алғашқы председателі, дербес пенсионер Шәрәпи Жылыбаев, осы топырақта туып-өскен, бүгінде Семей облыстық атқару комитетінің председателі Екейбай Қашағанов, республикамызға аты әйгілі тұңғыш балет шебері Алмас Бекбосынов тағы басқалар осы ауылдан түлеп ұшқан түлектер. Совет Одағының Батыры, атақты 28-панфиловшылардың бірі Н.Н. Белашовтың есімін де жерлестері зор мақтаныш тұтады.

Мен тұратын Қордай өңірінің бүгінгі бейнесі, сондай-ақ, осы жерде еңбек етіп жатқан адамдардың ерлік істері міне осындай. Бір кезде алыстағы сағымдай арман болып көрінген шат-шадыман, бақытты өмірді көзбен көріп отырмын. Мерейлерің үстем бола берсін, қастерлі жерлестерім!

Кенен Әзірбаев,
халық ақыны, 1970 ж.

Қосымша: Сәл шегініс жасар болсақ, сонау 1970 жылы ақын тамсана әңгімелеген кезден бері де жарты ғасыр уақыт өтіпті. Содан төрт жылдан соң ақын өзінің 90 жылдық мерейтойын туған халқымен бірге тойлап, тоқсан екі жасында бұл дүниеден баз кешті. Туған елінің нағыз бақытты шағын, тәуелсіз елге айналып, бүкіл әлемге жар салғанын көре алмай кетті. Кенен атамыз армандаған сол ізгі ниет, ізгіліктің шарапатын ұрпағы көріп шаттануда. 2020 жыл. (кітап авторы)

Шаймұхамбет Алқамбаев

КЕНЕННІҢ АҚЫН ІНІСІ

...Алты ауданның серкесі қайран, Шөкем!
Қай майданда жүр екен сайрап, Шөкем!
Бозбаланың еркесі аусар, Шөкем!
Жарқ-жұрқ етіп алдымнан шығар ма екен?
Кенен.

Шілденің ыстық күні. Вагондары маржандай тізілген Алматы-Москва поезы шығыстан батысқа қарай заулап келеді. Жолжөнекей кішігірім аялдамаларға тоқтамай ағып өтеді. Тек жол күтушілер ғана қолындағы жалаушаларын бұлғап, рельстер берік, жол ашық дегендей қалып жатыр. Маңдайдан аққан тері самайға сорғалап, жолаушылар беті-мойындарын сүртіп әлек. Солардың ішінде кең жауырынды, маңдайы жазық, құс мұрынды, бойы сұңғақ кісіге көз тоқтатуға болар еді. Шілденің ыстығынан ба, әлде алда болатын қарсы алу елесінен бе, әйтеуір жүзі бал-бұл тартады. Ашық терезеден кең далаға көз тастап келе жатқан ол оқыс бұрылып, купеге бет алды. Поезд Отар станциясын артқа тастап Шуға жетіп қалған екен. Әлгі адам қолына домбырасын алып, қағып-қағып жіберіп, желдірмелетіп ән салды.

Красногор, Қордай, Шу аудандарынан облысаралық ақындар слетіне келе жатқан беті еді бұлардың. Міне, жүрдек пойыз бар даусымен ышқына гудогін беріп Қызылорда қаласына келіп тоқтады. Делегат ақындардың пойыздан түскені сол-ақ екен, облыстық комиссия адамдары оларды жылы шыраймен қарсы алып, мейманғанаға орналастырды. Қордай ауданынан Есдәулет,

Байғабет, Сейфолла сияқты ақындар бар. Ақын-әншілер делегациясын халық ақыны Кенен Әзірбаев басқарып келді. Солардың арасында әлгінде желдірмеге салып өлеңдетіп келген жігітке де мынадай жазуы бар шақыру куәлігі тиген еді. Онда:

«Куәлік. Осыны ұсынушы Сейітов Шолпанқұл Қызылорда қаласында шақырылған халық ақындары мен әншілерінің облысаралақ слетіне Жамбыл облысынан келген делегат. Комиссия. 20 июнь, 1941 жыл. № 308» деп жазылыпты.

Тап екі күннен соң соғыс басталарын кім білген. Таңертеңгі мезгіл болатын. «Соғыс» деген суық хабар елді дүр сілкіндірді. «Фашистік Германия опасыздықпен соғыс ашыпты» деген сөз әркімнің жүрегін сыздатып, көкірегін кекке толтырды. Слет тарады. Жиналған ақын-әншілердің бір сәт салы суға кеткендей болды. Осы кезде көпті көрген арқалы ақын Кенен он жасынан серік болған домбырасының бұрауын қатты етіп бұрап, топ алдына шықты. Тізе бүкпей, тік тұрған қалпы «Біздің Отан жеңеді» деп әнмен ұран тастады. Сол мезетте туған бұл әні көпшіліктің бойына қуат беріп, көңілін көтеріп, бойларын басқан зілді жеңілдеткендей болды.

Көп кешікпей көппен бірге ақынның дарынды шәкірті Шолпанқұл да майданға аттанып еді. Ауыл аймаққа қадірлі, сүйікті ақын інісін шығарып салып тұрып Кенекең:

«Қош аман бол, Шолпанқұл бұлбұл інім,
Аттан озған тайында дүлдүл інім,
Жауды жеңіп жарқылдап аман келгің,
Мінезіңді сағынармын күлдіргі інім» деп жырымен қош айтысқаны жұрттың әлі есінде. Арада жылжып талай айлар өтеді. Сол кездегі үш бұрышты солдат хаты сонау Семей облысынан самғап Кенекеңе жетеді. Шолпанқұл өз хатында бейбіт кездегі қалам мен домбырасын айбынды қаруға айырбастап, мығым жауынгер қатарында майданға аттанып бара жатқанын айтып, ұстазына өлеңмен сәлем жолдаған екен:

«Көркемжаның аманба, аға Кенен?,
Көреді бірін-бірі жаны өлмеген.
Ардақты жиен жеңгем, жан Нәсиха,
Әпкеме Сақыпбала, дұғай сәлем.
Отанның жауын құртып есен-аман,
Ілесіп Қыдырбекпен бірге келем».

Кенен шәкіртінің хатына жауап ретінде өзінің «Сағындым-ау, Шолпанқұл!» деген атақты әнін шығарады:

«Сағындым-ау, Шолпанқұл сарғайдым-ау!,
Жылдағыдай емеспін, қартайдым-ау.
Тасқа шапқан қырандай топшым сынып,
Төр алдында қозғалмай жантайдым-ау!...» деп әуелете жырлайды. Бұл ән ел ішіне тез таралып, әркімнің аузында айтылып жүрді. Өйткені, бұл жалғыз Кенекең мен Шолпанқұлдың ғана емес, бүкіл халықтың басына түскен ауыр қайғысы, жүрекжарды сағынышы еді. Қан майданның алдыңғы шебінде жүріп еліне жазған өлең-хаттары жауынгер ақынның жүрегінен туған сағыныш сәлемі самғай ұшып келіп жататын:

«Сәлем де Үмбетәлі, Қашағанға,
Тағдырдан артық адам жасаған ба?
Ұлдарың қан майданнан аман келіп,
Ұлы той болып қалар босағаңда...».

Ауылда ерлердің орнын әйелдер басып, күндіз-түні ерлерше еңбек еткен қыз-келіншектер майданға не керектің бәрін жіберіп жатты. Сол жылдары колхозда басшы қызметте жүрген құрбысы Өзгетайға былай деп сәлем жолдайды:

«Өзгетай, сәлем жаздым сізге арнап,
Қадірмен құрбым едің туған саңлақ.
Тамаша әзіліңді сағынған соң,
Жібердім біраз өлең шын бағалап.
Ауылдың ел-жұртына бізден сәлем,
Керегін армияның берсін қамдап...».

Қордай алқабының тамаша табиғатын, жер-суын жырына үнемі арқау еткен Шолпанқұл ақынның өлең-жырлары ел аузында әлі күнге ұмытылмай айтылып жүр. Кененнің дарынды шәкірті, жауынгер ақын Шолпанқұл майданнан қайтып оралған жоқ. Оның батырлыққа толы қазасын ел-жұрты аза тұтты. Оның есімін ардақтап, артында қалдырған асыл мұрасы өлең-жырларын жадында сақтап, құрмет тұтады.

Шолпанқұл Сейітов 1900 жылы Қордай болысының, «Ораз» (ру атауы) ауылы Иірсу өзенінің бойында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Әкесі Сейіт малға жарлы болса да, сөзге бай, сауықшыл, ептеп өлең айтатын, еті тірі кісі болыпты. Шолпанқұлдың шыққан тегі Ораз руы жөнінде жергілікті халық

аузында сақталып қалған мынадай аңыз бар. «Ерте-ерте заманда, өлең патшасы Екейге қонып, Оразға түстенген екен» дейді. Міне, сол айтқандай Екейден Сүйінбай, Жамбылдар шықса, Ораздан – атақты Сарбас, Кенебай, Қойшыман, Мұқаметжан, Істөлеу, Кенен, әйелден Әлмен секілді ақындар шығыпты. Кененнің сүйікті шәкірті Шолпанқұл да осы топқа қосылады.

Шолпанқұл жас кезінен-ақ талаптанып, ересектер мектебінде оқып сауатын ашқан. Ат жалын тартып мінген кезінен бастап-ақ «колхоз» құрылысын ұйымдастыруға белсене қатысып, аудандық сауда саласында жауапты қызметтер атқарған. Ауылдық кеңестің төрағасы, аудандық атқару комитеті бөлімінің меңерушісі, ауылдық партия ұйымының хатшысы болған адам. Шөкең өз уақытының тіршілік тынысын жақсы түсінген, тамаша үгітші еді. Оның жүректен шыққан жалынды өлеңдерін жұрт ұйып тыңдайтын.

1939 жылы Алматы облыстық халық өнерпаздарының үшінші олимпиадасына қатысып бірінші орынға ие болады. 1940 жылы «Тасөткел» каналын салуда мәдениет бригадасын басқарған адам. Оның құрамында Кенен, Есдәулет, Жақсыбай сияқты қадірменді ақын ағалары болған еді. Соған арнап шығарған «Тасөткел» деген өлеңінде:

«Тасөткел» деген каналым,
Түзеліп тұр заманым.
Еңбек сүйгіш ер-әйел,
Қызып тұр сенің табаның.
Еншіме тидің Көктерек,
Мінген атым Көксерек.
Кетпен-күрек қолында,
Қайрат күшің бойыңда...» деп «Көктерек» ауданының атынан айтысқа түскен екен. Осы жолы Сұлутөрден Кенен, Қордайдан Жақсыбай, Шудан Есдәулет болып канал құрылысшыларының ерлік ісін шабыттана мадақтап жырға қосады. Осындай ерен еңбегі үшін Шолпанқұл Сейітовке Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасы берілді.

Ол өте кішіпейіл, ақжарқын жан еді. Әрдайым тыңдаушысын өзіне баурап әкететін. Оның әдемі, майда қоңыр, ашық даусы Қордайдың биігінде әуелеп тұрғандай. Кенен сынды ардақты ақынның шәкірті әрі інісі Шолпанқұлдың асқақ бейнесі осындай еді.Соғыстың қарасы өшкелі ширек ғасырдай уақыт өтті. Бүгінде

туған елі Шолпанқұл Сейітов сынды ардагер ұлдарын еске түсіреді. Белгісіз солдат қабіріне бас иеді. Олардың ерлікке толы жарқын бейнесі халық жүрегінде мәңгі сақталмақ.

ақынның ауылдасы,
«Қордай шамшырағы» г-ті, 1958 ж.

Сәбит Мұқанов,
Сәуірбек Бақбергенов

АЗАМАТ, АҚЫН, ӘНШІ

Мәтібұлақ! Бұл – ешбір картаға түспеген жер. Қордай тауының солтүстік шығысқа қарай тартылған сілемі аласарып келеді де, соңғы жағы қоңыр жота, қара адыр болып кетеді. Осының суы мол, мөлдір бұлағы бар бір жырасы Мәтібұлақ деп аталады. Бұл малшылардың ерте көктемде олай-бұлай көшіп-қонып өтетінін айтпағанда, пайдасыз жатқан байтақ жер болатын. 1954 жылы осы дала кенет оянды. Отар станциясынан түсірілген комбайн, трактор, автомашиналар Мәтібұлақтың қара жонына қарай ағылып кетіп жатты. Мал тұяғынан басқа ешнәрсе тимеген қара адырдың қыртысы төңкеріле бастады.

Бұл жерде «Рославль» астық совхозы орнады. Нақ Мәтібұлақтың басына совхоздың орталығы орнығып, әдемі ағаш үйлер салынды. Кешке қарай жонды нұрландырып электр сәулесі жарқырайтын болды. Сонау бір кезде қойшы баланың зарлы әні шыққан жерден трактордың гүрілі естіліп тұрды.

Міне, нақ осы кезде кәрілік пен ауру қабаттаса келген қарт Кенен Отар станциясындағы жатаған үйінде бүк түсіп жататын. Әкесі Әзірбайдың бір жағын жерден қазған баяғы бір ескі үйінің орнына, Кененнің туып өскен жеріне жаңа совхоз қоныс теуіпті дегенді естіп, ақын құлағы елеңдей түсетін. Кейде ол сырқаттығын ұмытып «енді осы бір қызықты көрсем-ау» деген тәтті ойларға кететін.

Тың жерге орнаған жаңа совхоз жыл сайын мол астық беретін болды. Оған қанаттас басқа да астық совхоздары орнады. Көңілінің бір сергек кезінде Кенен машинаға отырып, туған жерін аралап кетті. Туған жердің жаңа көркін, жайқалған мол астығын, жайнаған жастарын, жаңа үйлерін көргенде, таза ауасын жұтқанда бүкшиген

белі жазылып, көкірегі саф ауаға толып, тынысы кеңіп сала берді.

– Ту, қалғып кеткен екенмін-ау! деп ол жан-жағына қуана, шынында да мызғып кетіп, аз ұйқыдан оқыс оянған жандай төңірекке тамсана қарайды. Сол кездегі ақынның бойы бұрынғыдай сұңғақ, жүзі нұрлы, көзі отты еді. Әппақ күмістей ақ сақалын Қордайдан асып жеткен самал жел желкілдетіп, қырдың әсем селеуіндей желпілдетіп тұрды. Ол сонау бір қойшы бала кезін, одан ақындық, әншілік, жігіттік кезін, халық адамы болып көптің ыстық құшағына оранған қызғын шағын есіне түсіріп, осы тұрысында қанатты әнге шырқап жібергісі келіп тұрғандай еді.

Осы жәйдан соң шабытына қайта енген ақын сырқатынан тез айықты. Бес жылдан аса еңсені басқан науқасын сілкіп тастап, ол өзінің туған ауылы – Киров атындағы колхозға көшіп барды. Бұл жерде үкімет оған 50 мың сомға жаңа үй салып берді. Қарт мінетін жуас та емес, ойнап тұрған құлақасқаға жігітше мініп, Қордай төңірегін бұрынғыша кезіп кететін болды. Әнді де бұрынғысынша салып, сүйген халқының көкейіндегі лебізін айтты. Азамат ақын, асқақ әнші, атақты Кененге қайтадан қанат біткендей болды. Ол Қордайдан асып, баяғы жас кезіндей самғады. Биыл қыста көркем өнерпаздардың облыстық байқауында Кенен бастаған қордайлықтар үздік орын алды. Бұл ғана емес, халықпен бұрынғыша етене араласып, тамаша әндерін шығарып, оны өзі орындайтын еді.

– Ел іші алтын бесік екен. Ол сені әлдилейді. Қалғып кетуге мүмкіндік бермейді. Сен үнемі ояу, сергек, көңілді жүресің. Халықтың дауысы, оның сені тыңдауға деген ынтасы бойға қуат, жүрекке шабыт береді, – дейді ол.

Мұндай сөзді өмір бойы халық арасында болып, онымен біте қайнаған адам айта алады. Кененнің өзі осындай адам. Оны жалшылықтан құтқарып, өзінің сүйікті әншісі, ардақты ақыны еткен де халық. Демек ол барлық бітісімен, жаратылысымен халықтың адамы. Ол-халықтың Балуан Шолақ пен Біржан, Жамбыл мен Шашубай сияқты халық құрметтеген, сүйген адамы.

...Кенен халықпен араласқан сайын жаңа әндер, жаңа өлеңдер туғызады. Оның туған халқына деген, халықтың Кененге деген махаббаты, оның өлеңі мен әні секілді ешбір ажыратып алуға келмейді. Кененнің көптеген әндері пластинкаға жазылды. Осы арқылы әншінің өзін көрмегендер әндерін білетін болды.

Ол Отанымыздың астанасы Моквада әлденеше рет ән салды, сонау Грузияға Жамбылмен бірге барды. Бұл ғана емес, Балуан Шолақтың атақты он екі әні Жетісу өлкесіне Кененнің аузынан тарады. Кенен оның өзін көріп, бірге жүрді. Айта берсек, Кененнің ақындығы мен әншілігі бүкіл қазақ жұртына қандай танылса, туысқан қырғыз халқына да сондай әйгілі. Мұнымен қатар өлең мен ән өнерін бірдей алып келе жатқан, екінші сөзбен айтқанда, Біржан мен Ақан, Балуан Шолақ пен Шашубай дәстүрін берік сақтаған халық саңлақтарының бірі осы Кенен.

...Осылардың бәрін қысқаша шолып, асығыс жазып отырғанда ғажап тұлғалы Антей сияқты осы адамның өткен өмірі еске түседі. Ол революцияға дейін халық қайғысының, революциядан кейін халық қуанышының жыршысы болды. Кенен әндері мен өлеңдері бір дененің екі мүшесі сияқты, оны ажыратуға келмейді. Сондай-ақ, Кененнің өзін де халықтан бөліп алуға болмайды. Екіншіден, сонау алыс жылдардан бастап әрбір үлкенді-кішілі, ұлылы-уақ халық өмірінің, ел жағдайының, ұлы белес, асулардың Кененнің әні мен өлеңінен тыс қалғаны, оған сәулесін түсірмегені жоқ деуге болады.

Сонау бір кезде осы аймақта шыққан қойшы баланың зарлы үні бүкіл елге жайылып, жалшы біткеннің атынан айтылған арыз сияқты, тіпті солардың гимні тәрізді естілген еді:

«Бозторғай шырылдайсың жерге түспей,
Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолға ұстап,
Сандалып қой артында азар кешке».

Жасынан жетім қалып, әркімнің қойын баққан ұзын бойлы, қара сирақ бала осылай деп ащы даусын шығарды. Оны жоқшылықтан қазан төңкерісі босатты. Бұрынғы «Бозторғай», «Көкшолақ», «Ри, қойым» әндерінің орнына, «Жас екпін», «Нұрлы жаз», «Колхоз әні», «Бал құйылды даладан», «Жеңіс жылғы шаттық ән», «Елімнің ерке жастары» деген шаттыққа толы әндері, желдірме-толғаулары пайда болды. Ол өзі туған ауылдың көркін тамашалап:

«Тамаша шат тұрмыста өмір қандай!,
Жайнаған гүл бақшада елім қандай!.
Аянбай еңбек еткен ерлер ісі,
Қалайша бақыт болып тұрсын жанбай».

Міне бүгін осы тамаша ақын 75 жасқа шықты. Демек ол, туған жердің жетпіс бес көктемін көрді. Рахаттан ызғары көп, қуанышынан мұңы басым сұрғылт көктемдердің орнын шаттыққа толы бақыт көктемі кернеді. Ол мұны да көрді, ол мұны да жырлады. Әрі ақын, әрі әнші қарттың жүрегін толғаған бүгінгі ауылдың ішінде, ақынның өзі туып-өскен аймақтың салтанатты, мәдениетті көркі де бар-ды.

Бұл күндері Кенен Әзірбаевтың атына келіп жатқан хаттардың есебі жоқ. Олардың көбін ақынның құрбы-құрдастары, тұздас-дәмдес болған, әнін тыңдаған адамдар, жас әнші-ақындар жазыпты. Бұл хаттардың ішінде Қырғызстанның қалалары мен селоларынан келген хаттар да көп.

Кенен колхозшылар алдында өлең айтып, әндерін шырқап, мектеп оқушыларымен кездесіп, оларға өзінің өткен өмірінен мысалдар келтіріп, аталық өсиет, нақыл сөздерін айтудан еш жалыққан емес. Өз ауылында Кененнің бұрынғы да, кейінгі де әндерін асқақтата шырқайтын жас өнерпаздар көптеп өсіп келеді. Кенекеңнің соңғы жаңа әні «Жетпіс бес» деп аталады. Өзінің 75 жылдық мерейтойына арнаған әні мынадай сөздермен басталады:

«Бағалады партия алып еске,
Қос орденді қадады кәрі төске.
Туған елді аралап ән сап жүріп,
Келгенімді білмеппін жетпіс беске.
Сайра тілім,
Шырқа үнім,
Сайрамасқа қоярма,
Ардақты елім!».

...Колхоздың орта тұсында орналасқан еңсесі биік, қызыл шатырлы ақ үйден күмбірлеген домбыраның үнімен қоса, майда қоңыр әсем ән естіледі. Бұл – Кененнің даусы. Бәріміз әнге құлақ түріп, тыңдап қалыппыз. Ән әлі саябырсыған жоқ.

«Соц. Қазақстан» г-ті, 20 июнь, 1959 ж.

Рахымалы Байжарасов

ХАЛЫҚ ДАРЫНЫНЫҢ ӨКІЛІ

Барша халықтың тарихындағы сияқты өзінің ерте заманғы даму. өркендеу сатысына сәйкес, қазақ халқының да жан азығы, рухани сусыны – Абай негізін қалаған жазба әдебиетімен қатар, мол ауыз әдебиеті мен ән-күй өнерінің таланттары бар. Біз олардың ән-күйінен халқымыздың қоғамдық өмірін, еңбек ырғағының тұңғиық терең сырларын, өткен заманда әділетсіздікке, озбырлыққа қарсы бұлқынған құрсау үзерлік ерліктің, сергек ойдың үнін естиміз.

Осындай өнерпаздардың бірі – Халық ақыны Қазақ ССР өнеріне еңбек сіңірген қайраткер, халық композиторы, орденді Кенен Әзірбаев. Оның жастық шағы патша өкіметі тұсында өтті. Ол жасынан жоқшылықтың зардабын тартып, бұғанасы қатпаған күйінде оның ауыртпалығын көтерді. Алайда, бойындағы туа біткен дарыны оны осы қапастан алып шықты. Кенен ол кезде Жетісу губерниясына қарасты, көршілес жатқан қазақ және қырғыз халықтарына революциядан бұрын-ақ өзінің әншілік, ақындық өнерімен белгілі еді.

Оның алғашқы әні мен өлеңдері де сол жоқшылық, жалшылық өмірді бейнелеуден басталуы, әрине, түсінікті. Ақын сол күндерін:

«Сол қара тас жатқан жер Мәтібұлақ,
Қозы жайған жерлерім күнде жылап.
Ерте тұрып дірдектеп мен жүргенде,
Шешесі бар балалар жатыр сұлап» деп жырлады.

Ол 16 жасында көк шолағына мініп, «қаудыр тон, киіз етік, шоқпыт бөрік» киіп тойға барған жолы, қалың топтың ортасында, ай-шайға қарамастан әнге басып, өлеңдетіп қоя береді. Оның сол кездегі әншілік өнерінің тұңғыш туындылары жұртшылыққа кеңінен мәлім, ел сүйсіне тыңдайтын «Бозторғай» мен «Көкшолақ». Сөйтіп, Кенен өзін халқына жоқшылықтың, кедейшіліктің жыршысы ретінде танытты...

Кенен Әзірбаевтың өмірі мен творчествосын сөз еткенде оның Жамбылдан алған әсеріне ерекше тоқтамасқа болмайды. Ол Жамбылдан үш мүшелік кіші. Кенен тойға барып алғаш өлең айтқан кезде Жәкең елулерде болатын. Ол кезде Жамбыл

Жоңғар, Теріскей және Күнгей Алатауларын, Қаратау өңірін, көршілес қырғыз елін тегіс аралап, көптеген ақындармен кездескен, айтысқандарын жеңген өлең-жырдың белгілі даңғылы еді. Сондықтан да Жетісу өлкесінде ақындық өнерге талаптанған жастардың Жамбылдан үйренбегені, оған еліктемегені жоқ. Жас әнші Кенен де өзінің алғашқы қадамын халық поэзиясының алыбы Жамбылға еліктеуден, оның творчествосындағы халықтық сарынды түйіндеуден бастады.

Кенен оның шәкірттерінің ішінде ең дарынды, әрі таланттысы болды. Көп ұзамай-ақ өзіне ғана тән әншілік, ақындық қасиеттерін көрсеткен тәрізді. Оған дәлел, революциядан бұрынғы дәуірдің өзінде-ақ Жетісу жұртшылығы бұл екі өнерпаздың творчествосына баға бере отырып: «Жамбылды шаң тигізбес – дүлдүл, Кененді әсем әуезді – бұлбұл» атаған.

Міне, содан бері Кенен өнерімен халқына армай-талмай қызмет етуде. Оның творчествосы халқымыздың ұлттық өнерінің қазынасына келелі үлес қосып келеді. Кененнің өнерпаздық шабыты, биікке құлаш сермей, жаңа үнмен естіле бастады. Кешегі «Көкшолақтың» авторы ендігі жерде өрісте малы, қырда егіні шалқыған, татулық, достық туы астында өркендеген колхозды елдің шаттық өмірін әнге қосты...

Кенен Әзірбаев тек көркем сөздің шебері ғана емес. Ол үлкен қоғам қайраткері. Өзі туып өскен, ол кезде Түркістан өлкесіне қарасты Жетісу облысы еңбекшілерінің басынан кешірген саясиәлеуметтік оқиғаларға белсене қатысқан күрескерлердің бірі.

1916 жылы Жетісудағы халық-азаттық қозғалысының лап ете түскен алғашқы күрес ошағы осы Кененнің туған жерінде болды...Кенен Әзірбаев осы көтерілістің бас аяғына дейін қатысып, патша өкіметінің жазалау отрядына қарсы соғысты. Кейіннен өзі ішінде болып, көзбен көрген азаттық жолындағы халық ерлігін «Әли батыр» атты дастанында жырлады. Оқиғалардың әрбір деталін көзге елестете отырып, оны шындық тұрғыдан бейнелеп, тарихи із қалдыруға ұмтылған ақынның бұл дастанын 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы тақырыбына жазылған шығармалар ішіндегі татымдысы да, тартымдысы да деуге болады. Дастанда қозғалыстың негізгі күші – халық. Осы шығарманың барысында ауылдың тапқа жіктелуі, байлардың, болыстардың опасыздығы, жазалау отрядтарының қатыгездігі, елдің басына түскен күйзеліс

жан-жақты ашып көрсетіледі. Халық өкілі Әлидің ерлік тұлғасы нанымды суреттелген. Шығарманың осындай шыншыл, тартымды болуының түйінін ақынның өзі айтып кетеді:

«Оқиға көзбен көрген, қолмен ұстап,
Жыр еттім шын өмірді, алсын деп нәр...» дейтін көкейге қонымды, шындық пікірінен ұғуға болады.

1916 жылдың оқиғасы Кененнің сана-сезімінің оянуына, оң мен солын тануына зор әсер етті. Егер бұрынғы өлеңдерінде ол өзінің кедейлігіне мұң шағып, сол жоқшылықтың неден екенін байымдап жатпаса, тіпті өзінің осындай мүшкіл хәлін «Мені құртқан көк шолақ» деп астындағы қыршаңқы атынан көрсе, ендігі жерде ақын «әділдік, аяушылық, теңдік дегеннің бәрі өктем таптың қолында екен ғой» деген қорытындыға келеді. Кеше қазақ даласын қанға бояған патша өкіметіне деген, көтеріліс кезінде опасыздық көрсеткен би-болыстар мен бай-манаптарға деген ақынның өшпенділігі үдеп, «кекті түгі» сыртына шығады. Кенен осы күндерден бастап халық азаттығы жолындағы жалынды күрескерлердің біріне айналады. Сондықтан да ақын осы оқиғадан соң бір жылдан кейін болған қазан революциясын естігенде оны бірден құптап:

«Жер мен көкті сілкіntіп,
Он жетінші жыл келді.
Бостандық таңы арайлап,
Теңдік деген үн келді.
Әлемге жайып шұғыласын,
Лениндей күн келді,
Еркіндіктің толқынын,
Ту астынан ел көрді» деп құттықтау жырын арнады. Осы кезде облыстық партия ұйымының алдында Жетісу ақындарының болашақ өміріне әсер еткен, өте маңызды бір іс тұрды. Ол халық арасына рухани азық таратушы ақындарды большевиктер партиясының маңына топтастыру еді. Осы мақсатпен 1919 жылдың жазында Жетісу облысындағы ақындар Алматыға слетке шақырылды. Бұл слетке Жамбыл бастаған 19 ақын қатысты. Оған Кенен де келді. Бір айға созылған слет, бір жағынан ақындар үшін саяси оқуға айналған еді...Міне осы слеттен оралған соң Жетісу ақындары халық арасында большевиктер партясының идеяларын таратушы болды. Кенен Алматыдан қайта

оралысымен тек домбырамен үгіт-насихат жүргізуді місе тұтпай, ауылда совет органдарын құру ісіне белсене араласып кетті. Ол қазан революцияның негізгі қағидасы – тап жігін саралай отырып байларға қарсы кедей жалшылардан революциялық комитеттер құруға ат салысты. Бұдан соң өзінің туған елі Қордай болыстық революциялық комитетінің председателі болып тағайындалды. Сөйтіп, Кененнің жаңа дәуірдегі алғашқы он жыл өмірі ауылда жүргізіліп жатқан түрлі іс-шараларға араласумен өтті. Бірақ бұл кезде де қолынан домбырасын тастаған жоқ.

Кенен Қазақстан жұртшылығына 30- жылдардан таныла бастады. Алматы астана болып, республикамыздың саяси және мәдени орталығына айналуына байланысты, Кенен де біржола өнерге беріліп, ән салумен, ақындықпен шұғылдануға кірісті. 1936 жылы қазақ өнері мен әдебиетінің Москвада болған онкүндігіне қатысқан сәттен бастап, өзінің творчествосымен бүкіл елімізге әйгілі бола бастады. Өнерпаздың бұдан кейінгі творчестволық өмір жолы жұртшылыққа кеңінен мәлім.

Кененнің өмірі мен творчествосындағы бір ерекшелік: оның шығармаларынан көршілес қос халықтың – қазақ пен қырғыздың азаттық жолындағы күресінің ізін көреміз, сол екі елдің үнін естиміз. Оның творчествосы ежелден көршілес, ниеттес, жекжат қырғыз бен қазақтың мол ауыз әдебиетінен, ән-күй мұраларынан нәр алып, сол халықтардың сарқылмас мәдени қазынасының көне дәстүрлері негізінде дамыған. Олай болса Кенен тек қазақ халқының ғана емес, сондай-ақ туысымыз қырғызға да ортақ ән-жыршы...Мысалы, қырғыздың атақты ақыны Тоқтоғұлдың азаттық, бостандық жолындағы ерлік күресі, оның қаһармандыққа толы өлең-жырлары қазақ жұртшылығына да кеңінен таныс. Кенен де өзінің творчесвосымен осы екі халық арасындағы достықтың ірге тасын қаласты. Ол халықтар достығы сәулетінің шебер жыршысы бола алды.

К. Әзірбаевтың қазірге дейін айтылып жүрген әндері мен өлең-жырлары, дастандары халықтың сарқылмас мол қазынасынан сусындап, оны терең білетінін аңғартады. Мүмкін, оның талай еңбектері әлі күнге хатқа түспеген де болар. Тіпті кезінде айтылып, ұмытылып кеткендері де бар шығар. Олай дейтініміз: **«Кенен Әзірбаев. Өлеңдері мен дастандары және ән текстері»** деген атпен, 1955 жылы «Қазақ көркем әдебиет» баспасы шығарған жинақ

тым шағын. Бұл жинаққа кіргендері оның таңдамалысы болса керек. Сондықтан, Кенен ақынның толық жинағын шығарудың толғағы жеткен сияқты.

Өнерпаздың соңғы жылдары сырқатқа шалдығып, ойдағыдай жұмыс істей алмағаны да мәлім. Бүгінгі таңда қазақ өнерінің ақсақалы сырқатынан құлан таза айығып, тұғырына қайта отырды. Алты жыл үзілістен кейін, өзінің алғашқы туындысын «Мен сүйемін халқымды» деген жаңа әнімен бастап отыр. Өткен күзде Москвада өткен қазақ мәдениетінің онкүндігіне байланысты екінші рет орден алған қарт композитор, өзінің туған халқына деген жүрек жарды алғысын «Жетпіс бес» атты тамаша әнімен жеткізді.

К. Әзірбаевтың жасы жетпіс беске келгеніне қарамастан әлі де тың, қуаты мол, берері көп ақын. Өзінің ән-жырларында көксеген, арман етіп жырлаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманның куәгері. Міне осының бәрі патриот өнерпазға жаңа шабыт, жаңа дем бермек.

«Соц. Қазақстан» г-ті, 19 июнь, 1959 ж.

Нақысбек Оразбеков

КЕНЕННІҢ БАЛУАН ШОЛАҚПЕН КЕЗДЕСУІ

Байболат мырза Еркебай мен Кененге шақырушы жіберді. Арқадан жиенім Балуан Шолақ келді. Сонау Көкшетаудан іздеп келді деп үлкен той жасады. Тойға Кененді арнайы шақырды. Балуан Шолақтың түбі шымыр. Оның ішінде Көкірек-Сәмбет. Осы екі ата да Шу бойын мекендейді. Шудың бойын қуалай түсіп созылып жатқан қоңыр бұйрат Байғара, Хан, Жамбыл тауларының қоңыр қойнауын жайлап қыс малын қыстатады. Жазы Шу өзенінен суаттанып, салқын өзеннің көкорай шалғынына бауырын төсеп, малын күйлендіріп, егінін салып тіршілігіне тыныс алады. Шымырдың үш-төрт атасы Шу бойын мекендейді. Солардың ішіндегі ең сауықшылы Сәмбет пен Көкірек. Бұлардан ақын да, әнші де көп шыққан. Сәмбеттен Бармақ, Қайрақбай, Жидебай, Сауытбек деген ақындар, Көкіректен мырзасері жігіт Байболат пен Бөктербек балу-

ан шыққан. Кененмен айтысқан Ләтипа ақын да осы Шу бойының адамы.

Байболат асқан бай болған адам. Бай болса да байлығының көзін тауып игілігіне жұмсаған. Сауықшыл өнерпаз адам. Әнге құмар, күйге шебер кісі болған әрі жомарт адам болыпты. Сондықтан да оны халық мырза деп атап кеткен. Кенен мен Шашубайдың әндерін талай рет тыңдап, өнеріне дән риза болған болатын. Шашубайды елімізге келген жампоз деп қатты құрметтеген. Қалың малсыз қызын берген (онан қазір екі баласы бар). Ол кезде қазақ қалың малсыз қызын бермейді. Сүйгеніне де жібермейді. Сүйтіп қызды малдың құлы еткен. Ал, Байболат ол әдетті бұзды. Қарсы істелді, қызын Шашубайға қалың малсыз берді. Сүйгеніне жіберді. Қызына енші бөліп берді. Үй тігіп беріп, отаулап Қордайдағы Ноғайбайдың ауылына көшіріп салды. Шу мен Қордайдағы, Меркі мен Балқаштағы ақындар мен әнші, күйшілер осы Байболаттың үйінде бас қосатын. Байболаттың үйі бейнебір өнер ордасы тәрізді еді. Мол дастарханды, думан-жиынды, берекелі жандар болатын. Келген өнерпаздар дән риза болып қайтып жатады.

Балуан Шолақ Көкшетаудан Жетісуға аттанарда ең алдымен нағашыларын іздеп таппақ болып аттың басын Шу бойына тартты. Балуан жолда келе жатып қайда түсерін ойластырды. Сұрастыра келгенде ақын, әншілері көп, сауықшыл ел – Көкірек, Сәмбет деп тұжырымдаған. Онда Байболат мырзаның бар екенін. Дәл нағашылары Көкірек екенін жақсы білмейтін. Бұрын бұл жақты көрген жоқ. Міне енді сырттай біліп алды. Балуан еш жерге бұрылмастан жолдастарымен Байболаттың үйіне келіп түсті. Байболат Балуан Шолақтың келгеніне қатты қуанды. Туысым, елім-жұртым деп іздеп келді ғой деп үлкен той жасады. Тойда жеті болыс ел бас қосты. Меркіден тартып Қордай, Балқаш, Талас бойындағы елдер түгел шақырылды. Жоғарғы Шу мен Талас бойындағы қырғыздар да келді. Қасқараудан Шашубай мен Еркебай, Кенен барды.

Балуан Шолақтың жанында 5-6 ақын мен әншілері бар екен. Оған тағы да жоғарыда аттары аталған ақын мен әншілері қосылды. Бөктербек те балуан еді, оның да өз әлінше Шолаққа типтес өнері бар әрі балуан, әрі ақын жігіт. Бір елдің бетке ұстары. Бірақ ол Балуан Шолақпен күрескен жоқ, силы адам деп атын қадір тұтты да, оның қошаметінде жүрді. Балуан Шолақ патша әміршілерінен

қысым көріп ұлы жүзге қоныс аударған. Біраз жыл ұлы жүзде жүріп із суытқалы келген.

«Сұрасаң, Нұрмағамбет менің атым,
Шыққан жоқ, әзір елге жаман атым.
Нағашым Жалпақ, Қонай деп айтады,
Болады ұлы жүздік арғы затым.

Балуан Шолақтың (1864-1919) әкесі Баймырзаның шешесі ұлы жүз, үйсіннің қызы болған. Әкесі Баймырза өлгеннен кейін нағыз нағашылары кімдер екенін ажырата алмай қалды. Қоныстары Шу бойында екенін есіне сақтаған. Шу бойын мекендеген Көкірек, Сәмбеттер екені (Шымырдың бір баласы) анық. Соған қарағанда Көкірек. Шудағылардың бәрі де Балуанды жиен деп құрметтейді. Аса зор сый көрсетеді.

Балуан Шуға келгенде (1909) Қордайда Кенен деген тамаша әнші бар деп естиді. Қасына ерген Бармақ пен Қайрақбай Кененді сыртынан түсіндірді. Оның күмісше сылдараған сұлу дауысы мен тоқсан екі бұралған сазды әніне сырттай ғашық етіп қойды. Ал, Кенен болса Балуанның қос өнерін көруге құмартады. Екеуі де атына сырттай қанық. Екі саңлақ Байболат мырзаның ақ ордасында бірінші рет кездесті. Кездескенде де торқалы той үстінде, кең дастархан үстінде танысты.

Күн шаңқаған ыстық. Көкшалғынды иірім түбектерде ақшағаладай киіз үйлер дөңгеленіп тұр. Биік еңселі 8 қанатты ақ үйлердің іші адамға толып отыр. Ақын да, әнші де игі жақсы адамдар осы үйде иін тіреседі. Өзен иірімінің бойында жыбырлаған ақбоз үйлердің алды адамға толы. Үйге біреу кіріп, біреу шығады. Кенен мен Балуан Байболаттың ақбоз үйінде. Қос саңлақты көреміз деген халық киіз үйдің туырлығын тіліп, жабығынан сығалайды. Босағасын түріп қойып керегеден көз жіберседе көзі көріп тоймайды. Елдер үйді жапырып бара жатқаннан кейін үйдегілер далаға шықты. Балуан Шолақ спорт ойнын далада көрсетпек болды. Балуан ойын көрсететін жерге келгенше халық иін тіресіп алдына отырып алды.

Алдындағылары көкмайсаға малдасын құрып отырды да, арттағылары түрегеп тұр. Ортадан төрт қанат үйдің орнындай ашық жер қалдырды да ел айнала отырып алды. Балуан көйлекшең ортаға шықты да шалқасынан сұлай жатты. Бөктербек дәу қой тасты бір өзі көтеріп әкелді де балуанның кеудесіне жапсыра қойды.

Жұрт дәу қой тасты көргенде көздері бақырайып шығып кете жаздады. Бөктербектің бір өзі діңкілдетіп көтеріп келгеніне таң қалды. Тас балуанның кеудесіне қойылғанда онан әрі таңданып бастарын шайқасты.

Бөктербек балуан ұсталардың қол көтергісіз ауыр балғасымен қой тасты соққылай берді. Мұны көрген елдің есі шықты. Балғаны гүрс-гүрс соққан сайын Кененнің денесі дүр-дүр етіп, көзі бадырайып қорқып отыр. Жұрт таңданып бастарын шайқайды. Мынау сұмдық екен, мынау өлтіреді ғой, неше балуан болса да мынаған кім шыдайды. Мұндай сұмдықты кім көрген. Тірі қалса жарар еді дейді Кенен ішінен таңданып. Бұл не қылған ғаламат деп таңданып отырған Кененнің ойына Балуан Шолақтың мына бір өлеңі түсті.

«Бұл күнде отыз бесте менің жасым,
Сындырдым Карон балуан қабырғасын.
Кешегі сентябрьдің базарында
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын».

Балуанның осы өлеңі есіне түскеннен кейін барып Кененнің жүрегі басылды. Бір қой тас емес, онан да зорын көтерген азамат емес пе, бірақ, мына ұрғызғаны жаман екен. Көтеру басқа да оны үстіне ұрғызып сындыру оңай емес. Адамның өліп кетуі де мүмкін деп көңіліне реніш алды да, неге өлсін өлетін болса неге жатады, деп өзіне-өзі тоқтау салды. Балғаны соққан сайын тастан жарқ-жұрқ ұшқын шашырайды. Жарықшақ көзімізге тиіп, көзімді шығарып кетер ме екен деп жақын отырған адамдар сескеніп басын қорғайды. Кейбіреуі бастарын қолымен көлегейлеп бұғып барады. Біреулер сескеніп жантая қарайды. Балға соғылған сайын әркім бір селк ете қалады. Тасты Бөктербек ары соқты бері соқты, екі бөлді. Бөлінген тасты екі жаққа лақтырып тастап, төртбақ келген жұмыр денелі балуан қарғып тұрды. Ел бәрекелді, күшіңе болайын деп ризашылық білдіріп қол соғып жатыр. Біреулер туысыңа болайын деп айқайлап жатыр. Жиен жан рақмет, біз риза, құдай риза, дабысыңды естіп едік, көзіміз көрді, бұған да шүкіршілік дейді біреулер.

Халық қаптап жол бермейді. Иін тіресіп бірін-бірі кимелеп тұр. Тағы не көрсетер екен деп әлде нелерді күтеді. Бәрінен де көзі Балуанда. Бір-бірімен сыбырласып ғана сөйлеседі. Балуанмен Кененнің сазды әндерін тыңдағысы келеді. Айтса екен деген тілек

бар. Тәртіп сақтайды, үндемейді. Әсем ән мен тәтті күйді іштен тұнып асыға күтеді.

Еркебай мен Кенен келгенде Байболат Балуан отырған үйге түсірген. Байболат мырза Кененді қуана қарсы алып, Балуан Шолақпен таныстырды. Балуан кішіпейілділікпен ілтипат ете амандасты. Кенен сәлемдесіп болған соң Балуанның келбетіне көз жүгіртіп шықты. Оның байқауынша жұмыр келген сұлу денесі бар әрі қоңыр түсті келбетті адам. Нағыз шымыр денесі төртбақ келген жауырынды екен. Әдемі сымбатты кісі. Бөркіне үкі таққан. Жаздың күні болғандықтан ба екен. Үстіне киімді ақтан киген. Кемсінер жері қайсы, неге шолақ деді екен, осы жері Кененге жұмбақ болды. Көзінің қиығымен балуан тұлғасын шолып отырған Кененнің ойына ілгеріде естіген Балуанның мына бір өлеңі орала кетті де:

«Баласы Баймырзаның Балуан Шолақ,

Оң қолым отқа күйіп болды молақ...»,

деген еді. Отқа күйгені қайсы екен деп балуанның қолдарына көз жүгіртіп еді, оң қолының шынашағы мен аты жоқ саусағы бірігіп бір-біріне жабысып қалыпты. Балуан сөзге айналып отырды да домбыраны қолға алды. Ол домбыраны шерте бастағанда Кенен домбыраға көңіл аударған болып, шертіп отырған молақ қолға көз тастады. Кемдік қылар емес, домбырасын безілдете қағып ән күйіне бұрады. Қағып-қағып жіберді де әнді өзі бастап кетті. «Дікілдек» әнін бастады да, ән аяғына келе бергенде қолды бір сілтеп қалып еді қасында отырған 5-6 әншісі дүр еткізіп көтеріп жіберді. Бір әннен соң бір әнді бастады. Бәрінің де аяғына келгенде ақындары қосылып кетеді. Кейбіреуінің қайырмасын екі рет қайталайды. Бір орында отырып 5-6 әнді бірақ айтып шықты. Енді байқасам дейді Кенен, қазіргі хор етіп айтқан әндеріміз екен. Біз ол кезде оны хор деп түсінгеніміз жоқ, Арқаның сері, салдарының әдеті екен деп қалдық, дейді.

Қоянды жәрмеңкесіне орыс труппалары жиі келіп концерт береді. Көкшетау, Қараөткелді (Ақмола) аралайды. Цирктер келіп ойындар көрсетеді. Қазақтың сал, серілері мен балуан сияқты күштілерін көрсе ондай өнерпаздарды өздеріне қосып алады. Сүйтіп орыс өнерлерін қабылдаған Балуан Шолақ, Шашубай орыс концерттері мен цирк ойындарына да араласып сонан үлгі алған. Оған өздерінше өңдеу енгізіп, қазақтың өміріне сәйкестеген. Киіз үй жағдайына лайықтап (отырып айту әдісі) келтірген. Орыс хоры

ізімен цирктік программа жобасымен репертуар құрған. Балуан Шолақ пен Шашубай меңгерген өнерлер қазақ ауылына келген жаңалықтар болды. Осындай жаңа табыстар қазақ халқының мәдениетіне прогрестік үлкен үлес қосқан.

Балуан Шолақты сол жылдың күзінде Еркебай шақырды. Оған қосылып Шашубай да келді. Шудың ақындары Бармақ, Қайрақбай, Сауытбек, Бөктербек, Жидебай да Балуан Шолақпен ілесіп бірге жүрді. Домбырасын беліне қыстырып Ұзынағаштан Жамбыл да барды. Кіші кеміннен Қырғыз ақындары да келді. Қордай жотасында ұлы жүзбен орта жүз саңлақтары Еркебайдың ақ ордасында бас қосты. Ақындар өлең-жырдан бұлақ ағызып, әншілер аспандағы аққуға ән қосты. Күйшілер тәтті күйді теңіздей толқытты. Шашубай цирктік өнерді, Бөктербек балуандық өнерді көрсетті. Еркебай сыпайыгершілік істеді, балуанға өнеріңізді көрсетсеңіз екен деген тілек білдірмеді. Оны құрметті қонағы ретінде сыйлы адам деп қарады. Балуан ақындарын ілестіріп түні-күні өлең айтып, ән салды. Бірақ балуандық өнерін көрсеткен жоқ. Балуан Шолақты көреміз деп халық өте көп жиналды. Істің алды қонақ шақыру болса, арты тойға айналып кетті. Еркебай құнан өгіздің басын кестіріп, төрт сирағын алдырып тастады да өгізшені анадай жерге тастап қойды. Жігіттер атқа міністі. Жерде жатқан өгізшені іліп алып көкпар етіп тартпақ. Жігіттер атын сабалап көкпарды ілейін дейді. Ала алмайды. Ауыр күші жетпейді. Ер көңілділер еңкейіп сирағын көтеріп көреді. Жиналған жұрт дөңкиіп жатқан өгізшеден көз алмайды.

Балуан Шолақ пен ауылдың игі жақсылары, қәриялары далаға төселген кәлі кілемнің үстінде тамашаға қарап отыр. Бөктербек балуан қызып атқа мінбек болып еді, Еркебай рұқсат етпеді. Небір менмін деген жігіттер ұмтылып жерден өгізді іліп кете алмады. Манадан бері мейман ретінде қарап отырған Балуан Шолақ қызып кетіп: әкелші бері шұбарды, деді. Жігіттерінің бірі балуанның серігі болған шұбар атты көлденең тарта берді. Балуан шапанын тастап, ішкі бешпетінің етегін сымының ішіне жіберіп шалбарланып алды. Шұбар атқа қонды да түйдектеліп, егіз ілісіп жатқан топ жігіттің арасына кіріп барды. Жігіттер жарылып жол берді. Балуан өгізді жерден ілгенде шұбардың белі майысып, маймиып кетті. Өгізді атының жуан беліне салған күйінде Еркебайдың алдына әкеліп тастады. Көкпарды Бөктербек іліп әкетті. «Ә, нағашым со-

лай болу керек еді ғой» деп Балуан Шолақ Бөктербекке риза болды.

Кенен Балуан Шолақтың тобымен Алматыға келді. Балуан Жетісу губернаторына сөйлесіп еліне қайтуға рұқсат қағаз алды. Көкшетауға қайтуға әзірленді. Достары қуанып балуанға сәт сапарын тілеп, ізгі ниеттерін білдірді. Балуанды Сары үйсін Қали Ордабаев (Қазіргі Қазақ ССР Халық артискасы Қалиева Гүлжаһанның әкесі) қонаққа шақырды. Қалидің үйі Іле бойында, Күртінің жағасында еді (қазіргі Балқаш ауданының орталығы Бақанастың жаны). Балуан Шолақты Кенен, Жамбыл, Бармақ, Байболат, Бөктербектер Іленің бойына дейін шығарып салды. Алматыдан кетер алдында Кенен: «балуан аға, қасыңызда біраз күн жүрдік. Алатауға дәм айдап келген шығарсыз, бір нәрсе деп сөз қалдырып кетпейсіз бе», деді. Сонда Балуан Шолақ:

«Алатау біраз жаттым аунап-қунап,
Дертіме шипа болдың жүрген улап.
Көргенше қайта айналып қош-есен бол,
Ұлысы ұлы жүздің Шымыр-Дулат».

Шығарып салып тұрған топ адам бәрекелді балуаным, жолың болсын. Біз ризамыз, қош-қош енді деп, қол алысып, көңілдері босап зорға айырылысып жатыр. Тіпті бірін-бірі қимай, жүректері елжіреп қиылып қарасады. Ажырасу ісі қимастықпен жүрек қақты. Балуан да достарын қия алмай жүрегі елжіреп тұр. Қош достар деп атының басын бұрды.

Кенен Балуан Шолақ ағасын Іледен өткізіп салып қайтпақ. Балуан Шолақ тобымен Қали Ордабаевтың үйіне келді. Қали да күтініп отыр екен. Құшақ жайып қарсы алды. Қали ірі кісі болатын. Бойы ұзын, денесіне құшақ жеткісіз семіз адам еді. Қарны жуан салмағы 180 кг. Отырған отырысы үш-төрт адамның орнын алады. Қалидың 8 қанат ақ үйі аузы-мұрнынан шыға адамға толды. Әңгіме арасында сөзден сөз шықты.

– Сіз, балуансыз ғой, мені осы отырған жерімнен көтеріп аржағыңызға отырғызыңызшы, деді. Сол-ақ екен Балуан Қалиды отырған күйінде «әуп» деп құшақтап алды да, өзінің ар жағына отырғызды да, «әуп» көтеріп өз орнына қайта отырғызды. Тағы көтермек болып еді, Қали «ойбай болды ішім жарылады қойыңыз» деп өтінді. Бұл оқиғаны тұрып істеген жоқ, отырған күйінде қимыл жасады. Күшіне ел таң қалды. Мынау нағыз күш атасы екен десіп жатыр. Ақырында сері Балуанның салған әндері Іле өзенін өрлеп

Жаркент, Құлжаға жетті. Асқақ Алатаудың асқар шыңына шығып Жетісу өңірін шарлады.

Кенен бірнеше ай Балуан Шолақтың қасында жүріп оның он екі әнін үйренді. «Құлан кісінес», «Жайқоңыр», «Кенже қоңыр», «Дікілдек», «Сұрша қыз», «Ыңғайтек», «Қос барабан» сияқты әндерін өзіне үлгі етті. Балуан Шолақтың келісі Кененнің творчествосына үлкен өзгеріс енгізді. Кенен «Тік шырқау», «Ой жайлау», «Қызыл қайнар», «Жайсаң» атты әндерін Балуан Шолақтың үлгісімен шығарды. Балуан әндері Кенен репертуарын бұрынғысынан молайта түсті. Кенен Қалидың үйінде отырып өзінің Балуан Шолақтан үйренген әндерін тегіс салып шықты. Балуан оның қоңырауша сылдыраған сұлу дауысына қызығушы еді. Әндерін өзіне қайтара айтып бергенде ден қоя тыңдап отырды. Ешбір мүлтіксіз орындадың дегендей қолын алып, бәрекелді, Кененім, әнші-ақ екенсің, құдай өрісіңді кеңейтсін, әмісе абырой берсін, ағаңнан алған мұраң ғой, құйқылжыта салып жүр. Халық құлағының құрышы қансын, деп риза болды.

Менен ән алсаң, деді Балуан, мен сенің «Көкшолақ», «Бозторғай» атты әндеріңді алдым. Көкшетау дуанына мынау нағашымның маған берген сыйы еді деп салып жүрермін. Есіміңді естен шығармаспын, інішегім. Екі жыл ағалап жанымда жүрдің, мына күрең жорғаны мініп қал. Ағаңның бір олжасын алғын деп Балуан Шолақ олжаға келген күрең атты Кененге сыйлады. Алатау мен Көкшетау саңлақтары неше жылдай Алатау өңірінде бірге жүріп бір-біріне әнмен алыс-беріс жасады. Творчестволық қатынас туғызды. Кенен Балуан ағасын қимай әрең қоштасты. Балуан нөкерлерімен 5-6 адам Іледен өткеннен кейін атының басын бұрып артына қарады да Кененге қарап: көз көрген дәмдес болған ағайындарға сәлем айт. Қош болыңдар деді де ілгері тарта берді. Кенен Іленің бергі бетінде тұрып бар даусымен ән шырқап, Балуан ағасымен әнмен қоштасты. Бұлар ұзақ қарап тұрды. Салт аттылар ұзап барады. Бара-бара бұлдырап көзден ғайып болды.

Балуан Шолақ Жетісуға Кененнің әншілік дарыны қоздап туа бастаған кезде келген. Ол кезде оның аты Жетісуға тегіс мәлім болған. Арқадан Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Ғазиз, Ақан сері, Майра, Мәди, Шөже, Кемпірбай, Жарлығапберлі, Иса ақын, Үкілі Ыбырай, Естай ақын, Оралдан Мұхит, Тарбағатайдан Әсет ақындардың даңқы бүкіл қазақ даласына тарап жатса, Жетісудан

Жамбыл, Кенен, Шашубай, Үмбеталы, Бармақ ақындардың аттары мәлім болды. Бұлардың біразы бір-біріне қанық болған. Кенен Балуан Шолақ, Шашубай, Шөже, Жамбыл, Бармақ ақындармен бірге жүрді, олармен жолдас-жора болды. Өлең айтып ән салды. Оларды өзінен ұстаз етті, өнеге алды. Әсеттің әндерін естіп, Естай, Иса Байзақовтарды көрді. Олардың өз аузынан әндерін естіп, жырларын тыңдады.

Қазақтың атақты балуаны әрі композиторы, әрі әншісі Балуан Шолақтан Кенен үлкен тәлім-тәрбие алды. Оның кейбір өнегесі оған үлгі болып бойына сіңді. Балуан Шолақ творчествосында өзіндік стиль болған. Кененде сол типтес өзіндік стиль бар. Ән ырғағында майда қоңыр келіп жүрекке жылы тиіп тұрады. Ау, деп салғаннан-ақ Кенен әні екені бірден байқалады. Әндері лирикаға толы, халықтық мәні зор, құлаққа жағымды, ойға қонымды. Кенен той-жиындарда мынау Балуан шолақтың әні деп үйренген әндерін Шолақтың өз стилімен, өз нақышымен айтып береді.

Балуан Шолақ (Нұрмамбет Баймұрзаұлы) жалғыз әнші емес, қазақтың атақты балуаны, спорт ойынының шебері еді. Кенен бірге жүрген екі жылғы өмірінің ішінде оның небір керемет өнерін көрді. Әндерін салғанда оның бар қимылы көз алдына елестеп отырады. Балуан Шолақтан көрген-білгенін халыққа әңгіме етіп айтып береді. Балуанның түр-сипатын сұраған бір адамға Кенен былай деді. Оның бір өлеңін айтып:

«Мен Шолақ он сегізде өнер тапқан,
Үкілеп ақбоз атқа тұмар таққан.
Басымда пұшпақ бөрік, шекемде үкі,
Үстіме кидім жібек шымқай ақтан», -

деп жауап берді. Міне, деді ол, ақын серi-халық еркесі. Олардың киген киіміне, мінген аттарына сын тағылмайды. Қалай кисе де жарасымды болады. Киген киімі, мінген аты елге сөкет емес. Қайта ерекшелігін білдіреді. Ерекше көзге түсіп жүреді. Ол әдет серi мен салдарға жарасқан. Оны елден асқан өнер көрсеткен адамдар ғана істей алады. Біз балуанды еркелетіп «Шөкең» деп атайтынбыз. Жүрген жері ән мен күй, өлең мен жыр, ойын мен сауық болатын, қазақтың еркесі еді – дейді. Кенен Балуан Шолақты ірі ұстаз деп есептейді. Оның атын құрмет тұтады.

Естелік кітабынан, 1968 ж.

М. Жармұхамедов

ЖЫЛДАР ЖЕМІСІ
(рецензия)

Халық өмірімен біте қайнасып, оны қажымай-талмай сүйсіне жырлап келген қарт ақын, әнші-композитор Кенен ақсақал әлі де тың, қажырлы, шабыт тұғырынан түскен жоқ. Бұған оның былтыр жарық көрген шығармалар жинағы айғақ бола алады. Жинақ Кенен ақынның поэзия саласындағы елу жылдық еңбегінің тартымды жемісі, сан-салалы творчестволық жолының қорытындысы іспетті.

Кенен ақсақалдың шығармалары бұрын да бірнеше рет басылған, алайда осы соңғы кітап ақынның әуелгі жинақтарымен салыстырғанда көлемі мен мазмұны, көркемдік сипаты жағынан әлдеқайда толысып кемелдене түскен. Бұл басылымдағы түзетіп-қысқарту, өңдеп-толықтыруды есепке алмағанның өзінде, ақынның тоқсанға тарта бұрын жарық көрмеген жаңа өлеңдері, оннан астам ән текстері, үш айтысы, көлемді алты дастаны тыңнан енгізілген.

К. Әзірбаевтың Ұлы Октябрь революциясына дейінгі өмірі екі жақты езгі-қанаудан еңсесі түскен өз халқының арман-мұңымен, тұрмыс-күйімен егіз, тағдырлас.

«Қойымды айдап, өргізіп сайға барсам,
Талқан шекер татиды шайнай қалсам.
Ішімдегі шерімді мен төгемін,
Басылғандай жүрегім әнге салсам!» дейді ақын сол кездегі өзінің жалшылық өмірі туралы.

Кененнің ақындық, әншілік қабілеті жастай танылып, ел арасында аты әйгілене бастағаны мәлім. Кенен өз бойындағы табиғат берген осы асыл қасиетті үстем тап өкілдерінің зұлымдық-жауыздығын аяусыз әшкерелеуге, езілген еңбекші бұқараның тілек-мүддесін шабытпен жырлауға арнайды. Жинақтағы «Әнім қалсын», «Шешем өлген жылы», «Жеті қойды жоқтағаным», «Қасқыр қамағанда», «Ри, қойым!», «Бозторғай», «Көкшолақ», «Түйе тыныс» атты өлеңдері мен әндері, өткен заманда елімен бірге езіліп, азап шеккен ақын өмірінің ойлы шежіресі тәрізді. Сондықтан бұлардың қайта жаңғырып, кітап төрінде тұруы заңды.

1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі Кенен Әзірбаевтың ақындық творчествосында елеулі орын алады. Қазақ еңбекшілері жауыз патша мен ел ішіндегі үстем тап өкілдеріне қарсы күреске шықты. Кенен сол көтеріліс тұсында езілген бұқараны кекті күреске үндеген жалынды жырларымен де, азаттық аңсаған әндерімен де халқына қызмет істейді. Бас көтерген қалың елдің шайқастарда дем берушісі, рухани үгітшісіне айналды. Ақынның:«Он алтыншы жыл», «Мешітбайға», «Қырғыз бауырыма», «Қайран елім, қайда?», «Бұлбұлға», «Аттан!»деген өлеңәндері сол жылдардың жемісі.

Жинақтағы көтеріліс тақырыбына жазылған «Қырғызбай», «Әли батыр» атты дастандары, Кененнің қысқа лирикалық әнөлеңдерімен қатар эпикалық жанрда да қарымды, төселген ақын екенін байқатады. Аталған дастандардың басты қаһармандары Қырғызбай мен Әли Нұрғожаев Жетісу еңбекшілерін 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне бастаған, халықтың қалаулы батыр ұлдары еді. Кенен ақын да кезінде Қырғызбай мен Әлидің жасақтарына қосылып, халық қозғалысына белсене араласқан. Олардың қан майдандағы ерлік күрестерін сазды әнмен, қысқа өлеңмен жырлай жүріп, кейіннен тебірене толғап, көлемді дастанға айналдырады.

Кенен қара түнекте жүрген өз халқына бостандық пен бақыт әкелген Ұлы Октябрь революциясын құшақ жая қарсы, алып, оған өзінің көптеген өлең-жырларын арнады. Ол ауылды советтендіру, ұлы Ленин идеяларын бұқара көпшілікке ұғындыру, байларды тап ретінде жою, колхоздастыру жұмыстарына белсене араласты. Қордайдағы революциялық комитеттің председателі болған жылдары, ел ішіндегі саяси-шаруашылық істерген нақты басшылық етеді. Міне, осы жылдары туған «Шаңқ етпе», «Батырақтар әні»,» «Соқ, соқ, байларды», «Алатау», «Колхоз әні», «Жаңа заң» деген әндерімен қоса, «Он сегізінші жыл», «Ревкомға сайланғанда», «Қызыл тіл», «Болат тұяқ тұлпарым», «Ескі дәуірді еске алсам», «Бақытты елім», «Қызыл тулы колхозым» тәрізді өлеңдерінде совет өкіметінің саясатын түсіндіріп, кең насихаттайды.

1924 жылы еңбекшілер көсемі В.И. Ленин қайтыс болағанда елімен бірге қайғыра отырып «Ленин бабам» атты әнін шығарады. Ақын ұлы көсемді «Жаңа өмірдің жүрегі еді» деп толғайды.

Ұлы отан соғысы жылдары Кенен Әзірбаев өз халқымен бірге сұрқия жауды тезірек жеңу жолында домбырасын қолына алып

қажымай-талмай қызмет істеді. Ән-жырларын түйдек-түйдегімен шығарып, халықтың жеңіске деген сенімін ұштауға ат салысты. Ос бір ауыр сын кезеңдерде ол: «Қаласын Ленин қорғаймыз», «Кек алу», «Үш батырға», «Майдан тылмен мықты», «Майданға ел сәлемі», «Біздің отан жеңеді», «Жеңіс жылғы шаттық ән» өлеңәндерімен жеңіс жырын тербеді...

Кенен Әзірбаев – қазақтың дәстүрлі айтыс өнерінде кең танылып, үлкен із қалдырған ақын. Бұрынғы жастық шақтағы сан алуан айтыстарын айтпағанның өзінде, 1961 жылы халық ақындарының республикалық мәслихатында Халима ақынмен сыпайы, әзіл айтысы Кененді жарасымды жаңа бір қырынан байқатты. Ақын жинағына алғаш рет енген оның Кенжекожа, Әбдіғали, Есдәулетпен айтыстары, жыр алыбы Жамбылмен сәлемдесіп қағысуы да тың дүниелер.

Кененнің Әбдіғали Сариевпен айтысынан халқымыздың әдебиет-өнерінде ұмытыла бастаған қайсыбір көне дәстүрді қайта жаңғырту мақсаты аңғарылады. Ғалым-жазушы М. Әуезов Жетісу төңірегінде «Жер өлең», «Тау өлең», «Шөп өлең» тәрізді жұмбақ айтыстардың қызықты бір саласының кең тараған атап көрсеткен еді. Кенен ақын осы айтысында Әбдіғалидан қазақтың атақты батырлары мен әйгілі ақын-күйшілерінің қайдан шыққанын, Хантәңірі, Байқара, Жамбыл тауларының қай жақта екенін, сонымен қатар Жетісу өңірін, өзендерін түгел талдап, атап беруін сұрайды. Сөйтіп, ұмытыла бастаған көне дәстүрдің қазіргі ақындар айтысында қайтадан бой көтеруіне себепші болады.

Жинаққа ақынның бұрын жарық көрмеген «Төкетай мен Мәнікер», «Ер Төстік», «Кенебай-Кербез», «Жалғыз қаз», «Сарбарпы», «Бұлбұл мен Көкек» сиқты халық аңызы, ел аузындағы ертек, мысал үлгісін негізге ала отыып жырлаған толғау-жырлары да енген.

Кенен Әзірбаев – сан-салалы талант иесі, туған халқымен бірге жасасып келе жатқан көне көз, суырып салма, жүйрік ақын, жезтаңдай әнші, шабытты композитор.

«Қазақ әдебиеті» г-ті, 17 февраль, 1968 ж.

Әбділдә Тәжібаев

КӨГЕН ТҮБІНДЕГІ КӨНЕ СӨЗ

1936 жылы Жамбыл мен Кенен, мен, шешем Айманкүлмен төртеуміз Мосваға аттандық. «Шалға айран алу керек, шалға сүт алу керек», - деп поезд тоқтаған сайын шуласамыз. Сонда Жәкеңнің қамымен жүгіріп жүретін «жасымыздың бірі» - Кенекең болатын. Содан бері отыз сегіз жыл өтіпті. Кенен ағамыз тоқсанға жетіпті. Бүгін Кенекең сол Москваға онкүндікке барған сапарымызды ертегідей еске түсіріп, армандай әңгімелейді.

– Есіңде ме, Әбділдә? – дейді ақын, ойы кеткен жыраққа көзі де бірге кеткендей алыстарға үңіліп. – Мына жерден Тайжан ақын гармонмен күжілдесе, оған ілесе Нартайжан шырқап еді-ау! Поезды парауыз емес, ән мен жыр тартып келе жатқандай зырғытып едік қой.!

– Оныңыз рас, аға! – деп мен де еріксіз елігемін. Менің көзіме сондағы сақал-шашы жаңа ғана бурыл тарта бастаған, бірақ әлі де жас қайыңдай солқылдап тұрған, көз жанары титтей де күңгірттенбеген, жүзінде қуаныш ойнаған Кенекең елестейді.

«Кененіме кім жеткен,
Ащы айғайға басқанда?!» деп Жамбыл сүйікті інісін табанда мақтай жөнелер еді.

– Әй, Кенен, сенің әніңе бір тойдың қызы түгел еріп кетіпті дейді ғой, сол рас па? – деп әппақ тістері ақсиып Нартай ақын күле қарайды. Бұл құрдастың ең ыстық ілтипаты сияқты сезіледі. Әні мен сөзін бірдей қуатты шығарған Кенен өзінің құдыретті даусымен күлдірем десе күлдіреді, жылатам десе жылатады...

«Сатып алдым базардан Көкшолақты,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ шоп-шолақты.
Өзі саурық көктемде байтал қуып,
Бір жағынан азынап құдай атты.
Әкем бойдақ, ат бойдақ, мен де бойдақ,
Қайда апарып бағамын үш бойдақты?».

Ақынның әкесі алпыс жасында әйелі өліп, Көкшолақ пен баласы үшеуі ғана қалған бір жайды Кенекең осылай сипаттаған. Бұл әрі күлкі, әрі драма. Үш жетім жылап отырып күлген сияқты...

Ақынның ел араламай жүретін күні бола ма? Бір елден екінші

елге ауысып, ас пен тойдан босай алмай жүргенімде алты ай өтіпті. Ауылға оралсам сорлап қалыппын...Жұрт жиналып Базар, Назар деген екі ұлымның шешектен қайтыс болғанын естіртті. Келер көктемде ауылдың қасындағы бір төбеде отырсам, лағы өлген ақ ешкі қалың қойдың ішінде баласын іздеп зар қағып, маңырап жүр екен. Соған қосыла мен де еңірей жөнеліппін. Сонда менің аузыма «Ақ ешкі» деген ән мен сөзі қатар түсіпті. Басымды көтеріп көзімді ашсам, айнала жұрт жылап, тыңдап отыр екен. Ауылдың үлкендері маған көңіл айтып, қайта жұбатты. «Сондағы «Ақ ешкі» мынау еді ғой!» деп Кенен домбыраға қосылады.

«Ақ ешкі зарланасың лағыңа,
Емшегіңнен сүт берген шырағыңа.
Кел екеуміз қосылып бір жылайық,
Жетер ме екен тәңірдің құлағына!».

Біз сол жолы Кененнің өз аузынан осы өленді де тыңдағанбыз. Күрсінбеген, көзін сүртпеген бір адам болған жоқ. Ал менің шешем өксіп-өксіп даусын естірте жылап жіберді.

– Әйелге жарасты ғой. Шешелер өстіп жылайды, деп Жәкең де қосылып қалды. Содан соң күле сөйлеп:

– Жетті, Айманкүл, деді Жамбыл. Содан соң домбырасын қаттырақ бұрай түсіп:

Ақ ешкі одан кейін қанша лақтады?! Кененнің шырақтары да қазір бір жайлауды шаңдатуға жетіп қалды...

...Бүгін Кенен аулындамыз.Тағы да тоқсанға келген ағамен бетпе- бет отырмыз.

– Жап-жас бала едің-ау, Әбділдә.

– Сіз де жігіт екенсіз-ау онда.

Кенен аға жай ғана күбірлеп, саусағын басады.

– Жәкең кетті. Нұрекең, Доскей, Орынбайлар қайда? Нартай, Иса, Нұрлыбектер қандай еді? Бәрімізден де жас Мұхтар мен Сәбитті айтсайшы! дейді. Мен осы адамдарға өзгелердің аттарын қосып санап отырмын.

Біз осы жолы қарт ақынға баспадан кеше ғана шыққан қалың бір томдық кітабын ала келгенбіз.

– Кәне, маған естіртіп оқындаршы, деді Кенекең Шериязданмен Әбілмәжінге қарап. Бұлар әндетіп оқи бастады.

Көп оқылды. Мұхтарға, Сәбитке арналған өленде де оқылды. Шаршай бастаған, әйтсе де қуанышын жасыра алмаған Кенен аға

қолын әнтек көтеріп, өлең тыңдауын бір мезет доғарды да, маған қарап:

– Қайдан түскен осының бәрі аузыма?...Шын қажып қалғанмын ба, енді түспейді, деді.

Мен күлген болдым, бірақ ішім езіліп кете жаздады.

– Бұқар жыраудың сөзі естеріңде шығар. Сол айтқан кеп қой, деп Кенекең күбірлеп те алды.

«Тоқсан деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен.
Қарғиын десең қарбанып,
Екі жағы ор екен.
Найза бойы жар екен,
Түбі жоқ терең сай екен».

Менің байқауымша, қарт ақын қартайдым, қажыдым деп қынжылып отырған жоқ, ән шырқаған, жыр ағызған күндерінің алыстап бара жатқанына ғана күрсінетін тәрізді. Кәрі тарланның кеудесінде жел тисе лап еткелі тұрған от әлі баршылық. Ол тоқсан жылдығына арналған той дүбірін сезіп отыр. Ғайыптан домбыра сазын естиді, бозторғайлар кеңістікке шақырады, өлең, ән ырғақтары қозғалақтайды. Кәрілікке қосылған сырқаттық бүгін бөксесін басып қалыпты. Маған дәме бар, дәрмен жоқ деген осы сияқты көрінеді.

Біз ақын ағамен қоштасып, қайтар жолға шықтық. Тау бөктерлерінен төменге қарай дастарқанша жайылған жалпақ даладан мен Кенен бейнесін көріп келемін, үздіксіз көріп келемін. Кенекең ән бастағалы, жыр бастағалы қашан! Осы Қордай асуынан Кенекем үні қанша рет асты екен?

Қаршадай балапан ақын атақты қырғыз манабы Шәбденнің асына барып жырлағалы жетпіс екі жыл өтіпті. Жамбылға да сонда сәлем беріп, батасын алған екен. Ал содан жеті жыл кейін жігіт ақын Балуан Шолақпен танысқан. Сүйінбай, Сарбас, Жамбылдардың жыр мектебінен өткен. Кеудесінен сырлы күйлер ақтара білген Балуан Шолақ сол әндерін барынша нәзік айта білген ғой. Арқадан келген ән шеберлігі, сөйтіп, Жетісудың Кененіне ауысқан. Бұлбұл Кенен өзі де сан рет Балуанды таң-тамашаға батырған. Қос әншінің қосылып ән шырқағандары маған қазір де естіліп тұрғандай. Мен еріксіз елеңдеп, сонау жоталарға мойын бұрғандаймын.

«Жамандатқыр, Көкшолақ!

Арам қатқыр, Көкшолақ!» деп бала шағынан тепсінген Кенен осы Көкшолақпен 1916 жылдары патшаға қарсы соғысқан қан майданның бел ортасында болды. Жамбылмен үйлесе отырып, батыр халықты, Бекболат, Әли секілді саналы ерлерін жырлады. Октябрь революциясын қуаныш жырымен қарсы алғанда да Кенен Көкшолағының үстінде, Жамбыл атасының қатарында еді. Большевиктер тапсырған соң ақын Қордай ревкомының бастығы болып та істеді. Ел-жұртымыз ілгерілей берді: колхоздастық, тың белестерден астық, отанымызды индустрияланған құдыретті күшке айналдырдық. Халықтар достығын болаттай шыңдадық. Соның бәрінде де ақындар үні бірде-бір бәсеңсіген жоқ. Жамбыл жыраумен тізе қосқан Кененнің де бір мезет аузы жырдан, тақымы Көкшолақтан босаған емес. Ал Ұлы Отан соғысы тұсындағы Жамбыл мен Кененді өзіміз көрдік. Қос қарт ақын жас жауынгерлер міндетін атқарды, оны бүкіл Отан біледі. Сөйтіп жүріп, Кенекең де тоқсанға жетті:

«Көкшолағы Кененнің дүлдүл болды,

Өзі совет халқына бұлбұл болды» деп ақын ағаның өзі жақсы айтқан ғой.

«Қазақ әдебиеті» г-ті, 14 июнь, 1974 ж

Аян Нысаналин

ТОҚСАННЫҢ ТОЛҒАУЫ

Кешеу күздің өкпек желі өңменнен өтіп барады. Қараша-қауыс қара суығының ызғары дүниенің рәпәтін кетіріп, әпшісін қуырып Қордайдан аса соғып тұр. Сол қанаттағы жарысқан ақсіреу мұратты таулардың еңсесін, өркешіне қонған талаураған бұлттар баса түскендей. Оң қапталдағы жатаған төбелер бара-бара жайпауыттанып ұшы-қиярсыз жазыққа ұласып кетіпті. Әр тұстағы қойнаудан бұрала аққан бұлақтардың төңірегі болмаса, күн де аямай алтын зәрін төгіп өткен тәрізді. Аңғар-аңғарды қуалай соққан жел алыс түкпірден жусан мен шайырдың күйрек исін жеткізеді.

Біз Кенен ауылына келе жатырмыз. Жол серігім Жамбыл облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Сағынхан

Әмірекұлов, әлгінде осы өңір жастарының биылға жарқын істерін айтып отыр еді, содан біраз ойға кетіп, енді Кенен Әзірбаевтың жырларын жатқа соғып келеді. Ол бір сәт үнсіздіктен кейін осыдан төрт жыл бұрын Кенекеңнің Шу алыбының шопанатасы, Социалистік Еңбек Ері атағын екі дүркін алған Жазылбек Қуанышбаевтың торқалы мүшел тойында қазақ даласының әр тарабынан тоғысқан алқалы топты әнімен де, жырымен де аузына қаратқанын тамсана айтып өтті.

Қыр астында тұрған мынау желтоқсаннан, сонау көктемнің көкөзек шағына дейін көкбеттеніп, бедере безеріп, небір көккасқа, аққасқалардың тобығынан қағып түсірердей, асу бермей жатып алатын Қордай асуы артта қалды. Алдағы қолтықтан оймақтай көлі бар ауыл көрінді. Одан әрі кең жазық Қоңырадырға иек артып, атақты Аңырақай тауы басталады. Әне, оған Кенен Әзірбаевтың туған атамекені Мәтібұлақ тиіп тұр. Менің бұл аймақтың ерекше сын-сипатын іздеп, қадала айтып отырғаным – ой, өнер, адамының талант табиғатын тану, түсіну үшін, ең алдымен оның туған топырағын, өскен ортасын жүйрік білу ләзім. Қаратау мен Алатау арасы Кенекеңнің талай күн-түн қатып жортқан жері. Жырына жалынды жарасым, әніне әсем әр берген киелі жер.

Әдетте, Ясная Поляна десек –Толстой, Жидебайды еске алсақ – Абай, Константиново болса – Есенин еске түседі. Жетісу, оның ішінде Қордай десек, көз алдымызда елдің еркесі мен серкесі болып, ән мен күйді, суырып салма ақындықты әспеттеген, салсеріліктің әдемі, дарқан дәстүрін жетпіс жылдан астам уақыт талмай дамытып, бүгінгі ұрпаққа эстафета етіп тапсырған Кенен Әзірбаев ойға оралады.

Қашаннан-ақ сөздің асыл қасиетін қастерлеген, халықтың жыр даналығының сыр сандығы – Кенекең кейінгі кезде сырқаттанып жүр десетін. Мол мүмкіндігі болса да, қалада, онда да Алматы сияқты ару астанада тұрмай, туған топыраққа терең тамыр тартып, табан тіреген қарт ақынның бір сыры – сол жерге деген, елге деген үлкен жүректен шыққан сүйіспеншілікте, перзенттік парасатқа толы махаббатта жатқан болар-ау, сірә?! Кенен ақсақалдың ауыл ортасындағы ауласында ақ киізден тігілген ақшаңқай үйіне жеткенше мені әртүрлі ой шалығы қамады...

Мен уақыт салмағынан белі бүгіліп, кеудеге түсетін ақ күміс сақалы ақ тудай желбіреген, абыз шалды кездестіретін шығармын

дегенмін. Жоқ, олай емес екен. Жыры әлі жастық тұғырынан таймаған Кенекең маған таудың мұқалмас мықты тасынан қашалғандай нар тұлғасымен, қайраты қайтпаған қалпымен қатты әсер қалдырды. Әлем әдебиетінде алпысты алқынбай алқымдап, жетпістің жотасына жортып шыққанда да екінші жастық оралып, көктем тынысын тапқан ғұмырлар кездеседі. Ғажайып жырларын қалдырған Гете, жетпіс сегізінде қайта серпілсе, сол шамада Аксаков та қаламынан қайта жастық қажыр тапқан. Жүзге жеткенше жүйріктіктен жазбаған біздің Жәкең ше?!...

Төр бөлмедегі қалың салған төсектен қағылез тұрған Кенекең келісті мол пішілген денесімен тік отырды. Сонда да жүректен жыр, бойдан қуат, ойдан ой торлайтын тоқсанның аты тоқсан. Сәл кіреукеленгені болмаса, жан түкпірінен дәйімі жарқыл алып тұратын көз жанары сөнбеген. Белуардан түсетін ақжелең сақалын салалы саусақтарымен салалап-салалап қойды. Ақ сұр жүзі сәл бозғылт тартыпты. Ол көсіліп, есіліп сөйлеген жоқ. Кеудесіндегі көңіл көрігін жайлап қыздырғандай, ашық жан сарайы ақтарылып тұрды.

Бір кездері мүшел жасынан бастап, таңсәріден тіршілікке жар салған бозторғаймен жарыса ән қосқан, бертін келе бабымен «Көкшолақ», «Базар-Назарды» шырқағанда еліктіріп, иітіп дүйім жұртты сілтідей тұндырған даусының жұқанасын естігеніме қатты өкіндім. Шіркін, мынау таң шығының кәусарымен жуынып, салқар даланың саф алтындай таза ауасын жұтып ашылған бұлбұл көмей ғой бұл. Ұзақ таңға бірде-бір қарлығып көрмеген.

Кенен ақсақал көзімен, сөзімен, тілімен, ділімен – бүткіл болмыс-бітімімен тоқсанның тосын толғауын айтты. Шырайлы шежіресін шертті. Мен де, серіктерім де оны жүрекпен үнсіз ұқтық. Неге екенін қайдам, мен көзге оттай басылар нұрлы дүниенің даркандығына бір пәс егіл-тегіл көңілім босап, жылағым келді. Таусылмайтын ұзақ ғұмыр барына нанып, шексіз шалқар шаттықтан жалпақ жалғанға айқай салғым келді. Жыр алыбы Жамбылмен үзеңгі қағысып, екі дәуірді бірдей бастан кешіріп, жастығын, жаңа, жас дәуренге жарасымды ән-жырын жоғалтпаған адаммен кездескеніме қуандым.

Нәсиха шешей алып келген қат-қат альбомды ақтарып отырып, қызық мазмұнды мән-мағынаға толы үлкен өмір кешкен, үлкен жүректің жырын оқыдым. Жеті жастағы бала Кененге Ер-

кебай шебердің жасап берген қолтоқпақтай қара домбырасын көрдім. Уақытқа, кеңістікке саяхат жасадым: көз алдымда бірде қой соңында табанын тас тіліп, жаужұмыр қазған қаршадай бала, бірде қалғып-мүлгіген көңілді әнмен оятқан жауқазын жігіт, енді бірде ауыл, ағайынды ғана емес, күллі атаның баласын аузына қаратқан атпал азамат өмірбаяны тұрып алды. Ол қайғыда да, қуанышта да еңсесі биік елімен бірге болыпты. Мұңын мұңдап, жоғын жоқтапты.

Тілерсектен саз, тізеден су кешкен арыс Алғадайы Отан үшін опат болғанда, шөгіп қалған Жамбылды, жыр жампозын төсектен тұрғызып, белін бекем буғызған да Кенекеңнің салиқалы, салдарлы сөзі емес пе? Қазақтың жайсаңдары, үкімет басшылары, ұлы Мұхтар, сайын Сәбит бастаған қаламгерлері қазаны естіртуге Кененді емес, басқа да сөз жорғасын жіберсе таппады дейсіз бе? Жоқ, бұлдыр-бұлдыр бұлағай заманда да, құлан қуып мерт болған Жошының қазасын қаһарлы ханға күймен естірткен халықтың тамаша дәстүрінің тізгінін ұстаған, топжарғанды таңдауы, үлкен жауапкершілікті сеніп тапсырғаны болар. Кенен мұндай талай-талай сыннан сүрінбей өткен тіл өнерінің дүлдүлі, өзінің заңғар заманын, соған сай алып адамын бар жан-тәнімен жырлаудан, әсем әніне қосудан еш тарыққан емес. Бұрын-соңды шыққан көп томдығына биыл тағы бір туынды қосылды. Ол «Тойбастар» өлеңдер жинағы. Жаңаның, жақсылықтың бастамасы. Өніп-өскен қара шаңырақ (бір кіндіктен тараған елуге тарта ұрпақ бар), отағасының кең өріс, тілек ойы ортаймапты.

Тек оған деген ықылас-ілтипатымыз әлі де аздау ма, қалай?!. Күн кеше қазақ атын айдай әлемге жайған, ән еркесі Әміренің аққумен ән қосқан дауысын, қырықыншы жылдарға дейін келіп, ән самалын ескізген Естайдың, шалқымасымен шаттыққа бөлеген Шашубайдың, өлеңмен дауыл тұрғызған Қасымның үнін жазып алмай, енді бармақ тістеп жүрген пәруайсыздығымыз ғой. Болмаса, ілгері қараған іргелі елдер, мәселен, титімдей жақсысын көз қарашығындай сақтап келе жатқан француздар, сонау орта ғасырда туған трубадурлықты әлі күнге дейін шансоньемен жалғастырып, әдемі дамытып жүрген жоқ па? Біздің де тамаша әншілік дәстүріміз бүгінгі үлкен үрдіске жалғасып жатса қандай ғанибет. Қазір арамызда жүрген екі бірдей творчестволық Одақтың мүшесі – композитор әрі ақын Кенен Әзірбаевтың бар мұраларын жинап, ба-

рын барша неге шығармасқа? Бұл бізге, ертең келер ұрпаққа қажет шаруаның бірі.

...Күз құшағындағы Кенекеңнің ауылы артта қалды. Анау ақ шағыр аспанда тырналар тізбегі тыраулап өтті. Отарға келіп пойызға отырдым. Бесіннен еңкейген жалқау күннің самарқау сәулесіне шомылып, буалдыр мұнарға оранған Қоңырадыр қалып барады. Мәтібұлақ қалып барады. Жүрегімді біртүрлі мұң биледі.

Бірақ ертең-ақ күлімдеп, бәйшешектер жер бетіне сүйреп шығатын көкөрім көктем келеді ғой. Қара дауылға қайыспай, терең тамырларынан қаулаған балауса өскіндерін шуаққа қарай өргізген қайсар қара ағаштай Кенекең де немерелерін ертіп, қызғалдақ жапқан қырға шығады тағы. Жүздің жотасына тартқан шат-шадыман өмірін жырлау үшін!...

Сол ойыма сағынышты сәуле жүгіртіп терезеден тесіліп көгілдір көк жиекке тартқан тұлпарлардың тұяғын сағынып, төсін керген жазира далаға ұзақ қарадым.

«Лениншіл жас» г-ті, 17 октябрь , 1973 ж.

Ж. Сатаев

ҮЛКЕН АТА

Туған елін әнмен тербетіп, жырмен құндақтаған Кенекем бүгін тоқсанның тұғырына шығып отыр. Бұл тоқсан жазы мен көктемі, тоқсан күзі мен қысы қайталанған ғасырға жуық кезең екен. Соның қырқасына шығып алып көз жүгірткен адам Кенекемнің өмірінің тереңдігі мен сан қырлылығына тебіренбей қоймайды. Кенекем әнші, Кенекем ақын, күйші, композитор, шежіре. Міне осының бәрін бір адамның басына берілуі шанда бір кездесетін құбылыс. Бұл жөнінде тарихтың өзі баяндап келеді, бұл жөнінде талайлар тамсана да жазды. Сонда да болса осы бір үш кездесу мәңгі ұмытылмастай әсер қалдырғанын айтқым келеді.

Алыстағы бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді, демекші, Кенекемнің қалбалақтамай қалған кезі кемде-кем шығар. Бұл 1969 жылдың жазы еді. Советтік Конституция күніне байланысты Кенекемнің сөзін ұйымдастыру тапсырылды да, күздің сары тап күнінде Киров атындағы колхозға келе қалдым. Келсем Кенекең есік алдындағы шағын бір бөлмеде төсекте жатыр екен. Басына

биік етіп жастық жастанып алып, екі тізесіне қалыңдап кітап төсеп бірдеңелерді жазып отыр екен. Есіктен бас сұққанымды көріп, басын жұлып алды да:

– Кел, кел қарағым. Қарттың ауылы қара жер - деп әдейі осы үйді таңдап алдым. Өзі салқын, өзі тыныш - деп бір қойды. Сәлемімді алып, қос қолын ұсынды да:

– Қаңқу-саңқу көбейді. Қисая кетсек арттағыларға қалған жөн де,- деп сөзін сабақтады.

– Қай ауылдың баласысың? Шырамытқаным болмаса жыға танымадым. Мен өзімді таныстыра бастап едім:

Ей, Тіленіс, Тіленіс!
Тілің мірдің оғындай,
Тиіп кетсе күйдірген.
Сексеуілдің шоғындай.
Қарсы келген жау болса,
Құтылмайды соғылмай – деп, Жәкең айтатын шешен ауылдың баласы болдың ғой. Одан бері де неше заман өтті. Жиһан кезіп, ел-жерді танып білуге өмірін сарп еткен Өтеген батыр Тілемістің арғы бабалары болады. Пай-пай, Жәкең, Өтеген дегенде арқасы қозып нөсерлетіп әкететін еді ғой, деп сәл ойланып барып, тарам-тарам тарихқа түсіп кетті.

Содан көп әңгіме айтты. Ысты Бөлтірік, ашаның алты салы Жидебай мен Балқыбек, Сауытбек пен Әлдибай, Бекқұлы мен Қайрақбай, Қасқараудан шыққан Ноғайбай мен Кебекбай сынды шешендердің арғы бергі айтқандарын бір қайырып тастап, күй аталары Байсерке мен Бердібекке ауысты.

Жақында өткен-кеткен әңгімелерді жиыстырып, бір кітап шығардым деді ол тағы да, қайда көбі ұмытылып қалыпты. Онның бірі ме, жүзінің бірі ме, әйтеуір там–тұмы қалған екен. Мына тірлік қисая кетсек арттағыларға қалсын, әрі парызымнан құтылайын деп қолға алған дүние еді. «Жамбыл ата», «Жандосов» деген поэма. Бұдан кетсе түк бітіре алатын түрім жоқ. Басым да ауыра береді, көңілім де сергімейді.

Бірғауым уақыттан соң енді менің келгем шаруама көшті. Қаныға келе әңгімесін өзі сабақтады. Кенекемнің айтқаны әр кітап сөзіндей шұрайлы еді. Кейін сол жолғы әңгімесін мен «Заманым да жоғары, адамым да жоғары» деген атпен Кенекеңнің айтқандарын

газетке бердім. Әрі «Аңыздар сыры» деген кітабына рецензия жаздым.

Одан кейінгі жылдары да жиі-жиі жолығып тұрдым. Барған сайын Кенекем балаша қуанып қалып жүрді. Соның бәрінде әңгіме айтатын, арғы бергі шежіреден сөз қозғайтын. Кетер кезде есік алдына шығарып тұрып, әрдайым: «Аман бол қарағым, танитындарға сәлем айта бар» деп, қала беретін. Бірақ, 1972 жылдың көктеміндегідей Кенекемнің абыр-сабырға түскенін көрген емеспін. Ұлы Жамбылдың туғанына 125 жыл толуы қарсаңында Кенекемнің поэмасын жариялау туралы ой сап ете қалмасы бар ма? Келсем Кенекең үйінде екен. Бұйымтайымды білген соң баласы Көркемжанды шақырды.

Қолжазбамды әкелші деді де, өзі арабша жазылған дүние еді, қалай болар екен? - деп қиналып қалды. Кейінгілер танымайды ғой.

Жоқ, ата оқитын адамды өзіміз табамыз.

Қас қылғандай поэма жоқ болып шықпасы бар ма? Іздемеген жеріміз жоқ. Кенекем кенет:

Қартта ес болмайды. Хамит Ерғалиев алып кеткен еді ғой. Енді қайттік деп, өкінді де қалды. Сәл ойланып алып: «Алматыға адам жіберіп, алғызармын. Әттеген-ай, сонша жерден әуре болып келгенде...»

Көп кешікпей поэма қолға тиді. Кенекемнің «Жамбыл туралы толғаулары» тұңғыш рет «Еңбек туында» осылай жарық көрген еді.

Сондай ағыл-тегіл көңіл осы көктемде тағы да қайталады. Кенекем бұл жолы да шатқалға біткен шынардай кеудесін тік ұстап тәкаппар отырды. Алатаудың аппақ шыңындай күміс қыраулы шашы мен сала құлаш сақалын салалы саусақтарымен сипап қойып, тарихтың терең түкпірінен сөз маржанын тапты. Елін, жерін жырға қосып әнімен әлпештеп отырды.

Армансыз пенде жоқ, деді ол бір кезде, Жандосов жайлы жаза алмадым. Халқымның алдындағы қарызым сол. Кеш қарманған екенмін. «Шаһи маран», «Садуақас жомарт», «Қаршыға мен кептер» дастандарын таңға айтатын, Шөже, Түбек, Сүйімбайды жатқа білетін, Бақтыбай, Сүйімбайдың Тезекпен айтыстарын, Сарбастың Қуандықпен айтысын, Құлманбеттің Шәбденге барғандағы жырын шырқайтын дәурен де өтіп кетті. Балуан Шолақтан он екі ән

үйреніп едім. «Суликоны» грузинше орындап, татар, өзбек әндерін айнытпай айтатын едім... Маған дарын берген екен ғой. Көз ілмей соғыс жылдары жыр шығардым. Бірі қалды, бірі ұмытылды. Мен соған өкінемін ғой. Халқыма әлі де бар өнерімді сарқа бермеген сияқтымын. Қанша қызмет еттім десем де, аздық көрінеді де тұрады.

...Ол күн шұғыласына шаттана қарады, Құлжабасы тері кілемнің түріндей түрленіп кетіпті. Қордай асуының ар жақ, бер жағы ашық жайдары көрінді. Екі ғасырдың куәсі болған, күн кешіп, қуанышын қолымен ұстаған Кенекем біреулердің аяқ алысынан селт етіп қалды да, қанатын қомдаған қырандай әлден соң сілкініп алып, тағы да әңгімесін жалғады. Палуан бітімді, қапсағай денелі шежіре қарттың, шешен қарттың сөздері түйдек-түйдек түседі, түйіп тастап, түйінін тарқатып қайта айтады.

Қордай асулы ел, ақынды ел. Қордай асқар бел, жомарт жер. Бұл Абай аялдап, Жамбыл жырын төккен өнегелі, өркенді өлке деп толғанып отырған тәрізді. Ал қасындағылар болса: «Қордай қазақ үшін мұнысымен ғана қымбат емес, ол Кененімен де қадірлі ел. Бұлбұлға әнін қосып, жүрегін халқына тосып өскен Кененін мақтан етеді. Кенекең Қордайдың даңқын, Қордай Кенекеңнің даңқын шығарды. Енді Кенекең Қордай қойнауынан кең байтақ Қазақстанның, қазақ халқының даңқын айдай әлемге паш ететін болады. Біз үлкен ауыл, сіз үлкен атасыз ғой деп қарт жыраудың құлағына сыбырлайтын сияқты.

Бірақ, үлкен ата бұл жолы ән де айтқан жоқ, өлең де шығарған жоқ. Күшін тойға сақтаған тұлпардай елегізумен отырды.

«Еңбек туы» г-ті, 22 июнь, 1974.

Бекемкүл Батырбекова

КЕНЕН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ

«Кенекең боп жасымнан шарықтадым. Жақсыны жаманменен парықтадым» деп өз бойындағы табиғи талантын халқына арнап, бірге шаттанған ардақты өнер саңлағы, қадірменді қартымыз Кенен Әзірбаев шығармалары тақырыбы жағынан алуан түрлі. Кенен

атаның көп көңіл аударып, аса мән берген, жырына арқау еткен өзекті тақырыбының бірі – әйелдің қоғамдағы, семьядағы орны. Ол өзінің «Аулынан ғашық жардың аттанарда», «Бата», «Ерлі-зайып», «Нәсиха», «Жақсы ат пен жақсы жұбай», «Мөртай сұлу», «Жақсы болса жан жарың», «Төрткенім-ай!», «Күләшқа», «Келінжан» деген ән-жырларында әйел жанының сұлулығын паш етеді.

Ақын алғашқы өлең-жырларының өзінде-ақ әйел заты үй-ішінің берекесі, ұйытқысы екендігін дөп басып, оның бойындағы ізгі қасиеттерін:

«...Келгенде құрбы-құрдас, сыйлы қонақ,
Күтетін жарқын жүзді жарым болса» деп арман-даса, «Аулынан ғашық жардың аттанарда» атты өлеңінде:

«Керіліп кер маралдай көзі күліп,
Жұмбағын жүрегімнің өзі біліп.
Жаудырап қоштасарда қараушы еді,
Жаныма көктем нұрын сезіндіріп» деп нәзік сезімді, жігіт жүрегін елітіп әкететіндей ғашық жардың сүйкімді бейнесін көз алдыңызға әкеледі.

Өмірде көпті көріп, көңіліне түйген, жақсы мен жаман-ды парықтай отырып, ақын ата әйел қауымының отбасының ұйытқысы, ер тұтқасы боларлық мінез-құлқын аша көрсетеді.

«Жақсы әйелі бар адам қажымайды,
Ренжіп, қаны қашып налымайды.
Жағдайы жас баладай табылған соң,
Күшінен, ақыл-қуат арылмайды.
Жақсы әйел жұрт алдында жасытпайды,
Сабырлы, салмақ сақтап асықпайды...» десе, енді бірде бұған қарама-қарсы пікір айтып:

«Әйелі ер жігіттің жаман болса,
Достарың ағайының қашықтайды» деп жамандықтан жирентіп, одан сақтандырады. Әрі қарай, «әйелі ер жігіттің жақсы болса, көргенше бірін-бірі аңсап жүрер» деп жақсы жар қылығын үлгі тұтады. Ал егер «әйелі ер жігіттің жаман болса, күрсініп көрген сайын шаршап жүрер» деп жастарды жағымсыз әдеттерден аулақ болуға шақырады.

Семья ырысы – береке, шаттыққа тек қана әйелдер ғана емес, сол секілді ерлердің де үлесі барын ескертеді. Бірде ақын:

«Болыңдар ерлі-зайып тату-тәтті,

Басыңнан қуалама қонған бақты.
Дастарқанның болмайды берекесі,
Ері сараң, әйелі болса қатты...
Әйелің жаман болса қатар сілең,
Отбасы күнде-күнде әуре-сүрең.
Қарайды қабағыңа келген қонақ,
Болмайды дәм-тұзыңда ешбір ірең
Келеді кейбір әйел сыбыс құмар,
Ер қайтып ондай жанды тыныс қылар?
Қонағың аттанғанша шыдай алмай,
«Құдай» қарғап құрғырың ұрыс қылар» деп мінезі шайпау әйелдердің бойындағы кемшіліктерді әшкерелей көрсетіп, жастарды ондай қылықтардан аулақ болуға үгіттейді.

«Қолы ашық адамның-жолы да ашық,
Қор болмайды ешкімнен сөзден сасып.
Адамға алыс та дос, жақын да дос,
Жүресін арасында алшаң басып» дейді қарт ақын. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізі – ізгілік пен ынтымақта, бір-біріне деген сенімінде, сыйластық пен шынайы түсінушілікте екенін уағыздайды.

Бұдан кейінгі жырларында әйел қауымының ырысы, отбасының береке-бірлігі адалдықта, адал еңбек етуде екенін жыр тілімен түйіндеп, құдай қосқан қосағына адал болуға шақырады. «Бата» деген жырында келіндеріне бата бере отырып:

«Сұлулық еңбекте,
Еңбекпен өнбекте...
Қосағың серігің,
Адал бол еркекке.
Қосылған жарыңның,
Көзіне «шөп салма»,
Қиынын бер де,
Қисыны кел де,
Қолда барыңа,
Береке бер де!»

Ақын творчествосында арнау, жоқтау өлеңдері көп орын алады. Осындай өлеңдерінің бірі – қазақ халқының бұлбұл әншісі Күләшқа арналған ән-өлеңі.

«Қарағым, қарындас,
Қара көз, қиғаш қас.
Бұраң бел, қолаң шаш,
Күләштай жан тумас.
Халықтың бұлбұлы,
Әйелдің дүлдүлі.
Мезгілсіз үзілді -ау!
Отанның нұр гүлі...».

Кенен осы жоқтауында мезгілсіз қайтыс болған талант иесінің бейнесін сомдап, өлең тілімен ескерткішін жасайды.

Ұл-қыздарынан немере-шөбере сүйіп отырған, бақыт құшағындағы қарт ақынның осыншалықты ел құрметіне бөленіп, абырой-атаққа кенелуіне сенімді серігі Нәсиха шешейдің де үлесі мол болса керек. Ақын ата өз жарының асыл қасиеттерін дәл басып:

«Он алты жастан қосылдым,
Көңілімді тапқаны-ай...
Қабағының ашығы-ай!
Пейілі елге азық-ай.
Көрші ату, жекжат мәз,
Мінезімен жаққаны-ай!
Әрбір ісі тамаша-ай,
Ала көйлек, ақ көңіл,
Ағайын мен абысынға,
Көрсетпеген бір зейіл..» деп мақтанышпен жырына қосады. Ақын ата халқының қамымен ел аралап, айлап-жылдап жол жүріп кеткенде, ақылгөй ана үй шаруасын ұстап, сол отбасының береке-ырысы болған ғой. Бір-біріне сай қосылған екі адамның бір-біріне деген сый-құрметі алдымен өз семьясына, содан соң жас ұрпаққа үлгі боларлықтай.

Ақын қос ұлы Базар мен Назар өлгенде тұяқсыз, домбырам иесіз қалар ма екен деп, мұңын жасырмай, қайғысын жүрегінен жарып шыққан зарлы әні арқылы туған халқымен бөліскен еді. Ақын зарына табиғат та иігендей, Кенекең елу жасқа келгенде өшкен шырағы қайта жанып, дүниеге нәресте келеді. Оның өмірі ұзақ болса екен деген ниетпен есімін (Төрт кемпір бір шал) Төрткен қояды. Төрткеннің соңынан екі ұл, екі қыз туады. Ақын жүрегі қайта жасарғандай елжіреп, семьясы зор қуанышқа, үлкен

бақытқа кенеледі. Көп жыл жас нәресте көрмей аңсатып келген Төрткені бойжетіп, өз алдына отау тіккенде ақын ата жүрегінен жырып шыққан әкелік ақ тілеуін білдіріп:

«Бақ берсін барған жерде, Төрткенім-ай,
Өзіңді аңсап жүріп өпкенім-ай...
Біз емес баяғыдай малға сатқан,
Жібермей сүйгеніне зар жылатқан...
Болыңдар тату-тәтті, балаларым,
Еңбек ет ел-жұртыңа шын жүректен,
Сұрайтын менің қалқам, Төрткен сенен...» деп қимас сезіммен әніне қосып, тек ақынның ғана қызы болмай, ел баласы болуын тілейді...

Кенен ата сарыла аңсап күткен, болашақ өз үйінің иесі болған Көркемжаны үйленгенде, алғаш табалдырығын аттап келін боп түсіп отырған Дина келінге:

«...Асқар белім, шалқар көлім, келінжан,
Жұбанышым, қайрат күшім, келінжан...
Тау текедей тау-тасқа аттап кетпе,
Кір жастықты басыма жастап кетпе.
Колхозыңда театр, кино жоқ деп,
Көркемжанды қалаға бастап кетпе...» деп жаңа түскен келінді ата-енеңе, туған-туысқа қайырымды, мейірімді болуға шақырады. Ақын атамыздың бұл «Келінжан» деген әнөлеңі екінің бірінің аузынан түспейтін халықтық әнге айналып кеткен. Бұл күнде Дина апай ата сенімінен шыққан, қонақжай, мейірімді, кішіпейіл, бес бала сүйіп отырған қадірлі ана.

Қазір тоқсан жасқа толғалы отырған ақын атамыз Кенен Әзірбаев өзінің ақ отауында өткен-кеткенді еске алып, немерелерінің ортасында бақыт пен береке құшағында, елдегі болып жатқан өзгеріс-жаңалықтарға құлағын түріп сергек отыр.

Қадірлі де, сүйікті ақынды ауылдастары төңіректеп, халжағдайын біліп, түрлі аңыз-әңгімелерін естіп, көңіл күйін көтеріп тұрады. Халқының мол ықыласына бөленіп, зор құрметіне ие болған ақын атамыздың әлі де өзінің өлмес жырларындай, халқымен бірге ұзақ жасай беретініне сенім – шүбәсіз.

«Еңбек туы» г-ті, 26 апрель, 1974

Смайыл Қалипанов

ЖЕТІСУДЫҢ ЖЕЗТАҢДАЙЫ

Бүгін қазақ халқының, тіпті бүкіл совет елінің дарынды майталман ақыны, асқақ үнді әншісі, талантты композиторы Кенен Әзірбаевтың туғанына 90 жыл толуын республика жұртшылығы салтанатты түрде атап өткелі отыр. Біздің тілшіміз осы бір ұлағатты күнге байланысты Шу ауданындағы Кенен атаның көзін көрген іні – жолдастарымен кездесіп, ол туралы әңгімелерін тыңдап, қағаз бетіне түсіріп қайтқанды.

Алғашқы кездесу аудандағы ірі шаруашылықтардың бірі «Белбасар» колхозын ширек ғасырдан аса басқарған қазіргі кезде одақтық дәрежедегі дербес пенсионер, Еңбек Ері Хати Сауранбаевпен болған-ды. Ол Кенен атаның осы колхозда бірнеше рет болғанын, жақсы көрсеткіштерін мадақтап, кемшілігін сынап, колхозшылар алдында өлең айтып, өнер көрсеткенін еске түсірді. Сонымен қатар, Кенекеңнің адамгершілігін ерекше атаған-ды. Онда Хати қария Кенен Әзірбаевтың 1936 жылы Қазақстан өнерінің Москвадағы алғашқы онкүндігіне Жамбылмен бірге барған сапарында сол атаға көрсеткен адамгершілік қасиетін ерекше атады. Жамбыл қария жол-жөнекей сырқаттанып қалады да, оны сол кездегі жас жігіт Кенен күтеді. Риза болған Жамбыл Кененнің бетінен сүйіп, ағынан ақтарылып, ақ батасын береді.

Екінші бір әңгімесі Кенен ақсақалдың жас кезінде бай келіншегі Ләтипа деген ақын әйелмен Теріскей жерінде қақтығысқаны болды. Сонда Ләтипа Кененді кемсітпек болып, оның кедейлігін бетіне басады. Сонда Кенен тұрып:

Мен едім Қордайдағы Кенен ақын,
Жол жүріп жеті бекет келген ақын.
Болсам да кедей-кепшік, өнерлімін,
Шаңыма ілеспейді сендей қатын...

деп жеңген екен. Менің Кенен туралы білетінім осы. Өңгесін газет, журналдар жариялап жатыр ғой, – деп аяқтады Хати ақсақал.

Екінші кездескеніміз Ленин селосының тұрғыны, бірнеше рет Кененмен дастарқандас болған, үзеңгілес ақын Смайыл Қалипанов. Смайыл қария Кененмен бірнеше рет айтысқан, өнер сайысына түскен халық ақыны, сырлас інісі, үзеңгілес досы да. Ол

кісі Кенекеңді бірнеше рет көргенін еске ала отырып, былай деді:

...Бұл 1917 жылдың жазы болатын. Көлқамыс базарына (қазіргі Киров атындағы колхоздың шығыс жағы) саудагерлердің атын бағу үшін барған едім. Түс кезі. Дастарқан басына жиналған шақта, қадірлі қариямыздың бірі: «Мынау жігіт Әзірбайдың Кенені емес пе? Бір ән салып берсін» - деп ұсыныс жасады. Кененнің есімі сол кезде елге жаңа ғана таныла бастаған болатын. Сырықтай ұзын бойлы, киімі жұпыны Кененді менің бірінші көруім еді. Ол қысылған жоқ шағын ғана қара домбырасын шертіп жіберді де, әнді шырқап кетті. Сондағы әсем даусы әлі күнге құлағымда. Міне осы уақыттан бастап ақын Смайыл Қалипанов өлең-жырдың дүлділімен дәм-тұздас болып келеді. Бұдан біраз күн бұрын Смайыл Кенекеңнің аулына сәлем бере барғанда оның өмірін өлеңмен өріп, былайша қағазға түсірген:

Бес жасқа *Кенен келгенше,*
Ата-ананың қасында,
Балапан болдың талпынған.
Он жасқа *Кенен келгенше,*
Тауқыметінен тұрмыстың,
Қауқар болды жарты нан.
Он беске *Кенен келгенше,*
Жүгіріп жүрдің дедектеп,
Қозы-лақтың артынан.
Он жетіге *келгенде,*
Мініп алып Шолаққа,
Қалмадың той думаннан.
Жиырма *жасқа келгенде,*
От болып жандың шалқыған.
Жиырма бесте *түрленіп,*
Тұйғындай ұштың қалқыған.
Отыз *жасқа келгенде,*
Таныстың тегіс халқыңмен,
Отыз бесте *ой түсіп,*
Ұранымен көсемнің,
Айғайың шықты ашынған.
Қырық *жаста жер танып,*
Жігіт пенен жас қыздар,
Қалмады жырлап қасыңнан.

Қырық бесте *табанды,*
Тұлпар болдың керіліп,
Аяқпен жерді тарпыған.
Елу *жаста дүлдүл боп,*
Жетпеді қуған артыңнан.
Алпыс *жасқа келгенше,*
Басылмадың қарқыннан.
Алпыс беске *келгенде,*
Екі-үш жылдай дем алдың.
Жетпіс *жасқа келгенше,*
Жырын жырлап халықтың,
Өлең оты шалқыған.
Жетпіс беске *келгенде,*
Өкімет пен партия,
Той тойлады көпшілік.
Әнге басып жыр жырлап,
Келіп жеттің ***сексенге****.*
Талай адам құмар боп,
Асығып жүр жеткенге.
Қажымай келдің қайратпен,
Толқынды дария өткелге.
Әнің, жырың өзгермей,
Қажымай келдің көш жерге.
Жазылбектің тойында,
Сексеннің келдің үшіне
Кәрілік шіркін кірмейді,
Үш ұйықтасаң түсіңе.
Нәсиха жеңгей қасында,
Қыз Жібектей қырындап
Кіріп жүрдің күшіңе.
Жастық күшпен жырладың,
Ризамын Кенен ісіңе!
Жылжи, жылжи ақырын,
Келдің ***сексен сегізге.***
Балық пенен жайын көп,
Күнде жесең таусылмас,
Кез болыпсың теңізге.
Ақырын басып аяңдап,

Міне келдің ***тоқсанға.***
Енді біраз шыдасаң,
Жүз жасты тұрсың соққанға.
Жырлай бергін Кен аға,
Артыңда қалсын мұра боп,
Тоқталма бұлбұл тоқталма!

Смайыл ақын Кененнің 90 жылдық тойына арнап шығарған өзінің құттықтау сөзін де жазып берді:

Құттықтау сәлем жібердім,
Қабылдаңыз, Кенекем.
Болғалы жатқан алдағы,
Құтты болсын мерекең.
Аталарың атақты
Ораз, Бұқар ел екен.
Ағып жатқан тас бұлақ,
Таусылмайтын көл екен.
Жаз жайлауы шыбынсыз,
Асқар биік өр екен.
Сарыбас пен Шолпанқұл
Ақын болып сол елден,
Тұлпар туған жер екен.
Қасыңа ерген сүйсініп,
Тамашаңды көп тыңдап
Артық екен берекең.
Кедейлермен қол қысқа,
Тапқаныңды бөліп жеп,
Талайға түсті көлеңкең.
Қырғызбенен қазаққа,
Аты шыққан дарынды,
Бірі едің ақынның,
Жырыңды жырлап беруге,
Менде көпке мақұлмын.
Көпшілік үшін жыр жырлап,
Тартпадың басын атыңның.
Қаламыңмен түйреген,
Бірі едің батырдың.
Ішінде толық сайрадың,
Тұсындағы ғасырдың.

Халық үшін жырладың,
Деместен алыс – жақыным.
Пиғылын білер кісі едің,
Досыңменен қасыңның.
Өлеңмен жырлап ұялттың,
Нелер мықты ата ұлын.
Бағасын біліп жырладың,
Жасықпенен асылдың.
Мұңын мұңлап зарладың,
Кембағал мен пақырдың.
Еңбекші елді аралап,
Адалдықтың жолына,
Ұран салып шақырдың.
Отан соғысы кезінде,
Күндіз түні көз ілмей,
Дауысың шығып ашылдың.
Тірлігің болды құрметті,
Сондай болар ақырың.
Алдымдағы аға едің,
Жолдастықты атқарып,
Жырыңды жырлап жатырмын.

Қарт ақынның архивінен, 1974 ж.

М. Тоқбергенов

АССАЛАУМАҒАЛЕЙКУМ, КЕНЕН АТА!
(Кенен Әзірбаевтің туғанына 90 жыл)

Жұлдыздары жамыраған айлы түнде кенет керует басындағы кішкентай қоңыр домбыра сыбырлағандай болды. Өзіне ғана таныс, ежелгі қуатты тұлпардай сілкініп шыға келгенде, ата шыдай алмай оң жамбасқа бір аунап түсті. О, мың иірімді табиғат-ай, жиырма бес айналып тағы бір соқпаса не етті...!

Домбыра айтты:

– Уа, жасы үлкен ұлағатты қариям, бір-біріміздің сырымызды жетік білмеуші ме ек. Көресіз бе, анау жарық жұлдыздар «Алатау-

ды жаңғыртып ән сал» деп жымыңдайды бізге.

Сыры беймағлұм түпсіз әлем өзінің бар жарқылымен қоңыр домбыраны жамырай қостап, қуанып жатқандай. Бақ ішінде, ай сәулесі астында өз ырғағына кез келген батыр тұлғалы адам буырқана берді.

Қоңыр домбыра сонда тағы бүй деді:

Баяғыда жан серігің – қоңыр домбыраңды өзің жасадың. Екеуміз мәңгі ғұмырлы өнер өмірін кештік. Бірақ... Аздан бері серігіңді қолыңа ұстамайтын боп барасың. Төсектің басына қыстырып қойғаның не?

– Уа, мынау не дейді?

Кенен ата кеудесін шалт көтеріп алды да, қоңыр домбыраға жармасты. Бір дауылпаз әуен жалт етіп шүйіліп, көк иық қырандай қайта самғап, қайта сорғалайды.

Көрші төсекте ұлы жатқан. Түнгі дамылдың әдемі сүре шағына ауғанда оны оятса да болар еді. Бірақ, Атаның мінезі тым бөлектін.

– Ей, Бақытжан, «Шұбаратқа» ер салшы, - деді. Көп созып басқа ештеңе айтқан жоқ. Бұйрығы да, ілтипаты да осы болды.

Бақытжан әдеппен тұрып, ай жарығымен ширақ қимылдап Шұбаратты тез-ақ ерттеді. Балалар бұған үйренген. Олар білетін: атаның мұндайда айтқаны – нотамен ойнағандай дәл, әрі тез орындалуы керек.

Кенен ата атқа тік қонып, албыраған алакөбең сәулеге араласып кете барды. Шұбарат та иесін жаттап алған. Қойнау өрістің жұпар иісін бетке алып, жұлқына желпінді. Құлағын қайшылап, желік танытып, құбылып алған. Кенен атаның аттары жайлы, төменіректе тағы бір айналып соғармыз. Дәл қазір Шұбараттың қияс мінезі жайлы бір ауыз сөз. Ол бір алақұйын. Әнтек соққан жел дірілінен жалт беріп, тастап кетер еді.

Әкем-ау, онда қарт адам үркек асаумен түн ауғанда қайда аттанды?

Баланың монологы: «Біле алмай келем. Ол қандай күш? Ғұмырдың шын қуанышы ма, қаныққан мәңгілік үлкен сезім бе, мүмкін, өнердің азабы шығар. Жерге, елге деген сүйіспеншіліктің формуласы, бәлкім, осы болар. Иә, осы шығар...».

Автордың монологы: «Олар тудырған өнер халықпен араласып мәңгілік боп кетеді, дастанға айналады».

Ендеше, әлгіндегі – ақынның табиғи күйі. Ондай сәт келгенде ақын елегізіп, байыз таба алмайды. Кенен ата дәл осындай кезеңде, жауырын арқасы жеңіл бусанған сәтте түні не, күні не, дауылы не, асауы не бәрібір болатын. Көкіректегі күш ештеңеге бас игізбеді. Кенен атаның бұл қасиетін өзінің мынау алтын босағасы ауылы, бүтін өлкесі жақсы білетін. Тағы да талайымыз сырттай есітіп, біліп жүретінбіз.

Кенен ата қыр басына шығып, әлгінде туған әнді іштей қайталап ұзақ жүрді. Ауылға таң саз бергенде ғана оралды. Атаның бұл келгені – тағы бір үлкен той еді. Жаңа келбетпен шырайланып, балаша масайрап, думан қызығын бастап кетті. Осы бір нұрлы қуаныш сәтінде сіз өз назарыңызды, сөзсіз, Мысбала әжеге бұрар едіңіз. Үйдегі ең қарт адам – осы кісі. Жүзге келген. Бәріне әже. Ұйыған әдемілік пен қуаныштың мөлдір ағыны осы кісіден басталары анық. Кенен ата Мысбала әжені «Үлкен кісі» деп те атайды екен.

Кенен ата думанды халде, әжеге ет турап беріп отырғанда домбыра тағы былай дер еді:

– Есіңде ме, бала кезде жаяу жарысқа қосылып елден оқ бойы озып кеп, қозы ұтып алатының. Жадау үйдің шаңырағына он жасыңда-ақ жамау болмап пе ең. Ұшқын атқан от мінезіңді, күшіңді жұрт сонда байқаған...

Еркебай кез болды. Ол – орысша оқыған, ауылдың кедей азаматы еді. Кененді сыртынан барлап жүреді екен. (Кенен атай күні бүгінге дейін Еркебайдың есімін құрметпен айтып отырады).

Бір күні ол:

– Әй, осы сен балада өнер де, мінез де бар екен. Үлкен ақындармен жүздескің келе ме? Жүр, апарайын сені, деді.

Сол жолы Шәбден батырдың асына Жамбыл, Шашубай, Қатағаң, Сарбас сынды ағынды, сүре ақындар тегіс жиылған болатын. Қара құрым халық жүзіктей дөңгеленіп, жұтына ентелейді. Кенет домбыра безектеп, қырғыз-қазақ жазығында ән кетті парлап. Оттай ыстық, айбынды әуен. Кенен бала алғашғы сәтте жанары мөлтеңдеп, батылы бармай, шегіншектеп қалған еді. Ол мұндайды көрмеген. Алыптардың жекпе-жегін, жыр шайқасын білмеген. Енді ғана барып ес жиды. Әуендері де, қимылдары да сан-сапат. Сөздері қандай салмақты. Салмақты сөздер зор қайратпен жанаса қалғанда ұшқын атылады. Сол ұшқын мынау тамам адамды

қыздырып алған. Тұтанып кетердей. Жыр әуені тізгінін үзген асаудай, ырық бермей ағындайды.

Кенен бала сайрап жатқан әлгі сезімдермен міз бақпай тұрып қалыпты. «Жүр» дегенде ғана барып ес жиды.

– Қайда?

– Кездесуге келген жоқпыз ба!

Ол аталардың алдында именшектей келіп, ибамен сәлемдесті. Сын көздер оны біраз үнсіз тергеді. Содан соң:

– Ал бұған қайтпек керек? – деді кең маңдайлы адам.

– Жәке, бұл Кенен деген бала. Талабын көрсетпек ойы бар екен, – деді ертіп келген Еркебай.

– Жарайды, ән салып көрші.

Көстеңдемей, елпеңдемей зерделі балаға лайық келетін әдемі ибамен жер тізерлеп отырды да, ән бастады. Бойында білінер-білінес діріл, жүзінде жұқалтаң қызғылт дақ бар-тын оның.

– Мына қалпыңа қарағанда адамды оп-оңай баурап алатын өнерің бар секілді. Түбі көз жазып қалмаспыз. Жолың болсын, бала!

Бұл шешім сөзді айтқан Сарбас ақын еді.

Өмірде ұрпақтардың ұштасқан, жалғасқан тұсында туатын тағы бір ұлы қасиет бар. Ол – «мен үлкен, сен кіші» демейтін мәңгіге құлай берілетін кіршіксіз достық, сыйластық. Сол достық Жамбыл мен Кенен аталардың арасында мызғымас күйде болған. Жас айырмашылығына қарамай туатын достық - өнерге бас июден, өнерді сыйлаудан шығады.

1936 жылы Мәскеуге декадаға барғанда әлдебір себеппен Жәкең мен Кенен екі қонақ үйге түсіпті. Сонда Жамбыл ата мазасызданып, «Апырай, мына шайларың болмады ғой, Кенен қайнатқан шайды ұнатушы ем», дей береді. Ақыры екеуін бір қонақ үйге орналастырады. Бұл қарапайым мысал. Бірақ, сол қарапайымның астарында бір үзік үлкен ой жатыр. Алғадай қайтыс болғанда Жамбыл ата қатты тебіреніп, қайраты мұқалып, бас көтермей жатып қалған. Сонда Сәбит Мұқанов сонау көне Қордайдан Кенен ақынды алдыртып:

– Жәкең жатып қалды, сергітетін күш сізде ғана бар, – деді ол. Сол жолы ұлы ұстазын, ғасырға жуық жасаған жыр алыбын Кенен ата сергітіп-ақ тастаған екен сонда. Ол қандай күш еді?..

***

Бағанағы әңгімені жалғайық.

Кенен ата сол масайраған шат күйімен далаға шықты. Түндегі нұрлы сезім бой-бойына тарап, әлдеқандай лаулаған күймен ән әуенін лекітіп «Шұбаратқа» беттеді. Тағы да мамырлап жатқан көк жазыққа шығып, сағынтып келген бозторғайдың көктемгі әнін тыңдамақ ойы бар еді.

Кенет қоңыр «Волганы» шұқылап жүрген Бақытжанды көріп тоқтап қалды. Сол сәтте қырағы көңіл жалт етіп, «бүйтсем де болады екен-ау» – деп көлденең ой ойлады. Бақытжан да «не айтайын деп едіңіз, құлағым сізде», дегендей еді.

– Бақытжан, ана «Ақан міне алмай кеткен Құлагеріңді» бапташы, – деп қалды. Кенен ата басқаларынан гөрі қоңыр Волганы өзі ұнатып осылай деп атайтын.

Бақытжан аң-таң.

–Астанаға бармағалы да көп болды ғой. Қаланың көктемін көріп қайталық, – деді коңыр дауыспен.

Ауылдан шығып, ұзақ жолға түскенде, Бақытжан жылдамдықты үдете берген. Кенен ата баяғы көкпардағыдай қайшыласқан машиналардың арасынан суырылып шыға бергенді ұнататын. Бала көңілі оны сезеді. Ақшыл, көкшіл «Волгаларды» бастырмалата кеп, тез-ақ сытыла шығып, ұзап келеді. Кейде алдағы машина оздырмай қайқаңдағанда, екеуі қатарлас кеп, жол табанына таласқанда Кенен ата шыдай алмай, орнынан сәл көтеріліп, желпіне:

– Ей, балам, қамшы бас! – дейді.

Екі қолын алға созып, басы қатты жүйріктің тізгінін шымшымдап жіберіп отырғандай мақам аралас өткір сезім жалт етеді. Жанары шоқтай жайнап, бар денесімен сілкіне алға ұмсынады. Шықшыт еттері қозғалып, бұлт-бұлт ойнап өзінің қанға сіңген кәнігі машығына біржолата беріліп кетеді.

Баланың монологы: «Атам осы баяғы «Балақасқа» жүйрігімен келе жатыр-ау шамасы».

Атаның монологы: «Ақанның Құлагері бұлай шаппаған! Қолтығын қайда кеткен, бәтір-ау!».

Жоғарыда айтқан келісім бойынша Кенен атаның аттары жайлы бір ауыз сөз.

Бұл ұзақ ғұмырда олар қанша болып еді!? Бірінен-бірі өтіп, талайы ұмыт та болған шығар. Кейінгілері – «Балақасқа»,

«Айқасқа», «Көкаяқ», «Шұбарат», «Ақбозат». Тұлғалары бөлек, оқшау болғанмен, шіркін-ай, мінездері бірбеткей ұқсас еді. Құлақтарын қайшылап, үркек сәнменен судағы балықша иіліп қайта серпілетін. Кенен ата осындайларын ғана ұнатқан. Мінез ғой. Қарақалпақстаннан алдырған шу жүйрік «Айқасқаны» Сәбит әкеп сыйлағанда, Кенен ата қалай қуанып еді. «Шұбарат» пен «Ақбозат» ше?

***

Кейінгі бір жылдары ауылға Мұхтар Омарханұлы Әуезов келді. Жүрісі тым суыт екен.

Мәскеуде жыраулардың конференциясы өтетін көрінеді. Соған орай мынау бір шаруаны сізге арнайы бұрылып әкеліп отырмын. «Тайбурылдың шабысы» деп атадым, өзім өңдеп, қарадым. Қырық беттей. Жарым айда жаттап үлгергеніңіз жақсы. Ең қиыны осыны әрлеп айтуға әуен керек. Осы жағын ұқыптырақ ойласаңыз, - деді Мұқаң.

Жарты айың – он бес күн ғой. Ым... Жаттауына да, әуеніне де үш күннен кейін келсең болар...

Айтқандай-ақ үш күн өткен соң «Тайбурылдың шабысын» алапат әуенмен безеп, кей жерін қайта өңдеп, қай тұсына өз жанынан ағылта қосып, қырық бетті жүз елу бет көлемінде орындап берді. Мәскеуден де үлкен жүлдемен оралды.

Біраз күн өткен соң Мұхтар семьясымен Кенен атаға арнайы қонаққа келді. Олар бірер күн жатып, еркін сырласты. Қоштасарға келгенде Мұхтар жүрегінде жүрген мына бір шындықты айтты:

– Шындықты мойындау, Кенен аға, бірінші парызым. Сізді осылай болар деп ойламаушы ем. Көп жылдар бойы халық ақындарының бірі деп онша ескермеппін. Амал-ай... Тұла бойыңыз өнер, мүдірмейтін майталман екенсіз ғой. Сізден бәрі табылады. Шексіз көк мұнар далам секілді, – деді.

Сол шексіздіктің бір үлкен тарауы Кенен атаның актерлік өнері екенін де біз көп біле бермейміз. Жамбыл, Шөже, Шашубай, Үмбетәлі, Сарбас сынды алыптардың өз қимылы, өз мақам-әуендерін, бойдағы бар болмыс жұмбағын, әлпет-күйін аудырмай көрсете алу – Кенен атаның ғана қолынан келер еді.

Бұл күндері Кенен атаға сәлем беру үшін ауылға балалар, қайбір көз көрген үлкенді-кішілі адамдар жиірек келіп тұрады.

Сонда қарттың жүрегі елеңдеп, жастардан әңгіме күтеді. Кей сәтте терең оймен сырласқысы да келеді.

Қарағым, жастардан кім шығып келеді? – дейді Кенен ата отырып-отырып.

Атаның сағынышы шығар бұл. Әр күннің жақсылығын сағынғаны емес пе, жас дос-ау!

«Білім және еңбек» ж-лы, № 5, 1974 ж.

Сәуірбек Бақбергенов

ШАТҚАЛҒА БІТКЕН БӘЙТЕРЕК
(естелік-эссе)

Бозторғай шырылдайсың жер түспей,
Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолымдағы,
Сандалып қой артында азар кешке.
Бозторғай, шырылдайсың шіркін-ай,
Құтылар күн барма екен,
Қой жаюдан бір күн-ай!

Бұл қазір тоқсанға толып отырған Кенекеңнің бұдан жетпіс жеті жыл бұрын, он үш жасында қой бағып жүріп шығарған әні. Бұл ән бүкіл қазақ даласына сол кездегі қойшылардың мұңы мен зары, ащы айқайы боп тараған. Бұл әнді Кененнің өз аузынан Балуан Шолақ тыңдап, баға берген. Жетісуға саяхатпен келген әнші балуан өзіндей әнші болатын жас баланы көріп маңдайынан сипаған. Жүрген жеріңде Шолақ балуанның әндері екенін айта жүр деп, өзінің он екі әнін Кененге үйретіп кеткен. Ол әндер Жетісуға түгел тараған.

Кененнің тұңғыш туындысы – «Бозторғай» әні мен алғашқы өлеңіне жетпіс жеті жыл, өзіне тоқсан жыл толып отыр. Өнер сүйген адамды қуанта алатын бұдан артық мереке бар ма?

Өз басым Кенекеңді ұлы отан соғысынан кейін кездестірдім. Соғыстан кейінгі өлеңдері мен дастандарын жинап құрастырып және сол кітаптың редакторы болдым. Соны алып Кенен тұратын Отар станциясына бардым. Ол ауырып жатқанына қарамай, мені

өте жылы, әкелік мейірмен қарсы алды. Содан бері отыз жылға жуық уақыт ішінде мен Кенен ауылына соқпай өткен емеспін. Бұл кісі жайында талай-талай очерк, әңгіме жаздым. 1960 жылы «Бозторғай» атты повесть жазып, бастырдым. Ақыры Кененнің бір томдық толық жинағын құрастырдым. Ол жарыққа шықты. Осындай жақындықтың арқасында Кененді жақсы біліп, түсіндім десем артық болмас. Бірде Кененнен сұрағаным бар:

– Осы Кенеке, сіз кедейшілік қорлықты көп көргеніңізге қарамай, көп жасап отырсыз. Сондағы құпияңыз қайсы, айтпайсыз ба? Кенен күлді. Жымия отырып айтты:

– Көп жасағандықта қандай құпия болады? Ешкімнен артық ішіп, артық кимедім. Бар сүйеуім – өлеңім мен әнім. Алдымен өлең шығарам. Бұл бір қуаныш, оған ән іздеп табам. Таба қалсам тағы қуаныш. Ал, сол екеуінің басын қосып, домбырамен шырқай жөнелсем өзінше қуаныш. Әсіресе, соңғы үшіншісіне жеткенде, әнге салған кезде, өзіме қанат біткендей желпініп, көңілім өсе түседі. Мүмкін, мені алысқа, осы күнге жеткізген мол қуат, осы шабыт шығар. Оны кім біледі?,– дегені бар. Бұл да бір тамаша сөз, ата сөзі, әкелік мәнді ой.

Меніңше Кенен тәрізді қос қанат талант, сәйгүлік тарлан, тамаша өнер адамы үшін бұл аса зор қуат беретін жәй. Шындығы мол. Олай дейтінім, басқаны білмеймін, өз басым осы адамды көрген сайын ғажап бір ойларға қалатыным бар. Ең алдымен ол маған тамаша бір биік өскен, мәңгілік дарақ ағашының алып бір бұтағы тәрізді боп көрінеді.

Бұдан бірнеше жыл бұрын, сонау Ыстықкөл жағасында, Шолпан-Атада әуелеп дара өскен, аса үлкен бір жаңғақ ағашының саясында ақын Сырбай Мәуленовпен отырғаным бар. Жергілікті адамдардың, қырғыз туыстардың айтуынша бұл ағаш екі жүз жылдан аса тұрған көрінеді. Сонау бір жылдары осы ағашқа киелі деп жергілікті ел қариялары табынатын да болған. Шынында, әлгі дарақ бұрын жаңғақ ағашын көрмегендерге ғажап та, керемет те ой салады. Ол ерен көп бұтақты, содан да көлеңкелі, саялы. Мынау ағаш үлкендігімен, жуандығымен немесе көп жасағандығымен сәнді емес, әдемі де емес. Бірақ ол ең алдымен әрқайсысы бір-бір дараққа татитын құлаш-құлаш жұмыр да салалы бұтақтарымен, әрқайсысы алып жігіттің жайған алақанындай жасыл жапырақтарымен көрікті еді. Ол шілденің бет күйдірген керімсал ыстығында сая да, көлеңке

де бола алады. Алатаудың бетқарыған суығында жел тидірмес панасымен, ығымен әдемі. Ең соңында бұл ағаш исі жұпар аңқыған жемісі майлы да, дәмді жаңғағымен, дәнімен де бағалы.

Сол ағаш менің есіме бекер түсіп отырған жоқ. Сонау бір кездерде, қазақ даласында өлеңін де, әнін де өзі шығарып, оны ел алдында өзі орындайтын Біржан, Ақан сері, Жаяу Мұса, Әсет, Мұхит, Мәди, Естай, Ыбрай, Жарылғапберді, Шашубай, Балуан Шолақ, Ғазиз, Майра, кешегі Нартай тәрізді серілер болмап па еді? Кенен сол серілердің, әнші-салдардың, сол жезтаңдай бұлбұлдардың ең соңғысы, солардың алып бір бұтағы, сал соқты болған емендей қатты бір тармағы боп көрінеді. Ыстықкөл жағасындағы алып тұлғалы жаңғақ ағашы менің көзіме қазақ жерінің мәңгі өлмес әнші, өлеңші, ақын, сері тобын осылайша елестетіп еді.

Кенен аққөңіл, елгезек, сері мінезді, кейде, тіпті, бала мінезді адам. Кейде, әрине, көңілі түссе көлдей, көңілі түспесе шөлдей, қырсығып, тіл қатпай отырып алады. Оның сырын білетін адам, ұзақ та дәмді әңгімеге бату үшін көңілді кезін, ұрымтал жерін іздеп таба алады. Шешіліп кетсе, көргені, білгені, түйгені көп кәрі тарлан көсіле жөнеледі. Нағыз жүйрік айқай кезінде, қызған кезінде шабады ғой.

Сол жүйрік – атақты халық ақыны, әрі әнші, әрі композитор, Қазақ ССР-інің өнерге еңбек сіңірген қайраткері Кенен Әзірбаев. Ол Жамбылдың әрі інісі, әрі шәкірті, әрі жолдасы, әрі замандасы. Кененнің ағасын сыйлауында, құрметтеуінде, өзіне пір тұтуында мін жоқ. Ол кісі осы күнге дейін Жәкеңмен сан рет жиын-тойда, айтыстарда кездескенін аңыз етіп айтып отырады. Оның мұндай әңгімесінде сүйсіну мен мақтаныш сарыны жатады. Батасын алып, өзіне ұстаз санаған адамды Кенендей сүйген жанды көрсем, кеудесіне әрең сиып тұрған алып жүрегі бар екен дер едім. Ағаға қарап өскен өнегелі іниі айт. Сондай әңгіме үстінде Кенен:

– Біз мына көрші жатқан қырғыз елімен ежелден туыспыз, құдандалы-жекжатпыз - деп бастайды әңгімесін – Қырғыздың тойжиыны біздің де қызығымыз. Біздің тойымыз – олардың мерекесі, тамашасы. Қайда, сонау бір жылдары, төңкерістен бұрын, менің балаң-жігіт шағым еді. Жамбылдың атын естіп, өлең-жырларына қанық болғанмен өзін көрмеген кезім. Көруге, сөзін, өлеңін естуге, бетпе-бет отырып сөйлесуге құмар-ақпын. Өстіп жүргенімде туысқан қырғыз елінде Шабданның асы деген ұлан асыр ас бол-

ды. Сол асқа Алатаудың бүтін күнгейі мен теріскей бетін түгел шақырды. Мен де шақырылдым. Қырғыз халқы да, қазақтар тәрізді меймандос, дархан халық. Бірнеше күндер бойы бәйге, көкпар, салым, күрес, тағы басқа тамашалар болды. Соның бірі ақындар айтысы. Осы айтыс болатын күні таңертең Жәкеңмен кездестім. Әлі есімде ол мені көрген бойда:

– О-у, Қасқараудың жүйрігі Кенен деген сен бе едің? Түнде көрші үйден дауысыңды естіп едім. Енді өзіңді көрдім. Өлеңің мен әніңе қанықпын. Сені мен Алатаудың бір биігіне санаушы едім. Сөйтсем, көк шолақ мінген қара сирақ бала екенсің ғой! – деп иығымнан қағып, әзіл айтты. Даусың әдемі. Мұндай дауыспен ақын адам алысқа шапса керек.

Ұстаз алдындағы шәкірт балаша әдеп сақтап, үн қатпадым. Жәкең менің қысылып қалғанымды тез байқады. Артынша осы іркілістің шешуін өзі тауып кетті:

«Кененді бұлбұл дейді елдің бәрі,
Кетіпті жақсы көріп жас пен кәрі.
Төрт аяғы тең жорға жас арғымақ,
Жүрегімді тербейді-ау салған әні!».

Жәкең табан асты суырып салды. Жұрт қаумалап Жәкеңнің сөзін қуаттап кетті. Әншілік шоқтығым көтеріліп, мерейім өсіп қалды.

Міне, осыдан басап, Кенен мен Жәкең әрі дос, әрі ағайын, әрі жолдас болып кетті. Бұл оны ұстаз тұтты, атын, ақындығын, оған қоса үлкендігін сыйлады. Жәкеңнің шаң жұқтырмас саңлақтығын, ақындық қуаты мен шабытын, айтқыштығын Кенен сонда көрген. Жамбыл сөзде де, өлеңде де бәрінен озық тұрды...

...Жамбыл ата аста ешкіммен айтысқан жоқ. Айтысқандарға төреші боп, билікті өлеңмен айтқан. Оның бұл билігіне ешкім дау айтып, қарсы шыға алмаған. Міне, Кененнің пір тұтқан, аға тұтқан адамы осындай алғыр, қамшы салдырмас бозтарлан еді.

Бұл жерде Кенен ән салды. Алатаудың аясында қанатты ән қалықтап, көлбеп тұрып алды. Қанаты діріл қағып, асқақ көтерілді. Тау аясынан көл көрген құстай төңкеріліп, ән сазы түннің көгілдір тұнығында көпке дейін мамырлап тұрып қалды.

– Бұл кім?

– Кенен.

– Қайдан екен?

– Қордайдан...

...Кенен Жамбылды сонау 1913 жылы Іле өзені бойында Романовтардың таққа отырғанына 300 жыл толуына арналған жиында көргенін айтады. Мұнда да Іле өзені бойына 300 үй тігіліп, мереке болған. Бүкіл Жетісу өңірінің қасқа мен жайсаңдары, орыс, қырғыз, қазағы жиналды. Өлең, айтыс, бәйге болды. Бірақ, бұл мерекеде Жәкең үн қатпай кетті. Қайта «Мен өзім көрмеген патша жайында ештеңе айта алмаймын» деген адамша тұйық жүрді. Бұдан Кенен Жәкеңнің мінезді адам екенін көрген еді. Өз айтқаны, өз дегені болмаса, басқаға бас имейтін қайран Жәкем осындай қайсар, өзіне-өзі берік, айтқанынан қайтпайтын қайратты, бір бет адам болған. Ұзын бойлы, сұңғақ жас жігіт, ағасының осындай адам екеніне іштей сүйсінген де, мақтанған. Бұл өзінің ақындық құдыретіне сенуден, өзін елдің, қара халықтың сөзін сөйлеп, мұңмұқтажын айтамын деген биік ойдан шыққан мінез екенін аңғару Кененге қиынға түскен жоқ.

Күн қуып, күн артынан талай уақыт өтті. 1921 жылы Жәкең мен Кенен тағы бір үлкен жиында кездесті.

– Осы жылы – дейді Кенен Ораз Жандосовтың басқаруымен Алматыда Жетісу ақындарының айтысы, кеңесі өтті. Оған қатыспаған бұл өңірде ақын, әнші қалмады. Осы жиында Жамбыл басқаша көрінді. Ол теңдікті, бостандықты, өзі тәрізді кедей қауымның бақытын жырлады. Ол ерекше шабытпен көзге түсті...

Жетісу ақындарының сол 1921 жылғы кеңесінен соң Ташкентте шығатын «Төте оқу» газетінде ғалым Шамғали Сарыбаевтың «Жетісу ақындары» деген мақаласы басылған. Осы мақалада Жамбыл мен Кенен аты ерекше аталады. Бұл әрине, халық ақындарын біз кейінірек отызыншы жылдары іздеп тауып едік дейтін «дүмше» ғалымдарға жауап. Өйткені бұл екі алыптың ел аузындағы атағы ертеден-ақ бар болса, баспасөздегі атағы сол жиырмасыншы жылдардан басталған.

Кенен өте кішіпейіл. Ол әңгімеде өзіне соқпай Жамбылды алға сала береді. Киіз үйдің есігін ашып, алға үлкенді салған елгезек бала сынды болып кетеді.

– Сонау, Кавказға, грузиннің Шота Руставели деген ақынының тойына Жамбылдың үзеңгілес жолдасы болып бардым. Мынау өзіміздің Мұқамеджан Қаратаев жақсы біледі. Қасыңа кімді аласың десе? Жамбыл тұрып Кененді алам депті. «Кененсіз ешқайда бар-

маймын» деп отырып алыпты...

...Жәкеңнің Кененге деген бұл ілтипатында ағаның інеге деген сүйіспеншілігімен бірге, ақынның ақынға деген құрметі бар. Сонымен қатар Жәкең сөзге ерекше мән беретін, оның құдыретін сыйлайтын, сөз күшіне бас иетін адам...Осынау екі алыптай ұл туғызған менің халқымның ең бір асыл қасиеттерінің бірі сөзге тоқтау, сөзден жеңілу, ақылды сөзге бас ию болған. Көзге жас ала отырып, бас иетін қасиет емес пе?!

Жамбыл мен Кенен – Алатау бөктерін төл жайлаған, егіз қозыдай даңқты ақындар. Бұрынырақ, әсіресе, жастау шақта, бойда күш-қуаттың молдау шағында, бұл екі ақын тізе қосып, үзеңгі қағысып, бір шеті туысқан қырғыз жерінен бастап, Іле мен Шу бойын, Әулие-Ата мен Мерке өңірін, Балқаш пен Қаратал жағасын, Кеген мен Нарынқол аймағын, Алматы мен Қордай ауылдарын бірге аралап, өлең-жырды бірге айтқан. Бірі жырдың, бірі әннің құдыретіндей көрінетін., бірінің кемін бірі толтырып жататын...

Кенен еңселі бәйтеректей биік те, тұлғалы да, сымбатты адам. Оны кездестірген сайын есіме Қордай тауын көп кезген кездегі ғажап бір көріністер түседі. Тау шатқалдарында өскен биік ағаштарды көрем. Шұбарбайтал, Иірсу, Желдікезең, бойында Кенекеңнің жирен қасқасымен, Оңғарбайдың қара қасқасымен талай-талай түлкі қуып, тау ешкі қуып, шәкірті Асылқұлмен бірге сайран салып жүргенде Кекіліксайдан сымбатты теректерді көргенім бар. Тау жырасына, шатқалға біткен терек. Түзу де әсем. Қордайдың қоңыр желімен шайқалып, жапырақтары судырайды кеп, судырайды. Зәулім ағаштар болмашы жел соқса болды, мұнар басы шайқақтап, жапырақтары сылдырап, баяу әнге салады. Сонау жылдары елден жырақ кетіп, Қордайдың қоңыр желін сағынған Кенен тәрізді теректер де тербетіп, теңселте түстін қоңыр желді аңсайды.

Бірде Кенен маған «Угай-ай» деген әнін үйретті. Сонда «өзім біткен шатқалға бір бәйтерек» деген жол бар. Осы әнді салсам, ақын есіме түспей, оның сымбатты тұлғасы көз алдыма келмей қоймайды. Сонда мен Қордай тауының шатқалында өскен бәйтеректей тұлғалы ақынды көремін. Әппақ сақалы теректің ақ ұлпа гүлдеріндей үлпілдеп теңселеді, тербеледі...

Сонау бір жылы Ақтеректе ұлан асыр той, жиын болды. Боларда болмай, науқас боп жатқан Кененді сол жиынға әкелдім.

Ондағы ойым бұрын көпке үйреніп, халық арасында өскен адам жиын-тойда серги түсер ме екен деген үмітім де бар. Мәселе, тұптура ойлағанымдай болды. Күз еді. Жиын-терін біткен. Ел арқасы босаған. Халық көп екен. Көкпар, бәйгенің неше түрі шабылды. Ат бәйге, құнан бәйге, дөнен бәйге. Артқы жағы әңгіме-кеңес, ән-күй, әзіл-қалжыңға айналып, қызық той болды.

Міне, нақ осы жерде Кенен мүлдем өзгеріп сала берді. Бұрын төсек тартып жатқан адам, екі тәулік бойы кірпік ілмей, әңгіме айтты, ән салды. Бетіне қан жүгіріп, нұр бітіп, көпке үйренген кәрі тарлан мәреге таянғанын сезген жүйріктей шыға шауып, топтан мойын оздырды.

Осы сапарда қасымда Алтынбек Жолдасбеков деген журналист жігіт болатын. Үш күннен кейін Қордайға оралып, ауылға келдік. Кенекең өзінің тәуір болғанын, бізге алғысын айтты. Кішкене домбырасын алып:

«Сәуірбек пен Алтынбек келген күні,
Келіп сәлем екеуі берген күні» деп басталатын ұзақ жыр айтты. Осындай көңілді шабыттағы кезінде одан білгім кеп, сұрағандарым көп. Соның бірінде:

– Басыңыздан талай-талай қызықтар өтті. Той-жиынды көп көрдіңіз. Айтысқа, әзіл-қалжыңға, қағытпа сөзге сізден көп түскен ақын жоқ болар. Соның бәрінде сіздің өлең-әннен мүдірмегеніңізге сенемін. Ал сөзден сүрініп көрдіңіз бе? – дегенімде ол күлді.

– Менің әнім мен сөзім бір ғой. Сүрінсем екеуінен бірдей сүрінемін. Бір емес ондай мүдірулер көп болды. Халық сөзге бай, ұрма әзілге күшті ғой. Кейде қайдан, қалай түсіп қалғаныңды білмей қаласың. Осындай бір сүрінген жерім мен болыс болып жүргенде болды. Ел аралап, кешке қарай бір ауылға келіп, боз үйдің сыртынан «сөйлес-ау» дедім. Әлгі үйден сылаң етіп, қос етек, бұраң бел ақсұр келіншек шыға келді де әндетіп қоя берді. Бұрын соңды мұндай әдетті көрмеген басым қатты қысылып, не дерімді білмей қалдым. Келіншек тілді, ақын адам екен

«Мәтібұлақ басына тал бітпейді,
Көкшолаққа астыңда жал бітпейді.
Кенен болыс дегенше, кедей болыс,
Болыстықтан не пайда, мал бітпейді» деп шырқай жөнелді сабазың.

– Сіз не дедіңіз?

– Оны айтсам қызық болмай кетеді.

– Неге?

– Өтіп кеткен оқиға. Біраз айтысып қалдық. Сонда мен жеңдім, не ол жеңді десем, мүлде қызық болмас еді. Шынын айтсам, сүрінуім сүріндім.

Шыншылдық жақсының көркі. Көпті көріп, көңілі толған адам уызға жарыған жандай зерделі келеді. Кенен мақтанды, өтірікті, қоспа сөзді білмейтін, адал, сыпа, биік ұшатын қырандай таза адам. Тіпті, Кененнің тамақ жегенінің өзі қыран құстың, мұзбалақ бүркіттің тамақтанғаны секілді. Кенен «қанағат қарын тойғызар, қанағатсыз жалғыз атын сойғызар» деген нақылды айтушының бірі ғана емес, соны аят сөзіндей жалында ұстап, бұлжытпай орындаушының бірі.

...Әншілік үлкен өнер. Мен жасымда талай-талай майталмен әншілерді көрдім. Өз көзіммен көріп, өз құлағыммен әнін тыңдағандардың ішінде таң-тамаша қалдырғандары көп болды. Соның ішіндегі ең күштісі Балуан Шолақ пен Әсет. Балуанмен бірнеше күн, айлар бойы бірге жүрдім. Әсетті бір-ақ рет көрдім. Екеуін де ән пірі деп атар едім.

Балуан десе балуан дегендей, Шолақ (Нұрмағамбет) әннің де балуаны, даусы зор, құбылтып-құйқылжытып салатын нағыз ән шебері еді. Әсетті бір көрсем де, бар түр-түсі есімде қалыпты. Орта бойлы, мығым денелі, ақсұр кісі еді. Ән салғанда алқымы кең жүйріктей суырылып шыға келетін. Әлі есімде шықшыты кең, кеудесі күмбірлеп, дауысы күмістей сыңғырап әуелете жөнелетін. Көп айтып не керек, әншілік аса қасиетті өнер. Бұл өнерді қастерлеп, құрметтей түскен жақсы. Әнші халықтың қуанышы, рақаты ғой. Әнші көрсең басыңды иіп, құрметте. Өйткені, нағыз әнші халықтың ұлы, оның өнершісі, сүйіктісі.

Бұл Кенекеңнің ән, әншілік жайындағы жан сыры демеске қақың жоқ.

Егер, Кенен өмірін өлеңмен өріп, он таған кішкене өлең жолымен, әнге салып бере қалса, мынадай боп шығар еді:

«Шатқалда тұрған жас терек,
Жел шайқап сені теңселтті.
Шатқалға шыққан көк терек,
Шер шайқап сені еңіретті.
Шатқалға өскен нән терек,

Мұң шайқап сені тербетті.
Шатқалға біткен бәйтерек,
Баяулап, баппен әндетті.
Қордайды көктей жебелеп,
Сұлу да, сазды ән кетті».

Кенен төрт бірдей өнердің адамы – әрі ақын, әрі әнші, әрі орындаушы, әрі композитор адам. Міне, осындай алуан қырлы азамат кісінің өмірінен айтқан аз әңгіме осындай. Бір сөзбен айтсам, Кенен Қордай шатқалына дара біткен бәйтерек қой.

«Жұлдыз» ж-лы, № 5, 1974 ж. (қысқартып алынды)

Зейнұр Қоспақов

ҚҰЛАҚТАН КІРІП БОЙДЫ АЛАР

Жетісу өлкесінде барша қазақ даласына аты әйгілі талай өнер өрендері болған. Тіпті қазақ жері емес, көршілес қырғыз, қарақалпақ халықтарына да кеңінен танылды. Олар – ақиық ақын Сүйінбай бастаған Бақтыбай, Майлықожа, Қантабай, Сарыбас, Құлмамбет сықты ірі айтыс ақындарымен қатар екі дәуірдің ақыны атанған жыр алыбы Жамбыл. Ол өз дәуірін кемеліне келтіре шабыттана жырлаумен қатар, Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Саяділ Керімбеков, Әбдіғали Сариев, Есдәулет Қандеков, Өмірзақ Қарғабаев сияқты сөз саңлақтарына ұстаз болды.

Солардың ішінде Кененді ерекше бөліп атауға болады. Оның әншілік, ақындық өнерімен шоқтығы басқалардан биік тұрады. Жетісу ақындарының алтын діңгегі атанған Сүйінбайдан шәкірті Жамбыл 28 жас кіші болса, Жамбыл мен Кененнің арасында 38 жас айырмашылық бар екен. Сүйінбай Жамбылға ақындықтың алуан сырын үйретсе, Жамбыл да Кененге өлең айтудың қыры мен сырын жете таныстырды...

Кенен көп қырлы өнер иесі. Жетісу өлкесінің ойнақы да, назды әндері мен күйлерін, Арқаның асқақ әндерін әсем орындауымен қоса туысқан қырғыз халқының ән-жырларын сүйіп айтып, қазақ жұртына таныстырады. Ол өз жанынан ән-өлең шығарып айтуға да талаптанады. Сондай тырнақалды туындыларынң бірі «Ри, қойым!» әні еді. Ән бай есігінде жүрген өзінің ауыр халін баяндаса,

екіншіден «қасқыр тиіп шулатсын, ри қойым, бірің қалмай топалаң қырыл қойым» деп халыққа құты жоқ, құмырсқадай қаптаған бай қойына лағнет айтады.

Кенен 16-17 жасқа келгенде атақты «Көкшолақ» әнін шығарды. Мұның шығу тарихы да қызық. Бір күні көрші болыстағы Бибол дейтін адам қызын ұзататын тойға ел шақырғанын естіп, Кенен бағып жүрген қойын жолдасына тапсырып, Көкшолағына мініп қалың топқа қосылып кете барады. Көкшалақтай аты бар, жұпыны киінген Кененді олқысынған қыздардың ішінен біреуі шығып өлеңмен тиіседі:

«Әй, Кенен, тойға барар сәнің бар ма?
Қызбенен айтысатын әнің бар ма?
Желігіп Көкшолақпен тепеңдейсің,
Қолыңда мұнан басқа малың бар ма?» деп сайқымазақ етсе керек. Сонда бұған мойымаған Кенен: «Малға кедей болғаныммен, жаным бай, жүрегім ән-жырға толы» деп әнімен жауап береді. Сөйтіп, ән бірден-бірге тарап, Кенен есімін бүкіл Жетісуға паш етеді. «Көкшолақ» әуендік құрылымы жағынан терме сарынына келетін күлкілі, юморға толы шығарма.

1902 жылы қырғыз манабы Шабданға ас беруге көрші жатқан қазақ еліне де сауын айтылып, ат тұяғы жететін жерлерден сыйлы адамдар шақырылады. Асқа Жамбыл бастаған өнерпаздармен бірге 18 жастағы Кенен де келеді. Әнші-күйшілер өнер сайысына түседі. Кезек Кененге де жетеді. Ә, дегенде аузына сөз түсе қоймай қысылып қалған Кенен бойын тез жинап алып, жоғары үнмен басталатын бір әнді шырқата жөнеледі. Еті қызып алған жас жігіт ән-өлеңді бірінен соң бірін айтып, төкпелетеді-ай кеп!

«Жас бала, жаңа талап мен бір қойшы,
Туғалы мұндай жиын көрмеп едім» – деп өзінің ысылмаған тәжірибесіздігін де ескерте кетеді. Отырған жұрт әншінің әдемі даусына, әсем әуезіне үлкен қошемет көрсетеді. Қазақ, қырғыз бас қосқан осы жиында Жамбылмен қоса Кенен де жүлде алып қайтады.

Кенен лирикалық сазға толы әндерімен туған жерінің әсемдігін бейнелеуге де талаптанады. Әсіресе, «Ойжайлау», «Қызыл қайнар» тәрізді әндері халық творчествосымен астарласып жатқан интонациялық, әуендік бояуымен көз тартады. 1910 жылдары дүниеге келген «Ойжайлау» әні уақыт озған сайын жаңа

туғандай құлпырып келеді. Әуені өзгермегенімен, орындаушылар оның сөздерін неше құбылта түрлі варианттармен айтып жүр. Әннің негізгі мәтіні орындалмай, кез-келген он бір буынды халық өлеңдеріне салып айтқандықтан «Ойжайлау» көбінесе халық әні деп жарияланып, авторы айтыла бермейді. Соған орай ескерте кететін жай, көзі тірі дүлдүл әншінің көптеген әндерінің радио, теледидар арқылы насихатталуының ойдағыдай емес екендігі қынжылтады. Кенен әндерінің профессионал әншілеріміздің назарынан тыс қалуы өкінішті-ақ. Кененнің кең тынысты, шалқар сазды шығармалары қандай әншінің болса да репертуарына көрік беретіні даусыз.

Әнші-композитордың революция дәуірінен кейінгі кезеңдегі творчестволық қызметінен күрт өзгерген жаңа бетбұрыстарды, тың мазмұндағы әндерді көреміз.

1936 жылы әнші өміріндегі ең қуанышты күндердің бірі болды. Ол Мосвада өткен қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігіне қатысып қайтты. Осы жылы ақынның жұртқа белгілі «Жаңа заң» әні дүниеге келді. Біраз туындылары грампластинкаға жазылып, көп тиражбен тарап кетті. Одан кейінгі жылдары да әнші қазақ өнерінің түрлі қалаларда болған мерекелеріне барды. Ал 1947 жылы Москва қаласының 800 жылдық мерекесіне қатысып, осы сапарының әсерінен «Батыр Москва» әнін шығарды.

1941-45 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде де Кенен халықты жігерлендіретін патриоттық сезімдегі әндердің авторы. Бұған «Біздің Отан жеңеді», «Елімнің ерке жастары», «Күйгенім-ай, сүйгенім-ай», «Қайран, Шөкем», ал 1945 жылы ұлы жеңіске арналған «Ел қуанышы» сияқты шаттыққа толы әндері мысал бола алады. 1979 жылы әйгілі әншінің туғанына 75 жыл толу тойын республика жұртшылығы кеңінен мерекеледі. Бұл күні Кенен бойына қайрат, жігерін жинап шабыттана ән шырқады.

Осындай зор қуаныш, толғаныстың үстінде «Жетпіс бес» атты жаңа туындысын әкелді:

«Бағалады партия алып еске,
Қос орденді қадады кәрі төске.
Ардақты елді аралап ән сап жүріп,
Келгенімді білмеппін жетпіс беске».

Осы замана тақырыбы, өзі өмір сүріп отырған уақыттың шындық көрінісі әнші қиялына асқан қуат беріп, жігер-күшін жа-

ниды. Мұны біз халық композиторының «Бейбітшілік ұраны», «Жайнады тыңым, жайнады», «Бал құйылды даладан», «Жас малшылар әні», «Айға ұшқан ақиық», «Қазақстан», «Қос жұлдызды батыр» әндерінен көреміз...

К.Әзірбаевтың музыкалық мұрасының жиналу тарихы А.В. Затаевичтің қызметінен басталады. Ол өзінің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында Ораз Жандосовтың орындауынан Жетісу облысының бір топ әндерін жазып алады. Міне, сол Ораз Кененнен естіп едім деп «Сарбас» әнін нотаға түсіртеді.

Бұдан кейінгі жылдарда әншінің музыкалық творчествосын нотаға түсіріп, жинақтауға еңбек сіңірген белгілі музыка зерттеушісі, өнертану ғылымының докторы, профессор Б. Г. Ерзакович. Оның нотаға түсіруімен және ғылыи түсініктерімен жарық көрген әншінің қолтума шығармалары: «Кененнің әндері», (1955 ж.), «Қазақстанның халық әндері» (1955 ж.), «Қазақтың советтік халық әндері» (1959 ж.), «Өмірімнің әндері» (1961 ж.), «Қазақ халқының ән мәдениеті» (1966 ж.) деген кітаптарда жарық көрді.

Академик А. Жұбанов өзінің зерттеулерінде әнші-композитор жайында беделді пікірлер жазып қалдырды. Кененнің музыкалық шығармаларын жазып алып, хор, оркестрге түсіріп, гармониялаған музыканттар Е.Г. Брусиловский, С. Шабельский, Л. Хамиди, Б. Ерзакович еңбектерін атап өту орынды.

Кенен әндерін орындап, халыққа таратып жүрген талантты шәкірттері де көп-ақ. Олар - ақынның балалары Төрткен, Бақытжан, Көркемжан, әнші-ақындар, Киров колхозында тұратын шәкірттері Асылқұл Бүрбаев, Несіпбек Дәутаев, Жамбыл қаласының тұрғыны Алтынбек Қоразбаев, Қаскелендегі Әсімхан Қосбасаров, Алматыда тұратын Қанабек Райысов, Сағина Сәулебекова, Әскербек Еңкебаев және басқалар.

К. Әзірбаев Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, «Құрмет белгісі» орденінің екі мәрте иесі. Ал әншіге берілген ең жоғары баға, жақсы лебіз деп республиканың кез-келген нүктесінде, қала-ауыл сахналарында шырқалып жатқан Кенен әндері деп айтар едік.

«Лениншіл жас» г-ті, 1974 ж.

Қайрат Жұмағалиев

КЕНЕН АҚЫН
(радиоочерк)

Көкшолағы дүлдүл болған өзі совет халқына бұлбұл болған әйгілі ақын, әнші, композитор, көне шежіре Кенен Әзірбаев жаңа заманның шабытты жыршысы, тек қазақ әдебиетінде ғана емес, ұлан байтақ отанымызға мәшһүр болған асқан дарын иесі, советтік дәуірдегі ауыз әдебиетінің аса ірі өкілдерінің бірі. Өмірмен біте қайнасып, қаршадайынан тіршілік тауқыметін тартып өскен азамат ақын 11 жасынан қолына алған домбырасын серік қылып, асқақ шырқаған қоңыр әуені бүгінде одақтың шар тарабына таныс.

Ғасырлар бойы өмір сүріп, мың-сан ұрпаққа қызмет етіп келе жатқан асыл мұра, халықтық творчество – фольклордың озық үлгілерінен сусындаған, ұланғайыр дана дәстүрді жалғастырушы, сегіз қырлы бір сырлы талант иесі Кенен Әзірбаев кеңестік жаңа дәуірде қайта түлеп, қанаттанып, шат-шадыман әуенмен, асқақ үнмен жаңа құрылысты тереңнен ой тербеп, жыр толғады.

Бір кезде Кенен жыры, Кенен әні, Кенен дастандары тек Жетісу өңірінде ғана мәлім болса, жаңа дәуірде ашық үнмен шығандата шырқаған шалқар шабыт иесінің көңіл көзінің жауын алған, алуан қырлы дархан творчествосы бұл күнде тек туған Қазақстанның түкпір-түкпіріне ғана тарап қоймай, жалпақ жиһанды аралап, қиырдан қиырға асып, әртүрлі халықтардың, ұлттардың мәдени қазынасына, қымбат игілігіне айналды.

Оның майда қоңыр жаймашуақ сазды әндерін отанымыздың жүрегі Москва да сан рет ұйып тыңдады. Ақынның жалынды жырлары күн сәулетті Тбилисиде, туысқан украин халқының астанасы Киев қаласында, қонсылас Қырғыз өңірінде, ақ мақталы Өзбек алқабында, күн қақты Түркімен өлкесінде, бауырлас Қарақалпақ халқының тілінде сан мәрте қайталанды. Кененнің атақты «Бозторғай» әні сонау Моңғолияның шалқар даласын шарлап кетті. Сондай-ақ, «Көкшолақ», «Ақ ешкі» сияқты әндері алуан елде шырқалып, жыр сүйгіш, ән құмар халықтардың жүрегіне жол тапты. Өмірдің сан сапат асқар белінен жыр қанатында іркілмей өткен, алқынбай асқан арқалы ақын Кененнің төкпе жыршылдығы, суырып салма сұңғылалығы, кеңінен көсілер, алқынбай алысқа сілтер

дастандары, қарсыласының адымын аштырмай мірдің оғындай, жаза баспай дәл тауып, дөп тиер айтыскерлігі, сөз маржанын сарай тізіп, тыңдаушының көкірегіне сәуле құйып, жан сезімін жаулап алар майталман шешендігі, өткен ғасырда қазақ даласының еркесі атанған сал-серілер, дүлдүл дарындар Біржан, Ақан, Мұхит, Балуан Шолақ, Әсет, Естай, Жаяу Мұса, Дәурендердің қасиетті дәстүрін ілгері дамытып, жаңа дәуірде жаңғырта білген өнерпаздығы, жүзден аса ән шығарған кемел композиторлығы, дарқан даламыздың шар тарабын шайқалта шырқаған әуезді әншілігі біздің XX ғасырда аңызға арқау боларлық өзгеше, ерекше ерен құбылыс екені ақиқат.

Сондай-ақ, азамат ақын Кенен Әзірбаев белсенді қоғам қайраткері. Бойдағы бар күш-қуатын, жалынын, жігерін, шығармашылық қажыр-қайратын туған елінің өркендеуіне, көркеюіне аямаған күрескер ақын. Ұлан-байтақ өлкемізде, осынау жарты ғасырдан астам уақыт ішінде өмірімізде болған ірілі-ұсақты, сан-қилы оқиғалардың қай-қайсысын алып қарасақ та, ақын Кенен, азамат Кенен ат салыспағаны кемде кем. Ол біздің кеңестік дәуірде елімен бірге жасасқан, оның таңғажайып өзгерістерінің кемеңгер куәгері, жеңімпаз жылдарға толы жаңа тарихымыздың қайталанбас алып тұлғаларының бірі.

Кенен Әзірбаев 1884 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мәтүйбұлақ басында (қазіргі Рославль совхозы) жалшы, кедей шаруасы отбасында дүниеге келген. Болашақ ақынның ата-бабалары жалшылықтан арылмай, жоқшылықпен күн кешіп, ел арасында «бес жалаңаяқ» атанып кеткен кедейлер болыпты. Сол жалаңаяқтардың бірі Манабайдан өрбіген үш ұлдың үшеуі де ойын-тойдың ажарын ашқан сауықшыл, көкпар тартқыш, ер көңілді болып өседі. Сондықтан да Сүйінбай ақынның : «Қасқарауда тоғыз құт бар, соның бірі -жалаңаяқтар» деуі тегін болмаса керек. Бірақ Манабай ұрпағының өнер қуып, саңлақтар сапына қосылуына еш мүмкіндік болмайды. Сол себепті де ақынның әкесі Әзірбай жастай жалға жүріп мал бағады. Жеті жасынан анасы өліп, өмір талқысын ерте көріп өскен Кенен ақынның тағдыры сан қырлы. Әзірбайдың өз замандасы, өнерпаз, арқалы ақын Сарыбастан бала Кененді ақындыққа баулуды өтінуінің өзі «әке балаға сыншы» демекші баласының өнерге деген құлшынысын терең сезініп, үміт күткенінің айқын куәсі.

Болашақ ақынның жастайынан өнер мектебінен өтуіне оқыған, көзі ашық, еті тірі азамат, домбырашы Еркебай Базаровтың әсері мол. Ер көңіл Еркебай жасатып, сыйлаған кішкенен ақ домбыра бала Кененнің көңілін өсіріп, қиялына қанат бітіргендей болады. Қуанышы қойнына сыймаған қойшы бала аңқылдап ән салып, өз жанынан өлең шығаруға әуестенеді. Балғын күнінде мұңдас болған, сыр шертер сенімді серігі болған сол домбыра келмеске кеткен бұлыңғыр күндердің, кедейшіліктен көз ашпаған қилы да қысталаң шақтың үнсіз куәсіндей ақын үйінде ілулі тұр. Балалық бал дәуреннің қызығынан мақұрым қалып, ерте есейген ақын, күн-түні байдың қойының соңында жүріп, ауыл шетінде, желдің өтінде күн кешіп, қыстың ақтүтек бораны мен шілденің сарша тамызына пісіп-қатқан қаршадай бала Кенен өмірдің алуан сырын, қыры мен мұңын жете ұғынып өсті.

Жалдай ұзақ күзгі түндерде, қақаған қара суықта, қарашаның көзге түрткісіз қараңғылығында, тынбай төккен жаңбыр астында, өкпе желге үн қосқан жалшы баланың зарлы үні табиғатқа судай сіңіп кетіп жатты. Ол кезде осынау шоқпыт тонды жалаңаяқ жалшының түн тәрізді көңіл күйіне зер салып, мұңлы сазына құлақ салған пенде жоқ еді. Түн басқан дала да, көкірегін түнек басқан ел де қалың ұйқы құшағында болатын. Жаңбыр басылмай, жылаңып таң ататын. Таң сәріден Қордай жотасын жаншып жіберердей қорғасын бұлттар ауыр жылжып, бірте-бірте көбесі сөгіліп, аспан күмбезінде сең жүргендей сетінеп, күн шығыс беттің ажары кіре бастайды. Сонда таң азанымен шырылдаған бозторғайға көңілі қаяу қойшы бала да үн қосатын. Кеудесіне шемен болып қатқан шер мұңын дала бұлбұлы бозторғайға шағатын.

«Арғы атаң еді сенің жалаңаяқ,
Құдайым құртқан екен аямай-ақ.
Әкең байғұс ұстап жүр қазан-аяқ,
Қойды жөндеп бақсаңшы сандалмай-ақ!» деп кекетіп-мұқатып, кемсіткендерге бала Кенен қойшы болса да кеудесін бастырған жоқ. Ешкімнің де мыңғырған малына, шалқыған дәулетіне бала күнінен бас иіп көрмеген Кенен сол бір жаутаң көз жас кезінен-ақ өнерге ғана бас иді, көнекөз ақындарға, өнерпаз жандарға ғана табынды.

Он алты жасынан әнші атанған Кенен ендігі жерде ойын-тойдың көркі болып, сол өңірге аты әйгілі бола бастайды. Бір жи-

ында Жамбылмен кездесіп, ұлы жыраудың ақпалды термесін өз құлағымен естіп, батасын алады. Өзі сол жолы «Көпшілік тыңда әнімді» деген әнін шырқайды. Екеуі де ауылға жүлделі болып оралады. Содан бастап Кенен ақынның атағы шар тарапқа тарап, асқақтай түскен екен.

Кенен Әзірбаевтың өлең-жырлары, әндері мен толғау, арнаулары, дастандары өмірдің өзінен алынған. Ақын шығармашылығының құнарлы екендігінің, өміршеңдігінің сыры да осында. Кенен поэзиясынан Жетісу өңірінде өткен не бір оқиғалардың, өмір өткелдерінің бәрін айна қатесіз көресіз. Оның әр жолы, әр шумағы, әрбір әні халқымыз бастан кешкен тұрмыс-тіршілігінің, тар жол тайғақ кешуі көп тарихының шынайы шежіресіндей. «Көкшолақпен тойға барғаным», «Шешем өлген жылы», «Жеті қойды жоқтағаным», «Қасқыр қамағанда» атты өлең-дастандарындағы жыр жолдарынан сол кездегі өмір суреттері оқырманның көз алдына келеді.

Ақын жігіт атанып, жалшылық, жоқшылықтан құтылып, Кенен аты елге таныла бастаған кезде Жетісу өңірінде патша жарлығы дүңк ете қалады. Бұл 19 бен 31 жастың арасындағы қазақ жігіттерін шетінен хаттап, тізімдеп соғысқа жіберу үшін жасалған әрекет еді. Жергілікті ауылнай, болыстар момын халыққа бүйідей тиіп, күш көрсете бастайды. Қара жұмысқа азаматын біргісі келмеген ел қаптай көтеріліп патшаның жандайшаптарына қарсы шығады. Бұл қоғалысты Бекболат Әшекееев пен Әли Нұрғожаев басқарғанда, жасақ үгітшісі Қордайдан шыққан жалынды ақын, әнші Кенен Әзірбаев болғаны тарихтан мәлім. Сол тұста шығарған: «Он алтыншы жыл», «Мешітбайға», «Қырғыз баурыма», «Он алтыншы жылғы аттаныс» атты өлеңдері ақынның әлеуметтік құбылысқа жіті қарайтын саналы азамат екенін танытады. Бірер ғана пілте мылтық, аздаған қылыш ұстағандар болмаса, таяқ-шоқпардан басқа қолда қаруы жоқ қалың елдің, бес қаруы түгел солдаттардың қарша боратқан оғынан құмырсқадай қырылғанын өз көзімен көрген ақын, патшаның әділетсіздігіне, сол үкіметтің жауыздығына ашынып, ыза-кекке толы өлеңдер шығарады. Онысы бақытсыз қалың бұқара ішіне кең тарап жатты.

Ақынның соны қырынан танылып, композиторлық дарынының, әншілік қабілетінің асқақтай түскен тұсы да осы кез. Кенен ақын бұрынғыдай ойын-той, сауық-сайранда немесе жек басының қайғы-мұңын әнге қосып қана қоймайды, ендігі жерде елді күреске

шақырар, ән-жырларымен жасақ сарбаздарына дем беретіндей дәрежеге көтеріледі. Оған Кененнің сол жылдары шығарған «Аттан», «Бұлбұлға», «Қайран елім қайда!», «Әлидің ел-жұртымен қоштасуы» деген әндері дәлел. Елді дүр сілкіндірген оқиға 1917 жылғы ақ патшаның тақтан құлатылуы болғаны рас. Ғұмыр бойы жоқшылықтың құрығынан құтыла алмай, әбден езілген халықтың мұң-мұқтажын өлең-жырына арқау еткен жалынды ақын бұл оқиғаны да қуанышпен қарсы алады:

«Естідік құлады деп патша тақтан,
Жаныштап еңбекші елді зар жылатқан.
Кешегі он алты жыл дүрбелеңде,
Қазақты қырып-жойып қан қақсатқан.

Қан сорғыш қара құстай бай мен болыс.
Есітіп бұл хабарды бебеу қаққан.
Кедей сорлы қуанып, сүйіншілеп,
Көкшолақпен даландап тұра шапқан.»...

Кенен ақын кеңестер өкіметінің алғашы күндерінен-ақ, халыққа теңдік, еркіндік әпереміз деп жар салған жаңа лектің бел ортасында болып, тек жырымен ғана емес, қоғамдық қызметімен де бел шеше кіріседі. 1921 жылы Қордай болысы революциялық комитетінің төрағасы болып тағайындалады. Өзіне сеніп тапсырған жауапкершілікті жіті сезінген ақын былай деп шабыттана жырлайды:

«Құтылып нашарлықтан жетілгенім,
Бұрынғы ойдан кетті өкінгенім.
Большевик партиясы көтермелеп,
Қордайға ревком болып бекінгенім.

Көбейіп шартараптан жолдас-жора,
Басынан дұшпандардың секіргенім.
Ән шырқап дос-жаранды қасыма ертіп,
Байларға қарсы тұрып өкімдедім».

Азамат соғысы жүріп жатқан қаһарлы жылдарда қазақ даласын, Орта Азияны ақ бандалардан тазарту, жаңадан ұйымдасқан қызыл армияны азық-түлікпен қамтамасыз ету, киім-кешек, қаружарақпен жасақтау, мінерге көлік тауып беру сияқты қысылтаң кезеңнің кезек күттірмес іс-шаралардың баршасы да осы

комитеттің тікелей міндеті болатын. Осындай қауырт кезеңдерде де ақынның өлеңдері ел арасында кең тарап, үгіт-насихаттық міндет атқарды. Аса маңызды, жауапты қызметте жүрген Кенен: «Азаматтық тұрғыда ашық жыр төгіп, ән шырқайтын кезең енді туды» дегенді мынадай өлең жолдарымен жеткізеді:

«Қызыл тіл сайрайтұғын келді кезің,
Көптен бері тұтығып жүр ең өзің.
Енді міне бақыттың таңы атты,
Сөйлеші ақтарылып көптің сөзін.

Қызыл тіл бәйге атындай тағаланды,
Тағаланды дегенім жаңаланды.
Тот басқан есіл ән-күй жалт-жұлт етіп,
Тұсында әділ заман бағаланды».

Ақынның дәл айтқанындай, шынында да Кенен творчествосының, оның ақындық өнерінің жарқырай ашылған тұсы кеңестер өкіметінің орнауына тұспа-тұс келгені рас. Осы кезеңде елімізде болған іргелі оқиғалардың қай-қайсысы да: «мемлекеттік мерекелер, турксиб темір жол құрылысы, халықтық тұңғыш конституцияның жариялануы, тұңғыш рет өткізілген сайлау туралы, тіпті алғашқы трактордың ауылға келгеніне дейін Кенен ақынның назарынан тыс қалған емес. «Ұлы Октябрь тойына», «Алатау аспанменен тілдескендей», «Болат тұяқ тұлпарым!», «Қазақстан», «Бақытты елім», «Елімнің өсті мерейі» атты өлеңдері осы кезеңді қамтитын программалық туындылар.

Күнделікті қоғамдық саяси мәні бар мәселелерге тікелей ат салысып жүрген ревком Кенен Әзірбаевтың сол кездегі мемлекет қайраткерлері, кеңес өкіметінің көрнекті өкілдері Кировпен, Рудзутак, Фрунзе, Фурмановтармен дидарласып, сол кездесулерден шабыт ала отырып туғызған өлең-жырлары өз алдына бір сала. Оның ішінде әсіресе «Киров келгенде», «Оразжан», «Максим Горькийге», «Шота тойына» сияқты, тағы да басқа өлеңдерін айрықша бөліп айтқан жөн.

Өзін шәкірт көріп, қасына ертіп жүрген жыр алыбы Жамбылмен бірге Қазақстан мәдениетінің онкүндігіне орай Мәскеуге, одан соң Грузин елінің даңқты ақыны Шота Руставелидің тойына баруы Кененнің шабытына шабыт қосқан елеулі оқиғалар екені ақиқат. Сол жолы кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдері Демян Бедный, Ми-

хайл Шолохов, Алексей Толстой, Микола Бажан, Павло Тычиналармен жүзбе-жүз көрісіп, дидарласады.

Кенекеңнің өнер жолының жарқырай ашылып, жаңа биіктерге көтерілген кезі елдің елдігі, ердің ерлігі сынға түскен Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдары еді. Елімізге опасыздықпен шабуыл жасаған фашист басқыншыларына қарсы отанын қорғауға аттанған ұл-қыздарымызды әнімен де, жырымен де рухтандырып, дем беріп отырды.

«Ленинград түбінде қалтырады қанішер,
Калининнен қуғанда қансырады қанішер,
Панфилов жолдас бастаған 28 батырым,
Біреуің мыңға татыдың!...».

Фашизмнің күллі адамзат баласына төнген алапат қауіп екенін жан жүрегімен сезініп, халқымызды майданға жұмылдырып, соғыста ерлік көрсеткен ержүрек батырларымызды мадақтап жалындата жыр төкті. Соғыс кезінде толарсақтан қан кешкен қаһарман жауынгерлерге тылдан көмек көрсетуді ұйымдастыруда үлкен істер атқарды. Тылдағы елдің ынтымағын, әскерге көрсеткен қамқорлығын ақын: «Жаурамасын батырлар», «Кек алу», «Майдан тылмен мықты», «Біз жеңеміз» атты жыр-толғауларында асқақ пафоспен жырлады. Ал «Үш батыр», «Қуанышты күн», «Батыр болсаң Мәліктей бол», «Майданға ел сәлемі», «Жеңіс салтанаты» сияқты өлеңдерінде ақынның азаматтық әуені ашық та, айқын естіледі. Ақынның бұл туындылары Ұлы отан соғысы кезінде патриоттық тақырыпқа арналған жыр маржандарының қатарына жатады.

Сонау, 20-жылдардың өзінде-ақ қазақ ауыз әдебиетінің белді өкілі Кенен Әзірбаевтың тарихи оқиғаларды, жаңа заман ағымын, халқымыздың дүние танымын, келешек тағдырын дәл басып, терең ұғынып қана қоймай, поэзия тілімен қазақ оқырмандарына тамаша жырлап беруі, оның тек ауыз әдебиетінің өкілі ғана емес, жаңа дәуіріміз туғызған әдебиет қайраткерлеріне тән жаңа сапалық қасиеттерді өн бойына молынан сіңіре білген, сан қырлы өнер иесі, ерен құбылыс, дара талант екенін айғақтай түседі.

Кенен Әзірбаев творчествосының ең басты қасиеті - халықтығы. Оның жыры да, әні де, тіпті орындаушылық мәнері де табиғаттың өзіндей шынайы әрі қарапайым. Кенен әндері мен жырларының ауыздан ауызға көшіп, жатталып, ел арасына лезде тарап кететіні

сондықтан. Осы тұста есте болар жәй, ол ақын творчесвосында көңіл күй лирикасының алатын орны ерекеше. «Сөз құдыреті аяқталған жерде музыка басталады» деген нақылды дәл осы тұста еске алу лазым дер едік. Кенен ақынның көңіл күйі лирикасына жататын өлең-жырларын музыкадан бөлектеп қарауға болмайды. Өйткені, мұндағы әр жол, әр шумақ, әрбір өлеңі әнге сұранып тұрғандай. Не болмаса ән сазынан туғандай. Ақынның бұл салаға жататын бұрын да, кейін де жазып қалдырған өлең-жырларының өзіне тән ән-әуені болуы тегін емес, бұл заңды құбылыс. Бұған дәлел ретінде ел арасына кең тарап кеткен: «Қайран жастық», «Базар-Назар», «Жетпіс бес», «Өтеді-ау, өмір!», «Домбыра», «Ойжайлау» секілді жырлары мен әндерін айтсақ та болады.

«Өлеңге он жасымда міндім аттай» дегенді Кенен ақын тегін айтпаған ғой. Жасынан той-думанның көркі болып, көп талқысына, жыр бәйгесіне түсіп ысылған саңлақ ақынның бұлай деуі жанды да. Суырып салма, төкпе ақындардың алымдылығы да, шалымдылығы да сыналар тұс айтыс екені мәлім. Ал Әзірбаевтың ақындық өнеріндегі үлкен бір құнарлы, арнасы кең тарауы айтыс екені баршамызға аян. Айтыс өнерінде терең із қалдырған, арқалы ақын Кенен мектебі, бұл күнде осы көне дәстүрді жалғастырушы, талапкер жас ақындарға өнеге болып отыр. Кенен айтыскерлігінің жол басы іспеттес оның Шәлипамен, Ләтипа, Бопинамен айтыстарынан бастап, Кенжекожа, Қалима. Есдәулеттермен айтысы бүгінгі талғампаз жыр сүйгіш қауымның көкейіне қонған, ұшқыр-озық поэзиялық туындылар.

Ал Кененнің суырып салма ақын Әбдіғали Сариевпен айтысы бүгінгі ауыл өмірінің бар көрінісін, тіршілік-тынысын шынайы көркем сөзбен тыңдаушы жұртқа жайып салған айна десе де болғандай. Ақын ауыл тірлігін суреттей отырып, жақсылығын асырып, жамандығын жасырмайды. Кейбір ілуде бір көрініп қалатын кемшіліктерді, оқыс жәйларды дөп басып, ашық айтады. Кенен айтыстарының тәрбиелік мәні, мәңгі жасайтын өміршеңдік ерекшелігі міне осында.

Ақын поэзиясының шоқтығы биік, оқырманның көңіл көзіне ұрып, мен мұндалап тұратын асқаралы асуларының бірі – дастандары. Оның дастандарына тән қасиет, көбісі ақын көзбен көріп, басынан кешірген белгілі бір оқиғаларға құрылған. Басаяғы жұмыр, шынайы, шымыр болып келеді. Тіпті, 1897 жылы

шығарған «Шөпке барғанда», 1902 жылы шығарған «Құдалар» атты дастандары сияқты ақынның ертедегі шығармаларының өзі де сол дәуірдің картинасын айшықты өрнекпен дәл бейнелеген. Қазақ даласына кең жайылып, терең тамыр тартқан феодалдық құрылысты, әділетсіздік пен қанаушылықты, зорлық-зомбылықты, керенау кертартпа қоғамды аяусыз әшкерелеген реалистік туындылар екені күмән туғызбайды.

«Шөпке барғанда» дастаны көлемі шағын болғанмен сол бір қатігез дәуірдің сұрғылт фонында күнделікті болып жататын сүреңсіз жәйттерді ешбір әсіре боясыз нақты суреттеген толыққанды туынды. Бұта паналаған торғайдай әркімге бір жаутаң көз болып өскен қаршадай баланың аянышты халі, оқырман назарын бірден өзіне аударып, дастан желісі бірті-бірте шиыршық атып, қызықтырып, жетелеп әкетеді.

Ал «Құдалар» дастанында психологиялық тартыс басым. Мұнда да шығарманың өн бойына арқау болып, өріліп кете беретін сюжеттік желі әлеуметтік теңсіздік. Кеудесіне нан піскен «шынжыр балақ, шұбар төстердің» момынға істеген қиянаты, «ат мінбей таяқ мінген» тақыр кедейге, баспанасыз жетімге қызын бергісі келмеген, көңілі асқақ, жуан тұқымның кесірлі мінезі шынайы суреттеледі. Бай әулетінің: «қызым боз ордадан шығып, алты уықтың астына кірмейді» дейтін сөзімен басталатын дастандағы шиеленіс бірте-бірте ширығып, өзінің шарықтау шегіне жетіп барып тоқтайды. Сүйгеніне қолы жетпей, теперіш көрген намысқой жігіт, сұңқардай түйілсе де қысқа жіп күрмеуге келмей, кедейліктің құрығынан құтыла алмай жанталасады. Ақыры қалыңдығын алып қашуды ойластырады. Лирикалық кейіпкерінің ішкі жан сезімін, эмоциялық өсу жолын терең көрсете отырып, феодалдық қоғамда үстемдік еткен таптық теңсіздікті сезіну дәрежесіне дейін жеткенін сөз зергеріне тән асқан шеберлікпен суреттей алған. Ақынның «Әли батыр» дастаны да нақты оқиғадан туған. 1916 жылғы ұлт азаттық қозғалысқа Кенен ақынның белсене қатысқанын жоғарыда айтып кеттік. Осы көтеріліс кезінде ақын талай шайқастардың куәсі болған. Міне сол кездегі көзбен көріп, бастан кешірген оқиғалар ақын дастанына арқау болды. Кенен Әзірбаевтың творчествосы сөз болғанда оның фольклорлық жанр тұрғысынан жазған «Ер Төстік», «Көкетайдың асы», «Өткен талай батырлар» атты эпикалық дастандары ақынның халықтық поэзия кеңістігінде

ерекше туған дарын иесі, кең тыныстыкемел жырау екендігін танытады.

Кенен Әзірбаев табиғатта сирек кездесетін сан қырлы өнер иесі. Оның бай творчествосының әр саласы өз алдына терең зерттеуді, үңіле зер салуды қажет етеді. Осыған орай ғалым-академик Мұхаметжан Қаратаевтың Кенен ақын туралы айтқан тамаша сөзі көңілге оралады: «Кенен ән шығарып сөзін жазады, мұнда ол **ақын, шайыр**. Сөзге шақтап әннің мелодиясын жасайды, мұнда ол **композитор**. Сол мелодияны тиісті музыкалық аспапқа, домбыраға қосып өзі орындайды, мұнда ол музыкант. Ақырында өзі шығарған әнін өз әуенімен салады, мұнда ол **әнші**».

Иә, Кенен ақын біздің қазақ өнеріндегі кездейсоқ құбылыс емес, ол мыңдаған жылдық тарихы бар, сан ғасырлық қалыптасқан мәдениеті, дәстүрі бар, қазақ ауыз әдебиетінің, оның ішінде жалынды поэзиясының бүгінгі заманғы ерекше өкілі. Ол халықтық поэзияны жаңғыртып, жасартып, түлетіп отыр. Поэзия адамзат баласымен бірге жасасып келе жатқан ең мәңгілік жанр десек, сол жанрдың ең көрнекті жасаушыларының бірі Кенен Әзірбаевтың өлең-жырлары, асыл сөздері туған халқына мәңгі қызмет ете береді.

Радиохабар, 1974 ж.

Ш. Сариева, Е. Естаев

КЕНЕННІҢ «ЕР ТӨСТІГІ»

Халық ақыны және композиторы Кенен Әзірбаевтың туғанына тоқсан жыл толғанда, Қазақ ССР Ғылым академиясында ақынның өмірі мен творчествосына арналған мерекелік мәжіліс өтті. Осы мәжілісте филология ғылымының докторы Рахманқұл Бердібаев «Эпос сарыны» деген тақырыпта баяндама жасап, Кенен Әзірбаевтың азырақ сөз болып келген творчестволық саласы – жыршылық репертуарына, оның өзгелерге ұқсамайтын кейбір ерекшеліктеріне тоқталған-ды. Ақынның «Алатау шыңы» жинағына енген шығармаларының ішінде тақырыптық, мазмұндық сипатымен айрықша көзге түсетін «Төкетай мен Мәнікер», «Ер

Төстік» жырларын арнайы зерделеудің қажеттігін ерекше ескертіп, оның себебін үш түрлі жағдайға байланысты түсіндірді.

«Біріншіден, мұнда әрекет ететін қаһармандар, - деді ғалым, қазақ пен қырғыз еліне ортақ кісілер, Манас батыр дәуірінің адамдары – Көкетай, Ер Қосай, Алмамбет, Ер Көкше.

Екіншіден, балаларына қыз іздеп, күнбатыста Ақжелек, күншығыста Көкжелек елдерінің арасын кезетін Төкетайдың жолы Ертістен Қырымға дейінгі жерлерді мекендеген бір замандағы Алтын Орда империясының аймағын қамтиды.

Үшіншіден, жырда ертегінің әйгілі қаһарманы Ер Төстік Қырым елінің батыры ретінде көрінеді... Жанрлық жағынан алып қарағанда мұнда батырлық эпостың да, тарихи жырдың да, ертегінің де элементтері аралас келеді.».

Шындығында, екі дастанда да Ер Төстік басты образ ретінде суреттеледі. «Бұлардың Ер Төстік ертегісі мен қырғыздың «Манас» эпосынан айырмашылығы, өзгешелігі бар ма?» деген сұраққа жауап іздегенімізде, ақынның бірсыпыра творчестволық ерекшелігін, өзіндік жаңалығы барын байқадық. Олар қандай? Фольклористғалымдарымыздың бәрі де «Ер Төстікті» қиял-ғажайып ертегілер тобына қосады. Ондағы Ер Төстік өзінің серіктері-Желаяқтың, Көрегеннің, Саққұлақтың, Таусоғардың, алып Қарақұстың көмегімен, басқа да мифологиялық аңыздардағы сияқты, табиғат құштерін өзіне бағындырып, мақсатына жетеді.

Кенен төрт бөлімнен тұратын ертегіні (Ер Төстіктің туын, ағаларын іздеп шығуын, Кежекейге үйленуін, Бекторымен кездесуін, Бапыхан мен Темірзанның елдеріне баруын, Шойынқұлақпен күресуін, еліне оралуын) түгелдей жырламайды. Оны өзінің айтайын деген ойына, ұсынбақ идеясына лайықтап алады да, жаңарта, жаңғырта жырлайды. Кененнің «Ер Төстік» дастаны:

...Ер Төстік жерден өтті жеті қабат,
Жетіпті жер астына сау-саламат.
Көтерген бүкіл жерді Көк өгізді,
Көргенде қайран қалып тұрды қарап, деп басталады да, Ер Төстік – Күні, Айы, Тауы, кедейі мен байы бар жер астындағы бейтаныс елге кездеседі. Олардың «етін жеп, шайын ішіп, қымызына қанған соң, ауыл ақсақалына жолығып, бір қызы мен отыз ұлы бар Елеместің (әр жерде әртүрлі айтылады) кенже

ұлы болғандықтан, жер үстіндегі ажалдан қашып келгендігін айтады.

Ер Төстік ауыл ақсақалына ұл болып, жер астында жеті жыл өмір сүреді. Дұшпанына ойран салып, маңайынан жау жүрмейтін атақты батыр атанады. Әкесі талай сұлуларды айттырса да, «өскен елін, туған жерін сағынғандықтан, ішкені - ірің, жегені- желім болып, қапалы күй кешеді». Баласының ойын сезген әкесі жайын сұрағанда:

«Арманым жер бетіне шығып келсем,
Сондағы дұшпандарды қырып келсем.
Бар еді екі қабат бір әйелім,
Баламды содан туған көріп келсем,
...Шығатын жер бетіне бір амал тап,
Зарланып жер астында қаламыз ба?, деп тілегін айтады. Дастанның бұдан кейінгі оқиғасы «Ер Төстік» ертегісіндей дамиды да, алып Қарақұстың көмегімен ол жер бетіне шығады.

Батырдың осы сәттегі көңіл-күйі мен сағынышы былай сереттеледі:

– Ер Төстік жүгіреді «Ел қайда?» деп,
Кір жуып, кіндік кескен «Жер қайда?» деп.
«Бар ма деп ата-ана, ағаларым,
Көретін ел-жұртымды күн қайда?» деп,
Жүгіріп келе жатыр батыр Төстік,
Бір жанға жеткізбейді желдей есіп.
Кім бұрын қарсы алдымнан шығар екен?,
Деп ойлап екі көзі елді тесіп.»

Дастанның:

«Екі ғашық жылады,
Көздің жасын бұлады.
Адал жары ұл туып,
Көңілдері тынады» деп аяқталуы ақынның қойған мақсатын, шығарманың идеялық түйінін байқатады. Басқаша айтқанда, білімдар ақын «Ер Төстік» жырындағы кейбір жайларды, детальдарды пайдаланғанымен, оны өзінше жырлайды. Жерді мүйізімен көтерген Көк өгіздің өзі де көп нәрседен хабарсыз екенін әшкерелеп, батырды шынайы, табиғи қалпында бейнелейді. Яғни, Кенен бұл жолы да өзінің творчествосында айрықша орын алатын, азаматтықты, адалдықты, таза махаббатты ұрпағына өнеге етеді.

Жырау **«Төкетай мен Мәнікер»** дастанында да Ер Төстікке ерекше орын береді. Мұнда Манас батырмен қатар өмір сүрген Көкетай ханның інісі Төкетай Мәнікер тұлпарына мініп, қырғыз бенен қазақты, Шығыс пенен Батысты аралайды. Бірақ Аспара мен Меркеден, Тобыл мен Торғайдан, Қарқаралы мен Қазаннан ұлдарына қыз ұнатпай, Қырымдағы Ақжелек ханның еліне барады.

Осы жиынға соңынан келген Елеместің кенжесі Ер Төстік Ақжелек ханның Төкетайға бола жар салып, елді дүрліктіргенін ұнатпайды. Оған қарсы сөздер айтып көңілін қалдырады, Сонда Төкетай:

«...Қарияңды қайғыртып,
Мұның жаман ырымды.
...Сыйламасаң үлкенді,
Ер Төстік болдың масқара.» деп батырды сөзге жығады. Осыдан кейін Төкетай мен Төстік Ақжелек ханның аулында болған үлкен тойға қатысады. Олар жиында өздерінің астындағы тұлпарларын мақтайды. Қырымда өскен аруларды көреді. Төкетай солардың ішінен Айнакөз бен Қаракөз сұлуды ұнатады. Құдалық жайын сөйлескенде, Айнакөз отыз ұлдың ортасында өскен Елеместің жалғыз қызы болып шығады, олардың құрметіне ұлы думан басталады. Алайда қос батырдың татулығы көпке созылмайды. Екеуі ерегісіп, тұлпарларын алты айлық жерден бәйгеге қосады.

«Ер Төстік» ертегісінің «Манас» эпопеясымен қандай байланысы бар?» деген мәселеге мыналарды айтуға болады. Жоғарыдағы салыстырудан және көпшілікті «Төкетай мен Мәнікер» дастанының мазмұнымен таныстыру, халықтың қиялынан туған ертегінің бұл жырға ешқандай да қатынасы жоқтығын көрсетті. Ал, оны қырғыздың «Манасымен», ноғайлылардың ертегі-аңыздарымен, олардың шығу, қалыптасу, кемелдену тарихымен салыстыра қарастыру, Кенен творчествосына тән ерекшеліктердің бетін ашады. Себебі, академик-жазушы М. Әуезовтың «Қырғыздың батырлық эпосы Манас» туралы жазған зерттеулеріне қарағанда, Манастың жақын досы және туысы Көкетай хан өлерінде баласы Боқмұрынды шақырып, өзіне ас беруін өсиет етеді. Ол әкесінің жылы жақындағанда, жаршыға ханның тұлпары Мәнікерді мінгізіп, сауын айтқызады.

Асқа қалмақ батыры Жолай, Бейкіннен Қоңырбай келеді. Ұлы

бәйгеден үздік шыққан Қоңырбайдың жүйрігін Алмамбет мерт қылғандықтан, Қоңырбай бастаған топ бәйгені күшпен тартып әкетеді. Сөйтіп, екі ел арасындағы басыла бастаған соғыс қайтадан тұтанады.

...Осы жиында қалмақтың атақты батыры Жолайды Манас өлтіреді. Сонда оның тұлпары Ашбуданға тіл бітіп: «Осынша істейтіндей, қандай кектерің бар еді? ...Манас мені қанша қуғанмен мен саған ұстатпаймын» деп көзден ғайып болады. ...Яғни бұдан Кененнің Мәнікері «Манас» эпосындағы Ашбуданға, Ер Төстігі – Манасқа ұқсайтынын көреміз.

...Кенен жырлаған Ер Төстіктегі мифтік элементтер (өлімнен қашуы, көк өгізге жолығуы, ғажайып жолдастар табуы) «Манас» эпосының алғашқы нұсқасынан ауысқан, ал оның «Төкетай мен Мәнікер» дастанында қайталануы – ақынның Ер Төстік туралы деректерді өзінше жаңғырта жырлауы деуге тиістіміз. Себебі, мұндағы Төстік «Манас» эпосындағы және «Ер Төстің» ертегісіндегі Төстікке ұқсамайды. Төкетай да еш жерде кездеспейді. Екеуі де жаңа қырымен, өзіндік іс-әрекетімен танылады. Бір ғана ескеретін жай, «Төкетай мен Мәнікер» дастанындағы оқиғалар Ноғайлы ханның заманына тұстас келуі – «Манас» эпосының Ноғайлы-Қыпшақ заманын тұтастыра айтылғандығынан елес береді.

Бұл пікірді қырғыздың «Эр Тештюк» эпосы мен өзіміздің «Ер Төстік» ертегісіде тиянақтай түседі. Олардың сюжеттік желісін, типологиялық ұқсастығы мен айырмашылығын мұқият салыстырғанда, екеуінде де «табиғаттың долы күшін жеңсек» деген халықтың арманынан туған асыл ойларымен бірге, мифтік элементтердің мол екендігі байқалады. Ал Кененнің «Ер Төстігінде» мұндайлардан гөрі адамның табиғатына, тіршілік-тұрмысына тән қасиеттерге айрықша көңіл бөлінген. Сондықтан, Кененнің «Ер Төстігі» о баста ел аузында сақталған қиял-ғажайып, аңыз әңгімелердің кейіпкері болғанмен, Кенен оны өзінше жырлауға, бұрынғы атақ-даңқын сақтай отырып, өз кейіпкері етіп шығаруға талпынған.

Бұл пікірдің қанаттас жатқан қазақ пен қырғыз халықтарының ауыз әдебиетіне де тікелей қатысы бар. Өйткені, Кенен ақын осы екі елдің тел қозысы болып өскендіктен, олардың әдеби-мәдени мұраларын өзінің творчествосында барынша мол пайдаланғанын

Оспанқұлға арнаған мына өлеңінен байқаймыз. Ол:

«Жасымыздан қосылған жүрегіміз,
Ән мен жырға бірікken білегіміз.
Құрдас, сырлас, ойнаған тай-құлындай,
Қайда жүрсек бір еді тілегіміз.» дей келіп, қырғыз ыршыларымен бала кезден бірге өскендігін, Тоқтоғұлмен, Тоғалақпен, Алымқұл, Қалмырза, Төкпелермен көп араласқанын, дәмдес-тұздас, дастарқандас болғандығын айтады.

Кененнің әкесі Әзірбай да қара жаяу болмаған. Ол атасы Манабайдан «Манас», «Алпамыс», «Қобыланды» дастандарын үйреніп, кейінгі ұрпақтарына жеткізген. Сондықтан, бір жағынан өз аталарынан, екінші жағынан, қырғыз достарынан естігенін жаттап алып, айтып жүрген екі халықтың батырлық жырлары қазақ ақынына да шалқар шабыт қосқаны ақиқат. Мұны өзінің: «...Мен үшін екі халық – бір халық. Менің туған, тұрған жерім қырғызға қандай жақын болса, көңілім одан да жақын» дегенін білеміз. Ал «Төкетай мен Мәнікер» дастанымен танысқан М. Әуезовтің: «Бұл – дәл қырғыздың «Манасы» емес. Көкетайдың асын суреттеген жері аздап оқиға жағынан оған келеді. Жырлануы, сөз саптауы тіптен басқа» деп, Кенен творчествосындағы жаңалық пен ерекшелікті дәл таниды.

Р. Бердібаевтың: «Төкетай мен Мәнікер» дастанында батырлық эпостың элементтері бар» деуі де орынды. Бұл әсіресе Мәнікердің шабысынан айқын байқалады. Қобыландының Тайбурылы сияқты алты айлық жолды алты күнде өтеді. Желісіне жел жетпейді, алыстан қашқан киіктер әудем жерден өтпейді. «Сырдар сырғытып, Шудан шүйіліп, Ақсудан аттап, Іледен арғып, Ертістен есілтіп, Сарыарқаны сағалап, Көкшетауды көктеп» өте шығады. Ал басқа жырларда екі тұлпардың егесі былай бейнеленген:

«...Айлық жерден қос тұлпар,
Құстай ұшып келеді,
Кербаланың шөлінен,
Жеті күнде өтеді.
Жиделі байсын жерінен,
Екі күнде өтеді.
Он сан ноғай елінен,
Ойнақтатып өтеді.
Қалмақтардың елінен.

Қарағанша өтеді.
Еділ менен Жайыққа,
Ерегісіп жетеді...».

Ал Кенен суреттеген қос дүлдүлдің бәсекесі Қара теңізге жеткенде бұрынғыдан да шиеленісе түседі. Теңізді тіліп, жайындарды үркітіп, жағаға жақындағанда Мәнікердің мойны озады. Қалып бара жатқанына ашуланған Ер Төстік Шалқұйрыққа қамшы ұрғанда, ол былай самғайды:

«...Ызаланған жануар,
Тіке тұрды жалдары,
Тыңнан мініп шапқандай,
Көзінен жасы парлады.
Қарағай мен қайыңдар,
Дүбіріне сарнады.
Қуып жетті тағы да,
Төкетайды алдағы.
Тағы үзеңгі қағысып,
Бір-бірінен қалмады.»

Тұлпарлар сөреден өткенде тұяқтарынан ұшқан тас, қардай бораған шаң-тозаң талай адамды тұншықтырды. Мәнікердің мойны сөреге озып келгенде, ашуға булыққан Ер Төстік Төкетайды өлтіреді.

Иесінің опат болғанын сезген Мәнікерді жұрт қаумалап ұстауға ұмтылғанда, «оған найза батпайды, қылыштың жүзі өтпейді, атқан оқ дарымайды. Қалың жаудан құтылып, еліне қарай заулайды...»

Кенен жырларының тілдік кестесі көркем, айшықты. Шешендік сөздер, аталық өсиеттер, даналық мақал-мәтелдер, айтыс өнерінің элементтері мол кездеседі. Мысалы:

а) мақал-мәтелдер:
«Аруақты жерден ат үркер».
«Ақылы жоқ арыстан,
Айға қарап шабынар».
«Ер өледі намыстан,
Қоян өлер қамыстан».
«Теңін тапсаң тегін бер».
«Қызға тыю қырық үйден».
«Елдестірмек – елшіден,
Жауластырмақ – жаушыдан».

ә) ақыл-нақылдар:
«Бозторғайға бақ қонса,
Бидайық, қыран бағынар.
Шымшық құсқа бақ қонса,
Самұрық келіп жалынар».
«Арғымақ ат пысқырса,
Алыс жолға шабылар».

б) үлгі-өсиет сөздер:
«Жақсы менен жаманның ,
Арасы болар жер-аспан.
Ағайынның жақсысы,
Бір-біріне қарасқан.
Ақымақтың белгісі.
Ата-салттан адасқан.».

в) шешендік сөздер:
«Хан мұнара болады,
Халық дұғадар болады.
Хан қайық болады,
Халық теңіз болады».

Қорыта айтқанда, Ер Төстік екі дастанда екі түрлі іс-әрекетімен, мінез-құлқымен танылады. Біріншісінде, «Ер Төстік» ертегісіндей тапқыр, батыл, мейірімді болса, екіншісінде, бақ талас, басбұзар. Кененнің дастандарындағы бірсыпыра жайлар қырғыздың «Манасы» мен «Ер Төстік» ертегісіне ұқсағанымен, халық ақыны білгендері мен естігендерін мүлде жаңғырта, өзгеше, жаңаша жырлайды. Екеуінде де адамдар арасындағы сыйластық пен мейірімділікті, халықтар арасындағы адамгершілік пен татулықты бірінші қатарға қояды.

«Қазақстан мектебі» ж-лы, № 9, 1978 ж.

Тәуірбек Сұртаев

ЖАМБЫЛМЕН ЖҮЗДЕСУ
(деректі әңгіме)

Қазақ әдебиетінің екі асқар белі – Жамбыл мен Кенен арасындағы ақындық байланыс, аға мен інге тән сыйластық тамыры тереңге кеткен ұзақ жылдық достыққа айналған. Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған осы әңгіме екі ақын арасындағы болған оқиғалар негізінде жазылды.

Жайлаудың бірнеше күнге созылатын ақ жаңбыры бір қалыпты жауып тұр. Қабырғалары тырбиған жүдеу аттарының құйрықтарын шарт түйген қос салт атты кеше ғана ас өткен Керімсаз жайлауынан сырғанақтап, төмен түсіп келе жатты. Қос салт аттының біреуі ірі денелі, қақпақ жауырынды, қара шоқша сақалды, жігіт ағасы жасына жетіп қалған Жамбыл да, екіншісі – саусақтары шіліктей жіңішке, талдырмаш келген, «Мен білсем, сен Кененсің, жарауы жеткен дөненсің» деп оны алғаш көргеннен-ақ ақын ұстазы жазбай сипаттаған – Кенен еді.

Мұндай асты бала Кененнің бірінші рет көруі. Байлық дегенді қойсаңшы. Күніңді көре алмай жүргенде, алты болыс қазақты айтпағанда, көрші жатқан қырғызды қоса шықырып ас беру шектен шыққан дарақылық қой. Ақындар да, әншілер де, балуандар да көп болды. Солардың бәріне сыйлық беру, мүше тарату қараңғы халықтан тонап алғанын оңды-солды шашу, сөйтіп атақ-даңқын шығару екенін Кенен іштей ұғынып келе жатыр. Өйткені, осынша дарақылық, сайып келгенде, «бәленшенің асы керемет өтті, байлық деп осыны айт» дегенге ғана саяды. Осындай таяздыққа бір жағы қайран қалған, екіншіден халық мол жиналған асты есіне түсіріп:

– Бұл өзі қырғыз, қазақ көпке дейін айта жүретін үлкен жиын болды-ау, – деп бозбала Кенен ойлы көзін еңісте жатқан қой тастарға қадап, ат үстінде нық отырған ақын ағасына бар денесімен бұрыла қарады.

– Тоқшылыққа не жетсін. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді деген осы, бауырым. Байдың малын аяйтын біз бе, ең бастысы тілегі де, тіршілігі де бір ақын достармен дидарластық.

Ән мен күйге құлақ құрышы қанды. Біз үшін тойдың әкесі осы – рухани азық алу! Оларды айтпағанның өзінде, өзіңмен кездесу қуанышына ие болдым. Жарықтық, табиғаттың, осы мерзімінің адам жадында мәңгі сақталып қалатын сәттері көп қой, Кененжан. Әсіресе, өрге қарай үдере көшкен шұбырынбайлар жағы әнге де, тамаққа да бір бөгіп қалады.

Керімсаз жайлауындағы кешегі жиындағы олардың түрін көрсең сен – беттеріне қан жүгіріп, жүректері алып ұшты емес пе? Әншілер, сырнайшылар, қобызшылар мен ақындар бас қосқан киіз үйдің қабырғаларын сықырлатып, орнына көшіріп әкете жаздады ғой, түге. Ол – жалшы-жақыбайлардың ғана қолдарынан келетін тірлік. Біздің тамашамызға әділ баға беріп, тұздық құйып жүргендер де солар. Оларды ғұмыр бойы бағалап, солардың сойылын соғуымыз керек. Ақындардың әділ қазысы да солар ғой, – деп Жамбыл сулығының етегін тақымына қарай ысыра түсті. Ас дегенді, ондай жиындарды талай-талай көріп жүрмін, мүйіз шығатын түрі жоқ. Ең бастысы, өзіңді көріп, үзеңгілес іні өсіп келе жатқанына көңілім марқайып, бір түрлі толқып келе жатырмын. Енді осы бағытыңнан таймай халқың сүйген ақын болып кетуіңе тілектеспін, Кенен.

Үлкен ақынның мұндай ашылып, ағынан жарыла сөйлегеніне Кенен сасып қалғандай болды. Екі бетінің ұшы дуылдап, денесі қуаныштан қызып бара жатқандай сезінді өзін. Жаңадан бастығып, өнер жолына бел шеше, білек сыбана кіріскен бала үшін бұдан артық мақтаудың да қажеті жоқ еді. Соны жақсы сезінген Кенен:

– Мен де өзіңізбен дидарласқаныма, жақын отырып танысқаныма, ғаламат дастаныңызды өз құлағыммен естігеніме өте қуаныштымын, аға – деді ол бір түрлі толқи сөйлеп. Сіздің айтыстарыңыз бен дастандарыңызды ел аузынан естіп, бір сөзінде қалт жібермей жаттам өстім. Түсімде өлең көрсем, асқар таудай болып алдымда өзіңіз тұрушы едіңіз. Аулыңызға арнайы іздеп баруға «аяғы құрғыр қысқа» болды. Сөйтіп жүргенде міне, өзіңізбен дидарласудың да сәті түсті ғой, әйтеуір, - деп кедейлігіне намыстанып, ер тоқымының басын сипап, төмен қарай берді.

Кәнігі ақын беті балбұл жанған Кененнің айтқандарын қалт жібермей тыңдап алды да:

– Сенің сіңірі шыққан өзім сияқты кедей екеніңді «Бозторғай» мен «Көкшолақ» деп аталатын тамаша әндеріңді алғаш естіген

сәтте-ақ ішім бірден сезген еді-ау. Сезім шіркін адамды алдамайды. Иі қанған, осындай өткір сөздерден тұратын өлеңдер халықтың жадында қалады. Өлең деген осындай көзді ағызып жіберетіндей шындықтан құралса ғана құнды болмақ.

Ақын болу – байлар мен манаптарды, дүмше молдаларды мақтап қарын тойдыру емес, жарқыным. Ол – азабы көп, үлкен өнер жолы. Аузында дуалы сөзі бар ақын болдым дегенше, қара халықтың қамқоры болдым дей бер. Олай етпеген жағдайда сөзің көпшіліктің жүрегіне жетпейді. Арып-ашып ұзақ жол жүресің, өзегің талып шаршайсың. Сөйтіп, зыр қағып жүріп гүл қауызынан шырын сорған бал арасындай, халық аузынан сөз маржанын тересің. Саф алтындай шындықтан құралған өлең-жырға мына керімсал дала, ана артта қалған ен жайлау толы аш-жалаңаштар, жарлы-жақыбайлар өлердей зәру.

Ұшқын атқан жанарын сонау еңіске тігіп келе жатқан Жамбылдың сөзі кенет үзіліп кетті. Алып ақын ой шыңырауына тағы да батып бара жатыр еді. Жаңа ғана табысқан ұстазының мінезінен хабар -ошары жоқ Кенен не дерін білмей, үзілген сөздің арқауын қалай жалғаудың амалын іштей ойластырып келеді. Айнала төңірек әлі тыныштық құшағында. Сегіз тұяқтың тықыры мына үстінен басқан тыныштықты бұза алар емес. Қорымдай қып-қызыл қиыршық тастарға соғылған қос аттың тұяқтарынан шыққан әлжуаз дыбысты да кең аңғар лып еткізіп жұтып қояды.

Иә, ақын болу – ауқаттылар мен атқа мінерлерді жата қалып мақтап, мықынға шыр байлау еместігін ақын-ұстазы жаңа ғана айтып сездірді. Жас ақын Кененнің ойына бұл жәйт бұрын келмеген де болар. Жақсы айтты-ау өзі. Расы да солай екен. Мына Жамбылдың жырау атанып халық арасында жыр маржанын селдетіп келе жатқанына қай заман.

«Тілінің қотыры бар. Бай-шонжарларға мейірі бір түспейді. Шаршы топтың алдында өлең айтса болды, әлгілерді тұқыртып, ит терісін бастарын қаптап жібереді. Ал оларды ылғи да мақтап жүрсе, баяғыда-ақ алдына жүздеп жылқы салып, жорға мініп, торқа киіп жүрер еді ғой»...Кененнің ойына сұңғыла ақын ағасының айтыстары, әсіресе Досмағамбет молдаға берген жауаптары түсті:

«Сен сықылды молдалар,
Бетіне ұстап құранды.
Өтірік айтып, елді алдап,

Тартқан қисық ұранды.
Аятын айтып ышқынып,
Ауруға дем үшкіріп,

Молдалар ұқсас жыланға» - деген жерін құйқа шымырламай, дене түршікпей, намысқа қамшы баспай тыңдау мүмкін емес.

Жеңіс жолында ақын бойындағы бар шеберлігін, өнерін сарқа жұмсайды. Қарсыласының бойынан кішкентай кемшілікті байқап қалса немесе бұрыннан білетін болса, оны өткір тілмен шенеп, сөзбен жеңудің сан-түрлі амалдарын қарастырады. Иә, айтысқа шығу – жепе-жек атысқа түсумен бірдей. Не өлтіресің, не өлесің, ит жығыс деген мұнда әсте болмайды. «Өлтірді» деген осы емес пе Жәкең сол Досмағамбетпен айтысында:

«Есеңгіреп жүрмесең,
Елді неге даттайсың?
Екі жүзді болмасаң,
Байды неге жақтайсың?
Қайыры көпке тимеген,
Әкімдікпен билеген.
Жарлы-жалшы сүймеген,
Ханды неге мақтайсың?» деп жер-жебіріне жете сынаған жыр жолдарын сөз қадірін білетіндер ауыздарынан тастамай, тамсана айтып жүрген жоқ па? Ақынның шеберлігі деп, міне осыны айтса жарасады емес пе?

Көк дөненнен жүйрік Кененнің бала көңілі тасып-тасып кеткендей болды. Ақын ағасының ел аузына тарап, жатталып қалған Құлмамбетпен, Сарбаспен, Айкүміспен айтыстарының кей тұстарын есіне түсіріп, ат үстінде біртүрлі шабыттанып, арқасы ұстап отырған Кенен Жамбылдың жуан дауыспен:

– Немене, жаңбыр өтіп, қатты жаурап келе жатырсың-ау, шамасы?» деп, аяқ асты сөз бастауынан селк ете түсті.

– Жо-жоқ, әшейін бір нәрселерді есіме түсіріп келе жатыр едім, деп Кенен негізгі ойын айтудан жалтарды.

– Кешеден бері сенімен танысқан қуанышым басылмай келе жатыр. Сөз бен әннің қадірін білетін, аттың тізгініндей екеуін де тең ұстайтын сендей жақсы ініні, қай құдай бере салды екен, деймін-ау?! «Бір лақ артық туса, бір түп жусан артық өседі» дегендей, өзгеге ұқсамай, «Бозторғайдай» ән қазақ аспанында көптеп, ұзақ қалықтаса екен деп ойлап келемін.

«Жетісу» г-ті, 20 август, 1980 ж.

Мырзабек Дүйсенов

ӘСЕМ ӘУЕН, СҰЛУ ЖЫР

Жыршы, жырау, ақындарға да, әнші, күйшілерге де қазақ ежелден кенде ел емес. Әр салада алдына жан салмас жүйріктері болған. Сонымен бірге осы өнердің сан алуан түрлерін бір бойында сақтаған әмбебап салдары мен серілері де өтіпті. Бұлар сирек кездесетін, қайталанбас дарындар еді.

Сонау сақ, хұн замандарында әскери-демократия үстемдік құрып тұрғанда туып, қалыптасқан салдық, серілік өнер ғасырлар бойы дамып, жаңа дәуір, жаңа тұрмысқа орай белгілі дәрежеде ширап, жаңғыртып та отырған ғой. Оны тудырған болмыс өзгергенімен дәстүр көпке дейін жоғалған жоқ. Кезінде ел арасында өнер көрсеткен көптеген сал, серілердің есімдері ел аузында сақталған, өнерлерінің кейбір үлгілері ғана бізге жеткен, ал көбі ұмытылған. Сол салдық, серілік дәстүрді бізге жеткізушілердің әзірге тарихта белгілісі Сегіз сері, оны ұстаз тұтқан Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақтар. Бұлардың өкшелерін баса Үкілі Ыбырай, Шашубай, Кенендер совет дәуіріне жетті.

Уақыт өте келе, тарихи-экономикалық мәдени жағдайларға орай өнер салалары жіктеле, тарамдала берді.

Қазақтың салқар кең даласының бір өңірінде жыраулық, жыршылық, енді бір аймақтарында әншілік, күйшілік өнер дәстүрлері қалыптаса бастағанын айта келіп, Мұхтар Әуезов: «Қазақ халқында ерекше дамыған айтыс өнері XIX ғасырдан бергі жерде өзге жерлерде саябырсып, Жетісу, оңтүстік өлкелерінде шоғырлана бастайды» деп жазады. Ғұлама бұл ретте атақты Сүйінбай, Бақтыбай, Құлмамбет, Сарбас, Жамбыл, Бармақ сияқты от ауызды, орақ тілді суырып салма жырдың саңлақтарын еске алып отыр. Жетісу ежелден өнердің алтын бесігі болғаны белгілі. Әлгі аталғандардан басқа да сал, серілері, жыршы, жыраулары көп, олардың аттарының өзі ұзақ тізімге айналар еді. Бұлардың қайқайсысы болсын жыр базарының сан қилы өнерпаздары болған.

Солардың бірі биыл (1984 ж.) туғанына 100 жыл толып отырған Кенен Әзірбаев. Әйтсе де Кененнің табиғаты өз замандастарының көбінен өзгеше тұрады. Олай дейтініміз ол берісі Жетісу, әрісі исі қазаққа тән ән мен жырдың жақсы үрдістерін бір бойына жинаған

сергіз қырлы бір сырлы сұңғыла өнер иесі. Оның тұла бойындағы тұтанған өнерге ой жіберіп көрсек жүрегінің бар толқынысын әуен арқылы жеткізе білетін композитор, оны қос ішекті домбырамен өзі сүйемелдеп, жаныңды жібекпен сипағандай қоңыр дауысты әнші екенін танимыз.

Ол тек осы қасиеттерімен-ақ халықтың аңсай күтер сүйіктісіне айнала алар еді. Бірақ сал, сері болу үшін бұл әлі жеткіліксіз. Әлгі шығарған ән сазына өлең сөзін де өзі шығаратын жырау ақын болуы тиіс. Ендеше өз өмірінің әр алуан құбылыстары жырлары арқылы да танылмақ. Олары бірде өлең, бірде толғау, терме, тіпті лирикалық, эпикалық сипаттағы дастандар болуы да ғажап емес. Кезі келсе ақындық айтыс өнеріне де сыбанып кірісіп кетуден тайсалмайды. Бұл ғана емес, жастай жыр жаттап таңды таңға қосатын жыршы да бола алады. Осы сан-салалы өнердің барлығы да бір Кененнің өн бойынан табылды. Өз замандастарынан оны даралап тұратын да осы қасиеттері.

Рас, салдық, серіліктің жекелеген нышандары Кенен замандастарының кейбірінде болғанын мойындаймыз. Әрі жырау, әрі композитор-әншілігінің үстіне Шашубай Қошқарбаевтың цирк ойындарына тән неше түрлі өнері қоса жүрсе, Иса Байзақов ақпа ақын, әрі жыршы, әрі әншілігіне қоса артист те болған ғой. Қазақстанның әр аймағынан шыққан осындай дарын иелері саусақпен санап аларлықтай ғана. Салдық, серілік дәстүрді Жетісуда сақтаған Кенен болса, жалпы қазақтағы осы бесаспап өнер иесінің әзірге соңғысы да осы Кенен Әзірбаев десек артық бағалағанымыз емес.

Өзінің айтуына қарағанда, әйгілі «Бозторғай» әнін Кенен ақсақал он үш жасында шығарыпты. Алғашқы әні «Ри, қойым» мен «Көкшолақ» әндерін бозбала кезінде айта бастаған. Бұлардың нендей себептермен шыққан тарихын тәптіштеп жатудың қажеті жоқ, оны оқушы өзі де жақсы біледі. Ол заманда әншілік те, жыршылық та синкретті сипатта болғанын ескерсек, Кенен әнді бұрын шығарды ма, жоқ өлең-жырды бұрын шығарды ма деген сауалды қоюдың еш қисыны жоқ. Бұл екі өнер медальдің екі беті сияқты, бедері әр түрлі болғанымен металы бір, оны сомдап құюшы шебері біреу ғана. Әнді сақтаған өлеңі (тексті) болса, өлеңін ұмыттырмай жеткізген әсем әуені. Кененде мұндай ән-өлеңнің саны жүзден асады. Біз бұл жерде Кененнің композиторлық және әншілік

өнерінің сыр-сипатына тоқталып жатпаймыз, өйткені ол хақында арнаулы зерттеулер болған, әлі де музыка мамандары айта жатар. Композиторлығы мен әншілігін еске алып отырған себебіміз, бұл кісі өзінің алдында өткен әнші-ақындардың дәстүрін жалғастырып, қазақ поэзиясындағы лирикалық жанрдың әнге лайықталған саласын тудырушы, дамытушылардың бірі болғандығын айту. Ән өлеңдерінің әуенге лайықталған өз табиғаты, болмысы бар десек, сол ерекшелікті біз Кенен творчествосынан да көре аламыз.

Көп жасап, көпті көрген Кененнің өмір жолында небір ұмытылмас оқиғалар ұшырасқанын, небір жүйрік өнер иелерімен кездесіп, сұхбаттар құрғанын білеміз. Соның қай-қайсысы болса да өнер иесіне белгілі дәрежеде әсер етпей, творчествосына із тастамай кете алмайды. Сондай сәтті күндердің бірі 1912 жылы өткен. Жетісуға келген әйгілі «Ғалия» әнінің авторы, әнші Балуан Шолаққа бозбала Кенен келіп:

Өзіңнен ән үлгісін алайын деп,

Кеп тұрмын бір жұруге тамашалап, – деп сәлем берді.

Салдық, серілік құрып, жер-жерді аралап елге үлкен өнер көрсетеді, өзінің де жаны байып, есейіп қалғандай болады.

Кенен өлеңдері оның жырларымен тақырыптас, мазмұндас, соған қарағанда ол әнімен қоса жырын, жырымен қоса әнін егіз екі қатар алып, екеуін де домбыраның қос шегіндей бұрап, құлақ күйін үнемі келтіріп отырған. Айтайын деген ойы ән болып төгіліп, жыр болып ағылып жарыса қажетке жараған.

Кененнің өз айтуына қарағанда, он жеті жасында Еркебай деген кісіге еріп көрші отырған туысқан қырғыз елінің манабы Шабденге берілген асқа барады. Осы асқа Жамбыл да келген екен, екеуінің алғаш көрісіп, танысуы осы жерден басталыпты. Жыр айтып, ән салып қос дарын бүтін қырғыз елін таң-тамаша қалдырыпты. Содан бері ол жасы үлкен аға, тәжірибесі мол, асқан жырау әрі жыршы Жамбылдың ең жақын шәкірттерінің біріне айналған. Жамбылды өле-өлгенше ұстаз тұтады. Оларды жақындастырған ең алдымен өнер күші болса, одан кейін екеуінің өмірге, айналадағы болмысқа деген көзқарастарының жақындығы еді. Екеуі де халықтың ішінен шыққан өнерпаз, өлең жырларын халықтық, елдік мүддеге арнайды. Олардың шығармаларынан әлеуметтік сарын, таптық көзқарастың анық бой танытатыны да осыдан. Тек қана өз халқы емес, екеуі де туысқан қырғыз халқының да мұңын мұңдап, жоғын

жоқтаған сүйікті жырауы, жыршысы, әншісіне айналып кетеді. Қырғыз жыраулары, ақындары да Жетісу елімен тығыз байланысын үзбеген.

Кененнің Базар мен Назар деген екі ұлы бірдей шешектен қайтқанда қырғыздың Османқұл Бөлебалаев, Төкпе ақындары арнайы келіп, Кененге:

Мен Османқұл жиенің,
Бөлебала күйеуің.
Қапа болсаң ортақпын,
Сырқырайды сүйегім,
Көңіл айта көп қырғыз,
Қосып келдік тілеуін, - деп көңіл айтқан ғой.

Екі ел жүйріктерінің осындай достық, туысқандық қарым-қатынастары қай-қайсысының болса да творчествосына із тастамай кеткен емес.

Кенен өнерінің бір қыры жыршылығы. Жастай жыр жаттап, әр түрлі мақаммен айтуды да әдетіне айналдырған. Оның айрықша сөз етуге тұратын шығармаларының бірі «Көкетайдың асы» мен «Ер Төстік» дастандары. Ел арасында ертеден тарап, айтылып жүрген дастан Кенен репертуарына енгенде басқаша тағдырға ие болады. Бұрынғы нұсқасын онша қанағат тұтпаған жырау-ақын ендігі жерде оқиғаны біршама қоюлатып, образдарды да даралай саралай береді. Тапқырлық, елдік, ерлік мотивтерді өзінің түсінігінше күшейтіп, әсірелей түседі. Жасында қырғыз жомақшыларынан «Манас» жырын Кененнің естуі мүмкін еді. Бұл жырды өзінің ұстазы Жамбылдың орындауынан да естіген болуға керек. Алайда Кенен жырлаған «Көкетайдың асында» әйгілі «Манас» жырына ептеген жақындық болғанымен, жыршы оның өн бойына жоғарыда айтқанымыздай елеулі редакция жүргізген. Сондықтан да бұл «Манастың» бір тарауының нұсқасы емес, Кененнің төл туындысы болып шыққан. Мұны кезінде М. Әуезов те жіті байқаған еді. Сыншы, ғалым Р. Бердібаев бұл шығармалардан өзге қазақ жырларынан бөлек сипат табады. Ол ерекшеліктер, біріншіден, әрекет ететін қаһармандардың қазақ пен қырғыз елдерінде ортақ кісілер Манас батыр дәуірінің адамдары: Көкетай, Ер Қосай, Әлмембет, Ер Көкше т.б. болуы; екіншіден, балаларына қыз іздеп «Күнбатыста Көкжелек» елдерінің арасын кезетін Көкетай Ертістен Қырымға дейінгі аралықты мекендеген

жалпақ елді аралайды, үшіншіден, қазақ ертегісінде аты аталатын Ер Төстік Қырым елінің батыры ретінде көрінеді.

Жанрлық жағынан қарағанда мұнда ертегі, тарихи жыр, эпостың элементтері араласып жүреді екен. Осы сынды ерекшеліктердің Кенен жырына қайдан, қалай көрінген сырын ашу зерттеуші ғалымдардың міндетіне көшеді. Тегінде мұны берісі «Манас», әрісі жалпы түркі халықтары эпостары ертегілерімен салыстырған, зерттеген абзал-ау деп ойлаймыз.

Азамат жыршы, әнші ел басындағы қуаныш пен күйінішті әні мен жыры арқылы ғана бейнелеген жоқ, халық тағдыры таразыға түсетін сын сағаттарда білек сыбанып тікелей әрекетке кірісіп те кеткенін көреміз. Оның өміріндегі сондай бір белеңді кезең 1916 жылғы халық көтерілісі еді. Ертедегі жыраулардың көбі осындай ел басына бұлт айналғанда қол бастаған батырдың соңынан еріп, қалың жасақтың рухын көтеріп, көңілдерін аулап отырған ғой. Кененнің замандасы Омар Шипин де осы дүрбелең кезінде халық батыры Амангелдінің жанында болғанын білеміз. Арғы замандардағы салдардың міндеті де осы болған. Кенен болса Жетісу қазақтарын бастаған Бекболат, Әли батырлардың қасына ерді. Өз көзімен көріп, көңіліне түйгендерін де дастан етіп жырлайды. «Әли батыр» осылай туған. Кенен кейінгі жылдары бұл дастанына қайта-қайта оралып, батыр бейнесін аша, шығарма сюжетін қоюлата, композициясын шырата түседі. Сөйтіп, «Әли батыр» тарихи жыр-дастандардың ішіндегі айшықты, сом шығармалардың біріне айналады.

Ұзақ жылдар бойы ән мен өлең жыр дәстүрінің туын биік ұстап келген Кенен творчествосының тақырыптық аясы да кең, поэзиялық ішкі мүмкіндіктері де мол. Тіршілік еткен заманының, ортасының тұрмыстық болмыстарын, моральдық-этикалық сипаттарын ғана емес, өзі куәсі болған елеулі-елеулі оқиғалармен жүрегін толқытып, көңіліне қозғау салған әлеуметтік, мәдени, саяси құбылыстардың қай-қайсысына болсын үн қатпай отыра алмайды, публицистік, дидактикалық, лирикалық тіпті эпикалық деңгейде жырлайды. Мұны өзінің азаматтық борышы санаған. Жеке бастық сезім, толғаныстар жалпы халықтық мәні бар ірі құбылыстарға ұласады.

Революцияға дейінгі ел басындағы ауыртпалықтар, Октябрь әкелген ұлы жаңалық, социалистік құрылыс жетістіктері, Отан

қорғау, достық-ынтымақ, еңбекке деген жаңа көзқарас, жаңа заманға жарастықты жақсы мінез-қылық, сән мен салтанат барлығы да Кенен творчествосының өзекті арқауы. Жақсылықты, жетістікті көре білген, оған көкірек аша қуана алған ол көңілге көлеңке түсірер жат мінез, оғаш қылықты байқағанда аямай бетке айтудан тайынбайды, ымырасыз айқасқа дайын. Бұл шын ақындық мінез. Уақыт талап еткен, халықтық биік мұрат қажет еткен істерге дер кезінде үн қату, өз көзқарасын таныту үлкен азаматтық, ақындық мұрат.

Суырып салма, ақпа ақын (импровизатор) Кенекең ертеде көп жырлаған, бірақ, олардың барлығы дер кезінде хатқа түспей естігеннің құлағында, тоқығанның көңілінде ұялап кете берген ғой. Кенен негізінен ежелгі жыраулық-жыршылық дәстүрдің өкілі десек те әншілігі оның творчествосына жаңа леп әкелгенін көреміз. Әсіресе, совет дәуіріндегі өлең жырларында қалыптасқан дәстүрлі стильді ішкі мазмұн, тілдік бояу-нақышпен байыта түссем деген талабы анық көріне бастайды. Самолетте ұшып келе жатқан ақынның:

Алатау өркеш-өркеш түйе құсап,
Жамылып ақ жабуын қала берді, -

немесе:

Сарыарқаның сар белін кешіп ұштық,
Сары желін бұрғыдай тесіп ұштық, -

деген жолдар соның айғағы. Астарлы ой, ишарамен берілетін емеуріндер, қиыннан қиысып келетін бейнелі тілдік өрнектер аз емес.

Айта берсе Кенен Әзірбаев туралы сөз көп. Ол туралы «Қазақ әдебиеті тарихында», жекелеген жинақтарда, газет, журналдарда аз жазылған жоқ. 1976 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты Кененнің туғанына 80-жыл толу құрметіне арнап «Халық поэзиясы және бүгінгі өмір» атты ғылыми жинақ та бастырып шығарды.

Өлең-жыр, дастандарын ауызша шығарып келген Кенекеңнің шығармалары 1937 жылдан бері облыстық, республикалық баспасөз беттерінде жариялана бастап еді. 50-жылдардан бастап шығармалары жеке-жеке кітап болып, көптеген тиражбен елге тарады. Таңдамалы шығармалары 1974 жылы бір шықса, биыл Қазақ ССР Ғылым академиясының дайындауымен жарық көрді. Бір томдық өлеңдері орыс тілінде шықса, «Өнер» баспасы ән-

өлеңдерін жеке шығарды. Көзінің тірісінде Кенен әндері өзінің орындауында грампластинкаға жазылғанды. Бұл күйтабақтар қазірде ән сүйер қауымның ең қымбат, асыл мүліктерінің біріне айналғаны даусыз. Кенен жырын, дастандарын жаттампаз жыршылар да өз репертуарына мол енгізгенінің куәсіміз.

Көргені мен білгені көп қарт Кенен әңгімешіл, дәулескер шежіреші болатын-ды. Өз өмір жолы туралы ғана емес, алдындағы аға ақын, жырау-жыршылар, ел намысын қорғаған батырбағландар, халық арасына тараған тарихи аңыздарды да көп білетін. Міне осы шежіре әңгімелерінің мемуарлық сипаты, тарихи мәні, танытқыштық қасиеті өзгеше. Бұлары 1969 жылы «Аңыздар сыры» деген атпен аз көлемде ғана жарық көрген еді. Қазір де осы әңгімелері де толық жиналып бір том көлемінде баспаға дайын тұр.

Халықтың өнерлі ұлы, үлкен азаматы Кенен Әзірбаевтің творчествосы алдағы уақытта да жан-жақты, тереңдей зерттеліп, кезінде сұхбаттас болған замандастырының естеліктері жиналмаққа керек. Қазірде әдебиет, бейнелеу өнерінде де оның жарқын бейнесі әр қырынан ашыла бастағанын үлкен мақтаныш сезіммен атаймыз. Бар өмірін өнерге берген, арымай, талмай еліне қызмет еткен сегіз қырлы, бір сырлы Кенен Әзірбаев әр уақытта халықтың жүрегінде.

«Қазақ әдебиеті» г-ті, 22 июнь, 1984 ж.

М. Ахметова

ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Қазақ халқының музыка тарихында халықтық стильді жасап, соған лайықты эстетикалық талғамды қалыптастырған, көптеген ұрпақты тәрбиелеген және тәрбиелеп келе жатқан дарынды адамдар көп болған. Солардың арасында жүз жылдық торқалы тойын бүкіл республика атап өткелі отырған аса көрнекті композитор Кенен Әзірбаев бар. К. Әзірбаев өзінің творчествосы арқылы қазақ халқының ақындық та, музыкалық та, вокальдық та мәдениетін кеңейтіп, байыта түсті. Ол – атақты әнші, өзіндік ерекшелігі мол композитор, суырып салма әрі айтыс ақыны, профессионалдық ұлттық орындаушылық мектебінің жарқын өкілдерінің бірі. Ке-

нен Әзірбаевтың творчествосына жоғары идеялық пен сенімділік, азаматтық ой мен асыл сезім, тыңдаушыға ықпал етудегі психологиядық тереңдік тән. Ол жаңа мен халықтық дәстүрді әрдайым сергек қабылдайды. Міне, осы келісті үйлесімдер оның ән шығармаларына өзіндің тереңдік, сан түрлі иірім, нәзіктік, көп қырлы тартымдылық берген.

Атақты өнер қайраткерінің творчествосы өткен ғасырдың аяқ шенінде басталды. Сол кездегі әндерінде Кенен Әзірбаев қарапайым қазақ жұртының ауыр өмірін жарқын да, бейнелі көрсетті. Тіпті, оның қаршадай кезінде шығарған әндерінде шынайы жаңашылдық сипат, терең әлеуметтік мазмұн бар еді. Сол кездердегі «Бозторғай» әні халыққа кеңінен танылды. «Бозторғай шырылдайсың жерге түспей, Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей» деген жолдардың өзінен философиялық, лирикалық-мұңды әуенді аңдауға болады. «Көкшолақ», «Ри, қойым!», «Қайран елім», тағы басқа көптеген әндері әлеуметтік теңсіздік жағдайын ащы әшкерелеген, сөйтсе де өмір сүйгіштік рухы жоғары туындылардың санатына қосылады.

Октябрь революциясынан кейін Кенен Әзірбаевтың творчествосы бүтіндей жаңа сипат алды. Оның әндерінің тақырыбы күрт өзгерді және кеңейе түсті...Бұл кезеңдегі оның алғашқы әндерінің бірі - «Ленин бабам», ол 1924 жылы шығарылған... Жаңа әлемнің жаршысы ұлы көсемнің қайтыс болуын халық атынан жоқтау арқылы көпшіліктің қайғысын терең білдірген. Композитор мұнда дәстүрлі халықтық жоқтауды пайдалана отырып, декламациялық-речитацияға ұрынбайды. Мұнда дәстүрлі жоқтаудың тынысы әлдеқайда кеңірек. Музыкалық-поэтикалық бейнесінің сипаты бойынша ән дәстүрлі отбасылық шеңбердің аясынан шығып кеткен. Онда зор мемлекеттік қайраткерден айрылғаны жөніндегі жалпы халықтың қайғысы бар. Яғни, дәстүрлі жоқтау қоғамдық-ұжымдық сипат алып, терең қайғыру дәрежесіне көтерілгенін аңғартады.

Оның «Бал құйылды даладан» атты шығармасы әуенді де, сазды, онда туған табиғаттың әсемдігі, қазақ даласының кеңдігі әдемі көрініс тапқан. Ән халықтың атынан айтылады. Еш айғайсыз-ақ, қарапайым да ажарлы сөзбен, сеніммен және тереңдікпен халықтың Отанға, ұлы көсемге деген шексіз махаббатын білдіреді. Әуенге әншінің шабытты да, биік әсем үні ерекше ажар береді.

«Батыр Мәскеу қаладан,
Жер жүзінің алыбы,
Ленин сынды данадан,
Нұрлы бақыт тараған,
Ел жүрегі – мавзолей,
Нұр-кремль – үлкен үй...».

Шынайы, салтанатты, зор үнді, эпикалық бұл жолдар Кенен Әзірбаевтың «Батыр Москва» әнінен алынып отыр. «Батыр Москва» әні айтылу екпіні, сөз саптау жағынан да эпикалық-қаһармандық сипаттағы ән. Бұл шығарма әуенінің серпінділігімен, музыкалық тілінің шынайылығымен, халықтық терме түріндегі речитативтік нақыштың шебер қолданылуымен ерекшеленеді.

Тегінде, Кенен Әзірбаевтың музыкалық-поэтикалық мұрасы таусылмайтын қазына, ерекше бай әлем, халықтың біртұтас тарихы. Өзінің көзі тірісінде жарық көрген бір кітабын Кенекеңнің «Өлең – менің өмірім» деп атауы тегін болмаса керек.

Өзімнің ауылдастарым сияқты, мен де аса көрнекті әншіні бала кезімде көріп, әлденеше рет дауысын тыңдаған едім. Кененнің туған жері Мәтібұлаққа тақау орналасқан Көкбастаудағы жиын-тойдың әрқашан ең қадірлі қонағы болып жүрді. Бұдан кейін де тағдыр маған осы ұлы өнерпазбен үнемі жүздесіп отыруды жазған екен. 1939 жылы өткен Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде, еліміздің барлық республикаларынан келген халық таланттарының байқауында Кененнің шабытпен шырқаған әні күні бүгінге дейін жадымда сақтаулы.

Қазақ ССР Ғылым академиясының президиумы жанындағы өнертану бөлімінде, одан кейін М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімінде көптеген жылдар бойы Кенекеңнің әндері мен әңгімелерін тыңдаған едік. Композитор, музыка зерттеуші Б. Ерзакович пен К. Әзірбаев арасындағы творчестволық ежелгі достықтың біз үшін тәлімдік қасиеттері бар еді. Бұл қарым-қатынастан шын мәніндегі творчестволық достықты, ғалым мен ақын арасындағы бір-біріне деген қалтқысыз таза, құрмет сезіміне толы адами қасиеттерді аңғаратынбыз.

Кенен Әзірбаев республикамыздың профессионалды музыкалық мәдениетінің қалыптасуына белсене ат салысты. Ол 1939 жылы құрылған Қазақстан Композиторлар одағының ұйымдастыру комитетінің алғашқы мүшелерінің бірі. Сол жылдар-

дан бері ол Қазақстан Композиторлар одағының барлық съездерін құттықтау әндерімен ашып отырды.

Иә, дарынды композитордың, әншінің, халық ақынының кейінгі ұрпаққа орасан зор өнер мұрасы қалды. Ол ешқашан халық жадынан шықпай, мәңгі сақталатыны кәміл.

«Соц. Қазақстан» г-ті, 17 июнь, 1984 ж.

Тұманбай Молдағалиев

СӘУЛЕЛІ ШАҚ

Бұл – 1959 жылдың жаз айының бір күні еді. Жазушылар одағының пленумы болды. Сол пленумның үзілісінде Кенен атаны жұрт қаумалап өлең айтыңыз деп өтінді.

Ақ сақалды, мол денелі сұлу қария қолындағы домбыраны қағып-қағып безілдетті де, бір өлеңді бастап кетті. Мені оның ақындығы қызықтырып еді. Бұл қарияның «Көк шолақ», «Ақ ешкі» атты өлеңдерін бала кезімде өзім де айтып жүретінмін.

Ол сәулелі шыңдай жұрттың бәрін өзіне тартып тұрды. Кенен ата өлеңін тәмамдаған кезде оны қоршап, қаумалаған жұрт ду қол соқты. Сол кездегі Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, ақын Әбділда аға: «Кенекеңмен суретке түсейік кәнеки, жолдастар!» деп өзіне біткен ақ көңілімен жиналғандарды суретке түсуге шақырды. Атама жақынырақ келіп мен де тұра қалдым. Екі кітап шығарып, үлкен ағалардың ілтипатына бөленіп қалған кезім еді. Мен де суретке түсейін бе деп? ешкімнен рұқсат сұрамаған болуым керек. Әйтеуір асыл атама жақынырақ жерден орналасыппын. Суретке Кенен ақынмен бірге түсу үшін ғана түсіп тұрғанымызды бәріміз де іштей сезіндік.

Осы суреттегі бәріміз де ұлы Жамбылдың сенімді шәкірті, серігі Кенен ақынды шексіз махаббатпен сүйген болуымыз керек. Бәріміз де атамызбен бірігіп, бір кісі болып кетуге әзір тұрған сияқтымыз. Атамыз өте бір мейіріммен алысқа қарап ортамызда тұр. Мариям апай да, Кенекеңнің өкшесін басып жүрген Сапарғали Бегалин аға да бір түрлі қуаныпты. Әсіресе, Жұмағали Саин ақын қатты мейірленіп, күліп тұр. Әбекең де күлкісін жаңа жиып алған. Мейірлі Кенен атаның жүзіндегі күлкісі – шыңға түскен

сәуледей жарасып-ақ тұр. Ол кездегі жас ғалымдар – Мүсілім Базарбаев та, Есенгелді Жақұпов та, Тұрлыбек Сыдықов та, бүгінгі фольклорисіміз Мардан Байділдаев та көздеріндегі қуанышын жасыра алмай тұр. Аса, әсте сұсты көрінетін сыншы, әдебиетші ғалым ағамыз Есмағамбет Исмаиловтың жүзінен де қуаныш табын айыруға болады. Алатаудың бір шыңындай атамызды қоршап, қорған тұтып тұра қалыппыз.

Сол жолы мен атамды баспа кеңсесінен Жазушылар одағына таксимен әкелдім. Елпілдеп тұрған маған танысқан соң:

– Өз балам екенсің ғой деп елжірей қарады ол.

Атамның бір томдығына редактор болдым. Ол кісінің ақындығымен жолыққан тұсым маған тек қана қуаныш әкелді. Тоқсанындағы тойына барғанымда есікте тұрған мені ол кісіге Асанбай Асқаров таныстырғысы келіп еді, Кенекең дереу жүзі жылып:

– Тұманбай маған жақсылық істеген балам, кітабымды шығарып берген көмекшім, қайда тұр өзі? Кел, қасыма кел қолымнан қымыз іш, - деді. Мен қысылып атамның қасына бардым.

...Қазақтың 16 қанатты үйінде атамды өкімет, партия қайраткерлері қоршап отыр еді. Кенекең сол кездегі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Сабыр Ниязбековке қарап:

– Бір тілегім бар, қарағым,-деді. Сабыр аға да:

– Айтыңыз, айтыңыз, Кенеке, - деді. Кенен ата біраз ойланып отырды да:

– Біраз жылда мен кетемін араларыңнан. Жүзге келем деп уәде бермеймін. Мен кеткенде көзі тірісінде Кенен атам салдырған мектеп еді деп балаларым айта жүрсін, біздің ауылға бір мектеп салдырып беріңдер, - деді.

Мен Кенен атамды ерекше бір сезіммен жақсы көріп кеттім.

«Жетісу» газеті, 26 июнь, 1984 ж.

Еркеғали Рахмадиев

ТАС БҰЛАҚТАЙ ТАЗА ӨНЕР

Ұлттық өнер, оның ішінде халық творчествосы бөлшектеуге келмейтін, уақыт пен табиғаттың, ел мен мекеннің өзі тұлғалаған алтын ескерткіш қой. Мұнан туындайтын ой мынау: яки, Кенен Әзірбаев Жетісу өңірі шеңберімен шектеліп қалған әнші-композитор емес, себебі Кенекең ұстанған өнердің өзегі әріде, тамыры тереңде, дәлірек айтар болсақ, уақыттың өзі тұлғалады деген жаңағы алтын ескерткіштің тұғырынан бой көтеріп тұр.

Кенекең, біріншіден – қазақ топырағында ықылым заман-дардан келе жатқан халық творчествосын өткен дәуірден бүгінгі кезеңге дейін ұластырушылардың бірі. «Сегіз қырлы, бір сырлы» сал-серілердің соңғы тұяғы іспетті. Және сол көштің ауыр жүгін арқалаушы. Кенен әндерінің саңқылдаған сарыны сонау VIII – IX ғасырда өткен Қорқыт баба қобызының еңкілдеген, еңіреген әуеніне барып қосылып жатқандай да көрінеді.

Кенекең, беріде екі бірдей одақтың, СССР Жазушылар одағы мен СССР Композиторлар одағына үлкен құрметпен қабылданғанымен, ол нағыз халық ақыны, нағыз халық композиторы. Халықтың бел ортасынан шыққан, әрі халық музыкасының сыр-сипатын терең сезініп, оны өз ән-жырына творчестволықпен шебер сіңіре білген өнерпаз. «Қайтып Кенен тумайды, Алатауға ексең де» деп өзі айтпақшы Кенекең қазақ топырағында қайталанбайтын құбылыс.

Біздің көбіміз Кенекеңнің «Көкшолақ», «Бозторғай» сияқты әндерінің мазмұнын тура қабылдап, Ұлы Октябрь революциясы жеңіске жеткенше оны қой соңында біржола маталып қалғандай көреміз. Шындығында, ақын Кенен, әнші Кенен, күйші Кенен, сал-сері Кенен сол кертартпа заманның өзінде-ақ өз өнерінің еркіндігін жүрген ортасынан тартып ала алған. Бұл еркіндік оның би-болыстарға жандайшаптығынан туған кеңшілік емес, елдің өнерге деген орнықты құрметінен, дарынды өнерлілерді сыйлау салтынан келіп шыққан. Немесе, Кенекең де, Кенекеңе дейін өмірден баз кешіп өткен қаншама сал-серілер де, әдетте, бай-шонжарлардың суын ішіп, отын оттамаған. Нағыз өнерлінің орақ тілі мен отты аузынан төгілген өлең-жыр уыты қай заман, қай кезеңде болмасын, «толдым-жеттімдердің» еншісіне тиген. Сондықтан да: «Ел

салдықты мін көреді, серілікті жын көреді» деген жаңсақ пікір сол бай-шонжарлардан қалған сөз. Яки, сал да, сері де жарлы мен кембағалдардың жыртысын жыртып, жанын жадыратушылар. Сал-серілер өнерінің жалпы халықтық сипат алу себебі де осы қасиетінен – көпшілдігінен, өмір сүйгіштігінен.

Сал-серілерге тән өмір сүйгіштік, көпшіл қасиет Кенекеңнің өнерінен де тебіндеп тұратын. Ол – алғашқы әні «Бозторғайдан» бастап, кейінгі әндерінің бірі «Тыңға сапарға» шейін ұласып жатыр.

Қазір Кенекеңнің бізге 120 әні, 11 күйі белгілі. Әрине, бұл ән-күйлердің ішінде өз уақытында өз жүгін көтеріп, қазіргі өнер сұранымы үшін тек деректемелік мәнге көшкендері де бар шығар. Мейлі, соншама дүниенің ішінара қайсыбірі кезеңдік қана шығармалар болған күнде де, ол туындыларды бір ғана сипатының өзімен-ақ бүгінгі творчестволық жастарымызға үлгі-өнеге етуге болады. Өйткені, тағы да қайталап айтамын, ол ән-күйлер уақыт талабын кезінде қара нардай қайыспай көтере алған айтулы туындылар еді.

Кенекең қалың бұқараның қақ ортасынан шыққан нағыз халық композиторы дедік. Олай дейтініміз – Кенен өнерінің қырсыры халық творчествосымен біте қайнасып жатыр. Меніңше, халық творчествосынсыз ұлттық өнерімізді толық тұрпатты қалпында танып білу, елестету мүмкін емес. Сондықтан халық творчествосының барлық түрінің кең етек алуына дер кезінде мүмкіндік жасап отыруымыз керек. Өз басым, Кенекең қарайлас аға буынды мақтаныш етемін, ұстаз тұтамын...Күні кеше ғана Кенекеңнің Қазақстан композиторларының үшінші және төртінші съезін суырып салып, өлеңмен ашқанын көрген болатынбыз. Осы орайда, Кенекең тағы да еріксіз еске түседі. Композиторлар одағы 1939 жылы Кенекеңді Москваға «Мелодистер» курсына жіберіпті. Сол кездің өзінде ақынның 56-ға келген кезі екен. Кенекеңнің осы бір жаны жайсаң, өмір сүйгіштік мінез ерекшелігі өз творчествосынан да көрініс береді.

Соған қарағанда, Кенекең, табиғатында сезімтал, сергек кісі болса керек. Өз басым ақынның осы көзі ашық көрегендік қасиетін, ән-күй таорчествосы арқылы сезінемін. Мысалы, бір ғана «Тыңға сапар» әнін дер кезінде жазуының өзі неге тұрады. «Бейбітшілік жыры», «Елімнің ерке жастары», «Халықтан сансыз алғыс»,

«Жайнады тыңым, жайнады» атты әндері қырағы сергек көңілден шыққан, халыққа рух беретін, ел қуатына қуат қосатын, жасампаз жастарымызды еселі еңбекке, жеңімпаздық пен қаһармандыққа шақыратын әндер. Кенекеңнің күйлерінде де өз қолтаңбасы, өзіндік өрнегі бар.

Кенен композитор ғана емес, әнші де ғой. Ол өз әндерімен қатар, ел ішіне көп тараған «Жетісу», «Мәукім сал» секілді әндерді ащылау болғанымен ашық тенор даусымен жерін жеткізе орындап жүрген. Халық творчествосын, оған қоса жаңа өмір, жаңа саясатты насихаттаған, «Көкшолақ» пен «Бозторғайды» айта жүріп коллективтендіруді жырлаған, жаңа өмір салтын әнге қосқан, атқа мініп белсене ел басқарған. Ұлы Отан соғысы жылдары өлеңмен батасын беріп, жастарды жеңіс сапарына аттандырған ақын. Бір сөзбен тұжырымдағанда, ел игілі үшін еселі еңбегін сіңірген, әрі сол сіңірген еңбегінің рақатын, заманының бақытын көрген кісі. Өнері өзінен кейінгі ұрпақ творчествосына айрықша ықпал еткен композитор.

Кенекең қай кезеңде болмасын, өз өнерінің бағасын түсінген, өзін-өзі пір тұта білген, көңілі ханға бергісіз дарқан өнерпаз болған. Қазақта «Кенен» сөзінің ұғымы шалқарлық пен дарқандықты да білдіреді ғой. Ақсақалдың өнері мен көңілінің кең жазиралығы өз есімі секілді кенендікке келетін. Оның өмірі мен өнері бізден бұрын қаламы жүрдек жазушы ағайындардың туындыларында, музыка зерттеушілеріміздің еңбектерінде жазылған, әлі мың сан рет қайта жазыла бермек. Сондықтан біз екінің біріне мәлім жайттарды қайталап жазуды қажет деп таппадық. Қажетсінген оқырман тиісті жерлерден арнайы оқып алар. Мен тек Кенекеңнің композиторлық шеберлігіне қысқаша ғана тоқатала кетпекпін.

Кенекеңнің композиторлық творчествосын оның ішінде «Бозторғайын» және «Көкшолағы» мен «Базар-Назарын» естімеген, оған бірде сүйсініп, езу тартпаған, бірде елжірей отырып егілмеген қазақ және де табылмайды. «Бозторғай» тұнып тұрған зар ғана емес, онда келешектен бақыт пен бақ күткен асқақ арман да бар. Немесе, «Көкшолақта» құйрық-жалдан жұрдай, тұлдырсыз мініс аты тура мағынасында жайдақ әңгімеленіп қана қоймайды, кедей қолының қысқалығы, заманның мешеулігі астарлы уытпен әдемі мінеледі.

Сөз басында айтып өткеніміздей, Кенекең қазақ топырағында

ықылым замандардан келе жатқан халық творчествосын, халық творчествосы болғанда, профессионалды халық творчествосын өткен дәуірден бүгінгі кезеңге дейін ұластырған ақиық өнерпаздарымыздың бірі. Кенекеңнің әндерінен қазақтың атадан мирас болған ертедегі «жоқтау», «сыңсу» секілді салт-жора әуенінің сарыны өзіндік жаңа бір қыр-сырымен ашылып жатады. Мәселен, Кенекеңнің жоқтаудан бастау алатын «Базар-Назар» әнінен, бертінірек Мұхиттың «Зәурешінен», тіпті Рамазан Елебаевтың «Жас қазағынан» көрініс беретін дәстүрлі ұлттық музыка тілінің өрнегін сезінгендей боламыз. Осы сипат қазақтың ән өнерінен музыканың тұлғалы, тұрпатты түрлерінің бірі – аспаптық музыкаға дейін етек алған.

Кенекеңнің әндері жеке жинақ ретінде алғаш рет 1955 жылы және одан кейін де әлденеше рет жарияланған болатын. Енді міне, әнші-композитордың туғанына жүз жыл толуына орай «Өнер» баспасы ақынның 50 әнін өнер сүйген халқымыздың игілігіне ұсынып отыр. Іргелі елдердің музыка тарихында халықтық өнерді қуаттау, дамыту дәстүрі бар. Осы жақсы дәстүрді жалғастыру ниетімен Кенекеңнің ізін қуған інілері композитордың осы басылымға енген әндерін, өзіндің өрнек-нақышына нұқсан келтірмей үстінен қарап шықты. Әріптестерімнің Кенекеңе сіңірген осы бір азын-аулақ еңбегін олардың Әзірбаев творчествосына деген сый-құрмет деп түсінемін.

Кенекең жүзді алқымдап барып өмірден өтті. Екі заманның бірдей куәгері болды. Бұл – композитордың адам, азамат тұрғысындағы өмірі. Оның ендігі өмірі – өнерінде. Кенен өнерінің халықпен бірге, қоян-қолтық өмір сүріп келе жатқанына да ғасырға жуықтап қалды. Халық жүрегіне жақын өнер ғана осылайша келешекке қарай қанат қағып, ұзақ ғұмыр кеше бермек.

«Қазақ әдебиеті» г-ті, 22 июнь, 1984 ж.

Жәнібек Кәрменов

ЖАҢҒЫРТҚАН АСҚАҚ ӘНМЕН КЕҢ ДАЛАНЫ

Халқымыздың ән өнерін сөз еткенде өзінің дара, оқшау бітімімен көзге түсетін жанның бірі – Кенен Әзірбаев. Кенен даланың ғасырлар бойы жалғасып келген сал-серілік дәстүрін жаңа заманға жеткізуші алтынның көзі, асылдың сынығы. Бір ғасырға жуық өмір сүріп, саналы тіршілігінде, халық тағдырын, партияны, Отанды жырлап өткен заманның ақылгөй шежірешісі. Кенен - ауыз өдебиеті мөн өнерін дәріптеп таратумен қоса оны мазмұн, түр жағынан байытып қана қоймай, саяси-әлеуметтік танымы айқын творчествосының тамаша үлгісін жасаған ірі тұлға.

Кенен – ең әуелі халықтың өкілі. Сондықтан да әнші, композитордың өнері мен өміріне зер салғанда ой сауып, тұяқ тірер тұсы - Кенен өмір сүрген орта, Жетісу топырағында қалыптасқан ежелгі әншілік-жыршылық мектептің төңірегі болса керек. Жер бауырын тінтіп, Алатауды көктей өтетін жеті өзендей Жетісу өңірінің тіршілік өзенінде ақындық, әншілік, күйшілік сал-серілік тағлымы ертеден халықтық сипат алғаны белгілі. Сол өнер дәстүрі дами келе: Сүйімбай, Бақтыбай, Құлмамбет, Жамбыл, Бармақ, Үмбетәлі, Қалқа, Қуат, Балтағұл, Өтеп, Қылышбай, Қуандық, Тілеміс, Өзбек, Орақбай, Қарабек секілді сөзден алтын сарай тұрғызған ақындарды, Кебекбай, Сапақ, Ноғайбай, Бөлтірік сияқты ділмәр шешендерді, Байсерке, Бердібек, Дәурен сал, Қырмызы, Жидебай, Балқыбек, Сауытбек тектес әнші-күйші,сал-серілерді туғызды.

XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында Жетісу исі қазақ даласының бас қосар өнер жәрмеңкесіне айналады.Атырау, Жайықтан, ту сонау Арқадан, Сыр бойынан, көршілес қырғыз елінен не бір саңлақ жүйріктер арнайы ат басын тірейді. Абай, Балуан Шолақ, Құрманғазы, Әсет, Естай, Шашубай, Біржан, Түбек, Майлықожа, Майкөт, қырғыздан Тоқтағұл, Әлімқұл, Оспанқұл, Күреңкей секілді әр елдің ішіндегі өнердің алыптары Алатауға иек артып, өнер шашуы соның айғағы. Сүйімбай, Жамбыл, Кенен бастаған сай-салада дүрілдей көтерілген өнердің асқақ үнімен айналасын өлеңдетеді. Бұл жыр жәрмеңкесі сол кездегі халық өнерінің тарихи-әлеуметтік дамуына елеулі әсерін тигізеді.

Кененнің дүниеге келген жері, нәр алған бастауы да осынау киелі жұрттың ортасы болды.

Кенен өзінен бұрынғы сал-серілер тектес өнерді ән салудан бастаған. Халықтың ән мұрасын санасына мейлінше сіңіріп, бойындағы табиғат берген әншілік құдыретті барынша шыңдап, қалыптастырған. Әннің стильдік формасы, көркемдік сыйпаты, сөз бен үннің мазмұн бірлігі болатынын әнші-орындаушы ретінде зерделей ұғып, өзі естіп қалған әндердің денін саналы, жүйелі қалыпқа түсіріп, тыңдаушысын тамсандырған. Бала Кененнің атағының ел ішіне тез тарап, кең жайылуы да соңдықтан. Оның шарықтаған сұлу үні, шамырқанған жүрек лүпілі, естіген жанның санасына сағыныш ұялатып, үміт сауғызғаны анық, ыстық көкіректе тортадай тұнып жатқан өзге ән өнерін асыл әнмен құндақтап іштей баулыған еді.

Ән туғызған, асыл сөз туғызған жанның бәрі керім әнші болғандығын және де сол тамыры бір өнерінің ішінде әншілікті алабөтен қадірлегенін білеміз. Сал-серілердің ақындық, композиторлық өнерінің алтын тиегі де тереңіне ой сұғынтып жеткізбейтін әншілігінде жатыр. Ұлы Абай:

«Шырқап, қалқып, сорғалап тамылжиды,
Жүрек тербеп оятар баста миды», дейді. Сұлу ән, сырбаз әнші ояткан жүрек пен ойдың берері, ұсынары бар.

Ақын Сара Біржанға:

«Құланның көмейіндей даусың бар,
Әніңнің қазақ жетпес бұрмасына», десе.

Әсет:

«Күңіренткен аспан көкті қайран даусым,
Саған да уақыт жетті қарлығатын, - деп өзінің керемет әнші болғанын әйгілейді, Ғазиздің: и Әнші жоқ Қараөткелде менен асқан» – деуі де тегін емес. Ал «Оралдан ән оздырған Мұхит ағаң» тағы бар. Ең әуелі, ән дейтін қыранды қонақтатқан, әншіліктің алтын тұғыры. Дала желіндей қыр-сыры көп қобыз әнші. Қобыздың үні, абыз даланың бесік қоңырауы.

Кенен – халықтың әншілік дәстүрінің бұзылмаған, ешқандай қоспасы жоқ ең соңғы өкілі. Үнін естігенде дала оянып бас көтергендей болады. Дарынды талант ең әуелі Жетісу өңіріндегі әншілік мектепті қалыптастырды. Әннің туын, ақиық Сүйімбай

көтерген сөз тұрғысын – ақындықтың биігіне апарып тікті. Қыранның қос қанатындай екі өнер жарастық тапты.

«Құлағы өзінен қырық жыл бұрын туған» – зерделі, саналы Кенен, өз төңірегінен алыстап шығып, исі қазақ даласының ән дариясынан жүзіп ішті. Біржан мен Ақанның, Мұхит пен Әсеттің, халық жүрегін тербетіп бірге жасасқан ән-жырын Алатауға әкеліп жаңғырықтыра шырқады. Әншінің көкірегі алтын сандық. Ол бойына тек жақсылық қана жинайды. Асыл мен жасықтың құнын біледі. Әнші Кенен сөз өнерінің құдыретіне де мейлінше ден қойған. Ел мен жердің тарихын, ерлік-батырлық жайындағы жырдастаңдарды жаттап, ақындық, шешендіктің үлгілерін үйренді. Жұрт бас қосқан жиын той, шілдехананың гүлі болады. Сөзбен ұстасқанды сүріндіріп, өленмен қағысқанның қапысын табады. Он үш, он төрт жастағы Кененнің аузынан ел алғаш рет өзі шығарған «Бозтортай» әнін естиді. Әнші Кененнің енді, өз жанынан сөз шығарып ән туғызғанын көреді. Жас баланың жүрегіндегі тұтанып, лаулай жанған өнердің отын қуана дәріптейді. Сөйтіп әнші-композитор, ақын Кенен аталады. Бір-бірімен тамырлас жатқан өнер сабақтастығы қосыла келіп, Кенен әні жаңа ән туғызады. Ән адамның тағдыр-талабымен, арман-тілегімен сабақтас келіп, қоршаған өмірдің күңгей-көлеңкесін ажыратып, реніш-қуанышының өтеуін көптің тілегіне жалғастыра алғанда ғана өміршең. Кенен әнінің бітімінде осындай назылықтың белгілері бар.

Ән – көзбен көріп, қолмен ұстаған, жүрегіңді улап, ойыңды қажаған тән мен жанның азап не рахат сезінісінен туындайды. Бала Кенен оны да бастан кешкен. Тілеп, сұрап алған емес, тіршілік тауқыметінің еріксіз еншілеп кигізген қамыты. Өнерлі жас кешкен азабын сыртқа ән етіп шығарады. Ең алғашқы шығарған әндерінің өзі мойынсұнбауды, бұлқынған қарсылықты танытады. Бірақ, «Бозторғай» сол тақсыреттің себеп-салдарының неде екенін іздестіріп шыққан «жоқшы» ән.

Ақ таяқты ат қып мініп, аш-жалаңаш қой соңында жүрген жас бала. Жер бөсіктің бауырында қарпысып өтіп жатқан жоқшылық пен тоқшылықты қиянат пен қасыреттің ала күшік мінезін ажырата алмай, аңғал, сәби қалыппен таңдана қарайды. Өмір – қызық. Тіршілік – тәтті. Қызығының қыжым тікені көп. Тәттісінің зілзалауы бар. Себеп, сырын зерделеп танымаса да, көңілін жасы-

тып, сыбағасынан наумаз қалдырған тағдырының көңілсіз суретін өтірігі жоқ таза, бала жүрегімен сезінеді.

Бозторғай – шырылдаған арман. Жерге қонбай безектейді. Жерде жаралған пенде нәсілі көк тағысымен, шыншыл табиғатпен сырласады. Жөргегінде жоғын көктен іздейтін туысы бөлек адам атаулының ресімі. Ол жәй ғана күн көрістің тілемсектігі емес, жарық дүниенің, жақсылығына, мейіріміне жерік, өнерлі ыстық жүректің сұранысы.

Қасыреттің жүрісі езгі, пейілі – тырмыжың. Соңынан ерген-ге күн батпайды. Қотанын күзеткенге таң атпайды. Тіршіліктің аяғына салған шідері берік, үзе алмай қорланады, ырыс - несібесі өзек жалғарлық қана. Осының бәрін бастан кешкен ызалы жүректің от тілі шыжғырылады, шерлі көкіректі қаңыратып ән туады. Мыңның дертін қозғап шырқап салатын да өзі. Бұрынғы өткен сал-серілерге ұқсау үшін, болмаса ат мініп аяғын суытпақтан, ша-пан киіп бойын түземектен, жақсы атанбақтан, өнер сатып күн көрмектен аулақ, ада. Табиғат тәңірінің берген өнері өзінің ежелгі бітіспес өктем тағлымын қиядан әкеп қосады. Алакөз заманның сыры, күншіл, әзәзіл уақыттың тілі канша жасырынып етегін қымтанса да бала Кененнің сұғынан құтыла алмайды. Ұрлығын әшкерелеп «Бозторғай» шырылдап қалықтайды. Кенен әнінің, Кенен жырының алтын арқау тірегі болған. Сұңғыла әнші – ком-позитор бұқара халықтың тілеуін тілеп, жоғын жоқтаған, өзінен бұрынғылардың жұлдызын қара тұтады. Жамбылдың «пірі» болған ақиық ақын Сүйімбай жырына Кенен де бас қойған.

«Дүние шіркін жалғанды,
Елім болды арманды.
Құсбегінің қысымы,
Тоз-тоз етті қалғанды.
Біз де белді буармыз,
Аққан жасты тиярмыз
Баршы жұрттың бағы үшін,
Жауға қарсы тұрармыз».

Бұл жыр бала Кененнің ой тұмары ғана емес, сүрлеу, соқпағы да еді. Құндағын «Елім-ай» мен шешіп, тілі Сүйімбай сөзімен шыққан Кенен мінезі, өнер характерінде де содан жазбаған. Кейін сауықшыл, өнерлі елдің дариядай толқыған ән-жырына шөлін қандырып, байырқанған соң, одан да тазарып керегін, қажетін

ғана алады. Талғамға да тас бауыр. Көңілшек, күмәні жоқ. Тап сонау, Кенебай сал, Төлебай сал, Біржан сал, Мұхит сал, ұлы Абайға шөліркей құлақ түріп, көкірек тосқан. Асан, Бұқар, Шалкиіз, Ақтанберді, Сүйімбай, Төле би, Қазыбектердің алдаспан жырына, ақберен сөзіне тәңірісіндей табынған. Тамсануы, табынуы.

Әсіресе өз халқының бойындағы өнердің, рух күші - сұлулық пен сыршылдық, қайтпас қайсарлық, өмірге деген іңкәрлік бітімі еді. Сөз ұстап, ән оздырған Кенен осы жолдан таймайды. Әнші-композитордың азаматтық бітімі, дүние танып, жастықтың желігінен, тіршіліктің еліктіргіш, арзан күйінен мүлдем аулақтап, ән өнерін соны биіктерге көтереді. Өнерінің тегін, мінезін бұқара халықтың тағдыр-талайынан замана белестерінен іздейді. Сөзінің діліңде, әнінің нәрінде астасып жатқан ауқымды ойдың ажары ел тілегімен қабысады. Алғашқы шығарған әндерінің өзінен-ақ Кенннің терең суреткерлігі, әлеуметтік көзқарасы айқын аңғарылады. «Бозторғай» бала Кененнің болмысқа таңырқап, оны әр қырынан көріп жеткізе білген шеберлігін танытса, жігіт Кенен туғызған «Көкшолақтың» қуат-қарымынан ойы бекіп, санасы өскен ерен жүйріктің парасаты сезіледі.

«Мінгенім астымдағы көкшолақты,
Жалы жоқ, құйрығы жоқ, шоп-шолақты....
Олай жүрші көкшолақ,
Былай жүрші – көкшолақ,
Жамандатқыр – көкшолақ,
Арам қатқыр – көкшолақ,
Мені құртқан – көкшолақ...»

Өмірге жаяу келіп, айналасын қоршаған жұпыны тіршілікке таңдана қараған бала енді сол тіршіліктің өзіне сыйлаған сыбағасы – арқасы жауыр көкшолаққа мініп тісі кетік жігіттік дәуренін кешеді.

Сынын кетіріп, сыбағасын алдырған жоқшылықпен арыздасады. «Жалы жоқ, құйрығы жоқ шоп-шолақ, тұлдыр, жап-жалғыз тағдыр өз басының ғана міні емес екенін біледі. Табанын тесіп, жүрегін жыртқан көкшолақ кедейліктің заласына қорланса да бас имейді. Намыс жігері кісіліктің тегін өзге дүниеден іздеп, мен-мен бай қызының өрекпіген екпінін су сепкендей басады.

Қызы едің сен бір байдың өтпей жүрген,
Келгенше жиырма беске кетпей жүрген.

Ей, қыздар қойшысынбай өлеңіңді айт,
*Мен қойшы сендей қызға жетпей жүрген...*дейді.

Әнші-композитор, суырып салма ақын табан астындағы қақтығыста жасып, жалтармай, бар шындықтың бет-пердесін ашады. Ол жай ғана есе жібермеуден туған жағаласу емес, таптық қайшылықтың ара-жігін ажыратып, терең сезінө бастаған Кененнің бетпе-бет келіп, жеңіп шыққан алғашқы тайталасын аңғартады.

«Көкшолақ» әнінен соң-ақ әнші-композитордың өмірдегі, өнердегі мұрат-мақсаты айқындала түседі. Шаршы топ, салқар жиында бай манаптардың жүрегін шайлықтырып, ән-жырдан жасын ойнатады. Кенен әндерінің тұла бойынан елдің хал-күйі, заманның келбеті бар болмыс бітімімен мінез құлқымен елес беріп тұрады. Күрескер жанның қажыр-қайратына, жақсы күнге деген сенім үмітінің көрегендігіне қайран қаласың.

Әнші-композитордың әндері өзінің өмірі секілді. Тұтас бір әлеуметтік оқиғалардан ірі қақтығыстардан тұрады. Жоқ-барды өзек етіп, жер-жерді әнге қосатын тілемсек дағдыдан бойын аулақ салған.

Кенен ән мен жырды халық тілегімен ұштастыра туғызады. Суық көздің сұғы Кененге де қадалады. 1916 жылғы дүрбелеңде бұқара халықты асқақ ән, өткір жырымен күреске шақырады. Жуан сіңір зорлықшыл топтан қысым, қуғын көріп қырғыз асады. Қырғыздың атақты ақындары Төкпе, Халық, Оспанқұлдармен танысып, тізе қоса жүріп елдің жігерін жанатын асқақ әнін шырқаудан танбайды. Туған халқының тағдырына жаны күйінген әнші-ақын шыдай алмай елге оралады. Әйгілі «0й бұлбұл» әнін шығарып Жетісудағы Бекболат, Әли, Кырғызбай, Әлжан сияқты батырлар бастаған халық көтерілісіне қосылады.

«0й, бұлбұл, сен де бұлбұл мен де бұлбұл,
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр.
Айрылып ел мен жерден жүрген шақта,
Жұбатып ертелі кеш сайра да тұр.
Алатау сағындым-ау самал лебін,
Кордайдың көкседім-ау қоңыр желін» -

деп, туған жер, өскен ортаға сыймай қуғын-сүргін көрген өзі секілді мыңдаған боздақтардың өмірін үніне арқау етеді. Дастан етіп те жырлайды.

Сол кездегі іріген-шіріген саяси ахуалды терең түсінген Кенен,

бой салып жасып жата алмайды. Даланың үстін жайлаған түн-түнекті серпіп, таяп келе жатқан дауылға елеңдей құлақ түреді. Домбырасын баптап ақын жаны ширығады. Бөлекше, өзгеше жақсы өмірдің келерін сезеді. Совет өкіметі орнаған алғашқы күн-ақ, Алатауды жанғыртып «Октябрь» әнін шырқайды. Елге бақыт әкелген жаңа заманды дәріптейді.

Кенен Әзірбаев содан бергі творчестволық өмірінің алпыс жылында Ұлы Отанды, партияны, туған елдің кескін-келбетін жырлап өткен әнші-композитор, сұңғыла ақын. Тарихи - әлеуметтік сілкіністер: алғашқы бес-жылдықтар кезіндегі жаңғырулар, Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері, одан кейінгі бейбіт заман - міне осының қай-қайсына да Кенен жастық жігермен, жалтақсыз сеніммен белсене араласып қана койған жоқ, сонымен бірге өлмес өнерімен із тастап төңірегіне ықпал ете де білді. Кенен әндерінің астарынан уақыттың тынысымен қоса әнші-композитордың ғажайып зердесін, азаматтық бағдарын, ақындық-композиторлық көрегендігін аңғарамыз. Кез келген шығармасында - өрге лайық жалтақсыз сенім, ақынға лайық оптимизм, ақылгөйге лайық парасат жатады. «Біздің Отан жөңеді», «Қайран, Шөкем!», «0н алтыншы жыл», «Ойжайлау», «Қайран жастық», «Жетпіс бес», «Келінжан», «Ақ ешкі», «Сексен», «Партияға» тағы да басқа әндері соның айғағы.

Кенен әндерінің құрылысы ерекше. Әнші-композитор ой мен сезім тілін әнмен өрнектеп, кестелеп жеткізуге келгенде өзінен бұрынғы өткен халық композиторларының ешқайсысына да ұқсамайды. Үлгі алуы бар, қайталауы жоқ. Домбыраның құлақ күйіне дейін өзгеше. Әсем әндері кім орындаса да «мен Кененнің перзенті едім» деп оқшау, дара тұрады.

Кененнің дүние танымы да бөлек. Махаббат күйі мәңгілік. Орынсыз жылап-сықтамайды. Адам сезімін аяқ асты етпей, асыл қасиетті аласартпай, пендешіліктің арам қолы жетпейтін биікке көтеріп әкетеді. Қайғы-қасыретке де берік. Еріксіз бас иесің. Тәрбие-тағлымы мол. Бірлікке, өрлікке, сұлулыққа, адалдыққа жетелейді, Кенен әндері уақыт талғамайды. Адамның рухани тілегіне қажет биік жұрттардың жарық сәулесін таратып тұрады.

Бір ғасырға жуық өмір сүрген әнші-композитор заманның алтын көпірі секілді. Халық жүрегінде қоңыраудай күмбірлеп халықтың рухани тіршілігімен біте қайнасып, даланың ең асыл

қасиеттерін ән тілімен бүгінгі өмірімізге жеткізген, бақытты заманымызды асқақ жырлаған Кенен сөз жоқ ірі тұлға.

Кенен әндерінің бітім болмысынан сахараның мол пішімі, ондағы өмір сүрген елдің арман мұңы, тағдыры көлбеңдеп көз алдыңа келгендей болады. Әнші-композитордың абыз көкірегі жұлдызы жанған ата жұртының бүгінгі аспанында сұлу әндерімен жанғырықтырды.

«Екі Кенен тумайды,
Алатауға ексең де»,

дейді Кенен атамыз. Сөз жоқ, өнер аспанында Кенен Әзірбаев бар болмыс-бітімімен дара, оқшау тұр.

«Жұлдыз» журналы, № 4, 1984 ж.

Нәсиха Әзірбайкеліні

«ЖАС ҰРПАҚ, ҮЛГІ АЙТАДЫ КЕНЕН АТАҢ»
(ақынның зайыбы Нәсиха анамыздың әңгімесі)

Он жеті жасымда тағдыр қосып, елу бір жыл бойы бірге ғұмыр кешкен Кенекем туралы айтар сөзімді алдымен жұптау қиын. Әңгіме көп бірін айтсаң, екіншісі есіме түсіп, ойым араласып кетеме деп қорқамын. Сондықтан әуелі келісіп алайық, аталарыңның өлеңдері мен әндері турасында айтылып та, жазылып та жүр. Мен Кенекеммен бірге өткізген өмірімізде бастан кешкен кейбір жайларға, ол кісінің отбасындағы мінездеріне, кейінгі жастарға үлгі боларлық асыл қасиеттеріне тоқталмақпын.

Кенен аталарың жасынан сері, ер көңілді жігіт болыпты. Өмірінің ақырына дейін сол мінезі қалған жоқ. Бозбала кезінде әнші-ақындығымен Еркебайдай кісінің, көзіне шалынуы, Шабдан манаптың тойына шақырылуы, самсаған қалың өнерпаздардың арасынан Жәкеңмен – Жамбылмен қатар жүлде алуы, сол жүзі ашық, кедейлігіне қорынбайтын батылдығынан болса керек. Айтайын дегенім, аталарың сол тойдан алған алғашқы жүлдесі күміс кемер белдігін күні кешеге дейін бойынан тастамады, қазір ауылдағы музейде тұр.

Патша тақтан түсіп, Совет орнаған соң, өкімет кедейден шыққан ақындарға көп қамқорлық жасады ғой. Жиырмасыншы

жылдардың басында Кенен біздің Қордай еліне ревком болып келді. Жасы ол кезде отыздарды орталап қалған, әйелі қайтып, үш қызы бар деп естиміз. Біздің ауыл баяғы өзі: «Жеті қойды ұры алды, ұры алмаса кім алды. Мүлкеман мен Қонайдың ұрысының бірі алды» деп өлеңге қосатын Мүлкеман мен Қонайдың ауылы. Жасым 16-17-ге келген қызбын. Сөз салушылар көп. Бірақ советтің жақсылығын естіп, еркіміз өзімізде деп жүрген комсомол емеспіз бе?. Алтыбақан кезінде жігіттермен ән айтып, айтысқа түсеміз. Ол кезде жанынан бірауыз өлең құрай алмаған жасты, аузын буған өгізге балап, келеке етеді. Кенен мені «жиен қыз» дейді. Себебі менің шешемнің аталары мен оның аталары Солтанкелді – Бөкен аталатын ағайынды кісілерден тарайды. Ел ішінде ақын, әнші атағы баяғыда тарап кеткен адамның жылы назарына іліккенімізге мәзбіз. Бір жиында екеуміз айтысып қалдық. Өзімнің не дегенім қазір есімде жоқ. Бірақ Кенен өзінің сондағы сөзін әнімен жаздырып қойыпты:

«Қасың менен қабағың керіліп тұр,
Шолпы таққан қара шаш төгіліп тұр.
Күн шабан боп, таң шапшаң ішім күйді,
Сағат сайын, көзіме көрін де тұр», болып жалғаса береді. Сонымен не керек, сөз байластық.

Үйіміз Кененнің туған жері Мәтібұлақта (қазіргі «Рославль» совхозының орны). Үш қызымыз, мен үйде қаламыз. Кенен ел аралап кетеді. Кейде ұзақ – үш айға дейін, кейде тез оралады. Жер-жерде үгіт жүргізеді, өнер көрсетеді, үлкен қалаларға шақыртып жатады. Құрдастарының «сен басқа күйеуге тиіп кетпей, әлі отырсың ба?» деп қалжыңдайтыны содан ғой. Алғашқыда ренжіп жүрдім, кейін түсіндім. Ол – ел адамы, көпшілік сүйген адам. Үйдің шаруасын дөңгелетіп отыра беретін болдым.

Заман түзеліп, халық еңсесі көтеріле бастаған мезгіл. Кенен әр сапарынан оралған сайын көрген-білгенін, көңілге түйгенін аңқылдап айтып отырады. Жаңа әнін де ірікпейді. Ақынның ерекше шабытқа мінген шағы еді ғой ол кез. Елде болып жатқан жақсы өзгерістер көңілінен жыр болып ақтарылады. Тұрмысымыз да жаман болған жоқ, тек балаларымыз тұрақтамады. Болысбек, Сағатбек, Базар, Назар...қайсы бірін айтайын, өз құрсағымнан он төрт бала көрсек, соның бесеуін ер жеткізіппіз.

Үйелмелі-сүйелмелі Базар-Назарымыз қайтқанда Кенен Іле

бойында ел аралап жүрген. Қазіргідей хабар беретін мүмкіндік жоқ, қыс ортасы. Ауырғандарына көп өтпей сәскеде үлкені, ертесіне кішісі үзілді. Торғынбек қайнағам бар, ауыл болып жерледік. Менде тереңдеп ойлар шама жоқ, үйде болса ажалдан алып қалардай Кененді кінәлай беремін. Бір айдан соң ба, ақын келе жатыр деген хабар жетті. Ауылдың үлкендері қайғыны естіртуге алдынан кетті. Бір қауым уақыт өткенде, Кенен үйге сұп-сұр болып кіріп келді де, шаншылып төрге отырды. Көзінде бір тамшы жас жоқ. Жыламағаны менің оған деген кінәмді қоюлата түсті. Сөйтсем, іштей мүжіліп, жүрегі қан жылап отыр екен ғой. Сол жылдың көктемінде ағытқан зарлы әні «Базар-Назарда» мынадай сөз бар:

«Әшейін талып қалып көмді ме деп, баламның үш барыппын моласына». Маған білдірмей барып жүріпті.

Кенен осы балаларын ерекше жақсы көретін. Тобылғыны әдемілеп өрнектеп, жіп тағып жасап берген сылдырмағы бар-ды. Базар-Назардың кәмпит ұстаған қолдарының ізі кетпеген бұл тобылғы ойыншық көп жылдар сандықтың түбінде сақталыпты. Аталарыңның зарлы әнінің тарихымен байланысты ғой деп оны да музейге өткіздім.

Жеке басының шаруасынан гөрі көпшіліктің жұмысын жоғары қоюмен өтті. Жетпіс беске келенше ат үстінен түскен жоқ. Ат баптағанды жақсы көретін. Кейінірек «Балақасқа», «Құлақасқа» деген екі аты болды. Басымен алысып тұрған жарау жануарлар тақымы бос, анау-мынау жігіттерге де бой бермес. Ал Сексен жасқа тақап қалған Кенен соларға мініп ел аралап кетеді. Мен қорқамын:

– Қартайған шағыңда бір жерде жығылып қаларсың, анау мәшинеңді мінсеңші.

– Ой, сол мәшинеңе болайын, мен қалаған жерге бара ала ма? Бала кезден көзіме ыстық тауыммен сырласамын, сай-саладағы малшылардың жай-күйін білемін.

Міне, аталарың осындай ер көңілді еді. Сексенге келгенде де:

«Атақты сексен келдің бе,
Алайын деп сырымды.
Сезікті сексен келдің бе?
Табайын деп мінімді», деп қолынан домбырасы бір түспеді. Тоқсаннан асып, ауырып жатса да сыбырлап ән айтумен болды. Еліне, ән-жырға барымен берілген жан еді.

***

Кенен өте балажан болатын. Осы балаларымызға бір рет дауыс көтергенін естіген емеспін. Бір жаққа сапарлап кетсе, бүкіл ауылдың балалары жолына елеңдеп күтіп жүргені. Келе жатқанын алыстан көріп, шуылдай жарыса алдынан шығады. Кенен бар балаға қоржынынан алып, тәтті таратады. Мен тағы да сөйлеймін:

– Балаларды жаман үйретесің, егер беретін ештеңең болмай қалса, сәбилердің меселі қайтады ғой.

– Е, неге, бұларды ұмытып маған не көріпті. Ауылға ораларда әдейі дүкенге соғып, тәтті сатып аламын.

Ауылдың ешбір баласын алаламайтын. Қайта олардың алдында өз балаларына жылы шырай бермеген сәттері болған екен. Тағы бір сырдың бетін ашайын, біздің Айша деген қызымыз бар. Қазір Красногор ауданында тұрады, балалы-шағалы.

Соғыс кезі болатын. Бір шаруаның ретімен сол кездегі аудан орталығы Калинин селосына бардым. Ауыл іші гу-гу. Соғыста жетім қалған он екі баланы әкеп, бауырыма салам деушілерге таратып жатыр екен. Жүгіріп айтқан жерге жеттім. Барсам, тоғыз-он жастағы бір қыз бала қалыпты. Өзі сүп-сүйкімді, есін біліп қалған қыз болған соң, адамдар бауырына салуға жүрексінсе керек. Мен бала қыламын деп қолымнан қолхат бердім. Үйге келген соң, шала-пұла түсінісіп сөйлесеміз ғой. Есімі – Қамсият, соғыс жүріп жатқан жерден шешесі және екі інісін қосып Жамбыл облысына қоныс аударыпты. Жол-жөнекей шешесі қайтыс болыпты, өздерін бөлек-бөлек балалар үйіне жіберген екен.

– Дағыстанмын. Сүлеймен ақынның атын ұмытпа деп шешем қатты тапсырған, дейді. Қызыма қосылып ағыл-тегіл жылап алдым. Інілерін сол кезде де, кейін де іздеу салып таба алмай қойдық. Есіміне тіліміз келмей еркелетіп жүріп қызымыз Айша атанып кетті. Айтайын дегенім, Кенен осы қызын өзге балаларынан гөрі өте-мөте жақын тартатын, «үйімнің сәні, берекесі» деп отырар еді. Айша мен Төрткен тетелес қой. Үлкен қалаларға барып қайтқанда базарлықтың үлкені алдымен Айшаға арналады. Бала неме, оны қайдан білсін? Төрткен соған өкпелеп те жүрді...

Шүкір, пысық болмаса да, балаларының бойынан адалдықты, өнер-білімге жақындықты байқап Кенен қатты риза болатын:

«Жасынан ән үйреттім шөбереме,
Ән шырқайды шетінен немерем де.

Ұлым-қызым, шөберем әнші болса,

Армансыз бұл дүниеден жөнелем де», – деген сөз текке айтылмаған ғой.

Кенен байлық-дүние дегеннің көзіне қарамайтын, көңілі түскенге төгіп бере салатын қолы ашық адам еді. Жан жолдастары мен ауылдастарына астындағы жалғыз атын түсіп беруге бар.

Тағы бір әңгіме айтайын, соғыстан кейінгі қиындау кез. Қолымызда сауып отырған жалғыз сиырымыз бар. Бір күні үйге бейтаныс келіншек келді. Жөн сұрастық. Есімі – Толқын екен. Алматы жақта тұрады. «Атам біздің үйде қонақ болған, бір шаруаның ретімен келіп едім» деді. Әкелген базарлықтары бар. Барымды жайып қонақ еттім. Бір күн өтті Кенен келмеді, екі күн өтті... Ақырында қонақ әйел балаларым бар еді деп, қайтуға жиналды. Шаруасын сұрадым. Сөйтсем, Кенен Алматыға барған бір сапарында, темір жолда жұмыс істейтін бейтаныс жігіт ақынды танып үйіне қонаққа шақырады. Жігіттің көңілін қимай сөз байласып кейін арнайы соғады ғой. Қаланың шетіндегі нашарлау үйде тұрады екен. Жас балалары бар. Бәйек болып, бар пейілдерімен сыйлап жатқан үй иелерінің шайға қатар сүтінің жоғын көріп: «Реті келгенде, біздің үйге келіңдер, бір сиыр тауып берейін» деп қоярда-қоймай ауылға шақырып кетіпті. Өзі ол әңгімені маған айтуды ұмытып кетсе керек.

Мәселенің мән-жайын аңғарған соң, Толқын сіңліме жаңа бұзаулап, сауып отырған жалғыз сиырымды жетектеттім де жібердім. Ауылдас қайнымның бірі поезға жеткізіп, салып жіберді.

Бірнеше күн өткен соң Кенен де келді:

– Кімге сиыр берем деп уәде беріп едің?!

– ?!....

Есіне түсті-ау деймін.

Ә, ә, Молдахмет келді ме? деп қадала сұрады.

Болған жайды естіген соң, риза болғаны сондай, келіп бетімнен сүйсін. Кейін ол балалармен де туысқандай араласып кеттік.

Адамды жатсынбау керек, кез-келген жанның бойынан жақсылық іздеп, дос тұту абзал. Кенен аталарың осыны үлгі етіп кеткен.

***

Кененнің достары, көңіліне жақын аға-інілері көп еді. Жамбылды Алатаудай пана тұтты. Шашубай, Үмбетәлі, қырғыз

ақындарымен өте тату дос болды. Ораз Жандосовты кіші де болса, ақылгөй, сырласындай қатты қадірлейтін. «Оразжан» деген әнді естулеріңіз бар шығар. Белгілі ақын-жазушы інілері Мұхтар Әуезовпен, Сәбит Мұқановпен, Тайыр Жароковпен, тағы басқаларымен жақын араласқанын да білесіздер. Әсіресе, Сәбиттің үй-ішімен жиі қатысып тұрдық. Анау бір елуінші жылдардың басында Кенекем қатты ауырды. Балалар жас, тұрмысымыз да жүдеулеу. Сондай бір шақта үкімет пен партияның халық ақынына жасаған қамқорлығын Сәбит келіп бірінші айтты. Үкімет ауасы таза, тау бөктерінен үй салып берді, қаржымен көмектесті.

«Кеселімнің үкімет емін тапты,

Жазылудың дауасын елім тапты» деген өлең жолдары шексіз қамқорлыққа риза көңілдің қайта бір шалқуы болатын.

Сәбит жылына біздің үйге бір соқпай кетпейтін. Мен де соғым сайын май айына дейн сыбаға сақтаймын. Келген сайын Сәбит: «Менің қазым тұрған шығар ұн ішінде» деп қалжыңдай келеді.

Аталарыңның айта-айта кеткен тағы бір қимас адамы – Еркебай (Базаров) еді. Баяғы өзін алған рет көпшілікке танытқан, анау бір ашаршылық жылдары жалғыз атын ұрлатып, қайғылы қазаға ұшыраған есіл азамат бейнесін өмірінің ақырғы сағатына дейін ұмытқан жоқ. Сырқаттан дауысы шықпай жатса да «Қолбасшым да Еркебай, жолбасшым да Еркебай» деп сыбырлап сөз жұптаумен болды. Жақсылықты, қамқор ағаларын, ақылгөй інілердің бағасын терең түсінетін.

Сері мінезді ақын әрі әншінің, ұшар қанаты бар азаматтың шаңырағының тұтқасы болу қиын әрі абыройлы іс. Ең алдымен азаматқа жағдай жасау керек. Қазір бір қызымның жолдасы милицияда қызмет істейді. Ерінің мазасыз жұмысына қабақ шытқан қызыма бір күні ұрыстым: «Біз айлар бойы еріміздің жолына қарап отыратынбыз»...

Бірге жасасқан ғұмырымызда бір қатты сөзге келеніміз жоқ

«Нәсихаға теңеу жоқ,

Бұл сөзімде желеу жоқ» деп еркелетіп отыратын. Әрбір жаңа өлеңін алдымен маған оқиды, әр сапардан оралған сайын көрген-білген әңгімесін ақтарып айтады.

Сексенге келген кезі. Аламатыдағы бір жиналыстан оралған. Үзілісте жазушы інілерінің бірі Кененнің қолын алып тұрып:

– Ата, сізде де арман бар ма? дейді.

– Жоқ, арманым жоқ!» деп жауап беріпті аталарың. Осы сөзін үйге келген соң да қайта-қайта айта берді. Бүгінгідей заманның куәсі болған Кенекем шексіз бақытты еді. Айналадағы өзгерістерге сүйсінетін, халқының болашағына қуанатын. Кітаптарын алып, көзі тоймай қарайтын. Онда өзінің бүкіл ойы, мұраты, келешекке айтар бар үлгісі жинақтаулы. Өзінің өлеңі де бар емес пе? «Жас ұрпақ, үлгі айтады Кенен атаң!».

Әңгімені жазып алған Т. Жұмаханов.
«Қазақстан әйелдері» ж-лы, № 6, 1984 ж.

Ниетжан Нүпбаев

АҚЫННЫҢ БОЗ ДАЛАСЫ

Кенен Әзірбаев жөнінде қандай бір әңгіме, дерек болсын жұртшылықты қызықтыратыны сөзсіз. Өйткені олардың бәрі де кімкімге де ой саларлықтай нәрлі де дәмді. Бұған өз басымнан-ақ мысал келтіргім келеді. Мен, мамандығыма сәйкес, ақын-жазушылар шығармаларына көптен бері зер салып жүрмін. Тірнектеп жинаған тергендерім де бар. Солардың көбі табиғат құбылыстарына, оның ішінде сирек кездесетін пайдалы өсімдіктерге байланысты.

1974 жылы Кенен Әзірбаевтың 90 жылдығы кеңінен аталып өткені белгілі. Осыған орай ақынның туған жерінде өткен үлкен тойда айтылған сөздердің төркінінде мынандай да ой болып еді: «Кез келген ақынның өлеңі, композитордың музыкасы, жазушының шығармасы бәрі-бәрі табиғатпен тығыз байланысты, табиғатпен үндес. Бұл ретте Кенен Әзірбаевты халқының сүйікті ақыны, айтулы әншісі, композиторы ғана емес, табиғат зерттеушісі деп те айтуға болар еді».

Көршілес қырғыз ғалымдары қырғыз ақыны Молдақылыштың «Шу баяны» дастанында кездесетін шөп аттарын күні бүгінге дейін зерттеуде. Біздің Кенекеңнің жырларында да осындай шөп аттары баршылық. Оларды зерттеп-зерделеу келешектің мойнында шығар. Ақынның өлеңдерінде шөп, өсімдік аттары көп кездеседі. Мысалы, «Су шығар жалбызы көп шилі жерден», деп басталады «Жайсаң» атты өлеңінде. Мұны «Су шықпаса шиге бар» деген

мәтелдің бір түрі деуге болады. Су бар жерде өнім бар. Ежелден мал баққан халқымыз шиді өзінің тұрмыс-тіршілігіне тиімді пайдалана білген. Қыстың қатаң кездерінде ел қора-қора қойларын шилі жерге айдап салып отырған. Атты адам кірсе көрінбей кететін шиларына «Шилі өзен», «Ақ ши» деген атаулар берген. Шиді күз айында өртеп, орнын тырмалап тастаса келесі жылы ол жер көп өнім береді. Ал кезінде жалбызды тамақтың тұздығы ретінде пайдаланып, оның шайымен ішек құртын түсіргенін жұрттың бәрі біле бермейді. Ақынның осыларды пайымдағаны бізді сүйсіндіреді.

Мен шебер жазушымыз Тәкен Әлімқұловқа Кененнің өлеңдерінде кездесетін кейбір өсімдіктер туралы айтып берген едім. Ол кісі «Простор» журналының 1982 жылғы 11 санында «сасыр», «еркек», «алғыр» сияқты өсімдіктердің қызықты қасиеттерін көрсетіп, менен естігенін жазыпты. Оны қайталамай-ақ қоялық. Бірақ, «сасырдың» малға жұғымдысы және улысы болатынын ескерту ләзім. Ешкілер бұл өсімдіктің улысын күн қызған шақта жесе уланады, ал таңертең не түнгі мезгілде жесе уланбайды. «Еркек» аталатын шөптің құрамында малдың бұлшық еттеріне әсер ететін зат бар екендігі соңғы кездерде ғылымға белгілі болды. Ертеректе шабандоздар атын сол «еркек» шөп өскен жерге жайғанын ескерсек, халықтың осы қарапайым өсімдіктің маңызын ежелден-ақ білгенін түсіну қиынға соқпайды.

К.Әзірбаевтың «Шөп аттары» деген өлеңінде 61 өсімдіктің аты аталады. Сол өлеңдегі «бұйырғыңды» мал тек үсік ұрғанда жейді. Бұл шөп құнарсыз сор жерде өседі. Оның орнына егілген басқа дақылдар өнім бермейтіні сондықтан. Қордай өңірінде «ақтаспа» деген шөп өседі. Бұл шөп те Кенекеңнің көп өлеңдерінде кездеседі. «Желкек пен таспа шөп, түлікке тәтті жемістен», - деп бағалайды. Ақын «Ақтаспан», «Желкөк» шөптері құмның теріскейіне бітеді, себебі, онда ылғал молырақ, – дейді. «Кеуіл» дейтін шөптің химиялық құрамы әлі белгісіз. Бірақ күйдіріп басса жараға ем. Қылшаны (немесе қырықбуын) аталарымыз күні кешеге дейін насыбайға қосып келді. Шеңгел тамырымен оталса, орнына егілген өсімдіктердің өнімі көп болады. Себебі, «шеңгел» өскен жердің топырағы құнарлы болады. Қазіргі медицинада геморойды емдеу үшін «шеңгел» тамырын спиртке араластырып тұнба жасайды.

«Суретін сөз баяндап жеткізе алмас,
Жетісудың жерінің бәрі осындай», – деп

табиғаттың қыр-сырын өлеңдерінде толық қамти алмағандығына өкінеді кейде ақын. Ал ақынның «Жүгері» деп аталатын өлеңі өз алдына. Көріп отырсыздар жеріміздің өсімдік дүниелері ақын өлеңдеріне де алтын дәнекер болған екен.

Кенен Әзірбаев жер-су, тау-тас, жан-жануар аттарын, өзі туып-өскен өңірдегі өсімдіктер дүниесін жете біліп, оны өлеңдеріне молынан қолданатынын мен кезінде өз әкемнен естіген едім. Әкем Нүпбай Жамбылмен де, Кененмен де кездескен адам. Ақынның «Базарым-ай, Назарым-ай», «Бозторғай», «Көкшолақ» әндерін домбырамен айтатын. Айтуына қарағанда, бозторғай тек боз далада өмір сүреді. Өйткені, жауына көрінбей қалуы үшін, өмір сүретін ортасына бейімделіп, оның түрі боз тартқан. Бір қарағанда түсініксіздеу көрінетін осы мақаланың аталуы да соған байланысты еді.

«Қордай шамшырағы» г-ті. 7 апрель, 1984 ж.

Сатқын Сасықбаев,
қырғыз жазушысы

ЕКІ ЕЛДІҢ БҰЛБҰЛЫ

1960 жылдың июнь айының орта шені. Қырғыздың демократ ақыны, манасшысы Тоғолоқ Молданың (Байымбет Абдрахманұлы) туғанына 100 жыл толуын атап өтуге туысқан республикалардан ақын-жазушылар шақырылып мәре-сәре болып жатқан кез еді. Бұл той Тоғолоқ Молданың кіндік кескен жері, ақ сәлделі Тянь-Шань тауының етегін ала орналасқан Ақ-Талаа ауданында өтетін болды. Ақ-Талаа – Нарын облысының жері. Оған жету оңай шаруа емес.

Біздерді қойшы, Тянь-Шань тауының атын ғана естіп, суреттен ғана білетін меймандарымызды Ақ-Талаа жеріне шаршатпай жеткізудің жөні бөлек еді. Келісім бойынша, қонақтарды Фрунзе қаласында тосып алып, Шу өзені арқылы Қапшағайды басып өтіп, Ыстықкөлді жағалап, төбесін қысы-жазы қар басып жатқан Долон асуын асып, күркірей аққан Нарын өзенінен өтіп Ақ-Талааға жетуіміз керек...

Таудан аққан өзеннің жағасына жақын жердегі алма бағының арасындағы үйлердің бірінде Кенен Әзірбаевтар жайғасқан-тұрғын.

Таңертеңгілік Кенекең өзен жиегіндегі көк шалғынның үстіне шапаны мен бөркін шешіп қойып, бешпентінің етегін жуан қарына дейін түріп қойып жуынып жатыр екен. Ол кісі қол жуғыштағы дайын судан гөрі таудан аққан тұп-тұнық салқын суға жуынғанды ұнатқан секілді. Кенекең жуынып болып, сүлгісімен беті-қолын сүртініп, ұшар басын қар басқан тауға, көз ұшындағы Ала-Арша сайына тамсана көз тастап тұрды.

Кешікпей жеңіл машиналарға отырып, Тянь-Шань тауын бетке алып таңғы салқынмен жолға шықтық. Бір кезде Кенекең ыстықтады ма, қайдам, бешпентін шешіп тастап, домбырасын қолына алды. Одан кейін сергек қимылдап, көзін кабинаның терезесінен көк шалғынды Шу даласына жүгіртіп, домбыраны естілер-естілмес тыңқылдатып, көңіл күйге енгендей болды. Машинаның алдыңғы орындығында отырған ақын Ғали Орманов бір нәрсеге елеңдегендей дауысын көтере сөйлеп, жол бойы көрген қыстақтардың, ауылдардың шаруашылық жайын сұрастырып қояды. Фрунзе қаласының күншығыс жағындағы Аламедин ауданының жеріне жеткенімізде, атақты Үлкен Шу каналына салынған бірінші Аламедин ГЭС-нің биік-биік сұлбасы, оның алдынан көбігі көкке атылған асау Шуды көргенде, Ғали маған қарай бұрылып:

– Бәсе, Үлкен Шу каналы осы емес пе? Оның жоғарғы жағындағы зәулім үйлер ГЭС-тікі ғой, деді.

– Иә, атақты Үлкен Шу каналы осы. Қырғызстандағы негізгі саласы бойынша алты электростанция құрылды. Олардың ішіндегі ең бастысы осы сіздер көріп келе жатқан ГЭС.

– О, онда жақсы екен. Үлкен Шу каналы Қырғызстанның да, Қазақстанның да дақандарына берекесін беріп, электр нұрына бөлеп жатыр ғой! Манадан бері домбырасын шертіп, терезеден жазғы далаға қызыға қарап, көңілін сергітіп отырған Кенекең де біздің әңгімемізге құлағын түріп келе жатыр екен. Сөзге араласты.

– Ежелден қырғыздармен суымыз бір, жеріміз, тұрмысымыз, тіліміз ұқсас. Шу өзені қырғыз Алатауынан басталып қазақ жерінің де сусынын қандырып келеді. Әрине, бізге қойнауынан жер берген айналайын Алатауға сыйынамыз! деп домбырасын шертіп-шертіп қойды.

Сөзден сөз шығып, 1941 жылы июль айында Үлкен Шу каналы қызу қазылып жатқан кезде, қазақтың көрнекті жазушылары Мұхтар

Әуезов пен Ғабиден Мұстафин осы каналдың Қант-Аламедин деп аталатын төртінші бөлімшесіне келгенін, құрылысшылармен бірге болғанын айтып бердім. Ғали қызыға түсіп:

– Мұхтар Омарханұлы әйгілі «Манас» эпосын зерттеуде Шоқан Уәлихановтан кейін үлкен көңіл бөлген кісі ғой, – деді.

– Дұрыс айтасыз, Ғалеке! Фрунзе педагогика техникумында оқып жүрген кезімде Мұхтар Омарханұлы арнайы келіп, біз оқыған үйге жақын орналасып, жаз бойы «Манас» эпосының манасшы Сарыбай нұсқасының арабша жазылған тармағымен танысып, оқып отырғанын талай көргенмін. Егер мен жаңылмасам, Мұхтар сол жылы «Көксерек» деген көркем әңгіме жазып, оны қырғыз тіліне жазушы Қасымалы Жантөшев аударып, өз алдына кітап етіп басып шығарған,-дедім. Сонда Ғали:

– Өзің атам заманда ғыны ұмытпайды екенсің,- деп таңданып қалды.

Біз қызу әңгімемен отырғанымызда Быстровскадан (қалашық) қалай өтіп кеткенімізді байқамаппыз. Кіші-Кеминдегі базарға да жақындап қалыппыз. Төбесін қар басқан Ақтүс, Көкойрақ, Бойжетпес таулары алыстан мен мұндалап тұр. Біз отырған машина базардың тұсына жеткен кезде, Кенекең базар жаққа қарап тымтырыс бола қалды.

– Ау, Кенеке! Сізге не болды? Күліп-ойнап келе жатыр едік, Кіші-Кеминнің базарын көріп, көңіліңіздің бұзылғаны несі? Қол жайып «аумин» дегеніңізді былай қойғанда, көзіңізге жас алғаныңызға жол болсын?, -деп еді Ғали. Кенекең көзінің жасын сүртіп жатып, даусы сәл қарлығып:

– Кіші-Кеминнің базарын көріп, өткен жастық шағым есіме түсіп, көңілім босап отырғаны. Менің өмірімнің ең тәтті кезеңі осы арада өтті ғой. Осы жерде баяғыда Шабдан батырдың асы өткізілген. Оған Жамбылмен бірге мен де қатысқан едім.

– Ой, тәйірі-ай, мен бір нәрсе болып қалды екен десем. Мынадай ұлы тойға келе жатып, әрнәрсені бір есіңізге түсіріп қайтесіз. Мұныңыз жарамайды, Кенеке.

– Е-е, Ғали...Баяғыда машинасыз-ақ, ат, түйе, арбаға мініп жүріп те күнімізді көргенбіз. Сөйтіп жүріп-ақ ән салғанбыз. Әр кезеңнің өзіне сай сәні, мәні болады...

Мен Кенекең жастық шағын, өткен өмірі туралы айта түссе екен деп іштей үндемей отыра бердім. Ол кісі біраз үнсіздіктен

соң, Кіш-Кемин жақты тағы бір шолып алып, әңгімесін одан әрі сабақтады.

– Ойхой, десеңдерші!... Қайран жастық шағымыз-ай! Өткен күндеріміз еске түссе көңіл шіркін құлазып сала береді. Жамбылдың қылшылдаған кезі, мен болсам балаң жігітпін. Осы Кіші-Кеминнің кең базарында: қырғыз, қазақ, орыс, ноғай, өзбек, дұңған демей, әйтеуір мыңдаған ел жиналып, жүздеген әппақ үйлер тігіліп, жер-жерден қонақтар шақырылып, әр үй сайын жалаулар қадалып, дүкендер, жәрменке базарлар ашылып, ат шаптырылып, балуандар күресіп, керней мен сырнай тартылып, ән айтылып небір күйлер шертілген Шабдан батыр асында болғанбыз,- деп Кенекең әңгімесін ары қарай жалғастыра беріп еді, тау жағалай жүйткіп келе жатқан паровоздың айқайы ешнәрсені естірпей тастады. Әңгіменің желісін бұзып жіберген паровозға Кенекең жақтырмай, әрі таңдана қарады. Басын қайта-қайта шайқап отырып:

– Ой, тоба!...Тар шатқалдан қысыла Шу өзені ағып жатыр. Бұрын бұл маңда даңғыраған асфальтті автомобиль жолы ғана болатын, енді міне, паровозын айқайлатып темір жол да пайда болыпты. Баяғыда бұл жерге жұрт мал бағушы еді. Көштерін өткізе алмай қиналушы еді...Қараңдаршы, қаншалықты өзгергенін, - деді.

Біз мінген машина тауды өрлеп барып, Шу өзенін жағалай жатқан бұрылысы көп жолға түсті. Жолдың екі жағасында жабайы долана, итмұрын, қарақат өсір тұр. Сайраған бұлбұлы адамды еріксіз елең еткізеді. Кенекең домбырасын қолына алып, сайраған бұлбұлдарға үн қосқандай, қасындағы Ғалиға қарап әндетіп келеді. Содан есімде қалғаны бір-ақ шумақ өлең:

«Шу өзені гүрілдеп,
Көбігі көкке атылып.
Жатып па едің, Ғали-ау,
А-анау тал түбінде алқынып» деп қайырған кезде Ғали Кенекеңе қарап, бала сияқты күле берді. Ол да қалмайын дегендей тақпақтата жауап қайырып жатыр. Кенекеңнің асқақтата салған әні көңілімізді жадыратып сала берді. Осы сәтте оның «Бұлбұл едім сайраған» дейтін өлеңі еске түсті.

Баяғыда көшпелі ел табиғатқа, жаратылысқа, жер-суға байланысты неше түрлі ат қоя берген. Қырғыз, қазақ елдері табиғатты ерекше қадірлеген ғой. Жолдың жағасынан онша қашық емес, қырдың төбесіндегі «Ер Қосайдың бесігі», оның төменгі жағында

ойпаңдау жердегі киіз үйге ұқсайтын «Ер Қосайдың оттық тасы» деген үлкен ақ тастарды көрсетіп едім. Кенекең қызыға қарап, тағзым етті.

...Балықшыны басып өтіп, Ыстықкөлді жағалай жүріп отырып, Қызыл-Омнол тауын кемерлей, көгілдір көлі жайылған Орта-Тоғай су қоймасын да артта қалдырдық. Тянь-Шань қақпасы деп аталатын Қошқар өңіріне келіп жеттік. Жолдың сол жағындағы ұзыннан ұзақ созылып жатқан Қошқар ата тауы.

Тянь-Шаньдағы ең биік Долон асуын асып, ирек-ирек өрдегі жолмен биіктей бердік. Кенекең енді қабағын түйіп, терезеге қарап бір қырындай отырған күйі, бір-бірімен бойталастырған асқар таулардан көз алмайды. Асудың орта тұсына жеткенде аспанды қою қара бұлт басты. Іле-шала жапалақтап қар жауа бастады. Кенекең Долон асуының ғажап табиғи құбылысына таңырқай қарап келеді.

– Жаратылысыңнан, қасиетіңнен айналайын, Алатауым! Қазір ғана ойда, Шу мен Қошқар өңірінде жарқырап күн шығып, көгілдір аспан ап-ашық болып, терлеп-тепшім келе жатпадық па? Міне, енді асудың орта беліне жете бере аспанды бұлт басып, қар жауып тұрғанын қарашы! Жаратылыстың құдыретті күші деген осы да! Қасиетті Алатаудан айналсақ болмай ма! Осындай биік таулы, ғажап жер мен суды мекендеген қырғыз, қазақ бақыттымыз!,- деп Кенекең тамсанып қойды. Долон асуын асып, біраз жер төмендегенімізде, күн жарқ етіп қайта ашылып, жапалақтап жауған қар сап тыйылып, көгілдір аспаннан күн нұры төгіліп сала берді. Тауда өсетін түрлі гүл аралас бетегенің исі аңқыды. Отырғандар:

– Міне, керемет, мұндай құбылысты кім көрген?!, – деп ауыз жиғанша, алдымыздан мерекедегідей құлпыра киініп, тағатсыздана күтіп тұрған ақтаалықтар көрінді. Біз отырған машина қалың топтың орта тұсына жете тоқтады. Кенекең жағасын құндыз терісімен көмкерген шапанын желбегей жамылып, құндыз бөркін киіп, тосып тұрған елге сәлем беруге машинадан түсті. Шырқалған ән, шертілген қомыз, сырнай үні құлақ тұндырады. Жиналғандар салмақты басып жолдың жиегіне шыққан Кенекеңе жабыла сәлем беріп, құшақ жая қарсы алысты.

– Ассалаумағалейкум, Кенеке! Қырғыздың Нарын атты жеріне, Тоғолоқ Молданың 100 жылдық торқалы тойына қош келдіңіздер!,- деп шу ете қалды.

...Біз Нарын қаласына жетіп жақсылап демалғаннан кейін,

таңғы салқынмен, дарияны жағалай Тоғолоқ Молданың туып өскен жері Құртқа селосын бетке алып жүріп келеміз. Ұзақ жол Кенекеңді шаршатты ма десем, қайта ел-жұртты, биік тауларды көріп, ширап, көңілі көтеріле түскен секілді. Тянь-Шань жайлауындағы халықтың көрсеткен сый-құрметіне риза болып, Ғали екеуі алған әсерлерін жаймен әңгімелеп келеді. Өткен түні қырғыздың бір жыршысы Кенекеңе арнап жыр айтқан еді:

«Қадырменді, Кенеке!,
Асу асып, тас басып,
Тянь-Шаньға келдіңіз,
Тұрмыс, тілі қазақтай,
Қырғыздарды көрдіңіз.
Әнге қосып жер-суын,
Домбыра тартып бердіңіз...».

Жол бойына жағалай отырғызылған тал-терек, жабайы өскен жыңғыл, қарақат шыбықтарына қызыға қарап келе жатқан Кенен ақынның кешегі өзіне айтылған өлең-жырға риза болғандығы байқалады.

– Иә, Тоқтаналы жыршы жақсы айтты. Осындай табиғаты бай, тұнып тұрған жемістері бар, сарқырап аққан өзені, бағында бұлбұлы сайраған жерді неге әнге қоспасқа.

Таудың осы бір тұсы ерекше жаратылған, әппақ мрамор секілді. Қарасаң күнге шағылысып жалт-жұлт етеді. Келешекте, осы ақ тасты араластырып бетон жасайтын, кірпіш құятын завод салынатынын айтып едім, үнсіз келе жатқан Кенекең:

– Алатаудың топырағы түгіл, тасы мен құмы да халықтың қажетіне жарайды, қасиетті таулардың берері мол ғой, – деді.

Күн еңкейіп, кешкі бесін болып қалды. Ақ-Талааға жете берістегі Дербелжүн мен Құртқа селосы аралығында ұлы ақынның тойына арнап тігілген ақшаңқай үйлер алыстан көз тартады. Маңы қара-құрым халыққа толы. Бәріміз де елең етіп, сол жаққа қарадық. Еңкейіп батқан күннің тасқа шағылысып, жалт-жұлт еткен нұрын, ақшағала үйлердің көрінісін кезінде Тоғолоқ Молда да тамсана жырына қосқан еді. Енді, міне, бізге де шапағатын төгіп тұрғандай.

Туысқан республикалардан келген қонақтар өздеріне бөлінген үйді-үйге бөліп орналастырылды. Кенекеңдер, қырғыз замандастары Қарамолда, Алымқұл, Шалқыз және басқалар бір үйде болдық. Тойдың тамашасы ертең басталмақ. Ал бүгін әдеттегідей қонақ

кәдемізді жасап жатырмыз. Түннің бір уағына шейін әңгіме айтылып, ара-арасында ән мен күйге кезек берілді.

Үш күнге созылған тойдан кейін қонақтар Нарын арқылы қайтатын болды. Жол жүрер алдында Кенекең бұл жаққа енді қайта келемін бе, жоқ па дегендей, қимай қоштасты. «Той да болар, томалақ та болар» деген сөзді ескере отырып, ақынның 100 жылдық тойының өз деңгейінде, жақсы өткеніне риза болды. Артынша, бәрімізге қарап тұрып, ақ тілегін, ақ батасын берді. Қысқасы, қалай болғанда да, екі елдің ортақ бұлбұлы атанған Кенен Әзірбаев атамызбен аз күн болса да дәмдес болып, оның асыл әндерін, жырларын өз аузынан естіген күндерім өз басым үшін қайталанбас, қымбат қазына деп білемін.

«Қазақ әдебиеті» г-ті. 15 август, 1985 ж.

Хасан Халқышев

БІЗДІҢ ДЕ СҮЙІКТІ ӘНІМІЗ

Қай ұлт бомасын өз тойлары мен мерекелік кештерінде туған әндерімен қатар өзге халықтың әуендерін де сүйсіне, әрі нақышына келтіре шырқағанының талай куәсі болғаным бар. Мәселен, менің өзім Карачаева- Черкесскіде грузин мен кабардин әндерімен бірге қарашайлықтар мен қазақтың әндерін қоса орындап жататынын сонау бала кезімнен білемін.

Иә, ауылы аралас, қойы қоралас қарашайлықтар тойларда көбіне қазақ халқының «Он алты қыз» деп аталатын көңілді әзіл әнін шырқаса, ал жеке бір отырыстарда «Назар-Базар» («Базар-Назар», ред.) әнін ауыздарынан тастамайды. Бірақ бұл әнді құлай сүйгенмен көпшілік оның авторын біле бермейтін. Ұзақ уақыт оны өзім де білмеген едім. Алғаш рет құдыретті әннің иесі Кенен Әзірбаевтың есімін қарашайдың халық ақыны, бүгінде 90 жасқа келіп отырған ақсақал Әбуғали Үзденовтен естідім. Бұл салиқалы да, парасатты көнекөз қартты қатты құрмет тұтамын және оның салған әндерін беріле тыңдайтынмын. Егер ол «Нарт» эпосынан үзінділер шырқаса, мен оның өзін сол аңыздан келген мейірімді сиқыршыдай сезінетін едім.

Міне, осы ақсақал «Базар-Назар» әнін де нақышына келтіре орындайтын еді. Тіпті, кейде көзіне жас алып, бастапқы дауысын жоғалтып та алатын. Себебі, Әбуғали аға да өмірдің қиын соқпақтарынан өткен, көп тауқымет тартқан адам. Бірде ол маған Кенен жайлы сыр шертті.

...Ұлы Отан соғысынан кейінгі халқының басына төнген қиынқыстау жылдары (күштеп жер аудару) Әбуғали аға өз жерлестерімен Қазақстанның Жамбыл облысында біраз уақыт тұрған. Сөйтіп, сол жерде шопан болып жұмыс істейді. Қонақжай қазақ халқы оларды бауыр тартып, тұз-дәмін бөліседі. Ал. Әбуғали сонау отызыншы жылдары өзінің ақындық, әншілік өнерімен халқына танымал болғандықтан, мұндағы жергілікті қазақ ақындары қызығушылық туғызған еді. Өйткені оның әні көпшіліктің қолдауымен «эжину» түрінде айтылатын. Ал бұл тәсіл ол кезде қазақ халқы үшін белгісіз құбылыс болатын.

«Елуінші жылдың қысы өте қатты болды. Соның салдарынан көптеген мал шығынға ұшырады. Осы қыстан мал басын аман сақтаған озат шопандарды көктемде бір жерге жинап, үлкен мереке ұйымдастырылды, наградалар табыс етілді. Он алты қазақ үй тігіліп, мереке қызық өтті. Сондағы бәрімізге ортақ бір қуаныш осы тойға атақты ақын Кенен Әзірбаевтың келуі еді. Сол мерекеде мен Кенен ақынды алғаш рет көрдім. Оның қолында өзі жасаған шағын домбырасы бар еді. Ақын былай деді: «Бұл домбыра сонау бала кезімнен серік болып келеді, бір елі тастамаймын, ол маған өте қымбат. Сондықтан әнмен қоштасқым жоқ»».

Міне, сол мерекеде Әбуғали автордың өз аузынан «Базар-Назар» әнін естіпті. Сондай-ақ ақын әннің шығу тарихын да әңгімелеп беріпті. Содан бері, Әбуғали да осы әнді жүрегіне жақын тартқан екен.

...Кенен алты айға жуық ел аралап, қырғыз елінде жүргенде, өте жақсы көретін үйелмелі-сүйелмелі екі ұлынан бірдей айрылып қалады. Бұл қайғысын қанша ішке сақтағанмен, ол уақыт өткен сайын күшейе түседі. Сондай күндердің бір кешінде Кенен домбырасын қолына алып қыр басында отырса, жайылымнан қайтқан малдардың ішінен бір ешкінің емшегінен сүт ағып, тыным таппай безілдеп жүргенін көреді. Бұл жайды шопаннан сұрастырса, әлгі сорлы ешкі таяуда ғана екі лағынан ажырап қалған екен. Көзіне іркіп жас алған ақын домбырасына қарай ұмтылып, тап сол жерде

балаларын еске алып, шырқай жөнеледі. Жиынға қатысушылар осы ән орындалғанда түгелдей жылады, деп еске алады Әбуғали ақсақал.

Кенен музейін аралау сәті түскенде, Әбуғали атаның айтқандарын есіме түсірдім. Кенен өмір сүрген бұрынғы Қордай өңірі ұлғайып, бұл күнде үш ауданға бөлінген. Ал, ақынның туған ауылы бүгінде Красногор ауданына енеді. Музейде сақтаулы тұрған әлгі домбыраны көргенде ерекше сезімге бөлендім. Өйткені, бұл домбыра жайлы, тіпті Кавказда жүргенде талай естігенім бар емес пе? Е,е құдыретті домбыра десеңізші! Сенің әуеніңді талай елдің халықтары естіп, тамсанды емес пе? Кенен сен арқылы өз мұңын шақты, сондай-ақ «Бозторғай», «Көкшолақ» тағы басқа да ғажап әндерін дүниеге әкелді.

Осы музей аймағындағы ақын ескерткіші тұсында екінші бір үй тұр. Онда кинозал бар. Біз сол залда отырып, орыс және қазақ тілдерінде шығарылған екі деректі фильм тамашаладық. Негізінен екі фильмде Кенен ақынның өмірі мен творчестволық жолын ашып көрсетеді. Сондай-ақ, К. Әзірбаевтың 75 және 90 жылдығына байланысты Кененнің ақындығын, композиторлығын, орындаушылық ерекшелігін дәріптеген фильмде ақынның ұлы Бақытжанды да көрдік. Қазір ол осы музейдің директоры. Бақытжанға Әбуғали атамыз туралы айтып бердім.

...Менің әкемнің достары өте көп болатын, деді. Ол достықты қатты бағалайтын. Сондықтан, маған әкемнің әрбір танысы ыстық және жақын. Ол кісінің бүкіл өмірі, ұлттар мен халықтардың арасындағы достық қарым-қатынастың жоғары мәдениеті, үлгісі ретінде есімде сақталып қалыпты.

Өзара әңгімеден соң менің Әбуғали ақынның баласымен таныстығым бар екенін біліп, оның атына әкесінің таңдамалы ән жинағын сыйлыққа ұсынды. Оған былай деп жазып қол қойды: «Кенен Әзірбаевтың музейінен қарашай халқының сүйікті ақын-әншісі Әбуғалидің ұрпағына Кененұлы Бақытжаннан тарту.».

Иә, қай тілде шырқалмасын, ән әуені өзінің ырқына жетелейді. Бұл әрине, тілі басқа болса да тілегі бір, жүзі басқа болса да жүрегі бір халықтың бәріне тән қасиет.

«Қазақ әдебиеті» г-ті, 1 январь, 1988 ж.

Жұмабек Нұрахметов

КЕНЕН ЖӘНЕ ОЛ ӨСКЕН ОРТА
(еске алу)

Кенекең туралы еске алғанда сонау бір балғын жастық шағым еріксіз ойға орала береді. Өйткені, Кенекеңнің өмірінің ішіндегі қырық жылғы тұлғасы менің көз алдымда өтті. Ол әкеммен тығыз байланыста болып, үнемі араласып тұрды. Бұрын ешкім естімеген кейбір өлеңдерін өзі айтып беріп, пікір алысып, күлісіп, рахаттанып отыратын еді. Сондықтан да Кенекең туралы естелігім мені балалық шағыма еріксізден жетелеп апарады.

Ол жылдары біздің ауыл – «Кіндіктас» колхозы аталатын. Есімді жаңа біліп келе жатқан шағым еді. Ауылдың шығыс бетінде солтүстік шығыстан оңтүстік батысқа қарай ұзыннан-ұзақ көлбей созылып, түйе өркештеніп кете беретін Кіндіктас тауларының бауырына орналасқан, соқпадан соғылатын үйлері бар ауылда абыр-сабыр ел тірлігі жүріп жататын. Ауылдың шығыс бетіндегі оқшаулау тұратын жалғыз қамыс шатырлы үлкен үй мектеп еді. Шамасы, сол кездерде жиналыс жиі болып тұратын болуы керек, әйтеуір халықтың сол мектепке жиі баратыны есімде. Жиналған елдің ішінде Кенекеңнің сұңғақ бойлы, сұлу мүсіні жиі көрінетін. Кейде әңгімелер айтып, кейде ән салып отыратын.

Жұрттың тағы бір жиі баратын жері – әкемнің ұста дүкені еді. Біреулер ол кісіге арбасын, біреулер соқасын, біреулер тырмасын жөндетіп, біреулер ат тағасын соқтырып, тағалатып жатады. Соның бірде бірін «істемеймін» деп қайтарған әкемді көрген емеспін. Істеп те жатады неше түрлі қызық әңгімелерді айтып та, тыңдап та жатады. Әңгімені көбінде айтатындар Кенен, Бертісбай және әкем. Бұлардың әңгімелері елден ерекше, қызықты, аса тартымды келеді. Басқалар көбінде тыңдаушы ретінде болады. Жұрт бірі келіп, бірі кетіп жатады. Ал, әкемнің жанынан тамақ әзірлеген уақыттан басқа бір босамайтын адам – өзімнің шешем. Себебі, сол бір жылдары әкемнің көрігін басып, балғасын соғатын көмекшісі еді. Жаңадан аяғынан қаз басқан колхоз шаруасында жұмысшы күші жетіспейтін кез ғой.

Кезінде ревком председателі болған Кенекеңнің жаңадан құрылған артельдің өмірі мен қайнаған еңбегіне аз ат

салыспағандығы белгілі. Өз қолымен артельді құрысумен қатар, қарапайым еңбек адамдарының жан дүниесін байытып, мадақтап әнге, жырға қосып отырумен қатар ел ісіне де жиі араласқан. Кейіннен ел ішінде қызықты аңызға айналып кеткен, алғашқы құрылыс кезіндегі тікелей Кенекеңнің араласуымен тынған мына бір оқиғаны баяндай кеткім келеді.

...Кіндіктас тауының күнгей беті – Соғанды. Күнгей бет пен теріскей беттің бел ортасындағы биік жотаның үсті кезінде Кенекең жырлаған әйгілі «Ойжайлау» аталады. Колхоздар ұйымдасып, жер бөліске түскенде, Соғанды тауы, «Ойжайлаумен» қоса, бүкіл Қордай жотасы Краногор ауданына тиесілі болса, Соғанды тауының етегінен әрі оңтүстік бағыты Қордай ауданына қарайды. Жаңадан құрылып жатқан колхоздың құрылысына ағаш материалдары көп қажет. Ол кезде тек жергілікті жерлерде өскен ағаштарды пайдаланбаса, басқа мүмкіндік жоқ. Сондықтан Кіндіктас колхозының құрылысына Соғанды тауының қалың өскен тал-ағаштарын пайдалануға тура келеді. Оған көліктер мен адамдар бөледі. Сайдың тасындай іріктелген Сейтқасым, Кәкетай, Рысдәулет, Кәсен және есімдері ұқсас Қасым деген екі жігіт бар, алтауы өгіз арбамен, атқа мінген Шойынжанды қосқанда барлығы жеті адам жолға шығады. Соғанды тауындағы «Сандыбай» сайының ағашы өте мол, соны бетке алып жүріп кетеді. Бұл оқиға сол кезінде қызықты, күлкілі көрінгенмен, шын мәнінде екі ауылдың арасында ұрыс-керіс тудырып, үлкен дауға қалдырған жағдай болғаны рас.

Жігіттер «Сандыбай» сайына жеткен соң, өгіздерін доғарып тастап, ағаш дайындауға кіріседі. Салт барған Шойынжан түс ауа тыныгып, тамаққа отырмақ болған кезде астындағы байталдың тұсауы шешіліп кетіп қалғанын бір-ақ біледі. Шала-пұла асығыс тамақтанған Шойынжан үстіне киім киместен қолына жүгенді алып байталды іздеуге жаяулап шығады. Жақын арада жылқы жоқ, іздей-іздей ақыр аяғы ұзап кетіп, Соғанды ауылының маңынан бірақ шығады. Байтал үшті-күйлі жоқ. Тағы біраз жерді шарлап көрген Шойынжан Киров колхозының жылқысын бағып жүрген денесі алпамсадай батыр денелі Түменбайға кез болады. Күн болса еңкейіп, кеш түсе бастаған кез. Оған жылқы іздеп жүргендігін айтады да, ол «көрмедім» деген соң амалы таусылған Шойынжан шаршап тұрса да кері қайтпақ болады. Қызық осыдан басталады.

Қолында жүгені бар, өзі жаяу адамға Түменбай сенбейді.

– Жоқ, сен ұрысың, мені алдап, бір жағынан айналып кеп жылқы ұрлағалы жүрсің, мен сені жібермеймін, - дейді.

– Ау, Түмеке, бір-бірімізді бұрыннан танимыз, менің жылқы ұрлағанымды қашан көріп ең, арам ниетім болса құдай ұрсын, жолымнан қалдырма, – десе де Түмекең міз бақпайды. Астында әзірейілдей аты бар, денесі зор Түменбайға, өзі жаяулап, шаршап жүрген шынашақтай ғана Шойынжанның күші қайдан жетсін? Оны жеңе алмайтынын білген соң, амалсыз, діңкесі құрып Түменбайдың қасында түнеп қалады. Кешке қарай түн салқын болады. Киімі жұқа Шөкең біраздан кейін қалшылдап жаурай бастайды. Үстінде етек-жеңі кең, қалың ішігі бар Түмекең рахаттанып отыр.

– Әй, Түмеке-ай тоңып барам, жіберсеңші, – дейді. Шойынжанның қалшылдап әзер отырғанын көзі көріп отыр, жіберейін десе шынында жылқымды ұрлайды деп сенбейді. Амал жоқ, қой терісінен жаңадан тіктірген, үлкен адамға молынан пішілген кең шалбарын шешіп алып Шойынжанға:

– Осыған сыйып кетесің, балағына кіріп жат дейді. Өзі дамбалшаң қалған Түменбай дәу ішігіне оранып, атының шылбырын жамбасына басып жатып, көңілі орнына түскендей ұйқыға кетеді.

Шынында да кең шалбардың бір балағына еркін сыйып жатқан Шойынжан бойы жылынған соң арам ойға кетеді. «Бұл мені ұры тұтты, мен көрсетейін бұған ұрыны» деп ақырын, сыбдырын білдірмей, шалбардан шығып оны өзі киіп алады. Жылқышының жамбасына басқан ат шылбырын еппен тартып, сулықтан жоғарылау тұсын пышақпен кесіп тастап, сылаң қаққан жылқышының атын мініп, Сандыбайдағы жолдастарына бармастан тіке төтелеп, түн ішінде «Кіндіктас қайдасың?» деп тартып отырады.

– Таңға жуық оянған Түменбай шалбарсыз, атсыз қалғанын бір-ақ біледі. Өкінгеннен не пайда. Жылқы ішінен жуастау бір тұғырды ұстап алып, қолында қалған шылбырмен ноқталап, дамбалшаң қалпында атқа жайдақ мініп, төңірегін шолып жүрсе Сандыбай сайының ағашын «самсата қиратып» жатқан алты жігіттің үстінен түседі. Шойынжан ол жерде жоқ болып шыққан соң, Түменбай еш жерге бұрылмастан тура ауылына шабады.

Атсыз, шалбарсыз жүрген Түменбайдың ұсқынына алғашында күлісіп алғанымен, Шойынжанның ауылын бетке алып, үнсіз кеткенінен жігіттер де секем алған еді. Жұмысты бітіріп жылдамдатып кетпек болады. Кесілген ағаштар да жеткілікті, тездетіп үш арбаға тиеп, арқанмен шандып байлап алып жолға шығады. Жол болса әрі ұзақ, әрі шаршы өр. Тау арасының өгіз тартпайтын қиын жолдарында арбаны жабыла итерісіп, ілби басып арттарына жалтақ-жалтақ қарай жүре береді.

Ал бұл кезде «аттан» салып, елді дүрліктіріп Түменбай барады.

– Ойбай, аттаныңдар, мына Кіндіктастың адамдары келіп, Сандыбайдың бар ағашын ұрлап кесіп жатыр, тез жетпесеңдер алып кетеді. Адамды көбейтіп апармасаңдар болмас, кілең бір дәулер, оңайшылықпен бой бермейді, - деп елдің апшысын қуырады.

Жұрттың бәрі жұмыста, ұзын саны он шақты адам жиналады. Көлік жоқ бәрі жаяу тек әрі аңшы, әрі ағаш ұстасы – Ыстыбайдың ғана аты болады. Ал, Түменбай болса қуғынға қатыспай, атын да бермей жылқысына қайтып кетеді. Жаяу көпшілік қандай амал-айла жасаудың жоспарын жасайды. Сонда Әуел деген ұста:

– Ең алдымен мені жеткізші. Көрсетейін оларға ағаш ұрлағанды деп Ыстыбайға қолқа салады.

– Ойбай-ау, алпамсадай 6 жігітке жалғыз өзіңнің шамаң келе ме? Қоя тұр бір ақылын табайық десе, Әуел:

– Көп сөйлеме, мені жеткіз деп өршеленіп бой бермейді. Сонымен Ыстыбай Әуелді ағашшыларға жақындау жерге апарып тастап, кері қайтып кезекпен келесі қуғыншыны жеткізу керек деп ұйғарады. Ал қалған жұрт бұған дейін тоқтамай жолды қысқартып, жаяу жүре бермек. Сөйтіп Ыстыбай адамдарын бірбірден тасымалдай беруге ақыл қорытады. Керек болар деген оймен мойнына өзінің аңшы мылтығын асынып, ең алдымен Әуелді атқа мінгестіріп алып, қуа шығады. Соғандының тар соқпағынан шыға алмай улап-шулап бара жатқандардың қарасы көрінгеннен соң Әуелді аттан түсіріп:

– Ал, Әуеке, енді сіз жақындамай қарасын көріп жүріп отырыңыз, мен қалғандарды бір-бірлеп тасып жеткізіп болып, басымыз түгел құралған соң барып бір-ақ тиісейік. Алпамсадай өңшең дәу жігіттер қасына жақындай көрме деп тапсырады. Ат-

тан түскен соң Әуекең Ыстыбайдың сөзін құлағына да ілместен жігіттерге жалғыз өзі тартады.

Әуекең жалпы мінезі ақкөңіл, ешкімге жаманшылығы жоқ еді. Бірақ, аңғал, әңгілеу болатын. Сондықтан кейде мақтанып, өреулеп қатты кетіп қалатын. Артында ашуы тарап, жайма-шуақ бола қалатын қызық адам еді. Жұрт оның осындай аңғалдығын әжуалап, әңгіме ететін. Бірде ауырып фельдшерге барса, бір жартылыққа құйылған сұйық дәріні ас қасықпен үш мезгіл іш деп берген екен, дәріні үйіне келген соң Әуекең ақыры осыны ішсем жазыламын ғой деп, басына бірақ көтеріпті. Дәріге уланып, өліп қала жаздап әрең тіріледі. Осындай қожанасырлығы бар еді...

Кейіннен біз Соғандыда тұрдық. Міне, сол кезде Кенен үнемі әкеммен тығыз қатынаста болды. Сәлем хат жазысып тұратын. Кенекең бір жолғы сәлемдемесінде былай деп жазғаны бар:

«Нұреке, Соғандының елі аман ба?
Ішінде Әбдіғапар белі аман ба?
Райымқұл, Ыстай, Керім серілері,
Елінің Әуел сынды «ері» аман ба?
Солдаттың майдандағы жары аман ба?
Үлкен-кіші, жасы мен кәрі аман ба?
Ауылыңның абырой тұтар ақсақалы,
Әйтімбет, Бегімбеттей нары аман ба? деп жолдаған Кенекеңнің сәлемінде Әукеңді де еске алып өтеді.

...Содан жалғыз қалған Әуел әй-шайға қарамастан ентелей басып арбакештерді қуып жетеді. Жігіттер Әуелді танып сәлем берсе, Әуекең сәлем алудың орнына:

– Атаңның басы... ұры немелер... біздің Сандыбайдың ағашын қайда апарасыңдар? Қайыр өгіздеріңді кейін қарай деп өгізге ұмтылады. Бұрыннан танитын жігіттер Әуелдің тілдегенін елең қылмай-ақ:

– Қой, Әуеке, кейін қайырудың жөні келе қоймас. Ымыраға келейік, ұят болар» – деген Сейтқасымның жолын тоса итеріп, бой бермейді. «Әуекең қойсаңшы» деген кісілерді бір-бір қойып қалады. Ақыры оның көнбейтініне көзі жеткен соң бір адаммен жол үстінде қашанғы тұрсын, Әуекеңді атып ұрып арбаның үстіндегі ағаштың ең биік жеріне шандып байлап тастайды. Сөйтіп одан ары жүре береді.

Ыстыбай келесі адамды жеткізгенде Әуелден айырылғанын

біледі. Бұған да Әуелге айтқан сөзін тәптіштеп айтып қайтып кетеді. Сөйтіп жүріп, түс ауа қуғыншыларды осы араға түгел жеткізеді. Адамы түгелденіп, күші молайған, орталарында бір мылтығы бар топ әлі жотаға шығып үлгермеген арбашыларды қуып жетіп, қақтығысқа кіріседі. Жүгі ауыр арбаны шаршы өрге әрең итеріп келе жатқан алты жігіттің үшеуі өгіз айдаса, үшеуі сойылдарын сермеп қуғыншыларды арбаға маңайлатпайды. Үшеуі шаршай бастағанда қалған үшеуі ауыстырып, тоқтамастан қимыл жасағап қуғыншыларды арбаға жақындатпайды. Ал, Әуел болса сол таңылған қалпында айғайды салып, «Қырамын да жоямын!» деп, өз адамдарына «Өңшең адам емес, қорқақ иттер» деп тілдеп, маза бермейді.

Ашулы Сейітқасым әлгінің жанында жатқан балтаның сабымен оның тізесіне бірер нұқып қалып: «Жағыңды қарыстыр» дейді. Кейіннен осы әңгіме болғанда Әуел: «Сонда балтаның жүзімен құлаштап тұрып ұрғанда шыбын шаққан құрлы көрмедім-ау» деп мақтанып отырғанын мен өзім құлағыммен талай естідім. Сонда әңгімелесіп отырған шалдар: «Әуеке, сіздің тізеңіз осы болаттан жаралғаннан сау ма өзі, балтаның жүзіне бой бермейтін қандай тізе» деп күлсе, Әуел де мәз болып қосыла күлуші еді.

Соғандылықтар енді күш жағы тең келмейтініне көздері жетеді. Амалы таусылып, зығырданы қайнайды. Осы кезде колхозда есепші болып істейтін Сәлмеке дейтін комсомол жігіт дәрі оқ салған мылтықпен Сейітқасымның бетіне атып жібереді. Қатты қайрат көрсетіп жүрген Сейітқасым мылтықтан шыққан жалын бетін күйдіріп кеткенде барып:

– Қойдық, комсомол-еке! – деп отыра кетіпті. Ойда-жоқта атылған мылтықтан қорқып қалған басқалары Сейітқасымға оқ тиіп құлады деп ойлап, ұрысты тоқтатады. Бәрі соны төңіректеп әуреге түсіп жүргенде бос қалған арбаларға Ыстыбай атпен шауып барып, өгіздердің «самияндарын» суырып-суырып, шыңның терең құзына қарай лақтырып жібереді. Босанған өгіздерді ауылына қарай қуа жөнеледі. Әуелдің арқанын пышақпен кесіп босатып кетеді. «Тұтқыннан» босанған Әуел қоқаң көрсетіп Сейітқасымға алданып әуреленіп жүрген жігіттерді арт жағына келіп бір-бір теуіп өтеді. Мылтықпен тағы атады деп жүрексінген жігіттер сойыл-шоқпарларын тастап, үнсіз қала беріпті.

Мылтықтың арқасында басымдыққа ие болған соғандылық

қуғыншылар алты өгізді айдап ауылына кетеді. Өгіздерінен ажыраған жігіттер болса арбаны ағашымен шыңда қалдырып, мылтық дәрісінен қара-ала болып бет-ауызы күйген Сейітқасымды ортаға алып, жаяу шұбап кешке таман Кіндіктасқа жетіпті. Бір ат пен бір тері шалбарды олжалаған Шойынжан болса қатты жанжал болғанын ауылға келген соң бірақ біледі. Ал өзінің жоғалған байталы ауылға өзі келіпті.

Сол кездегі Кіндіктас колхозының бастығы Ырсалды жағдайды естіп біледі. Ауылдағылар ақылдаса келіп, Кенекеңе: «Енді бұл дауды сіз бітірмесеңіз, күнгейліктер теңдік бермес» деп Кенекеңе қолқа салады. Ырсалдыны қасына қосып береді. Шойынжан олжалап әкелген шалбарды қанжығаға байлап, атты жетектеп алады да екеуі Соғандыға барыпты.

Сонымен не қылсын, ежелден қатар өскен екі ауыл бірін-бірі бұрыннан таниды. Кенен барған соң бәйек болып сыйлайды. Кенен екі күн бойы өлең айтып, ән салып айызын қандырған соң, алты өгізді алдына салып айдап қайтады. Сандыбай ағашының дауы осылай бітті, - деп әкем әңгімелеп, сондағы Кенекеңнің өлеңдері деп айтып отыратын.

«Ағайын жайлау асып міне келдім,
Дауына ара түсіп екі елдің.
Жігіттер қуып кеткен өгіздерді,
Берсеңдер, айдап кетер келді кезім.
Әбеке, келіп тұрмын алдарыңа,
Құлақ сал мына ағаңның салмағына
Шойынжан мініп кеткен атыңменен,
Әкелдім Тұменбайдың шалбарын да, – деп Кенекең елді қыран күлкіге батырып, мәз қылады.

Кейіннен осы әңгіме ел ішінде көп айтылып жүрсе де Кенекеңнің осы бір өлең жолдарын ешкім айта бермейтін. Суырып салма ақынның бір сәтке жалт етіп, желдей есіп өте шыққан лебізін жадында сақтап қалу екінің бірінің қолынан келе бермесе керек. Мен бұл жолдарды тек әкемнің айтуынан ғана естітінмін. Әкем өте елгезек, бір естігенін ұмытпайтын еді. Әрине, бұл шумақтар бұдан молырақ еді. Тек менің есімде қалғаны осы ғана.

Кейде менің әкем де өлең жазатын. Кейіннен мен есейген кездерде Кенекеңнің, Бертісбайдың, Шолпанқұлдың және әкемнің бірнеше өлеңдерін төрт-бес дәптерге жазып алып, біріктіріп ұстап

жүретінмін. Иірсуда оқып жүрген кезімде, сол өлеңдерді ақын Шолпанқұлдың Орындық деген мұғалім қызы менен «қайтарып беремін» деп сұрап алды. Бірақ сол дәптер маған қайта оралмады. Орындық қайтыс болып кетті де, дәптер сол қалпында жоғалды. Төменде сол өлеңдерге байланысты тағы да ораламын. Әрине мен тек содан есіме сақталып қалған жолдарды ғана жаза аламын.

Сөйтіп ұжымдасудың алғашқы жылдары соншалықты еңбекпен, даумен жүріп өз қолдарымен орнатқан Кіндіктас колхозын тастап ел Иірсудағы Киров атындағы және Сұлутөрдегі Сталин атындағы колхозға екі бөлініп көшуге мәжбүр болады. 1938 жылы Кенен, Бертісбай және әкем бастаған жарты ауыл Иірсудағы Киров атындағы колхозға қоныс аударады. Сондағы Бертісбай атаның жазған өлеңі былай болып келуші еді:

«Кіндіктас, қош аман бол Беліңменен,
Белдегі кейін қалған еліңменен.
Баурыңа талай терді төгіп жүріп,
Амалсыз қоштастық-ау жеріңменен.
Бел, Қайқы, саған кінә қоя алмадық,
Жеріңді трактормен оя алмадық.
Жайқалған егініңді көрсек деп ек,
Шара не, бидайыңа тоя алмадық! – деп әлі техника күшіне жете алмай жүргенде, армандап кете берген.

Иірсуда Кенен, Бертісбай, әкем және Әлімжан деген ақсақал төртеуі көбінесе бастары бірігіп әңгіме дүкен құрып отыратын. Жұптары жазылмайды. Кенекең халық адамы, сыртқа көбірек жолаушылайтын болса керек. Кейде қалған үшеуі бірігіп алып, ұзақ-ұзақ әңгіме айтысады. Бірақ, осы үшеуін бір-біріне жақындататын бір ортақ қасиеттері болса керек.

Әлімжан дойбышы болғанымен өлең жазғанын естіген емеспін. Ал, Кенекең, Бертісбай және әкем үшеуінің өлең жазатындығы олардың арасында ажырамас дәнекер болса керек. Оған қосымша жастары да шамалас болатын. Әкем Нұрахмет 1883 жылы туған. Ал, Кенекең болса 1884 жылғы. Бертісбай да осы шамалас еді. Кейіннен бұл үшеуі үш ауылда: біздің отбасы Соғандыда, Бертісбай Красногорда, ал Кенекең Иірсуда тұрса да бұлардың арасындағы қатынас үзіліп көрген емес. Бір-біріне сәлем хаттарын, жазған өлеңдерін беріп жіберіп, оқытып тұратын. Ара-тұра Кенен Соғандыға келіп-кетіп жүретін еді.

...Бір күні әкем мен Бертісбай екеуі дойбы ойнап отырып, дойбыға таласып, бір-біріне ренжісіп тарасты. Бертісбайдың үйі Кенекеңнің үйінің жанындағы сайда болатын. Ойымда еш нәрсе жоқ, балалармен ойнап, сол төңіректе жүрген болатынмын. Әлден уақытта Бекең мені дауыстап шақырып алды да, «мынаны қазір Нұрекеңе апарып берші» деп бүктелген бір парақ қағазды берді. Зыр жүгіріп келіп әкеме қағазды беріп қайта ойнап кеттім. Аздан соң әкем де мені шақырып алып, ол да бір парақ қағазды «Бертісбайға апарып бер» деп мені қайта жіберді. Кейін есейген кезімде әкем осы жайды елге әңгімелеп Бертісбайдың өлең жазғыштық талантын айтып отырушы еді. Сонда Бертісбай былай деп бірауыз өлең жазыпты:

«Екеуміз жасымыздан бірге өстік,
Дүниенің неше түрлі б... жестік.
«Жігіттік» жасадың деп өкпеледің,
Маған қайдан бітіпті ондай сестік», – депті. Оған разы болып өкпесі тараған әкем:

«Бертісбай алдадың ба, арбадың ба?
Тасымды алып қойдың, жалмадың да,
Құлықпен еркелігің болса маған
Байқамай, шын екен деп қалғамын да! – депті.

Бертісбайдың жай әңгіме айтып отырған кезінің өзі адамның ойында ұмытпастай әсер қалдыратын. Ол аса шебер- артист адам еді. Әрбір әңгіменің мазмұнына қарай немесе жеке адамдардың түр-тұлғасын, іс-әрекетін суреттегенде кейде бір асқан тапқырлық мимикалалармен қимылдар жасап, сөзді айтқызбай ұқтыратын ерекше қасиеті бар еді. Елдің ішек-сілесін қатыратын. Оның жазған өлеңдерінде қызық, қуақы, ойнақылықтардың исі сезіліп-ақ тұрады. Ауыл адамдарының іс-әрекеттері мен тұлғаларын суреттеуде, сынап-мінеуде асқан шебер еді. Осындай өлеңдері аса көп болушы еді. Менің есімде қалған мына бір өлеңін келтіре кетейін:

«Қашаған бір артельдің ақсақалы,
Үрпиіп шаң-шаң болған жақ, сақалы.
Көгіндей жоңышқаның жаңа шыққан
Көміржанның өзіне шақ сақалы.
Бар екен Бәбікендей шарық табан,

Ізіне ұрлық малдың түскенінде,
Ұрылар қорыққанынан шалықтаған, – десе,

Тағы бірде:

«Бертісбайға қарасам
Ырдуан салған арбадай.
Жолдасбайға қарасам,
Долана сапты балғадай.
Әлімқанның ауызы,
Құлап қалған қорадай, - деп жазған екен.

«Әлімқанның ауызы, құлап қалған қорадай» деп жүргені ол кісінің аузында тісі жоқ екен. Әкем айтып күліп отыратын: «Бертісбай Иірсуға көшіп келген кезде Әлімқан ерулігің деп бір тауық берген екен. Әлгі өлеңді Әлекең естіген соң ызы болып берген тауығын қайтып алып қойыпты. Сөйтіп, Бертісбай тілінің қуақылығынан бір тауықтан ажырады» деп елді күлдіріп отыратын.

Кенекең Бертісбайдың осындай ақындығын қатты бағалайтын еді. Әрқайсысы жазған өлеңдерін бір-біріне оқып беріп, сынатып, мінетіп, өздері мәз болып жүретіндерін әкем жиі әңгімелейтін. Міне, бұлар өзара осындай ортақ қасиеттері болғандықтан шалғай жүрсе де бір-бірінен қол үзбейтін.

Сонымен 1939 жылдың жайма шуақ жазы да келді. Бұл жаз менің мәңгі бақи құрметпен еске алатын жазым болды. Бір күні мені ойнап жүрген жерімнен әкем шақырып алды да:

– Кененнің үйіне Жамбыл атаң келді. Саған Жамбыл атаңның сарқытын жегіземін жүр деп қолымнан жетелеп ертіп келді. Мен сонда «Жамбыл ата» деген есімді тұңғыш естіп, санама түйдім! Мүмкін бұрын мен отырған жерде Жамбылдың аты аталса да ұқпаған болармын. Міне, сөйтіп Жамбыл атаның есімін естіп, өзін көріп және жанында отырып, сарқытын жеудің үш сәті бірақ келді. Сол сәттен бастап Жамбыл ата бүкіл өмірімде көз алдыма елестеп, дәл кеше ғана болып өткендей болады да тұрады. Жамбылдың қаншама суреттерін көрсем де, дәл сол күнгі жарқылдаған сары ала шапан киген, басында құндыз бөркі бар, шағын денелі, еңкіштеу келген, бет-ауызы әжімге толы, көзі күлімдеген Жамбыл атадай әсер етпейді. Менің санама мәңгі орнаған ұлы атамның көрінісі осындай еді.

Кенекеңнің жай ғана соқпадан соғылған қарапайым қазақтар

«қоржын үй» деп атайтын үш бөлмелі жаппа тамның арт жағындағы тасты төмпешіктің жанында күн сәулесіне жарқылдай шағылысып, жалт-жұлт еткен қара сырлы жеңіл машина тұр. Маған сол кездегі дүниенің ең асылы, ең әдемісі сол болып көрінеді. Сонадайдан көрінген машинаға қызығып, екі көзімді ала алмай келемін. Алысырақтан айналшақтап елдер де қызықтап таңырқап қарайды.

Әне, көрдің бе, мынау Жамбыл атаңның машинасы, – дейді әкем маған түсіндіріп. Үйдің айналасы абыр-сабыр. Адамдар бірі кіріп, бірі шығып жүр. Сыртта терезе түбіне таяу жерде төселген көрпе үстінде Жамбыл ата отыр. Оны қоршай отырған ауыл адамдарының арасынан өтіп, әкем Жамбылмен сәлемдесіп, қол алысып, жанына отырды. Мен таңырқап атадан екі көзімді алмаймын. Әсіресе, елден ерекше жарқыраған киімі, қарапайым ауыл адамдары киіп жүретін шапан мен бөріктен бөлекше, көзді еріксіз өзіне тартады. Елдің бәрі Жамбыл атаның аузына қарап, бағып отыр. Сөйлеп отыр, елдер мәз болып күліп жатыр. Ал, мен ешнәрсе ұқпаймын. Тоқсанға келген қарт атаның тісі жоқ аузынан шыққан сөзін, сірә, әлі ақылы толмаған маған ұғыну өте қиын болса керек. Қарт үнімен баяу сөйлеген сөзі маған бірыңғай «бұйырым-бұйырым» деп естіледі. Мүмкін мен сөзге зер салмай, қарт атаның демі мен қимылын ғана баққан болуым керек. Кейіннен әкем елге осы жайды әңгімелегенде: «Менің балам Жамбыл ата «бұйырым-бұйырым» деп айтты ғой» деп күліп отыратын. Әрине, Жамбыл атамыз талай ұлағатты, күлкілі әңгімелер айтқаны даусыз, шындық. Бірақ, мен сол күнгі өзімнің алған әсерімді ғана айтамын.

Бір кезде Кенекең Жамбыл ата бастаған бір топ адамды дастарқан жасалған үйге кіргізді. Төрдегі төселген көрпеге жайғасқан атаның оң жағына әкем мені ала отырды. Басқа ауыл адамдары да атаның екі жағынан жағалай отырысты. Шай келіп ішіле бастады. Осы кезде әкем:

– Жәке, мына баламды әдейі ертіп келіп ем, сіздің жасыңызды берер ме екен, сарқытыңызды жегізгім келді, - деді. Жамбыл ата күліп, бір нәрселер айтты да қолыма тоқаштан, конфеттен, печеньеден алып, толтырып берді. Міне, сөйтіп, ұлы атаның қолынан дәм татып, сарқытын жедім. Кейіннен білдім әкем Жамбылмен бұрыннан таныс екен. Бұрын да ұлы жыраумен дәмдес болып, әңгімелескен кездері болыпты.

1940 жылы біз Соғандыдағы Киров колхозына көшіп кеттік, бізден кейін Бертісбай Красногорға кетті. Кенекең сол Иірсуда қалды. Бірақ аралары алшақ жерде тұрғанымен, Кенекең анда-санда атпен Соғандыға келіп, екі-үш қонып, әр үйлерде қонақта болып, ән салып, өлең айтып, бір дуылдап қалатынбыз. Ал, Кенекең өзі Соғандыға келмеген кездерінде кейде әкеме сәлем хат жазып, өзінің кейбір өлеңдерін де жіберіп тұратын. Әкем «Кененнің сәлем өлеңі» деп кейбір тиісті адамдарға, тіпті, жалпы әңгімелесіп отырған жерде оқып беріп отыратын. Сондай сәлемдер мен өлеңдер Бертісбайдан да жиі келетін еді.

Ұлы Отан соғысы жүріп жатты. Ауылдағы бар іске жарар жігіттер Отан қорғауға аттанды. Жұмыс күші әйелдер мен жігіттер, жасөспірім балалар, кейбір қарттар болды.

Таң азаннан бригадир үй-үйді қыдырып, жұмысқа шығарады. Таудағы, даладағы егіс басына жаяу шұбаған әйелдер бірігіп өлең айтып бара жатады. Кешке жұмыстан қайтар кезінде де өлең айтып келе жатады. Ауыр жылдар оларды күйзелте алмайтын тәрізді. Майдандағы күйеулерін, бауырларын көкірегі қарс айырылып сағынып жүрсе де мойымайтын тәрізді.

Бір күні әкеме Кенекеңнен кәдімгі оқушы дәптеріне түгелдей араб алфавитімен жазылған сәлемдемесі келді. Бұл дәптерде майданнан елге жазылған ақын Шолпанқұл Сейітовтың сәлемдемесі, Кенекеңнің Шолпанқұлға арнаған өлеңдері және «Арақ, шылым» деген сықағы екен. Дәптердің алғашқы беттері Шолпанқұлдың:

«Көркемжан ер жетті ме, аға Кенен?
Көреді бірін-бірі жан өлмеген.
Ардақты жиен жеңгем жан Насиха,
Әпкеме Сақыпбала дұғай сәлем!» – деп басталатын өлеңмен жазылған бұл сәлемдеме бас-аяғы отыз-қырық шумақтай еді. Өлең ел арасына тез тарады. Шолпанқұл бүкіл ауыл адамдарының түгелдей дерлік аттарын атап, сәлеммен қатар қоштасқандай әсер қалдыратын. Туған елдің, жер-судың аттары аталып, майдан жауынгерлерінің сағынышын сай сүйегіңді сырқырата отырып жеткізетін.

Мысалы: *«Дегерес, Иірсу мен Тентек тана,*
Кір жуып, кіндік кесіп өскен жерім», – деп сағынышпен еске алатын. Ақынның өткір тілі бір мезгіл әзілдей келіп, еңсесі түсіп кеткен тыңдаушыны жалт еткізіп күлкіге бөлейтін шумақтары да

кездесетін. Шолпанқұлдың осы өлеңдері бүкіл майдандағы жауынгерлер атынан жазылған сәлемдемедей еді. Жиналған жерде: «Нұреке, Шолпанқұл мен Кененнің өлеңдерін оқып берші»,- деп жиі оқытатын. Ауыл адамдары сонымен шерін тарқатқандай болушы еді.

Қандай таланттар кетпеді бұл соғысқа. Солардың бірі Шолпанқұл. Міне, Шолпанқұлдың осы өлеңдеріне жауап ретінде жазылған Кенекеңнің: «Сағындым-ау, Шолпанқұл», деп басталатын сағыныш өлеңдері сонымен бірге оқылып отырады. Кемсеңдеп, көздеріне жас ала тыңдаған шал-кемпірлер сұм соғысқа лағнет айта отырып, жауынгер ақын мен халық ақынының жүрекке жол тапқан өнерлеріне тәнті болатын. Осындай ақындары болғанын мақтан тұтатын. Кенекеңнің:

«Отыз жыл жолдас болдым арақ, шылым,
Алдым деп елден ерек ақыл, білім.
Тартынбай, тапқанымды саған салдым,
Жүрсе де қатын-балам жұлым-жұлым – деп басталатын көлемі он-он екі шумақтай ащы әзіл өлеңі оқылғанда жұрт жаңа ғана бастарынан өткен ауыр сезімдерін ұмытып, қыран күлкіге батып мәз болысатын. Міне, сөйтіп алғыр сезімді ақындардың өлеңдері соғыс зардабын шегіп жүрген ауыл адамдарына үлкен рухани азық болды.

Осылайша соғыстың ауыр азаптарын басынан өткізіп жатқан күндердің бірінде Соғандыға Кенекең өзі келді. Кенекеңнің бұл келуі менің өз басыма бұлт арасынан жарқ етіп шыққан күн шұғыласындай әсер етті. Радиосы жоқ, жылына бір рет қана артистердің концертін тамашалайтын халық үшін Кенекең бүтіндей театр алып әкелгендей әсер етті. Кенекең мініп келген көкала шұбар ат та басқа жылқыдан ерекше. Әсем де құдіретті көрінеді. Оның жүрісінің өзі де өзгеше. Ол туралы: «Өкімет Дегерестің жылқы заводынан таңдатып маған сыйлады. «Трапата» жүрісі бар деп Кенекең әңгімелейтін. Шұбар атқа мінген, қоржынның бір басында арнаулы футлярдағы домбырасы бар Кенекең өзінің сұлу тұлғасымен ерекше көз тартатын.

«Кенен ақын келіпті» деген сөз ауыл арасына тез тарады. Біздің үйге түсіп, әкеме сәлем бере келген Кенекеңді кешке қарай Әбдіғапар үйіне қонаққа шақырып алып кетті. Ол кездегі халықтың дәстүрі – «ақын келіпті» десе болды тайлы тұяғына

дейін жиналып барып тыңдайтын ата салты. Бұл жолы да солай болды. Әбдіғапардың кең етіп салынған екі бөлмелі үйіне үлкен кіші демей лықа толды. Оған дейін тамақ арасында жай танысып, әңгімелесіп отырған Кенекең дастарқан жиналған соң футлярын ашып, домбырасын қолға алды.

Жалпы Кенекең өлеңдерін әңгімелеп отырып айтқан кезде ерекше бір шеберлікпен баяндайтын артистігі бар еді. Ал қажет болған жерінде тіпті, қозғалақтап, жұлқынып, бір қолында домбырасы, бір қолын бос көтеріп, екі құлағын сипай қағып әсірелегенде, ерекше бір көрініс тауып, өзінің дарыны мен қасиетін аша түсетін. Мұндай кездерде қыбыр етуге мұршаң келмей сілтідей тынасың. Соғыс зардабын тартып жүрген мұңлы халық тыпыр етпей тыңдайды. Ал, Кенекең болса, әндерінің бірінен кейін бірін салып, бірнеше өлеңдері мен әңгімесін айтып отыр. Арасында елді қыран күлкіге батырып та алады. Жұрт жүрегін қозғап, әр түрлі ой да салады.

Енді бір сәтте 1936 жылы қазақ өнерінің Москвадағы өткен 10 күндігі кезінде өзінің Жамбылмен бірге барғанын әңгімелеп кетті. Сол кездегі қазақ өнерпаздары туралы небір қызықты әңгімелерді айтып, отырған жұрттың аузынан суын ағызды. 10 күндік біткен соң қайтар жолдағы Жамбылдың кейбір қылықтары мен мінездерін айтып мәз қылып күлдіріп те алады. Ол кездегі Жамбыл қаласының аты «Әулиеата» екен. Үкімет пен партия «Әулиеатаның» атын Жамбылға беріп, Жамбыл қаласы болып аталады. Содан поезбен қайтып келе жатып Жамбыл қаласына келгенде Жәкең:

«Ой-бой-бой-бой, құдай-ай!
Атыңнан айналайын, Әулиеата,
Атыңды мен алды деп болма қапа, – деп шындап шошынып, жағасын ұстап, қайта-қайта әруақтарға сиынып әзер түсті – деп Кенекең сол кездегі Жамбылдың даусына сап, қимылын келтіріп, жұртты мәз қылады. Сондағы балаларға арнап шығарған өлеңім деп:

«Москваға барғанымда,
Метроны көргенімде,
Бір жасадым, балалар!» – деп домбырасымен құбылта отырып, әнін салып айтады. Тағы да бірнеше өлеңдерін, әңгімелерін айтып, жұрттың айызын қандырды. Кенекеңнің өзі айтқандай соғыс зардабынан шерлі жүрген көңілдер ұмытылып,

халық бір жасап қалды. Міне, Кенекеңнің осындай қасиеттерін қалай ұмытарсың, қалай ардақтамассың!

1960 жылы біз байырғы жеріміз, туған еліміз Кенекеңнің тұрған ауылы, Киров колхозына көшіп келдік. Бұдан кейінгі жерде Кенекеңмен өте жиі араласып тұрдық.

1963 жылы 14 мартта әкем қайтыс болды. Осы кезден бастап Кенекең бізбен тіпті жиі араласты. Өзінің жирен қасқа атына мініп алып, үйге түсіп: «Нұрекеңе құран оқиыншы деп едім» деп шай ішіп, біраз уақыт әңгімелер айтып отырушы еді.

Бір жылы осындай шай үстінде отырып, төр алдында кілем үстінде қыстырулы тұрған менің домбырамды көзі шалып:

– Жұмабек, ана домбыраңды бері алшы, – деді. Мен сөзге келместен домбырамды қолына бердім. Кенекең домбыраға ары-бері қарап, құлақ бұрауын өзінің даусына келтіріп бұрап алды да:

«Көрдім де домбыраңды кеттім балқып,
Өленді айтқым келіп, көңілім шалқып.
Жұмеке, домбыраңды маған бергін,
Кенекем жүрсін десең үйде тартып, – деді тағы да екі-үш шумақ өлең айтты. Мен Кенекеңнің домбырамды сұрағанына қуанбасам, ренжігенім жоқ. «Алыңыз, алыңыз» дедім де домбырамды беріп аттандырдым. Өзі сері, ақын адам, әрине, тәуір нәрсеге қызыққыш келеді.

Кенекеңнің сонау соғыс жылдары Соғандыда біздің үйге келіп, дастарқан үстінде ет жеп отырып қалтасынан бір әдемі бәкіні алып: «Осы бәкіні Жәкеңнің үйіне барғанда, тәбәрік болсын деп ұрлап алдым» деп елді қыран күлкіге батырғаны есіме түсті. Менің домбырама Кенекеңнің қызыққанына шындап қуандым. Кенекең Жамбыл туралы айтқанда «Жәкең» деп сөйлейтін. «Жәкеңдікі» дегені Жамбыл атаның бәкісі еді.

Бір жылы өзімнің істеп жүрген мектептің шеберханасында жұмыспен айналысып отырғанымда Кенекең қасқа атын есікке байлай салып, ішке кіріп келді. «Ассалаумағалейкум» деп мен ұшып тұрып, қолын алып сәлем бердім. Кенекең шеберхана ішіндегі оқушылар жасаған әр нәрселерді көріп, «Ой, бәрекелді! Мыналарды жасауды сен үйретіп жүрсің ғой, ә? Бәрекелді, ұста әкеңе тартып, өнерін жалғастырыпсың. Жақсы-жақсы», - деп даусын созып, ойлана отырып:

– Әлгі менің 75 жастағы тойымда кәдімгі Ахмет Жұбанов

сыйлаған домбырамды өзің білесің. Сол домбыраның жапсарларының кейбір тұсының желімі ажырап, даусы шықпай жүр. Әдейі саған келген шаруам соны жөндеп бер. Ол бір, екіншіден, мен атпен сыртқа шыққанда шапанымның кең қалтасына салып жүретін бір кішкене домбыра жасап бер, – деді.

– Құп болады, ақсақал! – дедім мен сөзге келмей.

Кенекең аттанып кетті, мен дереу сол сәтте-ақ далаға шықпастан Кенекеңнің қалтасына салып жүруіне арнап домбыра жасауға кірістім. Оны бастап қойдым да түстен кейін Кенекеңнің Ахаң берген домбырасын желімдеп, жөндеуге кірістім. Осы домбыраның бірін жасап, бірін жөндеп жатқанымда қызметтес жолдастарым:

– Кенекең саған не бере қояр дейсің, одан да ана жасап жатқан кішкене домбыраны маған берсеңші дегендері де болды. Мен оларға:

– Мен Кенекеңнен алу үшін емес, Кенекеңе беру үшін жасап жатырмын дедім. Ақырында домбыраны бітіріп, бетіне күйдіріп «Ағам Кененге – іниіңіз Жұмабектен» деп жазып апарып қолына тапсырдым. Әкемнен жасы үлкендігін ескеріп «ағай» деп жаздым. Кенекең оны теріс көрген жоқ. Болмаса «ата» десем де жарасады ғой. Кенекең өзі де іні санайтын.

– Айтқанымды екі етпей домбыра жасап бергеніңе үлкен рахмет, шырағым. Қазір ешнәрсе бермеді-ау деп ойлама, жақында Төрткен келеді. Сонда өзім шақыртып, сыйлатқызармын, деді.

– О, не дегеніңіз, мен бірнәрсе алайын деген ойым жоқ, сізге домбыра жасап бергеніме қарызымнан құтылғандай әсер алып тұрмын, – деп ризалығымды айттым. Біраз шай ішіп, әңгіме тыңдап мектепке келдім.

Бір күні «Сізді атам шақырып жатыр, – деп Кенекеңнің бір немересі айтып кетті. Барсам Кенекең үй-ішімен түгел және Алматыдан Төрткен мен Тасыған деген күйеу баласы келіпті. Амандық-саулықтан соң:

– Төрткен келгенде шақырамын деген уәдем бар еді, шырағым, қонақ бол, дәм тат, тамақ іш, - деді Кенекең.

Бұл менің Кенекең үйінің дәмін бірінші татып отырған сәтім емес. әрине, талай дәм таттым. Ал менің өзімді арнайы шақырып, сыйлап, қонақ етуі бірінші рет еді. Бұл маған үлкен бақыттай сезілді. Көңілімді шаттық биледі. Кенекеңдей халық адамының үйіне ар-

найы шақыруы бақыт емей не болсын. Кенекеңнің дастарқанынан кімдер дәм татпады. Талай қазақтың ірі қызметкерлері мен ақын-жазушылары, артистері, жалғыз қазақ емес орыс, қырғыз сияқты талай ұлттың ардақтылары дәм татты емес пе.

Үйге қайтарымда 25 сомға алынған көйлек кигізді. Мен осы бір кенептен тігілген көйлекті жеті-сегіз жыл тоздырмай киіп жүрдім. Бірақ, қашанғы шыдасын. Ақырында жағасы мен жеңі қырқыла бастаған кезде оны кішірттіріп, балаларыма кезекпен кигізіп, қадірлеп жүрдім. Әйтеуір тамтығы қалмай тозып біткенше үй ішімізбен кидік. Әрине, бұл киім жоқтықтан емес, Кенекеңнің қолынан алған дүниені қадірлеушіліктен еді.

Өз басым Кенекеңнің арқасында 1960 жылдан бері өмірінің соңына дейін барлық кино ленталарына түстім. Өнерпаз ретінде түстім, жай түстім, әйтеуір Кенекеңе арналған кино-фильмдердің бәріне түсу бақытына ие болдым. Бұл маған зор мақтаныш.

Кенекең өз өмірінің соңына дейін мені ұмытқан жоқ. Өзінің әйгілі 90 жылдық тойынан кейін науқас кезінде бір күні Көркемжан маған келіп:

– Атам сізді шақырып жатыр, үйге келіп кетсін деді, – деп айтып кетті. Түпкі үйіндегі диванның жанында қалың төсекте биік жастыққа сүйеніп, ауру азабынан қиналып отыр екен. Мені бірден таныды да:

– Аурудан жаным азап шегіп жатқанымда бір мезгіл домбырамды шертіп, шерімді тарқатайын десем, мына домбырам да қартайса керек. Даусы бұзылып әнге келмей жатыр. Осыны жөндеп бер деп шақыртып едім, – деді.

Мен үш домбыраны қолыма алып Кенекеңнің жанында отырып, бір-бірлеп түзетіп отырмын. Шынында да құлақтары тұрмай, пернелері орнынан жылжып, бұзылып қалыпты. Кенекең домбыраны бұрынғы тоғыз перне негізінде тартатын. Менің түзетіп жатқанымды көріп кәдімгідей жадырап көңілденіп қалды.

Мен жөндеп берген домбыраны қолына алып, жастыққа шалқалай жатып, ақырын ыңылдап, әлсіз дауыспен қосылып қояды. Бейне бір тар қапаста қалған қыран бүркіт тәрізді. Дүр сілкініп ұша жөнелетіндей. Әлсіз үміт сәулесі сезіліп-ақ тұр. Бірақ 92 жас өз ырқынан қайран Кенекеңді шығарар емес. Сонда да болса сонау бір жылдардағы қайнаған жастығы есіне түсіп, жадырап қалған ыңғайын байқап мен де көңілденіп, Кенекеңмен

бірге жігерленіп, домбыраны күйге келтіріп, сүйсіне тартып, үш домбырасын да түзетіп, сайратып қолына бердім.

– Рахмет, шырағым, көңілімді бір жадыраттың, жасың ұзақ болсын. Бақытты бол! – деп батасын берді.

Кенекең жөнінде жаза берсең талай кітаптар дүниеге келер еді. Мен тек біраз жайларды ғана жазып, Кенекең өмірін еске алып отырмын.

Сүйген халқына 92 жасына дейін өнерімен қызмет еткен қайран Кенекемді қара жер өз құшағына алса да, артында қалған ұрпағы оны ешқашан ұмытпас. Кенекең халық жүрегінде әр жылдардағы әр тұлғасымен еске түседі.

Кенекеңе ақынның 90 жылдық тойы тарқаған күні қазақтың әйгілі ақын-жазушылары мен Үкімет басшылары қоштасуға келіпті. Сонда бірі тұрып:

– Кенеке, сіз өте бақытты адамсыз, тойыңыз өте үлкен, жақсы той болды. Абай мен Жамбылдың тойынан да асып түсті, - депті. Сонда Кенекең:

– Тойымды өткізген үкімет пен халқыма рахмет. Бірақ, мені Абай мен Жамбылдан асты демеңдер, мен олардан қайдан асайын, менің олардан заманым асты – деуі Кенекеңнің даналығын көрсетеді. Өзінің:

«Жасым келді сексенге,
Тай үйретем тепсеңге,
Екі Кенен тумайды,
Алатауға ексең де!» – деген шумағы да Кенекеңнің даналығының бір куәсі. Әрине, енді Кененнің тумасы анық. Бірақ, сол тарих берген Кенен мәңгі ел жүрегінде сақталмақ.

«Қордай шамшырағы» г-ті, 1988 жыл.

Кәрім Баялиев

ӘР СӨЗІ АСЫЛ ЕДІ

Кенен Әзірбаевтың есімін мен тұңғыш рет отызыншы жылдардың аяқ шенінде естіп едім. Сол кезде біздің ауылда пайда болған алғашқы патефонда оның «Көкшолақ», «Бозторғай» әндері жазылған күйтабақ бар болатын. Бұл әндер ә дегеннен-ақ ауыл адамдарын бірден баурап алды. Патефон иесінің үйінен сол әндерді қайта-қайта тыңдауға құштар болған жұрт үзілмейтін. Күйтабақтар көп ұзамай мүлдем тозып қалды. Бірақ, оның есесіне аулымызда Кенен әндерін орындаушылар көбейді.

Ал Кенекеңнің өзін мен алған 1943 жылғы желтоқсанда Алматы қаласында көрдім. Ұлы Отан соғысының сол бір қаһарлы күндерінде астанамызда халық ақындарының республикалық айтысы өткізілген болатын. Ол кезде студентпін. Қазақтың әйгілі ақындары өнер сайысына түсетін Абай атындағы опера және балет театрына шақыру билетін алу мәртебесіне ие болдым. Айтысты қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев өзінің «Ақындарға арнау» деген әйгілі жырымен ашты. Ол былай басталатын:

«Алатаудан, Арқадан,
Ақындарым келіпсің.
Тілдерінен бал тамған,
Жақындарым келіпсің.

Көзге жылы көрінген,
Өздеріңді сағындым.
Інжу-маржан төгілген,
Сөздеріңді сағындым.

Уа, Орынбай, Шашубай,
Сендер өзен басындай,
Ағытыңдар ән-жырды,
Жазғытұрым тасқындай.

Бекежанұлы Нарекем,
Әнге салып шырқаса,
Паровоздай бар екен.

Әзірбайұлы Кенекем,

Ән мен жырдың кені екен...» деген сияқты шумақтармен айтысқа қатысатын ақындардың әрқайсысына мінездеме беріп шықты да, өлең-жырдың қуатты құдыретін зұлым жауды жеңіп шығу үшін жұмсауға шақырды. Есте қаларлық бір жәй атақты жазушымыз Сәбит Мұқанов айтысқа қатысып отырған ақындардың творчествосы жайлы бір сағатқа созылған баяндамасын «менің де ақын деген атым бар» деп түгелдей өлеңмен жасап шықты.

Соғыстың сол бір қиян шағында, әрбір сом қаржы мен әрбір килограмм астықты үнемдеп жатқанда ақындардың алдыңғысына атан түйе, өзгелеріне ат мінгізіп айтыс өткізгеніне жұрттың бәрі таңқалған еді. Тіпті қазіргі тоқшылық заманда да айтыс өнеріне өйтіп қамқорлық жасау былай тұрсын, ақындар сайысын көруден «беделіме нұқсан келе ме» деп тайсақтайтын басшылар да аз емес.

Сөйтсек, бұл айтысты ұйымдастыруға Бауыржан Момышұлы ағамыздың түрткі болғандығы енді ғана белгілі болып отыр. Ол кісінің бұрын жарияланбаған мұраларын оқығаннан соң мәлім болды. Сол жылы майданнан қысқа мерзімге елге келіп қайтқан сапарында Бәукең республика басшыларына кіріп: «Ер-азаматтар майданда жаумен жағаласып жүргенде тылдағы елдің қабағы түсіп кетпесін, оның еңсесін көтеру жолдарын айтады...Солның бірі ретінде ежелден халқымыздың мұндасы да, сырласы да болып келе жатқан өлең-жырдың рухтандырушы қуатын пайдалануды ұсынады. Міне, сонда Жәкеңнің дуалы аузымен «ән мен жырдың кені» атанған Кенекеңмен одан кейінгі жылдары, әртүрлі жиындарда, жазушылардың съездерінде, ақындар айтыстарында, тіпті отбасында, дастарқан үстінде сан рет кездесіп, сұхбаттасу абройына ие болып келемін.

Өзеннің бетіне көзің түскенде әуелі оның жалпы көрінісін, судың ағысын ғана байқайсың, бірақ судың барлық иірімдері мен құбылыстарын айқын ажырата қоймайсың. Ал шынында тереңірек зер салсаң, әр иірімнің өзіне тән қозғалысы, сәулесі мен бояуы бар ғой...

Поэзияны өзенмен салыстыру жаңалық емес, бұрыннан жиі айтылып жүрген жәйт. Дегенмен мұндай салыстырудың Кенен поэзиясына тікелей қатысы бар. Оның поэзиясы, бейнебір бұлқына аққан өзендей, өз иірімдерін кітап беттерінде ғана қалдырып

қоймай, сонымен бірге өз жүрегінің түкпірінен қайнап шыққан сиқырлы әнімен сапырып, өзінің қайталанбас бірегей бұлбұл даусымен өзгелердің жан-дүниесін арбап алады.

Кенекеңнің өзімен және творчествосымен кездескен сайын мен қашанда оның поэзиясының арыны күшті ағысының жаңа иірімдерін ашып жүрдім.Тамаша суырып салма ақын, композитор, әнші ғана емес, шешен, әңгімешіл адам еді ғой. Кенекеңнің әр кештегі әңгімесі өз адына бір кітап деуге болады. Кенекең өлең айтып, әңгіме шерткенде шаршауды ұмытып, шабыты тасып кетеме деп қалатынбыз. Шын жүйрік дүлдүлдер ғана осылай болса керек.

Кенекең қандай ортаға келсе де айналасына нұр шашқандай әсер ететін. Сұңғақ бойлы, келбеті келіскен, қимылы ширақ, жүзі жылы бұл кісі өзінің өміршең қуатымен айналасындағы адамдарға да жан бітіргендей болатын. Әсіресе, сол күнгі кеште Кенекең аса көңілді отырды. Кенекеңнің дәм татуға келетінін естіп Жақсылықтың (Сәтібаев) үйіне жұрт та көп жиналған екен. Дастарқан айналасына демде-ақ көтеріңкі көңіл-күй қалыптасты. Мүмкін бұған әңгіме басталар шақта ежелгі дәстүр бойынша Жақсылықтың «ауылдың алты ауызын» айтып бергені де себеп болған шығар. Үй иесі «ауылдың алты ауызы» деп, әрине, өзінің қымбатты қонағының бірер әндерін салған еді.

Жақсылықтың домбыраға қосыла шырқаған даусына құлақ тосқан Кенекең бір сәт демін ішіне тартып алған сияқты, енді бірде әннің ырғағына қарай қозғалақтап қояды. Ішіндегі жан толқынысы сыртқа қарай тебіндеп, жүзі нұрлана түскендей. Мүмкін тап сол сәттерде ол үй иесінің келбетінен өзінің жастық шағын көзіне елестетті ме екен. Сол кезде елдің бәрі Жақсылықты «Бала Кенен» деп атаушы еді. Өйткені, Кенен әнін Жақсылықтай нәшіне келтіре шырқайтын әнші бұл өңірде әлі кездесе бермейтін. Дастарқан иесі дәстүрлі борышын өтегеннен кейін домбырасын қадірлі қонағына ұсынды. Кенекең де кідірместен жиналғандарды өз өнерінің сиқырлы әлеміне қарай еліктіре жетелеп алып кетті. Таң атқанша тапжылған адам болған жоқ. Ән мен әңгіме қатарласа өрбіді.

Ол кісідей шежіре әңгімешіні өз басым әлі күнге көрген емеспін. Қазақ халқының, әсіресе, Оңтүстік пен Жетісу өлкесінің соңғы 200-300 жылдық тарихын бір кеш емес, айлар бойы әңгімелеуге барма деп қалдық. Халық басынан өткерген қилы-қилы кезеңдер, ел қамын жеген билер, батырлар, ақындар жайлы хикаяларды

шерткенде ұйып тыңдаған жұрт таңның қалай атқанын байқамай да қалды.

Бір өкініштісі қарауымызда магнитофон бола тұрып, дастарқанға микрафон қоя салмағанымызды айтсаңызшы! Осындай тоғышарлығымыздан талай асыл дүниелерден айрылдық қой. Талай әйгілі өнер қайраткерлерінің не бейнесін, не үнін кезінде пленкаға түсіріп алмағанымызға енді ғана ішіміз удай ашып жүрген жоқ па?. Кенекеңнің сол бір түнгі әңгімесінің өзі бірнеше дастанға желі болуға жетерлік еді. Мен өз басым «Дегелек келді, жаз болды» повесімдегі әке мен баланың ара қатынасы жайлы оқиғаны сол кеште Кенекеңнің аузынан естіп едім.

Біз бұл шағын естелігімізде Кенен творчествосына талдау жасауды мақсат еткен жоқпыз. Ол ұшан теңіз дүние, бірер мақалаға симайды да. Тек айтарымыз: Кененнің асыл мұрасы – оның жүздеген, мыңдаған ізбасарлары мен шәкірттері үшін үлкен өнер мектебі. Шәкірттеріне арнаған аталы сөздерінде ұлы ұстаз: «Өнер – халық творчествосынан нәр алса ғана өміршең» дегенді баса айтып отырар еді. Бұл сөздің шындығын Кененнің дарынды шәкірттерінің бірі Алтынбек Қоразбаевтың өнер жолындағы табыстары да растай түседі. Жалғыз Алтынбек пе, Кенекеңнің мектебі өнер әлеміне өзге де жүздеген, мыңдаған шәкірттерді әкелетініне күмән жоқ.

Былтырдан бері жыл сайын «Кенен күндерін» өткізуді дәстүрге айналдыру оның мәңгі жасайтын асыл мұрасын бүкіл халықтың рухани игілігіне молырақ жаратумен қатар, Кенекеңнің жолын қуған шәкірттеріне өнер есігін айқара ашуға қолайлы жағдай жасайды.

«Ақ жол» г-ті, 20 маусым, 1990 ж.

Б. Әбділдаев

ЖЫРДЫҢ ТУУЫ

Халқымыздың небір аяулы адамдарымен кездесіп, олардың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан жыр-дастандарды жатқа білетін тірі кітап екендіктеріне көзім жеткендей болдым. Солардың бірі – атақты Кенен Әзірбаев. Мен осы жолы Кенекеңнің қырғыздың ұлы эпосы «Манасты» талай тәулік бойы жатқа соғатынын естідім. 1916 жылы Әли батыр бастаған Қордай

аймағындағы ұлт-азаттық қозғалысы жеңілген соң, сарбаз ақын Кенен патша өкіметінің жазалаушыларынан қашып қырғыз жерін, ағайын-туғандарын, жолдастарын бір жыл паналағанда «Манасты» үйреніп алған көрінеді. Жалпы Кенекең жырды қазақша ғана емес, қырғызша да жырлай береді. Қырғыздың талай дастандарын, қыруар әндерін өз тілінде айта алады. Соның кейбірін ақын делебесі қоза келе біздерге айтып та берді.

Мен үшін сол күн, сол түн қазақ ауыз әдебиетінің кейбір үлгілері туралы қайталанбас дәріс болған еді. Бірнеше адамға ғана бола айтса да шын шабытына мінген Кенекең екі иығын қомдай отырып, кейде домбырамен сүйемелдеп, кейде қолын сілтей отырып, көптен іздеп жүрген ынтық жайларымды ақтара берді. Кейбіреулерін блокнотыма түртіп те алдым. Атақты Бөлтірік шешеннің Алтынемел дауына байланысты, ұлы ақын Абайдың әкесі Құнанбаймен айтысқа түсіп айтқан билігін де сол жолы Кенекең аузынан жазып алдым. (Ол кезде облыстық «Еңбек туы» газетінде «Бөлтіріктің ұтқырлығы» деген тақырыппен жарияланды).

Кенекең Шоқан Уәлихановтың Әулиеата сапарына байланысты кейбір жайлар туралы да қызықты мағлұматтар берді. Тарихи архив деректерінен Оңтүстік Қазақстанды Қоқан ханының билігінен азат етуге шыққан орыс отрядының, қырғыз-қазақ милициясының құрамында ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың да болғаны белгілі. 1864 жылы май айында Меркені азат еткеннен кейін Шоқан Уәлиханов барымта-қарымта кезінде қолға түскен тұтқындарды, малды қайыру жөнінде қырғыз, қазақ билерінің дауында төбе би болғаны архивтік деректерде де жазулы. Бірақ екі ағайын халықты табыстыру, татуластыру үшін Шоқан не айтты, қырғыз ағайындар сөзін кім сөйледі, қазақ жағының биі кім болды, бұл жағы архивте айтылмапты.

Көңілімде көптен бері түйінделіп жүрген сол жұмбақтың шешімін Кенекең тапты. Шабыт үстінде шежіре ақын екі жақтың қандай сөз сөйлегенін, Шоқан билігін айтып берді. Әсіресе ағайынды халықтар өкілдері татуласқаннан кейін осы жайында Шоқанның ақындар айтысын ұйымдастырғаны қызық әңгіме. Атақты Сүйінбай ақынмен айтысқан қырғыз ыршысы Қатағанның Сарбас ақынмен айтысқа түскені, кімнің қандай сөз айтқанын блокнотқа сол күні жазып алдым.

...Әңгімемен түннің бір уағы болды. Таңертең аудандық партия комитетінің секретары жұмысқа баруы, ал мен Кенекеңнің жас шопандарға арнаған толғауын телефон арқылы Алматыға беруім керек. Қарт ақын менің өзіне арнайы келген шаруам туралы ұмытқан сияқты. Есіне бұл жайында бір-екі рет елеусіз салғыммен «көрерміз» деген жауаптан басқа әңгіме, жырларға ауыса берді, сырғи берді. Бір кезде ақын бала кезден жолдас болған кішкентай ақ домбырасын алып, шырқап қоя берді. Блокнотым, қаламым қолымда. Ақын көмейіне қарап, аңдып отырмын. Бірақ бұл мен күткен жыр болмай шықты.

Кенекең Қордай өңірі туралы толғай келіп, аудан басшысына біраз өтініштерді жырмен толғады. Бір кезде менің де атым аталып, игі тілектер айтылды. Ақын жырына ілігудің желігімен мәз болып біраз желпініп қалдық. Сыры кетсе де сымбаты бұзылмаған сырлы аяқтай ақынның күмбірлеген дауысы біразға дейін толастамады. Кенекең бата бергендей жырын қайыра келіп: «Балалар да шаршаған шығар. Секретарь аудан орталығына жеткенше біраз жер, ертең жұрт алдына шыққанда тың көріну үшін аз да болса мызғып алғаны жөн. Ал менің хатшым кабинетіме демалсын, жақсылап демалсын. Жас шопандарға арналған жыр таңертең қағазға түседі.».

Амал не? Тапсырманы әлі де орындамағаныма қынжылсам да түнгі сағат екі шамасында ұйқыға бас қойдым. Қыс пен көктемнің арпалысып тұрған өліара шағында түн салқындау болғанмен желдеткіші сәл ашылған бөлмеде шырт ұйқыда жатыр екенмін. Біреу иығымнан түрткілейді, көзімді ашып алсам - әлі алакөлеңке. Үн қаттым. Нәсиха апай екен.

– Бала, атаң шақырып жатыр. Қалам-қағазыңды алып келе ғой. Жалма-жан жарықты жағып, сағатыма қарасам таңғы алтыдан жаңа ғана асыпты. Киініп, бетімді мұздай сумен жуып, ас бөлмесіне келгенде жерге қалыңдап салған көрпе үстінде отырған ақынды көрдім. Ұйықтаған ұйықтамағаны белгісіз, жүзіне қарасам қатқабат әжімінен ешқандай шаршағандық білінбейді. Оты қайтпаған жанарынан шабытты жанның кейпін аңғардым. Қолындағы кішкентай домбырасын шертіп-шертіп жібергенде ақынның аузынан жағымды үн естілді. Баяу айтса да лықсып-лықсып, леклегімен толқындай толықсып келісімін тапқан ұйқастар, мәнді шумақтар қотарыла берді. Мен зорға үлгіріп жазып отырмын.

Кеп қалдым мен де ғасырға,
Қардай аппақ шашым да.
Қойшыны қор санайтын,
Бай-манаптың тұсында.
Астана тұрмақ ауылдың,
Жүрмейтін қойшы қасында.
Көкшолақпен тепеңдеп,
Жақсы өмірге жетем деп,
«Ри, қойымды» - рилап,
Бозторғайдай шырылдап,
Қой жайғам мен де жасымда.
Бақытты қазір шопандар,
Қамқоршы ұлы Отан бар.
Қойшыда ешбір арман жоқ,
Қоғамға еткен еңбегің,
Бағаланбай қалған жоқ... – деп ақын төгіп-төгіп жібергенде кәрі тарланның шабытынан әлі де жаңылмай, бабында екеніне іштей сүйсіндім. Жыр толастар емес.

Бөлме іші бір сәт тым-тырыс бола қалды. Мен осылай шабытты жыр туғызған ақындық құдыреттің куәсі болдым. Кенекеңнің өтінуімен жаңа ғана туған жырды ақынның өзіне қайта оқып бергенімде автор кейбір сөздерін қолма-қол түзеттірді. Сондай-ақ мен де бірер сөзді жөндеуді ұсындым. Бұл редакциялауды ақын құптады.

Тапсырма негізінен орындалып, көктемгі таңғы таза ауаны жұтуға далаға шыққанда жырдың тууынан алған әсерден әлі де арыла алмаппын. Түндегі көл-көсір әңгіме, кеңесу, жай сұрасу, жырды өмірге келтірер алдындағы ақынның толғануы, баптануы екендігін енді түсінгендеймін. Университеттегі ұстазымыз, филология ғылымының докторы, профессор Есмағамбет Ысмайыловтың: «суырып салма ақын құлағын бұраса әндетіп қоя беретін патефон емес, ол алқа-қотан жиынды, көтермелеуді, іштей дайындықты керек етеді», деп дәріс үстінде айтқан сөздерінің ақиқаттығына көз жеткізгендеймін.

Қазақта: «Әншейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас» деген мәтел бар, ақындық қасиет дәл осы аталы сөзге кереғар келеді. Шын ақын дүбірлі думанды сүйеді. Әшейінде қатардағы

көптен көзге іліне бермейтін ақын жиын-тойларда арқасы қозып, гулеген көріктей жалынды жыр шашады.

Кенекеңе осыдан бірнеше жыл өткен соң – Красногор ауданы Қордайдан бөлініп, қайта отау тіккенде тағы да «хатшылық» роль атқаруыма тура келді. Бұл жолы Кенекең науқастау көрінді. Шабыты да шау тартқанымен жаңа аудан еңбеккерлеріне арнаған жырын шығарды. Бұл өлең облыстық «Еңбек туы» газетінде жарық көрді. Ал екінші тыңның ерлері атанған жас шопандарға арнаған жыры Кенен Әзірбаевтың тоқсан жылдық мерейтойы қарсаңында шыққан таңдамалы шығармаларынан орын алғандығын айта кеткен жөн.

«Ақынның аты өлмейді», «Ақынның өзі өлсе де сөзі өлмейді» дейді халық. Артына өшпестей өлең-жырлар, әндер қалдырған Кенекең мұрасы ғасырлар бойы жасайтындығына күмән жоқ.

Қаламгер-жазушы, 1992 ж.

Ақселеу Сейдімбек

КЕНЕН ӘНДЕРІ

Ақ бас тарихтың әр түрлі кез-кезеңінде ғұмыр кешкен ұлы ақындардың өмірі мен өнерінде бір ортақ қасиеттер болады. Ол – халықтың жүрек сөзін асыл өнер тілінде сөйлете алатын күрескерлік қасиеттер болса керек. Бұл ретте, Кенен Әзірбаевтың барша мағыналы өмірі мен арқалы өнері туған халқының тағдырымен біте қайнасып жатқанын алдымен еске алған жөн. Оның әні мен жырына, мұңы мен сырына туған халқының асыл арманы мен мұраты арқау болды. Сондықтан да оның алмастай жарқыраған алуан қырлы арқалы өнері өзі өмір сүрген заманның тозбас шежіресіндей болып, әлі талай ұрпаққа ден қойғызады. Уақыт өткен сайын Кенен творчествосындағы адам бақытын ту етіп көтерген әлеуметтік асқақ үн тұлғаланып, халқымыздың рухани өрісінде ғасырлар қабатынан көрінетін болады.

Кенен Әзірбаев қазақ халқының дәстүрлі өнерпаздығын тал бойына дарытып, екі ғасыр жапсарына, өткен мен бүгіннің арасына көпір болған санаулы саңлақтардың бірі. Бір сәт қазақ топырағында дүниеге келген дарыны тасқын, арқалы ақындардың тағдыр-

талайына зер салып көрейікші. Қобызы күңіренген Бұқардың, көкірегі шерлі Абайдың, жүрегі жалын Сүйінбайдың, жырдан семсер соққан Махамбеттің, жез таңдай Жамбылдың асыл өнерінен халықтың қайыспас рухани көпірі соғылғандай. Егер біз уақыттың үзілмейтін, тозбайтын ескерткіші сияқты сол асыл өнерден соғылған көпір Бұқардың, Абайдың, Сүйімбайдың, Махамбет пен Жамбылдың еңселі иығын көктей өтіп, Кененнің де иығына сүйенеді десек, еш әсіре сөз болмас еді. Өйткені Кенен Әзірбаев қазақ халқының дәстүрлі сал-серілік, синкретті өнерпаздығының соңғы биігі болуымен бірге жаңа заман жыршыларының басы да бола білді. Кенен Әзірбаев қазақ халқының дәстүрлі өнерпаздығы мен бүгінгі мәдениетінің арасындағы еңселі шыңдардың бірі сияқты санамызға орныққан. Сондықтан да ақынның:

«Екі Кенен тумайды,

Алатауға ексең де!» – дейтіні өзінің дарын тегеуріні мен тарихи орнын терең сезінуден туған түйінді сөз.

Өмір өзінің сабақтастығымен мәнді. Ілгерігі буын бастаған өміршең іс пен өнегелі дәстүрді кейінгі буын жалғастырып жатса, өмірдің де, өнердің де мән-мағынасы сол болмақ. Жаңағы келтірген жыр маржанынан соғылған көпір бір кезде Кененнің еңселі иығына сүйенсе, бұл күнде жалғасын табуда. Осынау асыл өнерден соғылған көпірмен қазақ халқының рухани көш-керуені бақытты болашаққа қарай шеру тартып бара жатқандай.

Тал бойына сала- сала өнер қонған Кенен туралы өрбітуге болар ой желісі де алуан түрлі. Ой желісі Кенен Әзірбаевтың әншілік-композиторлық творчествосы туралы өрбімек.

«Жетісуда Сүйімбайдан, Жамбылдан келе жатқан ақындық дәстүр дүниеге көптеген таланттар берді...

Міне, осы топтың ішінен ала-бөле көзге түсетіні – Кенен. Ол бір жағынан суырып салма ақын да, екіншіден жақсы әнші, ал үшінші жағынан өзі көптеген ән шығарған халық композиторы. Кененнің өмірінде кейінгі жас ұрпаққа үлгі боларлықтай кезеңдер көп.

Қасиетті Жетісу топырағынан небір дүлдүл ақын, бұлбұл әнші, жез таңдай жыраулар шығып баққан ғой. Солардың ішінде әйгілі Сүйімбай, Жамбыл сияқты ақиық ақындармен терезесі тең, керегесі көктес жан – осы Кенен Әзірбаев.

Әрине, бұл ақындардың дарын тегеуріндері шамалас- ау де-

сек те, олардың әрқайсысы Алатаудың әр шыңының бірі- біріне ұқсамайтыны секілді, өнері де дара бітімдерімен ерекшеленеді.

Бұл ретте Кененнің де ешкімге ұқсамайтын творчестволық тұлғасы, ерекшелігі бар. Сол ерекшеліктің бірі – оның әншілік өнері. Кенен әндері дегенде өзекті- өзекті екі мәселе алдымыздан шығады.

Бірінші, Кенен әндері оның өз өмірінің шежіресі ғана емес, сонымен бірге өзі өмір сүрген заманның да шежіресі деген мәселе.

Екіншіден, ән өнеріміздегі Кенен әндерінің өзіндік орны, ерекшелігі деген мәселе. Өйткені, Кенен әндерін оның өмірінен, ал өмірін еш уақытта әндерінен бөліп қарауға болмайды. Кененде себепсіз, бейсауат, жай әшейін, көңіл көтеру үшін шыққан ән жоқ. Оның қай әніне құлақ түрсеңіз де өзі көрген, білген, араласқан жағдайлардың күйініш - сүйінішінен туып отырады. Демек, ғасырға жуық ғұмыр кешкен Кененнің әндері, зерделі тыңдаушы үшін уақыттың, кезеңдердің, замананың көркем шежіресі болып шығады.

Осы ойдың мысалы ретінде Кененнің ең алғаш шығарған әндерінің бірі «Бозторғайды» еске алуға болады. Осында Кенен тағдыры ғана емес, Кенен сияқты қой соңында зарлаған мыңдардың тағдыры бар. Демек, Кенен творчествосын өзі өмір сүрген уақыттың көркем шежіресі десе әбден орынды. Ал, арқалы асыл өнерінен замана дәуір шындығы шалқи есіп, бір өзі мыңдардың болмысын білдіріп отыру тек қана дарыны тасқындардың ғана маңдайына жазылған қасиет. Кенен өнерінен сол алғашқы әніндеақ адам бақыты үшін күрестің жырын жырлап, сол алғашқы әнінде-ақ әлеуметтік үнінің айқын естілгенін көреміз.

«Бозторғайды» тыңдағанда мынадай бір ой келеді. Қой соңында жүріп көрген осы ауырлық, осы мұң- шер Кененнен басқа да талай қойшының басынан өтті ғой. Бірақ сол мұң- шер, ауырлық сол қойшылармен бірге із-түзсіз дүниеден өткендей. Ал Кенен болса сол бір келмеске кеткен отаршылдық бұғауындағы заманға лағнет қарғысындай етіп өлмейтін, өшпейтін әнін қалдырды. Және де ән болғанда қандай! Бұрынғы өткен қойшылардың өмір - тіршілігі, тұрмыс-жағдайы, әлеуметтік психологиясы осы әнде мейлінше айқын да әсерлі көрініс тапқан. Бос егілу, дәрменсіз түңілу де емес, сол ауыр еңбек, қапас тұрмыстан құтылғысы келген, еркіндік-бостандықты көксеген азаттышл үні басым.

Туа бітетін дарын бар да, оны ұштап, қанаттандыратын орта бар ғой. Осы орайда исі Жетісуды ән мен жырдың ұясы десек, оның ішінде Кененнің туып-өскен ортасы сөз қадірін мейлінше түсініп, әспеттей білген.

Ақиық Сүйімбай айтыпты дейтін әдемі сөз бар ғой: «Қасқарауда тоғыз құт бар, соның бірі «бес жалаңаяқтар» дейді. Сол «бес жалаңяқтардың» бірі – Маңдабай деген кісі екен. Маңдабайдан – Әзірбай, Ниязбай, Әбденбай деген үш ұл туған. Бұлар қанша жалаңаяқ атанғанымен, шетінен зерделі сөз қонған, жауға алдырмайтын, дауда шалдырмайтын, таңдайларында ән мен жырдың ұясы бар, кедейлігінен басқа міні жоқ жандар болған. Әлгі Сүйінбайдың бір құт санайтыны да содан.

Кененнің әкесі Әзірбай ғана емес, шешесі Ұлдар да сауықшыл, ән-жырға құлағы түрік жан болған. Жанынан өлең шығарып айтатын, ұрымтал жерде сөзден ұтылмайтын болған. Әрине, Кененнің бойындағы ақындықтың бастауын іздегенде оның өскен ұясындағы осындай қасиеттерін де аттап өте алмаймыз.

Бұл ойдың айғағын Кененнің өзі де айтып кеткен ғой,

«Кәсібім он үш жастан ән мен өлең,
Ән салсам қалың топқа көрік берем.
Әкем де ақын еді, шешем – әнші,
Солардың көрмегенін көріп келем,» –

дейтін өлеңі де сондықтан айтылса керек. Әлгі Кенен өмірінен өнерін бөліп қарауға болмайды деген пікірдің де бір айғағы осы.

Егер осы ойды әрі тереңдете үңілсе, Кенен өнерінің әлеуметтік салмағы, тарихи мәні жоталанып көрінер еді. Өйткені нағыз асыл өнер қай заман, қай дәуірде де қоғам болмысының ең бір шыншыл шежіресі, жаңылмас айнасы бола білген ғой. Сондықтан да «Бозторғай» әні Кененнің өз басынан өткен шын өмірдің айғағы болуымен де аса қымбат. Көпшілікке белгілі, Кенен жеті жасқа келгенде шешесі Ұлдар дүние салып, «байдың әйелі өлсе, төсегі жаңғырады, кедейдің әйелі өлсе, басы қаңғырады» дегендей, Кененнің де, әкесі Әзірбайдың да тіршілігінде қуаныш жоқ, қайғысы көп кедейліктің қиын- қыстау күндері басталады. Дәлірек айтсақ, «Бозторғайды» тудырған қиын күндер Кенен өмірінің бір бөлшегіне айналады. Бұл ән – қаршадай Кененнің қой соңында қызыл аяқ қар кешіп, жалаң аяқ жар кешіп жүрген кезінің куәгері. «Бозторғай» Кененнің зармен өткен жастығының ғана куәсі емес,

запыран кештірген заманның да куәсі.

Сондықтан да мұндай әндерге ең алдымен халықтың өмірбаянының бір бөлшегі деп қараған жөн. «Бозторғай» әнін күні бүгінге дейін халықтың елжіреп, егіліп тыңдайтыны да сондықтан. Әлі де талай ұрпақ бұл әнді ынтығып тыңдай беретініне күмән жоқ. Өйткені өзінің өмір шежіресіне, дәстүріне немкетті қарау – халықтық қасиетке жат. Өткенін, өз өмірін ұмытқан халық – халық болып жарытпайды.

«Бозторғай» әнімен үндес, тақырыптас келетін әлеуметтік шыншылдығы әсте олқы түспейтін Кенен әнінің бірі – әйгілі «Көкшолақ» әні.

Кененнің бозбала болып қалған шағы болса керек. Көршілес ауылда Бибол деген бай қызын ұзатпақ болып той жасайды. «Той десе қу бас домалайды» демекші, маңдайына біткен Көкшолағын тепеңдетіп Кенен де жолға шығады.

Жолай сән- салтанаты келіскен, жорға мініп, жібек киінген Шәлипа деген байдың қызы ұшырасады. Төңірегі Шәлипаның шашбауын көтеруші құрбылары екен. Ерігіп келе жатқан әлгілер аяқ астынан ұшырасқан қаудыр тонды, жалбыр тымақты, жіп ноқталы Көкшолағын тепеңдеткен Кененді көріп, қақпақылдай жөнеледі.

«Әй, Кенен, тойға барар сәнің бар ма?
Қызбенен айтысатын әлің бар ма?
Желігіп Көкшолақпен көтерілген,
Қолыңда мұнан басқа малың бар ма?», деп біреуі тиіседі.

Оның сөзін байдың қызы Шәлипа қағып әкетеді:

«Арғы атаң атаныпты жалаңаяқ,
Әкең байғұс ұстап жүр қазан-аяқ.
Қойды жөндеп бақсаңшы сандалмай-ақ,» деп ол күледі.

Кенендей арқалы жанға керегі де осындай арқа қоздырар сәт қой. Сол жерде «еруліге-қарулы» дегендей өзінің әйгілі «Көкшолақ» әнін саңқылдатып қоя беріп еді дейді.

«Көкшолақ» әнінің иірім-нақыштары сергек, ойнақы болып көрінгенімен, бұл әннің ішкі болмысында мұң басым. Ол – көлеңкедей ербеңдеп бозбала Кененнің қасынан қалмаған кедейліктің мұңы, жоқшылықтың зары.

Байыптап зер салған адамға Кененнің бұл әні күліп тұрып жылағандай, шалқып тұрып шамырқанғандай әсер береді. Мұндағы:

«Олай жүрші, Көкшолақ,
Былай жүрші, Көкшолақ,
Жамандатқыр, Көкшолақ,
Мені құртқан Көкшолақ, –

деп отырғаны – жеңіл әзіл, бос қылжаң, мәнсіз ыржақ емес, Кененнің «кедейлік» атты тағдырдың темірқамытына деген лағнаты ретінде қабылдану керек. Кенен әндерінде осы сияқты әлеуметтік ахуалдың ғажайып мазмұн – мағынасы бар.

Сондықтан да бұл әндерді ойсыз желпілдетіп айтуға әсте болмайды. Көр заманның зіл-заласын көкірек көзінен өткізе отырып айтса ғана бұл әндердің бағы ашылады. Сонда ғана өмірден түйгені көп, өнерге талғампаз Кененнің аруағы риза болады. Осы екі әнге – «Бозторғай» мен «Көкшолаққа» қатысты тағы да бір мынадай пікір қосуға болады. «Бозторғай» әні ақын Кененнің, әнші Кененнің тұсау кесері болса, «Көкшолақ» әні сал-сері Кененнің тұсау кесері.

Өкінішке орай қазақ халқының рухани шежіресінде салдықтың, серіліктің тарихи тамыр – тегі түбегейлі сараланып болған жоқ. Сол сал-серіліктің рухани әлемімізде ғасырларға созылған кезеңдерде өшпес із қалдырғаны да, ерекше еліктіргіш өнепаздықтың мектебі болғаны да, биік өнердің өшпес дәстүрі болғаны да түбегейлі зерттеліп, бағасын ала қойған жоқ. Әрине, ол келешектің ісі.

Бірақ бір шындықтың басы ашық. Ғасырлар тұңғиығынан басталатын салдық серілік дәстүрдің ең соңғы шыңы Кенен Әзірбаев екенін мойындау керек.

Мәселен, Еуропа мәдениетінің тарихында үлкен кезең Қайта өрлеу дәуірі ақын Дантеден басталып, ақын Байронның дүниеге келуімен аяқталады деп есептелетіні секілді, халқымыздың салдық- серілік дәстүрі де ту-у сонау әрідегі Кендебай салды, одан бергі Төлебай салды, Біржан салды, Ақан серіні, Жетісудағы Құдабайұлы Дәурен салды көктей өтіп келеді де осы Кененнің творчествосымен аяқталады.

Өйткені сал- серілік те белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың сұраныстары дүниеге әкелген рухани дәстүр болатын Мәселен, Еуропа рыцарьлары семсер-сүмбінің шығуынан бастап,

мылтықтың шығуына дейінгі аралықта ғана пайда болғаны секілді, сал-серілер де біздің халықтың белгілі бір қоғамдық құрылысында, әлеуметтік жағдайында ғана салтанат құрған. Әрине, қазақтың сал-серісін әлгі айтқан рыцарьлықпен, диуаналармен немесе сайқымазақ – шуттармен салыстыруға әсте болмайды.

Қазақ сал-серілері олардан мүлдем бөлек. Өйткені, сал – серілерді дүниеге әкелген тарихи-әлеуметтік себеп бөлек, көшпелілер қоғамындағы өмір-салты бөлек, моральдық- этикалық қатынастар бөлек, ең соңында өнері, дәстүрі бөлек қой. Демек, аққудың көккұтанға ұқсамайтыны секілді бұлардың болмысында оқшау ерекшеліктері бар.

Қазақ сал-серілерінің көп белгі - нышандары бар. Соның бір парасы – қазақтың сал - серілері әрі ақын, әрі жырау, әрі ән шығарушы, әрі сол әнді келістіріп айтушы, зерделі қара сөздің де көсемі болып келеді. Міне осы аталған қасиеттердің қай-қайсысы да Кенен бойында тамаша көрініс тапқан.

Қысқасы сал-сері Кенен, әнші Кенен ғасырға жуық ғұмыр сүргенде ел өміріндегі небір ересен оқиғаларға тек куәгер болып қана қоймаған, сол оқиғаларға белсене араласып отырған. Кешегі 16-шы жылғы дүрбелең, Қазан төңкерісі жасаған тарихи-әлеуметтік сілкіністер, алғашқы бесжылдықтар кезіндегі жаңғыртулар, Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері, одан кейінгі бейбіт заман, міне осының қай-қайсысына да Кенен Әзірбаев жастық жігермен, жалтақсыз сеніммен белсене араласып отырады. Сонымен бірге өлмес өнерімен із тастап, төңірегіне ықпал ете білген. Кененнің «Он алтыншы жыл», «Октябрь», «Қайран, Шөкем!» (бұл ән ақын-інісі Шолпанқұлға арналған), «Ой бұлбұл», сияқты әндерінің қай-қайсысының астарында да уақыт тынысына қоса, ең алдымен Кененнің өзінің тарихи түйсік- зердесі, жалтағы жоқ сенімі аңғарылады.

Шынында да ғажап қой! Қазақ даласының алыс түкпірінде жүрген қойшы Кененнің сол бір саяси- әлеуметтік ахуалдың судай сапырылысқан заманында ең бір дұрыс бағытты таңдай білуі, сол бір талай сұңғыланы қателестірген алмағайып заманда ең прогресшіл бағыттан таймауы оның ғажайып зердесін, азаматтық бағдарын, ақындық көрегендігін аңғартса керек.

Немесе кешегі күндей күркіреген Отан соғысының алғашқы күндерінде-ақ Алатаудың ақиық қыранындай саңқылдап, «Біздің

Отан жеңеді!» деп жар салуы – ерге лайық жалтақсыз сенімнің, ақынға лайық оптимизмнің, ақылгөйге лайық көрегендіктің айғағы.

16- шы жыл дүрбелеңінің қарсаңында Кенен өз төңірегіндегі жуан сіңір, зорлықшыл байлардан қысым көреді де, іргелес жатқан қырғыз ағайынның ішіне кетеді. Бұл сапарында қырғыз халқының Төкпе, Халық, Османқұл сияқты ақындарымен табысып, ән- жырын жарастыра жүргенімен, туған жерге деген сағыныш, зорлықшыл байлардың қиянатшыл қысымына деген жүрек қыжылы дүниеге «Ой бұлбұл» әнін әкеледі.

Бұл әннің де ішкі болмысында, мақам-сазында бос күйреп егілуден гөрі, замана тауқыметіне деген ашық қарсылықтың, бүкпесіз кектің бұқпанасыз лебі есіліп тұр. Шынында да бұлбұлмен мұңдаса отырып, «Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр» деген сөзді 16-шы жылғы толқудан көп бұрын айта алу үшін ыза- кекке қоса, сол кездегі іріп- шіріген саяси ахуалды түсінетін көреген зерде керек қой. Міне, Кененнің бұла дарынына қоса, халықтың ой- арманының көш басында бола білген осындай қасиеттеріне бүгінгі- болашақ ұрпақ ең алдымен мән бере білуі керек.

Кененнің қай әнін тыңдасаңыз да аз ғана аяда әсерлі әуен мен ұрымтал сөз өрімдей жымдасып, ғажайып сезімнің жетегіне ноқтасыз ілестіріп жөнеледі. Өнер атаулының, оның ішінде ән өнерінің қуат- күші алдымен адам жанына әсер етуімен өлшенеді. Өнердің биік мақсаты сол өлшемге сай келсе ғана жүзеге асады. Ал Кененнің көздеген нысанасына тимейтін әндері жоқ десе әсіре сөз болмайды. Сондықтан да ол кісінің, ең бір жеке бастың мұңшерін, шаттық қуанышын білдіреді- ау дейтін әндерінің өзінде көпшіл сезімдер, көпке ортақ көңіл- күйлер, көпке өнеге кісіліктер бел алып жатады. Мәселен, «Ақ ешкі» әніне («Базар –Назар» деп те аталады) ден қойып көрелік. Сырт қарағанда жеке бастың мұңсыры сияқты. Алайда осы әні арқылы Кенен адам баласының басында болатын, болуға тиісті ең асыл сезімді айта білген. Ол – іштен шыққан балаға деген махаббат, өкше басар ұрпақтың амандығына деген іңкәрлік, өмірдің үйлесім жарастығын аңсағандық.

Бұдан артық хас өнерге қандай асқақ тақырып керек, қандай мұрат керек? Бұл әнді жылауық, боркемік ән десек, жеке бастың ғана мұңы десек, терең қателесер едік. Мәселе, бұл әннің тыңдаушысын егілтіп жылатуында емес, мәселе сол егіліп- жылаған жүректердің әлдеқайда таза болып, әлдеқайда мейірімді болып шығатынында,

«Ақ ешкіні» тыңдаған жүректің мейіріміне мейірім, кісілігіне кісілік қосылатынында.

Кенен әнші- композитор ретінде қай өрістен нәр алды, қай бастаудан сусын қандырды дегенді ойлап көрдік пе? Кенекең шыққан орта қандай еді, үлгі- өнеге алған өнер саңлақтары кімдер еді дегенді сөз етпей, оның әндерінің парқын тану қиын. Тақыр жерге шөп шықпайды, құнарлы топырақтың өнімі де мол дейтін бір сөз бар ғой. Кененді ең алдымен әнге бөлеп, жырмен құндақтап, күймен тербеткен орта – Жетісудың өнерпаздық дәстүрі. Сол төл топырақтағы әншілік мектеп, әншілік дәстүр. Кененнің ең алдымен жүзіп жүріп сусын қандырған тұнығы да сол.

Осынау арналы дәстүрдің бір-бір қайыспас керегесі, қажымас уығы тәрізді өнер майталмандарын еске түсіріп көрейікші.

Анау Сүйінбай, Бақтыбай, Құлмамбет, Жамбыл, Сарбас, Бармақ, Үмбетәлі, Өзбек, Орақбай, Қарабек сияқты айыр көмей ақындар; Кебекбай, Сапақ, Ноғайбай, Бөлтірік сияқты от ауызды, орақ тілді шешендер; Қанадан, Байсерке, Бердібектер сияқты даулескер күйшілер; Дәуренсал, Қырмызы, Жидебай, Балқыбек, Сауытбек сияқты жұртшылық өнер қылықтарына тәнті болған салсерілер; Ұлбике, Әлмен, Аққүміс, Ләтипа, Жаңылдық сияқты жез таңдай ақын қыздар.

Міне, осынау бірінен бірі өткен өңшең жылжыған жорға, жылмиған жүйріктер, сөз жоқ, Кененнің дүниетанымына, өнерпаздығына, серілігіне, әсіресе әншілік өнеріне мықтап ықпал еткені күмән тудырмайтын шындық.

Кенен бойындағы алмастай жарқыраған дарынның сыр- сипатын жек-дара алып тамашаламай, оның өнген топырағымен бірлікте, төңірегімен байланыста, небір дүлдүл өнерпаздармен сабақтастықта қараса ғана нағыз ақиқат шындық шалғайынан ұстатса керек.

Егер, әсіре, қызылсыз немесе жалтақсыз, шындыққа жүгінер болсақ, Жетісудың әншілік мектебінен Кененнен ірі тұлғаны табу қиын. Өйткені, Кенен Жетісудың ән дәстүрін, әншілік мектебін әуендік- интонациялық жағынан байытып қойған жоқ. Сонымен бірге әннің түр- тұлғасын тың биіктерге көтеріп, тақырыбын соны өрістерге алып шықты.

Мәселен, анау «Бозторғай», анау «Көкшолақ» анау «Ой бұлбұл», «Он алтыншы жыл» сияқты әндердің әуенін былай қойғанда, түр-

құрылысы мен тақырыбы Жетісудың бұрынғы әншілік дәстүрінде тұяқ тимеген соны өрістер ғой. Бұл ретте өз дарынының шамашарқын Кененнің өзіндей жеткізіп айтқан ешкім жоқ.

«Екі Кенен тумайды,
Алатауға ексеңде,» – дейтіні немесе:
«Көкшолағы Кененнің дүлдүл болды,
Өзі туған халқына бұлбұл болды,» –

дейтіні Кененнің кездейсоқ, бос мақтанмен айта салған сөзі емес. Өзінің тарихи орнын терең сезінуден туған, өнердегі өзіндік үнінің барына сенімнен туған толғамдар.

Кененнің ақындық өнеріне, әсіресе әншілік өнеріне шапағаты тиген, ықпал еткен екінші бір арна бар. Ол – исі қазақтың ақындық, әншілік дәстүрі. Бұл орайда Кененнің туған өңір өнерпаздығымен шектеліп қалмай, құлашты кеңге сермеп, жалпы халықтық өнер мұхитының тереңіндегі інжу-маржанды да сүзіп ала білгенін көреміз.

Әлгінде Жетісудан шыққан сан саладағы өнер саңлақтарының қалың легі аталды. Қазақ халқының рухани аспанына Жетісу өңірінен осы лектің дүркірей көтерілуі тегін болмайтын. Олар тек қана өз топырағына, Жетісу өңіріне ғана ықпал етіп қойған жоқ, исі қазақтың ақындық, әншілік өнеріне ықпал еткен қуатты лек, өнерпаз тұлғалар еді.

Осы пікірді орнықтырғандай, академик Мұхтар Әуезовтың мынадай бір тамаша ой- тұжырымы бар. «Қазақ халқында, – дейді Мұхтар, – ерекше дамыған айтыс өнері XIX ғасырдан бергі жерде өзге жерлерде саябырсып, Жетісу, оңтүстік өлкелерінде шоғырлана бастайды».

Бір ғажабы сол, осынау ақындық, әншілік өнер Жетісу өңірінде жай ғана шоғырланып, дәуірлеп қоймайды, енді исі қазақтың ақын-жырауларын, әнші-күйшілерін елеңдетіп, өзіне қаратып, ден қойдырады. Тіптен, XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басы Жетісу өңірі исі қазақтың ақын-жырау, әнші- күйші, сал- серілерінің ұлы сынақтан өтер қасиетті босағасына айналады. Былайша айтқанда, ақындықтың, әншіліктің Меккесі сияқты болады.

Мәселен, осы кезеңде сонау Арқадан ұлы Абайдың келуі, Біржан, Шашубай, Балуан шолақ сияқты дауылпаз әнші-ақындардың келуі, Таластан- Жалайыр Түбектің келуі, оңтүстіктен – Майкөт пен Майлықожаның келуі, ту-у Атыраудан әйгілі

Құрманғазының келуі, сөз жоқ, ең алдымен олардың Жетісудан жаңғырығы жеткен ұлы өнер мектебіне деген ұмтылыстарына байланысты еді. Әйтпесе, олар Жетісуға мал іздеп, дүние қуып келетін адамдар емес.

Әрине, рухани-тұлеудің, өнердің толысуының бір асыл нышаны – беріп қана қоймай, жақсыны танып ала білуінде де. Бұл ретте, жаңағы үш жүздің өнер саңлақтарының бойындағы асыл қасиеттері Кенен дарынының ұшталуына айрықша ықпал еткенін айтпай, көрмей кету- шындыққа үлкен қиянат болар еді.

Кененнің қаршадай кезінде – ақ бойындағы буырқанған қабілетті ең алғаш танып, өзінің ақ домбырасын силаған белгілі өнерпаз Еркебай Базарұлы айтады екен: «Осы Кененнің әні – Әсетке, жыры – Сарбасқа ұқсайды» деп.

Сол тегін сөз емес. Шынында да Кенекең ән салғанда домбыра қағысынан бастап, ән – әуендерінің иірім – қайырымдарына дейін исі қазақтың әншілік мектебін терең меңгергені, сол мектептер өнегесін тұғыр ете отырып, өзіндік үнін тапқаны мен мұндалап-ақ тұрады.

Кененнің ақындық-әншілік өнеріне айтарлықтай ықпал еткен тағы бір арна бар. Оны аттап кетуге болмайды. Ол-әрісі Орта Азия республикаларындағы халықтардың, берісі бауырлас қырғыз, қарақалпақ жұртының өнер дәстүрі. Кененнің халықтар достығына дәнекер болған творчестволық жолы әлі зерттелмей жатқан, бір қызық сала. Кенен өзге жұрт ақындарымен сырттай, қағаз- кітап жүзінде табыспаған, көп ретте тағдыр ортақтастырып, өнер жарыстырып, шынайы туысқандықтың айғағындай бар тұлғасымен көрініп отырған. Бұл ретте интернационалдық, достық деген қасиетті дәстүрге Кенендей үлгі-өнеге боларлық өнерпазды таба қою оңайға түспейді. Бір ғажабы, Кененнің өзге жұрт өнерпаздарымен достығы ұдайы өнегелі мінездің, кісіліктің, ең бастысы асыл өнердің дүниеге келуіне себепші болып отырған.

Бауырлас қырғыз ағайындардың Төкпе, Халық, Әлімқұл, Оспанқұл сияқты ақындарымен арадағы Кенекеңнің ғажайып достығына, сол достық шабыт берген өнегелі өнерлеріне тебіренбей, толқымай зер салу мүмкін емес. Мұндай тамаша қасиеттің ізі Кенен творчесвосында, әсіресе ән өнерінде сайрап жатыр.

Бір ғана мысал келтіруге болады. Белгілі «Қайран жастық» әнінде Жетісу өңірінің сезім оятқыш, сазды әуені қырғыз ағайындардың ойнақы, ерке әндерінің бітім- қасиетімен мінсіз жымдасып, еліктіргендей әсер береді. Сөз жоқ, бұл -бере алатын өнерпаздың ала да білетін асыл қасиетін танытады.

Қазақ халқының ақындық өнерінде бір ұлы дәстүр болған. Ол – ірі ақын-жыраулардың адалдық пен адамдықты ту етіп, әлеуметтік әділдіктің жақтаушысы болып отыратындығы. Бір сәт көктей шолып, еске түсіріп көрейікші: сонау қарт Бұқардың Абылай алдындағы айтатын даналыққа толы толғаулары, Махамбет пен Шернияздың Баймағамбет сұлтанға айтатын уытты сөздері, Сүйімбай мен Түбектің Тезек төреге тайсалмай тура айтатын тапқырлықтары, Жаяу Мұсаның Шорман тұқымын әшкерелейтін өлеңдері, Біржанның Азынабай болысқа айыптай айтатын ашулы сөздері, міне, осының қай- қайсысында да жеке бастың күйініш, сүйінішінен де, әлеуметтік сыншылдық басым жатады.

Бәлкім, Бұқар, Сүйімбай, Шөже, Шернияз, Абыл, Жанақ, Түбек сияқты арқалы суырып салма ақындардың, Біржан, Ақан, Естай, Жаяу Мұса, Шашубай сияқты айыр көмей, жез таңдай әнші-ақындардың, Марабай, Мұрын, Нұрпейіс сияқты даңғайыр-эпик жыраулардың халық қалаулысы болуы қашанда адам бақыты үшін күрестің жырын жырлай білгендігінен, әлеуметтік үнінің айқындығынан болар.

Міне, осы дәстүрдің айқын белесі – Кенен Әзірбаев творчествосы десек қателеспейміз.

Қаламгер-ғалым, 1997 ж.

Шериаздан Елеукенов

БОЗТОРҒАЙМЕН ӘН ЖАРЫСТЫРҒАН
(Кенен Әзірбаев туралы толғаныс)

Архивімнен «Кенекеңнің ауылында» деген жазбама «жолығып», бір қызық дүниеге тап болғандай күй кештім. Кенен Әзірбаев, Әбділдә Тәжібаевтай ағалар соншалық қымбат есімдер... Солармен бірге өткізген қайталанбас сәттер көз алдыма келді. Мына жазба 1974 жылғы 7 маусым күні қағазға түсіріліпті. Соны аз-маз жонып, толықтырып жариялап отырмын.

Батысты бетке алған ақсұр «Волга» ұзын тас жолмен азынатып келеді. Маусым туған кез. Күні кеше ғана жауған жауыннан соң ашылған аспанда доғадай иілген шұғыла енді жазылып барып жерге түсіп, Алатау бөктеріне қызыл-жасыл кілем боп жайылғандай. Алатау онан сайын биіктеп кеткендей, машина ішіндегі біздердің көңілімізді көкке өрлетеді. Біз дейтініміз – ақын, халқымыздың абызы атанған Әбекең - Әбділдә Тәжібаев және ол кезде баспа жүйесінде істейтін мен. Тағы бір серігіміз – артымызда екінші машинада.

Осының алдында өзара хабарласып, Қордай жаққа барып қайтуға келіскенбіз. Мақсат – халық ақындарының, әнші-композиторларының ендігі Алатауы Кенен Әзірбаевтың 90 жылдығы қарсаңында шыққан жинағын мерейтой иесіне табыс етіп қуанту, батасын алу. Әбекең – мерекелік комиссияның бастығы, келесі машинадағылар – «Алатау шыңы – Кенен Әзірбаев» атты жинақты шығарған «Жазушы» баспасының директоры Әбілмәжін Жұмабаев, жинақтың алғы сөзін жазған халық ауыз әдебиетінің маманы Мырзатай Жолдасбеков.

Кеудесі көріктей зор денелі, ер мұрынды, салпы ерін, қоңыр жүзі тотығып мыстай күреңіткен, сығырайған кішкене көздері кейде мейірімдене, кейде от шашып қарайтын Әбекең бар болмысбітімімен «мені алпысты орталады десеңдер де, әлі қайратымнан қайтқаным жоқ» деп жар салып тұрғандай көрінеді. Әрі арқыраған ақын, әрі драматург, әрі ғалым – бұл кісінің күрмеуі көп күрделі істерін қиналмай, апырып-жапырып атқарысында мін жоқ. Оған

жыл сайын баспалардан шығып жатқан кітаптары куә.

Әбекең ауыз екі сөзге қандай ұста. Әңгіме айтса майын тамызады. Онымен әлде бір мәселемен дауласып әуре болма. Қарсыласын бет- жүзіне қарамай қиып түсіреді.

– Әбеке,– деймін сөзге шақырып. – Осы фольклор мен ауыз әдебиеті екеуі екі дүние емес пе? Оларды бас-басына бөліп, жеке-дара зерттеу керек қой. Мына біз бара жатқан Кенекеңнің өлеңдерін айтам. Ол өлеңдері фольклорға қалай жақын болса, жазба әдебиетіне де сондай жақын. Қос қазынамызды жалғайтын алтын көпір...

Әбекең қойған сұрағыма бірден жауап қатқан жоқ. Алатау сілемдерінің бірі Суықтөбенің семіз жотасы көрінді анадайдан. Соған тесіле қарап отырды да: «Шериаздан, сенің айтқаныңнан әлде қайда маңыздырақ мәселе бар. Осы күні халық ақындарына жоғарыдан төмен қарайтын әдет, соцреализм әдебиетін бұрынғы классика атаулының бәрінен жоғары қоятын теріс ереже шығыпты. Осы дұрыс па? Халық ақындары – біздің ұлтымыздың өзіне ғана тән қазынасы, береке құты. Оған өткен күннің сарқыты есебінде қарайды. Біздің Союз (Жазушылар одағын айтады) халық ақындарынан қол үзіп болды»,- деп бір қойды. Сонсоң хатшы інілеріне өкпесін шұбырта жөнелді. Өзінше ашу шақырғандай етіп айтса да, маған жеңіл-желпі қағытпа әзілдей көрінді.

– Біреуі,– деді ол мысқылды үнмен,– Бангладеш, Индия деп зарлайды да жүреді. Енді біреуі өзінің кеудесін ескерткіш боп құйылған бюстідей ұстап, басын кекжитіп, тамам жұртты менсінбей, мұрнын шүйіреді. Тағы бір хатшымыз сейфін өңшең справка, арыз-шағымдарға толтырып алған. Бара қалсаң сенімен шаруасы шамалы. Сейфінен қағаздарының бірін алып, екіншісін салып әлектеніп отырғаны....

Біраз күлісіп алдық...

Қош, Кенен ақын ауылына да жетіп қалыппыз. Бұл ауыл Қордай асуының кіре беріс аузындағы ұзын күре жолдың сағасында. Айнала сарғайған қуаң даланың бір нүктесін жасыл жазираға айналдырып, ағаштарын көкке бойлатқан нулы да, сулы қоныс. Оқтай тізілген алты көшенің орта тұсын ала орналасқан Кенекең үйіне ат басын тіредік. Кең аула ішіндегі еңселі үйде өзі және баласының отбасы тұрады. Жаз шыға ауладағы алма бағына тігілген алты қанат киіз үйге ауысады. Едені тақтай киіз үйдің қақ төрінде

шынтағында мамық жастық, астында қалың көрпе-төсек, таудай боп әппақ сақалды бір әулие жатыр.

Бәрімізді бастап үйге кірген Әбекең даусын көтере:

– Ассалаумағаләй-к-ө-ө-ө-м! деп сәлемін мәнерлей созып айтты. Кенекең сәлемін алып, қолынан сүйді. Амандық сұрасқан біздің де қолымыздан сүйді.. «Апыр-ай, той өтпек деп радио, газет күн сайын дабырлатады. Бұлардың біреуінің келмегені қалай?»,- деп бәйбішесі Насиха апайды мазалап әлсін әлі сұрап қояды екен. Ақсақалдың тілегіне сай келгенімізге бәрі де қуанысып қалды.

Осыдан бірер жыл бұрын Фрунзе шаһарында өткен бір жиылыстан алдағы тойға шығарылатын кітап жайлы ақылдасуға арнайы соққаным бар-ды. Сонда ақсақал өстіп бір шынтақтап жантайып жатқан болатын. Сол қалпынан қозғалмаған сияқты. Тек бет-жүзі әнтек жалпақтанып, қарны өсіңкіреген бе деп қалдым. Кенекең жүрегім ауырады деп жүрмей қойған сыңайлы. Жата-жата еттене берген...

Алдымен құтты болсын айтып, ұлы тойға байланысты сізге сый-сияпаттың алды деп, әкелген кітабымызды ұсындық. Қарт кітабына қуанғанын жасырған жоқ. Көп сөз шығын етпегенімен, кітабының мұқабасын әлсін әлі сипалап қояды. Әбілмәжінге, маған біраз өлеңдерін оқыттырды. Біресе таңырқайды: Апырай, бұл өлеңдер қалай жазылып қалған?», деп. Біресе өлеңдерін түгендеп, жарияланбай қалып қоймады ма екен деп есіне түскен өлеңдерін кәдімгідей тексереді. Ана тұс, мына тұста айтылғандар бар ма екен дегендей.

Сәбит Мұқановқа арналған өлеңдерін оқытты. Бұлар отбасымен дос болған адамдар екен. Қаншама қауырт жұмыстардан бас ала алмай жатса да, Сәбең бұл кісіге қамқорлық етуден аянбаған көрінеді. Әсіресе Кенекең әнеу бір жылдары қатарынан алта жыл науқастанып қалғанда Мәриям апай екеуі келіп, денсаулығын сұрап тұруды қаза жібермеген. Дәрігерлерге үсті-үстіне қаратып, сырқатынан айығуына бір Құдай, одан Сәбең себепші болған. Кенекең сүйікті інісінің ол қамқорлығын өлеңіне де қосқан. Сәбең бейнесі ақынның «Сәбитпен сапар шектім Сарыарқаға» деп басталатын ұзақ жырында, «Сәбитке», «Қош, Сәбит» деген өлеңдерінде ағалық зор махаббатпен жарқырап көрінеді. Берген бағасы қандай! Әдебиетші-ғалым атанған талайларымыздың аузымызға түспей жірген сөз.

«Жасасып келіп еді бұл ғасырмен,
О, Сәбит, бауырым ең, сырласым ең.
Шынымен қоштасам ба, сенбей тұрмын,
Сәбиттің қайталанбас тұлғасымен».

Осы жолдар оқылғанда ернін тістелеп, кеудесіне қолын апара берді. «Өмірімдегі орны толмас бір өкінішім» деп, көзіне жас алды.

Кенекеңнің таудай боп жатқан жатысының өзі қандай. Еріксіз шүйелеген, топ қанат қыран тәрізді. Ал, кәрі түлектің көңіл-күйі әлдеқайда жас сезіледі. Жасына қарай марғау тартпаған. Зерделі көкірегі ешнәрсені қалт жібермейді. Нұры тая бастаған жанары әлі де алда-жалда бір көргенінен жазбайды екен. Кітабына кіріспе жазған жас қонағын шырамытқан бойда «Мырзатаймысың?» деді.

Әсіресе ақын інісі Әбекеңмен көбірек шүйіркелеседі. Бұрын оның шешесі, халық ақыны Айманкүл тірі кезінде үйлеріне жиі соғып тұрады екен. Кейін Алматыға қатынауы сиреген. Әбекең сөз реті келгенде Кенекеңе өтініш етеді. Онда да біздерге сөйлейтін өктем дауыспен емес, ұяң қыздай сызылып сұранады.Үлкеннің алдында таралғыдай тартыла қалатын қазақы әдеттің мына көрінісін енді мен қызықтайын.... «Менің атым Әбділдә» деп бір-екі рет ескертсе де, Кенекең ол ескертуін елемеді. Әбекеңді оның әкесінің атымен «Әй, Тәжібай» деп атай берді.

Осы Тәжібай Қордай жаққа бір соқпай қоймас деп анда- санда ойлаушы ем... Рахмет, шырағым, кәрі ағаңды ұмытпағаныңа! – деп Әбекеңе қарап сәл басын иді. Осыншама жасында көмейі жыртылмапты. Даусы ашық, айқын.

– Партияға, үкіметке, халқыма алғысым шексіз, қарақтарым! Елім еркелеткен соң ғой... Жеке тірлігіме де шүкірлік. Немере, шөбере сүйіп отырмын.

Көпті көрген көне көзден суыртпақтап сыр тартамыз. Кімдермен дос-жаран болғанын білгіміз келеді.

– Кенеке, мына кітабыңызда «Мұхтарға» деген өлеңіңіз басылыпты.

– Қырғыз Тоғалақ молданың тойына қатысқан жылы Мұхтаржан арнайы Қордайға соғып, аса қымбат қонағым болған. Мені тек әнші деп біледі екен. «Кенеке, сіз әншісіз ғой» деп отырды. Сөйтіп жүргенде... – Осы мезетте қарттың әңгімесі бөлініп кетті. Тұңғыш қызы Төрткен кірді. Орта бойлы, сымбатты қара торы бұл келіншектің шын аты – Төрт кемпір бір шал. Балалары

өле берген соң, ырымдап жаңа туған нәрестені төрт кемпір, бір шалдың тізелерінің астынан өткізіпті.

Қызын көрген бойда саусағымен қасына шақырды да:

– Төрткен-ау, не тіршілік қып жатырсыңдар? Малға кісі жібердіңдер ме? – деді.

Қонақтар орындарынан бір-бір қозғалақтап қойды. Үзілген әңгіме қайта жалғанды.

– Иә, сөйтіп мені әнші есебінде ғана білетін Мұхтаржанмен бір жылы Қырғызстанда кездесіп қалдық. Фрунзеге шығыстану ғылымының өңшең мықтылары жиналып, мәжіліс құрды. Мәжіліс арасында Кіндік Азия халықтарының ән-күйлері, жырлары тыңдалды. Қырғыздың атақты манасшысы Қаралаевтан соң кезек маған тиді. Мен Қобыландыны ұзақ жырладым.

Бұл әңгіменің шет жағасын мен де бұрын бір лауазымды кісіден естігенмін. Кенекең Қобыланды жырының бір нұсқасын ұзақ жырлап, шығыстанушылардың бәрін қатты тамсандырады. Мұхаң сонда Кенекеңді бөлмесіне қонаққа шақырыпты. «Бұрын зер салмаппын, өзіңіз әрі ақын, әрі әнші...бесаспапсыз. Жырыңызды зор ықыласпен тыңдадым және бар шығыстанушылар да сөйтті. Мақтаннан жарылып кете жаздап отырдым. Рақмет, дана қартым!» – деп ұлы жазушы басын иіпті.

– «Келдің бе Москвадан, кербез інім,

Кең пейіл, терең ойлы, бір сөзді інім!» деп Ғабитке, арқалы ақын, азамат Тайырға арналған өлеңдерім де бар еді... Қазір, әттең аузыма еш нәрсе түспейді. Күні кеше құр аттай едім. Шөктім де қалдым. Енді өлең шығару қайда...деп Кенекең ауық-ауық күрсініп қояды.

Қарттың тым құлазып бара жатқанын көрген Әбекең әңгіме бетін әдейі басқа жаққа бұрып жіберді. Ақын ағасының жастық шағынан хабардар екен. «Мына қонақ балалар сенің әу деп өлеңді қалай айта бастағаныңды білгісі келеді. Соны әңгімеле... Еркебай Базарұлының жақсылығынан бастап...» – деді.

Еркебайдың әкесі осы дулат ішінде кірме екен. Ертеректе Қордай болысына губерниядан орыс-қазақ мектебінде оқытуға лайық бала сұратқан қағаз келеді. Жұрт шоқынып кетеді деп балаларын оқуға бермей, ат-тондарын ала қашады. Сонда Базар: «Салықтан босатсаңыздар, және тиісті жол қаражатын өтесеңіздер, мен жіберейін баламды», – депті. Жұрт бұл тілекті қуана-

қуана қолдайды. Сол Еркебай кейін оқыған азамат атанып, ел-жұртына көп пайдасын тигізеді. Кенендей өнерлі баланы қолдап, жақсылығын аямайды. Он алты жасар Кененді қырғыз манабы Шәбденнің асына өзімен бірге алып барады. Ән, күй бәсекесінде жас Кененге сөз тиеді.

Алдында өнердің не түрін көрсеткен азулары алты қарыс ағаларының мысы басты ма, балаң жігіт екі ұмтылғанда даусы шықпай мүдіріп қалады. Айнала жұрттың қаумалауымен үшінші рет ұмтылғанда ғана үні естіледі. Өнері ұшқындаған жас бірден елден ерек әнімен баурап алды. «Мына баланың аяқ алысы бөлек қой» – дегізеді. Шынында да Кененнің зарлана айтқан әні тыңдаушылардың жан жүрегін сыздатып барып, бір қалтарысында езу жиғыздыртпай күлдіреді. Жас талап бұрынғыларша айтсақ теберікке, қазіргіше – сыйлыққа кемер белдік тағып қайтты. Кенен аты сол астан соң халқының арасына кең тарады.

Дастархан жайылып, шәй үстінде ара-тұра қалжың сөзге де есе тиеді.

– Кітабыңа бірталай ақша алып жатырсың. Мына пақыр інілеріңе нәпақа болсын деп үлестірмейсің бе? – деп Әбекең ақын ағасын қолға алып қояды.

– Е, алыңдар, алыңдар!.. – дейді Кенекең күміс сақалын сипап. – Қанша алсам, сонша бергем...Қолы ашықтың – жолы ашық.

Ауыз әдебиетінің бір ерекшелігі шығарма мәтіні айтылған сайын әйтеуір бір өзгеріс тауып отырады. Кенекеңнің исі қазаққа белгілі «Көкшолағының» қаншама нұсқасы бар. Сол Көкшолағына шығарған өлеңін осы жолы да есіне алды.

Алып келдік Тоқпақтан Көкшолақты,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ, шоп-шолақты.
Өзі сәурік көктемде байтал қуып,
Азынап бір жағынан құдай атты...
Әкем бойдақ, ат бойдақ, мен де бойдақ,
Қайда апарып бағамын үш бойдақты...

Біз әкеп тапсырған кітаптағы Көкшолақ туралы өлеңдерде бұл қыл құйрықтының қырғыздың Тоқмағынан сатып алынғандығы айтылмаған. Онда «үш бойдаққа» қатысты әзіл-қалжың да кезікпейді.

Үш бойдақтың бұл мүшкіл халі күлкі шақыратын жағдай емес, әрине. Анасы Ұлдар көз жұмғанда Кенен жетіні жинап жүр екен.

Ақ жаулықтан айрылған үйде не береке болушы еді? Аяқ-табақ еркектің қолы емес екені ежелден белгілі ақиқат. «Сүт сауам деп кеудеңнің бәрі сірне» деп жас Кененмен айтысқан Шәлипа қыз нағыз ақын. Қарсыласының осал тұсын дәл тапқан. Әйелсіз үй қаңырап бір түрлі құлазып тұрмай ма. Өйткені ондай үйге әйелдің күншуақты бейілі түспеген. Бірақ өлімнің аузында тұрып та әзіл-қалжыңынан ажырамайтын қазақы мінез Кененге қандай жарасымды қонған десеңізші. Қайғының қара бұлтын жалғыз ауыз тапқыр сөзбен сейілтіп жіберу Кененнен мол табылатын ақындық қасиет.

Көкшолақ бейнесі – әдебиетіміздің айрықша құбылыстарының бірі. Былай қарағанда аңыздағы асқан тұлпар Тайбурылдың тулағына да тұрмайтын секілді. Сөйте тұра көркемдік құндылығы жағынан қандай сәйгүліктеріңнен де кем соқпайды. Дон Кихоттың Россинантасындай шығарма басты кейіпкерінің әлеуметтік тірлігінен хабар береді.

Кенекең тоқсан асуды асты. Сол сапарында ол не көрмеді дейсің. Бір қуаныш, бір қайғы итжығыс тоқайласты да отырды. Жиырмасыншы жылдардың басында Қордайдағы ревком тізгіні қолына тиіп, айдарынан жел есті. Өзі өлеңінде айтатындай, «өктемдеді». Кеңес заманының дәуірлеуін толғап, жүрегінен жыр шашты. Алатау баурайындағы ару Алматының астанаға айналғанын әнге қосты. Байтақ Қазақстанын аралап, тамаша табыстарына қуанды. Балқаш, Алакөл айдынына бетін жуды. Жамбылмен бірге Шота Руставели еліне саяхаттап қайтты. Осы жақсылық, жаңалықтардың бәрін әуелетіп әндеткенін, өзіне бақыт санағаны да рас.

Әттең, өмір шіркін тұрақтау дегенді білмейді. Бір де олай, бір де былай... Ашық күндей күлімдеп тұрып, бір уақ қабағын шарт түйеді. Иә, несін айтасың... Бозторғаймен ән қосып, асып-тасып жүрген Кененді әнеу бір кез қанқақсатып кетті. Асық ойнап, доп қуып, асыр салып жүрген екі бірдей ұлы – Базары мен Назары қу шешектен шетінеп кетті. Тағы бір соққы жеуі Ораз Жандосовқа байланысты.

Ораз Жандосов екеуі бір ниетте қызметтес болғаны үстіне, екеуі жан қиған дос та еді. Екі дос Жетісудай жер жаннатында талай ойын-тойларда ән салып, күй шертіп дегендей, гүл-гүл жайнап жүрді. Не керек, соның бәрі бір күнгідей болған жоқ. Қимас досы Ораз ұсталып тұтқында отыр дегенді естісімен атқа қонды.

Амалы құрып, араша түсе алмады. Қоштасып қалуға ғана шамасы келді. Бір таныстары арқылы Ораз Жандосов отырған вагон Отар станциясынан өтетінін білді. Күндіз-түні аңду сап жүріп, досымен вагонның торлы терезесі арқылы тіл қатысты. Шерлі кеуде сол мезетте «Қош бол, Оразым!» өлеңін көзінен сорғалаған жасты жұтқызып тұрып айтқызды. Кенен табанда ұсталды. Алты ай шамасында түрменің де дәмін татты. Әйтеуір, ауыздағы тісін «беріп», құрғырдың құрсауынан әрең-әрең босанды.

Сол қос қайғы өтіп кетті ме, қырқыншы жылдардың аяғы, елуінші жылдардың басы табандатқан алты жыл қатарынан сырқаттанып, төсек тартып жатты. Жұрт та, үй іші де, өзі де енді қайтып тұрмаспын деп ойлады. Бірақ Құдай иіп, күнделікті қамқорлықтың арқасында ауруынан құлан-таза айықты. Домбырасын қайта қолына ұстап, «Мен жазылдым», «Ауырып жазылғанда», «Насихаға» атты өлеңдер туғызды. Он алты жасынан қосылған Насихасына, «аяғының ақсағы-ай, мінезінің жақсағы-ай!» деп жер-көкке сыйғызбай мақтайтын Насихасына «Ауырғанда алты жыл, еркелетіп баққаны-ай» деп шын жүректен алғысын айтты.

Өз өмірінен өлең жасаған нағыз ақын осы Кенекең. «Кәсібім жастайымнан ән мен өлең, Әзірбай әкем екен, атым – Кенен» деп шырқатқан ол ел өмірінің, елімен бірге кешкен өз өмірін өлең-жыр айнасына айнытпай түсірген де отырған. Ұстаздарынан ауызға жиі алатындары: Жамбыл, Сарбас, он екі әнін үйренген Балуан Шолақ, Нартайлар. Оларды еске түсірген сайын «қайран, заман-ай!» деп бір күрсініп қояды. Өнер саласындағы достарынан орыс, еврей ұлттарынан да кезігеді. Лебізін сағынатындарының біреуі – композитор, өнертану докторы Борис Ерзакович. Ерзакович кезінде Кенекеңнің тоқсан әнін нотаға түсіріп алған. Сол қорда әкесінің өлеңін әбден келісті, әдемі айтатын Төрткеннің де білмейтін саздары кездеседі екен.

Қазақ поэзиясының арқаламаған жүгі қалған ба. Бір кезде қоғамдық ғылымдары кенжелеп қалған елде өлең жолдарында философия, социология, эстетика тақырыптары да өрілді. Сол екпінмен қазақ өлең-әндері пәлсәпаның тағлымдық, ұстаздық пайдасын көздеп шырқалды. Кенен болмысының бәрі оның поэзиясында. Айтқан әңгімелерінің өлең-дастандарына түсініктеме сияқты естілетіні сондықтан. Кенекең шығармаларында тіпті жаратылыстануға тиісті тақырып белең беретіндей. Әрине, ондай

тақырыптың сұлулық патшалығына қатысы ұмытылмайды.

Кенекеңнің «Шөп аттары» өлеңін сүйсінбей оқи алмайсыз. Осы мақамда алпысқа жуық шөптің аты аталады. Ал оның «Құс аттары» деген өлеңінде қауырсын қанаттылардың елуге жуық түрі жырланады. Қайсібір құстарды латынша, орысшадан аудара алмай жүрген биологтар сол өлең жолдарына көз салса, тілегеніне кезігіп те қалуы мүмкін.

Кенекең мүдірмей сөйлейді. Біз ол кісіден әлде қайда жас кезімізде кей адам аттарын ұмытып, дер кезінде еске түсіре алмайтын кеселге ұшырадық. Кенекең талай дос-жарандарының атын атады. Біреуінен жаңылысқан жоқ. Тілінде мүлт жоқтығына қарағанда, тоқсанға келіп тоқырап қалды деуге келмейді. Жұртты аузына қаратып шиырып ұстауы қандай. Мен домбырашы, күйші болмасам да, бір қағарым бар еді. Киіз үйдің керегесіне сүйелі тұрған домбыраға қолымды создым. Иесінің есіне салайыншы, ең құрығанда бір ән айтпас па екен деген үмітпен, бір-екі рет тыңқылдатып шертуім мұң екен, қарттың даусы қаттырақ шығып кетті.

– Болды, қарағым! Жүрегім көтеріліп барады. Кәрі досымның даусын естісем, бір түрлі тебіреніп кетем.

Домбыраны орнына қойып жатып, ішімнен таң қалдым: ақын жүрегінің саз үніне елгезектігі қандай!

Жазушы-ғалым, 2001 ж.

Несіпбек Дәутаев

КЕНЕН КЕҢІСТІГІ – МӘҢГІЛІК

Қасиетті Алатау мен құдіретті Қаратаудың арасында өнер дейтін ұлы көштің басқан жер, шыққан тауын жіпке тізіп берер кім бар? Десек те әр заманда кезегімен келіп отырған сүңгі тіл, семсер сөздің ертеңнен салса, кешке озған сүлейлері халық жадында аз жазылып қалған жоқ. Соның ішінде Жетісу жерінде Сүйінбайдан басталған ақындық дәстүр Жамбыл болып жалғасып, Майкөт, Сарыбас, Кенен болып кете барды. Оның бір жағында өнердің өлкесіне Сауытбек, Қылышбай, Сәдіқожа, Пішан, Әлмейіндер домбыра іліп, Ұлбике, Әлмен, Шәрипалар үкі таққан.

Жетісуда ақындық, жыраулық дәстүрдің үзілген жері жоқ. Бір ғана Сүйінбайдың өзі, бір ғана Жамбылдың өзі бір эпос еді. Кенен осы екі даңғылды ұстаз тұтты. Өлеңдері зар күйінде тұратын Сүйінбай мен Жамбыл салған жол тым күрделі болатын. Бұл екі алып жыр толғаса, елдік пен ерлікті, кісілік пен түсінікті түгендеп айтысса, қарсыластарын қынадай «қырып», қиядан ілер қырғилар еді.

Кенен Сүйінбай, Жамбыл болуды немесе олардан асып түсуді көздемеген. Тәңірінің әркімге өзінің бойына лайық өлшеп беретін дарынының әр қилылығы жағдайында олай ету мүмкін емес те еді. Мәселе – Кененнің ұстаздары сияқты өнер ақиқатынан айнымауында. Ол өзі өмір сүрген кездегі елдің қоғамдық-әлеуметтік әуенінен өзін бөлектеген жоқ. Өткен ғасыр басындағы арыдан келе жатқан бай-манапты мақтап күн көретін кейбір ақындардай әркімнің бір сойылын соғып кеткен жоқ. Кенен ақындығының қадыр-қасиетін осыдан іздеу керек. Осындай қадыр-қасиеті болғандықтан да ол халықтың мұқтажын, замана әуенін, өткен шақ пен келер күндердің ғибраттары мен арман-тілегін жырлай білді.

Дегенмен, Кенен, жалпы, қандай тұлға? Ақын ба, сазгер ме, әнші ме? Ол – осының бәрі. Бір адамның бойына дарынның бірнешеуін үйіп-төгіп беру – табиғатта сирек кездесетін құбылыс.

Ұлы Мұхтар Әуезов бір кеңірек отырып сұхбаттасудың ретінен кейін: «Кенеке, мен сізді әнші ғана ма деуші едім, осыған дейін анық танымаған екенмін. Сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне, әрі ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға бас иемін» – деген екен.

Атамыз көзі тірісінде талай-талай елдерге барды. Қасиетті қазақ домбырасын көтеріп барды. Оның асқақ даусы Ресейді, Кавказды да әнмен әлдилеген.

Ән демекші, Жетісудың әншілік мектебі тікелей осы Кененмен байланысты. Батыс әншілік мектебінің ірге тасын қалаған Мұхит, Арқада – Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса болса, Жетісуда – Кенен. Осы бір дау туғызбайтын ақиқат әлі күнге дейін жөндеп айтылмай жүр. Жоқ десеңіздер, Жетісудың арғы-бергі тарихында әншіліктен Кененнен асқан кім бар? Оны айтасыз, Кенен сазгерлігі мен әндерінің сан алуандығы жағынан Мұхит салдан да,

Ақан сері мен Біржан салдан да артып түседі. Мұны Атам болған соң айтып тұрғаным жоқ. Мен ән зерттеушісі емеспін. Мұндай тұжырымдарды қазір Ұлттық Ғылым Академиясы, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының өнер зерттеуші жас ғалымдары жасап отыр.

Ақындық, жыраулық, жыршылықтың қатты дамыған Жетісу жерінде Кенен туғанға дейін, яғни XIX ғасырдың аяғына дейін әншілік дәстүрдің негізі жоқ болғаны ақиқат. Бұл жайлы даулы, құнды пікірлер жетеді. Ал шындық – Жетісудің әншілік мектебінің Арқаның әншілік мектебінен көп кейін дамығаны. Егер қазақтың әншілік өнерін жетік зерттеген профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты Саида Елеманованың сөзіне құлақ қойсақ, рас, Жетісу өлкесінде композиторлар аз болмаған, бірақ олардың шығармашылық даму кезеңі XX ғасырдың басындағы зобалаңдарға тап болып, көбісі өмірден ерте кеткен.

1929 жылы Қордай ревкомының төрағасы болған Кенекең де Голощекиннің қанды қылышына іліне жаздап, әйтеуір, қырғыз елін паналап аман қалды. Қырғыздардың төкпе ақындарымен терең аралас-құраластығы сақтап қалды оны. Осы орайда еске ала кетейін, Кенен қырғыз ағайындарға он алты жасында ат басын тіреген. Үстіне киім кигізіп, астына ат мінгізіп, оны үлкен тойға ертіп барған осы өңірдің көзі ашық, көкірегі ояу азаматы – Еркебай Базаруұлы. Кенен сол 16 жасында қырғыз елін, оның атақты Шәбден манабын көрді. 16 жасында қазақ-қырғыздың шаршы тобының алдында алғаш рет асқақтата ән салды. 16 жасында осы үлкен тойдағы үш бас жүлденің бірін иеленіп, ұлы Жамбылдың батасын алды. Оның Жамбылмен ендігі жерде ешқашан жігі ажырамас бірлігі осы 16 жасынан басталып, тура 61 жылға созылды. Бірі жырдың, бірі әннің ұлы тұлғалары осылай қосылды. Мұндай үйлесім Жетісу өлкесінде бұрын-соңды болмаған құбылыс еді.

Өнерде тыңнан жол салу – өте сирек болатын бақыт. Кенекең әншілікті тура солай етті. Ол Арқаның да, Батыстың да әншілік дәстүрінің жалғастырушысы емес, «Бозторғай» әнін шығарғанда ол небәрі 13 жаста болатын. Осы жоғары деңгейдегі классикалық ән бала көмейден қанат қағып шыққан кезде Кенен Арқа, Батыс әндерін әлі естіген де жоқ еді. Кенен дегенде әуелі осыны айту керек. Кененді Кенен қылған оның қазақ әніне мүлде жаңа саз, жаңа әуен әкелгендігінде. Сөйтіп, Жетісудың тұңғыш әншілік

мектебінің ірге тасын қалады.

«Бозторғай» әнін Кененнің жастау кезінде орындаған дауыс лентасы фонотекада сақталып қалған. Даусы ешкімге ұқсамайтын аса жоғары да, бояуы соншалық әдемі. Сайын даланың самғауы бөлек саңлағы осылай келген дүниеге. Оны айтасыз «Базар-Назар» әніндегі орындаушылық әдістері қазақтың ешбір әнінде кездеспейді. Әттең, Кенен әндері осы бүгінгі күнге дейін түптен тартып, түбегейлі зерттелмеген. Басқаша айтқанда, өнертану ғылымында оның шығармашылына арналған бірде-бір мардымды ғылыми жұмыс жоқ. Болса, бірен-саран. Олар Ахмет Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» монографиясындағы композитордың шығармашылығына арналған көлемді очеркі, Зейнұр Қоспақовтың «Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің» ғылыми еңбегіндегі Кенекеңнің өмірі мен шығармашылығына байланысты ұсынған жаңа деректері.

Осылардың ішінде өз басыма ұнағаны Нұрғиса Тілендиевтің естеліктері. Нұрағаң жазбалары зерттеу мақалаларынан әлдеқайда артық. Себебі? Нұрғиса Тілендиев – Кененнен кейін Жетісу өлкесінде дүниеге келген осы замандық ұлы композитор. Тілендиевің дүниеге бұлай келуінің түптамырын Кененнен де іздеу керек. Мен мұны тұқым қуалау тұрғысынан айтып отырмын. Нұрағаның анасы Салиқа әпкеміз Кененмен аталас қыз алыспайтын рудан. Яғни, Кенекең мен Нұрағаң нағашы-жиен. Қаннан қанға ауысып келетін қасиетті ешкім де жоққа шығармайды. Оны көзі тірісінде Тілендиевтің өзі де жиі айтып жүретін. Енді осы Нұрағаң ғылыми зерттеуге бергісіз өз естеліктерінде Кененнің бойындағы қасиеттің төрт қырын ашады.

Ол – Атамыздың күйшілігі, композиторлығы, әншілігі және ақындығы. Нұрағаң Кененнің бұл қасиетін екі ұлы құбылыстан іздейді. Біріншісі – әнші анасы Ұлдардың ана сүті, екіншісі – Жетісудың желегі желмен ойнап, терегі көкке әуелеген, бұлбұлы үздіксіз сайраған әсем табиғаты. Кенен, дейді Тілендиев, осы екі жаратылыстың ортақ перзенті. Ана сүтімен дарыған сезімтал түйсік, табиғаттың сырлы-сыбдыр әуезін санамен қабылдау әсем әндерге айналды.

Кенен әндері тыз етпе, бір қақпай, жалт етті де жоқ болдыға жатпайды. Өмір-тірліктің мәнін, зар-мұңын, арман-айын, беу дүниесін, па шіркінін тереңнен қозғайтын күрделі әндер.

«Бозторғай», «Көкшолақ», «Домбыра», «Ри қойым», «Шырқа, даусым», «Көпшілік тыңда әнімді», «Біздің Отан жеңеді» сияқты әндерін дәл өзіндей орындау үшін жел жетпейтін жүйріктің алапат жүрек соғысы керек.

Кенен әндерін орындау үшін танымдық, талғамдық, бекзаттық, тектілік қажет. Кенен әндерінің ерекшелігі бір ғана сезімнің еркетотай әуезі емес. Олардың қатты тартып өрген бұрымның тарқатылған кезіндегідей жайылып сала беретін де, жүйріктің сауырын сипап қана отыратын төрт таспаның жеңіл өріміндей ерке шиырылып тұтас мамырлап тұрып алатын да, қыранның қос қанатындай қиядан қиқу салып кете баратын да, тік шырқаса тікенді ойдың тігісін қақыратып жіберетін де кездері көп. Осылардың бәрінде дүние шіркін мың аунап, өмірдің өзегі бірде өбектеп, бірде өртеніп, ғұмырдың мағынасы менмұндалай түседі. Кенен туралы көптеген жазбаларда оның авторлары осылардың бәрін айналып өтіп кеткен. Айтқандары, Кенен қашан туды, әкесі кім болды, қанша ән шығарды, кімді көрді, сондай-ақ өзінің онымен әңгімелескені, қолына су құйғаны, атқосшы болғаны болып жортақтап кете барады.

Менің көршілес қырғыз ағайынның біраз ақын, ыршыларымен сұхбаттас болғаным бар. Қайсыбір жылы «Қырғызстан маданияты» журналы бас редакторының үйінде қазіргі «Өнер» баспасының директоры жазушы Әшірбек Көпішев екеуміз қонақта болдық. Сонда қырғыздың бір ыршы азаматы Кененнің «Бұлбұл» әнін орындады. Сәл-пәл бұзыңқырап айтты. Күрделі әннің иірімдерін икемге келтіре алмады.

Алайда, мәселе онда емес еді. Мәселе, осы әннің қырғыз әндерімен тамырлас, туыстастығында болатын. Қырғыздың төкпе ақындары, ыршыларымен қоян-қолтық жүрген Кенекең өз әніне қырғыз мақамын да қиюын тауып қиыстырып жіберген. Мұндай шеберлік, Пушкиннен біраз дүние аударған, әрі оларына ән шығарған тек ұлы Абайда ғана байқалған. Бұл әнді түрлендіру, мүлде жаңа рең беру мақсатында жасалған ұлы тұлғалардың эксперименті де болуы мүмкін. Әлде таланттың танымға сұранып тұрған тағы бір таңдай қақтырар қыры ма екен.

Меніңше, Кененнің тағдырына өзі де, өзгеміз де ризамыз. Ең әуелі ол тоқсан жасады. Шерағаңның (Шерхан Мұртаза) сөзімен айтқанда жазушы, ақын, композитордың жасы ұзақ болғаны

дұрыс. Сонда ғана халқына көп бере алады. «Бозторғай» мен «Сексен жас» әндерінің арасында ойын баласының 13 жасын алып тастағанда 67 жыл жатыр. Бұл ұзақ жылдар тарихи оқиғаларға толы болды. 1916 жылғы ақ патшаға қарсы көтеріліс, 1917 жылғы қазан төңкерісі, жиырмасыншы жылдары жүрген ұжымдастыру, кәмпеске, отызыншы жылдың басындағы ашаршылық, оның аяқ шеніндегі сталиндік репрессия, Ұлы Отан соғысы, тас-талқаны шыққан халық шаруашылығын қалпына келтіру, тың көтеру сияқты тірсек тістесіп тізіліп кете беретін аумалы-төкпелі замандар түгелдей Кенекеңнің көз алдында өтті. Көз алдында өткенде ол мұның барлығына төбеге шығып алып бақылаушы ретінде отырған жоқ. 1916 жылдың оқиғасына араласты. Араласып «Әли батыр» дастанын жазды. 1921 жылы Қордай ревкомының төрағасы болды. Бұл Қазақстанның басына Голощекиннің «Кіші октябрь» зауалының төніп келген кезі еді. Әйтеуір, одан қырғыз ауып, аман қалды.

Аса дарынды тұлға үшін адамның, жалпы тірліктің мәнін ашу – өмірдің ащы-тұщысын, уы, мен зәрін пайымдауына тікелей байланысты. Ұлы өнер «ала жаздай ән салып, селкілде де билей бергеннен» тумайды, қан қақсатып, қабырға қайыстырған азап-шерден туады. «Азабы жоқ, шері жоқ елім қайтіп күн көрер!» дескен бабалардың күңіренісінде осы әңгіме, осы ғибрат жатыр. Кенекеңнің күрделі әндерінің бәрі дерлік жарық дүниеден, жарық дүниені жайлаған жан біткеннің тіршілігінен мән-мағына іздеген, арман-тілегін айтқан құдыретті, қуатты күңіреністер. Рас, Атамызда ажары атқан таңдай да, күйменің күміс қоңырауындай сыңғыр қаққан да, күлтеленген жалы да бар әндері аз емес.

Былайғы жұрт ойлайды: «Е, құдай берді, құдай берген соң әнді де, өлеңді де шығара береді» деп. Олай емес, ағайын. Ұлы талантқа – ұлы еңбек керек. Ұлы талант тамақ ішіп отырып та, әлдебір шаруамен айналысып жүріп те, пойызда, автокөлікте, самолетте кетіп бара жатып та шығармашылық процесін тоқтатпайды.

Ол жақта үйлердің төбесі тоқал болады. Әбутәліп әлгі тоқал төбеде шалқасынан түсіп жатса, есіктің алдын сыпырып жүрген әйелі: «Әбутәліп, әй Әбутәліп, не істеп жатырсың?» деп сұрамай ма. «Жұмыс істеп жатырмын» депті Әбутәліп. «Ой сұмдық-ай, жатқан адам қалай жұмыс істейді» деп таңқалыпты әйелі. Үй шаруасындағы қарапайым адам ақынның жатса да, тұрса

да өлең шығарып жататынын, яғни оның жұмысы өзінен басқа өзгеге көрінбейтінін қайдан білсін. Атамыздың да творчестволық процесінің күндіз де, түнде же тынымсыз жүріп жатқаны, оның соншама ұзақ жылдарға ұласқаны даусыз. Болмаса, бір емес, екі емес ондаған классикалық әндері дүниеге қалай келеді. Ондаған классикалық әндерді жарық әлемге алып келген Кененнің шексіз еңбекқорлығын ұлы таланттың қайтпас Қаһармандығы, қайталанбас ерлігі, қазақ рухының қанаты талмас Қыран-Қырағылығы демеске шара, қане!

Осы қасиеттердің барлығын жазбай танығаң, ең алдымен, әрине, халық. Алайда, «Тұрымтай тұсымен» дегендей, қилы кезеңдерде таланттың да тасада қалып, тағдырының тәлкекке түсіп кетуі өтірік емес. 1950 жылдың соңына қарай қайран Атамның белгісіз дертпен табаны күректей алты жыл төбесі аласа, едені сыз қоржын тамда сал болып жатып қалғаны бар.

Егер сол кезде Красногор ауданына 28 жасар Асанбай Асанов басшы болып келіп, ақынды іздеп тауып, қазіргі Кенен ауылынан оған үй салдырып, қамқорлық жасамаса, қалайда, қалай еді-ау. Егер Қазақстанды Дінмұхамед Қонаев билеп тұрмағанда Кенекеңнің 75 және 90 жылдық мерекелері республикалық деңгейде дүбірлеп өтіп, оған былайғы жүз сан әдебиет пен өнердің саңлақтарын, саясаттың серкелерін айтпағанда сол кездің дүниені тіреп тұрған «қызыл» қаламгерлері Мәскеуден СССР Жазушылар одағының бірінші секретары Марковқа дейін арнайы келер ме еді, келмес пе еді, Айтматов сияқты ақиықтар аталап сөйлер ме еді, сөйлемес пе еді?

Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың аса қадірлейтін, көңілден ешуақытта ұмыт қалдыруға болмайды деп қадап айтып отыратын екі композиторы бар. Оның бірі – Кенен, бірі – Шәмші Қалдаяқов. Өзі халықшыл Елбасы халықтық өнер үлгісіндегі екі ерен тұлғаны ел есінде ұстауды аманат қылып отырады екен.

...Ұрпақтар ауысар. Билік бірден-бірге жетер. Бірақ, осынау азаматтық дәстүр келер ұрпаққа үлгі болып қалары даусыз. Ендеше, Алатауға ексең де екі келмейтін Кененнің кеңістігі – мәңгілік. Ел билеген азаматтар оның шамын, халқы отын жаға береді. Дәтке қуат деген осы.

«Ақ жол» г-ті, 17 маусым, 2004 ж

Мырзатай Жолдасбеков

ДҮЛДҮЛ ЕДІ, БҰЛБҰЛ ЕДІ КЕНЕКЕҢ!

Өмір–көшкен керуен, аққан дария секілді, бір көш кетіп, бір көш келіп, ұрпақ алмасып жатады. «Елу жылда - ел жаңа, жүз жылда - қазан» дегенді қазақ осыған байланысты айтқан. Ғұн, сақ, көк түрік, хандар заманынан небір дана, ғұламалардың есімі қалды. Күні кеше ғана көзіміз көрген, қайсы бірінен тәлім алған, қазақ халқының ажары, тұтқасы, мәртебесі болған Кенен, Қаныш, Мұхтар, Бауыржан, Әлкей, Дінмұхаммед секілді тұлғалар, асыл ағалар өтті дүниеден. Айлар, жылдар өтіп, жан жарасы да жазылды. Сонда да сағынасың, аңсайсың, еске аласың.

Сал–серінің соңы, қазақ заманының үні, ғажайып әнші Кенен Әзірбаевпен 1964 жылдан бастап ол кісі дүниеден өткенше он жыл бойы әкелі–баладай, ағалы–інідей жиі араластым. Баласындай әлпештеп, інісіндей қастерлеп, кейде тіпті құрдасындай әзілдесіп отырушы еді. Араға аз күн түссе, айлап араласпағандай, не көптен көріспегендей, жылдар жолығыспағандай сағынысып ұшырасатынбыз. Құшақтап маңдайдан иіскейтін. Сонда әппақ күмістей сақалы желбіреген баба құшағында тұрғандай сезінетінсің. Жұрт құсап сілкілесіп қол алысып, шылпылдатып кісінің бетінен сүйіп жатпайтын. Жүріс – тұрысында, сәлемдесуінде үлкен парасат, биік мәдениет, салауаттылық, ерекше салтанат болатын. Осынысы әдептіліктің, мәдениеттіліктің ғасырлар бойы қырда қалыптасқан дала мектебі тәрізді көрінетін.

Өнерпаздың еншісі ел ішінде деген емес пе, Кенекең несібесіз, дәулетсіз болған жоқ. Дастарханы берекелі еді. Екі жүзді алаяқты, жылпос – жылмағайды, жағымпаздарды, өтірікші – суайтты, жанаяр жалқауды, керенауды жек көретін. «Өтірік, өсек айтқаным жоқ, қулық–қиянат жасағаным жоқ, ораза – намаз ұстағаным жоқ, жағымпаз болғаным жоқ – одан өзгенің бәрін істедім», – деуші еді жарықтық. Шынында да Кенекең аз сөйлеп, көп тыңдайтын ұстамды, сабырлы; адамды ұлтына, руына бөлмейтін көпшіл; аңқылдаған ақкөңіл, сауықшыл, қонақжай; адал, таза, әділ кісі болатын. Көңілі түссе көл болып, көңілі қалса көндей қатып, сілтідей тынып, сараңнан да сараң боп тамбай қалатын.

Кенекең шежіре, аңыз еді, әңгімешіл еді. Елдің тарихы, жы-

раулар, билер, шешендер, байырғы күйшілер туралы ол кісінің аузынан байтақ әңгіме естідім, жазып та алдым. Кебекбай, Сүйінбай, Ноғайбай, Жамбыл, Бердібек, Байсерке, Шөже, Майкөт, Құлмамбет, Сұраншы, Қалмырза, Сағымбай, Төкпе, Шәбден туралы айтқандарын кезінде «Асыл арналар», «Жүз жыл жырлаған жүрек», «Тоқсан толғау» деп аталатын кітаптарымда жариялады да. Сондықтан бұл мақалада Кенен туралы кейбір есімде қалғандарды ғана жазғанды жөн көрдік.

Кенекең Мұхтар Әуезовпен кеш араласады. 1960 жылдың шілдесінде Мұхаң Ыстықкөлге кетіп бара жатып жол-жөнекей Кененнің үйіне соғады. Жеңгеміз Валентина Николаевнамен шаңқай талтүсте келіпті. Аман – есендіктен соң Мұхаң:

– Кенеке, ештеңеге әуре болмаңыздар, асығыспыз, бір шай ішіп аттанамыз,– депті.

Қазақ оған қарай ма, шай келеді, қой сойылады, ет асылады; Кенекең күй тартады, ән салады, арасында байтақ әңгіме айтады, табан астында қиыстырып ұзақ жырлайды. Асыққан мейман сол күні қонып, ертеңіне түстен кейін бір-ақ аттанады. Көл-көсір әңгімеге, ақынның көп білетіндігіне, шешендігіне әбден риза болған Мұхтар Әуезов:

– Кенеке, мен Сіздің әншілігіңізге тәнті едім, бірақ мұншалықты көп білетініңізді, терең екеніңізді білмеуші ем, өзгенің жырын жатқа айтатын жыршы ма деп ойлаушы ем, Сіз шындығында да ғұлама жырау, атақты ақын, әбжіл шешен, байтақ шежіре, халқымыздың ғасырда бір туатын адамы екенсіз,– депті.

Сол жылы күзде М.Әуезов Кененді Мәскеуге Шығысты зерттеушілердің дүниежүзілік конгресіне алып барып «Қобыланды батырдан» Тайбурылдың шабысын жырлатады. Отырған орындығын Тайбурыл ғып мініп сахнаны айнала шапқан Кененнің қимылына, асқақ даусына, орындау шеберлігіне залдағылар тәнті болып, қайран қалады. Әдетте босқа шашылып-төгіле бермейтін Мұхаң осы оқиғаға байланысты «Мәскеу» қонақ үйінде үлкен той жасайды. Екеуінің кеш те болса табысқан бақыты баянды болмай, 1961-дің жазында ұлы жазушы дүние салғанда Кенекемнің:

Тұлпардың бір аяғы сынғандай боп,
Сұңқардың оң қанатын жұлғандай боп.
Айрылдық, арамыздан кетті Мұхтар,
Аймаңдай, айна көзін жұмғандай боп.

Асылым, арысым, Мұхтаржан-ай,– деп, қабырғасы қайысып күңіренгені әлі есімде.

1964 жылы Кенен КазГУ-ге кіші ұлын оқуға түсіруге алып келді. Қасында Мұхамеджан Қаратаев бар.

– Шықтым биыл сексенге,
Тай үйретем тепсеңге.
Екі Кенен тумайды
Алатауға ексең де.

Жасым сексенде. Үнемі өстіп салақтап келе береді деймісіңдер, баламды оқуға түсіріп беріңдер,– деді Кенекең.

Мұхамеджан Қаратаев ағамыз:

– Жігіттер, баласы әдебиетші болар, болмас, Кенекең үлкен ақынымыз, сондықтан жәрдем беріңдер, – деді. Уәдені беріп біз қалдық. Кенекең риза болып ауылына қайтты. Ешқайсымыз баласының аты-жөнін сұрамаппыз. Емтихан басталды, не Әзірбаев, не Кененов болар деп жабыла кеп іздейміз. Ондай бала жоқ. Кененбаев Ырым деген абитуриент бар екен. Не де болса осы шығар деп «бесті» қойдым да жібердім. Емтихан аяқтала бере:

– Мені сізге Мұхамеджан Қаратаев жіберді, Кененнің баласы қазақ тілі мен әдебиетінен ауызша емтиханнан құлап қапты – деп біреу келіп тұр. Бұл қалай деп, абыр-дабыр болдық та қалдық. Сөйтсек, Кененнің баласының аты-жөні Қабылтаев екен, анасы Насиханың төркіндерінің атына жаздырған екен. Біз оны қайдан білейік, амал жоқ, ердей боп Кенекең өзі келген соң, қиын да болса, екіні беске түзеп, Бақытжанды оқуға түсірдік.

Күзде оқиғаға байланысты Кенен бізді Қордайға қонаққа шақырды. Бардық. Сексенге келсе де қамшыдай қатқан, суытылған аттай ақын ықыласпен қарсы алды. Кешкісін үйге жастар жиналды. Кенекең жыр төкті, шетінен өнерпаз ауыл жастары тамылжытып ән салды. Мен ақынның қызы Төрткенді (шын аты – Төрт кемпір бір шал) бірінші көруім еді. Әнді бабына келтіріп, иін қандырып айтады екен, заты әйел дегені болмаса, әншілігі атасынан аумай қапты. Көп кешікпей Кенекеңнің 80 жылдығына арнап теледидардан бірнеше хабар бердім, Төрткенді көпшілікпен таныстырдым. Жұрт Кененді дүниеден баяғыда өткен аңыз адамындай көреді екен, тірі екендігіне сенбей, хатты, сұрақты қарша боратты. Ел сенбеген соң амалсыз экраннан Кененнің өзін көрсетуге мәжбүр болдық.

Сол жылы Кенекең:

– Ынтымақ– берекесі күшті ағайын,

Төменгі Балқаштағы ысты ағайын, – деп ақын Балтағұлға;

– Ақыныңды алып кел,

Өнеріңді салып кел, – деп қырғыз ағайындарға, жан-жақтағы бауырластарға жар салып, тегіс шақырып, дүркіретіп сексен жылдық тойын өткізді. Тойы елдің, көптің тойы боп жақсы өтті. Біз баласындай, туған інісіндей тік тұрып қызмет еттік.

Кенекең сексенінде де күйлі, елге сыйлы еді; көнеден қалған дана, бәрімізге пана еді; мақтанатындай ақын еді, жалпыға жақын еді; шешен еді, көсем еді; етек – жеңі кең еді, сөзі елге ем еді; кең жайылған кереге, өркендеген өнеге еді; халқының дүлдүлі, сайраған бұлбұлы еді. Тірісінде кімнің қадірін кім біліп жатыр дейсіз. Кенекеңнің расында да көненің көзі, бабалардың бізге қалған сөзі екенін; сал-серінің соңы, халықтың сеңсең тоны екенін; бұрынғының бізге жеткен үні, Алатаудың шыңы екенін бәріміз де ол кісі өлген соң әбден сезіндік. Сый–құрметті адам баласына тірісінде жасағанның жөн екенін тереңірек түсіндік.

– Базар, Назардан айырылып, күңіреніп тентек қойдай теңселіп, жадап-жүдеп жүрген кезім еді, бір күні далбасалап Ұзынағаш базарына келдім, – деп сөз бастаушы еді кейде Кенекең,– келсем, базарда Әбдіғали Сариев:

– Маңдайының ағы бар,
Тағы айтарым тағы бар,
Мұны тапқан кісінің
Маңдайының бағы бар,–

деп жар салып, өлеңмен жоқ іздеп тұр екен, амандасып, базарды аралап, атыма келіп тартпасын тартып, ауыздықтап, енді мінейін деп тұрғанда, біреу келіп қамшының сабымен бүйірімнен түртеді. Қарасам - Жамбыл. Қабағын түйіп:

– Өзіңнің мойның қылқиып,
Атыңның бұты тыртиып,
Әжептеуір жігіт ең,
Қалған ба саған тіл тиіп.
Ер жігіт десем, ез құсап
Мойып қапсың сылқиып.
Көп ойлама уайым,

Тағы да табар жұбайың,
Түбін берсін құдайым.

Не боп кеткенсің түге, құдай өзі берді, өзі алды. Көтер басыңды, көтер еңсеңді, берейін десе Алланың қазынасы кең, құдай қаласа келін тағы да ұл туып, бақытты боласың, өзім құтты болсын айтып барамын,- деді. Тәтемнің батасын алып ауылға кеттім.

Қайғы ішімді өртеп барады, жер-көкке сыймаймын. Бір күні Насиханы алып қырғыздың Ыстық Ата курортына кеттім. Демалып жатқанмын, жетектеген тайы, өңгерген қойы, теңгерген қымызы бар, түске таман есік алдына бір қора аттылы келіп тұр, қарасам ішінде атақты Оспанқұл бар, көңіл айта келген қырғыздың ақындары екен, Оспанқұл (Кененмен қарын бөле) ат үстінде қобызын шертіп, өлеңді ағытып қоя берді:

Атеке, атеке!
Ассалаумағалейкум,
Аманбысың, Кененім,
Амандаса кеп едім,
Алатауды жаңғыртты
Зарлап айтқан өлеңің.
Қайтыс бопты қайтесің
Базар-Назар бөбегің.
Жал-құйрығың жетілсін,
Өткенге кім өкінсін.
Ата-анаңнан айрылған
Өзің де Кенен жетімсің.
Өзі беріп, өзі алған
Жалғанды кім жекірсін.
Әйелің тағы ұл туып,
Мойныңа қайта секірсін.
Алатаудың басындай,
Басыңа бұлт орнады.
Орта жасқа келгенде,
Көңліңді қайғы торлады.
Елуге келген жасың бар,
Көкала сақал, шашың бар.
Түскен тұман жарқ етіп,
Шыққан күндей ашылар.
Әйелің тағы ұл туып,

Асығың қайта шашылар.
Алматы, Бішкек – борборым,
Кедейден болды шоңдарым.
Қартайғанда, Кенеке-ау,
Балалар өліп сорладың.
Қамықпағын, Кенекем,
Ұраның сенің Кебекем!
Ноғайбайды жалмаған,
Жалмайтын бәрін жер екен.
Қырық кісі кеп тұрмыз
Сізге амандасуға.
Қатар жатқан құрбы деп,
Қапалы көңілді ашуға.
Дүние де бізден өтер деп,
Қара тайды жетелеп,
Қазақ-қырғыз сойысын
Беріп келсек не етер деп,
Жеті мес қымыз теңгеріп,
Қара кепе өңгеріп,
Алдыңа келіп біз тұрмыз
Балаңды жоқтап еңіреніп.
Мен Оспанқұл – жиенің,
Бөлебала күйеуің.
Қапа болсаң ортақпын,
Сырқырайды сүйегім.
Көңіл айта көп қырғыз
Қосып келді тілеуін.
Дүниеге әркім келіпті,
Пәнидің өзі көріпті.
Дәуіт деген пайғамбар,
Аллаға қолын жайғандар,
Бір намаздың үстінде
Отыз ұлы өліпті.
Берген де құдай өзің деп,
Алған да құдай өзің деп,
Олар да сабыр қылыпты.
Сынамаққа құдайым
Жебірейілді жіберіп,

Бір жыл сынап көріпті.
Жас шықпапты көзінен,
Таймаған соң сөзінен.
Отыз ұлға татитын
Жалғыз ұлды беріпті.
Оттың да тілін біліпті,
Судың да тілін біліпті.
Сайтан менен періге
Тамашалап мініпті.
Қамықпағың, Кенекем,
Осындай істер болыпты.

Қырғыз бауырларым сөйтіп қайғымды біраз ортайтып кетті.

Көркемжан туғанда, аруағыңнан айналайын, Жамбыл тәтем келіп қайғыны біржолата көтеріп кетті». Осылай бір шер тарқатқандай болып еді Кенекең. Сол жолы Жамбыл:

– Кененім, келіп қалдым қуанған соң,
Тұйғының үйрек – қаз бен қу алған соң.
Келінжан, бата берем, қолыңды жай,
Құдайдан өлгеніңе құн алған соң.
Құтты болсын Көркемің,
Өсе берсін өркенің,– деп батасын береді.

Әбден жанын қинап, зарлап жүріп, зарығып жеткендіктен бе, Көркемжан туғанда, әулеттің қуанышында шек болмапты, әбден еркелетіп өсіріпті; шілдеханасын, тілашарын, тұсаукесерін, атқа мінгенін, сүндетке отырғанын, мектепке барғанын, оқуға түскенін тойлай беріпті. Көркемжанның ержеткенін, үйленгенін тілемеген кісі қалмапты. Сөйткен Көркемжан бір күні қалада орысша өскен Динаны алып келгенде ата-анасы есінен танып қала жаздапты. Ес жиып: «Қой, құдайдан тілегеніміз осы еді ғой, құтты қылсын»- деп ұлан асыр той жасайды. Елден рұқсат алып, жолын беріп, Кенен келінінің бетін өзі ашады:

Құтты болсын, келінім, аяғыңнан,
Осы еді ғой күткенім баяғыдан.
Мал–мүлкіңе ие бол арнап жиған,
Өсекшілдің сақ болғын саяғынан.

Құтты болсын келгенің, Дина келін,
Өзіңе арнап дүние жинап едім.

«Базар-Назар» ән салып жылай-жылай
Талай-талай жанымды қинап едім.

Халқым тілеп әперген Көркем едің,
Көк желкеме мінгізген еркем едің.
Алғаныңмен қоса ағар, бірге қартай,
Елу беске келгенде көрген едім.

Кейбір жастар бұл күнде мүлкі боп жүр,
Бірін-бірі алдайтын түлкі боп жүр.
Ғашық болып қосылып, ертеңіне
Кеңселерге сүйресіп, күлкі боп жүр.

Таутекедей тау-тасқа аттап кетпе,
Кір жастықты басыма жастап кетпе.
Ауылыңда театр, кино жоқ деп,
Баламды ертіп қалаға бастап кетпе.

Қуанышым, қайрат-күшім, Көркемжан,
Қуанышым, жігер-күшім, келінжан.

Сөйткен Көркемжан мен Дина балалы-шағалы, үбірлі-шүбірлі болды. Дина ата-анасының үдесінен шықты, шаңыраққа ие болды. Қайран Көркемжан, аңқылдаған аққөңіл еді, Кенекеңнен аумаушы еді, бертін келе ақындығы да шыға бастап еді, дүниеден ерте кетті. 1993 жылы мен Бішкектен докторлық диссертация қорғап, қасымда Асанбай Асқаров бастаған ағаларым бар, жол-жөнекей соққанымызда, Көркемжан басында бөркі, үстінде шапаны бар, бізді атасының мұражайының алдында күтіп тұр екен, Кененнің өзін көргендей болдық. Қолына домбыра алып, маған өлең арнады. Ол өленді мен кейін «Ел тағдыры – ер тағдыры» деген кітабымда жариялаған едім.

1972 жылы елімізде Жамбылдың 125 жылдық тойына әзірлік жүріп жатты. КазГУ-дің филология факультетінің деканымын.

Бір күні мені Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров шақыртты. Келдім. Естігенім болмаса, кездескен кісім емес еді. Даңқы жер жарады. Кабинетіне жүрексініп кірдім. Сәлемімді жылы шыраймен қабылдады. Кім екенімді біліп отыр, менің туған ауылымда да болған екен. Әбіржімей,

өзімді еркін сезіне бастадым. Қоңыр дауысты, келбетті, түлеген сұңқардай кісі екен:

– Екі күннен кейін Ленин сарайында Жамбылдың 125 жылдық тойының салтанаты өтеді. Димаш Ахметович өзі қатысады. Шетелдерден қонақтар келеді. Әбділдә Тәжібаев баяндама жасайды. Осы тойға қалай да Кенен Әзірбаевты қатыстыруымыз керек. Жібермеген адамымыз жоқ, ол кісі көнбей отыр. Насиха жеңгей: «Бір көндірсе Мырзатай ғана көндіреді. Жамбыл қартайғанда: «Кененнің үнінен басқаны ұқпаймын», дейді екен. Сол айтқандай, бүгінде Кенен Мырзатайдың сөзінен басқа кісінің сөзіне құлақ аспайды» – депті, саған сеніп отырмыз, шырағым, барып көнсе ертең Кененді Алматыға алып кел,- деді.

Бұл сөзі маған ауыр болды. Шал көне қойса, көнбесе қайтемін? Тәуекел деп күйеу баласы Тасығанды (Қауіпсіздік комитетінде істеуші еді), жиені полковник Манан Иманбаевты алып, Қордайдағы ақынның үйіне келіп жеттік. Неге келгенімізді сезіп отырған тәрізді, Кенекең сәлемімізді салқындау алды. Өзі сексеннің сегізінде. Бәйгі атындай болып жүретін кісі, соңғы екі-үш жылда аурушаң, жардай боп толып еді.

– Ата, – деп мен сөз бастадым, – екі күннен соң Алматыда Жамбылдың 125 жылдық тойы өтеді. Үкімет атынан арнайы шақырушы болып келіп отырмыз, бүгін салқын түсе жүруіміз керек, ертең тынығасыз, арғы күні жиынға қатысасыз, жиналыңыз,– дедім.

– Алматыдағылар Кененді баяғыдай айтса шауып жетіп келеді дейді-ау, бүгінде қарға адым жер мұң болып отырған жоқ па, жолға жарамаймын, жүрегім шыдамайды, бейнетке қаласыңдар, – деді.

Бәріміз де дағдарып қалдық. Насиха апам:

– Әй, Кенен, жолда қалам деп қорқып отырмысың. Өлмейтін пенде жоқ. Өлмесе Кебекбай, Ноғайбай қайда? Сүйінбай, Жамбыл қайда? Өлсең мына балаларың: «Атам-ай, атам-ай!» – деп жылап-еңіреп ауылға әкеп көмеді. Балалардың сағын сындырма - деді. Дауысы қаттылау шықты. Ақын сыңай білдіре қоймады. Мен сөзге қайта араластым:

– 1937 жылы Жамбыл тоқсан екі жасында жер түбі – Тбилисиге, Шота Руставелидің өз тойы де емес, «Жолбарыс терісін жамылған батыр» деген дастанының 750 жылдығына барды. Сонда қолтығынан демеп Сіз жүрдіңіз қасында. Қырық жыл

үзеңгілес болдыңыз, ұстазыңыз Жамбылдың мына тұрған Алматыда, іргеңізде өтіп жатқан тойына қалай бармайсыз, ел не дейді, Димекең мен Асекең не ойлайды, партия қалай түсінеді мұныңызды? – дедім.

Сөз өтті білем.

– Бармайын деп отыр деймісің. Қу кәрілік шідерлеп-матап, шемендеп отырған жоқ па түге, бар десеңдер, барайын – деді қиналып.

Мәз-мейрам болдық. Киімдерін алдырдық. Бірі шақ келмей әлекке түстік. Сыйғанын кигізіп жолға шықтық.

Алматыға алып келіп, Төрткеннің үйіне түсіріп, ертеңіне Асанбай Асқаровқа кіріп баяндадым. Асекең қатты қуанды. Орталық партия комитетінің мәдениет бөлімінің меңгерушісі Михаил Есенәлиевке телефон соғып, тойға шақыру билетін алдыртты.

– Кенекең бірінші қатардың 12-орнында отырады, сен екінші қатардың 12-орнында, ол кісінің артында отырасың, – деп түсіндіріп, қолыма шақыру билетін берді.

Маусымның 9-күні Республика сарайында салтанат ашылды. Біз сахнаға кешігіп жеттік. Жұрт жайғасып, Димекең салтанатты ашып, Әбділдә Тәжібаев баяндама жасап жатыр екен. Өзі денелі, буындары тырысып қалған, өліп-тіріліп Кенекеңді сахнаға сүйреп шыққанымда, Жамбыл тіріліп келгендей, Кененді көрген жұрт түгел орындарынан тұрып қол соқты. Алғашында президиумдағылар не болғанын түсінбей қалды. Еңкеңдеп, ентігіп келе жатқан ақынды көргенде олар да түрегеліп кетті. Бірінші - екінші қатардың арасымен сүйрелеп келемін. Бәйтеректей боп қол соғып тұрған Димекең:

– Кенеке, ассалаумағалейкум, қалайсыз, аман-есенбісіз?– деді.

Кімнің сәлем бергенін Кенекең аңғармай қалған тәрізді көрінді маған. Сүйрелеп апарып әйтеуір орнына отырғыздым. Өзім артына отырдым. Орнына жайғасқан соң Кенекең маған бұрылып:

– Әбділда менің келгенімді айтты ма?– деді.

– Айтты,– дедім.

Біраздан соң қанының қысымы көтеріліп, шаршағандай болды. Дәл қасында отыр еді, осыны сезген Асекең:

– Сусын әкеп бер. Үзілісте қан қысымын өлшет, укол салдыр, – деді.

Салтанатты жиналыс аяқталды. Жұрт лап беріп Кененің қолына жармасты. Мен пәленшемін, мен түгеншемін деп жатты

жапырлап. Кенекең оның біріне де мән берген жоқ, аман-есен тез сахнадан кетудің амалын іздеді.

Сахна төріндегі бір бөлмеге апарып тынықтырдым. Сәл есін жиған соң:

– Димаш көрінбейді ғой, Асанбай да келмеген бе өзі – деді.

– Ойбай-ау, жаңа екеуі де тік тұрып сізге сәлем беріп, аман есендік айтысты ғой – дедім.

– Ой, қу кәрілік, Димашым мен Асанбайымды танымағаным – мені құдайдың атайын дегені екен. Түбіме жеткен екенсің қу кәрілік, сен кімді оңдырып ең, кімді аяп ең – деп әбден пұшайман болды. Қатты қиналды. Концертке қарамады. Мен ол кісіні Төрткеннің үйіне апарып салдым.

Келесі күні (10 маусым) тойдың жалғасы Жамбылдың ауылында, алма бағының ішінде өтті. Көп үй тігілген екен, Кененді соның ең шеттегі жұпынысына түсірді, біз қасында болдық. Қонақ күткен жалпаңбайлар басшылармен әлек болып, ақын ескерусіз қалды. Тезекбайды шақыртты да әкесінің тойына құтты болсын айтып, Кенен дәмге де қарамай, Қордайға тартты да кетті. Ұлық көрсе иіліп, шыр айналған қазақ-ай, бүйтпесең қазақ боласың ба деп, көпке дейін айыға алмаған қалың ойдың құрсауында қалдық. Жамбылдың бір өлеңін оқып көрмеген қайсыбір әкімдерге биіктетіп үй тігіліп, қымыз сапырылып, қазы-қарта тартылып, өзді-өзі гу-гу боп жатты...

Ал Жамбылды қырық жыл қолтығынан демеп, қасында жүрген, жыры мен сырын ұққан, өзі де тоқсанды алқымдаған Кенен, осылай қатардағы мейман дәрежесінде де күтілмеді. Бұл Кенен Әзірбаевтың аяулы Алматыға, ұлы ұстазының ауылына соңғы рет келуі еді... Абыр-сабыр есі шығып, босқа даурығатын мінезден арылар ма екенбіз...

Көп кешікпей республика жұртшылығы тағы бір жыр мерекесінің – Кенен Әзірбаевтың 90 жылдығының қамына кірісті.

Таңдамалыларының, әндерінің жинағын шығардық; теле-радио хабарлар үздіксіз беріліп жатты; оқу орындарында, аудандарда, облыстарда ақынға арналған әдеби кештер, жиындар, айтыстар өткізілді, естелік мақалалар жарияланды.

Ақынның 90 жылдығы, өнер жолының 75 жылдығы өзі туып-өскен жерде, Бөлдек тауының етегінде 1974 жылғы маусымның 22-23-інде өткізілді.

Қазақ жері импровизацияның туын тігіп, қанатын жайған жер, ақындықтың бағы жанған жер.

Көкшолағы Кененнің дүлдүл болған, өзі қазақ халқына бұлбұл болған, аталы жасқа жеткен, даңқы асқан, аты аңызға айналған заманы еді. Жырдың тойы – елдің, халықтың тойына айналды. 217 үй тігілді. Бәйгеге 172 ат қосылды. Екі күн бойы ұлттық ойындар өткізілді, әншілер тамылжытып ән салып, күй төгіліп, жыр ақтарылып, ақындар суырылып айтысқа шықты. Мұны көзімен көріп, басынан кешкен Кенекең риза болды:

– Қазақ ілгеріде небір айтулы ас берген, мен ес білгелі мұндай той өткен жоқ. Осының бәрін жасап отырған халқыма мың алғыс. Армансыз адам жоқ дейді. Мен армансызбын. Осынша жасқа жеттім, бақытқа кенелдім, бәрін де көрдім, енді менің арманым жоқ, – деп тебіренгені есімізде.

Халқының пейіліндей кең, жеріндей байтақ, теңіздей терең, тауларындай биік, ән–жырдан туған, данадай ақын атамыз Кенен Әзірбаев бәрімізді өзінің саф алтындай таза өнеріне, сұлу келбетіне мәңгі ғашық етіп, ежелгі аңыз адамындай, 1976 жылдың көктемінде 92 жасында Сұлутөрдің етегінде, Қордайдың бауырында дүние салды. Аспан жылап, тау теңселді. Дауыл соғып, ел күңіренді.

Кенен фәни дүниеде мәңгі жасамайтынын білді. Өлерінен екі апта бұрын Төрткенге «Қалады-ау!» деп атын қойып, әніменен ең соңғы мына өлеңін жаздырды.

Қайран елім, туған жерім,
Ажал жетсе қалады-ау.
Қара көрге, қатты жерге,
Халқым шулап салады-ау.
Жалғыз көйлек, еншім тимек,
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Есіл тәнім, салтанатым,
Жер астында қалады-ау.
Қырғыз, қазақ, Абақ, Тарақ –
Ардақты елім қалады-ау.
Арғын, Найман,
Қоңырат, Қыпшақ,
Керей, Уақ қалады-ау.
Әлім, Адай, Жағалбайлы,-

Саңлақты елім қалады–ау.
Алшын, Жаппас,
Тама, Табын –
Жан - жақты елім қалады-ау.
Албан, Суан, бірге туған
Қалың Дулат қалады-ау.
Шапырашты, Ысты, Ошақты,
Сарыүйсінім қалады-ау.
Ботпай, Шымыр, Сиқым, Жаныс –
Бауырларым қалады-ау.
Жарлықамыс, Қасқарауым,
Ораз, Бұхар қалады-ау.
Солтанкелді, Бөкен бауырым,
Сатый-Ботый қалады-ау.
Сыбаға алып, есіне алып,
Қай бауырым барады–ау.
Жарым, балам, іні - аға,
Жора –жолдас қалады-ау.
Ақ домбырам, қағаз-қалам
Серік болған қалады-ау.
Қимас достар, тең құрдастар,
Кәрі-жастар қалады-ау.
Бірге жүрген, ойнап күлген
Замандастар қалады-ау.
Қала-дала, сай мен сала,
Жүрген жерлер қалады-ау.
Тау мен тастар, тартқан көкпар,
Әріптестер қалады-ау.
Сыңғыр қаққан, сырын айтқан
Күміс бұлақ қалады-ау.
Жалғыздығың, шықпас үнің
Тап сол жерде болады - ау.

Кенекең болмыс бітімі де, жүріс-тұрысы да бөлек, табиғи дарын – таланты да ешкімге ұқсамайтын, Алатаудың шыңындай ойы да биік, бойы да биік, әсем үнді, ділмәр тілді, мінезге бай, қонақжай, ерекше жан еді. Кенекең ғасыр бойы жасаған байтақ мұрасымен, армандай әншілігімен, аққудың қанатындай әдемі, әппақ жібектей сақалымен, бәйтеректей бойымен көзге де, көңілге де өзгеше бір

жұмбақ жандай, данышпан абыздай болып көрінетін.

Қайран ақын мәңгілікке көз жұмды, артына өлмейтін, елімен бірге мәңгі жасайтын байтақ мұра, өнеге қалдырды. Кененді ақындар – жырында, әншілер-әнінде, күйшілер-күйінде жоқтады.

Ұлылардың, сал-серінің соңы еді. «Шаруа түбі-кеніш, саудагер түбі - борыш, таздың шашы-сұйық, серінің арты-ұйық» – деп отырушы еді жарықтық. Әкемдей болып еді, аялаушы еді алақанымен. Құшағына алып маңдайымнан иіскегенде жұмаққа кіргендей болушы ем. Апта көрмесе сағынып, мені де іздеп отырушы еді. Той өткен соң үш-төрт айдай келе алмағанымда «Мырзатайға» деп әні мен сөзін шығарып, маған мына өлеңді арнаған еді.

Сағынып сәлем жаздым Мырзатайға,
Жігітсің сөзге шешен, тілің майда.
Қормалы, қорғаушы боп ақындарға,
Маған да көп еңбек қып тиді пайдаң.
Өз жүзің көрсеткендей өз келбетін
Баласың алтын сөзді, асыл айна.
«Түтпейді түбі бірге»,– деген халық,
Таныттың өнерімді көп жамайға.
Тілектес боп өзіңе бата беріп,
Отырмын өзің көрген жайлы жайда.
Келін мен балаларға менен сәлем,
Еңбегің маған сіңген кетпейді ойда.
Сәлемді той өткелі бермей кеттің,
Қарағым, өкпең бар ма, кеттің қайда?
Отырмын нардай шөгіп бір орында,
Тағдыр мен кәрілікке бар ма айла.
Тілектес аман-есен жүргеніңе
Отырған Кенен атаң терең ойда.

Бұл әнді де Кененнің аузынан жазып алған – Төрткен.

Атамызды бүгінде бәріміз де аңсаймыз, сағынамыз. Өзін де, үнін де, «шырағым» дейтін сөзін де аңсаймыз. Нұры пейіштің төрінде шалықтасын жарықтықтың.

Кенен Әзірбаев - өмірде де, өнерде де қайталана бермейтін құбылыстардың бірі, сан өнерді жарастырып тең ұстаған ұлы тұлға; жырау әрі ақын, жыршы әрі күйші, әнші әрі композитор, шешен әрі шежіреші. Ол Қордайдан түлеп ұшқан жыр қыран еді, әндегі импровизацияның тамаша үлгісі еді, терең сөздің тұнбасы

еді. Оның байтақ мұрасы халқымыздың биік эстетикалық мұраты ретінде ұрпаққа үздіксіз қызмет ете береді, ұлы Жамбылдың есімімен егіздің сыңарындай бірге аталатын болады, халық поэзиясының айы мен жұлдызындай бірге жасайтын болады; жыл өткен сайын арман, құдірет, аңыз адамына айнала береді. Өйткені ол артына өлмейтұғын сөз, өшпейтұғын өнеге қалдырған ақын.

«Егемен Қазақстан» г-ті, 16 маусым, 2004 ж.

Ізбасар Балтағұлұлы

КЕНЕН МЕН БАЛТАҒҰЛ

Жыр алыбы Жамбыл жыраудың шәкірті, күміс көмей әнші, ақын, композитор Кенен Әзірбаев пен ақын Балтағұл Бигелдіұлы екеуі замандас, екеуі де XIX ғасырдың аяғында дүниеге келген. XX ғасырда халқы үшін қалаулы, елі үшін елеулі болып, өздері өмір сүрген ортаға, өлкеге, ел-жұртының бақытты өмір сүрулері үшін аянбай еңбек еткен сүйікті ұлдары болып дүниеден өткен жандар.

Екеуі де жер жәннаты Жетісудың, Іле мен Шу өзендерінің арасындағы кең алқаптың бірін, ағасы Кенекең – оңтүстігіндегі Қордайында, екіншісі, інісі Балтекең – солтүстігіндегі Балқашта өмірлерінің балалық, жастық, ержетіп есейген шақтарын өткізіп, тағдырдың бастарына жазған бүкіл ауыр-жеңілін, ыстық-суығын, қызығы мен шыжығын, азаматтық қайраткерліктерінің бәрін атқарған.

Екінші бір сөзбен айтқанда, Алланың адамдарға жалған дүниеден несібесіне жазған аласасын алып, бересесін беріп, о дүниелік болған жерлері де осы жерлер болған. Бұл екі кісінің өмірлерінде де бір ерекше ұқсастық бар екеніне таң қаласың, екеуі де кедей таптан шыққандар. Екеуінің балалық, жастық шақтары феодалдық дәуірдегі қазақ кедейлерінің сол жылдардағы ауыр тұрмыс тауқыметтерін бастан кешіргендері. Егер де Кенекең Қордайдың тау-тасында жалаң аяқ, жалаң бас байшыкештердің малын бақса, Балтекең төменгі Іле бойындағы Желтораңғы деп аталатын қысы қатты, жазы өте ыстық, маса-сонасы, шыбын-шіркейі көп жерде өмір сүрген ауыл балаларының өмірін басынан

кешірген. Екеуі де жас кездерінен бастап ауылдағы той-жиындар мен сауық-кештерде өлең айтып, ән салудан бастаса, өсе келе ақындық жолға түседі.

Ал одан кейін Кеңес өкіметі орнағанда Кенекең Қордай болысының ревкомы болса, Балтекең Сарытауқұм болысының ревкомы болған. Міне, дәл осы жылдары танысып, Кенекең ағасы, Балтекең інісі болуы басталған. 1925 жылы менің әкем Балтағұл бүкіл Жамбыл өңіріне атағы кең жайылған, 20 жылға жуық болыс болған әкелі-балалы Қасбек Мамыттың туысы Мәделінің қызы Мәдинаға үйленгенде, Кенекең күйеу жолдас болған екен.

– Жалайыр, Сүндетбай болыстың асында Балтағұл – сен басқарып, менің ән салғанымды ұмытқан жоқсың ба? – дейді Кенекең. Балтакең екеуі де өз дәуірінің, өмір сүрген қоғамының ақындары. Негізінен, елді, жерді, табиғатты, адалдықты, еңбекті, достықты жырлады. Кезінде үстем таптың әділетсіздігін, зорлық-зомбылығын, қанаушылықты мінеп-сынап, әшкерелеген өлеңдер жазды.

Кейінірек, Кенекең «Қырғызбай», «Әли батыр» атты дастандар жазса, Балтекең «Балқаш», «Бөлтірік» атты дастан жазған. Кенекең атақты «Бозторғай» мен «Көкшолақ» әндерін шығарғанда, Балтекең Кенекеңе еліктеп «Жетісу», «Көкторғай» деген әндер шығарған. «Кенекеңнің әншілігіне тәнті болып, ұқсағым келіп, кейін мен де домбырамен, гармонмен ән салатын болдым» дейтін. Бармақ ақынның, Балуан Шолақтың әндерін келістіріп тұрып салатын.

Екеуі де кешегі өткен сал-серілердің жалғасы деп айтсам артық болмас. 1974 жылы Кенекеңнің 90 жылдық тойына мен сол кездегі Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров ағамызға еріп Алматы қаласының атынан барып едім (онда мен Алматы қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болатынмын). Шапан жауып, домбыра беріп жатқанымызда: «Сен Балтағұлдың Ізбасары болсаң, Балтағұл менің ізбасарым еді», деп маңдайымнан сүйгені әлі күнге есімнен кетпейді.

2001 жылы Балтекеңнің туған жері Желторанғысында 110 жылдығы атап өтілсе, ал 2004 жылдың 18-маусымында Кенекеңнің туған жері Қордайда Кененнің 120 жылдығы облыс көлемінде аталып өтті. Астанада қазақтың көркемсөзінің бүгінгі көрнекті өкілдері Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза, Өмірбек Байгелдилер

Кенекең жөнінде терең, жастарға үлгі боларлықтай мағыналы сөздер сөйледі.

Ал, Кенен шығармашылығын зерттеп жүрген аса көрнекті филолог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, академик Мырзатай Жолдасбеков қазақтың ақындық өнерінің шығу, даму, сондай-ақ, бүгінгі жай-күйін Кенен шығармашылығымен байланыстырып, Кенекең тіріліп, бізбен бірге отырғандай етіп, халық ұйып тыңдаған әсерлі баяндама жасады.

Сол той-жиында Жамбыл облысының жаңа әкімі Бөрібай Жексембин, Қордай облысының әкімі Уәлиев Құрманғали және осы мақаланың авторы Балтағұл ақынның баласы мен де сөз сөйледім. Бәріміз де Кенекеңнің қазақтан шыққан дара, тума талант, өзі ақын, өзі күміс көмей әнші, өзі композитор сегіз қырлы, бір сырлы ерекше жаратылған жан екеніне таң қалдық. Қырғыз бен Қазақстанның ортақ халық ақыны Естемес жыршы, Жамбыл облысынан Кенекеңнің бүгінгі ізбасарының бірі Аяз Бетбаевтар Кенекеңе деген арнау жырларын төкті. Кенекеңнің 120 жылдық тойында балаларының атынан өзінен аумай қалған ұлы Бақытжан Кененұлы ел-жұртқа, Елбасы мен Үкіметке Кенекеңнің ұрпақтары атынан алғысын білдіріп, «Әке рухымен сырласу» атты кітабын таратты.

Мақаланы екі ақынның ертеректе бір-біріне жазған өлең-хаттарымен аяқтауды жөн көрдім

КЕНЕН АҒАҢ

Жазамын ыстық сәлем Балтағұлға
Болыпты көрмегелі он бір жылға.
Бір өскен, біте қайнап замандасым,
Жүруші ем сағынғанда тізіп қылға.

Балтағұл көрмегелі көп жыл болды,
Көрісіп ақпен алдым сіздің қолды.
Ағарып сақал-мұртым қолқайырдай,
Елудің ортасына жасым толды.

Басында Ақбас таудың жатқан кезде,
Көкбарды Көкбас таудан тартқан кезде.

Жар болып Мәделінің қызын алып
Тойында күн-түн өлең айтқан кезде.

Атақты арғы атаң Қабан еді,
Ер туған ежелден-ақ бабаң еді.
Асына Сүндетбайдың барған шақта
Балтағұл сонда талма бала едің.

Ескі Іле, жаңа Іле мен Топар еді
Іленің кескестеген қоңыр желі.
Еркімбек, Балтағұл боп қатар жүріп,
Әлпештеп, әнші қылып жүрдің мені.

Үш бала жолдас болды, сіздің елден,
Үш жүзден талай әнші, күйші келген.
Құрманқұл, Өмірәлі, Шалиямен
Бұлар да келген екен Балқаш көлден.

Балтағұл аман ба деп сұрастырдым,
Заманында кеңестің құлаш ұрдым.
Поезда келе жатып қол шайқалып,
Тар жерде алты ауыз сөз құрастырдым.

Біз көрген жора-жолдас аман ба екен,
Олар да бізді есіне алар ма екен.
Сәлем де алған жарың Мәдинаға
Бір көріп бас қосар күн болар ма екен.

Балтағұл ұғып жүрсің біздің жайды
Басынан малға кедей сөзге сайлы.
Үш қызым, бір ұлым бар биыл туған.
Дәм татқан аға, жеңге күйлі-жайлы.

Замандас сағынған соң сәлем жаздым,
Бұл қатты асығыста әрең жаздым.
Дәуірінде кеңестің құдай қолдап
Көк құнан, көлде жүрген қоңыр қазбын.

3 қыркүйек 1939 ж.

КЕНЕНГЕ ХАТ

Ассалаумағалейкум, Кенен аға,
Жасыңнан елдің қамын жеп ең, аға!
Ақ ниеттің аты арып, тоны тозбас,
Атаң қазақ осылай деген аға!

Болғанда аға бордан, іні зордан,
Өсірдің зор іні қып өзің қолдан.
Аға дейтін адам да аз-ақ қалды,
Дәл өзіңіз сияқты сыртқы қорған.

Арамыз алшақ тартып бара жатыр,
Мендегі кінә қайсы сізге болған.
Көп болды, аға, сізден хат алмадым,
Сондықтан тыныш тауып жата алмадым.
Кенекең аман ба деп көп сұрайды,
Білетін бұл жақтағы қатарларың.

Ана жылғы тойыңа бара алмадым,
Әлі ішімде сақтаулы сол арманым.
Қырғыз-қазақ бас қосқан ұлы тойдың,
Арман сол – қызығында бола алмадым.

Жүрейін деп жатқанда дайындалып,
Бәйгеге қосатұғын тайымды алып.
Бір науқас аяқ асты жығып салды,
Жайына жүретұғын жайым қалып.

Еді ғой менің сырым сізге мәлім,
Шырқайтын болмаса да асқақ әнім.
Бармасам да құттықтау айтайын деп,
Үш ауыз сөз жазуға келді әлім.

Газетін «Социалды Қазақстан»
Оқып хабар алушы ем іштен, тыстан.
Бір указда көрінді есіміңіз,
Алтын ән шығаратын жез бен мыстан.

Партия береді елге басшылықты,
Халықтан аямайды жақсылықты.
Ардақтап сексен жасқа келуіңді
Құрметті грамота тапсырыпты.

Ел үшін еңбегі көп тапсырылған,
Соның бәрі ән мен жыр ақтарылған.
Сіздің көпке таратқан әндеріңіз,
Әр әншінің аузында жатталынған.

«Қайран жастық» деген бір арман әнің,
Менің де жүрегімде сақталынған.
Сексен жасқа келгенше еңбектерің,
Халқыңыздың алдында ақталынған.

Құрметті грамота, хатыңызды,
Ардақты сексен жас деп ат тағылған.
Қуанып, құшақ жайып құттықтаймын,
Балқаштың қарттарының аттарынан.

КЕНЕКЕҢЕ!
(үшінші хат)

Кенен аға, хатыңызды оқып көрдім,
Сөзі анық сызуындай басқан мөрдің,
Оқып болып қолыма ұстап тұрып,
Өзіңізді көргендей сәлем бердім.
Шын жүйрік күйі келіп шабарында,
Ой мен қыр бәрі бір ғой ылди өрдің.
Сөзіңізге сусыным сонша қанды,
Зәмзәм суын ішкендей шәрбат көлдің.
Мал семіз, әрі қунақ, қарты күйлі,
Мен тұрған Балқаштағы қалың елдің.
Өкімет ауданыма назар салып,
Жол салдырып, сырлатты үстін жердің.
Бақанастың көшесі түгел асфальт,
Шаршағанша келеді жүре бергің.

Ал сіздің оқығанда өлеңіңді,
Тойды қарным тигендей аққа ернім.
Хатпенен хабарласып тұруымыз,
Бұл менің таласы жоқ бақыт белгім.
Жемісті әр уақытта ел еңбегі,
Еңбекпенен ердің де көгермегі.
Менің бала-шағамның аты-жөні
Жазылған ретімен төмендегі.

Балтағұл Бигелдиев

БАЛТАҒҰЛҒА

Сағынып сәлем жаздым Балтағұлға,
Толыпты көрмегелі отыз жылға.
Бастаған партияның панасында
Бөленді еңбекші ел бақыт нұрға.

Қолыма еске түсіп қалам алдым
Ағаңнан қуанышты сәлем алғын.
Ауырып алты жылдай жазылған соң,
Қайта тұрып, шырқатып әнге салдым.

Колхоздың іргетасын қаласып ек,
Талпынып тар кезеңге таласып ек.
Танайлар, Еркінбекпен қайран жолдас
Сондағы бір серігің Оразымбет,

Жандосов, Бөрібаев ойнап-күліп.
Жарылмай көрсеткенде сый-құрмет,
Қарыбай, Қанай менен Бабаевтар.
Төсекте жолдас болып бір жатып ек

Көрінсе қайда сұлу көз суғарып.
Төрт бөліп түн ұйқыны түн қатып ек.
Қосылып төскейде мал, төсекте бас,
Ән шырқап, шарап ішіп алысып ек.

Ойыма сол күндерім түсіп кетті,
Көбісі жолдастардың қайда өтті.
Аталап кейінгілер ақсақал деп,
Енді міне, кәрілік бізге жетті.

Қадірлі қартайғанда болу керек,
Халыққа үлгі алғандай әділетті.
Болады кімге жолдас жалған өмір,
Ауылдан түтіні жоқ мекен етті.

Ақ кірсе сақал-шашқа келген хабар
Өмірін ойласын деп берген хабар.
Дүние-дүние деп жүрген шақта,
Бір күні сап дей түсер өлген хабар.

Амалың күллі әлемнен ассадағы
Жан үшін алтын-күміс шашсадағы.
Құтылған қу ажалдан естімедік,
Жел мініп жеткізбейтін қашсадағы.

Байлығы жан-жануар дені сауы,
Аңдыған ауру екен жанның жауы,
Жазылдым ауруымнан алты жылдай
Ажалдың түспеген соң құрық-бауы.

Белгісі дос адамның қарлығаштай,
Белгісі қас адамның қара тастай.
Отарда амандасып бір көріндің,
Көп адам кетуші еді саламдаспай.

Іленің сен жатырсың жағасында,
Қордайдың қоныстандық сағасына.
Көрнекті көк үй салып берді маған,
Бастаған партияның панасында.

Тарайды Абақ – Тарақ Бақтиярдан,
Алатау, Жетісудан қоныс алған.

Болады арғы атамыз Ойсыл – Үйсіл
Сұрарсың сол жердегі кемпір-шалдан.

Қызы еді Мәделінің алған жарың,
Аман ба содан туған балаларың.
Атақты арғы атаң Нәрен батыр.
Бермеген Бегелдіге намыс-арын.

Тойында күйеу жолдас өзім болып,
Келіннің тойын бастап шырқағанмын.
Балқаштың маңайында барлық елге
Сәлем айт, аманатын Кенен шалдың.

Айтарсың ұрпақтарға, таныстырып,
Өмірім оқығанға бәрі мәлім.
Ондатрдың жатырсың ортасында
Өз қолыңмен жаратып баршасында.

Жақсы деген атағың жер жарады,
Адал бала, келіннің арқасында.
Өзің киіп ішікті, тұмақпенен,
Мені ескермей Балтажан жатасың ба,

Іскер келін істесе маған арнап,
Ақсақалдың алғалы батасына.
Ел сыйлаған есікте отыра ма,
Біз де жарап қалармыз қолқасына.

Тепең қағып тілемсек шалдар құсап,
Тығып кетер біз емес қалтасына.
Аман-есен болыңдар тілектеспін,
Қалжың сөзге, шын жауап айтасыз да.

1958 ж.

БАЛТАҒҰЛҒА

Балтағұл! Осы хатты Алматыдан жазып отырмын. Себебі, көптен бері қол тимеді, сіздің хатыңызға жауап қайтара алмай әне-міне, көп болды қонақтар. Украинаның онкүндігі Қазақстанда болғанын біліп отырсың, олармен бірге мен де Жамбыл қаласына бардым. Біздің үйде де болды, бір тобы Чехословакия деген елден келді. Содан бүгін Алматы телевизорына келіп, тым болмаса амандық білдіргелі асығып жаздым. Тегіс аман-есенбіз. Хатыңды оқып қана қуанып жолаушылап кете бердім.

Үй-іштеріңізге, бала-шағаларыңызға сәлем де. Толық хатты тағы да жазармын өзіңе, тағы да жаз. Хат күтеміз.

Бұл материалдар Ізбасар Балтағұлұлының архивінен алынды, 2004 ж.

Көсемәлі Сәттібайұлы

ЕКІ КЕНЕН ТУМАЙДЫ АЛАТАУҒА ЕКСЕҢДЕ

Базар-Назардың қазасынан кейін жеті тұяғын жер қойнына берген Кенекеңнің кеңдігінде шек жоқ екен. Жалғыз ұлын соғыс жалмап, бір үйде келіні екеуі шошайып отырып қалған енесіне алдымен Көркемжанды, содан кейін Бақытжанды беріпті. «Екі Кенен тумайды, Алатауға ексең де...». Ақынның автопортретіне айналған осы әйгілі өлең жолдарының мәнін оның өнерінен ғана емес, адами мәрттігінен де іздеу керек сияқты. Жуырда Астанаға жолым түсті. Әкесін «жезде», анасын «әпке» деп өскен Бақытжан Парламентте қызмет істеп жүр...

– Сіз дүниеге келгенде Кенен атамыз қанша жаста еді?

– Алпыста! Бірақ мен нағашы әжемнің қолында өстім. Шешемнің жалғыз бауыры Қыдырбек Қабылтаев деген кісі соғысқа кетіп, Курскінің түбінде 1943 жылы қайтыс болды. Енесі мен келінінің бір үйде шошайып отырып қалғанын көріп жүрегі езілген Кенекең «қу жалғыздықты өзім де талай бастан кешіп ем, мына екеуіне де әбден обал болды-ау, Көркемжанды берейікші,

алданыш болсын» депті шешеме. Көркемжанның онда бес-алты жасқа келіп қалған кезі ғой. Естияр болып қалған бала нағашы апамыздың қолында бір аптадай жүреді екен де, үйге қашып кетеді екен. Әкем атына мінгізіп қайта апарып тастайды. Ол қайта қашады. Сөйтіп жүргенде 1945 жылы, шілде айында мен дүниеге келіппін. Сөйтіп, арада үш-төрт ай өткенде нағашы апамның бауырына мені «теліпті». Нағашы апамның келіні Сақыпбала мен төртке келгенше туған баласындай бағып-қағып, кейін тұрмысқа шықты.

– Ол кісі кейін араласып тұрды ма?

– Мен үйленген кезде (1972 ж.) «құтты болсын» айтып келді. Бір әйел жылап кеп, бетімнен сүйіп әппақ жейдені кигізбек боп жатқаны есімде. Шешемнен «мына кісі кім?» деп сұрасам, «ойбай-ау, бұл сені төртке келгенше бағып-қаққан Сақыпбала деген анаң ғой» деп күліп жатыр.

– Туған әке-шешеңізді қай уақытта білдіңіз?

– Он төрт жасымда білдім. Ол кезде біз тұрған Киров колхозында сегіз жылдық мектеп болды. Кенекең «мені ары қарай қайда оқытамыз» деген мәселені Сәбит Мұқановпен ақылдасып көрсе, ол кісі «Алматыға келіп оқысын. Көмектесейін» депті. Содан келіп құжаттарымды дайындау керек болды. Аудан орталығына барып әкем Қыдырбек туралы анықтама алуым керек. Әскери комиссариатта отырған әйелдер аң-таң. Таңданбағанда қайтеді, әкем 1943 жылы қайтыс болған, ал мен «1945 жылы тудым» деп қасқайып тұрмын. Бір татар әйел маған жылұшырай қарап: «Айналайын, туған жылыңды айтпай-ақ қой. Әкем соғысқа кеткен қашан қаза болғанын білмеймін, әжемнің қолында өстім» деп жүре бер деді. Сол кезде менің жүрегім бірдеңені сезгендей болды...

– Оған дейін шынымен-ақ ештеңе білген жоқсыз ба?

Жоқ тіпті ауылдағы аузы жеңіл жеңгелерімнің де «сен ақын атамыздың баласысың» деп айтқан емес. Кейде «Бақытжан, сен қай елсің? Жездеңе неге тартып кеткенсің?» деген әзілдеріне де аса мән бере бермейді екенмін. «Кетші-ей, әкеңнің!...» деп жүгіріп кетіп қаламын. Од кездегі адамдардың тәрбиесі өзгеше бөлек болатын. Ал, Кенекең өмірімде бір рет «балам» деп бетімнен сүйген емес. Мен әкемді «жезде», шешемді «әпке» деп өстім. Осы күні нағашы апамды есіме алсам, ет-бауырым елжірейді. Дәм-тұзы таусылып, өмірден озғанша бар тілеуі менде болды. Жарықтық,

бала кезімнен құлағыма құя берейін деген болу керек, мен қашан ұйқыға кеткенше «балам, сен Қыдырбектен қалған жалғыз тұяқсың, сенің арғы аталарың Күдері, Байқалмақ деген кісілер бай-бақуатты болған. Кенен сенің жездең, Насиха – әпкең. Әкең Қыдырбек соғыста шейіт болғаннан кейін, амал жоқ, осылардың қолына келіп тұрып жатырмыз. Қорадағы малыңнан айрылып қалма. Бәрі ауылкеңесте қаттаулы тұр...» деп сыбырлап жататын еді. Тіпті малға салатын енімізге дейін айтатын. «Біз малдың екі құлағының ұшын айшықтап кесеміз. Сен де солай ет, құлыным, ұмытып қалма. Ал, мыналар – дейді Кененің үй жағын нұсқап – бір жақ құлағын айшықтап кессе, екінші жағын теседі» дейді.

Бұрын біз «Иірсу» деген елді-мекенде тұратынбыз. Сақыпбала тұрмысқа шығып кеткен соң Кенен бізді Отар стансасына, өзінің қасына көшіріп алды ғой. Кішкентай қоржын тамның бір жағында нағашы апам екеуміз тұратынбыз.

– *Содан...*

– Бір күні жездем мені шақырып алып: «Бұл кісі жасы үлкен аруана... Көзі тірісінде маған тән бала екеніңді білдіріп қойып жүрме! Онда құдай алдында екеуміз де ұятты боламыз» деп біраз ақылын айтып, қолыма туу туралы куәлігімді ұстатты.

– *Бірақ, Алматыға Қабылтаев боп кеттіңіз ғой...*

– Интернатқа да, кейін университетке де Қабылтаев Бақытжан Қыдырбекұлы болып түстім. Менің оқуға түсуім де қызық әңгіме. Ол жөнінде ғалым Мырзатай Жодасбеков ағамыз газетке де жазған. Аты-жөнімді кейін ҚазМУ-дың екінші курсында жүргенде ауыстыруға тура келді. Кенен ақынның 80 жылдық мерейтойына орай Алматыдан пәтер беретін болды. Үйді менің атыма жазайын десе, менің ата-тегім басқа. Тіпті үйдің ордеріне де кіргізбейді. Ақыры, Әзірбаев Бақытжан Кененұлы деген төлқұжат алуға тура келді. Бірақ достарым мені әлі күнге дейін Қабылтаев дейді...

– *Кенекеңді «жезде» деп әзіліңіз жарасып өсіпсіз. Ақын атамыз жадыңызда қандай кісі боп қалды?*

– Өте қонақжай кісі еді. Аты аңызға айналған ақынды көзі тірісінде көріп, әнін, әңгімесін естіп қалайық дейме, алыс-жақыннан ат арытып көп қонақтар келіп жататын. Сонда Кенекеңнің қонақ жайлылығы сонша, бір топ қонақты аттандырып тұрып, аттарынан түсіп жатқан екінші бір қонақтарды күтіп алып: «Бұлардың нәсібі бөлек, тағы бір қойды әкеп сойыңдар» дейтін. Мен, әлбетте,

қонақтардың қолына су құйып, қызмет жасаймын. Шайдан кейін жастыққа шынтақтап жатып, ақырын шылым шегетіні болушы еді...

– Қандай шылым шегуші еді?

– Ол кезде «Казбек» деген шылым болатын. Соның бір талын күміс портсигарынан алып асықпай тартып алатын еді. Содан соң бізге әнін, әңгімесін айтып отыратын. Кенекеңнің әншілігімен қоса, әртістік шеберлігі ерекше еді ғой. Әңгімесін айтып отырып: «ал, балалар, мен сендерге қазір Шашубай боламын» дейді. Бір кезде «ал енді Шөже ақын боламын» деп көзін тарс жұмып алып, екі қолымен айналасын сипалап шақшасын іздейді. Шөже көзі көрмейтін зағип болған ғой. «Домбырам басы балқурай, басына қонар бозторғай. Қалампыр мен насыбай, насыбайдан бермесең ауырады басым-ай!» деп құйқылжытады. Ал енді, шақшасын жорта іздеп, оны тауып алған болып, астыңғы ернін созып тұрып насыбайды салғанын көрсеткенде, біз қыран-топан күлкіге бататын едік. Жалғыз біз емес, Кенекеңнің өнерін тамашалауға келген қонақтармен бірге, бүкіл ауыл адамдары жиналады. Олар да мәз. Ол кездің «теледидары» Кенекең болатын.

Енді бір сәтте Үмбетәлі ақынның қимылын келтіреді. Үмбетәлі болған кезде тұйғындай түйіліп алып, құйрығымен жорғалап ала жөнеледі. Үмбетәлі ақын шабытына кіріп, шамырқанған кезде бір орнында байыз тауып отыра алмай құйрығымен жылжып кетеді екен. Содан Жамбыл жәкеміз бастаған ақындардың арасында «қара жорға» атаныпты. Одан бір кезде «диуана» кейпіне кіріп кетеді. Ондайда айтқан өлеңдерінің бәрі діни мағынадағы сөздер болып кетеді. Осы күні ойға салсам: осының бәрін біз құлағына құйып, есіне сақтай берсін деп әдейі көрсетеді екен ғой. Өйткені мұның бәрін айтуға, жазуға болмайды...

– Кенекеңнің кітабы шыққан жоқ па еді?

– Ол кісі араб харпімен жазатын. Уақыт өте келе білгенінің бәрін бір жылдан астам отырып қағазға түсірді ғой. Жазушы, ғалым Нысанбек Төреқұлов әкемнің осы шығармасын басып шығаруға көп еңбек сіңірген адам. Сол кісі күндіз-түні қасында отырып, ақынның арабша жазғандарының бәрін латыншаға көшіріп, өңдеп, баспаға дайындап берді. Бірақ, соның өзі «Қазақстан» баспасынан 3-4 жыл «сүрленіп» жатып әрең дегенде пышақтың қырындай ғана болып шықты емес пе...

Көптеген аңыз-әпсаналарын кеңес үкіметінің саясатына «томпақ» келеді деп қысқартып тастапты. Нысанбек ағамыз бен Төрткен әпкемізге рақмет, сол кітаптың қысқарған жерлерін толықтырып 2000 жылы «Елорда» баспасынан, баяғы «Аңыздар сыры» деген атпен қайта шығарды.

– Кенен атамыз Кенесарының Қордай түбінде болған шайқасы туралы айтушы ма еді?

– Қалай десек те ханның тұқымы ғой. Жасаған іс-әрекеттерінің бәрі дұрыс. Тек қырғыздарға тым қаталдық көрсетпей, басқаша саясат қолдануы керек еді деп отыратын. Өйткені, Шудың ар жағы мен бер жағындағы қырғыз-қазақтар, бір-бірімен қыз алысып, қыз берісіп, әбден біте қайнасып, бір-біріне бауыр басып кеткен ел ғой.

– Көп адам Кенекеңде Базар-Назардан кейін бала болмапты деп ойлайды екен...

– Мен де мұны Арқаға келгелі бері байқап жүрмін. «Айналайын, балам, біз Кененді Базар-Назардан кейін тұяқ көрмей, бір нәрестеге зар боп өтті екен деп жүруші ек, бар екен ғой!» деген кісілер де болды. Базар мен Назар – әкемнің тұңғыштары ғой. Былайғы жұрт оларды егіз деп ойлайды, шындығында олар үйелмелі-сүйелмелі, аралары бір жарым жас болыпты. Шешем Базар-Назардан кейін жеті құрсақ көтерген. Болысбек, Әбсәмет, Тұрсын деген де балалары болған. Бірақ олар да тұрмапты. Ашаршылық жылдары қырғыз жаққа ауа көшіп жүргенде көрген нәрестесін Қырғызбала деп атапты. Ол да шетінеп кеткен. Елу жасқа келгенде дүниеге Төрткен әпкем келіпті. Міне осыдан соң ғана балалары тұрақтай бастаған екен. Төрткенді «төл басым» деп ерекше көріп, еркелетіп өсірген екен.

– Биыл Кенекең аман болса жүз жиырмаға келгендей екен-ау!

– Жамбылдықтарға рақмет! Жақында Қордай ауданында Кенен атамыздың 120 жылдық мерейтойын кең көлемде тойлады. Қазақтың байырғы ұлттық ойындары көрсетіліп, тай жарыс, құнан жарыс, жорға жарыс болды. Соңы аламан бәйгеге ұласты. Тойға Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза, Өмірбек Байгелди бастаған көптеген белгілі тұлғалар қатысты. Бұрнағы жылы облыстың сол кездегі әкімі Серік Үмбетовтың арқасында атамыздың мұражайының қасынан ескерткіші тұрғызылып, облыс орталығында екі жыл сайын Кенен Әзірбаев атындағы республикалық әншілер байқауын өткізу дәстүрге айналған бо-

латын. Сол жақсы дәстүрге сызат түспепті. Әншілер фестивалін биыл Кенен Әзірбаевтың 120 жылдық тойына арналған облыстық ақындар айтысы толықтырды.

– Кенен атамыз екі рет үйленген екен. Қуғын-сүргінді сол үшін көрген бе?

– Бұл кісі отыздан асқанда кеңес үкіметі орнады. Қордай ревкомының төрағасы, кейіннен ауылдық кеңестің басшысы болып жүргенде: «екі әйел алған, ескілікті ақын-жыраулардың, биболыстардың сөзін сөйлейді, намаз оқиды» деп домалақ арызды үстінен қарша бұрқыратқан ғой. Содан арыз-шағым көбейіп кеткенен кейін бір үлкен жиында: «Мен енді өз еркіммен қызметтен кетейін, өйткені ескіше оқыған адаммын. Жаңа заманға орай білімді, көзі ашық жастар келіп жатыр, соларға жол берейін» депті. Содан бастап ақындық, әншілік өнерге біржола мойын бұрған екен. Түрксібтің кезінде көшпелі вагонмен жүріп, үш-төрт жыл әртіс болғаны да бар.

– «Ораздың ақыны» деген аты ше?

– Кеңес үкіметін орнату, халықтың сауатын ашу, жаңа саясатты елге түсіндіру сияқты науқандық жұмыстар көп болған ғой. Соның бәрінде Ораз Жандосов қасынан тастамай, ертіп жүреді екен. Ораз сөзімен, Кенен әнімен халыққа кеңес үкіметінің мақсатын, іс-шараларын ұғындырып, насихаттап отырған. Содан «Ораздың ақыны» атанып кеткен. 1938 жылы Оразды алып бара жатқанда бұрынғы «доспыз» деп төс қағыстырып жүргендердің ішінен Кенекең ғана қорықпай қоштасып, Қордайдан асқанша шығарып салыпты.

«Оразжан, серкесі едің Жетісудың,
Жасыңнан талаптанып өнер құдың.
Бір кезде самолетпен көкке ұштың,
Бұл қалай, арба мініп Тәшкен көштің?
Қош, аман бол, Оразжан!...» деген әні бар. Бұл ән көпке дейін айтылмай жүрді ғой. Өйткені, Кенекең осы әнді шығарғаны үшін абақтыға түскен. Түрмеде 5-6 ай жатыпты. Шешемнің айтуы бойынша, бір жас жігіт «жеңгей, жыламаңыз, бұл кісі кеңес үкіметіне үлес қосқан, Жамбылдың шәкірті ретінде атағы ерте шыққан өнер иесі. Құдай қаласа, көп ұзамай босатып қалар» деп жұбатып, шығарып салды дейтін. Әкемнің «Доста-

рым» деген өлеңі бар ғой, сонда Сәбитті, Тайырды, Оразды досым дейді.

– Кенекең «жезде» дегеніңізге ренжімеуші ме еді?

– Бала кезде мен оны қайдан білем. Шынымен «жездем» болса, «жездем» шығар деп жүре бердім. Қырғыздардың ақындары келеді. Алты-жеті жасар кезім-ау деймін, әлі есімнен кетпейді. Мені шақырып алып бір үлкен кісімен ақылдасып отырған сияқты: «Бақытжан, үйге ұятты кісілер келіп отыр. Біздің малды көріп отырсың, пышаққа ілігер ешқайсы жоқ, тым арық. Сенің ана қара тоқтың қоңды екен соныңды маған бер, оның орнына менің ақ тоқтымды ал» дейді. Сөйтіп, әкелі-балалы екеуміз бөтен адамдар сияқты малды сол жерде баспа-бас айырбастап, қол алысамыз. Күлмей, салмақты сөйлейтін. Оған қарап мен де өзімді шынымен үлкен азамат, бір үйдің тұтқасы сияқты сезінетін едім.

Өрістен мал келген кез де қызық. Малды қораға кіргізер кезде, дуалға атша мініп алып, қолымдағы көк шыбықпен «мынау Кененнің қойы, мынау біздің қой» деп, басқа ұрып санап тұрады екенмін. Айтпақшы, әкемнің айтқан мына бір ақылы есімде. Жарықтық, алақанын жазып: «Егер мынадай жазық болсаңдар, онда жайдақ жол сияқты үстеріңнен кім көрінген басып өтеді», дейтін. Сосын жұдырығын түйіп: «Ал мынандай болсаңдар, бұл да жаман. Бұл қарақан басының қамын күйттеген, не досы жоқ, не қуанышы жоқ, қатып қалған қара тас», дейді. Сөйдейді де, «міне мынандай болыңдар» деп жұдырығын сәл-пәл ашады, «осындай болсаң кірісің де, шығысың да, болады, қуанышың да, досың да болады» дейтін жарықтық. Жүріс-тұрысы, шөп шапқаны, атты ерттегені, атты баптағаны, атқа мінгені, бәрі әңгіме, бәрі тәрбие екен ғой...

– Сөйтіп, үш ананы тел емген телқоңыр болдым деңіз?

– Менің үйлену тойым, әкем «ағайынның ішіне жасайық» деген соң ауылда өтті. Той екі жетіге созылды. Бір жетіде менің жора-жолдастарым, екінші жетіде әкемнің ағайын-туыстары тойлады. Тойды Мырзатай аға басқарды. Қызық болғанда, сөз кезегін беріп жатып: «қазір Бақытжанның шешесі Мысбала апамызға сөз береміз» дейді. Ол кезде нағашы апам тірі ғой. Ол кісі шығып сөйлеп, батасын береді. Содан кейін «ал енді, Бақытжанның шешесі Насиха анамызға сөз береміз» дейді. Одан кейін Бақытжанның шешесі Сақыпбала апамыз ақ батасын берсін» дейді. Алматыдан

келген достарым «сонда, Кенен атамыздың үш әйелі болған ба?» деп аң-таң.

Нәрестелі болған кезіміз де есімде. Тұңғышымыз Жазира, содан соң ұл бала келді. Алматыдағы қызметтес достарым: «Сәкенді анасы еркелетіп Еркебұлан дейді екен. Сәкен Сейфуллиндей болсын деп» шуласты. Сөйтіп, атын Еркебұлан қойдық. Қырық күн өткеннен кейін ауылға алып келдік. Төрде шынтақтап жатқан әкем, ораулы баланың маңдайынан иіскеп: «Балаңның бауы берік болсын! Ақылы Мұхиттай терең, дариядай кең болсын! Аты Мұхит болсын» деді сақалын сипап. «Ата-ау, немереңіздің атын Еркебұлан деп қойып қойғанбыз» деп қалай айтамыз. Үндемей ғана шығып кеттім. Сөйтіп, достарым, қанша «алакөйлек» болса да баламыздың аты Мұхит болып қалды.

– Кенекеңнің өмірін айта берсек, бәрі өнеге ғой. Нәсиха анамыз қандай еді?

– Өте жайдары адам еді. Көркемжан үйленгенде әкем «Келінжан» деген ән шығарды. Сонда айтылғандай орысша оқып, орысша тәрбие алған жеңгемізді шешем қайта тәрбиеледі десек те болады. Әкем:

«Құтты болсын келінім аяғынан,
Осы еді ғой күткенім баяғыдан.
Мал-мүлкіңе ие бол арнап жиған,
Дұшпандардың сақ болғың саяғынан.» деген атақты әнін сол келініне арнаған. Шешем балаларға қатты сөйлеуді білмейтін, сабырлы адам еді. Қыздарына да, ұлдарына да жақсы тәрбие берді. Бұдан бөлек атақты ақынның жары болу да оңай емес. Әкеме күндіз-түні келіп жататын қонақтарды қабақ шытпай сол кісі атқаратын еді. Әкем екеуінің алтын тойын тойладық. Сонда үрім-бұтағы түгел жиналып келді. Екеуінің қолына өмірінде салмаған алтын сақина салдық. Шешемнің сондағы айтқаны ғой: «Аталарың отыр, міне, 90-ға келіп. Жас кезінде емін-еркін жүріп-тұрды. Қайда барам десе де бетінен қаққан жоқпын. Ләтипа деп лапылдап жүріп Ләтипамен айтысты, одан соң іздеп жүріп Бопина деген ақын келіншекпен айтысты. Ал отбасына ие болып, осылардың амандығын тілеп отырған мына маған бір дұрыс ән шығармапты.».

Сонда әкем, жаны таза, аңғал адам ғой: «Япырай, Нәсиха, солай ма еді?» дегенде елдің бәрі қыран-топан болған. Сонда өлерінен екі жыл бұрын, қалам ұстаған қолы селкілдеп отырып «Нәсихаға» деген толғауын жазды емес пе. Сонда бүйтіп айтады:

«Маңдайы ашық жазығым,
Нәсиха алтын қазығым.
Он алты жаста қосылдық,
Көңілімді тапқан-ай,
Қайда барам десем де,
Шаужайымнан қақпады -ай,
Туысқан-тату, жекжат-мәз,
Мінезімен жаққаны-ай.
Алақан ашық, ақ пейіл,
Ағайын мен абысынға,
Көрсетпеген бір зейіл,
Бұл сөзімде желеу жоқ,
Нәсихаға теңеу жоқ...». Тоқсан үшке сәл жетпей қайтыс болған Кенен атамыздың бұл соңғы өлеңі болды. Шешем тоқсан сегіз жасында дүние салды. Жерге жүз жасады деп қойдық қой...

– Әңгімеңізге рахмет!

«Жас алаш» г-ті, 27 шілде, 2004 ж.

Мамытбек Қалдыбай

КЕНЕН мен БАУЫРЖАН

– Бірде министр Юсуповтың шақыруымен Бішкекке бардым, – деп кезекті әңгімесін бастады Баукең. Қырғыз газеттерінде мен туралы мақалалар жарияланып, радиодан хабар беріліп жатты.

Таңертеңгі мезгіл. Алматыға қайтуға жиналып отырғанбыз. Бір жігіт рұқсат сұрап, қонақүйдегі бөлмемізге енді. Өзін таныстырған соң:

– Бауке, көрші Қордай аудандық партия комитетінің хатшысы сізге жолығып, бізге хабарла деп еді, – деді.

– Оның менде қандай шаруасы бар?

– Маған тапсырма солай. Жігіт сөйлесуге талон сатып ала келіпті. Бөлмемнен Қордайға телефон соқты.

–Мен ғой. Баукеңнің бөлмесінде отырмын. Кешікпейсіздер ғой? Жақсы, айтайын. Жігіт телефон тұтқасын орнына қойып:

– Қазір сізге өздері келмек,-деді. Жарты сағат өтпей екі жігіт кіріп келді.

– Ассалаумағалейкум!

– Уаликумсалам.

Екі жігіттің біреуі – аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, біреуі аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы екен.

– Қырғыздың газетін үзбей оқымасақ та, анда-санда қараушы едік. Алматыға қашан қайтасыз?

– Бүгін. Қазір машине келмек.

– Бауке, ол мәшинені әуре етпеңіз. Біздің де көлігіміз бар. Біз сізді қонаққа шақыра келдік. Бір күніңізді қиыңыз.

– Енді қайттік? Сен не айтасың? деп қатыным Кәмешке қарадым. Ол келісті.

– Онда Юсуповтың шоферін шақырыңдар, рақмет айтып, қоштасайын. Ол келді. Бәріңе рақмет. Қордай ауданына бармақпын. Кісілер келіп отыр.

– Бір минөтке күтіңіз, деп шофер шығып кетіп, бүйірі тоқ қара сөмкені көтеріп келді.

– Бұл не?

– Қырғыз туысқандарыңыз маған мұны Алматыға барғанда сізге табыс ет деп еді. Ашулана бастап едім:

– Оның не екенін қайтесің? Алып келгенін қайтып бермекпісің? деді Кәмеш. Рақмет. Шофер жігіт қоштасып шығып кетті.

– Ал, жігіттер, қуыс үйден құр аттанбаңдар. Шай алдырайын.

– Бауке, шай үйде дайын. Бие, түйе соймасақ та, қой сойып ел күтіп отыр.

– Қайнымдікі дұрыс, деді Кәмеш.

Бішкектен жиырма шақырым жердегі Георгивка қыстағына жетіп, айтқан үйге түстік. Аудан басшылары жиналыпты. Әңгімелесіп отырмыз. Бір уақытта бойы сырықтай, сақалы әппақ Кенен ақсақал кіріп келді. Орнымнан тұрып:

– Ассалаумағалейкум! Жоғары шығыңыз, дедім. Кенекең төрге өтті.

– Ә, қарағым, Бауыржан, мені ескеріп шақырғаныңа рақмет. Ол кісіні мен шақырғам жоқ. Аналар солай түсіндірген болу керек. Домбырасын алып келіпті. Кенекең қымыз ішіп, етті асап жатыр. Оның бір асағанын мен бір күн жеймін. Үй иесі қонақтардың көңілінен шықсам деп қыпылдап жүр. Бір кезде Кенекең домбы-

расын қолына алып, оншақты ән айтты. Даусы бар кісі ғой. Анда-санда күрсініп қояды. Кенет зарлы әуенге көшті.

– Ой, мына шалдың мұнысы несі? деп таң қалып отырмын. Сөйтсем, үлкен ұлы әскерге кетіпті. Әскерге аттанарынан бір жыл бұрын немере сүйем бе деп баласын үйлендірген екен. Соны өлеңге қосып:

– Сексенге жеткен жасым бар, тұңғыш ұлымды әскерге алдыңдар, қарттығыма қарамадыңдар,-деп әндетіп отыр.

– Кенеке, бізге кезінде неге айтпадыңыз? Айтқанда, әскерден қалдырар едік қой. Енді кеш,- деді аудандық әскери комиссар.

– Аулымның бір қулары ешкімге айтпаңыз, өздері-ақ қалдырады, деп мені алдап соқты емес пе. Кенекең тоқталу орнына домбырасын қағып-қағып жіберіп, ой кетті-ау дейсің ағып. Әскери комиссар шыдай алмай:

– Кенеке, мына отырған Баукең – Момыш ақсақалдың жалғыз ұлы. Бұл кісіні де әскерге алды ғой. Жиырма бес жыл қызмет етті. Қан майданға қатысып, елге аман-есен, абыроймен қайтты. Қазір соғыс жоқ. Жастар үшін әскерге бару – азаматтық борыш. Қайта балаңыз өмір көріп, тәртіпті болып қайтады...

Сағатыма қарасам түнгі бір.

– Кенеке, қонақ кәдесін жасайық, дедім. Мұным ұйықтайтын мезгіл жетті, дегенім ғой.

– Иә, дұрыс деді Кенен мені түсініп.

Тысқа шықтық. Мәшинеге Кенен, Кәмеш үшеуміз отырдық. Осы көлік, сізді, Бауке Алматыға жеткізіп салады, деп аудан басшылары қоштасты. Қордай асуынан асып, Кенекеңнің ауылына бұрылдық. Үйіне жетіп, мәшинаның алдында отырған Кенекеңе есік ашып, ізет көрсеттім.

Қанденге ұқсас жұдырықтай иті жүгіріп кеп аяғына оралып мәсісін, шапанының етегін иіскеп, жүргізер емес. Кенекең оған:

– Е, сағынып қалыпсың ғой, қарағым деп қояды. Үйіне кірдік Ақсақ кемпірі бар екен.

– Ой, шырағым, Бауыржан, шақырып келтіре алмайтын қонағымсың ғой,-деп құрақ ұшып қарсы алды.

– Барыңды алып кел. Ет асыңдар.

– Жоқ, Кенеке, етке қарамаймыз. Дәм татсақ болды. Мынау өзіңіз көрдіңіз кісінің көлігі.

Үлкен жақсы үйі бар екен. Соның төрінде отырмыз. Кемпірі,

келіні жандары қалмастан барын алдымызға қойып, жүгіріп жүр. Бір жақсысы піскен сүр етті турап әкелді. Кенен кемпіріне алара қарап:

– Әлгі шынылардың «қақалмасын» емес, ожауларын алып кел, деді. Мұнысы несі десем, қақалмасы – рюмка, ожауы – бокал екен. Келіні әкеп, дастарқан шетіне қойып тағы не айтады деп күтіп тұр

– Қарағым, келінжан, бұлар біз сияқты емес, қаланың қазақтары. Етті турап әкелгенің жақсы болды. Енді күміс бесақаларың бар емес пе, сол күміс бесақаларды әкел. Қазір, ата, деп үш вилканы алдымызға қойды. Кенекеңнің тіліне ішімнен сүйсініп, күліп отырдым. Келіні болса бізден рұқсат сұрап, қалтасынан кілтін алып шифонерьдің есігін ашты. Астыңғы сөресі толған әртүрлі шөлмектер, қатар-қатар тізіліп тұр. Соның біреуін алып, дастарқанға қойды.

Қарсы қабырғаға көз салсам, он екі түлкінің терісін іліп қойыпты. Жүні жылтыраған жақсы түлкілер екен. Қызылы да, қоңыры да бар. Бұларды Кенекеңнің өзі ұрып алған жоқ, бұлар Кенекеңе байланған олжалар ғой деп ойладым.

– Қарағым, Бауыржан, тамақ ал.

– Ойпырмай, Кенеке, өмірімде түлкілерді көп көріп едім. Сіздің мына түлкілеріңіз таңдамалы екен. Сібірде, Қиыр Шығыста, тағы басқа жерлерде болдым. Бірақ мыналарыңыз көз тоймайтын түлкілер екен. Сіз түлкінің қадірін біледі екенсіз. Мұны кішігірім көрме десе де болады. Бәрін қалай соғып алдыңыз? Құдай біледі мен аңшымын дейтіндердің біреуінде мұндай көрме жоқ Тіптен жарасып тұр. Әрқайсысының терісі әртүрлі болады екен-ау, ә!?. Қазекеңнің түлкіні неге жақсы көретінін бұрын жете білмей жүр едім, енді түсіндім. Сіз түсіндірдіңіз, Кенеке.

– Е, қарағым Бауыржан, мені шымшымай сөйле. Мен аңшы емеспін, әншімін. Ән – менің қанатым, деп жымиып күліп қойды. Сөзімнің астарын шалдың түсініп қойғанына іштей риза болдым. «Е, өзіне өзі әлі де сын көзбен қарайтын кісі екен-ау!» деп.

– Бағанағы айтқан өлеңіңіз нақыл сөз болды, Кенеке, дедім. Кәмеш маған көзін алартып қарап еді, мен оған жайыңа отыр деп ым жасадым.

– Жаңа мен әншімін дедім ғой. Қаншалықты ақын болғаныммен Жамбылға жету қайда? деді кеңкілдей күліп. Мұнысы – адалдық.

– Сіздің әнші, композитор екеніңізді атам заманнан білеміз,

деп мақтауын келтіріп-ақ жатырмын. Көпшікті қойып-қойып шаршадым. Кенекем болса, сабырлы қалпынан бір айныған жоқ.

Бір кезде баласы туралы сөз қозғап:

Көркемжанымды Алматының әскер бастығына айтып, қайтарсаң қайтеді? Сенің бір ауыз сөзің жетіп жатыр ғой деді.

– Кенеке, ол кісімен таныстығым жоқ еді...

– Үлкен кісіге барсам қалай болады?

– Ой, бармаңыз. Барсаңыз, сізді қарсы алады, сыйлайды, бірақ «ақсақал, мұндай нәрсеге араласпаушы едім» десе, ұялып қаласыз...

– Ал, Кенеке, мынау кісі көлігі ғой. Дәм таттық. Рұқсат етсеңіз, жүрелік. Балаңыз аман-есен келеді. Уайым жемеңіз. Қайта ол жақтан ысылып қайтады. Кенен кемпіріне иек қақты.

– Тұра тұр, қарағым. Әйелімнің алдына газетке ораулы мата әкеп қойды. «Ой, апа!..»

– Әй, бұл кісілердікі тәбәрік болады. Рақметіңді айт та, ала бер,-дедім қатыныма. Тәбәрік дегенге Кенекең көтеріліп қалды. Сондағы бір деталь.

– Батыр, мынау саған деп, Кенекең бір түлкісін маған сыйлады.

– Ой, көке рақмет. Төріме іліп қоямын. Үйіме келгендерге: «Кенекең жас кезінде соғып алған екен, маған өз қолымен сыйлады», – деймін. Шал тағы да көтеріліп қалды.

Машинаға отырып, енді қозғала бергенімізде, Кенекең қолын көтеріп, тоқта деген белгі берді. Қарасақ, ақсақ кемпірі қисаландап жүгіріп келе жатыр. Қолында орамалға ораулы заты бар.

Келін қарағым, ет асуға қарамадың. Мынау сыбағаң. Жақында сойған жылқымыздың қазысы.

Үйге келген соң қатыным ұрысты.

– Түлкісін мақтап, оны алдың. Кигізген шапаны тағы бар. Сенде мұндай әдет жоқ еді ғой!.

– Сен түсінбепсің, деп өзіне ұрыстым. Саған қарағанда шал сергек...

...Содан екі жыл өткен соң Кенекең Жазушылар одағының дәлізінде жолығып қалды. Біраз әңгімелескен соң:

– Кенеке, мейрамханаға шақырмаймын. Мейрамхананың шайы дәмді емес, үйдің шайы дәмді,– деп үйге алып келдім. Әйелім қуанып қалды. Қазы-қарта асып, шампанды ожауға (Кенекеңнің өз сөзі ғой) құйдым. Әңгімелесіп отырмыз:

– Әсілі кішіпейіл болмай, ниеті ағармай ешкім мақсатына жетпейді. Не тапса да, адам ниетінен табады. Қарағым, Бауыржан, сенің халыққа, елге деген ниетің ақ қой. Ол бала-шағаға дейін аян.

Мұндай бағаны мен Кенекеңнің аузынан естимін деп ойлаған жоқпын. Мені түсінетініне әжептеуір көтеріліп қалдым. Үйге қонды. Ертесіне қатынымa: «Шалды құрқол қайтармайық», дедім. Кәмеш марқұм текті жердің қызы еді, мені түсінді. Біраз отырған соң:

– Ата, келгеніңізге қатты қуанып қалдық, – деп иығына қызыл белбеуі бар шапан жапты. Мына жібек орамал апамызға.

– Келінім, көп рақмет деп Кенекең қуанып қалды.

Баяғы қазақтардың (бүгінгі емес) ақын-әншілерді сыйлап, шапан жауып, ат мінгізген жақсы дәстүрі болған. Содан олар да шақырған жерден құрқол қайтпаймыз, бір нәрсе алып қайтамыз деген дағды қалыптасқан. Соның бір ұшқыны Кенекеңде де бар екен.

Такси шақырттым, Жазушылар одағына жеткізіп салдым. Қоштасарында:

– Адам баласы нәпсіге кете береді, - деді Кенекең біраз ойланып тұрып. Үй салушы бір топ қарағайдың арасынан қисығын емес, түзуін кесіп алады. Ертелі-кеш тілейтінім- халқымыздың жүрер жолы, көпірі болған ер азаматтардың ниеті түзу, аман болсын , – деді.

Кенекеңнің қоштасардағы осы сөзі есімде сақталып қалыпты...

«Егемен Қазақстан» 15 желтоқсан, 2005 ж.

Бағлан Бәбіжан

ӘН ДҮЛДҮЛІ – КЕНЕКЕҢ!

Қазақтың әншілік өнері еліміздің жағрафиялық орналасуына байланысты бірнеше мектептерге бөлінеді. Олар: Батыс, Арқа және Жетісу әншілік мектептері деп аталады. Батыс әншілік метебінің іргетасын қалаған Мұхит сал, оның жалғастырушылары – Ауқат, Қиса, Аманғали, Қайып, Ғарекеңдер болса, Арқадағы әншілік – Ақан сері, Бірдан сал, Сегіз сері, Жаяу Мұса, Мәди, ұзын саны оншақты әнші-композиторлардың есімдерімен байланысты.

Ал Жетісудағы әншілік мектептің қалыптасуына себепші болған, діңгегіне ту тіккен – ән дүлдүлі Кенекең деп айтсақ қателеспейміз. Жетісуда да әншілік мектеп бірталай әнші-композиторларды тудырған. Олардың алды Қапез, Пішан, Сәдіқожа, Сауытбектер болса, кейінгі әншілік өнер Қарға, Әсімхан, Дәнештермен жалғасқан.

«Екейде елу бақсы, сексен ақын» деген ел ішіне тарап кеткен өлең сөздеріне сүйенсек, Жетісу жерінде ақындық мектептің ерте қалыптасқанына көз жеткізуге болады. Әу баста, Сүйінбай мен Жамбылдан басталған ақындық дәстүр өз жалғасын Мәйкөт, Сарыбас, Кенендерден тапты. Жалпы Кенекеңнің тұлғасын ақындық, әншілік, композиторлық қырларынан қарастыруға болады. Салсерілерге тән осы қасиеттердің барлығы да Кенекеңнің бойынан табылады.

Оны ел ішінде «замана жыршысы» деп атап кеткен, себебі ол халықтың мұң-мұқтажын, замана лебін өнер тілінде сөйлете білген ұлы талант иесі. Оның жан-жақты өнері туралы ұлы ғалым Мұхтар Әуезов былай деп жазған екен: «Кенеке, мен сізді әнші ғана деуші едім, осыған дейін анық танымаған екенмін. Сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне, әрі ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халықымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға дән ризамын» деген екен.

Кенекең ақындық пен жыршылықта өзіне Сүйінбай мен Жамбылды ұстаз тұтқан. Айналасындағы айтыс додасына түсіп жүрген замандастары, көрші қырғыз еліндегі «төкме» ақын-құрдастары оның ақын болып қалыптасуына үлкен септігін тигізді. Жоғарыда Кенекеңді Жетісу әншілік мектебін қалыптастырушылардың бірі және бірегейі дедік. Бұл пікірге көзі ашық, көкірегі ояу кез-келген адамның келісетіні сөзсіз. Себебі, бұл өңірдің арғы-бергі тарихында әншіліктен Кененнің алдына шыққан ешкім жоқ. Салыстырмалы түрде қарастырсақ, кәсіби деңгейі жағынан Кенекеңнің шығармашылы батыстағы Мұхит салдың да, арқадағы Ақан, Біржандардың да өнерлеріне төтеп бере алады, яғни артық болмаса кем түспейтіні анық. Қазақтың ән өнерінде бір-екі әндерімен атағы жер жарған әншілер аз емес. Арқаның әншілік мектебінде олардың есімі Қанапия, Жарылғапберді, Шашубай, Ғазиздермен байланысты. Ал Жетісу жеріндегі Сауытбек, Сәдіқожа, Қапез,

Пішан өнерлері алдыңғы әншілердің шығармашылық деңгейімен пара-пар келеді.

Қазақтың құтты өлкесі Жетісу жерінде, XIX ғасырдың аяғында Кененнің туып, әнші боп қалыптасуы – табиғаттың құпия құбылысы деп айтпасқа шара жоқ. Әсте, бұл Алланың сыры шығар. Жалпы Жетісудың әншілік мектебі туралы әр кезеңдерде көптеген ғалымдар құнды да, даулы да пікірлер айтқан. Солардың бірі, қазақтың әншілік өнерін жетік зерттеген профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты Саида Елеманова былай дейді: «Жетісу өлкесінде композиторлар көп болғанға ұқсайды, бірақ бұл өңірдің әншілік мектебі Арқаның әншілік мектебіне қарағанда кейін дамыған. Сол кездегі Жетісу композиторларының шарықтауы XX ғасырдың басындағы зобалаңға тап болып, көбісінің өмірі тағдыр тәлкегіне байланысты үзіліп, шығармашылықтарын дамытуға мүмкіндігі болмаған. Кененді де 1916 жылғы қасірет айналып өтпеген, бірақ ол қырғыз елін паналап, жау оғынан аман қалған.

Оның ең жемісті жылдары - революцияға дейінгі жылдар. Көп зерттеушілер Кененді Арқа әншілік дәстүрін жалғастырушы деп қарайды ол дұрыс емес. Оның 13 жасында шығарған «Бозторғай» әнін жоғарғы деңгейдегі классикалық ән деп қарастыруға болады. Және де ол бұл әнді Арқа әншілерін кездестірмей, білмей тұрып-ақ шығарған. Осы әнді Кенекеңнің жастау кезінде орындаған лентасы фонотекада сақталған. Сол лентаны тыңдап, оның жас кезіндегі даусының аса жоғары, бояуының қаншалықты әдемі болғанын білуге болады. Әншілер оны «жоғарғы форманта» дейді. Ал енді оның «Базар-Назар» деген әніндегі «уф-ей, уф-ей» деген орындаушылық әдістері қазақтың ешбір әнінде кездеспейді, ғылымда оны дыбысқа еліктеу дейді. Жалпы Кенен шығармашылығы, әсіресе әншілік өнері осы күнге дейін өз деңгейінде зерттелмеген.».

Зерттеушінің бұл сөздерінің жаны бар десе болады. Себебі, осы күнге дейін өнертану ғылымында осындай үлкен тұлғаның шығармашылығына бірде – бір мардымды ғылыми жұмыс арналмаған. Нақтырақ айтсақ, кандидаттық немесе докторлық жұмыстар. Зерттеу мақалалардың өзі саусақпен санарлық: 1975 жылы Кенекеңнің көз тірісінде академик Ахмет Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» атты монографиясында композитордың шығармашылығына көлемді очерк арнаған болатын. Араға біраз

жыл салып 1996 жылы зерттеуші-ғалым Зейнұр Қоспақов өзінің «Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің» атты ғылыми еңбегінде оқырмандарға Кенекеңнің өмірі мен шығармашылығына байланысты жаңа деректер ұсынды. Композитордың 100 жылдық тойына арналған Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетіндегі құнды материалдар мен естеліктер осы күнге дейін жүйеленбеген. Атап айтсақ, ондағы Кенекеңнің қызы Төрткен мен композитор Нұрғиса Тілендиевтің естеліктері – зерттеу мақалаларынан артық болмаса кем емес.

Сонымен қатар, әншінің көзін көрген, араласқан және сол кездегі Красногор ауданының тұрғындары өз естеліктерінде ғылыми ортаға жаңалық болатындай көптеген деректер келтіріпті. Мәселен, сол ауданның тұрғыны Қ. Қойтаев өзінің «Әннің тууы» атты мақаласында Кененнің «Бұлбұлға» деген әнінің шығу тарихын баян етеді. Әрине, бұл әннің 1916 жылы Кенекеңнің қырғыз елін паналап жүргенде туғаны туралы ертеректе жазылған, бірақ мақала авторы бұрын-соңды естілмеген нақты деректерге сүйеніп жазыпты: «Жолдастарының ақылын құп алған ақын бір түнде қырғыз еліне өтіп кетеді. Онда Ыстық ата деген жерде Әбіш Көбеев деген ақжарқын, меймандос шаруаның үйін паналайды». Міне, бұл дерек сол кезде алғаш рет жарияланды.

Ал сол газеттегі Нұрғисаның мақаласы тұтасымен ғылыми еңбек десе де болады. Ондағы жүйе, ой, мақсат толығымен ашылған. Бұл мақаланың авторы Кенекеңнің күйшілігінің, композиторлығының, әншілігінің, ақындығының қайдан келгендігін ашықтап, көңіл толарлықтай деректер келтіреді. Енді сол мақаланың түйінді ойларын келтіріп көрейік. Мақала авторы өзін толғандырып жүрген Кенекеңнің әншілігі қайдан дарыған деген сауалға былай деп жауап береді. «...Кененнің ән өнеріндегі алғашқы ұстазы , өзі айтқандай, сүйікті анасы Ұлдар шешейден бастап, сауықшыл халық ортасы, сезімтал түйсігі үнемі сыбырлап сыр ақтарып тұратын сол өзі өскен табиғат аясы деуіміз керек. Шын талант – табиғат перзенті. Ал, табиғат – өнердің таусылмас кені» дейді автор.

Кенен есейген кезде Арқаның ақиық әншісі Балуан Шолақтың өз ата-жұртына келіп (Балуан Шолақ 1864 жылы Шу өңірінде, Хан тауының етегінде дүниеге келген), Жетісу жерін аралап Кененмен жүздескен сәтін, Нұрағаң: «бұлқынған бұлақтың көзін ашқандай болды» деп суреттейді. Сөйтіп, Арқа ардагерлерінің

әндері Жетісуға Балуан Шолақ арқылы жетіп, оның зерек шәкірті Кенен арқылы тараған деп пайымдайды. Және Кененің сол сәтте шығарған «Балуан Шолақпен кездескенде» атты өлеңін келтіреді:

«Көзіңнің қырын салшы, Балуан аға,
Даңқыңыз талай елге барған, аға.
Бала едім, жаңа талап ақын-әнші,
Әніңді үйренейін алуан, аға».

Кенекең өзінің өнері қайдан дарығаны туралы «Менің ұстаздарым» атты өлеңінде анық айтады. Мұны да мақала авторы ой елегінен өткізіп, орынды келтірген:

«Анам Ұлдар әнші екен, әкем де ақын,
Ұстазым Сарыбас ақын дүрілдеген,
Шашубай мен Шолақтың әнін естіп,
Мен де сондай болам деп дірілдегем».

Әнші-композитордың бұл өлеңі жоғарыда келтірілген пайымдау, жорамалдарға нақты дәлел.

Жалпы әншілік өнерде және музыкатану ғылымында Кенен атамыздың «Бозторғай», «Көкшолақ», «Домбыра», «Ри, қойым»» сияқты әндері күрделі болғандарына қарамастан, халыққа кең тарап, ертеден орындалып келеді. Ал композитордың «Шырқа даусым!», «Көпшілік, тыңда әнімді», «Бал құйылды даладан» деен сияқты әндері Төрткен апамыздың және Жетісу әншілік мектебінің қазіргі кездегі уәкілі Ержан Қосбармақовтың көмегімен қайта жаңғырып орындалып жүр.

Кенен әндерінің ішінде Жетісу өңірінің қара өлеңдерімен, сондай-ақ қырғыз әндерімен сарындас келетін әндер бар. Олай болуы заңды құбылыс. Өйткені, әнші Кенен бүкіл өмір тарихын өнермен сабақтастырған тұлға. Қазіргі кезде Кенекеңнің композитордық өнерін жалғастырып жүрген өнерпаздар аз емес. Солардың көшбасшысы атақты композитор Алтынбек Қоразбаев. Ұстазынан бата алған Алтынбектің шығармаларында Кенекеңнің қолтаңбасы айқын көрінеді. Кенекеңнің әншілігі де, ақындығы да бүкіл қазақ жеріне әлдеқашан тарап, жайылып кеткен. Демек, Кенекеңнің мектебі қанат жайды десе де болады. Ендігі кезек, сол мұраны өз деңгейінде дәріптеу.

«Жұлдыз» ж-лы, № 1, 2005 ж.

Г. Омарханқызы

«БОЗТОРҒАЙ» ӘНІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

«Мені халыққа алғаш танытып, «Әнші бала» атандырып, өнерге алып келген бұл әннің орны мен үшін ерекше. «Бозторғай» бір менің ғана емес, сол кездегі ертеден қара кешке дейін мал соңында жүретін, күндіз-түні бір тыным жоқ барлық қойшы-қолаңдардың азаттықты аңсаған үні. Не кием, не ішем деп ойламайтын өзім қатарлы бай балаларының өмірін көріп қапаланған жан сырым ғой бұл ән.» **Кенен.**

Күздің жаңбырлы түні. Ақ таяғы қолында бала қойшы ұзақ түнге кірпік ілмей қой күзетіп отыр. Қой – ешкілер жаңбыр астында мүлгіп тұр. Бала ыңылдап ән салады. Мұңлы ән. Кейде өксігендей, кейде енесін іздеген ботадай, кейде жетім қозы тәрізді жағы тынбайды.

Жаңбыр саябырсыды, таң рауандап атып келеді. Мәтібұлақ басындағы шағын ауыл оянып жатыр. Ақ үй, қараша үйлердің түндігінен түтін будақтайды. Қой, ешкілер дүр- дүр сілкініп, қотан шеті сетінеп өре бастады. Қомыт шекпенін бүркенген бала өрген қой соңында кете барды. Мөлдір шық басқан селеу, шалғынды жалаң аяқ кешіп келеді ол. Алда Аңырақай адырлары көсіліп жатыр. Қазбауыр қоңыр бұлттар түтілген түбіттей Қордай жотасына қарай жөңкіліп барады. Күн арқан бойы көтерілгенде көк аспан бұлттан арыды. Бар табиғат маужырап сала берді. Қанатынан жіп байлап аспанға іліп қойғандай бозторғай қалықтап шырылдайды. Ол бір сәт төмен түсіп барып, қайтадан көтеріледі. Қалықтап жүрген бозторғайлар біреу емсе, бірнешеу. Бәрі бір-біріне ән қосады. Бүкіл дала бозторғай әуеніне бөленген.

Манадан бері шерлі көңілі егіліп, ыңылдап қой соңында келе жатқан бейшара бала енді бірде бозторғай әуеніне құлақ түрді. Бозторғайлар түнгі жаңбырдан соң жадырап атқан таң жырын жырлап, бір - бірімен тілдесіп тұрғандай. Баланың көмейі бүлкілдеп, көкейіне бір әуен келгендей болды. Мұңлы көңілден әуенге лайық өлең жолдары да жұптала берді. Қойшы бала аспандағы бозторғайға ән қосты:

Бозторғай шырылдайсың жерге түспей,
Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолыма ұстап,
Сандалып қой соңында азар кешке – ай.

Ей-й-й, бозторғай,
Шырылдайсың, шіркін-ай.
Құтылар күн бар ма екен,
Қой жаюдан бір күн-ай!

Қам көңілді бала осылайша өксіп-өксіп алды. Ал қой – ешкілер болса таңғы шыққа малынған бознақ, жусан, шеттік, көк жоңышқаны бырт – бырт орып, Қордайдың қоңыр адырына қарай қаптай өріп барады. Қой соңында келе жатқан бейшара бала өмір азабына ыза бола налиды. Налымағанда қайтеді, оның тағдыр – тауқыметін, көрген азабын тыңдап жатқан тірі пенде жоқ. Тек көкейіндегі мұң мен зарды әнмен шығару, іштегі шемен боп қатып қалған шерді тарқату. Ұйқысыз беймаза түндер қажытты ма, әлде аштықтан ба, әйтеуір баланың бойы дел – сал.

Айнала жым- жырт. Сәлден соң тыныштықтан сызаттап қойшы баланың құлағына тағы бір ащы зардың таусылмас сазы келгендей болды. Ол енді үстіндегі қаудырап дегдіген жаман шекпенін шешіп, тақырлау жерге жайды да, үстіне қисая кетті. Шалқалап жатқан бала түпсіз ойдың тұңғиығына түсе берді, түсе берді...

«Түнде ұйқы, күндіз тыным жоқ. Киерге киім, көңілге медеу жоқ,– тақыр кедей, жоқшылық! Асыр салар ойын, тойып ішер ас қайда? Бала болып езу тартып күлмегендей, жылы төсекке ұйқымды бір қандырмағандай не жазып ем тәңірге? Бұл жалғанның «бір аштықта бір тоқтығы бар» демеуші ме еді, қайда сонысы?!».

Манадан бері сан-саққа шапқан ыза-кек шиыршық атып тебіренген әуезге айналды.

«Отырсам қой күзетіп таң атпайды,
Жүргенде қой соңында кеш батпайды.
Қарайтын қабағыма бір адам жоқ,
Бел шешіп жылы орынға бір жатпаймын.

Ей-й-й, бозторғай,
Шырылдайсың, шіркін-ай.
Құтылар күн бар ма екен,

Қой жаюдан бір күн-ай!»

Аспанда әуелеген осы бір ән бірте – бірте шымырлап, өрши түсіп, созылған бойы жалшы баланың мұңы мен зарын арқалап Қордайдың ұшар биігіне қарай көтеріліп бара жатты. Әсіресе, қайырмасының: ги - ги- ги- ги - ги - ги - оу!... деп келетін соңғы өксік әуені тәкаппар Қордайдың да сан ғасырғы жарасын тырнағандай болып еді.

Иә, бұл ақ таяқты қолына алып мал соңында ұзақ күнді батыра алмаған, қой күзетіп беймаза таңды атыра алмаған бір ғана бала Кенен емес, барша жалшы атаулының ортақ зары еді.

Жоқшылықтың, кедейліктің тауқыметін көп тартқан он үш жасар бала Кененнің ақындық, әншілік, композиторлық, серілік өнерге жол бастаған, тұсау кескен тырнақ алды «Бозторғай» әні осылай туған еді.

Әнші баланың «Бозторғай» әуені алдымен ауыл аспанында қалықтады. Сол кештің өзінде-ақ Ниязбай, Абданбай, Кебекбай, Қарабай ауылының қойшы- қоландары, ән құмар қыз-келіншектері бірінен бірі үйреніп айта бастады. Оразбақ досы қамыс сырнайға, Сәлімбай құрдасы қобызға қосып, Шөладыр даласын, Қордай жотасын жаңғыртты.

Әне- міне дегенше, аз күн ішінде Кененнің «Бозторғайы» бүкіл Жетісу жерін шарлады. Одан Қырғыз асты. Моңғол қазақтарына жетті. Қаратау қойшылары оны өз әніміз деп шырқады. Атырау, Арқа қойшылары да өзіміздің «Бозторғай» деп кетті. Сөйтіп, Мәтібұлақ басынан қанат қаққан «Бозторғай» бүкіл халықтың «Бозторғайына» айналды.

Журналистің күнделігінен, 2005 ж.

Орысбай Әбділдаұлы

ТАҒДЫРЫ ТАМЫРЛАС ТАРЛАНБОЗДАР

Қазақ пен қырғыз елін қатар шарлап, табиғат берген бойдағы өнер отын лаулатқан қос тарлан Алатау баурайын қатар жайласа да бір-бірін сағынысып тұратын. Ұлы ұстазынан қырық жастай кішілігі бар әнші Кенен арқалы ағасын көрмесе тұра алмайтын хал кешті. Екеуі де екі бірдей ғасырды көрді. «Екі өркеші түйенің, екі емшегі биенің» деген әдемі теңеу дәл осыларға айтылғандай.

Алатаудың көкмайса бөктерінде табиғаттың тума таланттары бойдағы барын төгіп, туған халқын тербеп өтті.

Өлеңге сұңғыла Жәкең, әнге жаратылған Кенекең арасында жағрафиялық жақындықпен қоса, өнер өзектестігі өмірлерін қосақтап тастағандай – жүрек дүрсілдері бір-біріне лүп-лүп етіп естіліп тұратындай еді. Жәкең іні ілтипатына бөленіп, бауырына тартудан танбайтын. Елу жылдай егіз қозыдай қатар жер басып жүрген Кенекең атаға да, ағаға да әбден лайық адамның түпсіз терең жылнамашы-жыршылдығына, телегей теңіз шалқыма шежірешілдігіне құлдық ұратын, үйренуге, құлақ тосуға тырысатын. Ал, Жәкең болса, өзінен әлдеқайда кіші інісінің, әсіресе үніне қызығатын. «Осы сенің әнің жақсы, әуелетші, Кененім!» деп ынта қойып, құлағын түретін. Орайы келіп, кездесіп қалған сайын: «Үніңді сағындым ғой, қане шырқап жіберші» деп еркелетіп отыратын. «Заманым менің сырласым, жалынды жастар құрдасым» дейтін кеудесі қазынаға толы Жамбылдың жан-жақтылығына жасынан құлап, өнегесінен өріс алған шәкірт іні де рухани ұстазын аузынан тастаған емес. Шама-шарқы келгенше алдынан қия өтпей, таудай талантына табынды, үлгі алуға талпынды, оған деген ризалығын жыр қуатымен де жеткізіп жүрді.

Сонау, 1934 жылы республика өңіріндегі таланттар бас қосқан слетте Жамбылдың дарындылығы ерекше айшықтанып, мерейі үстем болды. Ақпа-төкпе ақындықтан айдары желбіреген Жәкеңді жұрт төбесіне көтерді. Ауылда той-думан дүбірледі. Тұс-тұстан шапқылап, ағылып келіп жатқан қарақұрым ел. Қордай жақтан әнші Кенен де келіп, қуанышпен құттықтады. «Ақынның асқан алыбы, Халықтың болған тарихы, Сәлем бердім, о, Жәке!» деп өлеңнен шашу шашты. «Отан қамын тіледің, Халық деп соқты жүрегің» деп маржан сөздердің отын маздатып, мақтаныш сезімін білдірді. Алатау етегін әнге бөлеп, Майтөбе жайлауының құтты қонысын тамашаға ұластырды.

Желмаядай Жамбыл жыры ақ жаңбырдай құйылып, нөсерлеткен жылдар дөңгелегі тоқтаусыз алға жылжыды. Республиканың түкпір-түкпіріне дабысы кеткен «қырғи тілді» қарт жырау, жан біткенді табиғат иіп бере салған асқар талантымен тәнті етті. Бәйге атындай бауырынан жараған Жамбыл даңқы одақты шарлап, барша баспасөз құралдары домбырасын серік қылған сері де, сергек шалды жалаулатын ала жөнеді. 1938 жылы жұлдызы

және жарқырады. Көл-дария өлең дариясын төккен туған халқы алдындағы «ақ тер, көк тер» болған еңбегіне 75 жыл толуына орай ұлан-асыр той өткізілді. Сол тұстағы ең жоғары награда Ленин ордені омырауына тағылды. Қазына кеуде қарт ақын ел-жұртының алақанында әлдиленді, шоқ-шоқ гүлге оранды, жүзіне қан жүгірді, әжімдері жазылып, көздері от шашты.

Ұстазының олжалы оралуын, Мәскеуден қоржыны тоқ қайтуын асыға күтіп жүрген ізбасар інісі, әнші Кенен айран-асыр қуанып, бар өнерін төкті-ай келіп: «Орденің құтты болсын, Жамбыл ата. Ән-жырдың тұлпарындай даңғыл ата» деп үнін аспанға өрлетті.

Жыр жүйрігінің қас-қабағын айтқызбай сезетін көкейлі шәкірті, қуаныштың көл-көсір салтанатында да, басына қара бұлт үйірілген қайғылы тұсында да қасынан табылатын. Сондай сындарлы сәттердің бірі, әсіресе, Ұлы Отан соғысының зіл-мауыр тұстарында қазақ ауылдарына қара қағаз қардай жауған жадау күндер де көп болды. Жамбылдың айрықша жақсы көретін сүйікті ұлы Алғадай 1943 жылы қанжоса соғыста ерлікпен қаза тапты. Бір ғасырдың шыңына шығып қалған қалжыраған қарт ақынға бұл қатты соққы боп тиді. Қайғылы хабарға күңіреніп, бүк түсіп жатып қалды. Жан баласына жұбанбайды, ешкім жанына келіп тіс жарып ешнәрсе айта алмайды. Үкімет те, ақын-жазушылар да ұлы абыздың қайғысына қабырғалары сөгіліп, аса қатты аза тұтты. Ақынның етжақын шәкірті, әнші, сазгер Кенен Әзірбаевты алдырып, қазаға көңіл айтқызады. Ол өзінің сай-сүйекті сырқыратар әуенімен жұбату әнін боздатады. «О, Жәке, жүз жасаған ақынымсың. Қайғырып Алғадайға жатырмысың?!» деп саңқ еткен таныс дауысқа қарт жырау құлақ тосып, көзінің алды жасқа шыланып қарайды. Інісі Кененнің үнін жазбай таныған Жәкең, басын бір сәт көтеріп қайта бүркеніп жатып қалады. Шәкірті болса айналасын баурап күңіренген қалпында дауысын аспандата созады:

«Не күшті, дүниеде - құдай күшті,
Көрдіңіз бір ғасырда талай істі.
Миуалы Отанның дарағы едің,
Жел соғып бір бұтағың жерге түсті.»

«Қайран, Кенекем, керімсал үнімен ел қайғысын керемет жеткізіп тұр» деп айнала қалың мұңға қамалып тұрғандар бір-біріне ыммен қарасады. Жасын да төгіп, жырын да жамыратқан

шәкірт інісі ішінен жылап тұрса да қартқа қуат беріп, жұбату сөздерін термелейді:

«О, Жәке, басың көтер елің үшін,
Балаңның кегін алған ерің үшін.
Төсектен бас көтеріп, беліңді бу,
Кеп тұрған мынау халық көңілі үшін» – деген тұста бүк түсіп булығып жатқан кәрі қыран бір қырындап, көзін сығырайтып, ұмсынып тұрған жұртқа мұң шаға қарайды. Бәрі шетінен қаумалап, сүйемелдеп тіктеп отырғызуға ұмтылады. Қоғадай жапырылған жұрт кезек-кезек көрісіп, үнсіз жыласады. Кенен тағы толғайды:

«Жатқаның елден ұят алып ата,
Атағың жер жүзіне мәлім ата.
Алғадай Отан үшін құрбан боптың,
Мен келдім, басың көтер, көңіл айта.
Өлтіріп жетпіс жауды шейіт боптың,
Өлген жоқ, өлтірмейді тарих, ата».

Жан-жағындағыларын енді-енді жыға танып, жасты көзін жасаурата қараған қарттың жүзі аянышты еді. Қаумалаған халық қайта-қайта көрісіп, құшаққа қысып қуаттандырады, сақалынан сүйеді. Кенен інісі аға көңілін демегісі келіп, үнін соза түседі:

«Мінсін деп күрең жорға сілкініп тұр. Мінсе деп көк машинең құлшынып тұр...». Есін енді жинағандай болған кәрі жүрек бет орамалымен көзін сүртіп, кеудесін тіктегісі келеді. Қайғының зіл-батпан салмағы оған шама келтірмей, тек жамбастап қана жатып, күбірлеп бірнәрсе айтқандай болады. «Yh, жалған-ай!» деп ащы күрсінген демінен от шашқандай. Сосын бір нәрсе іздегендей айналасын алақанымен сипалайды, қарманады. Сырдесте ескі досы-майсіңді қоңыр домбырасын іздеген екен, дереу қолына ұстатады. Ұзақ шертіп, ұзақ ыңылдап, ұзақ күбірлейді. Болар-болмас бұлыңғыр үн шығады. Көздің жасындай кермек сөз еміс-еміс естіледі. Тым-тырыс тұрған төңіректегілер демдерін ішіне тартып, ентелей құлақ түреді:

«Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?

Жасым жүзге кеп еді,
Мен өлгенім жөн еді...» деп айғыз-айғыз аққан жасын жасырғысы келгендей әлдәрмені таусылып, талмаусырай береді.

– Жәке-ау, о не дегеніңіз, сіз әлі халқыңызға керексіз. Отты жырыңыз соғыстағы жауынгерлерге қайрат беріп жатыр, деп бәрі жамырай сөйлеп Жамбылдың қасына жүрелеп отыра-отыра кетіседі. Қарт жырау қалжыраңқы үнімен қайта күш жиып: «Енді қайтейін-ау, қайтейін!..» деп даусы тарғылданып, жоқтауын жалғастырады:

«Темір өзек пенде жоқ,
Өлмес адам елде жоқ.
Рақмен, інім, Кененім
Көңіл айтып келгенің.
Белімді бекем буайын,
Енді орнымнан тұрайын...» деп шынтағымен жер тіреп, кеудесін алға ұмсынады...

Елі үшін опат болған батыр ұлдың қайғысы қарт жырауды қатты күйзелтіп кетті. Алғадайы алғыр еді, албырт еді. Қайсарлығы бар болатын. Амал қайсы? Абыз ақын арғы аталары Қарасай батырдың, сұраншы, саурықтың ерлігін айтып, балаларын қаһармандыққа шақыратын. Жалғыз Алғадайды ғана емес, бүкіл ел қорғап жүрген қан майдандағыларды қуаттандырып, отты жырмен хат жолдағаны жалпақ жұртшылықтың есінде. «Атаңнан бата ал, балам. Арғымақ атқа мін, балам. Ақ сақалым желбіреп, Артыңнан қарап мен қалам» деп майданға өзі аттандырған ұлы еді ғой, әттең!

Бауыр еті – баласын әскерден алып қалам десе, ұлы ақынның ата тілегі аяқасты қалмасы анық-ты. Үкімет оның бір өтінішін орындайтыны сөзсіз еді. Бірақ, ел қорғауға ер азамат қай кезде де борышты екенін көкірегіне түйген данагөй ақын сүйікті ұлын елін-жерін қорғауға өз ықтиярымен жіберді, қатар-құрбыларынан қалдырмады:

«Құлағыңда, құлыным,
Даусым жүрсін жырлаған.
Алғадайым арлы едің,
Ата сөзін силаған.
Перзентімнің алды едің,
Көңілімді қимаған.

Аттандырдым майданға,

Аман-есен жүр, балам» дегенді нығырлап айтып, сұрапыл соғысқа шығарып салған.

«Ленинградтық өрендерім» атты жалынды жыры жауға қарсы атылған оқтан бір де бір кем болған жоқ. Ленинград жау қоршауында қалғанда шығарған буырқанған боранды өлеңді сол қалада тұрғандар әлі күнге көздеріне жас алып, аңыз ғып айтады. Ленинградтың әрбір көшесінде сол өлең-плакат Жамбылдың үлкейтілген суретімен қоса көрнекті жерлерде ілініп тұрды. Оқ қардай борап, қып-қызыл айқас жүріп жатқанда қарт ақынның өршіл рухқа толы өлеңі дыбыс күшейткіш арқылы оқылып, жауынгерлерді алға ұмтылуға итермеледі. Әрбір солдат ту сыртында туған әкесі тұрғандай сезінді.

Кейіннен ұлы жыраудың 125 жылдығына орай ленинградтықтар өз қаражатымен Жамбыл ақын ауылының бір көшесін сәнсалтанатымен, сол жақтың жобасы бойынша тегін салып берді. Әнекей, жүз жасаған жыр алыбы Жамбылдың құдыреті қандай?!

«Менің түлкі ішігімнің астарына дейін толған өлең, сілкіп қалсаң өлең түседі» дейтін. Жәкеңді Кенен шәкірті пір тұтып, өле-өлгенше оған жыр арнауын үзген емес. Ұстазының қазасына қайғырып, «Жүз жасаған Жамбылға» атты аза толғауын туғызды:

«Адамға аз жас емес жүз жыл деген,

Қойнына қара жердің кім кірмеген?.

Қырық жыл жолдас болған қайран Жәке,

Сағындым домбыраңды күмбірлеген» дейтін өлеңінде әріден тартып тебіренген інілік көңіл-күйдің астарында, аласапыран хал кештіретін аса құрметтеу де, аса қимастық та қосқабаттасып өріліп жатыр.

Ағалы-інілі болып Қазақстан өңірін ән мен жырға көмкерген қос тарлан тағдыры тамырлас, өзектес, жалғас. Небір сәнді сарайларда сөз сабақтады, талай той-томалақтарда Алатау мен Қаратау аңғарларындағы думанды ел-жұртының көз қуанышы болды, әр қазақтың төрінен табылды. Көркемжанның үйлену тойында Дина келіннің бетін өзі ашқан Кенекеңнің: «Сен туып ең Жамбылдың батасынан, Бергендей боп суырып қалтасынан» дегені де тегін емес еді. Жамбылдың ақ батасынан өмірге келген Көркемжанның бар қызық-шыжығы ұлы абыздың ақ тілегімен астарласып жатқан

жоқ па?! Бұл да болса аралас-құраластықтың айқын көрінісі, нәзік сезім жібімен жалғасып жатқандығы.

Ұстазының бүкіл өмір жолын ұзақ-сонар көштей көз алдыңа алып келетін «Жамбыл-жыр» дастанының өзі бір төбе. Бала, жігіт кезінен қасында серік боп жүрген құймақұлақ, зерделі әнші шәкірті: «Кісі екен алпыс жасты алқымдаған, Салдықтың самалымен салқындаған» деп алғашқы көрген әсерін алға жайса, енді бірде: «Аузында айтар сөзі іркілмеген, Шіркіннің екі иығы бүлкілдеген!» деп таңданысын жасырмайды. Сол ұлы жырау арқылы Қабан, Сарыбас, Шөже, Түбек, Майкөт, Бақтыбай, Құлмамбет сияқты алты алашқа аты мәлімдердің жыр мұраларына қаныққанын қанағат сезіммен еске алады. Әсіресе:

«Жамбыл-Жәкем пір тұтқан Сүйінбайды,
Өлең-жыр Сүйінбайсыз бұйырмайды.
Ақындар Сүйінбайды атамаса,
Баяғы басқан ізін шырлайды» дей келіп, Жамбыл ұстазының сұңғылалығын да салмақтап, ақиық ақын тұлғасын сомдай түседі.

Жамбылдың жан-жақтылығын терең толғай білген шәкірт құлашы кеңге сермеледі. «Домбырада күйші еді, Күйші атанбай жыршы еді» немесе «Айтыста топтан мойны озып айтты, Жырларын бір жетіге созып айтты» дегендеріне қарап-ақ талай нәрсеге көз жеткізуге болады.

Ұстазды мойындаудың, талант қуатына қол соғудың бірден-бір үлгісі осынау Кенен дастаны, сондағы дәлме-дәл деректілік. Өзі куә болған дара дарын құдыретіне тәнті көңілмен: «Жамбылдан ұшан-теңіз көргенім де, Үйренген толып жатыр өрнегім де» деп ағынан жарылады. «Талантты талант қана тани алады» деген тәмсіл осы шығар шамасы.

Елінің еркесі де, серкесі де болған, Жамбыл ақынға елу жыл еріп жүріп сал-серілік құрған кейбір сәттерді Кенен Әзірбаев мына төмендегідей тәптіштейді:

«Қырғыздың қысырының тайын жедік,
Балқаштың жағасынан жайын жедік.
Қанып-ап Хан-Тауының қымызынан,
Кегеннің кепесінің майын жедік.
Жер дауын, жесір дауын көргендіктен,
Бәріне қосып, соған уәйім жедік.

Жұбатып жұт жылдары жұртымызды,
Нағашы, жиен дедік, қайын дедік...»

«Қазақтың екі рухани ұстазы бар» дейді қазақ әдебиетінің және мәдениетінің марқасқасы Қалтай Мұқаметжанов, - жазба әдебиетіндегі ұстазы – Абай, ауыз әдебиетіндегі ұстазы – Жамбыл. Өзінен кейінгілер зор тұлға тұтып, атақ-даңқын аспандатып жатса, өнер иесіне одан өзге бақыт бар ма?! Өлең-өмірдің ұзарғаны осы емес пе! Жүз жыл жырлаған жүрек соңына алтын сөздерін қалдырды. Тек, соны ұқсата білер, бағалап жүрер кейінгі ұрпақ зердесін тот баспаса игі.

«Әдебиет айдыны» г-ті, 4 мамыр, 2006 ж.

Өтен Ахмет

КЕНЕН ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ХАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ АРА-ҚАТЫНАСЫ

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», деп әңгімемізге сөз басы етіп Абайдың өлеңінен бір жолды алып отырмыз. Оның мәнісі бар. «Өлең» деген сөзді ән мен күйге де, ұлттық өнердің барлық түрлеріне айтылған ортақ ой деп қарағанымыз абзал. Өнердің қай жанры болса да халық үшін өте қымбат. Өлең арқылы халықтың ойын сезінеміз, арманын ұғамыз, келешекке көз тастаған үмітін танимыз. Ол адамды еңбек пен жеңіске бастайды, жанын тербеп сая таптырады, қайғылы кезінде шерін тарқатады, қуанышты шағында қанат бітіріп көкке көтереді...

Халқымыз ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдырған өлеңдер өте көп. Халқымыздың тарихи кезеңдерін танытатын көптеген шығармалар күні бүгінге дейін жан тебірентеді.

Бұл мақаламызда ақын Кенен өлеңдері мен халық өлеңдерінің ара-қатынасына тоқтауды негізгі нысана еттік. Жалпы өлең деп шағын шумақты шағырмаларды айтады.

«Бас та өлең, құлақ та өлең, мұрын да өлең,
Бір ақын өлсе талай қырылды өлең.
Тұсында әділ заман бағаландым,
Арманда кеткен екен бұрынғы өлең.» деп ақын айтқандай, ұлы өнер болған соң шығар, әйтеуір, адам атаулының

туғаннан өлгенге дейінгі өмірі тек өлең ғана ғой. Сондықтан да ол тыңдаушының жадында тез ұялап, тез жатталып қалады. Мұның үстіне көп өлеңдер өзінің жанрлық ерекшелігіне, айтылуы, орындалуы жағдайына лайықты белгілі бір әуен ырғағына түседі. Бұл ән-өлеңдерде негізгі мәтінмен қатар оның қайырмасы болады. Бұл қайырма әрбір шумақтан соң өзгеріссіз қайталанып отырады...

Өлеңді айтып шығарушы, таратушылар кімдер? Енді соған келейік. Бұлар халық арасынан шыққан ақындар, әншілер, өлеңшілер. Шоқан Уәлихановтың сөзімен айтқанда: «Белгілі өлеңшілер шығарған, я бұрыннан бар өлеңдерді домбыраның, қобыздың, болмаса қимыл-қозғалыстың сүйемелдеуімен айтып берушілерді өлеңшілер дейміз». Дәл осындай пікірді кезінде ғалым А. Ивановский де айтқан. Оның байқауынша «Жетісу мен Семей қазақтарының арасында азды-көпті ақындығы мен әншілігі бар сауықшыл адамдарды өлеңшілер» дейді.

Бұл жерде бір айта кететін нәрсе – жырау, жыршылар бұрын шықты ма, жоқ ақындар, өлеңшілер бұрын шықты ма? деген сұраққа М. Әуезовтың: «Эпостық дастандардың шығу тегі сөз болғанда, олар тұрмыс-салт жырларының негізінде туды деп айтуға кәміл болады» деген пікіріне жүгінсек, әртүрлі жағдайларды жыр еткен ақындар мен өлеңшілер, көлемді үлкен эпостарды шығарған жырау, жыршылармен қатар, бәлкім бұрынырақ та өмір сүргенін көреміз. Бұдан көптеген өлеңдерді шығарып, таратушылар да, оның әртүрлі нұсқаларын жасап орындаушылар да ақын, әнші, өлеңшілер екені өз-өзінен туындайды.

Жырау, жыршы, ақындарды жіктегенде ғалым С.А. Қасқабасов: «Қазақ поэзиясындағы осы үш атау талант иелерінің үш сипатын, әр дәуірге сәйкес үш түрін, дәлірек айтқанда – үш кезеңін (стадиясы) мінездейді. Бұлар – импровизаторлық өнердің ғана үш өкілі емес, сонымен қатар ауыз әдебиетінің өмірді, ел тағдырын, қоғам тіршілігін бейнелейтін үш тәсілдің иелері десе де болады. Жырау – хандық мемлекеттің бас идеологі ретінде танылса, жыршы – елдің тәуелсіздігін негізгі тақырыпқа айналдырады, ал ақын – адамның тіршілігі мен сезімін суреттейді» деген.

Тарихты жасайтын – халық, оны ақындар жақсы білген. Сондықтан да олар халықты әркез жоғары бағалаған. Халық үшін туған батырларды ертеден мадақтаған. Кенен ақын да осы дәстүрді өмірінің соңына дейін сақтап келді. Жаңа заманның жаңалығын

ескі дәстүр үлгісінде жырлай бермей, жаңаша жырлау, сол дәстүрдің өзін жалғастыра отырып, жаңартып отыру шарты Кенен ақынның алдындағы творчестволық міндет саналады. Ақынның «Болат тұяқ тұлпарым» деген өлеңінде:

«Тамағы – от, сусыны су біздің тұлпар,
Желгенде тау жаңғырып, жер солқылдар» десе, «Мереке жыры» деген өлеңінде:

«Туған елге май келді,
Жасыл киіп, гүл ұстап» деп бейнелейді. Ақын жырларынан абстрактылы ойға нақты қимыл беріп, суретке айналған бейнелерді көру, сөз жоқ, ізденістің нәтижесі. Бұл тұстағы ақын жырларында дәстүрлі үлгілермен қатар осы алуандас ауыз тұщытар сәтті, тапқыр шумақтары аз кездеспейді. Халық поэзиясының асылы мен шырайлысын Кенен Әзірбаев творчествосынан көптеп кездестіруге болады. Кенен Әзірбаев ана тіліміздің өрісін ұзартқан, арнасын кеңейткен, өрнегін байытқан сөз шебері.

«Жаз соңы, күздің алды мизам жайы,
Сентябрь, октябрьмен табыс айы.
Күн-піспек, жұлдыз-көбік, жер-кең саба,
Толықсып толған айдай түспек майы».»

Қазақтың шындығы мен ұғымына тонның ішкі бауындай етене жақын. Дала табиғатының сырларына үңілу, ерекшеліктерін аңдау, өзіне лайық белгілерін қырағы танып, ақындық ойға желі ету – эстетикалық құбылыс. Осы шумақтың соңғы екі жолына зер салайықшы. Жердің өзі ырысы мол ыдыс. Күн нұрының игі шарапаты болмаса, жерге құт-береке дарымайды, көктеп өспейді. Сондықтан, күнді піспекке ұқсатып беруі, ал жұлдыздарды көпіршіген көбікке балауы әбден сәтті шыққан.

Кенен Әзірбаевтың Шашубаймен дидарласқан өлеңінде «көңіл-лашын» деген тың тіркес бар. Мұның эстетикалық табиғатын тану үшін контекстке келтірелік:

«Шашеке, амансыз ба, күйлі-жайлы?
Өнерге өрен аға сегіз сайлы.
О, шіркін, кәрілік те келіп қапты,
Аяғы бұл өмірдің түйе-тайлы...
Жетуге бір арманнан бір арманға,
Құйқылжып қанат қағар көңіл-лашын.»

Осы тіркестегі «лашынды» эпитет деуге толық негіз бар. Теңеуге жатқызар болсақ, белгісі жоқ. Алайда бұл метафоралық эпитет. «Лашын» сөзі ұшқырлықты, тездікті, алғырлықты меңзейді. Бұл ретте халық лирикасында: «Лашынға лайық қарағым-ай, бөктергіге қор болып барасың-ай» деген өлең жолдары бар. Мұндағы «лашын» аса сұлу, сүйкімді, реңді, үкідей желкілдеп өскен бойжеткенді білдіреді. Алуан сырлы мән-мағынадағы сөздер немесе құс атаулары ой тиегін ағытуда, белгілі бір ой-пікірді білдіруде поэзиялық қызмет атқарады. Икемділікті, ептілікті, құштарлықты айтса, оған ақынның:

«Көлдегі сен – аққу, қаз, мен-лашын құс,
Қанатыңды қайырып ілмеймін бе?» дегені нақты дәлел.

Кенен жас кезінде өлеңді ауызша айтқаны белгілі. Кейіннен ақын бірте-бірте жазба әдебиеттің стиліне көше бастайды және бұл бетбұрыс табысты да болды. Сонымен қатар Кенен жазба әдебиетке ауыз әдебиетінің тамаша қасиеттерін ала келді.

Жан дүниесінің сілкінісін, ақындық қиялдың серпілісін сипаттағанда: «көк түйғындай сілкінді», «ақ сұңқардай түледі», «тастүлектей таранды», «тау бүркіттей шаңқылдап», «ақиықтай таранып», «ақ бөкендей желейін», «құстай ұшып», «сұңқардайын қиялап» халықтық тіркестерді, бейнелі оралымдарды тапқырлықпен пайдаланады. Сөйтіп, бір ойдың өзін сан түрлі киіндіріп, өрнектеп, әдемілеп жеткізеді.

Айталық, **айтұяқ, қалқан, сауыт, кәлдесі, жабы, қара байыр, қазанат, уәзір, шаһары, ділдә, шәлі, айбалта, алты батпан, кіреуке тон** – тағы басқа архаикалық көне сөздердің түйдегі ақын өлеңдерінде бар. Сонымен бірге, Кенен шығармаларында жергілікті елдің ауызекі сөйлеу мәнерінде кездесетін **нән (үлкен), ділмәр (шешен), ақыр (астау), нарық (баға, құн), демде (тез жылдам), әбиір (абырой), әбігер (әуре, сарсаң), иланды (сенді, нанды), пырақ, мейман** деген жергілікті диалект сөздер де аракідік кездесіп отырады.

Ақын шығармаларында кездесетін сөздің ендігі бір саласы неологозимдер (жаңа сөздер). Қоғам құбылысының өзгерістеріне, ғылым, техника, өндіріс, ауыл шаруашылығы саласында қол жеткен жетістіктеріне байланысты: аэроплан, фабрика, колхоз, совхоз,

завод, өндіріс, большевик, коммунист, радио, трактор, клуб, самолет, статья т.б. жаңа сөздер түйдегі ұшырасады.

Кенен ақын көзіне көрінген ұсақ-түйектің бәрін жаза берген емес. Оның әрбір өлеңі өмірімен тығыз байланысты. Заманның өзгеруіне қарай туған оқиғаларға әрдайым үн қосып, оған өз көзқарасын, түсінігін білдіріп отырады. Енді, Кененнің айтыс жырларына зейін қойсақ, ақын халық тілінің көркемсөз құралдарын қару еткендігін бірден байқауға болады. Кенен Әзірбаев өз сөзінде:

«Бидай дәні бармақтай,
Тары дәні жаңғақтай.
Арпа дәні асықтай,
Сұлы дәні қасықтай.
Күнбағыс бар табақтай,
Қауын, қарбыз лақтай.
Қызылша түбі келідей,
Жүзімі тартқан желідей», – деген,
«Көсем адам сөз бастар,
Көпті көрген жол бастар.
Батыр адам қол бастар,
Ай мүйіз серке қой бастар.» дейтін халық поэзиясының дәстүрлі үлгісіне жүгінеді.

Поэзия әлеміндегі өзгеше лепті, тыныстық, сиқырлы күйді сайсүйегіне дейін сезінген, жазғы шөптің гүліндей жұпар аңқитын көркем сөзді, жібек жіптей есілген, толқындай кестелі жырды халқына сыйлаған, ана тіліміздің өрісін кеңейткен, өрнегін байытқан жомарт дарын иесі Кенен Әзірбаевтың творчестволық өнерінен молынан кездестіреміз. Өзіне де, өзге де қатал сыншы бола білген суырып салма ақын, айтыс ақындарына:

«Қытықтамай, шымшып айт,
Өткір тілмен қыршып айт.
Ұл-қыздарым, қызып айт,
Арғымақтай шұлғып айт.
Ақбөкендей желіп айт,
Оза шауып орғып айт.» дейді. Әсерлі, қызулы, тасқынды, екпінді жырларыңмен оттай шалқып, еркін көсіліп сөйлеңдер» деп үн тастайды. Асылы, ақынның бұл лебізінде өлең сөздің көркемдік болмысына, эстетикалық табиғатына қатысты құнды ойлар көрініс тапқан.

Қазақ өлкесінде Біржан салдың, Сүйінбайдың, Шөженің т.б. ақындық-әншілік дәстүрін XX ғасырда Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Жамбыл, Кенен тәрізді таланттар ілгері дамытты. Олар музыкалық аспаптардың (домбыраның) сүйемелдеуімен өлең шығарды. Қазақ өлеңінің әуездік байлығы әнші-ақындар творчествосына тікелей байланысты. Ол сөз тізбектерінен туады да, ой ұшқындарын бір-біріне жалғастырып, мағыналық, эмоционалдық, эстетикалық сазды молынан таратады. Ұйқасушы сөздер өлеңді толқындаған суретке айналдырып, тұтастай тербеліске түсіреді, әрі поэзиялық ойды жаңғыртып, жаңа түр береді. Сөзіміз дәлелді болу үшін Кенен ақынның «Бәрінен де еңбек күшті» өлеңін мысалға алайық:

«Өзен көркем көрінер суыменен,
Көлдер көркем көрінер қуыменен.
Аспан көркем көрінер күніменен,
Ай да көркем көрінер түніменен» деген бұл өлеңде ұйқастың ырғақтық қызметі айқын көрінеді. Тармақтық аяқталым, яки ұйқас сөздер өлең жолдарын шашау шығармай тізгіндеп ұстап тұр. Мұндағы ұйқас, белгілі бір шамада алдыңғы буын үндестіктеріне бұрылыс жасап, қабыса байланысып, жүйелі қозғалысқа көшіп, айналып келіп отыралы. Мысалы:

1 2 3 4 5 6 7
Жүк аумайды бұраумен,
1 2 3 4 5 6 7
Сөз ашылар сұраумен.
1 2 3 4 5 6 7
Қар өседі қылаумен,
1 2 3 4 5 6 7
Бала өседі сылаумен.

Ұйқас әр тармақтың 5, 6, 7 буындарын қамтыған, тәртіп жүйеге бағынған. Өлең сөздің ырғақтық, бунақтық жіктелуі – бір жүйеге, ұқсастыққа, сәйкестікке, тепе-теңдікке, әсем суретке негізделеді. Ұйқас әлемінде күллі құбылыстар, бас қосып, түйісуі мүмкін. Ақынның тіл қазынасынан сұрыптап ала білу шеберлігіне орай ұйқасушы сөздер табыла береді....

Халықтың бай ауыз әдебиеті негізінде тәрбиеленген, нәрі мен сәнін қабылдаған, сұлу сазды, жүйрік ырғағын, мөлдір тілін, сыңсыған ұйқасымдарын ана сүтімен бойына сіңірген Кенен ақын сол халықтық жүйеде, дәстүрлі үлгіде жырлайды. Өлеңтану

ғылымының қағидасы бойынша, ұйқастар орналасуына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Кенен көбінесе төмендегідей ұйқас түрлерін пайдаланған.

1. Қара өлең ұйқасы:

Аққудай ән сылқылдар мойын иген, - а
Құйқылжып қоңыр қаздай көлді сүйген. - а
Шайқалып орман-тоғай басын изеп, - б
Желкілдеп жеміс ағаш түйме түйген... - а

2. Егіз ұйқас:

Нәсихаға теңу жоқ, - а
Бұл сөзімде желеу жоқ. - а
Қолында бұйра таяғы, - б
Жүрісі қайда баяғы. - б
Аяғының ақсағы-ай, - в
Мінезінің жақсы-ағай!... - в

3. Кезекті ұйқас:

Күн сәулесін байқасам, - а
Көпке бірдей жетпейді. - б
Алатаудың басынан, - в
Кәрі қар неге кетпейді?... - б

4. Қаусырма ұйқас:

Міне, сонда тазалық, - а
Ескі әдетті тастаңдар, - б
Жаңа жолға бастаңдар, - б
Міне, сонда тазалық... - а

5. Жыр ұйқасы. Қазақ өнертану ғылымында осылайша атау оның табиғатын толық ашпайды деген пікір бар. «Өйткені, мұндағы өзгешелік ұйқасты ұзақ түзумен ғана шектелмейді, әрі бір ұйқаспен келетін түйдектер жырдағы ең көп кездесетін түр де емес. Жиі, мол қолданылатын ұйқас бұдан басқашалау болып келеді. Оны желілі не болмаса өзекті ұйқас деуге болады. Өлең тармақтарының үйлесімін туғызудың бұл тәсілі негізгі басты ұйқасқа жанама ұйқастарды қосарлап отыру арқылы жасалады» дейді ғалым Зәки Ахметов.

Ұйқастардың қосарлануы арқылы жасалған жыр ұйқасын Кенен Әзірбаевтың «Жамбыл-жыр» атты дастанынан да табуға болады.

«Желдірмесі Жамбылдың,	- а	
Жел соққандай таң қылдың.	- а	егіз ұйқас
Екіленіп екпіндеп,	- б	
Қарасақал желпілдеп.	- б	
Тізелері селкілдеп,	- б	
Желген аттай дүрсілдеп,	-б	
		шұбыртпалы ұйқас
Желмаядай бүлкілдеп,	- б	
Жермен бірге зіркілдеп,	- б	
Келіп жатқан секілді,	- в	
Ахау, шіркін, шіркін! деп.	- б	кезеті ұйқас
Таңдайына тамғандай,	- г	
Жыр тізбегі біртіндеп,	- б	
Жалғыз әні желдірме,	- ә	
Батыр болсаң -батыл деп,	- е	
Қорқақ болсаң сатыл деп,	- е	
Қожаңдаған күштіге,	- ж	ерікті ұйқас
Қорғасындай атыл деп...».	- е	

Шабытына мінген ақын кей тұстарда әсірелеудің өзгеше орамдарын ұсынады. Өлеңнің ырғағына, сазына, ұйқасына қарай поэзия тілінде инверсия құбылысының тән болуы – табиғи құбылыс.

«Қырғыз елін қыдырдым,
Қыз таба алмай түңілдім,
Сыр бойынан сырғыттым,
Шу бойынан шүйілттім.
Жетісудан желдірттім,
Іледен ат ырғыттым.
Көксудан келіп көсілттім,
Ақсудан ат аттаттым...».

Кенен өлеңдерінің тілінде ажарлаумен, құбылтумен қатар қолданылатын, өлеңнің әсерлілігін арттыра түсуге қызмет ететін ерекшеліктің бірі – тыңдаушыны баурап алатындай жарасты мақал-мәтелдерді шебер қолдануы. «Алтыннан астық қымбат- де-

ген халық», «Нұр жауар, деген халық, талапты ерге», «Жығылған тоймас күреске, Меніменен тіреспе», «Шешінген судан таймас дегендейін» болып жалғаса береді. Сонымен қатар, Кенен Әзірбаев шығарма мазмұнын әсерлі, айтар ойын мәнерлі беру үшін халықтық мақал-мәтелдерді өзгертіп, түрлентіп қолданады. Мәселен, «Бес саусақ бірдей емес» деген белгілі мәтелді «Он саусақ қарап тұрсаң бірдей емес», деп келтіреді. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деген мәтелді, «Жүзден жүйрік, мыңнан дүлдүл» дейді. «Арыстан айға шауып мерт болыпты» деген белгілі мәтелді, «Ақылы жоқ арыстан айға қарап шабынар» деп құбылтады.

Кенен өлеңдерін оқығанда оның әр шумағында қайталанбас, астарлы сөз «сиқыры» бар екені аңғарылады. Ондай шеберлік сыры Кенен ақынның дара танымында, дана байламында жатқаны анық. Сондықтан, Кенен шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін талдау әрі оңай, әрі қиын. Оңай болатыны – кез-келген өлеңінің өн-бойынан ажарлаудың айшықтаудың, құбылтудың үлгісі жиі кездесіп отырады. Ал қиын болатыны – сөз зергерінің нақышын, өзіндік ерекшелігін тереңірек түсіну үшін көп ізденіс қажет. Әлі де ашылмаған жұмбағы, танылмаған құпиясы, айтылмаған қыры ұланғайыр. Болашақта ұлы тұлғаның сөз әлемі нақты зерттеулерге нысана болатыны сөзсіз.

«Тіл және әдебиет» ж-лы, 2006 ж.

С. Міркемеұлы

КЕНЕРЕСІ КЕМЕЛ КЕНЕН АҚЫН

Көкте Бозторғаймен мұңдасқан Кенен ақынның жырын білмейтін адам сирек шығар. Жалпы, қазақ халқының небір күміс көмей ақындары мен әнші-күйшілерінің үлкен де ұлағатты мектебі табиғат екендігі рас. Табиғаттан былайғы дүние – ол тек маңдай тер мен төккен еңбектің ғана шаруасы екендігі тағы аян. Біздің халқымыздың арасынан қанаттанып шыққан небір майталман жүйріктердің бәрін де түлеткен осы табиғат. Оны олардың өз тілімен айтар болсақ «желсөз» деуге мәжбүр боламыз. Жел деген сөздің астарында небір құйтырқы жатыр. Сол құйтырқылардың ішкі мағынасына жіті мән берсек, бір ғана «желдің» төңірегінде

қаншама мазмұнды сөздің мәйегі бар екендігіне көзіміз жетеді. Мысалы, қазақ үйдің ішкі сұлпаты зеңгір аспанның кішігірім тұлғасы ітпеттес. Олай болса сол үйде тұратын жандардың бір-бірімен ұғынысуы, тіл қатысу желдің екпініндей болмасқа шарасы жоқ қой.

Сол сияқты желдің өзінің де тоқсан түрлі атауы бар. Жалпы жел атауы желпінудің ұғымын білдірсе, екінші жағынан самал жел, суық жел, шақпа жел, қатты жел, құйын, дауыл, боран сияқты түр-түрі, адам мінезіндегі сөздің төркінін, оның ішіндегі ызғары мен жұмсақ-жұпарын сездіретін табиғат болмысының ұлкен сабағын білдіретіні екі бастан белгілі. Міне, осындай қалыпты өз көкірегіне құйып, зерденің зерлі әшекейіне пайдалана білген үлкен ақынымыздың бірі – Кенересі кемел Кенен ақын. Болмаса ол табиғатпен тікелей сұхбатында өзінің ішқұсасын құспен сырласа төкпес еді ғой.

«Бозторғай шырылдайсың жерге түспей,
Мен жүрмін кешеке дейін тамақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолыма ұстап,
Сандалып қой соңында азар кешке...

Жүгіріп қозымды айдап сайға барсам,
Талқан шекер татыйды шайнай қалсам.
Шерімді ішімдегі мен төгемін,
Жүрегім басылғандай әнге салсам» деп, көкірек күрсінісін жастық қуаттың қынабынан суырғанда, көз алдыңдағы табиғаттың тілі мен үніндей болған Бозторғай құстың тірлігі өзіңе сіңіп кетеді. Демек, өзінің мұңды шеріне қанат бітіре, дала самалының сандуғашына айнала бастайды, өзінен өзі. Мінеки, осы өкініштен от жұтқызған қасыреттің әр кезде өз қайырымы мен өз оралымы болатыны анық. Олай болса сол оралым Бозторғайдың өзі болып, көмейінен жарып шыққан сөзге байлана ұшқан, яғни күрсініс жебесінің қанатындай ауа ілетін сөз – Бозторғай атына айналады. Содан да болар бұл кісі:

«Бозторғай шырылдайсың, шіркін-ай,
Құтылар күн бар ма екен,
Қой жаюдан бір күн-ай! Бозторғай!» дегізеді.

Әлдекімдер бұл жаңалық емес, халықтың «Қараторғайы»

да бар емес пе? деуі де мүмкін. Қараторғайдың өзі тұтас халық қасыретін берсе, бұл ән соның ұшқынындай жетім баланың жәудіреген мұңын танытады. Демек, табиғатпен мұңдасқан үннің сан қилы сыры, бір жағынан алып қарағанда, сырттай ұқсас келетіні ешқандай дау туғызбайды. Бірақ әрқайсысына іштей үңілгенде жоғарыда айтқан бір желдің сан түрі дегендей, әрқайсысының өз исі, өз екпіні, өз сазы болуға тиісті. Олай болса, мұндағы жетім баланың бозторғайға мұң шағуының өзі де, сол Бозторғайға айналуы да заңды. Әрине, біз өлеңге қазіргі тұрғыдан талап қойсақ, біраз кемшіндік жатқандай сезінуіміз мүмкін, бірақ адам сезімінің ішкі алай-түлей арпалысқан шығару тұсындағы қазына-байлық, ол қатып қалған шеберлігіңнің шеңберіне сыймай, шен-шекпенді сәндіктің тас-талқанын шығаратындығы ақиқат. Сонда ғана, мына дүниеде жасап жатқан адамдардың ішкі жан толқыныстарының бір-біріне мүлдем ұқсамайтынын паш етсе керек.

Әрине, әрбір шығарманың өзіндің тарихы, өз мезгілін тапқан бойындағы күш-қуаты, сәттіліктері, әрқашанда өзіндің шарықтау кемелінде танылатын уақыты болмақ. Осыған сайған кезде ақын Кененнің поэзия деген үлкен жолдағы алғашқы уызды лебізі осы «Бозторғай» болып табылады. Бұдан кейін уақыт өткен сайын кемелдене түсетін қуат, тілдегі өрнектіліктің өресін кеңейтіп, жыр астауындай әлемге алып шыққан жырлары ақынның тапқыр айтыстарынан бой көтереді. Бұған әсіресе байдың қызы Шәлипамен қағыспалары дәлел. Біз енді осыдан үзінді алып көрелік:

Кенен: *Мінгенім астымдағы қызыл шолақ,*
Қыз байғұс әкесіне аз күн қонақ.
Әй, қыздар, кедейсінбей өлеңіңді айт,
Тұсыңа келіп қалдым «құдашалап»....

Шәлипа: *Бағып жүрген ешкіңнің бәрі жағал,*
Әріптесім сен болсаң әдіре қал.
Әдіре қал дегенге арсаңдамай,
Жел жағымды мұңсітпей әрі жоғал.

Кенен: *Мен өзім Алатудың ителгісі,*
Қойшының қызға жақын икемдісі.

Кедейсің деп кемітпе байдың қызы,
Келіп отыр құрбыңның сүйкенгісі.

Шәлипа: *Көкала үйрек ұшады көл дегенде,*
Ешкі емеді қойшылар шөлдегенде.
Сүт сауам деп кеудеңнің бәрі сірне,

Қойды жөндеп бақсаңшы, нең бар менде, дей келіп, бір-біріне ащы әзілдің алқымына қол салған екі жақты көңіл тебіреністері былай аяқталады:

Шәлипа: *Өйт-бүйтпесем, ей, байғұс, өйт-бүйтпесем,*
Қу шекпенді құржитып отқа үйттесем.
Жапалақша жарбаңдап қалмай қойдың,
Итаяққа ас құйып «көйт-көйт», -десем.

Кенен: *Шәлипа, сен олай деп кесірленбе,*
Жүйрік аттай замғаймын көсілгенде.
Адамды итке теңеп шақыратын,
Шешең ит қып өзіңді өсірген бе?!, – дейді ақын ащы сөздің уытын ұтымды қайырып. Бұл енді жаны күйзеліп, «Бозторғаймен» мұңдасып жүрген балаң жырының ауқымын кеңейткен жастық жігер еді. Табиғат сабағының күнделікті адамдар арасындағы тірлігіне жыр ауқымында ашына араласу деп осыны айтса керек. Мұң-шерді тарқату мен тайталасу жырының табысы сол, ақын кеудесінен талықсып шыққан жыр легінің өзіндік айтылу кезеңіне қарай түрленіп, әрлене ашылуы деп білеміз. Өзінің байлығына масаттанған тәкаппар қыздың жырына, жабағы тон киген кедей жігіттің тапқыр сөзі, аңғарымпаздығы күйрете соққы береді. Оны айтыс соңындағы анайы сөздің тәрбие талқысына әбжылан тартқан торғайдай боп түсуі ғажап дәлелдеп тұр. Бұл болашақ ақынды айтыс өнеріндегі арналы жолға итермелеген іргелі нұсқа еді. Бұдан кейін де талай айтыстардың табиғатына қарай ойыса сөз саптауы, бұл Кенен ақынның кемеліне келетін, кенерлі тұлға екенін паш ете түседі.

Сыпайы айтыс, сыйласу айтыс, марапат айтыс, ащы айтыс – осының бәрі барып, тапқырлық пен алғырлықты ауқымында өз ажарын тауып жатады. Бұл айтыстардың қай-қайсынан болмасын Кенен ақын құралақан қалмағандығы айқын. Атап айтсақ,

жоғарыда айтқан «Кенен мен Шәлипа», «Кененнің Бөдене және Шәйнек деген жеңгелерімен әзіл-қағысы», «Кенен мен Ләтипа», «Кенжекожа мен Кенен», «Кенен мен Әбдіғали», «Кенен мен Бопина», «Кенен мен Шашубайдың дидарласуы», «Кенен мен Әсілхан», «Кенен мен Халима», «Кенен мен Есдәулет», «Сұлубике – Зейнеп» сияқты айтыстарының ара жігін ашып айтар болса, ақындардың қай-қайсысынан болмасын Кенен ақынның өзіндік мерейі үстемірек тұрғаны көрініп-ақ жатыр. Бұл деген, Кенен ақынның асау сезімдегі аунатпа жырдың асыл қазынасына кенелгендігін білдірсе керек.

Жалпы қазақ өнерінің асыл қасиеттері тап бір картада көрсетілген қазыналардай сайрап жататын ғажаптығы бар. Атырауды алсақ – күй, Арқаны алсақ – ән, Сыр бойын еске алсақ- терме, ал осы Жетісуды еске алсақ – айтыстың туын тіккен жер екендігіне ешкімнің таласы болмайтыны анық. Олай болса, Кенен ақынның кемелді ойларының қай жағынан болмасын кеңішті болып келетіні де содан деп білеміз. Әрқилы мінездегі айтыстардың ауқымында әбден шыңдалған ақсақал ақынның құдыреті қай жағынан болсын өзі сияқты жетімдік көруі мүмкін емес. Өйткені ол табиғат ананың өзіне берген мол сыйының астауына шомылған жан. Содан да болар әуен мен сөз сыйқырының үйлесімді үндестігін бірдей қабылдаған ақынның көкірегі қай кезде болмасын жарық боп, жанжағына шуағын төккендей жырмен көмкеріліп жататындығы. Болмаса ақынның туысқан халықтардың арасындағы (қырғыз елінде болған) дүрмекке түңғыш рет барғанда абыройын арттырған мына жырына не дер едік:

«Мен өзім Дулат деген елден келдім,
Көлқопа, Қордай деген жерден келдім.
Жас бала жаңа талап мен бір қойшы,
Туғалы мұндай жиын көрмеп едім...

Мен өзім жол көрмеген ақын едім,
Атақты ақын Сарыбастың жақыны едім.
Өнерім өр қияға алып ұшты,
Астында алты уықтың жатыр едім», деп өз өмірінің өнегелі мектебін паш етіп, аяғындағы тыныстықайырымын:

«Кебекбай, Ноғайбай,

Ақын болмақ оңай ма-ай?!» деп ата-бабаларына сыйынып отырған жаңа бір жастық екпін өз өрнегімен, өзіндік жаңалығымен көпшіліктің көңіліне үлкен желпініс тастағаны анық. Дуылдаған қол мен дән ризашылықпен шуылдаған үн тыңдаушы жұрттың ажарын шалқытқаны тағы айқын. Сол себепті де осы жолы атақты Жамбыл ағасымен бірге үлкен бәйгелердің бірін олжалап қайтқаны әлі күнге ел есінде сақталып қалған. Бұл өлең жайлы ежіктей айтар болсақ, анау айтқан ғажап шығармаларға да телуге болмайды. Дегенмен жас ақынның бойындағы бұлқынып жатқан күштің тым асқақтамай, өмірдегі өз шамасына қарай ұққан сырын қалың елдің арасына аян, түсінікті тілмен шалқыған жыр жолдары, салт-дәстүрі бірдей, тағдырлас екі халықтың да ойынан шыққаны аян. Сондықтан да желдей гуілдеген көрермен елдің көңілін тебірентіп, көкіректеріне құйылып жүре берген.

Ақын табиғатының аруағы бұдан әрі күрделеніп сала береді. Өйткені, көңіл еркіндігінің бұзып-жарып шықпайтын жері болмайтынына көзі жеткен Кенен ақын, халықтың арасындағы ақыл-парасат өлшемінен аспайтын қағиданы қатты ұстанып, іштей ширығып, бірден өнер жолына қатты шүйлігеді. Демек, халық тағлымының табиғат тағлымымен тамырлас жатқанын тез аңғарған ақынның көкірек көзі де жан-жағында болып жатқан жайларға үлкен мән бере толқуға мүмкіндік береді. Осы мүмкіндік келе-келе көңіл көкжиегін кеңейтіп, көзсіз кесіп айтар көп тұста кейін шегініп абырой сақтап, ал жөні келген жерлерінде арқалана, әруақтана жауап беретіндей халге жеткізеді. Бұл дегеніңіз замана ығындағы, қала берді уақыт тынысының өзіндік өлшемін ерте байқау, қалтқысыз сезіну деген сөз. Әрине, бұның ақынға әсері тимеді-ау, деп айта алмаймыз. Онда біздің өзіміз де қатты қателескен болар едік.

Міне, осындай ой күрделілігінің нәтижесінде ақын ендігі жерде кең тынысты дастандарға бой ұрады. Әрине, бұдан да ақын өз биігін табады. Өзінің туған топырағын, онда тіршілік жасап жатқан халқын қорғаған ел ерлерін жырламағанда, кімді жырламақ. Бірақ ақын үлкен жолға бару үшін де, оның бер жағындағы талай-талай тандыры кеуіп, тақымбұрау салған өмір алқабынан мүдірмей өтуі керек болатын. Сол белестің бір дәлелі болып әр тақырыптағы толғау жырлары жатса керек. Оған «Шөпке барғанда», «Құдалар»,

«Көрмеде туған толғау» және өзіне үлкен жақсылық жасап, жол көрсеткен, ағалық істеген Еркебай жайлы жырлары жататындығы анық. Осының бәрі ақын шабытының ажарын келтіріп, шабытын шаттыққа кенелтетін құбылыстар еді. Екінші жағынан өзінің алдындағы дарабоз жүйріктерден үлгі алып, өз ұстаздарын атап айтып және оларды үнемі пір тұтып, табынып отыратындығы қазақ дәстүріндегі бір келелі жол еді:

«Кәсібім жастайымнан ән мен өлең,
Әзірбай әкем екен, атым Кенен.
Өнерім бойымдағы жалғыз осы,
Сұрасаң сырыңды айт деп халқым менен.

Анам Ұлдар әнші екен, әкем де ақын,
Ұстазым Сарбас ақын дүрілдеген.
Шашубай мен Шолақтың әнін естіп,
Мен де сондай болсам деп дірілдегем...

Ақындардың дүлдүлін сонда көрдім,
Даусын естіп Жәкеңнің күмбірлеген.
Қырғыздың Тоқтоғұл мен Қалмырзасы,
Еліктіріп әкетті жырыменен», – дейді солардың әруағын шақырғандай. Көнекөз ақындарымыздың қай-қайсысы болмасын, алдымен өзінің осындай табынатын тұлғаларына тәжім етіп барып, одан әрі өзінің көңіл күйіндегі жырлардың тиегін ағытып отырады.

Әрине біз сөз ғып отырған Кенен ақынның қазақ поэзиясында қолданылатын тәсілдердің бәрін де қамтығаны рас. Және, тіпті бесаспап деуге де болады. Бірде әзіл-қалжыңға барса, енді бірде мысал өлеңдерге де жол табады. Тағы бірде үлкен-үлкен дастандарға бой ұрса, енді бірде ән әуеніне де еркін шырқап жүре береді...

Жалпы Кенен жырларының қай-қайсысын алмайық, өз тірлігімен, өз сөзімен, өз ойымен бейнелей отырып, тарихтың сол уақытқа тән бояуын өзгеріссіз, өлшем биігінен көрсетеді. Ол біздің болашақтағы олжамыз десе де болғандай. Өйткені, қазіргідей айналасы тап-тұйнақтай, іші кеуек сұлу жырлардың тұсында, кенересі кең тыныс-тіршілікті паш ететін нағыз қазақи жырлардың тәліміне ертеңгі күні зар болатынымыз да рас. Сол кезде осы Кенен ақынның, оның алдындағы, айналасындағы

сөз жүйріктерінің телегей теңіз, аста-төк жырлары мен оның неше қилы жазылу тәсілдері һәм түрлері қазақ әдебиетінің қара шаңырағын тіктеп, іргесін қозғалтпай ұстап қалатыны да ақиқат... Тіпті ақынның қасыретке малынғандағы «Базар-Назары» мен әзіл-күлкіге шақыратын «Көкшолағы» немесе жаз жайлаудың көркін беріп, кеудеңді самалға толтырып, өзіңді еріксіз шырқататын «Ой-жайлау» әндері мәңгі өшпейтін, жыр-нұсқа, ән-нұсқа екендігінде сөз жоқ...

...Осы үш ән тұрғысынан есептегенде үш мінезді айнытпай беріп отырғандай. Бірі қасырет, бірі әзіл-сықақ, бірі қуаныш – адамның үш бірдей сезімін, табиғатын қамтыған осы үш әннің өзі-ақ Кенен сияқты кемел ақынның қазақтың ән тарихында да, жыр тарихында да өзінің өшпес ізін қалдырғанын көрсетеді. Бұған арғы-бергі заман тынысын күрделендіре суреттейтін шығармалары: «Қырғызбай», «Әли батыр», «Кенебай-Кербез», «Бұрынғы өкен батырлар», «Жалғыз қаз», «Жамбыл – жыр» дастандары куә.

Сол сияқты Кенен ақынның тақырыбы бөлек, табиғаты бір-бірімен астасып жатқан танымдық өлең-жырларға да бой ұрғандығы байқалады. Бұған: «Ақыл-нақыл», «Мақал-мәтелдер», «Шөп аттары», «Құстар аттары», «Судың да аты бар», «Аң аттары» атты туындылары жатады. Біз осы табиғаттан тағы да хабардар етпек оймен қысқа-қысқа ақын толғаныстарын келтірейік. Мақал-мәтелдері:

«Озбайтын ат ұрыншақ,
Ұзамайтын жігіт ұрысқақ.»
«Кесірлі адам кер болады,
Кемеңгер адам кең болады.»
«Адам мінезі әртүрлі,
Ел біледі нарқыңды.»
«Қазанат қамшы тигізбейді,
Азамат жоғын білгізбейді.»
«Топастар тойғанға мәз,
Түбін ойлар адамдар аз».

Тағы басқа да ой түйіндеген ұтымды ақыл-нақылдары жеткілікті. Біз осы бес мәтелдің өзінен-ақ бүгінгі адам нарқын біліп отырғандаймыз. Дұрыс ұғынар болсақ, алатын өсиетнама осы қос жолдардың өзінде жетіп жатыр. Енді біз ақынның «Шөп аттарын» оқып көрелік:

«...Изен, жусан малға жай,
Құмарта жейді талғамай.
Қысы-жызы бірдей ас,
Қой, жылқыға толған май.
Бетеге мен боз шөп бар,
Бес түлік мал көр тоқтар.
Жайқалған көк шалғынға,
Жайылған мал ойнақтар.
Күйреуік пен бұйырған,
Жеген малға көп жұғым.
Қойға өте құнарлы,
Көтере алмас құйрығын», деп осылай кете береді. Қысқасы, бір өлеңнің өңірінде жетпіске тарта шөптің жұғымдылығы мен қасиеттері қамтылғандай әсер тастайды. Қазіргідей шөптің қазақша атауынан мақұрым болып жүргенде немесе соған жақындап қалып жүргенде бұл дегеніңіз үлкен олжа екені даусыз. Енді біз «Құс аттарына» ден қоялық:

«Құсардың ең қыраны бүркіт батыр,
Аңдар мен құсқа салар заманақыр.
Ителгі, қаршыға мен тұйғын, сұңқар,
Тояттар түзден ет жеп, олжа тапқыр.
Күйкентай, қырғиларь да иір тұмсық,
Алады аңдып жүріп тышқан, шымшық.
Құладын, құзғын менен алақарға,
Сауысқан жемтік ізден жүреді ыршып.
Залалсыз түрлі-түсті сансыз торғай,
Ән шырқар тауда, көлде, орман-тоғай.
Қаз, үйрек, шағала мен сұлу аққу,
Тамаша жаз айларда думан құрды-ай!...» деп тағы да жетпіске таяу құстардың атын атайды. Мұнда да әрқайсысын өзіне тән қаракеттерін беріп отырады. Ал «Аң аттарын» былайша көрсетеді.

«Аңдардың атақтысы арыстан-ды,
Жем етер аю, қабылан алысқанды.
Жолбарыс жауын көріп белдескенде,
Шайнайды қаршылдатып қарысқанды.
Күштілерін көргенде аң мен мал да,
Қашады жан сауғалап жыртқыштардан.

Сілеусін, барыс, қасқыр қас жаулары,
Қу түлкі, мысық бәрі алман-жалман.
Момын аң: арқар, құлжа, бұғы, марал,
Болмайды тау ешкіде ешбір залал.
Еліктер, қарақұйрық, құлан, бөкен,
Пайдалы адамдарға еті адал...» деп бұлардың да жоғары шамалас аттарын тізіп ала жөнеледі. Әрине, ақын ойынан өрілген кезде, олардың іс-әрекеттері, мінез-құлқы төңірегіндегі көп жайларды көшелі қалпымен көріктендіре төгеді. Ақын ендігі бір сәтте су аттарына да соғып, көсілте жырлайды:

«Көл дейді, өзен дейді, қайнар дейді,
Тұнық су, мөдір бұлақ сайды өрлейді.
Тұңғиық, тұнба, өткел, құдық шыңырау,
Қызыл су, ақ су, көк су, шалқар дейді.
Ащы су, тұщы су мен сары су дейді,
Атақты дарияларды қоспағанда,
Қасқа су, жер су деп ел дәріптейді.» деп мұны да біраз жерге апарып тастайды.

Ілияс Жансүгіровтың бір шайқалтып, жайқалтып жіберетін жойқын табиғатынан кейінгі осындай тақырыпқа арнайы барған осы Кенен ақын екендігінде сөз жоқ. Әрине, бұл жайға бұдан да әрі үңіле түсіп, термелегенде байқалатын нәрсе, бүгінгі таңда еміс-еміс есте қалғанмен, шұбырта жөнелетін табиғат байлығынан да тарынып қалғанымыз ақиқат. Осындайда ең болмаса тілге тиек болатын, сонылығымен ой салатын жырлардың құндылығы өз бағасын мәңгі жоймасы анық. Ақынды табиғат сабағынан мол үйренген демеске әсте хақымыз жоқ. Өйткені табиғат құбылысымен астасып жатқан ой-жүйелер ағыны қаншама еркін жырлардың басын біріктіріп, баянды өмірдің бір дәуірінің бет ажарын беріп тұр.

Рас, кешегі Кеңес өкіметінің тұсында, сол дәуірге лайықтап айтылған жыр жолдарының бүгінгі таңда сәл де болса тосырқатуы мүмкін. Бірақ ақын үшін тосырқайтын түгі жоқ. Әр заманның өз үнін, келбетін беретін жырлардың таңбасы әсте өшпек емес. Қайта ол сол қалпымен құнды, сол қалпымен уақыттың өз ажарын ашып көрсетуі абзал қасиет. Қайсы бір айтары жоқ шолақ әндер мен жыр жолдары болмаса, тұтастай шығармашылықты жоққа шығаруға әсте қосылмаймын өз басым. Сондықтан да мұндай кенересі кең кемел ақын Кенен ақсақалдың бар болмысындағы шығармашылық

табысы біз үшін, қайталап айтамын, аз олжа емес. Оның өзіндік үні бізді әлі талай сағынтады. Және сағынта бермек. Бұл кісі арқылы біз сол тұстағы жыр дүлдүлдерінің өшпес тұлғаларын көз алдымызға елестетіп, бір рахаттанарымызда сөз жоқ.

«Білім» баспасы, әдеби естелік, 2008 ж

Орынбай Дүйсен

КЕНЕН ӘНДЕРІНЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

(К. Әзірбаев әндерінің орындалу ерекшеліктері мен нотаға түсіру принциптері жайлы қысқаша ойтүйін.)

Кенен Әзірбаев халқымыздың сал-серілік өнерінің заңды жалғасы болса, кейінгі толқын ақын-жыраулардың, әншілердің үзеңгілес замандасы, екі ғасырдың куәсі болған заңғар тұлға. Ол Жетісудың әншілік-жыршылық, ақындық дәстүрінің уәкілі бола тұра, шығырмашылық өмірде өзіндік ерекшеліктерін енгізіп, қайталанбас қолтаңбасын қалдыра отырып, өзінің әншілік мектебін қалыптастырды. Бүгінде ол Жетісу ән дәстүрінің көшбасы тұлғасына айналып отыр десек артық айтқандық емес. Оған кейінгі ұрпаққа аманат қылып қалдырған жүзден асып жығылатын ән-жыр, күй мұрасы куә.

...Кенекеңнің ақындық, әншілік өнерін бағалай келе, академик Ахмет Жұбанов былай дейді: «Оның мәнісі терең бола тұра оқуға жеңіл, ешбір түсініксіз, жұмбақты жері жоқ...». Шынында да автордың әндерінің нобайы жалпы халықтың репертуарынан орын алып, ойын-сауықтарда, той-думандарда сүйіп тыңдап, сүйіп айтатын әндерге айналды, шын мәнінде халықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Оның әндері кәсіби әншілердің «қоржынын» толтырды.

Кенекеңнің әндерінде қазақ халқының шығармашылығына тән дауыспен айтылатын жанрлардың барлығы дерлік қамтылған. Олар: тұрмыс-салт әндері, үлгі-өнеге, ақыл-нақыл, арнау, толғау, терме, жыр, айтыс т.б. Жанрлық ерекшеліктерге байланысты әндердің көлемі де әртүрлі болып келеді. Олар ән жолдарының, тармақтарының, сөз, буын ерекшеліктеріне, сондай-ақ жанрлық түрлеріне тән ән шумақтарына қойылатын талаптарға сай болып келеді.

Көлемі шағын әндерден бастап, күрделі, құрылымы синкреттік формадағы әндер де кездеседі. Дауыспен айтылатын ән-жыр жанрларының бәрінің де Кененнің тврчествосынан орын алғанын көреміз. Әндерінің атаулары да, дыбыстық жүйелері де, ақынның сөз саптау мәнері де, шығу тарихы да, әннің ішкі мазмұнын ашуда дәлме-дәл қолданылып, әндердің ажарын келтіріп, айқындай түседі.

Кенекеңнің «Құлақ күйі» (екі нұсқа), «Сарбарпы», «Қызыл әскерге арнау», «Алып қара құс», «Ботаң қалды қарқарау», «Жаудан қашқан өгіз» күйлері өз алдына бөлек зерттеп-зерделеуді қажет ететін туындылар. Кенекең күй соңына кәсіп қылып түспесе де, шығармаларында олардың мазмұнын ашуда орындаушыдан ерекше шеберлікті талап ететін өзіндік әдіс-амалдарды қалыптастырып, орынды пайдаланған. Әсіресе, бір қағыспен алынатын лига тәсіліндегі дыбыстар тізбегі назар аудартып, ерекше дайындықты талап етеді. Күйлерінде қосарланып келетін ән мен жырдың іздері байқалады. Автордың көзін көріп, қасында жүргендер, Кенекең өзінің «Құлақ күйін» үлкен ән-жыр додасына түсер алдында, шабыт шақыру ретінде тартадын дәстүрі болған деседі.

Әрі ақын, әрі әнші, әрі композитор Кенен Әзірбаевтың шығармашылығымен таныса келе, ол өзінің өскен ортасын, туған өлкесін, табиғат тынысын, үлкенді-кішілі қоғамдық құбылыстарды, замана ағымын анық әрі өте шеберлікпен сомдап-суреттей білген ерекше тұлға.

Кенекеңнің орындау ерекшеліктеріне келетін болсақ, олар төмендегідей:

1. Әндер домбырамен қосылғанда олардың дыбыстық ауқымы домбыраның бас буын регистрі мен орта буын регистрі аралығындағы дыбыстарды қамтиды

2. Әндердің дыбыстық жүйесі (тональность) домбырадағы дыбыстың таңбалануы, орындаушыларға нотаны оқуда жеңілірек болсын деп бүгінде қалыптасқан («РЕ-СОЛЬ») жүйесімен беріліп, «Ре»-мажор, «Ре»-минор, «Соль»-мажор, «Соль»-минор, сирек «Ля»-минормен айтса да, мұның өзі әннің дыбыстық жүйесінің (тональностарының) көрсеткіші емес, сол әннің домбыраның қай буынында айтылатынын білдіретін көрсеткіші деп түсінген жөн. Ал әнші болса домбыраның ішегін қоңырлатып немесе қатайтып өзінің даусына лайықтай келтіріп айта береді.

3. Әндердің дыбыс көлемі (диапазоны) бірінші пунктте айтылғандай бас буын мен орта буын регистрларын қамтып, домбыраның осы буындарында орындалады. Бұл Кенекеңнің ән орындаудағы ән мен домбыра арасындағы үндестікті дәл табудағы негізгі ерекшелігіне жатады.

4. Дауыспен айтылатын кіріспелері бар әндері де кездеседі, мұның өзі тек авторға ғана тән жүйемен қалыптасқан. Тәжірибесі бар тыңдаушы оны бірден тани қояды.

5. Сол сияқты әндерде автордың өзіне тән кіріспелері бар, олардың тартылу ерекшеліктері тікелей сол айтылатын әнге байланысты болып келеді...

6. Әндерді сүйемелдеуде, домбыраның қағыстары- бір ішекте бірыңғай төмен не бірыңғай жоғары болып, ал екі ішекте бірыңғай төмен болады. Арасында қағыстар алма-кезек ауысып отыратын жерлері де кездеседі....

Кенен әндерінің негізгі екпіндік ерекшелігі мынадай: адымдай, аяңдай, бүлкілдете, желдірте, термелете т.б. болып келеді.

Автордың мұңлы, қайғы-қасіретке толы әндерінің өзі тым созбай, алдымен аяң, бүлкіл екпінінде орындалады. Оның ән орындаудағы осындай ерекшелігіне баса назар аударған жөн.

Кейбір әндерінің негізгі екпінінен, орындалу мақамынан астындағы атының қимыл-қозғалысына, жүріс түрлеріне қарай сәйкестігі байқалады. Мұның өзі ақынның көп жағдайда алқалы жиын-тойларда ат үстінде отырып ән салғандығын аңғартады. Бұл да Кенекеңнің ән салудағы бір ерекшелігі деп түсінген жөн.

Әндерінің: «а», «о», «ау», «ай», «оу» болып ашық дауысты дыбыстармен аяқталатын, «гі-гі-гай», «гік-көй», «ге-ге-гек-көй» деп келетін қайырма соңындағы дыбыстар тізбектері мен дыбыс өрнектері де автордың өзіндік ерекшелігіне жатады. Ақынның әндерін орындау кезінде осыларға ерекше назар аудару қажет....

Жоғарыда айтылғандай әннің сөздері анық, ырғағы нақты, музыкасы айқын, интонациясы таза болу үшін ән сөздерінің кейбір тұстары музыкаға байланысты орфоэпия заңдылығымен айтылғаны жөн...

...Әндердегі екпіндік ерекшеліктері, ырғақтық ұғымдары, домбырамен сүйемелдеудегі автордың ерекшелігіне жататын, бірыңғай жоғары, немесе бірыңғай төмен қағыспен алынатын

«сегіздік ұзақтықтағы» қағыстар әннің де, әншінің де тақырыптан ауысып, әннен ауытқып кетуіне жол бермейді.

Кенен әндерінің табиғи қалпын жоғалтпау үшін оны оркестрге, әртүрлі құрамдағы ансамбльдерге түсіргенде немесе фортепианоның сүйемелдеуін (аккомпонементін) жазғанда, жалпы Кенен Әзірбаевтың творчествосына қызығушылық танытқандарға айтарымыз: жоғарыда айтылған тақты өлшеміне, ырғақтық ұғымдарға, дыбыстарды топтастыруға (группировка) байланысты көрсетілген ерекшеліктер мен қағидалардың сақталғанын қалар едік... Әнге байланысты композитордың өзіне ғана тән, аса ерекше, көзге көріне бермейтін, күрделі мәселелерді келешек зерттеулердің үлесіне қалдырып отырмыз...

Кенен Әзірбаевтың әндері тұңғыш рет домбыраға лайықтап нота жүйесіне бірнеше бағытпен түсірілді.

Бірінші бағыт: автордың орындауында түсірілген әндер. Түсініктемедегі тұжырымдар, орындау ерекшеліктеріндегі өзгешеліктер, нотаға түсіру принциптерінің негіздері автордың орындауына сүйеніп жасалды. Біз бұл тұста әндердің түп нұсқасын сақтап қалуды мақсат еттік.

Екінші бағыт: Төрткен Кененқызының орындауындағы әндері. Бұл әндер негізінен автордың өзінің орындауында сақталмаған әндер. Төрткеннің орындауындағы әндердің түпнұсқасы сақталғанмен, домбыра қағысында, дауыс екпінінде, дыбыстық үндестік жағында өзгешеліктер бар. Біз сол ерекшеліктерді сақтап қалуды жөн көрдік.

Үшінші бағыт: Бұрын жарияланған, таспаға басылған әндерді домбыра мен дауыстың ыңғайына келтіре отырып түсіру. Осы әндердің кейбір тұстарының нақтылығын және ұмыт болып бара жатқан әндерді Бақытжан Кененұлының еске түсіруі арқылы нотаға түсірілді. Осылайша еске түсіру арқылы жазылған әндер және оларды ұл мен қыздың бізге жеткізу үлгісі, ұрпаққа Кенекеңнің әнкүйлерін үйретудің «мұрагерлік» жолы деп айтсақ болады.

...Бұл істегі тағы бір ерекшелік, ән сөздерінің анық, интонациясының таза болуы үшін әндердің ноталық, дыбыстық жүйелері, қазақ тіліндегі сөз буыны, сөйлем, сөз тіркестері, сөздердің жазылуы (орфография), сөздің айтылуы (орфоэпия), ырғақ, түбір сөз, жалғаулар, жұрнақ, қосымшалардың қолданылу ерекшеліктері жан- жақты ескерілді... Ырғақтық жүйені

қалыптастыруда сөз, сөз буындары, сөз тіркестері, сөйлемдердің екпіндік ерекшеліктері де еске алынды.

...Қазақ тілінде, поэзия саласында кездесетін, әсіресе өлеңнің: 5,6,8,9,10,11 буындық заңдылықтары негізге алынды. Кенен әндерінің нақты өлшемдері мынадай болып келеді: 5/8, 7/8, 8/8, 9/8, 10/8, 11/8 . Осы өлшемдердің арасында 4/8-де кездеседі. Біз оны үйреншікті 2/4 өлшемімен бердік. Кейде әндерді нотаға түсіргенде 8/8 өлшемді, санауға жеңіл болсын деп, тағы басқа да сауалдармен 4/4 өлшемімен көрсететін жағдайлар жиі кездеседі.

Қазақ музыкасында осы аталған екі өлшем де бар. Мәселе, осы екі өлшемді қай әнде қалай пайдаланғанын ажырата білуде. Ал әлгінде айтқан 8/8 өлшемі болса қазақ музыкасының өзіндік ерекшелігіне жатады. Бұлар поэзия мен музыкада аралас кездесе береді. Осы қағидалар сақталғанда ғана әннің табиғи қалпы (түпнұсқасы) бұзылмай айтылады да, сақталады да.

...Бүгінгі тәжірибеде қолданылып жүрген «әлді» үлес, «әлсіз» үлес дейтін үрдістер қазақ әуендерін айту, сөздерін оқу заңдылықтарына сәйкес келе бермейді. Өйткені қазақ тілі мен оның жазу, сөйлеу мәдениеті басқа халықтардан өзгешелеу болып келеді. Қазақтың ән өнері жөнінде де айтарымыз осы...

Кенекеңнің бір топ әндеріне қысқаша түсініктеме:

«Ри, қойым»! Автордың тұңғыш туындысы. Бұл әнде он жастағы ойын баласының ішкі арман тілегі, қиялы шынайы, шебер суреттелгенін көреміз. Әннің әуені мұңды болса да, екпіні біркелкі ырғақпен жүреді. Ол Кенекеңнің әндерін орындаудағы негізгі ерекшелігі. Әннің тактылық өлшемі қазақ музыкасына тән 7/8,5/8,6/8, кейбір жерлерінде 2/4 болып келеді. Алғашқы ән болғасын әнді домбырамен айтушыларға түсініктілеу болсын деп, домбырамен сүйемелдеу тұстарының қағыстарын көрсеттік. Ән 7 такты домбыраның кіріспесінен басталады... «Ри, қойым», айтылуы орфоэпия заңдылығымен берілді.

«Бозторғай». Бұл әнде ертеден қара кешке дейін қой соңында жүріп шаршап-шалдығып, табиғатпен тілдесіп, бозторғайға шағымданған баланың кейпі суреттелген. Автордың шығармашылық, әншілік, ақындық өнерінің ауқымдылығын, ойқиялының ұшқырлығын, өзіндік дәстүрлік жолын айқындайтын шоқтығы биік әндерінің бірі болып саналады. Ән мұңды болғанмен, екпіні біркелкі жүрдектеу. Орындаушыдан ерекше

кәсіби шеберлікті талап ететін ән. Әннің тактылық өлшемі аралас, үш буынды сөз анық болсын деп, өлшемі 3/8 және 2/4 етіп берілді. Ән жолдарының арасында домбыраны қағып-қағып отырады. Әннің мәтіні кей тұсында орфоэпия заңдылығымен айтылады.

«Көкшолақ». Жүрдек, көңілді, күлдіргі, әзіл ән. Қайырмасы желдіртіңкіреп айтылады. Ал «гі-гі-гай» ашық дауысты «о» дыбысына айтылатын дыбыстар тізбесі басқа әндерде де кездескенімен, мұнда орындаушыдан аса шеберлікпен, ыждағаттықты талап етеді. Кененнің әнді сүйемелдеу ерекшеліктерін көрсету үшін домбыраның партиясы кіріспеде, әннің әр жолында берілді.

Халық арасында кең тарап, ойын-сауықтарда айтылмай қоймайтын, автордың бағы жанған көптеген әндерінің бірі.

«Құрдасыма!». «Аянбайдың жауабы» атты әндердің екеуі де назар аударарлықтай. Бірінші әнде сөздің айтылу (орфоэпия) заңдылығына және музыкасына баланысты, тиісті жерлерінде ашық дауысты «ы», «і» дыбыстарының айтылуына көңіл бөлінсе, екінші әнде ауысып отыратын 2/4, 5/8, 6/8, 8/8, 3/4, өлшемдердегі ырғақтық ұғымдарың нақты болуын қадағалап отыру қажет...

«Тік шырқау». Музыкалық тақырыпқа бай, өте күрделі синкреттік түрде шығып, автордың стильдік ерекшеліктерін айқын көрсететін әндерінің бірі. Мұнда ән, жыр, терме жанрлары қосақталып көрсетілген. «Ах- ох», «ой-ой», «гөй-гөй» дейтін қосымша дыбыстар автордың шығармашылық, орындаушылық ерекшелігін көрсетеді. Әншіден жоғары орындаушылық шеберлікті талап ететін туынды.

«Ойжайлау». Қайырмасы екпінмен термелете айтылып, соңғы 6/8 – өлшеміндегі ырғақтың, сөздерінің анықтығына үлкен мән беріледі. Қайырмасындағы бір ерекшелік екінші жолдың (тармақтың) бірінші сөзі, бірінші тармақтың әуенінің аяғы болып келіп отырады.

«Бұлбұлға». Басқа әндерден өзгешелеу болған соң домбыра кіріспесін бердік. Такты өлшемі ауыспалы болғандықтан, сөздердің айтылуына көңіл бөлінген жоқ. Кененнің ән ерекшеліктерінде айтылғандай домбыраның кіріспесі, ән жолдарының арасында орындалатын партиясы «мажор» ырғағында (тональность) тартылып, әннің әуені «минор» ырғағында айтылуы назар аудартады. Қайырмасының соңын сәл өзгерте отырып, үш рет қайталап айтуы автордың өзіндік ерекшелігі деуге болады.

«Базар-Назар». Ән ерекшелігі: 7/8 өлшеміндегі ноталар 4/8 және 3/8 болып топтасады.Төртінші тактіде дауыссыз дыбыстың алдында орфоэпия заңдылығымен дауысты дыбыс алынады...

Халық арасында кең тараған немесе аз таралған, орындау ерекшеліктері қиынға соқтырмайтын әндерге, түсініктеме берілген жоқ.

Кенен Әзірбаевтың әндері мен күйлері тұңғыш рет домбыраға лайықтап нотаға түсіріліп отырғандықтан кейбір ескерілмей қалған олқылықтардың болуы әбден мүмкін. Бұған өнер зерттеуші ғалымдар да, өнерсүйер қауым да түсіністікпен қарайды деген ниеттеміз.

К.Әзірбаев. «Жан серігім, домбыра» атты әндер жинағынан алынды. «Өнер» баспасы, 2008 ж.

Мамытбек Қалдыбай

СӨЗГЕ ДЕ, КҮЛКІГЕ ДЕ САҚ БОЛ, БАЛАМ!

60-шы жылдардың ортасы. ҚазГу-ді бітірген кезім. Жолдамамен Жамбыл облысына аттандым. Қызмет орным Кенекең (Кенен Әзірбаев) ауылы болып шықты.

Кіші бесін. Мен мінген автобус Ташкент-Алматы трассасымен күн батысқа кілт бұрылып, майда қиыршық тас жолмен біраз жүрген соң Кенен ата ауылы орталығына келіп жетті. Зілдей ауыр кітап толы, бірі қызыл қоңыр, бірі шымқай қара қол сандығымды жол жиегіне қойып, қайда барарымды білмей ойланып тұрмын. Директордың, жоқ әлде Кенен атамның үйіне барсам ба? Ары ойланып, бері ойланып, Кенен атамның үйіне барғанды жөн көрдім.

Аула көлеңкесінде, киіз төселген жұмсақ көрпеше үстінде ақ сақалы омырауын жапқан, жоталы, кең иықты қарт кісі қос жастыққа шынтақтай қисайып, “Қазақ әдебиеті” газетін оқып жатыр. Көзінде көзілдірік. Кітаптағы суретінен айнымайды екен, тани кеттім, Кенен атам! Анандай жерде екі кемпір жүн түтіп отыр.

Зілдей ауыр жүгімді жерге қойып, “Ассалаумағаликум, ата” деп ізетпен сәлем бердім.

– Қай балам боласың? – деді Кенен ата сәлемімді алған соң, таңданған кейіпте үсті-басымды түгел шолып шығып. Мен жай-жапсарымды айттым. Ол кісі “е, келгенің жақсы” деп орнынан қозғалақтай түсіп, қабағын түйді. Екі кемпір маған таңырқай қарап қалыпты. Атамыз тұнжырай ойға еніп, үнсіз отыр. Әлден соң:

– Кемпір-шал бар ма? – деді.

– Жоқ.

– Келін бала ше?

– Әлі үйленгенім жоқ.

– Туған-туысқандарың ше?

– Бар.

Ол кісі тұнжырай қабақ түйген күйі төмен қарап, қайта үнсіз қалды. Жақтырмай отырғанын іштей сезіп, ыңғайсыздана бастадым.

Алматыда Бауыржан ағаның үйінде болғанымда: “Сенің қызмет ететін жерің Кенен ақсақалдың ауылының қай жағында?” деп сұраған еді,– дедім. – Ешқайда бұрылмай сізге сәлем беруімнің бір себебі осы. Айыпқа бұйырмаңыз.

Кенен атам басын жоғары көтеріп, маған тіктей қарап:

– Сен Бауыржанның кімі боласың? – деді.

– Жақын інісімін.

Басқа сөз аузыма түспеді.

– Қарағым-ау, бағанадан бері неге бірден солай демейсің? Шынымды айтсам, мен сені желігіп жүрген желөкпелердің бірі ме деп онша жақтырмай отыр едім. Бауыржанның інісі болсаң, міне үй, міне, төр. Ол екі-үш ай бұрын қадірлі қонағым боп аттанған.

Кенен атам аяқ астынан көңілденіп, жадырап сала берді. Кенен атам суыртпақтай сыр тарта отырып, өлең жазатынымды біліп алды.

– Айсыз қараңғы түнде мың жылқы ішінен қышыма қотырлар бірін-бірі тауып алады, деді кеңкілдей күліп. Немесе атың қашаған болса, жайлауға бар да, ер-тұрманын, жүгенін сыпырып, бос жібер. Таңертең тұрғанда жылқышыдан: “Атым қашаған еді, қайдан іздесем екен? – деп сұрасаң, жылқышы: “Біздің де қашаған бір қуымыз бар еді, соны тауып алған шығар” – деп жауап береді. Айтқанындай, іздей шықсаң, бір жартас басында екі қашағанның оқшауланып тұрғанын көресің. Немесе мінген атың шабан болса, өзіне лайық шабан жылқыны тауып алады да, сонша қыл

құйрықтың соңында қалып, тізесін ашпай қатар кеп, өзеннен су ішеді.

Кенен атамның нені тұспалдап, жұмбақтағанын ішім сезді. Әр сөзін ұйып тыңдап отырмын.

– Бұл жердегі мұғалімдердің бәрі өзіміздің балалар. Жатырқамай, жасқанбай, бел шешіп, жұмысыңа кірісе бер.

Атам бір кезде Сәбит Мұқанов екеуінің Солтүстік Қазақстан облысында бір ай болғанын, ол жақтан жақында ғана оралғанын әңгімеледі.

– Дүниеде «ақиқат, дау» деп сөз екіге бөлінеді. Ақиқат сөзін сөйлейтіндердің бірі - Бауыржан. Ал кей адамдар неліктен даудың сөзін сөйлейді десек, олар қара басының қамын күйттегіш, жалтақ, жасық, жағымпаз, күншіл, тіпті кекшіл жандар.

Адамдар неге бірін-бірі алдайды, жек көріп тұрса да неге жымиып, өтірік күледі, өтірік сөйлейді десек, оның да екі себебі бар, балам. Бірі–аярлық. Ондай адам өзінің ішкі зымиян ойын басқаларға білдірмес, сездірмес үшін өтірік сөйлейді, өтірік күледі. Сондықтан сөзге де, күлкіге де сақ болған жөн. Ал енді кейде адал адам да өтірік жымияды, өтірік сөйлейді. Себебі, ол шынын айтса, аярлар оның сырын біліп алып, мазақ етуге дайын тұрады. Және арамзаның күлкісіне күлкімен жауап бермеске тағы лажы жоқ. Қайткен күнде де адал жанның күлкісі астары қалың мысқыл күлкі. Бәрінен өмірде арлы, адал болғанға не жетсін?! Ал біздің Бауыржан сондай арлы, асыл жан!

Қас қарайып, шам жағылды. Кең де таза аулада, көрпеше үстінде атам екеуміз әлі әңгімелесіп отырмыз. Бір кезде дастарқан жайылды.

– Малдың басын жемедім деп ренжіме, балам. Амандық болса, әлі жерсің, – деп атам дәу шара етті алдына алды.

Таңертең мені өзі оятты. Айнала жарық тартып қалыпты.

– Түнде жатқан соң ойлансам, саған үй керек екен. Оны қайтпексің? Мына біздің үйде-ақ жүре бер. Бірақ, бір ескертетінім, маған келім-кетім көп. Жазу-сызуыңа кедергі жасап жүрмесе.

– Үй мәселесін директорыммен ақылдасармын.

Мектеп есігін алғаш ашқалы отырған ұстаз баланың қуанышына ортақ болғандай сәт еді бұл. Кенен атам төрден орын алысымен оң қол жағына мені, сол қол жағына кемпірі - Насиха әжені отырғызады. Құлақ жеп, әрі атамның әндерін өз аузынан

тыңдап, тамашаға кенелдім де қалдым.

«Насиха, сен жоқ жерде ақылым жоқ,

Дүниеде сенен өткен жақыным жоқ», – деп кемпірін мақтаса, енді бірде:

«Қожасы білсек білім бұлағының,

Қасымда отыр жап-жас мұғалімім», – деп мені де әнге қосады. Екі аптадан кейін Рақымжан деген кісінің үйіне көшіп шықтым. Көп ұзамай Кенен атамнан ақыл-кеңес сұрауыма тура келді. Алдына барып, сырымды бүкпей ашық айттым. Үнсіз тыңдап болған соң:

– Шу өзенін көргенің бар ма? – деді күлімсірей.

– Көргенім бар.

– Көрсең, сол Шу өзенін жүз атты адам кешіп өтсе, лайлана ма, лайланбай ма? Мен ойланып отырып, лайланбайды дедім.

– Дұрыс. Жүз атты адамның кешіп өткенінен Шу өзені лайланбайды. Біле білсең, жастық, жігіттік шағың да сол Шу өзені секілді.

Сөзден сөз туындап, әңгіміміз тереңдей түсті.

– Әйелдердің де түр-түрі бар, – деді Кенен атам ойлы, мейірімге толы жұмсақ жанарымен мені өзіне баурай түсіп. Мысалға, оларды алтынға, күміске, темірге, көмірге, жезге теңеуге болар еді.

Алтын әйел ерінің әрдайым абыройлы болуын, ел құрметіне бөленуін тілейді. Құр тілеп қана қоймай, соған жағдай жасайды, қамқоршы болады. Оның биікке, алысқа самғап ұшқанына қуанбаса, ренжіп, қиналмайды. Бұл ретте ол қыран мекен етер шың іспеттес.

Ал күміс әйел ерінің көңіліне, қас-қабағына қарап, әр кез арнамысына кір жұқпасын, атақ-даңқына сөз келмесін деген ақ тілеу, ақ ниетте болғанымен, қайда барса да, мейлі қырға шықса да, ойға түссе де, қол ұстасып қатар жүргенді, қасында болғанды қалайды. Оның мұнысы көлін қорыған қызғыш құсты еске түсіргендей.

Темір әйел ерінің айтқанынан гөрі өз айтқаным айтқан, айтқанымнан қайтпан деп қасарысып, илікпейді. Шаң-шұң шығарып, тіпті кейде кісі көзінше беттен алып, төске шабады. Содан ері амалсыздан жасқаншақ, жалтақ күйге еніп, ешкімді қонақ етіп, сыйлай алмайды. Қайта "қайтсем әйелімнің көңілін табам" деп абырой-беделінен, ақыл-қайратынан айырылады.

Көмір әйел өзінің де, өзгенің де бағасын білмей, ертелі-кеш

көше кезіп, қыдырыстап жүргенді қалайды. Үсті-басы кір-қожалақ, үй іші жиналмай, ыбырсып жатады.

Ал жез әйел бүгін мынамен, ертең анамен болсам дейді. Онықі "күле қарасаң, көйлегіне жамау сұрайдының" кері ғой…

– Түсіндім, ата. Ендігі бір сұрағым, жақсы әке болу үшін не істеу керек?

– Білсем деген талабың орынды, балам. Отбасының жауапкершілігі бәрінен бұрын әкенің мойнында. Жақсы әке боламын десең, ең алдымен өзіңді өзің тәрбиеле. Көтерілме, аспа, таспа. Адал еңбектен. Өтірік айтпа, ешкімді күндеме. Сонда сенен туған ұл да, қыз да жақсы болып өседі.

– Тағы бір сұрағым бар, – дедім мен ол кісінің көңілін басқа жаққа аударғым келмей:

– Өмірде достық, жақсылық етсең де, қастық ойлайтындар бар. Оларға не істеу керек?

– Оның рас, балам. Ондайлар да бар. Бірақ ол білместіктен, көр көкірек надандықтан, қызыл көз қызғаныштан туады. Әлсіз, еңбекті сүймейтін адам–күншіл. Мына өмірде атаң ондайлардың талайын көрген шығар. "Кең болсаң, кем болмайсың, тар болсаң, бар болмайсың" дегендей оларды елемеу керек. "Таспен ұрғанды аспен ұр" деп бабаларымыз бекер айтпаған…

Мектептегі ұстаздық өмір мен күткендегіден де қызық екен. Ол өз алдына әңгіме. Мен тақырыптан ауытқымай ауылдастарының Кенен атамның кісілігі жөнінде сыр шерткен әңгімелерін баяндасам деймін. Өзім жетекшілік ететін алтыншы сынып оқушыларының үйлерін аралап жүріп, бірде Айтқұл Орманбеков деген қариямен пікірлесіп қалдым. Ол кісі:

– Жасым биыл жетпіс сегізде, – деп бастады сөзін. – Кенекең кішіпейіл, ұзын өзек, қормол, кең ойлы адам. Онысын тұлғасының өзі де айтып тұрғандай. Ол кісінің бір ерекшелігі, тіпті қалжыңдасқанның өзінде де ешкімнің көңілін қалдырып сөз айтқан емес. Сүйегіне сіңген әдеті, кімді болмасын көтермелеп, мақтап сөйлейді. Жетім, жесірлерге қайырымды.

Мінезінің тағы бір ерекшелігі, сізді біреу сыртыңыздан жамандап, өсектеп жатыр десең:

– Әй, адамның жаманы жоқ, бәріміздің жанымыз да, тәніміз де бірдей. Өйтіп алалауға болмайды. Мейлі, жамандаған адам жамандай берсін. Одан келер маған зиян жоқ. Қайта оны маған жақсы

айттың. Үйіме шақырып қонақ етіп жіберейін. Пікірі өзгерер, – деп күлімсірей жымиятын.

Ілгеріде ауылымыздың Уәли деген білікті кісісі жиын беріп, сонда көпшілік: “Кенеке, әңгіме айтыңызшы?” деп қолқа салғанда, Сәулебай деген бір қартымыз мұқата сөйлеп:

– Кененнен қандай әңгіме сұрайсыңдар. Жетім, кедей болған. Ол содан өзге сендерге не айтып береді? – дегенінде:

– Өшір үніңді! – деп жұрт дүрліге көтерілгені бар. Сонда Кенекең:

– О, халайық, оған ашу шақырып, тиіспеңдер, сөйлей берсін. Оның айтып отырғанының бәрі рас, бәрі шындық. Білсеңдер, жуған сайын кірім кететін ол менің ақ сабыным ғой. Айта берсін. Тек құдайым ел-жұртыма жеккөрінішті, халқыма қадырсыз етпесін, – дегені есімде.

Тағы бірде Уман деген қартпен әңгімелесіп қалдым.

– Мен биыл жетпістің жетісіне келдім, – деді ол кісі.– Қырдың басына шығып тұрмын ғой. Кенекеңнің пәлендей мінін білемін деп айта алмаймын. Ұрыс-таласыңыздан хабары жоқ. Ашуланып, біреуге биіктік жасағанын көрген де, естіген де емеспін. Бұрын, жастау кезінде ревком төрағасы болды. Екі жылдан соң “мансаптың маған керегі жоқ” деп оны өзі тастап кетті. Көңілі ақжарқын, ақ тілеу, жақсы кісі.

Ауылымызда аққудай Әшірбек деген шал бар. Өзің де жолығып, әңгімелесерсің. Сол қартымыздың бір басқосуда болмашы сөзге келіп қап, Кенекеңе тілі тиді. Кенекең: “Мінезің жаман екен, сенімен сөйлеспеймін” деп ренжіп, үйіне қайтып кетті. Естуімізше, бесінші күн дегенде Кенекең жирен қасқасына мініп, Әшірбектің үйіне барады.

– Оу, келін, бері шығып кет! – деген дауыстан Әшірбек әйелі екеуі далаға жүгіре шығады. Кенекең аттан түсіп, төрге өтіп, жайғасады.

– Ал, Әшіржан, “ашу — пышақ, ақыл — таяқ” деген ғой. Бірбіріміздің өтсе, кешірім. Бұдан былай көңілімізде кірбің болмасын, – деп жарасады. “Сонда ұялғанымнан жерге кіріп кете жаздадым. Ол кісінің келер реті жоқ еді. Қайта алдына кешірім сұрап, қол қусырып менің баруым керек еді.

Туған елім, туған жер,
Ешбір өкпем жоқ сенде.

Екі Кенен тумайды,

Алатауға ексең де, – деп өзі жырлағандай, Кенекеңнің қадірін сол жолы ұқтым, – деп Әшірбек қарияның күрсіне өкінгені бар.

– Кенекеңнің алдынан қия өтіп көрген емеспін, – деді Керімжан қарт, – Қашан болмасын жұртты ынтымақ-бірлікке бастап, бір-біріне кешірімді болуға шақырып жүреді. Ағайын арасында ашу-араздық туа қалса, әйелдер жағына кемпірі Насиханы жұмсап, ерлер жағына өзі барып, екі жақты жылдам жарастыра қоятын.

Осындай ынтымақ-бірлігі айрандай ұйыған Кенен атам ауылына жаңа бауыр басқан менің, қысқы он күндік демалыста туған аулымдағы өзім білім алған мектепке ауысуыма тура келді. Есеп айырысып, айналадағыларға мойын бұруға мұршам болмай жүргенде, Төрткен (Кенен атамның қызы):

– Атаң сенің еліңе кететініңді естіп, кешке үйде қонақ болсын деді, – деп хабарлады.

Бұл мүлде мен күтпеген жай. Аң-таң қалдым, әрі қысылып, ұялдым. Ол кісіге арнайы барып, сәлем беруім керек еді, қарбалас жұмыстан қолым тимей, ауылыма қайтар күні қоштасармын деп шешкен мен, енді тездетіп, Кенен атамның қолын алмақ болдым. Бар шаруамды кейінге ысырып, алдына бардым. Ол кісі жайдары қарсы алды.

– Қыс ортасында неге біздің ауылдан кетіп барасың? Әлде біреу-міреу көңіліңе тиді ме? – деді маған күдіктене қарап.

– Ешкім көңіліме тиген жоқ, ата. Туған ауылыма ауысу себебім, әкемнің аты өшпесін дедім. Кенен атам қабақ түйе, сақалын сығымдай, ұзақ ойға еніп:

– Әй, балам-ай, ауылыңа ауыспас бұрын менімен ақылдаспадың ба? Ер жігіт қайда жүрмесін, дені сау, аман-есен болса, әке аты өшпейді емес пе? – деді де сәл ойланып отырып:

– Мына жақта Алматы, мына жақта Бішкек жақын. Ақын-жазушылармен араласып, барыс-келіс жасауыңа да қолайлы еді. Көктем шыға сені Алматыға ертіп барып, Сәбит Мұқановпен таныстырсам деп те ойлап жүр едім, – деді өкінгендей басын шайқап. Мен ештеңе айта алмадым.

Кешке қызметтес мұғалімдермен Кенен атамның үйінде қонақ болдық. Атам жеті-сегіз әнін нақышына келтіре орындады.

“Бұлбұл” әнін шырқағанда ет жүрегім елжіреп, жанарым жасаурап кетті… Тамақ желінген соң:

– Қарақтарым, мен шал адаммын, шаршап қалдым. Рұқсат етіңдер, бөлмеме барып демалайын,– деп орнынан тұрып, домбырасын көлденең ұстаған күйі бәрімізге арнап: “Аталық тілегім, жастық шақтарыңды өкінбестей, қызықты өткізіңдер” – деді де, маған қарап: “Қарағым, еліңнің үлкен-кішісіне менен сәлем айт. Қайда жүрсең де аман жүр, жортқанда жолың болсын” – деп қоштасты.

Кенен атамның үлкен басымен мені сыйлап, құрметтеуі мені ерекше әсерге бөледі. Көз алдыма әке-шешем елестеп, қуаныштан көңілім босады…

2008 ж.

Қонысбай Әбіл

АЛАТАУДАЙ АСҚАҚ АҚЫН

Көзіңді ашып-жұмғанша атылған жебедей зулап өте шығатын жүйрік уақыт-ай...Жақында теледидардан қазақтың ақиық ақыны, күмбір кеуде композиторы Кенен Әзірбаевтың туғанына 125 жыл толуына әзірлік жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы хабарды естігенде жоғарыда айтылған теңеудің ақиқаттығына тағы да көз жеткіздім.

...Шындығында да әруақты бабамыздың 100 жылдығының халық тойы деңгейінде кеңінен аталып өткені кеше ғана секілді еді. Сол бір дүбірлі думан қазақтың: «Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ» деген сөздерінің айқын айғағындай болып еді-ау.

«Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» дегендей, республикалық деңгейде қатысқан тұңғыш аламан бәйгем болғандықтан ба, Кенен атаның мерейтойы құрметіне өткізілген ақындар айтысы менің жадымда мәңгілік жатталып қалыпты.

Ойлап отырсам оның бірнеше салмақты себебі бар екен. Біріншіден, жариялылық жаңа күш алып келе жатқан, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, тарихымызды танып, асылдарымызды ардақтай бастаған кезең болатын. Екіншіден, ауыз әдебиетінің ақперен жанры – айтыс өнерінен халқымыз қырық жыл көлемінде

көз жазып қалып, шынайы сөз сайысына шөлдеп жүрген кезі еді. Сонымен қатар ол жылдары бәйге сыйының аздығына емес, тойдың мазмұнына ерекше мән берілетін.Соның арқасында дүниеге қызығып пейілі бұзылмаған ақындар да бір-бірін алақанға салып отырып айтысатын.

Қазіргі заманда, әруақтары кешірсін, кейбір тұлғаларымызға арналған мерейтойлар маған үлкен қонақасы секілді әсер етеді. «Пәленшекеңнің тойында айтысқа 3 машина, ат бәйгесіне 5 машина тігіліпті» деген әсіре әңгімелерді естігенде қайран Абай бабамыздың: «Мақтаншақ, бекер мал шашпақ» деп ашына айтқан сөздерін еске алып, еріксіз қынжыласың. Оның үстіне сол көлікті қайтсе де алуды мақсат еткен айтыскер бауырларымыздың бір-бірінің көңіліне қарамай, көрместей болып айтысатындары да жүрегіңді мұздатады.

Менің Кенен ақын шығармашылығымен таныстығым мектеп қабырғасында басталған. Кейін Семей қаласына мал айдап баратындарға бас-көз боп кеткен әкем сол сапардан Кенен Әзірбаевтың таңдамалы өлеңдер жинағын ала келіпті. Сол жыр кітабы маған Кенен деген кемел әлемнің кілтін қолға ұстатып еді. Ел арасына кең тараған әндерін өзімше домбыраға қосып айтатынмын. Кенендей ақын, Кенендей әнші, Кенендей композитор жоқ деп есептеуші едім. «Көкшолақты» айтқанда қатарынан қорынған бозбаламен қосыла күйінетінбіз, «Ақ ешкіні айтқанда» қос құлынынан айрылған әкемен қосыла жылайтынбыз, «Қайран, жастықты» айтқанда жалғыздықтан жапа шеккен қариямен қосыла күрсінетінбіз.

Сол «Алатау шыңы» жинағын біздің шағын ауылдың адамдары қолдан-қолға тигізбей түгел оқып шықты. Кенекеңнің өмірбаяндық өлеңдерін бір-біріне жыр қылып айтып беріп, қызықты оқиғаларына шын көңілден риясыз күлетін. Жамбыл бабамен бірге жүрген әңгімелерін оқығанда, жыр алыбымен дидарлас, таңдайлас болған Кенен атамыз қандай бақытты деп қызығатынбыз.

Халық үшін сайра, тіл,
Жырға қылыш қайра, тіл.
Жұртым көрсін пайдаңды,
Өнеріңді сайла, тіл,– деген шумақтары өнер құдіретін, ана тілдің абыройын асқақтата түскендей болатын.

Ұлытауда ұлармын,
Саялайтын шынармын.
Өлгенімше Отанды,
Жырлағанға құмармын,– деп ағынан жарылса, сол сертінде тұрды.

Өлгенде тынар домбыра,
Бұлбұлдың тілі қатқандай,– деп өзі айтпақшы, ақын өмірден өткенмен қасиетті қара домбырасы ілулі тұрып тозбай, ұрпағының қолында біреуден-біреуге көшіп, Кенен сазын жалғастырып келеді. Сол бір қиялымды аспандатып, көкірегімді күмбірлеткен Кенен ақын жырларының әсерімен:

Аман бол, Кенен ақын Қордайдағы,
Мен де бір талапкермін Торғайдағы.
Жүрегі ән мен жырға бай болғанмен,
Жоқшылық заманында қол байлады.
Қазаққа бұлбұл болған атамыздың,
Өнер боп басымызға қонғай бағы,– деп жазған екенмін.

Жүрегімді жарып шыққан осы бір жолдарды жазып отырғанда тура он жылдан кейін Алатаудың баурайын дүбірге бөлеген Кенен Әзірбаевтың 100 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысына қатысамын, сол бір жыр бәйгесі бүкіл өмірімде түбегейлі бетбұрыс жасайды деген ой үш ұйықтасам түсіме де кіріп шықпаған болатын. Осыдан кейін ақын атаның қасиетіне қалайша бас имессің...

«Өнердің бір биігі айтыс деген»...

Сонымен 1984 жылғы маусым айының орта шенінде Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған 32 ақын тізелері дірілдеп «Алматы» қонақ үйінің табалдырығын аттап жатты. Сол кезде ешкім атын біліп, түсін түстемейтін жас талапкерлердің кейін бүкіл өнерсүйер қауымның көзайымына айналарына да сену қиын шығар-ау...

Бәрін айт та бірін айт, айтысқа кешегі Жамбыл, Кенен, Иса, Нұрхандардың көзін көріп, сарқытын ішкен Манап Көкенов пен Көкен Шәкеев те келген болатын. Жас ақындар оларға сәлем бер-

мек түгілі жанына жақындауға жасқанып, сырттан көргеніміздің өзіне мәзбіз.

Халықтың сол кездердегі айтысқа деген ықыласы да ерекше еді. М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының маңы үш күн бойы қарақұрым халыққа толы болды. Маған театрдың ішінде отырғандардан кіре алмай сыртта жүргендері көбірек секілді көрінді.

Сонымен көпшілік асыға күткен жыр додасы да басталды. Айтысқа қатысушы ақындарды халық ақыны Манап Көкенов өлеңмен құттықтады. Мәкең сөздерін төмен қарап отырып айтатын, Қызыр баба секілді көздерін қабағы жауып тұратын сарша кісі екен. Даусы басында қарлыға шыққанмен келе-келе ашылып, тазара түседі екен. Ойнақы мақамы мен қимыл-қозғалысының өзінде кісіні өзіне үйіріп алатын бір тартымдылығы бар. Еріксіз езу тартқызатын әзілі қандай әдемі!

Жыр шашуын аяқтап, терін жүре сүртініп сахна сыртына беттеген Манап аға қолындағы бет орамалын қарсы жолыққан жас ақындардың біріне ұстата салды. Оның кейін жұрттың бәріне көрсетіп мақтанатынын, сол шағын орамалды мұражай жәдігеріндей сақтап қоятынын дәл сол сәтте ойламаған да болар...

Сөз сайыстарының ішінде ерекше есімде қалғаны Көкен Шәкеев пен Хайдар Манаповтың айтысы болды. Көкен аға ақындық қарымымен де, танымдық деңгейімен де қарсыласынан оқ бойы озып отырды. Оның арқа қоздыратын домбыра қағысы да, асқақтаған дауысы да ешкімге ұқсамайтын бөлек құбылыс болатын.

Қабырғаға соғылған бұршақ құрлы,
Салмағын сөздеріңнің сезінбедім,– деп шүйілгенде, «Апырай, ел алдында адамның аузына бұндай тең еу де түседі екен-ау!»-деп таң қалғаным әлі есімде. Көкен ақын қыза-қыза келе:

Май шықпас қара судан қайнағанмен,
Қамшылап өз-өзіңді айдағанмен.
Арқауы адамзаттың алтын астық,
Қызылшаң нан болмайды шайнағанмен, – деп қайырғанда әр сөзін кесек-кесек турап отырған ақын ағамның аузынан от шашырағандай әсер еткен.

Сан жүйріктердің шабысын көрген сайын көңілдегі қобалжу

үдей түсті. Ақыры төзім таусылып, бойда намыс оянғанда әлгі күмән-күдіктің бәрі ширығуға келіп ұласады екен. Сондықтан болу керек, кеше жүрексініп жүргендердің көбі сахнаға тезірек шықсақ екен деп құлшына бастадық.

Сырттай табынып жүрген тұлғаның Алты Алашқа сауын айтқан асына келгенде кеудемде бұғып жатқан құрметім мен сүйіспеншілігімді бірер шумақ арқылы қалай жеткізерімді білмей қиналдым. Өйткені алғашқы кезекте халықпен сәлемдесуің керек, өзіңді таныстыруың керек, қарсыласыңа ізет білдіруің керек, сонда мерейтой иесіне арнау айтуға уақытың да жетпейді-ау...Осыларды саралай келе Кенен атаға айтар сөзімді екінші кезекке қалдыру керек деп шештім.

Қызықтың көкесі айтысқа шыққан кезде басталды. Бірінші кезегім аяқталуға таяу, той иесі туралы бір ауыз сөз айтылған жоқ. Көпшіліктің менен осы тақырыпты тосып отырғанын бүкіл жан-тәніммен сезіндім. «Елдің көңілін қалдырып алдым ба?»-деген ойдың оралуы мұң екен, маңдайымнан суық тер бұрқ ете қалды. Алайда алдын-ала қабылдаған шешімімді өзгертпеуге бел будым.

Екінші кезегімді:

Ассалаумағалүйкөм, Кенен ата!
Қашанда биік еді төбең, ата.
Басында Сізге арнап сөз бастамай,
Кетті ме бір қателік менен, ата? – дей бергенімде «Манадан күтіп отырғанымыз осы еді ғой» дегендей көпшілік ду ете қалып, аямай алақан соқты. Соған қанаттанған мен де:

Тойларға тұлпар мініп бармап едің,
Жоқтықты «Көкшолақ» деп қарғап едің.
Шырылдап кеудеңдегі «Бозторғайың»,
Қосылып «Ақ ешкіге» зарлап едің.

Теңелдің жаңа заман кезеңінде,
Сөзіңді айта алдың кезегіңде.
Кешегі Көкшолағың дүлдүл болды,
Ал, өзің бұлбұл болдың өз еліңде, – деп жалғап ала жөнелдім.

Ол кезде айтысатын ақындар алдын-ала бір-біріне қонаққа барысып, елімен-жерімен танысатын. Қостанайдың облыстық тарихи-өлкетану мұражайын аралап көргенде бір нәрсеге қайран

қалдым. Мәскеу маңында соғысқан, тың көтерген ардагерлердің бай жәдігерлері бар да, Бейімбет Майлин, Сапарғали Бегалин, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов секілді қазақ әдебиеті классиктері мен ұлттық өнер жұлдыздарының суреттері жоқ екен. Бұл сол кездегі ұлтқа қарсы қолданылған солақай саясаттың салқыны болғандықтан бір облыстың ғана кемшілігі емес, бүкіл халықтың намысына тиетін осы жай туралы айтпай-ақ қояйын, айтсам өзімнің де өзегім өртене, қинала отырып жеткізбекші болып, «Әй, әй, әй!», – деп қайыратын иірімдері бар арнайы мақам шығарып, дайындап қойғанмын.

Айтысып болған соң театр ішін аралап жүрсем, кездескендердің бәрі:

– Әне, «әй, әйді қара!», – десіп, сыртымнан ат та қойып алыпты. Сол күні кешке «Вечерняя Алма-Ата» газетінің тілшісі бөлмеме телефон шалып: «Мен ұлтым басқа болғандықтан сөздеріңізге түсіне алмадым. Бірақ Сіз «әй, әй», – деп басыңызды шайқап-шайқап жібергенде жұрт жапырыла қол соқты, сонда не туралы айттыңыз?» – деп сұрады. Мен оның себебін тілім жеткенше түсіндірген болдым. Бірақ іштей: «Осы төл мақамым көпшіліктің көңілінен шыққан тәрізді, сондықтан алдағы айтыстарда осы әуеннен айнымайын», – деп шештім.

Сонымен әруақты атамыздың мерейтойына ешкім атын біліп, түсін түстемейтін көп талапкердің бірі болып келіп, халқы қастерлеген тұлғаның шапағаты арқасында көпшіліктің назарына ілігіп, «Әй,әй ақын» атанып қайтып едім...

«Ән мен жырдың кені екен»...

Шындығында Кенен атаның 100 жылдық тойы нағыз өнер мерекесі болып өтіп еді. Ұйымдастырушылардың да көптің көңілінен шығуға барынша күш салғандықтары айқын аңғарылып тұрды. Ақындар айтысы арасында орындалатын жыр, термелер мен күйлер де бірінен бірі өтеді. Жер-жердегі өнерпаздарды жібектен жіп суырғандай қылып таңдап шақырғандары байқалады.

Маған айрықша ұнағандардың бірі – Елубаевтардың отбасылық ансамблі еді. Сегізінші сынып оқушысы Нату Елубаевтың ата – анасымен қосылып салған әндері көпшілік көңілінен шықты. Жалпы бізде отбасылық ансамбльдердің өмірге келуі кеңес за-

маны кезіндегі жаңалықтың бірі ретінде насихатталады. Ал, Елубаевтардың мысалынан қарасақ, бұл бастаманың тамыры әріде жатқанын байқаймыз.

Бұл ансамбльдің басты ерекшелігі тек ән айту өнері ғана емес, домбырада орындаушылық шеберлігі де біз үшін бұрын кездеспеген үрдіс. Арнайы шектің көмегімен домбыра шанағында дыбыс тербелісін жасаулары тек шетелдіктерді ғана емес, өз қандастарымызды да таң қалдырары сөзсіз.

Ал, тараздық тарлан күйші Әбдімомын Желдібаевтың сахнаға шығуы көрермендер арасында серпіліс туғызды. Оның халықтың жүрегіне жол тапқан «Ерке сылқымын» көпшілік күй сазымен бірге тербетіле отырып тыңдады.

Бұлардың барлығы кезінде Жамбыл мен Кенендер жалындатқан өнер отының өшпестігіне дәлел болса, Шығыс қазақстаннан келген 4 жасар Бақытжанның әкесі - Беделбек Әбілмәжіновпен қосыла күй шертуі осы ұлы өнердің өлместігінің айғағындай.

Шымкенттен келген әнші Татьяна Мартыненконың халық әні «Қызылқұмда ауылымды» нақышына келтіре орындағаны көпшілік көңілінен шықты. Басқа ұлт өкілінің әннің қазақша мәтінін таза айтумен қатар:

Сезіп қалса шешесі,

Сарт еткізіп ұрады-ау, – деп қимыл-әректіне дейін дәл келтіруі риза болған көпшілікті күлкіге кенелтті.

Семейлік Кәмила Ниязбекова орындаған Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйі мен оралдық Дания Мамбетованың мың бұралған биі де көрермендердің ыстық ықыласына ие болды. Ал, жамбылдық 3 әнші-домбырашы (трио) жігіттер орындау шеберліктерімен ерекшеленіп, тыңдаған құлақтың құрышын қандырды.

Жалпы ақындар айтысы халықтың арқасын қоздырып, рухын оятса, сөз сайыстары арасындағы ән-күй, жыр- термелер көптің көңілін көтеріп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Содан бері ширек ғасыр уақыт өтсе де сол мерейлі мерекенің сәні болған мәдени шаралардың әлі күнге дейін жадымызда жаңғыруы - олардың даусыз жоғары деңгейде өткенінің айқын айғағы. Екіншіден, ғасыр белесінде алып бейнесі асқақтай түскен дархан дарын иесіне деген қастерлі құрмет болатын.

Әруақты атамыздың алда келе жатқан 125 жылдығы да осы биіктен төмендемесіне сенімім кәміл...

...Өзім әңгіме еткен мерейтойда торғайлық белгілі термеші Нағашыбай Алпысов үш күн бойы бірге болып еді. Нағашыбай Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасын әнге қосып жатқа айтатын үлкен өнерпаз. Сонымен қатар өнер қонған қара шаңырақта туып, тәрбие алған. Соның кейін кездескенде айтқан бір әңгімесі есімнен шығар емес.

...Тойдан елге оралған соң Кенен ата 100 жылдығында Алматының ерекше думанға бөленгендігі, «Алматы» қонақ үйінің үш күн бойы мағыналы мәжіліс, асқақтаған ән, күмбірлеген күйден түндігі желбіреп тұрғандығы, еліміздің түкпір-түкпірінен небір жақсы мен жайсаңның жиналғандығы, олардың аталы сөзі, өрелі өнері туралы түнді таңға ұра әңгімелеген болатынмын. Қанша жыл бойы сарыжамбас болып төсек тартып жатқан әкем Алпыс соларды тыңдағаннан кейін:

– О, мейірімі күшті Алла тағала! Міндетімді кісіге салып, ауруға пенде етіп жатқызып қойғанша бала-шағамның алдында абыроймен алсаң етті деп күпірлік танытып едім. Сөйтсем, көрер қызығымды үзбей жатқаның осы әңгімені естіп кетсін деген екенсің ғой. Асылықпен айтқан сөзіме кешірім жасай гөр, енді бүгін көз жұмсам да армансызбын,-деп көзіне жас алды.

Жақсының қадірін біреу біліп, біреу білмеген бейопа дүние-ай! Ол үшін біреуге алғыс, біреуге өкпе айтудың да қажеті жоқ шығар. Менің көзім анық жететін бір ақиқат: Кененнің тойы – тіліміздің тойы, Кененнің тойы - діліміздің тойы, Кененнің тойы салтымыздың тойы, Кененнің тойы - халқымыздың тойы. Кененнің тойы бір ғасырда бір-ақ туар кемелдің тойы.

Тойыңыз құтты болсын, ағайын!

«Егемен Қазақстан», 17 наурыз, 2008 ж.

Жақыпжан Нұрғожаев

АЛАТАУДЫҢ СЕНДАҒЫ БҰЛБҰЛЫ ЕДІҢ!

«Сүйенгем жоқ таяққа,
Тұсауым жоқ аяқта.
Сексеннен өтем секіртіп,
Тоқсан, жүзің қай жақта?» деп жырлаған дүлдүл ақын, бұлбұл әнші Кенен Әзірбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Салтанат құрған қазақ сахарасының сахнасына келген қайталанбас тұлға: «Екі Кенен тумайды Алатауға ексеңде» деп өзінің байтақ өнер иесі екенін сексен жасында-ақ жақұт жырымен дәлелдеп кетті емес пе?

...Қазіргі Республика сарайында Жамбыл бабамыздың 125 жылдық мерейтойы болып өтті. Жыр алыбының дүбірлі тойынан кімнің қалғысы келеді. Шақыруын алып, мүмкіндігін тауып біз де жеттік. Алмасымен аты аңызға айналған Алматыға келіп, ұлы дүрмекке қатысудың өзі біз үшін бір ғанибет. Алыс-жақыннан ат шаптырып тойға келген ағайынның көзінде күн күлгендей, көңілдері ерекше шаттықта. Көптен бері бір-бірін көрмеген адамдар құшақты ашып, құшақтасып мәре-сәре. Қазақтың маңдайына біткен зиялы қауымның бәрі осында десем де болады. Бұл дегеніміз 100 жасаған Жамбыл ақынға деген ерекше құметтің белгісі еді.

Ән-міне дегенше бабаға арналған салтанатты кеш басталды да кетті. Мерейлі тойдың бетін ашқан Дінмұхамед Ахметұлы мінбеге көтеріліп, жыр алыбының тойына шет елдерден келген қонақтарды, қазақтың өнер сүйер қауымын шын жүректен құттықтап, ақжарма тілегін білдірді... Осы сәтте алдыңғы қатарға ақ сақалды, кескін-келбеті ерекше, зор денелі Кенен Әзірбаев келіп отырды. Сәл кешігіңкіреп келсе керек. Зал тола халық орындарынан тұрып, қол шапалақтап қошемет көрсетті. Кенекеңнің әндерін естіп, атына қанық болғанымен бірінші көруім еді. Сол күні Кенен атамыз сексеннің сегізіне шыққан кезі болатын. Үзілісте Алатаудай асқақ ақсақалдың қолын алмасақ та, қаумалаған жұрттың қатарына барып, әңгімесін тыңдадық. Ақ күмістей желбіреген әппақ сақалы қараторы өңіне жарасып тұрды. Кейінгі жылдары сөзін Ж. Сәтібеков, әнін А. Қоразбаев жазған «Сағындым Кенен атамды» әні орындалған сайын, кешегі Республика сарайында

көрген алып тұлғалы Кенен атам көз алдыма орала кететін:

«Желбіреген ақ күміс,
Сақалыңды сағындым.
Жайлауындай даланың,
Шапаныңды сағындым.
Ән мен күйдің кені екен,
Айналайын берекем.
Шырылдаса бозторғай,
Сен екен деп қаламын.
Ақсақалды шал көрсем,
Кенекем деп қаламын.» деген ән шуақ шашып шырқалғанда, Алатаудың бұлбұлы, Сүйінбай мен Жамбылдың ізін басқан, асқақ дарын иесінің 90 жылдық мерейтойын көргенім күні бүгінге дейін көз алдымнан кетпей, көңіліме қуаныш сыйлап тұрғандай.

Қазақтың саз өнерін ұлттық нақышында өре білген дара талант иесі әуелі Мәтібұлақтан асып, Қордай шоқыларына шарықтай шығып, исі қазақтың байтақ даласындағы әр шаңырақтың алтын бесігінде тербелді. Анасы Ұлдардың бойындағы ізгі қасиеттер шекесі торсықтай ғана, ашық маңдай Кененге ана сүтімен келсе керек. Сол уақыттың теңсіз таразысы жоқшылық жүгін көтерткенімен, тектіліктен тамыр алған сәбидің от жүрегі рухани қазынаға толы болған екен. Сол бір жылдардың бірде аш, бірде тоқ уақыты Кененнің балаң жүрегі арқылы алпыс екі тамырын аралап, санасына сәулелеп сіңіп, ойын баласын ерте есейтті. Жоқшылық пен әділетсіздіктің ауыр жүгін артқа қалдыруға асықты. Бірақ, қалай? Жол алыс, көшке еретін керуен жоқ. Ол енді тек табиғатпен тілдесті. Торғайдың шырылы, шөптің сыбдыры, бұлақтың сылдыры, бәрі-бәрі ақын жүректі әнші баланың қиялына қанат бітірді. Қолына таяқ ұстаған қойшы бала бозторғайға мұң шақты. Табиғатқа үн қатты. Тұнық даусымен қалықтата ән салғанда, жартастарды жаңғыртып:

Бозторғай шырылдайсың жерге түспей,
Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолыма ұстап,
Сандалып қой артында азар кешке» деп мөлдір сезімге шомылдырып, үміт отын қайта жаққандай болды. Қайталап айтқан сайын анық естіліп, көкіректе жатқан запыран жібіп, әуен

құдыретіне тояттап, балбұлақтан шөлі қанғанша сімірді-ай келіп! Аттай тулаған сезімін тоқтата алмай, Көкшоқыда «Бозторғай» әнін қайта-қайта шырқады. Шырқаған сайын саз ырғағына елітіп, көкірек шері тарқағандай болды.

Көп ұзамай тақымына «Көкшолағы» тиіп, бозбала шақтың сезім оты лаулап, кеш болса алты бақан құрған ауылды бетке алып жүретін кез де келді. Қойды қуып жете алмай жүрген «құрып кеткір» Көкшолағы қатарласқан атты қыздардың маңайына жақындай алмай, шалқыған көңілге су бүркіп, бозбала сезімге бұғалық тастап, тобанаяқ күйге түскен арман көңілден туған «Көкшолақ» әні ендігі жерде кешкі даланың тұнық ауасын тіліп өтіп жатты. Бір қарағанда ойнақы ән болғанымен, сырғасы сыңғырлаған сылқым қыздардың қылығына қызыққан балаң жігіт жүрегіндегі мұңы естілгендей еді. Ауыздығын шайнаған тұлпарларының тізгінін тартқан қыздар жаңа әнді құлақ түре тыңдады. Бастапқыда шаңдарына ілесе алмағанымен, Көкшолағына наз айтып, оны әнге айналдырған бозбала Кенен, қыздарды бері қайтарды. Кенен салған ән ерке самалмен елітіп, бел-белестерді аралап, сырғалы қыздың жүрегіне жол тапты. Ән құдыретімен бойжеткен қыздар тұсалып, шабан Көкшолақ үстіндегі бозбалаға ынтызары ауып, әлгі әнді қайта-қайта айтқызды. Астындағы аты қыздардың қатарына жете алмағанмен, әуезді әнге қаздай тізіле қайтқан олар, бетегелі белде қосыла шырқап, желіде құлын байлаған, аймақты бірге жайлаған қырғыз бен қазақтың өнер сүйер қауымының құлағына құйды. Сол күннен бастап бала ақын, бала әнші Кенен өміріне ерекше өзгерістер кіре бастады.

Бірде бала Кенен түс көреді:

– «Түсімде тілім аузыма сыймай шөлдеп келемін. Мәтібұлақ басында атамның қорасы бар. Сол қораның шетінде, қасқа жолдың өтінде бөлектеніп бір шоқы тұратын. Оны ел «Сұлу шоқы» деп атайды. Сол шоқының басында қасқа атын қаңтарып қойып Сарбас ақын отыр екен. Мен ол кісіні көрсем де, көзіне түскім келмей бір жырамен қашып кетейін деп бұрылғаным сол еді, ол: «Әй, Әзірбайдың жалғызы, қайда қашып құтыласың? Бері кел!» деп қолын бұлғап шақырды. Амал жоқ қол қуыстырып сәлем бердім. Жақындай бергенде бетіме қарап: «Әй, сорлы-ау, шөлдеп өлетін болыпсың ғой!» деп алдындағы айран толы қарынның аузын ашып «мынаны іш» деді. Жүгініп отыра қалып мейірім қанғанша сіміріп

жатырмын. Екі бүйірім суға қанған қойдың ішіндей қампиып кетті. Оянып кетсем түсім екен. Бұл түсімді әкеме айтып едім, ол кісі қуанып ақ серкені бауыздап, ауыл адамдарын шақырып, құдайы тамақ беріп, баталарын алды. Сонда: «Шырағым, Сарбас ақынның өткеніне биыл үш жыл болыпты. Мынау түсіңде көргенің ақынның саған берген батасы деп ұғын. Иншалла ақындыққа жолың ашылар,» деп ырымдаған екен.

Кенен өмір көшіне ілескен мезгіл қым-қиғаш. Қазан төңкерісі, ұжымдасу, байлардың мүлкін тәркілеу, ашаршылық, тағы басқа нәубеттер тарам-тарамдалып халықтың белін бүкірейтіп, еңсесін езген кез. Сол уақыт көшінде ауылдасымен аяқтас, көрші ауыл азаматтарымен табақтас, дәмдес болып жүріп ел қамын ойлады. Мұңын мұңдасып, жоғын жоқтасты. Ақындығымен қуат берсе, әншілігімен жанын сергітті. Сөйтіп жүріп тығырыққа тірелген елдің жарқын болашаққа деген сенім отын тұтатты.

Жаз кезінде Қарқара жайлауы ерекше құлпырады. Өзен жағасын көмкерген жыңғыл арнаны бойлай өсіп тоғай болып кететін. Тасбұлақтан көшіп келген малды ауыл осы өзен бойын жағалай қоныстанады. Шыбықты ат қып мініп, көбелек қуып қызықтаған ауыл балалары тоғайдан өткел іздеп, жыңғыл ішін шамамыз келгенше аралаймыз. Жарқабақтардағы қараторғайдың ұясына қол жүгіртіп жұмыртқасын санаймыз. Қылта тоғанды лайлап, шелегімізге балық айдаймыз. Шелекті көтерсек ішінде біршама ақ балықтар шоршып жүреді. Ойынымыз қанып, сілеміз қатып, дорбамыз балыққа толғанда барып үйге қайтатынбыз. Сондай күннің бірінде оқудан Қалижан мен Қыдыржан ағамыз келіп, жайлауда қатар отырған оншақты үй мәре-сәре болды. Әкем қойлы ауылға мал әкелуге кетті. Көкемнің қуанышында шек жоқ...

Сауыншылар, бақташылар көкем Тоқсабаның алты қанат үйіне сықасып, сыйғанынша жайғасты. Сыймаған бала-шаға босағаны түріп үйдегілердің дабырласқан сөздерін тыңдаймыз. Ойын баласы біздерді ұйқы қысса да қалғып-мүлгіп отырмыз. Бір кезде домбыраның қоңыр дауысы күмбірлеп, екі ішекті алма-кезек тартқан Қалижан аға Кенекемнің «Базарым-ай, Назарым-ай!» әнін шырқап сала берді. Артынша «Бозторғай», «Көкшолақ», «Ой, бұлбұл» әндері айтылды. Әнге құмары қанбаған шешелеріміз: «Қыдыржан қалқам, «Базарың мен Назарыңды» қайта айтшы деп қолқа салады. Ән керегені кернеп, түн тыныштығында қалықтап

бара жатты. Көрші жайлаудан келген қонақтар: «Ой, бәрекелді, мұндай әнді шығарған Кенекең де адамның асылы екен-ау! Әттең шіркін, Қарқара жайлауына бір шақырар ма еді. Шамасы қанша жастағы адам екен?» деп ән мен әншіге ризашылығын білдіріп, жарық айдың астында жамырасып тарасты. Ертесінде дастарқан басында әкем: «Е, Қалижан, әніңе рақмет!. Бұл ауыл да қайбір жетісіп отырған ел. Біреудің баласы әскерден оралмады, күйеулерінен айрылғандар да бар. Шешек шығып жалғызын қара жерге тапсырғандар да осында. Әніңе қол соққандармен қатар, күңірене жылағандарды көргенде сай-сүйегің сырқырайды. Басқа әуеніңе дауа жоқ. Тілімді алсаң «Назар мен Базар» әнін орындамай-ақ қойшы» дегені әлі есімде. Өйткені, бұл екі баласынан айрылған жалғыз Кенекеңнің ғана емес, індетке айналған шешек ауруына шалдыққан барлық отбасына тән мұңы мен зары болса керек. Бала кезімді еміс-еміс есіме алсам, біздің ауылда да балалары шешектен қайтыс болып, қара жамылғандар бар еді.

«Зарланасың ақ ешкі лағыңа,
Тастан тасқа секірген шұнағыңа.
Кел екеуміз қосылып зарланайық,
Жетер ме екен құдайдың құлағына.
Жалған дүние-ай!
Салдың күйге-ай!
Омырауымнан үзіліп түсті екі түйме.
Базарам-ай! Назарым-ай!
Қу шешектен болды сенің ажалың-ай,
Ой, дүние-ай!».

Әндерін бала кезден тыңдап өскен Кенен ақынның өзін жоғарыда айтқанымдай жыр алыбының тойында көрдім ғой. Ол кез біздің ер жетіп, етек-жеңімізді жауып, оң-солымызды таныған шағымыз. Журналистика саласында еңбек етіп жүргеннен кейін өзіміз ән салмасақ та, өнер адамын толықтай түсініп, зерделей бастаған уақыт. Әндері сонау балғын шағымда жүрегімде сақталып, көңілімде жатталып қалғаннан ба, алғаш көргеннен-ақ Кенен Әзірбаев деген есімнің рулы елдің ғана емес, исі қазақ жұртының мақтанышы екенін зор мәтебе көретінмін.

Міне қызық, уақыт сырғып, жылдар жылжып өте келе Кенекемнің ұл-қыздарымен әкпелі, інілі бауырдай араластым. Қызы Төрткен әкпеміз Іле ауданына қарасты Өтеген кентінде

тұрады. Сол ауылда менің құдам Советжанның үйіне барған сайын сол жердегі Дүйсенбек, Амангелді сынды ел азаматтарымен бас қосып тұруды әдетке айналдырғанбыз. Құдамның көршісі болғандықтан әр кездесуден Төрткен Кененқызын қалдырмай, әнін естіп, әңгімесін тыңдап қайтатын едік. Шіркін, Төрткен апайымыз ән шырқағанда өңі нұрланып, ерекше құлпырып сала береді. Әкеден қалған ән мұраның бұлағын бірінен кейін бірін ағызғанда айызыңды қандырады-ау!. Сондай сәтте Кенекемнің мәңгілік ғұмырға айналып кеткенін сезінесің.

Төрткен апайымыздың дүниеге келуінің өзі аңызға бергісіз әңгіме ғой. Аяулы анасы оған дейін жеті құрсақ көтеріп, біреуі де тұрақтамай шетіней беріпті. Ақынның кіші ұлы Бақытжанның: «Әке рухымен сырласу» деген естелік кітабында мынадай жолдар бар. «Бала өлімінен әбден запы болған жүрегім осы қыз туғанда аса қуанғанда жоқпын. Қуаныштан гөрі көңілімде қорқыныш тұратын еді. Сүйінші сұрап шуласып жатқан әйелдерге қарап: «Мына баланы осы отырған төрт аруананың аяғының арасынан өткізіп алыңдар» дейді. Соның арасында, ауылдың бір шалы өз шаруасымен келіп отыр екен. Соған көзі түсіп: «Анау, қарияның да аяғынан өткізіңдер. Бұл баланың аты «Төрт кемпір бір шал» деп бетін сипады!.

Міне өмірге сондай күдікпен келген Төрткен әпкеміз де әке үмітін ақтады. Өтеген батыр ауылында Төрткен апайымызбен болған осындай кездесулер Кенекеңді кеңірек тануға мүмкінді берді. Бір ақын қыздың айтыста: «Омыртқа ішіндегі жұлындаймын. Қыз да болсам әкемнің ұлындаймын» дегенін естіген едім. Осы бір әдемі шумақ жолдардан Төрткен әкпеміздің табиғатын тануға болатындай. Себебі, әке мұрасының, яғни дүлдүл ақын, сырлы сазгер, бұлбұл әнші Кенен Әзірбаевтың кез-келген туындысынның «сыры да, сыны да» кетпей туған халқының жүрегіне жетуіне айтудай-ақ тер төкті. Әкеден қалған сыр сандықты ашып, ішінде сақталған асыл қазынадан кейінгі ұрпақтың керегінше сусындауына жол ашты. Ал ұлы Бақытжан әке жолына түспесе де қарымды қаламгердің біріне айналды. Кенекеңе қаламның қуатымен-ақ ескерткіш тұрғызды. «Әке рухымен сырласу» атты танымдық, естелік кітабында ағынан жарыла:

«Сенен үмітім зор деуші едіңіз. Сол үкілі үмітіңізді ақтай алмайтындай күй кешемін. Жо-жоқ ұрпақ жалғастығын емес, өнер

жалғастығын айтып отырмын. Әкем туралы ешкім айта алмаған сөзді мен айтсам, ешкім жаза алмаған кітапты мен жазсам деп армандаушы едім. Сол арман алауы бір сәтке де бәсеңсіген емес. Қайта уақыт озып, жасым ұлғайған сайын жанымды қуырып, жүрегімді сығымдай түскен тәрізді». Осылай армандаған биігі де Бақытжан баласын аласартқан жоқ.

Жаратқан иеміз ерекше дарын берген Кенен ата туып өскен табиғатынан қуат алып, тұла бойына күйшілікті әкеден, әуезді әншілікті шешеден алса керек. Атаның қаны, ананың сүті арқылы дарығын өнер қазақ топырағына бітімі кесек, мінезі кең тұлғаны бере салғанын көрмейсіз бе? Бірақ, Кенен Әзірбаев жамбас мұжып, май асаған байдың отбасында емес, қарапайым шаруаның шаңырағында дүниеге келген екен. Анасының «бесік жырын» ғана тыңдап үлгерген бала Кенен ер жетіп, ес білмей жатып, жеті жасында шешесінен айрылады. Өмір өзі ерте есейткен дауылпаз дарын иесі тағдыр тауқыметін сол кезден-ақ көріп өсіпті. Қарт тарихқа көз жіберіп, шежірені ақтаратын болсақ, Кенекем тек жетімдіктің ғана қасіретін көрмегеніне куә боламыз. Ең алғаш оның жүрегіне әкесінің бауыры Әбденбайдың үйіндегі шайпау мінез жеңгесінің ащты тілі тиіп, жетімдіктің ащы дәмін тата бастады. Оған шыдамай өзінше күн көруді көздеген болашақ дүлдүл ақын байдың малын бағады. «Қой бақтым, қоңырау тақтым» деп төрт түліктің бірін алдына салып айдаған малшы болса да, оған «жалшы» деген жағымсыз атауды да теліп қойды.

Қазына тарихтың қойнауына үңілсек, бала Кененнің алғашқы өмір жолдары осылай парақталып, ары қарай да қиын кезеңдермен сабақтала береді. Ғасырға жуық ғұмыр кешкен шежіре кеуде қария өзі өмір сүрген қоғамдағы толқулардың барлы,ына дерлік куә болған екен. Ақ патшаның «Июнь жарлығы», 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс, Голощекиннің «аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» дейтін қолдан жасалған аштығы, Алаш арыстарына жала жауып, «халық жауы» атандырып нақақтан нақақ қырып тастауы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы нәубет, қазақ даласын тұмшалаған қаралы күндер, дала төсін тілгілеген тың игеру, одан кейінгі көшпенділер елін тарихтан аластап, атын мүлдем өшіріп жіберу мақсатында жүргізілген орыстандыру саясаты. Осының барлығы ақынның алпыс екі тамырын аралап, жан-жүрегінен өтіп жатты. Бірақ бала жасынан қайғыға мойымаған қайсар ұл, атпал

азамат, қайратты қария атанғанға дейін қара халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдаудан бір тынған жоқ. Қолындағы қос ішекті, тоғыз перне қоңыр домбырасы тек көңіл көтеретін ойын-сауықтың ғана құралы болмады. Керісінше, топқа түссе шешендігін танытып әлсіздерге сүйеніш болса, әділетсіз әлділердің бетін оттай қарыды. Алла берген дарынды қара бастың қамына жұмсамады. От ауыз, орақ тілінен төгілген өлең сөзді тыңдаған шал-кемпір қуаттанып қалса, жалынды жастар жағы қайраттанып тұратындай еді. «Екі Кенен келмейді, Алатауға ексең де» деп көзінің тірісінде-ақ өзінің дара тұлға екенін айтып кетті емес пе! Бұған заманымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің мына бір сөзі дәлел бола алады: «Кенеке, сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне ғұлама жырау, әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға дән ризамын» деген екен.

Қордайдың қоңыр белдерін әсем үнімен тербеген Кенекем, Шудың бойын жайлаған, желіде құлын байлаған» қазақ-қырғызға ортақ тұлғаға айналған ақын. Өз заманында Кенен десе елең етпейтін қырғыз бауырлар кемде-кем болған шығар. Қырғызға да ортақ ұл болуы кездейсоқтық емес, тура мағынасында солай еді. Атағы алты құрылықты аралап, төрткүл дүниені шарлап, «адамзаттың Айтматовы» атанған заманымыздың озық ойлы жазушысы Шыңғыс Айтматов бір сөзінде: «Сіз, Кенен ата, қазақ-қырғызға тең ортақ ұлы адамсыз. Қырғыз елі сізді өзінің ең таңдаулы ұлдары, өзіңізбен замандас, үзеңгілес, дәмдес болған Жетісудағы қырғыз-қазақ жерін бірге араласқан, атағы жер жарған Осмонқұл, Алымқұл, Атай, Халық және басқа да бұлбұлдай сайраған ақындарындай көреді. Солардай ардақ тұтып, сізді өз атамыз, өз ақынымыз, өзіміздің өнердегі Алатауымыз деп есептейді», деген екен.

Екі ғасырдың куәгері болып, екі елдің төл перзенті атанған Кенен Әзірбаев есімі ғасырлардан ғасырларға керуен тартып, жарқын болшақта төрткүл дүниені толығымен аралары хақ. Ол үшін жас ұрпақтың санасына дүлдүл ақын, бұлбұл әншінің рухани мұрасын дәріптеуді аға буын өз жауапкершілігіне алғаны дұрыс. Үстіміздегі жылы туғанына 125 жыл толып отырған Кенен Әзірбаевтің дүбірлі тойы, рухани мерекесі ұзағынан болсын, ағайын!.

«Жетісу» г-ті, 1 қазан, 2009 жыл.

Жандарбек Қарабасов

ЕҢСЕСІ АЛАТАУМЕН ТЕҢ АҚЫН

Халықтың арасында қай дарын да өз топырағына тартады деген ұғым бар. Шындығы сол, Кенекеңнің әндерін тыңдаған адамның көз алдына әйгілі Сұлутөр биігінің көкорай шалғын көкмайса келбеті, Отар даласын желіп өтетін желмая самалы, Ұзынсудың асау ағыстары, Қордайдың биік асуы, одан терістікте Керей мен Жәнібек сұлтандардың қазақ хандығын құрардағы ту тіккен Қозыбасы биігі және жоңғарларға өлтіре соққы беретін Аңырақай шайқасы болған Далатау өңірі мен Құлжабасы шоқысы елестеп қоя береді.

Кенен Әзірбаев осы Қордай өңірінің төл тумасы. Оның балалық шағы Мәтібұлақ басында байдың қозысын бағумен өтеді. Жастайынан жоқшылық пен кедейліктің қамытын киген бала Кенен өте алғыр, ширақ, пысық болып өседі. Киерге киімі жоқ, қарны бірде аш, бірде тоқ Кенен тіршілігіне налып қолындағы таяғын домбыра етіп, аспандағы шырылдаған бозторғайға мұңын шағады:

«Бозторғай шырылдайсың жерге түспей,
Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолға алып,
Сандалып қой артында азар кешке...».

Бұл ән бала Кененнің ақындық атты өмір кемесіне барар жолдағы тырнақалды туындысы еді.

Ол жастайынан халықтың ақындық, шешендік өнеріне зор ынта қойып, ән мұрасын санасына мейлінше сіңіріп, бойындағы құдай берген әншілік, жыршылдық, ақындық құдыретті барынша шыңдап, қалыптастырып өседі. Әнші, орындаушы ретінде әннің стильдік формасын, көркемдік сипатын, сөз бен үннің мазмұн бірлігін зерделей ұғып, өзі естіп, үйренген әндердің нақышын бұзбай орындап, тыңдаушысын тамсандырған. Бала Кененнің әнші-ақындық атағының ел ішіне тез тарап, кең жайылуы, бәлкім, осыдан да болар.

Әрине, сонымен бірге, Кененнің дара тұлға болып, өсуіне өскен ортасының ықпалы зор болды. Ақын туып өскен Жетісу өңірінен атақты Сүйінбай, Қабан, Майкөт, Құлмамбет, Жамбыл, Сарбас, Бармақ, Үмбетәлі, Есдәулет, Ұлбике, Әлмен, Айкүміс, Ләтипадай

ақындар, Бөлтірік, Кебекбай, Ноғайбайдай от ауызды шешендер, Байсерке, Бердібек, Сатқынбай, Қожабектердей күйшілер шыққан орта. Кенен осы өнерпаз ортаның озық дәстүрінен сусындаған, тәрбие алған.

Кененнің үлгі өнеге алған айтулы адамдарының бірі – Ноғайбай шешен Дәулетбақұлы. Ноғайбай би турашылдығымен, ділмарлығымен күллі Жетісу өңіріне, көрші қырғыз еліне сыйлы болған. Қырғыздың атақты манабы Шәбденнің үзеңгілес досы, Жамбылға бата берген де, Верный қаласында тұратын Абайдың туысы Әпсәметтің үйінен Ақмай сұлуды көріп, көңілдері табысып, өзіне жар еткен де, кейін Сұлутөр жайлауында Абайды арнайы шақырып қонақ еткен де осы Ноғайбай шешен. Кенен сонау бозбала кезінде Ноғайбай биді Қасқарау елінің үлкен бір жиынында, жайдақ тайға мініп барып алғаш рет көргенін төмендегідей суреттейді.

– Ноғайбай келе жатыр, деп жұрт дүркірей жүгірді. Атағын үлкендерден естіп жүрген біздіер де көрейік деп шауып келдік. Даяшылар алдынан шығып күтіп тұр. Көп тобыр күңгейдегі Жамбасжолдың шаңын шығарып, сырнайлатып келеді. Ең алдында оқбойы озыңқырап тор арғымаққа мінген Ноғайбай келеді. Қолына қызыл тобылғы шыбық ұстаған, үстінде таутеке ішігі бар, алпыстан асқан кезі екен. Атқа отырысы, қырық жастағы жігіттей мығым. Көзі өткір, жалт қарағанда өңменіңнен өтіп кетердей. Ақатай деген болыс алдынан шығып:

– Нұқаңның алтын қолын, алтынмен ұстап көрісемін деп келіп, екі он сомдық алтын ақшаны (монета) алақанына салып, қолын алып, құшақтасқаны бүгінгідей көз алдымда.

Өнерді танып, бағалай білетіндігінен болу керек Қасқарау еліне жолаушылап келген қырғыз-қазақтың атақты ақын-жыраулары, әнші-күйшілері Ноғайбай мен Еркебайдың үйіне түсетін болған. Қазақтың дүлдүлдері Балуан Шолақ, Майкөт, Шөже, Сүйінбай, Жамбыл, Сарбас Шашубайлар, қырғыз елінің Тоқтоғұл, Қалмырза сынды төкпе ақындары қонақта болған.

Еркебай Базаров та өз заманының озық ойлы білгірі, орысша оқып, хат таныған, өнерді терең түсініп, жоғары бағалай білетін азаматтың бірі. Содан болу керек бала Кененнің бойындағы буырқанған өнерді, дарынды ерте танып, алдымен Балуан Шолақ, Шашубайлармен кездестіріп, кейіннен есімі бүкіл қырғыз-қазаққа

мәлім атақты Шәбден манаптың асына ертіп барып елге танытқаны айғақ. Бұл ас-жиын 1913 жылдың жазында қырғыздың Тұйық-Бұлын деген жерінде өтеді, асқа 5 мыңға жуық үй тігіледі. Осы жиында Кенен өзінің «Пайыз» деген әнін айтып есімі қазақ -қырғызға мәлім болады. Сонымен бірге, жыр алыбы Жамбылмен танысып, батасын алып қайтады. Кейін ақын Еркебай туралы:

«Әрқашан Еркебайдың айтам жайын,
Өтірік мақтанғанмен не қылайын.
Өзіме көп пайдасы тиген еді,
Ойыма алғыс айтам түскен сайын», – деп өзін үлкен жыр додасына жетелеп апарып қосқан Еркебайды жырлап өтті, қайран – Абыз. Еркебай бабамыз сонау, қазақ халқының басына түскен нәубет – 1932-1933 жылдардағы ашаршылық кезінде қайтыс болды.

...Шәбденнің асынан кейін қырғыз-қазаққа танымал болған әнші Кенен бұрынғыдан да қанаттанып ел аралап сауық құрады. Шілдехана, той-думанның гүлі болады. Соның арқасында әкесі Әзірбайға азын-аулақ мал бітеді. Әкесі Кененге, әрі замандас, әрі өзі теңдес кедей шаруа Байшығаштың Үлпілдек деген қызын айттырады. Байшығаш болса Әзірбайды менсінбей қызын Шоқы деген бір байға бермекші болады. Кенен бұл қорлыққа шыдамай, Байшығаштың ауылына барып, құрбыларынан өзін ұнататынын біліп, Үлпілдекті алып қашады. Кейін осы оқиғаға арнап «Құдалар» деген дастанын жазды. Осы дастанның басты кейіпкері Ханзада (Үлпілдек) 1935 жылға дейін ақынмен бірге ғұмыр кешті. Үлпілдек дүниеден өткеннен кейін Кенен атамыз Нәсихамен отау құрады.

Негізі Кенен ақынның дара тұлға болып қалыптасуына табиғат берген дарын, ақындық қасиеттерімен қоса, өмірлік жары болған, ашаршылық, қысастық, елден жырақ кету, балалардың өлімі, репрессия, азамат соғысы, ұлы отан соғысы секілді қиын-қыстау кезеңдерді бірге өткерген Нәсиха анамыздың алар орны ерекше. Қазақтың Алпамыс, Ер Тарғын, Қыз Жібек, Қобыланды және басқа да эпос-жырларында батырлардың әйелдері өздерінің көрегендігімен, ақыл-парасатымен, небір салиқалы істерімен үлгі-өнеге болған ғой. Отағасы, ерлерінің жолын тосып, «Аллаға» мінәжат еткен.

Кенен атамыздың Нәсихасы да ерінің ақылына ақыл қосып, жолын тосқан, дастарқанның берекесін келтіріп, келген қонақтарын

ашық қабақпен, үлкен дәрежеде күте білген. Атамыздың әнін тыңдауға, сәлем бермекке, арнайы батасын алуға қазақтың небір атақты зиялылары ағылып келіп-кетіп жатты емес пе? Соның бәрінің ретін келтіріп, жөнін тауып, қазақтың салт-дәстүрімен әдемілеп шығарып салуы Нәсиха анамыздың ақылгөйлігін, көргендігін білдіреді. Кенекең жарының осы қасиеттерін жоғары бағалаған: «Қасқарауда Ноғайбай бидің бәйбішесі Байсейіт батырдың қызы Әселден кейінгісі – сенсің» деп отыратын...

...Кенен ақынның Болысбек, Тұрар, Әпсәмет, Базар-Назар деген балалары тұрмай бірінен соң бірі шейіт бола береді. Тағдырдың ісіне не шара? Кенен ата отбасымен қатты қайғыға батады. Әсіресе, аралары екі жас Базар-Назар деген қос ұлы шешек ауруынан бір-ақ күнде дүние салады. Жан азабын тартып, еңірегенде етегі жасқа толған ақын үйден шықпай, тілі байланып, тіпті бөлек күй кешкені мәлім. Бір күні егіз лағынан айрылған ақ ешкінің безек қағып қорадан-қораға жүгіріп зарланып жүргенін көреді. «Екеумізді тағдырлас қылған қу ажалға не дерсің! Кел екеуміз қосылып бір жылайық, жетер ме екен құдайдың құлағына» деп егілген ақынның зары ән болып төгіліп, өлең болып өріледі. Сөйтіп, дүниеге «Базарым-ай, Назарым-ай!» әні келген еді.

Ақынның екі баласын жоқтаған зарлы әні бүкіл Алатауды жаңғыртады. Ағайын-туған бас қосып, бүйте берсе қайғы басып, құса ауруына шалдығар. Одан да қырғыз туғандарға барып, біраз сейіліп қайтсын» деп ат-арбамен Ыстық ата жайлауына жеткізіп салады. Сол жолы демалып жатқан Кененге жетектеген тайы, өңгерген қойы, теңгерген қымызы бар бір топ адам сау ете түседі. Ішінде ақынның досы атақты Османқұл бар, көңіл айта келген қырғыздың шайыр-жыршылары екен. Оспанқұл келген бойда ат үстінде қобызын шертіп өлеңді ағытып қоя береді:

«Атеке, атеке!
Ассалаумағалейкум,
Аманбысың, Кененім,
Көріскелі кеп едім,
Қайтыс боптың қайтесің,
Базар-Назар бөбегің,
Алатауды жаңғыртты,
Зарланып салған әуенің...
Жал-құйрығың жетілсін,

Өткенге кімдер өкінсін,
Әйелің тағы ұл туып,
Мойныңа қайта секірсін!» деп ұзақ толғап, ақынның қайғысына ортақтасқан екен.

...Ғасырға жуық ғұмыр кешкен Кенен әндерін саралайтын болсақ, ол әр-алуан болып келеді. Ақын шығармашылығының ауқымы зор, аясы кең. Кенен бала жаста кедейлікті, жоқшылықты әнге қосты. Одан бері өзі өмір сүрген дәуірдегі әйгілі «июнь жарлығын», сонымен сабақтас 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты, Қазан төңкерісін, ұжымдастыру науқанын жырлады. Сол жылдары «Бозторғай», «Көколақ», «Менің ұстаздарым», «Он алтыншы жыл», «Қайран елім!», «Ревкомға сайланғанда», «Колхоз әні» т.б. әндерін шығарды.

Кенен ақынның 1930-1940 жылдардағы творчествосы Жетісу өлкесімен ғана шектеліп қалған жоқ. Ол Қазақстан жерлерін аралап, Қарағандының көміршілеріне, Балқаштың мысшыларына, Каспийдің балықшыларына, Түрксибтің құрылысшыларына барады. Еңбек адамдарының арасында ақын өзінің шабытты әнімен, нәрлі өлеңдерімен үкіметтің іргелі ісерін шабыттана насихаттайды. Болған жерлерінде ақын жаңа ән, жаңа өлең шығарады. Сол кездері дүниеге: «Жас екпін», «Балдай бол», «Елімнің ерке жастары» тағы да басқа әндері келеді.

Қазақстанның ең тамаша орындаушысы ретінде Кенен Москвадағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесінде әлденеше рет ән шырқап, қазақ әдебиеті мен өнерінің 1936 және 1949 жылдары өткен онкүндігіне қатысады. Соғыс жылдарында өзінің барлық шығармашылық жігерін Отан қорғауға арнады. «Біздің отан жеңеді», «Ел қуанышы», «Сүйгенім-ай!», «Бейбітшілік ұраны» әндерінде ақын халықтың патриоттық сезімін үлкен шеберлікпен жеткізеді.

...Кенен ән-өлеңдерінің біразы арнаулар. Кешегі Балуан-Шолақ, Шашубай, Кебекбай шешенге арнап: «Балуан Шолақпен кездескенде», «Шашубайға», «Кебекбайдың келбеті» өлеңдерін жазады. Сонмен бірге қазақтың зиялылары, әнші-ақын, жазушылары: М. Әуезовке, С. Мұқановқа, Ғ. Мүсіреповке, К. Бәйсейітоваға, Т. Жароковқа, М. Ғабдуллинге және тағы басқаларға арнау өлеңдерін жазып қалдырды.

...Кенен – қазақтың бай эпикалық мұрасы мен импровизаторлық

дәстүрін жалғастырушы әрі дамытушы эпик ақын. Ол қазақ-қырғыз халықтарының көне жырлары мен шығыс аңыздарын негізге ала отырып, өз жанынан ондаған хисса-дастандар туғызған. Оның репертуарына көптеген жыр-дастандар болған. Соларды таңды таңға ұрып жырлап, тыңдаушысының құлақ құрышын қандырып, халықтың рухани ұйытқысы болған ақын. Сондай-ақ, өз дастандарымен қоса, қырғыздың «Манасының» біраз тармағын, түрікпеннің «Көрұғлы» нұсқасын, Сүйінбай, Жамбыл, Бақтыбай және қырғыз ақын-жыршыларының туындыларын жатқа білген кісі.

Кенен Әзірбаев XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр аралығында өмір сүрген дарынды тұлға, халық поэзиясының аса ірі тұлғаларының бірі. Дәстүрлі айтыс өнерінің ақтаңгері. Ол ескі заманнан жеткен көне сүрлеуді жалғап, өз тарапынан кемелдендіре түскен ақын.

Кенен Әзірбаев артына мол мұра қалдыра отырып, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани асыл қазыналарын бүгінгі өмірмен сабақтастыруға өлшеусіз үлес қосты. Ақиық ақынның өлмес өлең-жырлары, әсем ән-күйлері халықпен бірге мәңгі жасай бермек.

Автордың жеке мұрағатынан.
Алматы -Сұлутөр. 2009 ж.

Социал Әйтенов

АЛАТАУДЫҢ АҚИЫҚ АҚЫНЫ

Алатаудың ақиық ақыны, әнші-композитор, жыршы-жырау Кенен ата Әзірбаевтың туғанына биыл 125 жыл толды. Сал-серінің соңы Кенекемнің ауылында алғаш болған кезім әлі есімде. Мұның сыры тым әріде жатпаса да оған да 40 жылдың жүзі болған екен.

Бірінші шегініс. Кішкене кезімнен әжем Бәтжамал екеуміз патефон табақшаларына жазылған Кенен әндерін тыңдауды ұнататынбыз. Әсіресе, «Базар-Назар» әнін естігенде анам Марғуша мұңайған күйге түсіп, көзінің жасын сығып алатын. Отызыншы жылдардағы қиыншылықта Риддерге қарай көшіп бара жатып, екі бірдей баласы – Қаматай мен Рашиладан айрылған қайғылы кезең есіне түсетін болу керек. Ат арбамен таудан асып, ылдиға түсерде

артқы екі дөңгелектің шабақтарын шандып тастауды көлік иесі де ойламаған. Ал тоғай қазағы оны қайдан білсін. Құлдилаған тұста арбадағы әбдіренің бұрышы құйрығына тиіп кеткен ат үркіп ала жөнеледі. Жүк үстінде екі сәбиін бауырына қысқан анам арбамен қоса тасқа соғылыпты. Екі бала сол жерде жан тәсілім бергенін, әкем екеуі екі өлікті тау етегіне жерлегенін, басына ешбір белгі қоя алмай, жолдарын әрі жалғастырғанын айтқанда етегі жасқа толатын еді. Өкінішті өлімге не шара! Осы көрініс шешемнің ақырғы демі біткенше көз алдында қалыпты. Жан тәсілім берерде қасында отырып, сол екі сәбиінің аттарын айтып қалғанын естіп едім. «Кейінгі үшеуінің амандығын тіле», дейтін ондай кезде әжем басу айтып. 13 құрсақ көтерген анам Марғуша күрсініп отыратын. Сосын, патефон табақшасын қайта салып, зарлы әуенді қайта тыңдайды...

1965 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түскенімде мен Кенен атаның кенже ұлы Бақытжанмен курстас болдым. Мінезі жайдары, аққөңіл жігіт. Бойында серіліктің белгісі бар. Екеуміздің таныстығымыз достыққа ұласып, арамыздан қыл өтпестей жақын жүрдік. Студенттік қызықты шақты бірге өткеріп, Кеңес әскері қатарына да бірге шақырылғанымыз, офицерлік өмірді Забайкалье әскери округінің шеткері бір түкпірінде өткізгеніміз ұзақ әңгіме. Екі жылдан астам уақыттан соң Алматыға қайта оралдық. Бұл 1971 жыл болатын. Бақытжан туған жері Жамбыл облысы, Красногор ауданы, Киров колхозына барып, қонақ боп қайтуға ұсыныс жасады. Кенен атаны көруге бұрыннан ынтызар едім, орайы түсе кеткеніне қуандым.

Екі ғасырдың куәсі, Алатаудың бұлбұлы атанған атамыз тұғырда қонып отырған мұзбалақ бүркіт сықты көрінді маған. Сол кезде Кенекемің жасы 90-ды алқымдап қалған-ды. Үлкен үйге енген бетте Бақытжан екеуміз Кенен атаға сәлем бердік. Кескін-келбеті көз тартатын, Алатаудай асқақ, ақ күмістей сақалы нұрлы ажарына жарасатын ерекше келісті ақсақал екен. Баласын бауырына тарта маңдайынан иіскеді де, маған бажайлап қарады. Бақытжан мені таныстырғанша, – Бұл қай бала? Бұрын көрмеппін ғой, деді. Кереку жақтың жігіті, біз бірге оқып, әскерде де бірге болдық, деп Бақытжан түсіндіріп жатты.

– Қасыма жақында, қасиет дарыған елден екенсің. Басқаны айтпағанда Жаяу Мұса мен Естай, Нұрлыбек пен Иса басқан

топырақтың түлегісің. Соңғы қос дарын иесімен сыйлас, сырлас болғанмын. Ақын ата мені кең құшағына алып, мейірлене бауырына басты. Білгенімше өз тегімді айттым. Ауырып отырғанына қарамастан біраз әңгімелесті. Орнымнан тұрып бара жатырь едім: «Бақытжанның досы екенсің. Отан қорғау міндетін абыроймен атқару ер жігітке сын, енді елге адал еңбек етіңдер, ғұмырың ұзақ болсын», деп қол жайып ақ батасын берді. Мен де бетімді сипадым.

– Балалар демалсын, бұлар қиын жерде жүріп, еліне қызмет етіп келді ғой. Көркемжан қонақтарды өзің күт, деп үлкен ұлына бұрылды. Арт жағымызда Жамбылдың өзі атын қойған Көркемжан ағамыз бен келін боп түскенде бетін Кенен атаның өзі ашқан Дина жеңгеміз тұр күлімсіреп. Бала кезімде патефоннан дауысын естіген, әжем мен анамның күнде тыңдап, табынатын сүйікті әншісі – көзі тірі Кененнің өзімен жүздесуім, ыстық құшағына енуім, батасын алуым, Насиха шешемізбен сырласып, үш күн қонақ болуым тағы да зарлы әуенге деген сағынышымды оятты...

– Сендердің, яғни Арқа жақтың жұрты оларды егіздер деп жүріпті, дейді Бақытжан Кененұлы. Олардың үйелмелі-сүйелмелі екені рас, аралары бір жарым жас қана. Шешем Базар-Назардан кейін жеті құрсақ көтерген. Болысбек, Әбсәмет, Сағатбек, Тұрсын (Тұрар) деген балалары болған. Бірақ олар да бірінен соң бірі шетіней берген көрінеді. Аштықтан қашып, қырғыз елін паналаған жылдары көрген нәрестесін Қырғызбала деп атапты. «Бұл бала жоғалтқандарыңның төлеуі болсын» деген қырғыз ағайындардың тілегі де қабыл болмапты. Ол да шетінеп кетеді. Қайғы үстіне қайғы жамаған жаралы жылдардың басқа салған ауырлығына жаны мәрт, текті адам ғана төзетін шығар. Елуге келгенде барып Төрткен туған.

Шын мәнінде Төрткен апамыздың азан шақырып қойған аты – «Төрт кемпір бір шал». Оның мәнісі мынадай: Нәсиха анамыз жеті құрсақ көтеріп соның біреуі де тұрақтамағаны жанына батқан Кенен атамыз осы қыз туғанда аса қуана қоймапты. Жүрегі запы болған кісі ғой. Ауылдың көп балалы ардақты төрт аруанасын (бәйбішесін) шақырып, солардың аяғының арасынан өткізіп алыңдар, дейді. Дәл осы мезетте ауылдың бір қарт адамы үйге өз шаруасымен келе қалады. Соған көзі түскен Кенекең: «Анау қарияның да аяғынан өткізіңдер. Бұл баланың аты «Төрт

кемпір бір шал» болсын дейді бетін сипап. Мектеп жасына жеткенде 1-сыныптың есігін ашқан кішкене қара қыздың аты-жөнін (тегі мен өз атын) журналға жазбақ болған мұғалім Кенен атамызға келіп: «Ата, балаңыздың аты-жөні журналымызға сиятын емес, үш жолды алып кетті, енді не істейміз? Шәкіртімнің көнетін түрі жоқ» дейді. Ақын үнсіз.

Осы жағдай бесінші сыныпқа келгенше қайталана беріпті. Ақырында мектеп директоры, Кененнің замандас әрі сыйлас кісілері бар бір топ адам келіп, оңаша отырып әңгімелеседі. «Қызыңыз ертең -ақ бой жетіп азамат болады, Кенеке. Қазір пионер болса, ертеңгі күні комсомолға өткелі отыр. Заман талабы басқа.». Бұған Кенекең ашып ештеңе демей тағы да үнсіз қалыпты. Сол жылдың күзінде ауыл-аймақты түгел шақырып, құрбан шалады. Молдаға құран оқытып: «Азан шақырып қойған атын қайтарып алғаным күпірлік болмасын, молдеке. Аллатағлаға соны жеткізе оқы» деген екен. Сол жолы төрт кемпірдің «төртін» алып, өз атының алғашқы буыны «кенді» қосып Төрткен деп ат қояды...

Жамбыл арнайы келіп атын қойған Көркемжаннан (1939 жылы туған, 55 жасында қайтыс болды) соң Бақытжан, Ақтамақ, Ақбілек атты ұл-қыздары өмірге келді. Нәсиха анамыз (1902 жылы туған) солардан тараған ұрпақтарын көріп 98 жасында (2000 жылы) дүние салды.

Екінші шегініс. Өзім армандаған абыз ақынмен алғашқы кездесуім осылай 1971 жылы қоңыр күзде басталып еді. Содан бері көп жылдың жүзі болды. Ал бұл жолғы күзгі кездесу тіпті басқаша. Биылғы жылы Үкімет қаулысымен Кенен атамыздың 125 жылдық мерейтойы оның туған жері – Жамбыл облысының, Қордай ауданына қарасты Кенен ауылында (бұрынғы Киров атындағы колхоз) өтпекші. Баласы Бақытжан достан (ҚР Парламенті Сенатының редакциялық-баспа бөлімінде сектор меңгерушісі қызметін атқарған, қарымды қаламгер, бірнеше кітаптың авторы, әке шығармашылығын зерттеуші) арнайы шақыру алған соң Павлодар-Алматы жолаушылар пойызымен Отар станциясына жеттік. Станциядан аңқылдаған досым, меценант баласы Мұхит екеуі түнгі сағат үш жарымда қарсы алып, Кенен ауылына алып барды...

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» деген ғой. Жерлестері ақиық ақынның мерейтойына жан-жақты дайындық жасаған екен. Бұған дейін облыс орталығында «Шырқа даусым!» әншілер кон-

курсы өткізілді. Бесінші рет жалғасын тапқан бұл дәстүрлі өнер сайысына Алатау мен Арқаның, Алтай мен Атыраудың жас таланттары қатысып, Кенен әндерін өз нақышымен майын тамыза шырқады. Ақындар айтысып, палуандар күш сынасты. Есімдері елімізге әйгілі ауылдың тума әншілері – эстрада жұлдыздары Кенен ауылына бір күн бұрын келіп, жерлестеріне ашық аспан астында концерттік бағдарлама ұсынды.

Келесі күні ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед, Жамбыл облысының әкімі Бөрібай Жексенбин, Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов, халық жазушысы, ақынның күйеу баласы Шерхан Мұртаза, Парламент депутаты Қалижан Уәлихан бастаған ресми адамдар, жазушылар мен ғалымдар, той қонақтары, жергілікті жұртшылық өкілдері, ақын қабірінің басында құран бағыштап, ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Келген қонақтар той қарсаңында жөндеуден өткізілген мұражай ішін аралап көрді. 1981 жылы 13 наурызда ашылған мұражай қайта жаңғырып, түлеген. Мұндағы ақынның мұрағатын зер салған адам ең алдымен Кенен атамыз бастан кешкен тарихи кезеңнің тізбектеліп өткеніне куә болады. Халқымыздың ғасырлық тарихы қамтылған телегей-теңіз мұрасын, өнер саласындағы асыл қазынасын, суалмайтын рухани байлығын суыртпақтап зерттесе ғой шіркін! Бұл бүгінгі ғалымдардың үлесіне тиері сөзсіз. Міне, менің ойымдағы осы бір өзекті мәселе Кенен Әзірбаев атындағы мәдениет үйінде өткен «Ұлттық рухани кеңістіктегі Кенен ақынның алатын орыны» атты ғылыми-практикалық конференцияда жан-жақты қозғалды.

Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед: «Кенекең, ең құдыретті өнер – сөз өнерін ұстанған адам. Осы тұрғыдан келгенде, біздің кешегі Сыпыра жыраудан басталған ұлы жыраулық дәстүрін жаңғыртып, бүгінгі ұрпаққа өсиеттей етіп қалдырған сұңғақ бой, сұлу мінез, сырбаз қалып, сырлы сөздің иесі Кенен атамыз деп білеміз. «Жұлдыз» журналы осыдан отыз бұрын, Кенен атам дүние салған кезде: «Халқынан ұзақ алған рахметті, дүниеден Кенен деген ақын өтті» деп бүкіл қазаққа күңіреніп, жоқтау айтыпты. Осылай айтып келіп «Ақындардың атасы алып Кенен, сен жасайсың мәңгілік халықпенен» депті. Атамыздың бүгінгі 125 жылдық мерейтойы ақынның мәңгі жасап келе жатқанының белгісі. Министрдің қазақ тілінде төгілте сөйлеген сөзіне әбден ұйыған халық көтеріле қол соғып, құрмет көрсетті.

Ғылыми конференцияда филология ғылымдарының докторы Жаңғара Дәдебаев баяндама жасады. Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов, Қырғыз Республикасының Мәдениет министрі Сұлтан Раев, профессор Тұрсынбек Кәкішев, белгілі композитор Мыңжасар Маңғытаев, академик Сейіт Қасқабасов, Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин, театр сыншысы Әшірбек Сығай, Қазақстан Композиторлар одғының төрайымы Балнұр Қыдырбек сөз сөйлеп, ақиық әнші әрі жырау, кең тынысты әншә-сазгерді әр қырынан танылатын қасиеттерін жоғары бағалап, жүрекжарды пікірлерін айтты.

Жүз жасаған Жамбылдың немересі Әлімқұл қария берген батадан кейін Мәдениет үйінің ішін еліміздің әр өңірінен келген жас өнерпаздардың орындауындағы Кенен атаның әндері кернеп кетті. Олардың бәрі де әр жылдары «Шырқа даусым!» ән байқауының бас жүлдесін жеңіп алған дарынды жастар болатын. «Көкшолақ», «Бозторғай», «Ойжайлау», «Қайран жастық», «Мен сүйемін халқымды», «Келінжан» т.б. әндері алма-кезек шырқалды-ай десеңізші!. Бұл әндердің әрқайсысының өзіне тән шығу тарихы бар. Осы ауылдан шығып өнер айдынында қанат қаққан Айгүл Иманбаева, Саят Медеуов сияқты талантты әншілер той сәнін қыздыра түсті.

Кенен қырғызға да ортақ ақын. Заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов бір кездесуде: «Сіз, Кенен ата, қазақ-қырғызға ортақ ұлы адамсыз. Қырғыз елі сізді өзінің ең таңдаулы ұлдары, өзіңізбен замандас, үзеңгілес, дәмдес болған, Жетісудағы қырғыз-қазақ жерін бірге араласқан, атағы жер жарған Осмонқұл, Алымқұл, Атай, Халық және басқа да бұлбұлдай сайраған ақындарындай көреді, солардай ардақ тұтып, сізді өз атамыз, өз ақынымыз, өзіміздің өнердегі Алатауымыз деп есептейді.» деген екен. Осы тойда «төскейде малы, төсекте басы қосылған» қырғыз ағайындардың өнерпаз жігіттері мен қыздары ән-жырдан шашу шашты.

Көзі тірісінде аты аңызға айналған Алатаудай асқақ ақынның, күмбір кеуде композитордың шығармашылық еңбегі Үкімет тарапынан жоғары бағаланды. Жеті рет Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталды. Екі мәрте (1945 және 1959 ж.ж.) «Құрмет белгісі» ордені, 1967 жылы «Еңбек Қызыл ту» ордені берілді. 1974 жылы 90 жасқа толуына орай Ленин ордені табыс

етілді. Кенен Әзірбаев – «Қазақстан Халық ақыны, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері, СССР Жазушылар одағының, СССР Композиторлар одағының мүшесі. Өнер адамдары ішінде екі бірдей одаққа мүше болған ақын – тек Кенен ғана. Тұла бойына ән-жырдың мың қатпар кені біткен Абыз ақын 1976 жылдың көктемінде 92 жасында Сұлутөрдің етегінде, Қордайдың баурайында дүние салды. Бұрынғы Киров колхозы, қазір Кенен атындағы ауыл. «Екі Кенен тумайды, Алатауға ексең де» деп тірі кезінде өз бағасын өзі беріп кеткен жоқ па? Бұдан асырып айту мүмкін емес.

«Сарыарқа самалы» г-ті 24 қазан, 2009 ж.

Әділғазы Қайырбеков

КЕНЕКЕҢ МЕН СӘБЕҢ
(қысқартып алынды)

...Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» атты аңыз романы – қазақ қауымына жақсы таныс, тіпті, көп тілге аударылған, көп елге таралған шығарма. Кітабының бір данасын 1963 жылы сонау Кубаға, Фидель Кастроға сәлем хатпен қоса жолдап, Сәбең одан қолтаңбасы бар фотосуретін, кітабыңызды алдым деген жауап хатын да алған.

Бұл роман соңғы рет Қытайдағы «Шыңжаң» баспасынан 2000 жылы төте жазумен қайта жарық көрді. Осы орайда Сәбит Мұқановтың Үкілі Ыбырайды алғаш зерттеп, ел арасында ұмытылып бара жатқан есімін жаңғыртуға, жұрт жадында сақталған әндерін жинастыруға мұрындық болғанын да айта кеткен жөн. Қазақ әнін аспанға көтерген Күләш Байсейітованың Мәскеудегі мәртебелі, жұлдызды сәттері туралы да тебірене жазды. Роза Бағлановаға арналған өлеңі бар. Яғни, ән мен әнші тақырыбы жазушының шығармашылық жолында үнемі жалғасын тауып, сабақтасып, жаңа қырларын ашып отырған. Ол бұл тақырыпқа ойысқанда халықтың қалың ортасында өзі ұшырастырған, жолықтырған, таныған таланттар туралы әңгіме қозғайды. Солардың бірі – Алатаудан ән асырған, күміскөмей, жезтаңдай әнші, ақын Кенекең – Кенен Әзірбеав.

Сәбит Мұқанов өзінің «Алатау төңірегінде» атты көлемді,

көркем очеркінде былай деп жазады: «Алматыдан шыға, Алатауды жиектей батысқа қарай тартатын тас жолмен жүрген машина, Шуға бару үшін, темір жолды Отар стансасынан кесіп өту керек. Отар мені өзіне асықтыра тартады да, өйткені, онда менің ең жақын досымның бірі, атақты халық ақыны Кенен Әзірбаев тұрады. 1884 жылы туған Кенен ағай – қоңыр үлкен көзді, сопақтау атжақты, қоңқақ зор мұрынды, қалың ақ мұртты, дөңгелек ақ сақалды, жауырыны сәл қушықтау, биік денелі, өте көркем және сымбатты адам. Бірақ, оның кескіні ғана сымбатты емес, мінезі де өте сұлу. Жасынан халықты көп аралап, сыпайылық сәндерін бойына түгел сіңірген ол, әркезде дос-жаранын жарқын жүзбен қарсы алады... Жылы қас-қабақпен қарсы алған адамына, оның ерекше тартатын сыйы – әндері.

Көркем қоңыр дауысты ол, есін білгелі ондап емес, жүздеп жинаған халық әндерін айтумен ғана қанағаттанбай, өз жанынан да жетпіс-сексен ән шығарып, халыққа ол әндері сүйкімді түрде тарап кеткен адам. Оның репертуарындағы бұл әндер бір емес, бірнеше күн тыңдауға жетеді және орындалуы көркем болғандықтан, қанша тыңдасаң да жалықпайсың, бір тыңдаған әніңді қайта тыңдауға құмартасың, өйткені, Кенен әрбір әнді шыққан тарихымен айтады, ол тарихтың әрқайсысы да бір қызық пьеса». (С. Мұқанов, Саяхаттар. Алматы, 1954 ж, 153-б.)

...Мөлшері, бес-алты жас шамасындамын. 1960 жылдардың бас кезі. Ақсуаттан Семейге апаратын күре жолдың бойындағы Сұлутал кеңшарына жақын қыстауға көшіп келдік. Аз үйлі шағын ауыл. Кешкілік астық-жем сақтайтын қойма-баздың кіре берісінде Семейден келген бір әнші концерт қойды. «Базарым-ай, Назарым-ай...» деп боздатқанда жыламаған жан жоқ шығар. Ғажап дауыс. Ерен әнші. Жас жігіт. Ержеткен соң білдік қой...Ән Кенен Әзірбаевтікі екен. Орындаған әнші – Қазақстанның халық әртісі Мәдениет Ешекеев. Кенен десе, менің көз алдыма сол бір сурет келе қалады. Оның әрбір әндері тауларды, көлдерді асып, алыстағы ауылдарға, бүйірдегі бөлімшелерге солай тараған. Радио өз алдына. Өзін көрмесе де шалғайдағы әнсүйер қауым Кенен әндерімен еркін сусындады...

Елуінші жылдардың орта тұсында Отарда тұратын Кенен қатты сырқаттанып, отбасының күйі қашып, жағдайлары төмендеп кетеді. Бұл хабар сол кезде Қазақстан Жазушылар одағын басқарып

отырған Сәбит Мұқановтың да құлағына шалынады. Сәбең қашан да қамқор құшағын Кененге кеңінен жайып, көмек қолын созады. Бұл, тіпті, Кенекең мен Сәбең арасындағы ерекше сыйластықтың, бауыр көңілдің белгісіндей еді. Бұл бауыр көңілдің түкпірінде қазақ өнерін құрметтеу, қазақ әншісінің тағдырына алаңдау, оған үкіметтің жәрдем жасауына дәнекер болу, шын жанашырлық, шынайы ықыласты қамқорлық көрініп тұр.

Сол бір сыйлас күндерді Сәбеңнің сүйікті жары Мәриям апай: «Жамбыл атамыздан бастап, Кенен, Шашубай, Нұрмолда, Иса т.б. ақындарды көзіміз көрді, жырларын тамсана тыңдадық. Кенекеңмен жақын араластық. Жарықтық, қыздай сызылған сымпайы адам еді. Өте мәдениетті кісі. Аузы таза болатын. Құлаққа жағымды қоңыр даусымен таң атқанша ән айтудан жалықпайтын. Кенекеңнің сазды, майда әндерін ұнатушы ем. Тойларда қолына домбыра ұстап әншілер шыға қалса, Кенен атамыздың әндерін айтпас па екен деп дәмеленіп отырамын.» деп еске алады.

Елуінші жылдардың іші. Сәбит – Одақта бастық, «Кенекең ауру, төсек тартып жатып қалыпты» деген хабар алған соң, олар Отарда тұратын, Сәбит мені мәшинеге отырғызып алып, сәлем-сауқытымызды қоржынға салып, жөнелдік. Халдері шынында да нашар екен. Өзі де, әйелі де ауру. Іздеп келгенімізге риза болып, қуанып қалды. «Атамекенім – Қордай. Сол жерден қоныс тебуіме көмек ет» деді. Сәбитке. «Алдымен емдету керек. Қордайға үй салу жұмысымен өзім жүгіремін» деді Сәбит.

Сол жолы Сәбең Кенекеңді әйелімен алып келіп, Министрлер Кеңесінің ауруханасына орналастырды. Дәрігерлермен де өзі сөйлесіп, қатты қадағалап, тапсырып кетеді. Біраз уақыт жатып емделіп, сауығып шыққан соң да хал-жағдайларын біліп тұрды. Ем-дом алып болғаннан кейін, Кенекең мен әйелі Нәсиханы таудағы санаторийге екі жолдама тауып, өзі апарып орналастырды.

Кенекеңнің өтініші бойынша Қордайдан үй салдыруға Сәбең көп көмек көрсетті. Үй біткен соң ұлан-асыр той жасалып, ақын атамыз бала-шағасымен жаңа үйге кіріпті. «Сәбиттің 60 жылдық тойына келген барлық қонақтарды атамыз өз үйіне шақырып, үлкен мереке ұйымдастырды» деп еске алады.

Жазушының жары айтқан осы әңгімені Бақытжан Кененұлы да әр қырынан келіп толықтырады: «...1956 жылдың күзі болатын. Біздің үйге Сәбит Мұқанов бастаған бір топ ақын-жазушылар

келді. Бұл Сәбеңнің бірінші келуі емес. Әкем науқас болғалы қасына Мәрям апайды, кейде балаларын ертіп бірнеше рет келіп кеткен. Сәбит аға келген сайын біздің үйде кішігірім той болады. Әшейінде, көп бас сұға бермейтін көрші-қолаңдар, ауыл ақсақалдары, темір жолдың басшылары да келеді...Сол жолы әкемнің жаңадан басып шығарылған шағын ғана өлең кітабын ала келіпті. Мұқабасы теңіздің түсіндей көгілдір кітапты Сәбит аға қолына алып, жұрттың бәріне көрсетіп сүйінші сұрады. – Кенекем, ауырған жоқ, аунап түскені ғой. Алда көретін талай қызығы бар. Кенекемнің ән-жырын ел-жұрты шөліркей күтіп отыр, – деді. Әрі жұбатып, әрі қайрат бере айтқан жазушының сөзіне әкем кәдімгідей босап қалды. Еті қашып, сүйріктей болған салалы саусақтарымен аяулы Сәбитін құшақтап: «Разымын, Сәбит!» дегені әлі есімде.

...Бір жолы үйге екі-үш адам келді. Құрылыс мамандары екен. Құлаштай-құлаштай қағаздарын жайып, әлденені түсіндіріп жатыр. «Бұл – болашақта Кенекеңе салынатын үйдің жобасы. Үкімет арнайы ақша бөліпті. Бір жылда салып береміз» дейді әлгілер. Бұдан артық қуаныш бола ма? Шешем қуанғаннан көзіне жас алып: «Айналайын, Сәбиттің тірлігі ғой бұл!» дейді.

...1958 жылдың көктемінде біз осы ауылға көшіп бардық. (Қордайға. Қазір «Кенен ауылы» деп аталады. Ә.Қ.) Ол кездің өлшемінде алты-жеті бөлмесі бар ақшаңқан үйдің хан сарайындай көрінері һақ. Біздің қуанышымызда шек жоқ. Осында көшіп келген соң әкемнің де көңілі көтеріліп, басқа бір күйге енгендей болады...». (Б. Кененұлы. Әке рухымен сырласу, Астана: «Елорда» баспасы, 2004 ж. 197-201 б.)

Иә, сөйтіп, Кенекең дүр сілкініп, сырқатынан айығып, домбырасын қайтадан қолына алды:

«Үкімет еңбегімді бағалады,
Үй салдырды Қордайдан шағалалы.
Көшіп келіп Отардан кіргеннен соң,
Денсаулықтың нышаны жағалады» дейтіні осы кез.

Сол жылы Кенекеңді алып Сәбеңдер Қызылжар аймағын бір айдан аса уақыт аралайды. Бұл жөнінде «Сарыарқаға саяхат» деген өлеңінде (К. Әзірбаев. Таңдамалы шығармалар, Алматы, «Жазушы» б- сы, 1974 ж.) ақын мол мағлұмат береді.

Алпысыншы жылдың бас кезі болса керек, қалада ұн тапшы, нан

жоқ. Әсіресе, көпбалалы отбасылары, келімді-кетімді қонақтары бар үй иелері қатты қиналады. Сол бір тұста, әдеттегідей, Сәбең қасына жұбайы Мәриямды алып, Қордайға, Кенекеңнің үйіне барып қалады. Қоңыр күзде егінді жинап алған колхозшылар еңбек-ақыға алған бидайды диірменге тарттырып, ұн қаптап алып жатқан кез. Бір қап ұнды Кенекең қояр да қоймай, қарсылығына қарамай Сәбеңнің мәшинесіне салып береді. Алмаса, ренжитінін айтады. Бірақ жолда тексерушілер көп. Қалаға кіре берісте милиция тоқтатады. Мәшинеңің ішін қараса, бітті, бір қап ұн көзге түседі. «Кім берді? Қайдан алдың?» десе, әңгіме көбеймек. Содан, сасқалақтаған Сәбең милицияға өзі жетіп барып: «Айналайын, әйелім екі қабат еді, қатты толғақ қысып, босанайын деп келе жатыр, бізді ұстама, аялдатпа!» деп шыр-пыр болыпты. «Сөйтіп, бір қап ұн үшін Сәбитке өтірік айтқызып, қара терге түсірген еді-ау!» деп күледі Мәриям апай бұл күнде.

1959 жылы Кенен Әзірбаевтың 75 жасқа толуына орай Қордай өңірінде ұлан-асыр той болып өтеді. Оған республикадан тыс жерлерден де қонақтар шақырылады. Тойды Сәбит Мұқанов басқарып, халық ақынының, әншісінің мерейін көтеруге көп үлес қосады. Осы тойдан алған әсерлерін Бақытжан Кененұлы өзінің жоғарыда аталған кітабында қызықтыра баяндайды: «Менің есімде қалғаны – халқымыздың біртуар ұлы, атақты композитор, академик Ахмет Жұбанов сыйлаған қызыл қоңыр түсті домбыра. Беткі жақтаулары түгелдей мүйізбен көмкерілген, мойыны қынадай қызғылт, домбыраның үні де ерекше екен. Әкем өзінің осы мерекеге арнап шығарған «Жетпіс бес» деген әнін тұңғыш рет осы домбырамен орындаған еді. «Сайра тілім, шырқа үнім, сайрамасқа қоймайды ардақты елім!»» деп құйқылжыта шырқады...

Көптен күткен мерейтойы аяқталар сәтте бүкіл ауылдың, жиналған ағайын-жұрттың алдында көңілі толқыған ақын Сәбитке қаратып бірер шумақ өлеңін айтты. Иығына шапан жауып, басына құндыз бөрік кигізді.

«Дос адамның белгісі қарлығаштай, қас адамның белгісі қара тастай» деген. Сенің ақ пейіліңе менің отбасым ғана емес, бүкіл ел-жұртым риза. Бүгінгі той мен өткерген жетпіс бес жыл ғұмырымның ең шуақты сәті, түйіні болды. Басыңа бақ қонсын, балаларыңның қызығын көр, Сәбит!» деді. Қарапайым ғана айтылған осы сөздерден ақынның Сәбитке деген риясыз көңілі,

жүрек тебіренісі айқын сезіліп тұрды. Артынша, Қарақалпақтан өзіне сыйға әкелінген ер-тұрманы түгелдей күміспен апталған, сүліктей сәйгүлікті жетектеп әкеп Сәбиттің алдына көлденең тартты.».

Қос арғымаққа мінген Кенекең мен Сәбеңнің осы тойда түскен бір әдемі фотосуреті сақталған. Бәлкім, дәл жаңағы, Бақытжан Кененұлы суреттеген сәт болуы да мүмкін....

Кенен Әзірбаевтың Сәбеңе үш рет өлең арнауының өзі көп жәйтті аңғартады емес пе?!. Алғаш рет Сәбиттің 60 жылдық тойына «Ініме», одан соң «Сәбитке» және 1973 жылы «Қош, Сәбит» деген өлеңдері бар.

Сәбең мен Мәриям апай екеуі жазушының 60 жылдық мерейтойынан кейін Алматыдан шығып, Владивосток арқылы Жапонияны жағалап, Үндістанды, Түркияны аралап, 47 күн кеме үстінде «Круиз сапарымен Одессаға келіп бір-ақ тоқтаған ғой. Кенекең сол сапардан аман-есен оралған інісі мен келініне хатпен сәлем жолдап, қонаққа шақырады. Бұл да бір жарасымды туыстық пейілдің, ізет-ілтипаттың айғағындай:

«Келдің бе, Сәбит, Мәриям, есен-аман?
Тілектес болып жаттық біз де саған.
Аралап жердің жүзін саяхаттап,
Көрдіңдер талай қала, талай адам.
Аман ба, бала-шаға, аймақтарың,
Кілегей сүт бетінде қаймақтарың.
Асылып мойыныңа, ата-аналап,
Қуанып бота көзің – тайлақтарың.
Ұшады аққу, қаздар көлін аңсап,
Желеді тұлпар туған жерін аңсап.
Өз үйің ұшқан ұя, қандай қызық,
Келгенде алыс жолдан арып-шаршап...
Сағынып бізде жүрміз келеді деп,
Келіп сәлем шалына береді деп.
Қыдырып біздің үйді көреді деп:
Арнайы шақырғаным, кеп кетіңдер,
Сыбаға бұйырғанын жеп кетіңдер.
Көркемжан армияға кетіп қалды,
Бір ақыл Нәсихаға деп кетіңдер.
Нәсиха екеуміз де қашықтадық,

Көжедей күбідегі ашып қалдық.
Көңілді құры өрге айдағанмен,
Кездіктей жанымаған жасып қалдық.»

Алпысыншы жылдардың аяғы болса керек. Екінші рет «... Сәбит екеуміз қасымызға Кенен атамызды қосып алып, бір айдай елді, Қызылжар өңірін араладық. Ел бірінен соң бірі құлақтанып, Кенекеңді қолдан қолға тигізбеді. Солтүстіктің қазақтары Кенен атамыздың өнеріне армансыз сусындады. Жас жігітше қуанып, ерекше шабытпен таңды таңға ұрып, өнер көрсетті. Әне, ақынға деген шынайы құрмет, елдің шексіз махаббаты сондай еді», дейді Мәриям апай...

Сәбеңнің шапағатымен Алматыдағы №12 қазақ орта мектебіне қалай қабылданып, оқығанын Төрткен Кененқызы бір сұхбатында былайша баяндайды:

«...Ол кез қиын еді ғой. Әкем мені қалада оқытып, сауатын ашсын деп осында алып келді. Сөйтсек, «мұнда тек қаланың балалары оқиды» деп мені қабылдамай қойсын. Оларға ашуланған әкем мені Сәбит Мұқановтың үйіне алып барған еді. Сол жолы Сәбеңнің жоғарыда отырған әлдекімдерге «Базарым-ай, Назарым-ай!» деп зарлап жүргенде көрген жалғыз баласын қалада оқытпағанда, қайда оқытады? Ауылдағы мектеп жеті жылдық болса, осында келмегенде қайда барады?» деп қатты-қатты ұрысқаны әлі есімде. Әлгінде, бізбен сөйлескісі келмегендер сол жолы мені мектеп түгілі, интернатқа бірақ қабылдаған еді. Осылайша Алматыдағы жалғыз қазақ мектебінің оқушысы атанып шыға келгенім бар.». («Алматы ақшамы», 01.03. 2008 ж.)

Сәбең 1973 жылы дүниеден озған болатын

«Жасасып келіп еді бұл ғасырмен,
О, Сәбит, бауырым ең, сырласым ең.
Шынымен қоштасам ба, сенбей тұрмын,
Сәбиттің қайталанбас тұлғасымен.» деп Кенекең егіле жыр төгілдірген еді. Кенен атаның 90 жылдық тойы 1974 жылы жоғары деңгейде аталып өтті. Бірақ, бұл тойда Сәбең болмады.

Ақын-әншінің өмір жолын, өнер жолын жан-жақты зерттеген ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков: «...Кенекең болмыс-бітімі де, жүріс-тұрысы да бөлек, табиғи дарын таланты да ешкімге ұқсамайтын, Алатаудың

шыңындай ойы да, бойы да биік, әсем үнді, ділмәр тілді, мінезге бай, көпшіл, қонақжай, ерекше жан еді. Кенекең ғасыр бойы жасаған байтақ мұрасымен, армандай әншілігімен, аққудың қанатындай әдемі жібектей сақалымен, бәйтеректей бойымен көзге де, көңілге де өзгеше бір жұмбақ жандай, данышпан абыздай болып көрінетін», деп толғанады. (М. Жолдасбеков. Асыл арналар, «Жазушы» б-сы, 1990 ж.).

Бақытжан Кененұлы өзінің «Әке рухымен сырласу» атты естелік-эссе кітабын мұражайға мынадай қолтаңбамен тапсырды: «Сәбит Мұқановтың мұражайына! Үлкен жүректі адамдардың достығы да ұлағатты болатыны рас. Сәбит аға мен әкем Кененнің шынайы сыйластыққа, құрметке толы достығын бала кезден көріп өстік. Мұндай достық ұрпаққа өнеге. Ағаның жарқын бейнесі, аққөңіл, жайдары мінезі біздің де жүрегімізде мәңгі сақталып қалды. Әкелер рухы өлмесін! 24.08.2005 ж.».

Міне, аяулы да ардақты халық перзенттерінің ғұмыр жолдарынан алынған осы бір достық баяны бүгінгі және келер ұрпақ үшін де ұлағатты, өнегелі, тағылымды болар деп ой түйіндедік.

«Алматы ақшамы» г-ті, 13 қараша, 2009 ж.

Төрткен Кененқызы

КЕНЕН НЕГЕ «ХАЛЫҚ ЖАУЫ» АТАНДЫ?

Кезінде белгілі себептермен айтылмай қалған бұл сыр араға алпыс жыл салып, тұңғыш рет сөз болып отыр. Оны бүгінде 90 жасқа келіп отырған ақынның жары Насиха апамыздың аузынан қызы Төрткен Кененқызы жазып алған.

Ата-анамыз алғаш шаңырақ көтерген кезде, әкем 37-38 жастағы сақа жігіт екен. Ал анам болса бұл кезде 17 жасар бойжеткен болыпты. Бәйбішесі Үлпілдек анамыз сал ауруына шалдыққаннан кейін отбасы азып-тоза бастайды. Сол кезде Үлпілдік анамыз еріне жібі түзу адам болса үйленуге қолқа салады. Атам да ойлана келе өзіне қолайлы адам іздейді. Сөйтіп жүргенде біздің анамызды кездестіреді. Еліктің лағындай жас қызды ұнатып қалады.

Атамыздың ел арасындағы атақ-даңқына сырттай қанық болып жүрген қыз да ақынның сөзін теріс көрмейді. Екеуі уәде байласып, анамды атам алып қашып үйіне түсіреді.

Анамыз тоғыз құрсақ көтереді. Осы күні сол балаларынан мен, Бақытжан, Ақтамақ, Ақбілек деген ұл-қыздары бармыз. Шүкір, бәріміз де бала-шағамызды өсіріп, өсіп-өніп отырмыз. Тоқсан жасқа келіп қалған анамыз өзін тың сезінеді. Әңгімесі де ширақ. Сол анамыз бір күні:

– Апа, құдайға тәуба, елі еркелеткен ақынға жолдас болдыңыз. Қайда барсаңыз да ел-жұртыңыз сізді ақынның зайыбы деп сыйлайды. Арманыңыз жоқ шығар», – деп анамды сөйлету үшін әзілдеген болатынмын.

– Е, шырағым-ай, бәріне де тәуба. Кенекеме де, ел-жұртыма да ризамын. Ащының да, тұщының да дәмін таттық қой. Шүкір, Кенекең халқының құрметіне кенде болған жоқ. Дегенмен, ол кісінің де көрген азабы бір басына жетеді. Соның бірін саған айтып берейін. Бұл осы уақытқа дейін ешкімге айтылмаған сыр еді. Менің ұзатылар қыздай болып отырғаным мынау. Оны ана дүниеге ала кеткенім болмас деген ол кісі осы күнге дейін ешкімге тіс жармай құпия сақтап келген сырды әңгімелеп берген еді.

Атаң екеуміз бас қосқан кезде Кенен Қордай ауданының ревкомының төрағасы болатын. Ат үстінде жүрген азаматты көре алмаушылар болды ма, әйтеуір қатын үстіне біреудің жас қызын зорлап әкелді деген арыздар қаптап кетті. Ақыры, бізді жиналысқа салды. Менің де оны өзім қалап келдім дегеніме сенбеді. Қызметінен босатты. Бірақ оған бола Кенекең мойымады, өнерімен жұбанды.

Бұл бай-манаптардың мал-мүліктерін тартып алып, өздерін жер аударып жатқан кезең болатын. Олардың: «біз Кеңес үкіметіне қарсы емеспіз. Малымызды өзіміз-ақ өткіземіз, тек елден, жерден аластай көрмеңдер», – деп жалынғанына да ешкім құлақ аспаған. Зар жылатып қатын-балаларынан айырып, арба-арба қылып байлап-матап алып кетіп жатты. Осылардың барлығының басқасында болып, көзімен көрген жаны нәзік Кенен кейде біртүрлі қамығып келетін.

– Насиха, байлардың ішінде де қайырымды, кеңпейіл жандар көп қой. Обал-ақ болды. Малын алсын, ал жер аудару деген не сұмдық, – деп күйзелетін.

– Ойбай, Кенеке, күні кеше солардың малын бағып малайы болғаныңды ұмыттың ба? Мұныңды менен басқа ешкім естімейақ қойсын, - деп мен шыр-пыр боламын. Ол бір қиын кезең еді ғой, әлдекім естіп қала ма деп қорқамын-ау деймін.

Бір күні кезек Кененмен аталас Ақатай деген байға да келіп жетті. Ақатайдың Құлажан, Бабажан, Бекбол, Нұрболат деген ұлдары бар болатын. Олардың бәрі де ақәділ адамдар еді. Соның Құлажаны Кененмен құрдас әрі сырлас болатын. Сол Құлажанды Орал жаққа 8 жылға жер аударды. Әйелдері мен балаларын жылатып басқа жаққа айдады. Сол жолы Кененнің қолынан бар келгені Құлажанның әйелі Нәжімішті кішкентай қызымен қоса тығып, ұрлап алып қалады. Құлажанның өзіне де ағайындардан ақша жинап астыртын береді, құрметтеп шығарып салады. Мұны көзі шалып қалған белсенділер аудан басшыларына дереу хабар береді. Олар Кененді шақырып алып, партиядан шығарады да, өзін есепке алып қоя береді. Осыдан кейін Кенекең белсенділікке қолын бірақ сілтеді. Отар станциясына көшіп кеттік.

Алайда, мұнда да оған маза болмады. Конфискалаудан қашып, тау-тасты паналап жүргендер күндіз тығылып жатып, түнде ауылдан мал ұрлайтын еді. Кенекең бағып жүрген өкіметтің жылқыларының да біразы жоғалды. Бұл жағдайды одан әрі шиеленістіріп жіберді. НКВД-ның адамдары келіп:

– Кенеке, сіз осы аймақта туып-өстіңіз, барлық адамдарды танисыз. Қашып жүргендерге көмектесіп жүргендер бар көрінеді. Олар кімдер? Әлде, өзіңіз араласып жүрсіз бе? Байқаңыз, бізге көмектесуден бас тартатын болсаңыз...» – деп үрейге үрей жамап кетті. Мұндайда Кенекең:

– Жөні жоқ кімді ұстап бермекпін. Бар малын өкіметке өткізіп, күндерін әрең көріп жүргендерді ме? Жоқ, одан гөрі қаңғырып кеткенім артық емес пе? Алаңдайтын бір қыздан басқа балам да жоқ. Қандай құқайы болса да көріп алдым, – деп шала бүлінетін.

Бір сұмдықтың өз басына да төніп келе жатқанын сезгендей, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалатын. Өстіп жүріп оқыс шешімге келген ол бір күнде бізді алды да қырғыз жаққа аттанды. Сондағы Мәсімхан, ЫБырайым, Әбіш деген достарының көмегімен Тоқпақ қаласына жақын жердегі Жаңішек деген колхозға келіп тұрақтадық. Осында үш жылдай тұрып, елдің жағдайы дұрыстала бастағанда қайтадан Отар стансасына көштік. Мұнда темір жолдың көшпелі

театрына қатысып жүріп, қайтадан көзге түсе бастады. Елге танымал ақын атанды. Ол кезде біз Иірсу колхозында тұратын едік. Бір күні түнделетіп колхоздың сол кездегі төрағасы Сансызбай мен партия ұйымының хатшысы Сәрсебек үйге келіпті. Екеуінің де үрейі ұшып кеткен.

– Насиха, кеше ауданнан екі адам келді. Кененнің Ораз Жандосовқа қандай жақындығы бар еді? деп сұрады. Оған арнап ән шығарғаны рас па? деді. Несін айтасың, әбден есімізді алды. Өтірік айта алмадық:

– Кененнің «Оразжан» деген өлеңінің бар екендігі рас дедік. Жазып беріңдер деді, жаздық. Әй, қайдам, Кенекеңнің келгенін күтіп жүрген сияқты. Абай болыңыз. Біздің сізге хабар бергенімізді айтып қоймаңыздар, деп екеуі жылармандай болды.

Мына сөзден кейін менің де мазам кете бастады. Бекер қорықпаған екенмін, Көп ұзамай-ақ түн жамылған екі жігіт оны алды да кетті. Үйдің ішін ақтарып, тінтіп ешнәрсе таппады. Қолға іліккен бір топ өлеңдерін ғана алды. Кенекең алаңсыз ұйықтап жатқан балалардың беттерінен сүйіп: «Балаларға ие бол», деді де кете барды. Аңырап жылап мен қалдым. Онда сен емшектегі жас нәресте болатынсың. Не істерімді білмеймін. Үйге бұрынғыдай ешкім келмейтін де болды. «Халық жауының балаларын оқытпаймыз», – деп айтты деп Ұлтай, Нұртай, Жапарбегім мектептен жылап келді. Осыны көргеннен кейін балаларды шешеме табыстап, сені көтеріп Алматыға Жазушылар одағының үйіне келдім.

– Жеңгей, мына бөлмеге кіріңіз, бастықты осы жерден табасыз, – деген біреудің сөзінен кейін әлгі есікке кірсем, бір жас жігіт отыр екен. Аты-жөнім Мұхаметжан Қаратаев деп таныстырды. Жөн сұрады. Жайымды білгеннен кейін:

– Жеңгей, бұл бір ғана сіздің басыңыздағы жағдай емес, ешкімге көрінбей ауылыңызға қайтыңыз. Мына балаңызды өлтіріп аласыз. Қазір біреудің біреуге көрсетер көмегі шамалы. Қолымнан келгенінше жоғарыға жазып көрейін деп ол кісі салиқалы сөзін айтты. Амал қанша, азып-тозып ауылыма қайтадан әрең жеттім.

Өлмес тірлік өтіп жатты. «Халық жауының» отбасы деген қорлауға да бойымыз үйрене бастады. Балалар үшін тырбанып, шалымның тілеуін тілеймін. Апырау, Кенен «халық жауы» болса, сонда бұл үкіметтің досы кім болғаны деп дал боламын. Ой әбден

жүдетті. Сөйтіп жүргенде, арада үш-төрт айдай уақыт өтті.

Бір күні ертеңгі шайды алдыға ала бергенде «Жеңеше, сүйінші! Кенен аға келе жатыр, ақталыпты» – деген Сейілхан деген қайнымның даусы естілді. Өзі ат үстінде тұр. Балалар атып тұрып, далаға қарай жүгіре жөнелді. Осы сәт басым айналып, құлағым шыңылдап, орнымнан тұра алсамшы. Әрең дегенде сені көтеріп далаға шықсам, ауылдың еңбектеген жасынан еңкейген кәрісіне дейін үлкен қара жолға қарай шұбап барады екен. Мен болсам буын буыным босап, елдің ең соңында ілбіп келемін.

Кенен Алматыдан атпен келіпті. Ұлтай, Нұртай, Жапарбек әкелерімен жүздесіп, мәре-сәре, жұрт та мәз-мәйрам. «Насиха-ау, сен қайда жүрсің», – деп бір кезде маған таянды да, қолымнан сені алды. Құшырлана сүйіп тұрып, ағыл-тегіл жыласын. Оны көріп егілмеген адам жоқ. Өзі жүдеген, тістері түскен. Көздері шүңірейіп, құр сүлдері қалыпты. Ширкін көңіл-ай, көрген қиыншылығымыз бір күндегідей болмады. Кеше ғана жоламай кеткен ағайын-туған, абысын-ажын, көрші-қолаң келіп, жетістік те қалдық.

Кенекең де біраз ес жиғандай болды. Бірақ, өзінің қалайша «халық жауы» болғаны жайлы тіс жарып, ешнәрсе айтпайды. Тіпті болмаған соң оңашада:

– Кенеке-ау, сені алып кеткен соң, мен Мұхаметжан Қаратаев деген кісіге барып, жағдайдың бәрін айтып едім, көмегімді аямаспын, жоғарыға жазамын деген еді. Көмектесе алды ма? – дедім. Сол сәтте ол үйде ешкімнің жоқ екенін білсе де, маған сыбырлап үн қатып:

– Кімнің көмегі тигенін қайдам, қайдан келген құдірет екенін білмеймін, әйтеуір аман шықтым. Кез-келген уақытта қайтадан алып кетуі де мүмкін. Түкке түсінбедім. Басқа пәле тілден емес пе, Насиха. Еш адамға бұл туралы сыр ашпа, ақталып келді де қой. Басқа салғанды көріп алармыз, – деді.

– Ойбай-ау, қалай босанып шықтың? Неге қайта алып кетуі мүмкін дейсің. Оны мен кімге айтады дейсің. Айналайын-ау, тек жасырмашы. Мен де сыбырлай тұншығамын:

– Үйден алып кеткен соң аудан орталығы Красногорге апарып қамады. Артынан менімен қоса бірнеше адамды Алматыға алып кетті. Онда небір адамдармен бірге жаттым. Жұрттың бір-бірімен сөйлесуіне тыйым салынады екен. Пошымына қарасам, көбісі оқыған адамдар сияқты. Күнінен бірнеше кісіні шақырып,

сұрақ қояды, жауап алады, қинайды, қол қой деп зорлайды, өлімші қылып сүйретіп қайта әкеліп тастайды. Жұрт бір-біріне су беріп, жарасын сүртіп жатады, кейбір дімкес адамдар тіпті өліп те кетті (бірнешеуінің атын айтқан да еді, ұмытып қалыппын). Сұмдық-ай, әбден титығына жетіп, адамды қорлайды. Нақақтан күйдірудің небір әдісі бар екен-ау. «Сен Ораз Жандосовтың досы, туысы екенсің. Оған арнап ән де шығарыпсың. Сөйткен Оразың «халық жауы» болып шықты. Демек, сен де «халық жауысың» дейді. Онда осының бәрі рас деп қол қой», – дейді. Күнде зіркілдеп, мен осы сөзге мойындатпақ болды. Ұрды да, соқты да несін айтасың, көрмегенді көрсетті. «Кәне, иманыңды айта бер, қазір атыласың, – деп мылтықты сартылдатып, оқтап алып, көздей бастайды. Сондай кезде, ішімнен иманымды айтып, жарық дүниемен талай рет қоштастым да ғой.

Бірақ, мылтықты басыңнан асыра атып, тірі қаласың. Келесі күні тағы осы. Бірақ, қалай қинаса да мойныма ешнәрсе алмадым, қолымды да еш жерге қоймадым. «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ, мен кедейдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған ақынмын. Қалай халық жауы болмақпын?!», - деген сөзден қайтпадым.

– Ораз большевик болған адам. Оған арнаған әнім де, өлеңім де бар. 1922 жылы өкімет пен партия Оразды іскер басшы, шебер ұйымдастырушы деп бағалап, Ташкентке қызметке жіберген кезде, оны Қордай асуынан әнмен шығарып салғаным да рас. Өкімет пен партия кімді мақтаса, ақын соны жырлайды. Мен Октябрь революциясын да, оны құрған В.И.Ленинді де, партияның адал күрескерлері Тоқаш Бокин, Жұбаныш Бәрібаев, Мағазы Масанчилерді де әнге қосып жырлағанмын. Сол үшін кінәлімін бе? Күні кеше Жамбыл, Сәкен, Күләштармен бірге Мәскеуде болып, ұлы көсеміміз Сталиннің қабылдауында болып, нағыз кедейден шыққан ақын емес пе едім? Енді «халық жауы» деген ат қойып, айдар тағып отырсыңдар», – деп зарлаймын. Енді қайтейін, Насиха-ау, нақақтан-нақақ күйдіріп барады.

– Тарт тіліңді! Айтып тұрғаныңның бәрі шылғи өтірік деп күйдіреді-ау, иттер. Соғып-соғып есімнен тандырып, әкеп тастайды. Келесі күні:

– Кәне, Оразға шығарған әніңді айт, бәріміз де тыңдайық. Бәлкім, бұл сенің соңғы үн шығаруың болар, - десін. Жүрегім су ете қалды. Бірақ, тез есімді жиып алдым да:

Оразжан, серкесі едің Жетісудың,
Жасыңнан талаптанып оқу құдың.
Қош, аман бол, Оразжан! – деп қоя бергенім сол еді:

– Өшір үніңді оңбаған, көрсетемін мен саған қазір Оразды, – деп айқайлап, жын соққандай қалшылдап кетті тергеуші. Жендеттеріне үн қатқаны сол екен, бас салып мені тепкіледі-ай, мылтықтың дүмімен ұрып, тісімді сындырды. Аржағын білмеймін. Есімді жиғанда әйтеуір кеудемде жан бар екен. Келесі күні тағы тергеу:

– Сен байдың баласы екенсің ғой, шыныңды айт, жаныңның барында, – деп ақырды. Мына сөзге күйіп кеттім. Көкшолақпен тепеңдеп, қой соңында қаңғып өскен сорлы қашаннан бері байдың баласы бола қалған екенмін, – деп түкіріп келіп жібердім. Тағы да ұзынымнан түсірді. Әбден қалжырадым. Ендігі жерде бойымды ыза буып, тілім байланып қалатын болды. Ешқандай сұраққа жауап бермейтін болдым. Құдды жарымес адамдай меңірейіп отыра беремін. «Ұра берсең, құдай да өледі» дегендей, таяққа да адамның еті үйренеді екен. Әйтеуір ешбір қағазға қол қоймағанымды анық білемін. Содан мені бірнеше күндей тергеуге шақырмады. Мұнысы қалай деп дал боламын. әлде ешнәрсе мойындамады деп атып тастар ма екен деп те ойлаймын.

Сондағы бір таң қалғаным, Насиха, бізді айдап та, сұрап та, ұрып та жүргендердің көпшілігі өзіміздің қазақ жігіттері еді. Тергеу жұмысы қазақ тілінде жүреді. Оған да шүкір, орыс тілінде жүрсе, ойымды жеткізе алмай арманда кетер едім-ау, деп қоямын. Өстіп өз ойыммен аласұрып отырған сәтте, бір орысты (аты-жөнін Кенен айтып отырушы еді, ұмытыппын), одан кейін мені атап, бері шығыңдар деп есікке шақырды. Тағы да орыс тілінде бірдеңе айтып еді, онысын түсінбедім.

Қасымдағылардың: «Кенеке, бақытты екенсіз, сізді босататын болды», – дегені ғана есімде. Дәл сол сәтте ешкімнің сөзіне мән беретін шамам да жоқ еді. Қараңғыдан жарыққа шыққанға көзім үйрене алмай, сәл бөгеліп тұрмын. Бір сәтте айналама қарасам, тым-тырыс, қыбыр еткен жан жоқ. Былай тұр, былай жүр, бас аяғыңды деп ақырып тұрған ешкім көрінбейді. Тек менімен бірге шыққан орыс қана сонау жерде безіп барады екен. Өзі қашып бара жатып, артына қарап, маған бірдеме дейді. Қалшиып, есім

ауып әлі тұрмын. Ешкім ештеңе демейді. Содан кейін мен де тұра қаштым. Қайда бара жатқанымды да білмеймін. Әйтеуір, бір қалың ағаштың арасына тығылып, кештің батуын күттім. Ойыма Құсайынның үйі түсті. Ол Алматыда тұратын жалғыз туысым еді. Сонда тарттым. Мені көргенде Құсайын шошып кетті. Дереу ешкімге көрсетпей, тығып үлгерді. Моншаға түсіріп, киімімді ауыстырып, үш күн бағып-қақты да, астыма ат тауып беріп шығарып салды. Түнделетіп жүріп жеттім-ау сендерге.

– Сонымен, менің осы күнге дейін түсінбейтінім – заңды түрде босатты ма, жоқ әлде, біреулер қашырып жіберді ме, білмеймін, – деп басынан өткен жағдайды түгел айтып берді. Қосағымның әңгімесін мен де егіліп отырып тыңдадым. «Көрер күнің бар екен, Кенеке. Аққа құдайым жақ деген ғой. Кімнен келген құдірет болса да, рақмет» – деп екеуміз тағы да бұл жайында жақ ашпасқа серттестік. Ақылдаса келіп, бұл жақсылық не де болса Мұхаметжан Қаратаевтан шығар деп ұйғардық. Кейіннен (1960) Кененің «Достарым» деген өлеңінде Аянбай, Еркебай, Мәсімхан, Ораз, Иван Шпигальский, Борис Ерзакович, Сәбит Мұқановтармен қатар:

...Сегізінші Қаратаев достың бірі,
Кетеді шындықты айтсақ көңіл кірі.
Қиындық көргенімде жәрдем берген,
Себепкер жүргеніме елде тірі... дегені осы оқиғаға байланысты еді.

Міне, қарағым, әкең екеуміздің жарты ғасырдан астам сақтаған құпия сырымыз осы, - деп анам сөзін аяқтаған еді.

Шүкір, ата-анамның бұдан кейінгі өмірі бірқалыпты жақсы жағдайда өткен екен.

«Кенен» атты естелік кітабынан

Бақытжан Кененұлы

БАҚЫТТЫ БОЛСЫН ҰРПАҒЫҢ!

«Көкшолақпен тепеңдеп,
Жақсы өмірге жетем деп,
Тер төккем мен де жасымда.»
Кенен

Қарт ақынның: «Атасы тектілердің тұғыры асыл, тұқымы бір тартады қалыбына» деген аталы сөзінің шындыққа айналғанын көзбен көріп отырмыз.Ата-жұрттың көгінде көгілдір аспан түстес көкбайрағы желбірейді. Тұңғыш рет, тұңғыш Президентіміз тәуелсіздік күнін жариялап төрткүл дүниеге паш еткені жұрттың мәңгі есінде. Талай естіп жүрсек те, Қазақстанның әнұраны шырқалған сәтте түйсігі бар әрбір қазақтың көзіне жас алмағаны болмаған шығар? Бұл жолы ол бұрынғысынан да асқақ, айбынды, барынша салтанатты, еркін шырқалып еді.«Көкшолақпен тепеңдеп, жақсы өмірге жетем деп» жыр толғаған ақиық ақынның арманы енді орындалды. Оның шапағатын көруді өз маңдайына жазбағанмен кейінгі ұрпағына бұйырған екен.

Көпті көрген дана адамнан:

– Еркіндік деген не? деп сұрағанда:

– Шексіз-шектеусіз ойлау, алаңсыз ұйқтау, еркін тыныс алу деп жауап беріпті дейді. Сол бір данагөйдің айтқандары бүгінгі таңда бойымызға етене сіңіп, ой-санамызды түбегейлі өзгертіп жатыр. Нені ойлайсың, қалай пайымдайсың? Нені айтпақсың, оны қалай тұжырымдайсың? Бәрі-бәрі де өз еркіңде. Ғасырлар бойы тұншығып, тұмшаланып келген қазақы ойдың күні енді туды. Еңсемізді көтеріп, бой түзеттік. Осы күні қарт ақынның: «Сендер бізден де гөрі бақыттырақ болыңдар. Біз көрмеген қызықты сендер көріңдер» дейтін бата-тілегін жиі еске аламын. Бәлкім бұл әр ұрпақтың кейінгіге, әрбір ата-ананың артындағыларға қалдыратын аманаты болар? Қалай десек те жақсы тілек, жақсы ырым бұл.

Ақынның «Балаларға» деген өлеңінде: «Мәскеу-Волга міндім кеме, білім қумай, өлең қуып ерте тудым мен неге?» дейтін сөзі бар. Тәуелсіздік таңы атқан осы күнге әкем де жетіп, көзбен көрсе ғой! Не дер еді?

Қоңыр домбырасын қолына алып, ақсақалы желбіреп, Алатауға көздерін тігіп отырып қуаныш күйін төгер ме еді? Әбжіл абыздың көмейінен өзгеше бір өлең өріліп, көңіл түкпірінде жатқан тың толғауын тарту етер ме еді? Бұл енді айтпаса да болатын жай.

Әкемнен естіген мынадай бір аңыз бар. Бізге беймәлім ерте-ерте заманда адамдар жер-суға таласып, бөлісе алмай қырық пышақ болып жатады екен. Кім алғаш келіп қазық қақса, сол жер, бүкіл аймақ сол жұрттікі саналады. Жасына жетіп әбден қартайған қария жалғыз баласын осындай алыс жолға аттандырып тұрып:

– Балам, қайда жүрсең де аман бол. Бізге қарайлама. Құдайдың бұйыртқан жеріне жетіп, шаңырақ көтер. Өз алдыңа ел бол. Жолыңа беретінім мынау ғана деп баласының алдына: жұдырықтай алтын, өткір қылыш, бір дорба дән қойыпты. Алтын - байлығың, қылыш – айбының, дорбадағы дән азығың дейді. Сонда баласы тұрып:

– Жолда не күтіп тұрғанын қайдан білейін, әке. Бұдыры көп жер жатыр, танымайтын ел жатыр. Алтынды көрсе бай деп қалар, қылышты көрсе жау деп қалар. Алып жүруге екеуі де қауіпті. Маған анау дорбадағы дәнді берсеңіз болды. Ашықсам талшық етермін. Бейкүнә, бейбіт жүрген адамға ешкім де тиісе қоймас. Сөйтіп, діттеген жеріме аман-есен жетермін дейді. Бұған таң-тамаша қалған әкесі батасын беріп жолға шығарып салған екен.

Расында қолында таяқтан басқа ештеңесі жоқ адамға ешкім көз алартпайды. Көреген жігіт жұртын бастап суы мол, топырағы құнарлы жерге тұрақтап, дорбадағы дәнді егіп егін салып, бейбіт тіршілік құрыпты. Біраз жылдың ішінде бір аймақ ел болыпты дейді. Төңірегіндегі көрші жұрт мұның ізгі пейілін көріп тату қарым-қатынас жасай бастайды. Әлгі жігіттің елі де, жері де күннен күнге көркейіп даңқы арта түскен деседі. Сол көреген жігіт біздің арғы атамыз Қазақ екен. Аңызда осылай дейді.

«Алтын көрсе періште жолдан таяды», «Тас атқанға, ас ат», «Үйіңе жылан кірсе, басына ақ құйып шығарып жібер» дейтін қағиданы жадымызда берік ұстанған халықпыз. Қазақы қарапайым тілмен пайымдасақ: «Ешкімнің ала жібін аттамайтын, ешкімге есесін жібермейтін, досқа құшағымызды айқара ашатын, дұшпанға қасқая тұрып мысын басатын, өзгені сыйлай білетін, өзімізді сыйлата білетін» қасиетіміз бар. Қонақжайлығымыз, қанағатшылдығымыз ол өз алдына. Ақжүрек, батыр халықпыз. Ал қас батырдың баладай аңғал келетіні тағы рас.

Тәуелсіздік деген «тәтті нандай» шайнап жұта салатын нәрсе емес екен. Өзінен өзі келіп басымызға қона салатын бақ құсы деуіміз де ағаттық екен. Ол үшін бәріміз бір кісідей әрекет жасап, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара күресуіміз керек екен. Халықтың қалаулысы Шерхан Мұртаза айтқандай: «Бақыт деген де шашу секілді, бәріне бірдей жете бермейді» екен. Бірақ соған жету үшін ұмтылу қажет, құлшыну қажет. Әрекетсіздік өліммен бірдей екен. Ақиқат, шындықтың жолы біреу-ақ. Өтірік, жалғанның жолы сан түрлі. Шындықтың ащы болатыны, көп жағдайда кешігіңкіреп жүретіні де сондықтан болса керек.

Еркіндік алып, қолымызға бостандық кілті тиген күні бүкіл қазақ жұдырықтай жұмылып, тас-түйін болып түйіліп қалатындай көрінетін еді. Оның да ауылы алыс екен. Абайша айтсақ «Бас басына би болғысы келетіндер де» көп екен. Бұра тартып сөйлегенді жақсы көретін бір досым: «Бұл қазақтың басын біріктіру үшін қалмақ қырғыны сияқты тағы бір жойқын соғыс қажет» дейтін еді. Соғыстың бетін әрі қылсын, әрине. Бірақ осындай «босаңдау» жағымыз әлі де бар екен. Іші шіріген жаңғақты шаға салу оп-оңай.

Осындай алмағайып кезеңде, дүние түгел теңселіп тұрған сәтте бәрінен бұрын ел тағдырын ойлап, «жарғақ құлағы жастыққа тимей» жүрген ұлдарымыз да көп екен. Мұныңа тәубе! Халық айтса қалт айтпайды. Халық сондай ұлдарына сенді, үміт артты. Өзі таңдап, өзі қалап ел тағдырын, көш тізгінін аймүйізді серкелерінің біріне ұстатты. Ол «мың өліп, мың тірілген» қазақ жұртының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Алдымен еңбектеп, содан соң тәй-тәйлеп, бірте-бірте буыны қатып бозбала шаққа жеткен елдің еңсесі енді көтерілді. Осының бәрін елімен бірге елбасы да бастан кешірді. Ащысын да, тұщысын да бірге татты. Елі де есейді, өзі де қыран құстай самғап, биікке қанат қақты. Бүгінде елдігімізді жер жаһанның бәрі таныды. Келей, кесек сөйлейтін өзге жұртпен тереземіз тең болды. Көк байрағымыз сол елдердің көгінде де желбіреп тұр. Мойындайды, санасады, сыйлайды. Мұның бәрі айтуға оңай. Ал шындығына келсек, біз осы белестен қалай өттік?

Ең қиыны тыңнан жол салу. Өзге жұрттар салған соқпақ та, сүрлеу де жетерлік. Оны шиырлау өзгені қайталау, өзіңді силамау болатыны һақ. Қалай қарап жүреміз, қайда қарап бағыт түзейміз? Ақиқаты қайсы? Дұрысы қайсы? Елді де, елбасын да алдымен

толғандырған осы жай болатын. Сонда неден бастап едік? Тағы да сол көпке ұғымды, қарапайым сөзбен айтар болсақ оның мәнімазмұны тереңде жатыр.

– Бізге жаппай қырып жоятын қарудың керегі жоқ. Біз одан бас тартамыз. Жойқын қаруы бар елге өзге жұрт үрке қарайды, бойын аулақ ұстайды, сенімсіздік білдіреді. Тап қазір бізге ол қарудан да күшті нәрсе бар. Ол ел іргесінің тұтастығы, тыныштығымыз, деді Елбасы. Бұған күмәнмен қарағандар да, дүрсе қоя бергендер де болды. Уақыт Елбасының бұл көрегендігін ақтап берді.

– Тарихымыздың жаңа бетін жаңаша етіп жазамыз. Алдымен кең байтақ жеріміздің «етек-жеңін» қымтап алайық. Алатау қазақтың айбыны болса, ендігі жерде Сарыарқа елдігіміздің айғағы, абыройы болады, деді Елбасы. Сөйтіп ұлы көшті бастап, арқа жеріне жол тартты. Бұған да көңілі толмағандар күңкілдесті, сәуегейсымақтар сырттан құмалақ ашып «ақ жол», «қара жол» десіп айбаттап жатты. Уақыт тезі мұның да ақиқат екендігін айшықтап берді. Арқа төрінде арайлап атқан таңдай болып жаңа қала - Астана бой көтерді. 1998 жылдың көктемінде арқаның төрінде алғаш рет құрбан шалып құрбан айтымызды қарсы алдық. Сонда:

– Игіліктің, ізгіліктің бастамасы болсын. Бәріміз бір кісідей мешітке барып алақан жайып уәж жасалық деп еді сол кездегі Парламент Сенатының Төрағасы Өмірбек Байгелді ағамыз. Мұнымыз жаңа Астанамызға деген жаңа тілектің, қуаныштың белгісі. Мешіт – құдайдың үйі. Мұнда қызметіңе, лауазымыңа ешкім қарап жатпайды. Осында келіп қол қусырып, тәжім еткен адамдардың бәрі бірдей. Мұны баспасөз бетінде жазып, теледидардан көрсетіп жатудың жөні жоқ. Оны дағбыртқа, насихатқа айналдыруға болмайды. Құрбан шалсаң шын жүрегіңмен, ақ пейілден, үнсіз жаса. Сонда ғана ол қабыл болады. Халықтың көзбен көріп, іштей білгені артық, деп еді көпті көрген көсем аға.

Өрмекшінің торындай тұтасып, санамызды шырмап алған кеңестік таным-түсінігіміз ыдырап, көз алдымызда сөгіле бастады. Бұл енді жаңаша ойлаудың, жаңа лектің нышаны еді. Дұшпан күйінген, достарымыз сүйінген кез еді бұл.

– Ой-пікір таластырып, білген-түйгенімізді талапайға салатын кез емес. Әркімнің күш-жігері бір арнаға құйылсын. Ағайын ала болса ауыздағы кетеді...Бірлік бар жерде, тірлік бар. Ел болу, егемен мемлекет құру жалғыз адамның қолынан келетін шаруа

емес. Бұған кәрінің де, жастың да жұмыла ат салысқаны керек. «Ақылдасып пішкен тон, келте болмайды» деді Елбасы. Бұған біреулер кекесінмен қарады, енді біреулер миығынан күліп қойды.

Әбіш Кекілбаев секілді данагөй ағамыздың қаламынан туған қойылымда (спектакльде) Абылай хан бабамыздың аузына сөз сала отырып ел-жұртына жүгінді, бата-тілек сұрады. Өзі халқына, халқы өзіне ант бергендей көрініс еді бұл. Оның ар жағында ел-жұртымның көсегесін қайтсем көгертемін деп жалындаған ел басшысының жүрек алауын сезіну қиын емес.

Иә, Елбасы тағы не деп еді?

– Елдің болашағы ертең-ақ жас ұрпақтың қолына көшеді. Ұлы көшті, іргелі істі ары қарай апару үшін білімді де, білікті мамандар керек. Түлкі құрсақ күн кешсек те жастарымызды оқытуымыз керек. Онсыз іргелілеу болмайды, болашағымыз бұлыңғыр тартады. Ел басқару да өнер. Іскер, ойға шалымды, білікті жігіттеріміз болса қолынан қақпай, қайта басқару тетігін ұстатып көрелік. Үйренсін, ысылсын. Шаруаның барлық саласында өз мамандарымыз болуы тиіс. Қанағатшыл елміз ғой, шыдайық, деді Елбасы.

Түбіне үңілгендер түсінді, шыдады. Солардың көбісін қолынан ертіп жүріп өзі баулыды. Қазақы тілмен айтсақ «отқа да салды, суға да салды». Елбасының осы үмітін ақтағандар да көп, ақтай алмай шегіншектеп, шеттеп қалғандар да бар. Ел ағасының бұл ісі де оң нәтиже берді. Жемісін енді көріп жатырмыз.

– Біздің елде де бай-бақуатты адамдардың көп болғаны дұрыс. Нарықтың негізгі көзі де осында. Ізденіңдер, еңбек етіңдер, табыс табыңдар, байлықтарыңды еселей түсіңдер. Бірақ өз бастарыңды ғана күйттеп кетпей, елді де ойлаңдар, жұмыс тауып беріңдер. Өйткені сол халықтың өкілі өздерің. Қолдағы байлықтың ырзығын солармен бөлісу керек, қолқабыс жасау керек деді Елбасы. Президентіміздің бұл аманатын азаматтық борышым деп түйсінгендер де, қара басының қамын ойлап жырақ кеткендер де болды. Шүкір, еліне бүйрегі бұратын, жанашыр, жасампаз ұлдарымыз басым екен.

– Қазақ жерінде тұрып жатқан басқа халықпен тату-тәтті ғұмыр кешейік. Елдегі тұрақтылық, халықтар достығы болашағымыздың кепілі. Өзім деп өзеуремей, өзгенің де тілін, ділін, дінін сыйлап үйренейік, деді Елбасы. Ол ниетін бізге ғана емес, бүкіл дүние жүзіне паш етіп, дәлелдеп те берді. Бүгінгі таңда жер жаһандағы

дүйім ел бізге құлақ түріп, көз тігетін болды. Келешегі қарымды, ең бейбітшіл, пейілі таза, ізгі ниетті ел деп таниды. Үлкен үміт күтеді.

«Елдікті айт, батырлықты айт, ел бірлігін сақтаған татулықты айт» дегенді ұлы жырау Жамбыл да жырлап өткен.

Кенен де арманшыл ақын ғой. «Болсайшы» деген өлеңінде:

«Бір ниетте, бір тілде, халқым бірдей болсайшы,

Артығы жоқ, кемі жоқ, салтым бірдей болсайшы» деп жырлаған екен.

Біз осындай пікірді ел басының өзінен де естіп жүрміз. «Өзге жұртқа сыйлы боламыз десек, алдымен өзімізді өзіміз сыйлайық. Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» дегенді үзбей айтып келеді. Ана тіліміздің мәртебесін өсіру, ұрпағымыздың бойына халқымыздың жақсы қасиеттерін, салт-дәстүрін дарыту, санасына сіңіру бүгінгі күннің ең көкейкесті мәселесі дегенді де үнемі еске салып отырады. Оның да нышандары көп. Ел-жұрты өзінің бастауына қайта орала бастады.

«Сабыр түбі сары алтын» дегенді берік ұстанған Елбасы салиқалы ой түйеді, еліне оңтайлы сара жол іздейді.

– Қазақтың маңдайына біткен кең байтақ жері байлыққа толы. Оны игеру үшін қаражат керек, осы заманға сай озық өнеркәсіп, технология керек. Мұнайдың, алаулаған газдың тетігін өз қолымызға алатын күн жетті. Қазынамыз толықса қалған істің де оңай шешілетіні ақиқат. Біз ұстанатын басты бағдар-бағытымыз осы болуға тиіс» деп еді Елбасы. Қателеспепті. Елбасының сол көрегендігі өз нәтижесін берді. Елдің еңсесі көтеріліп, езуімізге күлкі үйіріледі. Қуаныш күлкісі. Шаруашылықтың барлық саласы жандана түскендей, жаңа леп ескендей. Жұрт мұны айқын сезініп отыр.

Ауылдың күре тамырына қан жүгірді. Шаруалар қолдарын ысқылап іске құлшына кірісіп те кетті. Осыны көріп отырып: «шүйінші, шүйінші!» деп бар даусыңмен айғайлағың келеді. Расында да шын қуаныш бұл. Миллиондаған адамдардың жүрегіне жол тапқан ел басшысының осындай іс-әрекеттері, ой-пікірлері шексіз, сан-алуан. Мұны әрбір қарапайым адам осылай қабылдайды, осылай пайымдайды.

Екі бірдей ұлы, ірі мемлекеттің арасында сыналай кіріп түріктің сары даласы жатыр. Не көрмеген, нені бастан кешірмеген

дала бұл. Ешкімге есесін жібермейтін ұлы да болған, өзге жұрт келіп бас иетін ірі де болған. Айбатынан «ай үркіп», байлығынан жер қайысқан. Дала төсін дүбірлетіп мал айдаған, даңқы артып, дабысы төрткүл дүниеге кең тараған көнекөз ел жатыр. Осындай қасиеті мол, киелі жердің бүгінгі мұрагері де, иесі де қазақ елі – Қазақстан. Оның көшбасшысы, тұңғыш президенті- Нұрсұлтан.

Мұным жай көлгірсу емес, әке. Көзбен көргендерім. Сіз осындай заманды аңсадыңыз. Біз сондай заманды бастан өткеріп жатырмыз. Бағзы біреулер: «Нұрсұлтан – Ата Қазақ» дегенді де айтып қалып жүр. Ішке қонатын сөз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегені болар? Мұны әзірге уақыт тезіне қалдыра тұрайық. Лайым, мұнымызды көп көрмесін! Ата-бабалардың әруағы қолдасын. Тіл, көзден сақтасын.

«Алыс сапарда» жүрген сізден де бата сұраймыз, әке. Еліңіз аман болсын, елбасы аман болсын! Рухыңызбен қолдап, қорғап жүргейсіз!

Сөз орайы келгенде айта кетейін. 1994 жылы бұрынғы кеңестік дәуірде бергісі аудан, арғысы облыс басшылары жылдап ат басын бұра бермейтін ақынның ауылына арнайы атбасын бұрып, мұражайына кіріп, ақынның бейітіне алақан жайып, дұға еткен де Елбасы. Тағзым етті, еске алды.

«Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі Кенен атамыз ел тарихында, халық есінде мәңгі сақталмақ. Аты аңызға айналған Кенен атаның арманы ел ырзығы, халықтың бірлігі, ұрпақтың баянды болашағы болды. Осы аруақ бізді қолдасын. Егемендігіміз, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!» деп жүрекжарды тілегін жазып қалдырды. Бұл ақынның шығармашылығына берілген әділ баға, зор құрмет екендігі ақиқат.

«Ұлық болсаң, кішік бол» дегеннің үлгісін көрсетті. Шығыстың бүкіл даналығын, ата – жұртының әдет-ғұрпын бойына сіңіріп өскен, халқымыздың маңдайына бақ болып біткен ерен ұлының бұл пейіліне ел разы. Өткеннің де, бүгінгінің де қадір-қасиетін саралай білетіні жанымызды жадырата түседі.

Әрі ғалым, әрі ақын Тәкен Әлімқұловтың «Сері» деген көлемді жыр-толғауы ақын жайлы түйсігімізді айшықтап, байыта түседі:

«Сүйінбай, Жамбылдардың қол баласы,
Кененнің жырау толған айналасы.

Бір сырлы, сегіз қырлы осы адамға,
Қазақтың сай келеді қай баласы.

Әрі ақын, әрі әнші Кенен саңлақ,
Бір ғасыр бар тарихқа тартқан таңдап.
Бәйгеде жүз жүйріктен біреу озған,
Жүргенде әуесқойлар андағайлап.»

Міне, Әке сізге арнап айтылған мұндай жүрекжарды сөздің шегі жоқ. Соның көбісін көз тіріде өзіңіз де естіп, біліп кеттіңіз. Көш жүре түзеледі. Ел-жұртыңыз етек-жеңін енді жинап, жоғалтқандарын түгендеп, белді бекем буып, болашаққа сеніммен қадам басуда.

Адамның ғұмыры бұл дүниеде де, одан кейін де жалғасын тауып жатады дейді. «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөзі қалған» деп ұлы Абай да ой түйеді. «Жүрсем де сабау қамшы, салт атты боп, аралап ел ішінде әнім қалсын» дегенді өзіңіз де айтып кеттіңіз. «Ол дүниеге» барып, қайтып келген адамды көрген де, естіген де ешкім жоқ. Ал бұл дүниеде жалғасын тауып, ұрпақтан ұрпаққа сөзі таралып, есімі мәңгі сақталған ұлағатты жандар көп. Соның бірі, бірегейі өзіңіз, Әке! Мәңгілік ғұмыр дейтініміз осы шығар!.

«Әке рухымен сырласу» атты кітабынан 2011 ж.

Серік Негимов

ТАЙБУРЫЛДЫҢ ШАБЫСЫ

Расында, Қазақ елі – алтын жалды, болат тұяқты тұлпарлар мекені. Қазақ баласының әдеби-мәдени, әскери, сал-серілік, аңшылық өмірінде, шаруа-кәсіп, тұрмыс-тіршілік жағдайында мал патшасы жылқының мәні, мәртебесі, қызметі өзгеше. Бұл орайда ұлы тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499-1551) «Тарихи Рашиди» кітабында Қасым хан айтқан: «...Біз даланың халқымыз. Ең басты байлығымыз – жылқы...біз жылқыға көзіміз тоймай қарап тамашалаймыз» деген пікірі бар. Жеті Жарғыда: «Сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын» деп, мемлекеттік қорғау дәстүріндегі ролі дұрыс көрсетілген.

Ұлы дала тарихында, арғымақтар елінде Күлтегіннің Бозайғыры, Алпамыстың Байшұбары, Ер Тарғынның Тарланы, Қамбардың Қарақасқасы, Ақан серінің Құлагері – ұлттық тарихи санамыз бен рухымыздың, тіліміз бен дүниетанымымыздың керемет көркемдік куәгерлері. Мұны айтқанда, ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсарин Марабай жыраудың (1843-1906) аузынан жыр жауһары «Тайбурылдың шабысын» хатқа түсіріп, «Киргизская хрестоматия» атты кітабына (1879, Орынбор) енгізеді.

1960 жыл. Тамыз айы. Мәскеу мемлекеттік университетінің Мәдениет сарайында «Дүниежүзі шығыстанушыларының XXV Халықаралық конгресі аясында өткізіліп жатқан «Халықтар эпосының кешінде» қырғыздың ұлы жомоқшы-манасшысы Саяқбай Қаралаев, сол сияқты өзбек, түрікмен, осетин, әзербайжан, қарашай халықтары жыршыларының қатарында, ғұлама, қайраткер, суреткер Мұхтар Әуезовтің қалау-таңдауымен: әнші, ақын, жыршы, композитор, шежіреші Кенен Әзірбаевқа классикалық жыр «Тайбурылдың шабысын» орындау жүктелген-ді.

Жартасқа біткен шынардай тіп-тік, самырсындай сымбатты, құндыз бөрікті, оюланып тігілген бешпет, шалбары көз құмарын қандыратындай келісті, көркем өрнектелен үкілі домбырасын ұстап 76 жастағы Кенен сахна төріне барыстай атылып шыға келді. Содан сұңқарша сілкініп, жанары от шашып, жүзі мейірленіп, көңілі мерейленіп күмбірлеген нақышты, сазды әуенге көшті дерсің! Бір мезетте ойы шалқып, балғын уағындағы талды ат қып мініп көкке секіріп шапқылағаны, я болмаса өзі құмарланып көрген Дәурен, Тәкен, Шашубай тәрізді сал-серілердің сан қырлы ойын-өнері қиял қуатымен тіріліп, жанартаудай лапылдап, қопарылып, туа біткен ақындық өнер қуаты, отты рухы жан-дүниесін билеп алғандай Тайбурылша екіленіп, ойқастап, кеңістікте көсілтіп, дауылша үдей түседі. Сондағысы:

«Жазығы мал демесең
Тайбурылдың ақылы,
Адамзаттан артық-ты,
«Айт, жануар, шу» деді,
Аршындап бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді...
Көлденең жатқан көк тасты,
Тіктеп тиген тұяғы,

Саз балшықтай иледі...
Сеңгір-сеңгір таулардан,
Секіріп Бурыл жөнелді.»

Кенен «Тайбурылдың шабысындағы «Бурыл көкке секірді» деген тұсында аспанға шапшиды, «бір төбенің тозаңын, бір төбеге қосады» дейтін жерде сахнаны бейне бір шаң-тозаңға айналдырып, «аяғын топ-топ басып» топырақты бұрқылдатады.

Мінеки, өнер сиқыры! Асыл сөздің иесі Кенен де Қобыландының қанатты тұлпары Тайбурылға мініп, әр сөз бен сөйлемінің сырлы мағынасы тереңдеп маңғаз даланы ерен екпінімен гүілдетіп, әсерлі, мәнерлі қимыл-әрекеттерімен халықтың буырқанған қаһарын сездіріп, Ғазан ханның қырлы, сырлы қаласына желге мінген Сүлеймен пайғамбардың тегеурінді шабысымен «жын қаққанға ұқсап» құйындатып келе жатқанын мына бір:

«Мың жылқының дүбірін,
Тайбурыл жалғыз салады,
Мың кісінің дауысын,
Қобыланды жалғыз салады» деген бір шумақ өлеңнен-ақ көруге болады.

Кененнің сұңғылалығы сондай, оның жыршылық тұлғасында рух пен тіл, сөз бен психика, сөз бен характер, көркемдік сана мен шеберлік, дауыс пен мәнер, құштарлық пен пейіл, дәстүр мен қабілет үйлесім тапқандай. Дана Ыбырайдың алдында, дара Марабай жыраудың орындауын еске түсіргендей.

«Тайбурылдың шабысын» таңғажайып суреткерлікпен сөйлеткен, үздік шеберлікпен орындап шыққан абыз Кененнің өнерін, академик В.М. Жирмунский, француз шығыстанушысы Луи Базен, венгер Тренчени мен Лайтош Лечети, неміс шығыстанушысы А.Фонгабен, А.М. Горький атындағы Әдебиет институты директорының орынбасары А.А.Петросян, сонымен қатар Мұхтар Әуезов бастаған делегацияның құрамында Ы.Дүйсенбаев, М.Жанғалин, О.Нұрмағамбетова, Кенекеңнің көмекшісі Б. Уақатов, Е.В. Лизунова, А. Қалыбаева бар еді.

Ұлт көркемөнері тарихындағы айрықша құбылыс іспетті Кененнің тұйғындық, сұңқарлық, тапқырлық танытқан әртістік, жыршылық өнеріне сүйсінген өрен тұлға М. Әуезов балалары Ләйлә мен Ернардың атынан ақынның құрметіне ақ дастарқан жайған екен.

XX ғасырда ғалам шығыстанушыларының алдында Кенен атаның кемелдікпен жырлаған Қобыланды батырдың пырағы мен алтын тәжіндей «Тайбурылдың шабысы» - қазақтың қаһармандық дәуірінің, ұлттық сөз өнерінің әрі Мәңгілік елдің мыңжылдықтар төріне өркендей өрлеуінің символы.

«Егемен Қазақстан» г-ті, 30 сәуір, 2019 ж.

Айгүл Өтен Жақсылыққызы

ДАРАБОЗ АҚЫН, ДАРЫНДЫ ЖЫРШЫ

«Арыстанның артында терісі қалады, ақынның артында асыл сөзі қалады» демей ме дана халқымыз. Жетісудан шыққан атақты әнші, композитор, ақын Кенен Әзірбаев өз дәуірінде тынысы кең жыршы да болғаны мәлім. Кененнің жыршылық репертуарында Орта Азия халықтарына ежелден әйгілі «Ер Төстік», қырғыздың атақты эпосы «Манас» («Көкетайдың асы») жырларын жырлап келген. Біздің дәуірімізге ақын идеялық-көркемдік тұрғыдан мәні күшті «Қырғызбай», «Әли батыр», «Кенебай – Кербез», «Жамбыл – жыр» атты жыр-дастарын жазып қалдырды. Өзге жыршылар секілді Кенен де көнеден келе жатқан халықтық эпостың ең тартымды, асыл нұсқаларын, аңыз-дастандарын халыққа кеңінен тарату жолында талмай еңбек еткен ақын. Кенен ақынның «Ұлы жүз жайында» қалдырған аңыз-шежіресі, қаһармандық тақырыпты толғаған «Бұрынғы өткен батырлар» дастаны, қырғыз халқының атақты эпосы «Манастың» ауқымды бір тарауын жырлап біздің дәуірімізге жеткізуі Кенен Әзірбаевтың дарабоз ақын, дарынды жыршы екендігін айқындай түседі.

Қасиетті Қордай өңірінде өткен, көпті көрген, көп жасаған дана қарт Байсақ дүниеден өтерінің алдында халін сұрай келген бала Кененге: «Е, Кененсің бе? Боларсың-ау, боларсың... Шырғанақтан сөз келсе, шырғаушының тап өзі боларсың түбі», – деген екен. Бұл да Кенен ақынның болашағынан үлкен үміт күттіртсе керек.

Кененнің өнердегі бағын ашқан қырғыз халқының атақты батыры Шабдан манаптың асына баруы, тұңғыш рет дүйім жұрттың алдында ән салуы деуге толық негіз бар. Асқа Петербургтен бергі жер-

ден қырық мың кісі шақырылып, қырғыз, қазақтан даңқы шыққан талай ақын-жыраулар келеді. Бұл жиынға Қастектен жалғыз атын сабалап, домбырасын жебелеп Жамбыл да жетеді. Бұрын мұндай жиынды көрмеген, әрі Жамбыл, Тоқтағұл, Қалмырза, Арқабайдай атақты, төкпе ақындардан кейін кезек алған жас ақынның жүрегі дауаламай, топ алдында екі рет айқайлағанда да даусы шықпай қалыпты. Сол кезде көпшілік: «Ер кезегі үшке дейін деген, жас бала ғой, тағы бір көрсін!» – деп шулапты.

Сарбасша құлағын бұрап, домбырасын көкке бұлғап үшінші рет айқайлағанда барып кеудесінен жыр шығады:

«Мен өзім жол көрмеген ақын едім,
Атақты ақын Сарбастың жақыны едім.
Өнерім өр қияға алып ұшты,
Астында алты уықтың жатыр едім...»

Бірте-бірте өр даусы жалпақ даланы жаңғыртып, айналасы ат шаптырым жиналған жұртты таңдай қақтырады. Осы жолы «Көпшілік көрсін әнімді» деген келісті ән-жыры үшін бас жүлденің бірін, Жамбылдай даңғылдың оң батасын алып қайтады. Әніне соншалықты риза болған Жамбыл дауылпаз әншінің бетінен сүйіп, көңілін көкке көтереді.

Енді Кенен өмірінің жаңа кезеңі басталады. Ол туған елінің сыйлы қонағы болып, көп жерді аралап, халық өмірімен тереңірек танысады, оның мұң-мұқтажына, қайғысы мен қуанышына ортақтасады. Ел кезіп жүрген шақтарында халық өнерпаздарымен танысып, өзінің музыкалық, поэтикалық қабілетін дамытып, өрістете береді.

Міне, Шабданның сол асынан бастап Кененнің әншілігі мен ақындығы, жыршылығы қырғыз, қазаққа бірдей тарайды. Жамбылдан бата алып тұсауы кесілген Кененнің жолы да, бағы да ашылады. Қойдан құтылып, халық жыршысы деген атқа ие болады. Ол енді ән мен жырдың дүкенін қыздырады.

Кенен де Жетісуда туып, сол Жамбылдың қайнар бұлағынан сусындаған, сол қалың ақын, шешен, күйшілерден, сал-серілерден үйреніп өскен. Әсіресе Жамбылдан көп тәлім алған. Кененнің сөзімен айтқанда ұстазы жайлы былай депті: «Мен Жәкеңді ең алғаш қырғыздың манабы Шабданның асында көрдім:

Кісі екен алпыс жасты алқымдаған,
Салдықтың самалымен салқындаған.

Домбыра ап, төңірекке қарағанда,
От болып екі көзі жарқылдаған.
Ауызда айтар сөзі іркілмеген,
Ақынның дер шағы екен бұл күн деген,
Ақырып, домбыраны сабағанда,
Шіркіннің екі иығы бүлкілдеген [2,308 б.].

Сол асқа небір ақын, айтулы әнші-күйші келді, домбыраға, қияққа, сырнайға, сыбызғыға қосып айтады; таңның атысы, күннің батысы ақынға да, әншіге де, күйшіге де дамыл болған жоқ. Солардың ішінен ең даңқы асқандары: Жамбыл, Қалмырза, Тоқтағұл, Өмірзақ, Кенжекара, Арқабай еді. Арқабай Майкөттің баласы, мен сол жолы «Көпшілік көрсін әнімді» деген өлең айтып, әншілігім мен ақындығым қырғыз, қазаққа бірдей тарады. Тоқтағұл, Қалмырзадай қырғыздың әйгілі ақындары, Сағымбайдай әруақты манасшы арнайы шақырып, жас бұлбұл деп қолпаштап, үнімді тыңдады, Жамбылдың оң батасын алып, тұсауым кесіліп, жолым да, бағым да ашылды. Содан бастап өле-өлгенше Жамбылдың соңына еріп, қолтығынан демеп жүрдім, жақын шәкірті, үзеңгілес серігі болдым.

Жамбылдың бірге жүріп сырын алдым,
Үлгісін, өнегесін жиып алдым....
Бір сөзден әділ айтқан танбайтұғын,
Өмірде адалдықты таңдайтұғын.
Жақпаған, жақтырмаған адамына,
Сараңнан да сараң боп тамбайтұғын [2,312 б.].

Бұл Кенекеңнің ұстазына арнаған ескерткіші – парыз жыры, «Жамбыл жыры» екен. (ғалым М. Жолдасбековтың әңгіме желісімен).

Кененнің тікелей ұстазы – Жамбыл. Әйтсе де, халық поэзиясы тарихында екеуінің де өз орындары айрықша. Қатар жанған екі жұлдыздың өз жарықтары бар, өз тарихтары бар. Сондықтан да халық поэзиясында Жамбыл – Жамбыл, Кенен – Кенен болып аталады. Ешкім Жамбыл бола алмайтыны сияқты, ешкім Кенен де бола бермейді. Өйткені Кенен ақынның өзі көтерер жүк оның бір басында аз емес. Кенен талай жыр төккен, сыр төккен жүйрік ақын. Десе де, Кенен шығармашылығының арналары мен тарихи тамырлары ғасырлар құрдымындағы эпостар мен әңгіме-хикаяларда жатыр. Кененнің ақындығы жайындағы әңгімені оның

өзі нәр алған екі арнадан – ақындық және шешендік орта мен дәстүрден – бөліп қарауға болмайды. Сонда Кененнің үлгі тұтқан, өнеге алған мектебі бір ғана Жамбыл емес, өзіміз жақсы білетін өзге де бірқатар ақындар болып шығады.

Ендігі бір мәселе – жыраулық, жыршылық дәстүрге тікелей қатысы бар ақындық мектебі жайында.

Ақын да, жыршы да ғайыптан пайда болған нәрсе емес, олардың өскен ортасы, үйренген ұстаздары және кейін жолын қуған шәкірттері болған. Ұстаздық, мұрагерлік дәстүр келе-келе ұлғайып, белгілі ақындық немесе жыршылық мектепке айналған.

Ақын-жыршылар мектебі болған, мәселен, Жамбылдың мектебі Сүйінбай тәрізді ақындар саналса, Үмбетәлі, Кенен, Есдәулет, Саяділ тәрізді ақындардың үлгі алған, өнеге тұтқан мектебі – Жамбыл.

«Жамбылдың ізінше Шашубай, Нұрпейіс, Кенен, Нартай, Саяділ секілді көктемгі нөсерден соңғы қырдың көгіндей қаулаған қалың ақынның аз уақыт ішінде лап қоюы әдебиетіміздің тарихындағы аса бір елеулі құбылыс еді», [3,142 б.] – деп жазды М.Жолдасбеков.

Кенен Әзірбаев – Қабан, Сүйінбай, Шөже, Майкөт, Бақтыбай, Құлмамбет, Жамбыл, Сарбас, Қуандық, Кебекбай, Ноғайбай, Бөлтірік тәрізді іргелі ақындар мен жыршылардың, айтулы шешендердің мектебінен өткен, солардың жыр дәстүрінде тәрбиеленген өнер иесі. Бұл аталғандардың үстіне Тоқтағұл, Қалмырза, Сағымбай, Төкпе сияқты қырғыз ақындарын қоссақ, екі елді тел емген Кененнің өнер мектебі тереңдей әрі кеңейе түседі.

Сөйтіп, Жамбыл өзінің Кенен тәрізді шәкірттерін өзі өнеге алған ақындық ортаның озық дәстүрінде баулыған.

Шынында да, Кененнің өзі тамсанып, табынып әңгімелейтін соншама жайсаңның, түлеп тұрған отты сөздің Кенендей албырт талантқа мектеп болмауы мүмкін емес. Кенен өзінің түтеп келе жатқан әншілігі мен ақындығына қажетті нәрді осыншама өнерпаз, өңшең жақсының өнегесінен, халықтың байтақ қазынасынан алған. Сөйтіп барып ол бірте-бірте өз үнімен, өз тұлғасымен даралана түсіп, бергісі Қазақстан, Қырғызстан республикаларына, әрісі байтақ Отанымызға танымал ақынға айналған.

Кененнің халықтық үлгіні пайдалану тұрғысынан қарағанда құнды шығармасының бірі – «Жамбыл жыр» дастаны. Дастанда

аты әлемге әйгілі ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың бізге беймәлім мінез ерекшеліктері, адамгершілік, азаматтық асыл қасиеттері образды түрде шынайы бейнеленген.

Ақтауға парызымды домбыра алдым,
Ойланып шырмауықтай он бұралдым [4,428 б.], – деген жолдардан қарт ақынның дастанды жазарда үлкен тебіреніске түскенін, сүйікті ұстазы – Жамбыл образын жасауға зор жауапкершілікпен кіріскенін, сол жолда іздене еңбектенгенін көреміз.

Дастан сюжеті тартысқа толы, әрі жинақы, ондаған жыл оқиғасы шағын дастанға еркін сыйып кеткен. Оқиға «Жамбылдың бала кезінде» деген бөлімнен басталады.

Жабайдан туған баланың,
Жамбыл екен кенжесі.
Көп болыпты еркенің,
Айтқаныңа көнбесі.
Шаруаға қыры жоқ,
Малға қарар түрі жоқ.
Балалармен ойнаса,
Ұрыспай қалған күні жоқ.

Немесе:

«Жылғадан ұшқан торғайды,
Жыр қылып Жамбыл толғайды» [4,429-430 бб.], – деген секілді сәтті табылған жолдар Жамбыл мінезін даралап, өзіндік ерекшелігімен таныстырады. Ақындардың өз талантын жүйрік атқа, тұлпарға баламағаны кемде-кем болар. Кенендe де:

Күліктей топтан озып аршындаған,
Өмірде өлең қуып жүрмін дедім.

Немесе:

Желген аттай дүрсілдеп [4,432 б.], – сияқты жүйрік ат, тұлпар бәрі де үнемі ақындық талантты байқататын метафора ретінде алынады.

Дастандағы Жамбыл өмірдегідей шынайы суреттеледі:

Сүйімбайдың ауылына,
Қашып кетіп келмейді...
Алдап-сулап шақырса,
Қайсар бала көнбейді.
Мұны көрген Сүйекең,

Тентегіңе тиме деп,
Жабайға да аңғартты.
Содан кейін бұл Жамбыл,
Сүйімбайдан қалмапты... [4,430 б.]

Осы шумақтардан Жамбылмен бірге оның сүйікті ұстазы – Сүйімбай бейнесі де сезімтал, адамтанығыш және қамқор қасиеттермен есте қалып қояды.

«Жамбыл – жыр» дастанындағы тағы бір ерекшелік – негізгі қаһарман бейнесі лирикалық кейіпкердің көңіл-күйі арқылы жырланады. Бұл да шығармаға кең тыныс беріп, көркемдік жаңа сипат дарыта түскен. Мұны, әсіресе «Жамбылды бірінші көргенім», «Жамбылдың желдірмесі» деген бөлімдерден мол ұштастырамыз.

Кенен өзінің «Жамбыл жыр» жырында ұйқастың сан алуан түрін берді. Сонымен бірге ол жырдың көркемдік жағын да дамытып отырды. Жырда кезекті ұйқас, ал «Жамбылдың бала кезі» деген бөлімінде үлкен шеберлікті керек ететін шұбыртпалы ұйқас та кездеседі. Мәселен:

Ал, Жамбылға келейін,
Ақбөкендей желейін,
Домбырамды бұрайын,
Неге қарап тұрайын,
Ұстаздығы бар еді,
Сый-құрметін қылайын.
Жападан туған баланың,
Жамбыл екен кенжесі [4,429 б.].

Мұндай шұбыртпалы ұйқас өлеңге интонациялық өткірлік, әуезділік береді. Ақын айтайын деген әсерлі ойын сөз тасқынымен, дем алмастан, мүдірместен, бір-ақ айтып шыққысы келетін сияқты. Кенен жырларының осындай ерекшелік қасиеттері өлеңді әрлі, құнды ете түседі.

Өнер иесінің өзіндік бетін, тұлға-бейнесін танытатын сипаттаулардың нелер нәрлі, әдемілерін де Кенен шығармаларынан табамыз. Олар бір жағынан мейлінше қарапайым, жатық болса, екінші жағынан аса терең мағыналы келеді, ақын рухын, даралық сипатын, заман келбетін жақсы аңғартады, сонымен бірге олардан ақынның қолтаңбасы айқын көрінеді.

«Тай ақын, тарлан боздай кәрі ақын.»

Осы жолдағы бейнелі сөздердің қай-қайсысын алсақ та, ақынға

тән зор мағыналы, көркемдік қасиетімен көзге түседі. «Тай ақын, тарлан боздай кәрі ақын» дегендегі тай, тарлан деген сипаттаулар қарапайым ғана сөздер екені рас. Ал бірақ осы сөздерде үлкен мағына жатыр. Ақын «тай – ақын», «тарлан – боздай» метафораларды қолданылғанын көреміз.

Кенен өз өлеңдерін суырып салмалық өнердің қай жанрында болса да шығарған, әсіресе, көп қолданған өлеңдік қалыбы – жыр. Ақынның жырлары – көлемі жағынан мол, халық мақалдары мен мәтелдері кең қолданылып, тарихи оқиғаларды қамтып отыратын, белгілі бір тақырыпты толық жеткізіп бере алатын ұзақ өлең. Жырдың өзі қазақтың батырлық эпосына тән өлеңдік үлгі. Кенен де өз шығармашылығында осы дәстүрді, халыққа түсінікті үлгіні қолданған, оған жаңа мазмұн, жаңа мағына берген. Жырдың тағы бір қасиеті ол бас-аяғы жинақы, төгілтіп айтуға ыңғайлы болып келеді. Жыр сондықтан да халық шығармашылығында көп тараған форма болуы керек.

«Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген зерттеу еңбегінде М.Әуезов пен Л.Соболев жыр туралы былай дейді: «Жыр – жеті-сегіз буынды өлең, бірақ бұл өлеңнің жолдары, әдеттегіше бір шумаққа бірікпей, «тирадаларға» құрылады. Мұндай тирадаларға құрылған жолдардың саны логикалық мағынасына қарай төрттен он төртке дейін өзгеріп отырады. Тирадаларда ұйқастың белгілі орны жоқ, бірақ мұнда қайталау, аллитерация, ассонанс негізінде жасалған дауыс ырғақтары айқын көрініп отырады. Қазақ эпосында эпикалық поэмалардың өлеңдік құрылысы өзінің аса жоғары көркемдігімен көзге түседі: ақырғы ұйқас, жолдардың біркелкі басталуы, аллитерация, эпитет, метафора – бұлардың бәрі де дауыс үндестігіне қарай таңдалып алынады да, көбіне тұрмыс-салт өлеңдерінің әдемі, әуезді жолдарын құрайды. Жырдың және бір ерекшелігі ол бай оқиғаларды, шиеленісуді, қатты реніштi суреттейтін жерлерде желдірме өлең ұйқасының түріне көшіп отырады. Желдірме өзінің атына сай оқиғаны асықпай жайлап айтатын жырға қарағанда, шапшаң, әдемі әуезді, декламациялық ырғақ» [5,21 б.]. Міне, Кененнің жырлары да осы айтылған ерекше көркемдіктерімен көзге түседі.

Кенен жырларында аллитерация, ассонанстар, біркелкі дыбыстық қайталаулар жиі кездеседі және олар маңызды роль атқарады. «Жамбылды бірінші көргенім» деген бөлімде;

Ауызда айтар сөзі іркілмеген,
Ақынның дер шағы екен бұл күн деген.
Ақырып домбыраны сабағанда,
Адамдай езу тартып бір күлмеген [4,431 б.].

Ақынның шабыты, албырт шағы, мінезі төрт жолда терең мағынасымен ғана емес, соған сай түр, көрінісімен де тартады. Жамбылдың бейнесін суреттейтін сөздер ылғи «а» дыбыстарынан құралған. Төрт жолда «а» дыбысын бес рет қайталайды. Ассонанс негізінде жасалған дауыс ырғақтары анық көрініп тұр.

Және Кенен анафораны – бір сөзбен бастау әдісін де жиі қолданады.

Біреуге бұл өлеңім көне сарын,
Біреуге бұл өлеңім бал-шырындай! [4,429 б.]

Немесе:

Жолшыбай «Тік шырқауға» салып жүрдік,
Жолшыбай шалдың көзін алып жүрдік [4,452 б.].

Анафора суырып салмалық процесті жеңілдетеді және сонымен бірге, мұндай әдісте автордың айтайын деген ойы әсерлі, айқын болып шығады.

Кенен өлеңнің дыбыстық үндестіктеріне, оның әуезді, әсерлі болып шығуына көп көңіл бөлген. Сондықтан да Кенен өлеңдерінің бәрі ұйқас, үндестік жағынан құлаққа жағымды, дыбыс ырғақтары аса ұнамды келеді.

Кенен Әзірбаев Жамбылдың қасында жиі болып, көп сырласқан, мейір-сүйіспеншілігіне бөленген. Сондықтан оның Жамбыл жөнінде айтары да көп.

Жамбылдың бір мінезі мақтанбайды,
Бой тартып, сайысудан сақтанбайды.
Қажырлы, қайратынан қайрақ жасап,
Үскірік борандатып, ақпандайды.
Әжуа, қалжыңға да қапелімде,
Шап етіп шауып қалар қақпандай-ды.
Тағы бір қасиеті тарихының:
Адамды алғаш сөзден танитұғын.
Көргенде жалбаңдаған жағымпазды,
Қанжардай өткір тілді жанитұғын.
Сенгіш еді досына, ауырғанда,
Ем болып айтқан сөзің даритұғын [4,435 б.].

Осы тамаша қасиеттер сөз жүзінде ғана айтылып қоймай оқиға, іс үстінде дәлеледене суреттеледі. Мысалы, «Патшаның тойында» деген бөлімде ақ патшаны мақтап өлең айт деген ұлықтарға Жамбыл бұқара көпшіліктің тойға келмей бүрсеңдеп еңбек етіп жүргенін суреттей кеп:

Патшаның тойы бұл болса,
Жоқ-жітікке қараспай.
Неменесін мақтайын,
Ағзам патша адасты-ай [4,439 б.], – деп патша әділетсіздігін батыл әшкерелейді. Осылайша Жамбылдың ақындық, азаматтық бейнесі, өзіндік өр тұлғасы асу бермес асқар шыңдай биіктей береді. Оның қайсарлығына, қара қылды қақ жарғандай әділдігіне шексіз риза боласыз.

Дастандағы тамаша бір қасиет – әлгі сөзге кектенген ұлықтар Жамбылды түрмеге қамамақ болғанда, қалың ел ара түсіп, оны төнген қауіптен құтқарып қалады. Ақынның Жамбылды жеке дара бөліп алмай, халықпен бірге, соның өкілі ретінде суреттеуі шығарма маңызын арттыра түскен.

«Ұлы Октябрь нұры» деген бөлімде ақынның аллитерация негізінде жасалған жыр жолдарын да кездестіреміз.

Жас жігіт көпке қарай жүре келді,
Жымиып миығынан күле келді.
Жай бастап, бірте-бірте қыза сөйлеп,
Жүйріктей көсілді де, жүре берді [4,441 б.].

«Ұзынағаштағы Өстепке» деген бөлімде автор оны Жамбыл ақынның атынан айтады. Бұл бір жағынан, Кененнің осы тұста Жамбыл нұсқасын негізге алғанын байқатса, екінші жағынан, оның халықтық үлгіні қызықтап, халық поэзиясына тән суреттеу тәсілін өрістете қолдануға күш салғанын да айқын аңғартады. Кенен халықтық поэзиядағы сөз кестесін, бейнелеу тәсілін сол қалпында алып қана қоймайды. Халық тілінің, көркем ой-сезімінің сөлін, нәрін қоспасыз, сап таза қалпында жеткізеді. Халық поэзиясындағы бейнелі сөздердің мәнін, рухын сақтай отырып, оларды жандандырып, жарқырата түседі. Алуан түрлі сипаттама сөздерді, көркем салыстыруларды үйіп-төгіп қолданады. Және осының бәрін әнді аспандата шырқайтын асқақ үнді, өрен шабытты даңғыл, жүйрік ақынның тұлғасын бейнелеу мақсатына әбден үйлесімді етіп алады. Әншінің адуындылығын, шабытының орасан қуаттылығын,

ол айтқан әннің қарқын-күшін, тасқындаған екпінін әсем теңеу-салыстырулардың бейнелі мазмұндылығы арқылы да, өлең сөздің кемерінен асып төгіліп, саулап, құйылып тұруы арқылы да, өте шебер елестетеді.

Ау! Мен, Жамбылмын, Жамбылмын,
Қара жолдай даңғылмын.
Күңіреніп күн-түні,
Жалғыз қалып қаңғырдым.
Қатар-құрбы қадірлес,
Замандасты сағындым.
Қатаған мен Кебекбай –
Мақамдасты сағындым [4,444 б.].

Бұл өлең, алдымен, сөз кестесі, бейнелеу тәсілдері жағынан ерекше қызықты. Кенен қазақ ақынының ақындық шеберлігін халықтың санасына өлең-ән туралы қалыптасқан ұғым-түсінік, теңеу-салыстырулар арқылы көрсетуді мақсат етеді. Өлеңнің ең басында-ақ ақынның аузына даңғылмын, тұлпармын деген сөздерді салып, өлең сөзді, әншілік өнерді, ақындық шабытты суреттегенде халықтық үлгідегі бейнелеу тәсілдерін қолданады. Әннің айтылуын, шырқалуын, әншінің даусын әуелеп ұшқан аққуға, жерге қонып мамырлаған қоңыр қазға, боздаған саулы інгеннің күңіренген үніне, нөсерлеп жауған жауынға, жел мен жапырылған қамыстың шуылына т.б. қимыл-әрекеттерге, дыбыс үндерге теңеп суреттеуі тек дайын үлгіге бой ұрғандықты емес, халық поэзиясындағы сөздің суреттілігін, мағыналы мәнерлілігін мейлінше ұстартып, өндей білген, кемеліне келген көркемдік шеберлікті танытады.

Осындай теңеу-салыстыруларды қатар-қатар тізіп, жиыстырып келтіруі де өлеңді суырып салып шығарып, ағыл-тегіл нөсерлететін айрықша өнерпаздықты елестетеді. Шешендікті, тапқырлықты ерекше қастерлейтін халық ақынының әдетінше Кенен үстемелеу, үдетіп әкету әдісін қолданып, мағынасы жағынан жақын, үндес сан алуан бейнелі, сипаттау сөздерді бірінің мағынасын бірі күшейтетін етіп, еселеп келтіреді.

Ән-күйдің қоғамдық мәні, өнер адамының тағдыры жайлы мәселелерді Кенен терең толғап, қазақ поэзиясының өзекті тақырыптарының біріне айналдырады.

«Ұлы Октябрь нұры», «Ұзынағаштағы Өстепке» деген бөлімдерде революция жеңісі, қазақ даласындағы өзгерістер,

халық қуанышы, оған деген Жамбыл көңіл-күйі жырланған. Бұл жолы да ұлы ақынның характер ерекшелігі даралана көрінген. Теңдік заман орнағанына Жамбыл қуанышты, оған өз өнерімен қызмет етуге дайын. Бірақ алғаш ұйымдастырылған ақындар жиынына әлдекімнің шалағайлығынан Жамбылдың шақырылмай қалуы, оны «ұзын құлақтан» естіп, асығыс өзі келуі, ашуға мініп, өкпе-наз айтуы сұлу сырға толы. Бұл ситуациядан біз көп жайды аңғарамыз. Біріншіден, ақын логикасы мықты. Ол мені ұмыттыңдар деп әлдекімдерге ұқсап торсаңдап міндет артпайды, мұқап-жекімейді, басараз болып бұлданбайды. Керісінше, «қатар-құрбы қадірлес, замандасты сағындым» деп ел жақсыларын еске ала отырып, жиын басқарушыларға «Торқалы тойға шақырмай, мен сендерге не қылдым?» [4,445 б.], - деп аталы сөз айтады. Өкпе-назына әлеуметтік мән бере сөйлейді.

Ленин батыр большевик,
Келсе екен деп аңсап ек.
Сол айтар деп күтіп ем,
Өзің тойды баста деп.
Үйретті ме сендерге,
Шал-кемпірді таста деп [4,445 б.].

Жамбыл осылай сыңар езу басшылардың мінін бетіне басып, сөзге келтірмейді. Бұдан біз ұлы ақынның ұлттық психологиясын, теңдік өмірге деген көзқарасын танимыз. Сонымен бірге жас күнінен айтысқа түсіп, қарсыласын жеңіп үйренген логикалық ой тереңдігін де көреміз. Тапқыр да танығыш даналығына сүйсінеміз. Шынында да Жамбылдың жоғарыдағы жиынға шақырусыз өзі келуі, аталы сөз айтуы көпті көрген көрегендігін, кішіпейілділігін, үлкен-кішіге үлгі болар ұлылығын танытады.

Біз дастаннан Жамбылдың әзілге ұқсата, қайда бармасын жанындағыларын күлдіріп, көңілдендіріп жүретін қуақы мінезімен де танысамыз.

Калинин оған орден таққан шақта,
Халықтар құтты болсын айтқан шақта,
Шылдырмақ тағатұғын қыз болдым ба,
Одан да ақша берсе мақтаншаққа.
Бәріңе берер едім үлестіріп,
Екі есе аламын деп жыл өсіріп, -
Әй, бірақ, қағаз, күміс ақшалардай,

Қалмайтын шығар деді бұл ескіріп [4,449 б.].

«Жамбыл тойы» деген бөлімде ақын тоқсанға толған Жамбылдың тойын ғана емес, бақытқа кенелген бүкіл қазақ халқының шат өмірін шабыттана жырлайды. Қырғыз ақындарына сөз беріп, достықты, туысқандықты мақтайды.

Толқи топқа түскенде,
Тайпалмаған пар еді;
Жолда жүгін қалдырмас,
Жалғыз өркеш нар еді.
Жамбыл аты – жыр еді,
Аш-арықтың - ары еді [4,436 б.].

Ақын Жамбыл бейнесін қадірлі, қасиетті адам туралы халық ұғымына, көркем ойлау өзгешелігіне сәйкес тартымды суреттеген. Жамбыл ақынды тайпалма, нар, жыр, ар деу де – халықтық үлгідегі метафоралар. Тайпалмаға теңегенде даусы зор, айбынды дегенді аңғартса, жалғыз өркеш нар еді деп, әрине, ауыспалы мағынада, даралық, айбаттылық, қаһарлылық дегенді білдірсе, Жамбыл аты – жыр еді дегенде ән мен жырдың дүлдүлі дегенді айтады, аш-арықтың – ары еді деп қамқоршы, жанашыр секілді сипатты таныту үшін айтылған.

Дастанда Тоқаш Бокин, Ораз Жандосовтың ұнамды бейнелері де бар. Бірақ олар Жамбылдың образын толықтыру үшін алынған.

«Жамбылдың түсі», «Көркемжан туғанда», «Жамбыл жатып қалғанда» деген бөлімдердің көркемдік, поэзиялық бояуы құлпырып көз тартады. Өлең жолдары 11 буынды, бірде 7-8 буынды болып, ақынның айтпақ ойының мазмұнына сай түрленіп, өзгеріп отырады.

Кенен ақын болған соң, оның ақылды, ойды өте жоғары бағалап, зор тұтуы әбден заңды. Бұл ретте ақынның халық ұғымында қалыптасқан үлгілерге де табан тіреп отырғанын көреміз. Бұған дәлел – Кененнің «Кесірлі адам кер болады, кемеңгер адам кең болады» дейтіні. Ақын ақылды адамның белгісі ақ пен қараны, әділдік пен әділетсіздікті жаза баспай айырып, әр нәрсеге дәл, әділ баға беруінде деген ой түйеді де, осы тұжырымын дәлдігі мүлтіксіз таразымен, адаспайтын қазымен салыстыру арқылы аңғартады.

Біз дастанның көркемдік ерекшелігіне көңіл бөлгенде екі жағдайды ерекше аңғардық. Бірі – ақынның Жамбыл образын даралауға, типтендіруге қатысты тарихи шындық оқиғаларды

үлкен талғампаздықпен таңдай білген. Екіншісі, қарт суреткер халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті жетістіктерін қатар пайдаланған.

Жамбылдың дастанда ұстамды, жігерлі, тапқыр, достуыстарына мейірбан, әділ жан ретінде көрінеді. Қордай асуының ақ боранына тап болғанда Жартыбай, Сатыштар күйіп-пісіп, қара бастың саулығын тілеп, бұл асуға екінші қадам баспауға ант ішсе, Жамбыл қанша қалтырап тоңса да, бір ауыз сөз айтпайды, үлкен ұстамдылық танытады. Ол Базар, Назар деген екі бірдей ұлынан айрылып қайғыдан жүдеу тартқан Кененді Алматы базарында кездестіріп, қату сөздер айтып қайраттандырады. Кейін Кененнің ұлды болғанын естіп, өзі іздеп кеп құттықтайды. Бұл да Жамбылдың қандай адам болғанын білдірсе керек.

Дастан оқиғасының шарықтау шегі – «Жамбыл жатып қалғанда» деген бөлімде сүйікті ұлы Алғадайдан айрылған Жамбылдың тамақ ішпей төсек тартып жатып қалған кезі. Мұхтар, Сәбит, Ғалилар өзара ақылдаса кеп Жамбылды жұбатуға Кененді алдыртады.

Алғадай Отан қорғап құрбан болды,
Еліңнің көңілі үшін орныңнан тұр [4,458 б.], – деген Кенен үнін естіп Жамбыл басын көтеріп, тілге келеді. Жырда қайғы-азаның қаншалықты ауыр екендігі бірнеше тұспал сурет арқылы да айқын елес береді. Бұлт басып, шұбарланып, мұнартып тұрған күн – осындай символдық бейне. «Бір жемісің жел соғып жерге түсті» деуі иілмейтін, сүрінбейтін, қайсар ерлердің мүлт басып, жазым болғанын тұспалдап көрсетеді.

Халық поэзиясында кездесетін:
Қанатынан қайрылған,
Жалғызынан айрылған.

Табанынан тайрылған, – дегенді алсақ, осындағы қанатынан қайрылу, табанынан тайрылу деген ұғымдардың кісінің жақын адамынан мүлде қол үзіп қалған қайғылы қалпын тұспалдайтынын айта кетуге болады. Осындағы «табанынан тайрылған» деу мен «Бір жемісің жел соғып жерге түсті» деудің арасында сабақтастық бар екені талассыз. Осылайша дастан өмірге деген оптимистік сеніммен, өр рухпен тамаша аяқталады.

Жалпы алғанда, әдебиеттің қандай кезеңде болмасын, даму деңгейінде айқындайтын нәрселерге қоғамдық ақыл-ойдың

қозғалысын, көркемдік құрал-тәсілдер жүйесін, суреткердің талант даралығын жатқызар болсақ, «Бұрынғы өткен батырлар», «Қырғызбай», «Әли батыр», «Кенебай – Кербез», «Жамбыл – жыр» дастандары Кенен шығармашылығындағы ерекше құбылыс, едәуір көркемдік сипаттар әкелген туынды дей аламыз, сонымен бірге ол ақындық таланты ғана емес, тұтастай алғанда, ұлтымыздың белгілі бір дәрежедегі қоғамдық сана биіктігін көрсетсе керек. Добролюбов пікіріне сүйенсек, тарихи шығарма туады сол уақытта, «...когда народное сознание обращается к воспоминанию прошедшей своей жизни» [6,528 б.].

Кененнің өлең тіліндегі батыл, тың ізденістерді тудыратын оның ақындық ой-өрісінің өлшеусіз кеңдігі, қоғамдық мақсатнысанасының, көркемдік дүние тануының мүлде сонылығы екені ешбір талас туғызбаса керек. Кенен шығармаларындағы сөз кестесінің, өлең тілінің табиғилылығы мен қарапайымдылығы, олардағы қолданылатын бейнелі сөздердің құрылыс-бітімі, жасалу ерекшеліктері жағынан мейлінше ұтымды және терең мағыналы болып келуі – осының бәрі ақынның суреткерлігін, шеберлігін, эстетикалық көркемдік сезімінің өзгеше екендігін, биік сапасын танытады.

Бұл мақала А. Өтеннің ғылыми еңбегінен қысқартылып алынды. Мұнда К.Әзірбаевтың, әдебиет зерттеуші ғалымдар: Н. Төреқұлавтың, М. Жолдасбековтың еңбектері пайдаланылды. Үзінділер келтірілген. Алматы, 2021 ж.

Бейсенов Сәтбай Қыдырбайұлы

ҮШБАСТАУ АУЫЛЫ
(қысқартып алынды)

Көктемгі мамыра жай ашық аспан астында ауылдың күншығыс жағындағы шағын төбешікте үш қария отыр. Олар әңгіме дүкен құрып отырған Әбу ата, Қыдырбай ата, Төреқұл көке еді. Ақсақалдардың әңгіме ырқын бұзып алмайын деген оймен, төбешіктің етегіне таман келіп отырдым. Төреқұл көке: «Әй, балам, бері жақындау отыр, бұл сендерге ертең керек болады. Осы елді мекенде тұрып жатқан елдің тарихын біліп алыңдар. Біз өлген соң

сендерге біздің қалай өмір сүргенімізді кім айтып береді дейсің» деп мені қолымнан тартып өзіне жақын отырғызды. Ал Әбу ата болса бастаған әңгімесін әрі қарай жалғастырып айта бастады.

...Мына Қарабастау, Бейнеткеш, Жаңабазар, Үлгілі елді мекендегі ағайындар бізге жақын туыстар болып келеді. Қарабастауда – Дәулетейден, Бейнеткеште – Қожагелдіден, Үлгіліде – Егізбайдан тараған ұрпақтары тұрады. Бұл үшеуі де біздің арғы атамыз Қожамбердімен бір туған ағайынды адамдар. Той-томалақта, өлім-жетімде осы елді мекендерді қалдырмай шақырып отыратындығымыз сондықтан. Кейінгі ұрпақ осы сияқты шежірені естеріңе сақтап, біліп жүргендерің абзал.

Ілгері уақытта аптаның алты күні құр өтпейтін. Бір жолы Дәулетейлер көкпар берсе, ертеңгі күні Егізбайлар, содан соң Қожагелді, іле-шала Қожамберді ұрпақтары көкпар беріп жататын. Ендігі жерде бұған Бәйтелі-Жәпірлер қосылып, әрі қарай жалғастырып жатушы еді. Сондай қызғын тамашамен жүріп қыстың қалай өткенін білмей де қалатын едік, дейді Әбу ақсақал. Ой, шіркін-ай, десеңізші! Қайран заман өтті де кетті. Сүттей ұйып отырған елдің берекесін алып, тоз-тоз еткен «қызыл жауыздар» ғой. Туған анасын аямайды олар. Талай боздақтарды көзімізше атып тастағанын көзбен көрдік емес пе.

...Қожамберді бабамыздың: Жұмақ, Бақтыбай, Барлыбай, Сырлыбай, Дауылбай, Қарабас, Қарақоныс атты жеті ұлынан өсіп-өнген ұрпақтардың саны 365 шаңырақтан (отбасы) асып түскен екен. Бір-біріне туысқан, ағалы-інілі бауырлар өз үйлерін бір-біріне тақау салғаны соншалық, бірінің шатырынан екіншісіне аттап өтіп жүре беретін көрінеді. Қыс мезгілі болғанда әр шаңырақтың еркектері үйінің төбесіне шығып қарын күрейді. Сөйтіп жүріп, бірін-бірі түгендеп, аман-саулығын біліп, сырқаттанып қар күреуге шыға алмаған бауырларының шатырын қоса тазартып қояды екен. Осылайша бір атадан тараған ұрпақтары ынтымақтаса жүріп, қандай шаруаны болсын бірге атқаратын көрінеді. Жазғы науқанда егін егу, шөп шабу, тағы басқа да тірліктерін жасап, қысқы азық-түлігін, отын-суын алдын ала әзірлейді. Қазан төңкерісіне дейінгі ауылдың бар болмысы осындай еді. «Бірлігі бар елдің, тірлігі болады. Ауыз бірліктен айрылған ел тозады, ынтымағы бар ел озады» дейді екен бұрынғылар. Сөйтіп, біреуден ілгері, енді біреуден кейін тіршілік жасап жатқан заман еді. 1917 жылы қазан төңкерісі

болып ақ патшаны тақтан құлатты, кеңес үкіметін орнатты. Ендігі жерде бүкіл билік кедей шаруаларға беріледі, мемлекетті қызылдар басқарады деген әңгіме «Үшбұлақ» ауылына да жетеді. Сол бір алмағайып кезеңде жоғарыда айтқанымыздай Қожамберді бабамыздың ұрпақтары үшке бөлініп: жоғарғы бұлаққа – Жұмақ балалары, ортаңғы бұлаққа – Бақтыбай, Барлыбай балалары, төменгі бұлаққа – Сырлыбай, Дауылбай, Қарабас, Қарақоныс балалары қоныстанған екен. Осылайша бір атадан тараған дүйім ұрпақ «Үшбұлақ» ауылы атаныпты.

Елде болып жатқан өзгерістерді көзбен көріп, кеңес үкіметінің саяатынан хабардар болып отырған Қожамберді балалары өзара ақылдаса келе барлығы бірігіп «Үшбұлақ» өндірістік кооперативін құрады. Ел қатарлы тіршілік ету керектігін түсінген ағайындылар ендігі жерде егін егіп, одан қомақты өнім жинап, мемлекетке тиісінше астық өткізіп, одан қалған өнімді өз тірлігіне жарата бастайды. Бұл шамамен 1930-1933 жылдардағы қиын-қыстау кезде болса керек. Алайда жыл өткен сайын үкіметтің салығы да, саясаты да мың құбылып қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігі бұрнғыдан да қиындай түседі. Бала-шағаның азығы үшін, тұқымға деп қалдырған азын-аулақ астығына дейін алып қояды. Ал салықты толықтай төлемей жасырып қалғандарды совет үкіметіне қарсылық көрсетті, совет үкіметін мойындамады деген айып тағылды. Арнайы әскер шақыртып үй-үйді тінтіп, ұрада сақталған, тіпті сандыққа тыққан бір уыс дәнге дейін тартып алады.

Бұдан әрі күнкөрістің мүмкін еместігіне көздері жеткен ел үдере көше бастайды. Туысқан бауырлардың бір-біріне қол үшін беруге, ақылдасуға мұршасы да келмейді. Жоқшылық, аштық қысқан ел-жұрт ата қонысын тастап, «қайтсек бір үзім нан тауып жейміз» деген үмітпен бірқатары Өзбекстанға қоныс аударады. Ел ауып көшкен кезде азаматтардың саны да күрт азайды. Алқымнан алған аштықтан, жол азабын көтере алмағандықтан көбісі жол-жөнекей қайтыс болады. Оларды дұрыстап көмуге де мұрша болмаған көрінеді. Әйтеуір тау-адырдағы, жартастағы тастарды теріп, жүзін жасырып кете береді екен. Енді бір қатары Шымқалаға (Шымкент), Монтайтас, Шағыр, Шеңгелді бағытында үдере көшіп шөл асқан дейді...

«Үшбұлақ» жұрты ата-мекенін тастап үдере көшкен кезде, оған қарама-қарсы беттегі жерге Тұғыртас, Қанжуған, Егіз қора елді

мекенінде отырған 10-15 отбасы көшіп келіп, қоныстанады. Мұны көрген жергілікті басшылар «Үшбұлақ» өндірістік кооперативінің мөрін, жарғысын пайдаланып жаңадан қоныстанған шағын ауылдың тұрғындарын егін егу, мал бағу жұмыстарына тарта бастайды. Бертін келе өзге де сай-жырада қоныстанған ел осы кооперативке мүше болып кіріп, «Үшбұлақтағы» халық саны 30-40 шаңыраққа жетеді.

Бірнеше жылға созылған ашаршылықтан аман қалған ел еңсесін көтере бастады. Осы жылдары кеңес үкіметі өзінің жаңа саясатын жүзеге асыра бастаған еді. Ол халықты жаппай ұжымдық шаруашылыққа тарту (колхоздандыру) болатын. Сөйтіп, «Үшбұлақ» елді-мекенінде (1937 ж.) тұңғыш рет «20 лет Каз. ССР» атты колхоз дүниеге келді. Ашаршылық салдарынан жер ауып кеткен ел азаматтары қайта оралып, колхоз мүшелерінің саны 30-ға жетті. Бәрі бір адамдай жұмыла кірісіп, ауылдың бүкіл шаруашылығы жандана түскендей еді.

Ал ел асып Өзбекстанның жоғары Шыршық, Азатбаш елді-мекеніне кеткен ағайындар қайта оралмады. 1965-67 жылдарға дейін 15-20 адам топталып келіп мұндағы қаза болған туыстарының жаназасына қатысып, топырақ салысып қайтатын еді. Қазіргі күні ол қариялардың бәрі де дүниеден озды. Олардың ұрпақтары келіп араласпағандықтан қатынас үзіліп, бір ғана Қожамберді бабаның кіндігінен тараған біраз ұрпақтары бір-бірінен қол үзіп қала берді. «20 лет Каз.ССР» колхозы құрылғаннан кейін сыртта жүрген ағайындардың біразы елге қайта оралып 40-50 шаңырақты ел құрайды. Ұлы Отан соғысы кезінде бір ғана осы шаңырақтан 50-ден астам азаматымыз қанды майданға аттанып, соның 39-ы елге қайта оралған жоқ.

1990 жылы ұлы жеңістің 45 жылдығына орай «20 лет Каз.ССР» атындағы бастауыш мектептің алдына осы 39 жауынгердің аты-жөні жазылған ескерткіш тақта орнатылды. Ал кейіннен (2005 ж.) ұлы жеңістің 60 жылдығына байланысты соғыста қаза тапқандарға қоса, қанды майданнан аман -есен оралып туған елдің топырағы бұйырған азаматтардың есімдері жазылған ескерткіш тақта қойылып, мектеп оқушыларының қамқорына берілді. Содан бері ескерткіш тақтаның айналасындағы гүлзар алаңды күтіп-баптау жұмыстарын оқушылар атқарады. Әрқайсысы өз ата-бабаларының рухын көтеріп, мақтан етеді.

Бұл мектептің басынан «өткерген» өзіндік тарихы бар. Сол кездегі халық басына түскен соғыстың қасіретіне қарамастан елді сауаттандыру, ұрпаққа білім беру саласында үлкен жұмыстар атқарғанын көзбен көрдік. 1941-1943 жылдары ауылда сауаттандыру орталығы ашылып, қазіргі Барлыбай көшесі мен Байтүгел көшесінің қиылысында, бұрынғы мешіттен төменірек үш бөлмеден тұратын шағын мектеп салынды. Ортада дәлізі бар, екі жағында есіктері қарама қарсы екі бөлме орналасқан. Сабақ беретін жалғыз мұғалім бір бөлмеге сабақ өткізіп болған соң, екінші бөлмеге өтіп, оларға да сабақ түсіндіріп жатады. Осылайша екі сыныпқа алмакезек барып сабақ өткізуші еді. Ал кешке қарай колхоздың жұмысшыларын жинап, аптасына екі рет сауат ашу курсын өткізеді. Сол курсқа 4-5 балалы болған өз аналарамыз да барып білім алып жүретін...

Соғыс аяқталып, елдің еңсесі көтеріле бастаған 1948 жылдары бастауыш сыныптарға арналған жаңа мектептің құрылысы басталды. Оның өзі бір-біріне жалғастыра салынған шағын үш бөлмеден тұратын еді. Күн батыс жағында ұзын дәлізі бар. Ортадағы бөлмеде оқушылар ережесі ілулі тұратын. Үлкен үзіліс кезінде мұғалімдер оқушыларды осы бөлмеге тұрғызып қойып ережені түсіндіреді, жаттатады. Қалған екі бөлмеде 1-3 және 2-4 сыныптағы оқушылар бірге отырып дәріс алатын еді.

Осы мектепте алғаш қызмет істеген ұстаздар көп-ақ. Олардың көбісі бірер жыл істеген соң басқа ауылдарға қоныс аударып, оның орнына өзге мұғалімдер келіп жататын. Солардың ұзын саны былай болып келеді, алғаш келіп ұстаз болғандар: Ә. Егемқұлов пен С. Бегманов. Бұлардан соң Б. Досанбаев, Л. Бейсеков мұғалім болып келді. Олар өзге елді-мекенге ауысып кеткен соң олардың орнына Ж. Елубаев деген ұстаз келді. Келесі жылы К. Жолдасов деген азамат келіп сабақ берді. Ол кездегі тәртіп бойынша мұғалімдер бір орнында бір жылдан артық істемейтін. Мұғалімдердің жиі ауысып жататыны сондықтан болса керек. Ал бала тәрбиелеп отырған оқу ордасы бұрынғыша «Начальная школа 20 лет КАЗ. ССР» деп аталды.

Елді мекендегі халық санының артуынан ба, әлде баланың туу деңгейінің жоғарылауынан ба бұрынғы мектеп тарлық ете бастайды. Сөйтіп, 1968 жылы К. Жолдасов деген ұстаздың бастамасымен ел болып қыш құйып, әр үйден құрылысқа қажетті ағаш материалдарын (екі-үш терек ағашын) жинап, төбесі шифермен жабылған,

бес бөлмесі үйдің құрылысын аяқтайды. Жолдасов Көбей ақсақал 1975 жылы зейнеткерлікке шыққан соң, сол жылы Айдар Абдуллаев деген азамат мектеп меңгерушісі қызметіне кірісті. Осы жылдары 4 сыныпты мектеп ұжымында Ж. Елубаев, Қ. Каримов, С. Тәшімбетова, тағы да басқа тәжірибелі ұстаздар жемісті еңбек етті.

Осылайша жыл өткен сайын есейіп, кемелденген мектептің ауқымы өсіп, абыройы арта түскен еді. Сондай тағы бір елеулі оқиғаның бірі, 1986 жылы сол кездегі «Коммунизм» қой совхозының директоры Әбдірайымов Рахымбердінің бастамасымен күні бүгінге дейін пайдаланып келген мектептің іргесі көтеріліп, 1987 жылдың 1-қыркүйек айында пайдалануға берілді. Мектеп директоры болып Айдар Абдуллаев, оқу ісінің меңгерушісі қызметіне Тастанбек Қозыбаев бекітілді. Тарихы тым тереңнен бастау алатын мектебіміздің шоқтығы биіктеп, ұрпақтың салиқалы білім алуына үлкен ықпал еткені міне осы жылдардан басталады десек артық айтқандық болмас. Ал 1997 жылғы алмағайып кезеңде қаржының жетіспеуіне байланысты бастауыш мектеп дәрежесіне төмендетілгені жұрттың есінде. Осындай сәл ауытқулар мен қиындықтарға қарамастан ұрпақ тәрбиесінің алтын ошағы болып, өз міндетін абыроймен атқарып келеді. Ал 1992 жылдан бері «20 лет КАЗ ССР» атындағы қазақ орта мектебіне айналып, бұрынғы қалпына келтірілді. Осының бәріне әлгінде аты аталған мұғалім-ұстаздардың зор еңбегі болғанын айта кеткен жөн.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары мектебіміз жаңа сипат алып, жаңаша жұмыс істей бастады. 2000 жылы мектепке Халық ақыны, әнші, композитор Кенен Әзірбаевтың есімі берілді. Атақты ақынның өзін көрмесек те, сонау 30-40 жылдары оның дабысы Қазықұрт жеріне де жетіп жататын. Екі бірдей баласынан айрылып ақ ешкіге зарын қосқан «Базар-Назар» әні, Ұлы Отан соғысы жылдары халықтың мерейін көтеріп жеңіске үндеген тарихи туындылары ауыл ақсақалдарының (ол кезде жас балалар еді) әлі де есінде. «Ауыл мектебіне кімнің атын беру керек?» деген мәселе көтерілгенде, «Кенен ақынның есімін берейік» деп бір ауыздан қолдау көрсеткен де осы ақсақалдар болатын.

Содан бері де біраз жылдар өтті. Ұлы ақынның есімін алған мектеп ұжымы да, оқушылар саны да артып жылдан-жылға көркейіп, үлкен жетістіктерге жеткенін көзбен көрдік. Содан бері де бірнеше ұрпақ осы мектептен түлей ұшып, өмірге қанат қақты.

Мектеп түлектерінің ішінде іргелі қызметтер атқарған, жоғары ғылыми атаққа ие болғандар да аз емес. Солардың бірі Әбдікәрімов Әбдіманап ағамыз. Техника ғылымдарының докторы, профессор. Тараз қаласындағы Гидромелиоративный институтында көп жылдар ұстаздық еткен тәжірибелі маман. Оңтүстік Қазақстан облысы Экологиялық комитетінің басшысы, бұдан соң Қазақ ССР Экология комитетінің төрағасы қызметін атқарған Толысбаев Тоқтамұрат ағамыздың есімі жұртшылыққа кеңінен таныс. Бүгінде құрметті демалыста. Астанамыз Нұрсұлтан қаласында тұрып жатыр.

Жамбыл облысы дансаулық сақтау басқармасын басқарған Ә. Әшіров, аудандық білім бөлімін басқарған П. Қыдырбаев, Арай май заводының директоры Ә. Қозыбаев сияқты мектеп түлектерін кейінгі ұрпақ мақтан етеді, үлгі-өнеге тұтады. «Білекті - бірді жығады, білімді – мыңды жығады» демекші мектептен түлей ұшып, өмірден өз орнын тауып, халқына адал қызмет етіп жүрген ұл-қыздарымыз көп-ақ. Жоғарыда аты аталғандар сол үлкен шоғырдың бір парасы ғана.

Жылдар өткен сайын ауылымыз көркейіп, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі арта түскені ақиқат. Ақ шаңқай үйлер салынып, жаңа мешіт, оған қоса ардагерлер үйі бой көтерді. Соның бәрі ауыл ақсақалдарының демеуімен, ауыл тұрғындарының бірауызды ынтымағынан жүзеге асып жатқаны көңіл қуантады. Ал биылғы жылы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай ауылымызда біраз іргелі істер атқарылды. Облыс, аудан әкімдігінің қолдауымен, сол сияқты ауыл азаматтары Ш. Ибрагимов, Қ. Жүзбаевтың атсалысуымен осы уақытқа дейін «ХХ лет Каз. ССР» деп аталып келген елді-мекен өзінің тарихи атауына қайта ие болды. Ендігі жерде ол «Үшбастау» ауылы деп аталды.

Осы жылғы тағы бір үлкен жаңалығымыз облыс бюджетінен қомақты қаржы бөлініп, Кенен Әзірбаев атындағы мектепке арнап салынған жаңа ғимарат бой көтерді. Бұдан артық қуаныш болар ма? Екі қабатты, еңсесі биік, терезелері күнге шағылысқан, заманауи типінде салынған ғимараттың ашылу салтанаты Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай 2021 жылдың14 желтоқсаны күні жүзеге асырылды. Бұған Түркістан облысы, Қазығұрт ауданының әкімі Абдуллаев Арман Айдарұлы арнайы келіп, мектептің ашылу салтанатына қатысты. Бір кезде осы мектептің көркеуіне көп еңбек сіңірген әкесінің ісін баласы жалғастырғандай көрініс болды. Сол

сияқты ауыл ақсақалдары, мектеп ұжымы, оқушылар, сондай-ақ үлкен мерекеге арнайы шақырылған ақынның ұрпақтары қатысты.

«Кенен ата» қорының (басшысы ақынның немересі Мұхтар Әзірбаев) демеушілік етуімен мектеп алдындағы кең алаңшаға ақынның еңселі бюсті орнатылды. Мектеп құрылысының басқасында жүріп, қыруар іс тындырған, үлкен жанашырлық көрсеткен К.Әзірбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебіміздің бүгінгі директоры Қамбаров Нұрлан Қуатбекұлына жұрттың айтар алғысы шексіз.

Соңыра ақшаңқай ғимаратқа кіріп, мектептің ішін аралап көрдік. Оқушыға қажетті осы заманға лайық құрал-жабдықтармен түгел қамтылған екен. Әр пәнге арнап жеке-жеке салынған кабинеттер түгелдей компьютермен жабдықталған. Оқушылар тамақтанатын асхана, спорт залы, кітапханасы бар. Ең бастысы жуынатын, тағы басқа да коммуналдық бөлмелердің бәріде мектептің ішінде орналасқан. Оқушылар сыртқа жүгіріп әуре болмайды. Бәрі де замана талабына сай жасалған екен.

Бір сағатқа созылған салтанатты жиыннан кейін ауыл ақсақалдары өздеріна арнап тұрғызылған «Ардагерлер үйіне» шақырып дастарқан жайды. Ақ дастарқан үстінде ақсақалдардың жүрекжарды сөздерін естіп, ақтілеу, батасын естіп марқайып қалдық. Ақынның ұлы Бақытжан әкесі туралы естеліктер айтып, өзінің «Адам болу оңай ма?», «Ұлы дала жыршысы атты туындыларын сыйға тартты. Ақынның туған немересі Мұрат, тұңғыш қызынан тараған шөбересі Жұмабай, күйеу баласы (милиция полковнигі) Жеңістер сөйлеп, ауыл ақсақалдарымен пікір алысты. Ынтымағы жарасқан, киелі, әруақты ауыл екені әр адамның бойынан, қызмет көрсетіп жүрген жігіттердің, қыз-келіндердің жүзінен аңғарылып тұрғандай еді. Осының бәрі еркіндіктің, егемен елдігіміздің арқасы. Сонау Қордай асуынан бері шығып, киелі Қазығұрт тауына қарай аяңдап келе жатқан Кенен атаның өзі болмаса да, рухы жеткендей әсерде қалғанымыз рас. Иә, «Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған?» дейтін аңыз Нұқ пайғамбардан бері айтылып келген аталы сөз. Солардың рухы өлмесін, егемендігіміз, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын! Ұрпағымыз салауатты, білімді, парасатты болсын! дейік. Кенен атамыз да осындай бір шуақты, бақытты заманды армандап кеткен ғой. Сондай бір сәтте былай деген екен:

«Көп жасаған көпті көрмей тұрмайды,
Дүние шіркін, адамзатты алдайды.
Ата-анадан малды жақсы көрсең де,
Сұм қара жер соның бәрін жалмайды...

Дүниеге көрмек үшін келіппіз,
Жаратылыс тамашасын көріппіз.
Ай менен Күн жарық беріп тұрса да,
Надан болып көрсоқырға еріппіз...

Бұл дәуірдің білімі көп білемін,
Жасым өтіп арманда боп жүремін.
Өзге жұрттың кәрі-жасы көзі ашық,
Ұрпақтарым, оқыңдар деп тіледім!».

Бұл енді Кенен атаның кейінгі ұрпаққа, жасөспірімдерге қалдырған ізгі өсиеті деп білейік.

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы,
«Үшбастау» ауылы, 2021 ж.

Мұхтар Құл-Мұхаммед
(түйін сөз)

КЕНЕННІҢ КЕМЕЛ ӨНЕРІ

... Сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне,
әрі ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ
шежіре екенсіз.
Мұхтар Әуезов

Өзімізге жиі қоятын «қазақ қандай халық?» деген сұраққа жауап іздегенде «ежелден ер деген» даңқы алдымен ауызға іліксе, екінші ретте «тіл ұстартып, өнер шашқан» мақсұты ойға оралады. Ата тарихының терең қатпарларына үңілер болсақ, қазақ деген халықтың ұлттық ұстынын дәл осы егіз ұғым қалыптастырғандай көрінеді. Ол бізге – «қара терін төгіп, қызыл қанын жүгіртіп» осыдан мың жарым жылдан астам уақыт бұрын сына жазуымен ерлік

жырын тасқа қашаған Йоллығ тегін бабамыз бен жаһан әміршісі Шыңғыс ханды ақ киізге орап хан көтергендердің сөз ұстары – түгел сөздің түп атасы – Майқы биден жеткен қастерлі аманат. Ол – қазақ хандарының ұлы бабасы Жошының кеменгер кеңесшісі Кетбұға би, асыл бейнесі батырлар жырының әр тұсынан қылаң беретін Сыпыра жырау, халқына жайлы қоныс іздеп, Желмаямен тау мен даланы кезетін Асан Қайғы атамыздай ескі дәстүрді жаңғыртқан дала данышпандарының өсиеті. Ол – рух әміршілері – домбыра мен қылышты қатар ұстаған Доспамбет пен Қазтуғандардан кешегі ер Махамбетке дейінгі жорық жырауларының келер ұрпаққа қалдырған ғажайып ғибраты. Халқымыз төл жазуынан көз жазып қала берсе де, олардың есімдерін ұлт санасында сақтап, жүрек төрінде ұстаған. Сондықтан ұмытылмаған, жырлары ұрпақтан ұрпаққа ауызша жетіп, Ұлы даланың мәңгі сөнбейтін киелі шырағына айналған. Бабалардың ескі жұртында қалып, бір кездері сөнуге айналған сол қоламтаны еппен үрлеп жіберсең, әпсәтте қып-қызыл шоқтай маздап шыға келетіні сондықтан. Кенен Әзірбаев шығармашылығы сол ұлы жыраулар мұрасының жаңа заманда түрленген көрініс-келбеті десек, өзін «билер отты, би соңы» деуге әбден болады.

Адамның бала кезде естіген, көрген дүниелері ақ қағазға жазылған хаттай анық, айқын бедерленеді. Бірақ санада ұмытылмастай жатталып қалуы үшін оның әсері күшті, мағынасы зор болуы керек. Менің де бірінші сыныпты бітірер жаздан бастап, әлі күнге дейін жадымда жатталып қалған әуен – Кенен атамыздың жүрекке шуақ, жаныңа нұр құятын, әдемі, қоңыр дауысы.

...Сол жылы жазда әкем үйге екі күйтабақ әкелді. Бірі – Кенен атамыздың әндері. Әлі күнге дейін есімде: «Туған жер тайға таңба басқандайсың, сай сайын өрлей берсем аспандайсың»,– деп майдақоңыр үнмен басталатын әндер тізбегі бірде «Бозторғай» болып шырылдап, енді бірде «Тік шырқап», «Алатау алабын», «Ойжайлауды» кезіп кетеді. «Қайран жастықпен» жастық шағына саяхат жасап, «Жетпіс бес», «Сексеннің» өзіне дес бермейді. Дәл осы күннен бастап мен үшін Кенен дәл бір туған атамдай болып кетті. Оның үстіне әкемнің де: «Жарықтықтың дауысы да, келбеті де біздің шалға керемет ұқсайды», – деп қоятыны бар. Қайтсін енді, ол да Кенекеңнің мейірбан жүзін көріп, жан жадыратар дауысын естіп, сүйегі шекараның арғы бетінде қалған қайран әкесін сағынады.

Кейін аңғардым, Кененнің миллиондаған қазақтың жүрегіне жол табуының тағы бір сыры – әркімнің өз Кенені болыпты. Біреу одан даланың кемеңгер қариясының келбетін, екіншілері – жүрегіңді баурап әкететін әдемі қоңыр дауысты әншіні, үшіншілері – Арқа мен Алатаудың әншілік мектебі дәстүрін өзінше түрлеген композиторды, ал енді біреулер оның иман нұры төгілген жылы жүзінен өзінің әкесі мен атасын көреді екен.

Кезінде Кененнің әншілік, композиторлық қырларын қазақтың ғұлама музыка зерттеушісі Ахмет Жұбанов, ақындық, жыраулық мұрасын қайраткер-ғалым Мырзатай Жолдасбеков жан-жақты талдап, кәсіби тұрғыдан тарқата жазды. Дарияның түбінен құдық қазбас болар. Бізге керегі – оның ұлтымыздың ұлық өнерін қайта жаңғыртқан қазақ тарихындағы тұлғалық орны. Өйткені қайталанбас кемел дарын иесі Кенен ақын – ұлт руханиятындағы ғажайып құбылыс – қазақ жыраулық өнерінің жиынтық бейнесі.

Кенен Әзірбаевтың өмірі көзі тірісінде-ақ аңызға айналған. Қос ғасырдың тірі куәгері болған кемеңгер қария жастық шақта көрген-білген, көкейге түйгендерінің бәрін қазақ шешендік өнерінің зерттеушісі, филология ғылымының докторы Нысанбек Төреқұлдың көмегімен хатқа түсіріп, 1969 жылы «Аңыздар сыры» деген атпен жеке кітап етіп бастырады. Фольклорист ғалымның әдеби өңдеуі мен «Қазақстан» сияқты саяси баспаның цензуралық қайшысына түскен тұстарын есепке алмағанда, естелікте баяндалған оқиғаларды замана шындығы деп қабылдауға толық негіз бар. Оның үстіне кейін бұл кітап тәуелсіздік жағдайында бастапқы толық нұсқасында бірнеше рет басылды. Енді сол деректерге жүгініп көрейік.

Кеңес заманында жарық көрген еңбектердің бәрінде дерлік Кененнің әкесі Әзірбай мен оның аталары түгелдей киер киім, ішер асқа жарымаған жалаңаяқ кедей болып суреттеледі. Кенекең де бұған қарсы көп уәж айта қоймаған. Шындығында жағдай басқашалау екен.

Кенен атамыз өз естелігінде атасы Мандыбайдан: Әзірбай, Ниязбай, Абданбай деген үш ұл тарағанын және «бәрі шетінен өнерпаз, домбырашы, өлеңші, әнші, көкпаршы, ит жүгірткіш, сауыққой» болғанын жазады. Қаратабан кедей өлең де, ән де айтар, бірақ көкпар тартып, ит жүгіртіп, сауық құра алмаса керек.

Әзірбай қалың қасқараудың мол дәулет біткен атақты шон-

жары, төбе биі – Кебекбайға атқосшы болыпты. Ал «өзі зордың – ығы да зор» келетіні бесенеден белгілі жағдаят. Сондықтан үнемі байдың ығында, елдің назарында жүрген Әзірбайдың күйі тым жаман болмаған сияқты. Кененнің әкесі шау тартып, алпысты алқымдаған шақта әйелі Алуа мен екі баласы бірінен соң бірі дүние салып, кезінде талай жақсы мен жайсаң түскен алты қанат үйі қаңырап бос қалады.

Қиын тұста Кебекең көмекке келіп, елдегі Ақыш деген батырдың уыздай жас қызы – Ұлдарды Әзекеңе әпереді. Қайын атасы қаражаяу көптің бірі емес – өзі батыр болса, алғаны біреудің байдан шыққан немесе жесір қалған «есік көргені» емес – үлбіреген жас қыз болғанына қарап, Әзірбайдың дәулеті ортадан сәл жоғарылау болғандығын аңғарудың еш қиындығы жоқ.

Міне, дәл осы көрікті, келбетті әрі әнші Ұлдар апамыздан Әзекеңнің жасы алпыстан асқан шағында Кенен туады, іле-шала Бибісара деген қыз да дүниеге келеді. Бірақ олардың шат-шадыман ғұмыры тым ұзаққа бармай, Кененнің жасы жетіге келгенде анасы мен қарындасы мезгілсіз дүниеден озып, жетім атанады. Бұдан кейін төсек жаңғыртуға Әзірбайдың жасы да, дәулеті де жар бермейді.

Жасы жетпістің желкесіне шыққан Әзірбай қазан-ошақтың басын күзетіп қалмай, ұзатылған қыздарының қолына кезектесе барып, ел аралап тұрмыс кешіпті. Кішкентай Кененді өз балаларымен бірге бағып, оқытсын деп, туған інісі, бақал сауда жасайтын, дөңгеленген тұрмысы бар Абданбайдың қолына береді. Оның мінезі жайсыз, қолы сараң, тәрбиесі төмен Әймен деген әйелі Кененге табалдырықты аттаған күннен бастап «шешесін жалмаған қу жетім» деп күн көрсетпей, қозы-лақтың соңына салып қояды. Анасының барында еркелеу, тентектеу өскен Кенен дәл осы әйелден көресіні де, қорлықты да молынан көреді. Тауды-тасты кезіп қозы-лақ бағып, үнемі ашқұрсақ жүретін баланың шерлі, мұңды күндері басталады.

Қанша мал соңында жүрсе де күн ұзақта өзімен қатарлас кедей-кепшіктің балаларымен өз айтуынша, сал таяқ, жорға таяқ, орамал жасырмақ, тақия теппек, ақсүйек, соқыр теке, шекем тас, асық сияқты алуан түрлі ойындар ойнап, шама-шарқы келгенше балалықтың бал дәуренін бастан өткізеді.

Ауыл баласының ертерек есейетіні белгілі. Әжептәуір дауы-

сы бар, халық әндерін келістіре салатын анасы Ұлдардан естігені бар, бір кісідей-ақ домбыра шертіп, көптеген халық дастандарын жақсы білетін әкесі Әзірбайдан үйренгені бар – 7-8 жасында-ақ өлең-жырға үйірсектігімен көзге түсе бастайды. «Өлең болсын, ән болсын, аңыз, ертегі болсын, қағып алатын» болады. Қамыстан – сырнай, қалақтан домбыра жасап, өлең айтып, домбыра тартуға талпыныс жасайды.

Оның алғашқы ұстазы әкесі Әзірбай еді. Сондықтан ол өз естелігінде: «Сондағы әкемнен үйренген Сүйінбай, Қаңтарбай, Қуандық, Сарбас, Майкөт, Шөже, Түбектердің өлеңдері, әндері өзімнің ақындық жолға түсуімнің алтын діңгегіндей болды», – деп ашық жазады. Жас баланың талабына риза болған сол елдегі Еркебай дейтін өнерпаз азамат оған өзінің домбырасын сыйлайды. Ұстазының көзіндей көріп, ұзақ жылдар қолынан тастамаған бұл домбырасын Кенен атамыз кеңес заманына дейін ұстаған екен.

Бала Кененнің ең тырнақалды туындысы – әлде тоғыз, әлде он жасында айтылған «Ри, қойым» болса, ал «әнші бала» деген даңқын жайған алғашқы әні – 13 жасында шығарған «Бозторғай» еді. Арада ғасырдан астам уақыт өтсе де, осы заманғы дәстүрлі әншілердің репертуарынан түспей келе жатқан, тыңдаған жанның сай-сүйегін сырқырататын бұл әндер Кененнің бойындағы алысқа шабар композиторлық талантты айқын танытты. Сондықтан белгілі музыка зерттеушісі, профессор Б.Ерзаковичтің «Ри, қойым» мен «Бозторғай» туралы: «Оның тым балаң кезінде шығарған бұл туындылары өзінің күрделі қалыбы, мелодияларының үйлесімділігі, айрықша шеберлігімен ерекшеленеді. Бұл – музыкадағы ерекше құбылыс», – деген пікірімен келіспеу қиын (История казахской музыки, А., 2000, 169-бет).

Кененнің әншілік, композиторлық дарынын жас күнінде-ақ Алатау алабына түгел жайған әні – «Көкшолақ». Екпіндете басталып, ойнақы мәнермен желдірте жоғары, төмен түсе шырқалатын, қазақ ән өнеріндегі хрестоматиялық туындыға айналған бұл ән де бір ғасырдан астам уақыт бойына дәстүрлі әншілер репертуарынан түспей келеді. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы «Алатау» үштігі оны эстрадалық аранжировкаға түсіріп, жаңаша орындағаннан кейін «Көкшолақтың» екінші тынысы ашылды. Бұл туынды туралы кезінде академик Ахмет Жұбанов ағамыз: «Ән Жетісудің дәстүрінде, халықтық интонация негізінде шыққан.

Аздаған қалжыңның элементі бар. Ол, әсіресе, әннің қайырмасында көбірек көзге түседі. «Көкшолақ» әні де тез жайылып кетеді. Орындауы да жеңіл, музыкалық жағынан аса мазмұнды, қоңыр ән, өлеңнің сөзіне сай келеді», – деп жас әнші-композитордың алғашқы ірі музыкалық табысы саналатын әнге әділ бағасын береді.

КЕНЕН МЕН БАЛУАН ШОЛАҚ

Алғашқы үш әнімен-ақ Кененнің аты Әулиеата атырабына, қалың дулаттың ішіне жайыла бастайды. Жасы 15-16-ға келгенде жас әншінің бүкіл шығармашылығын ғана емес, кейінгі өмірін күрт өзгерткен айрықша оқиға болады. Аты аңызға айналған, ұлттық ән өнеріміздің шырқау шыңы саналатын – әйгілі Ақан сері мен Біржан сал ән мектебін сапалық жаңа биікке көтерген қазақтың ұлы композиторы, атақты балуан, үлкен өнерпаз Балуан Шолақ XX ғасыр басында Арқадан туған елі – Алатауға келеді.

Жалпы, Балуанның өмірін зерттеушілердің бір тобы ол еліне «қуғыннан бой тасалау үшін бір-ақ рет – 1912-13 жылдары келген» деген деректі алға тартады, екінші топ «әуелі атақ-даңқы дүрілдеп тұрған кезде – ғасыр басында келіп, аз күн аунап-қунап, ел аралап, өнерін көрсетіп, кейін араға жылдар салып қайта оралған», – дейді.

Балуан Шолақпен кездесуі жайлы Кененнің өзі де естелік қалдырған. Онда екеуінің жүздескен жылы нақты көрсетілмесе де, әңгіменің ұзын-ырғасына қарап, оқиғаның Кененнің бозым кезінде болғанын аңғару қиын емес. Бұл деректі әйгілі жазушымыз Сәбит Мұқанов «Балуан Шолақ» повесінде растай түседі. С.Мұқановтың жазуында Арқадан Жетісуға келген сол сапарында Балуан Шолақ Ноғайбай дейтін байдың үйіне түседі. Сол жолы атағы енді шыға бастаған (бұл Кененнің «Бозторғайы» мен «Көкшолағының» ел арасына тараған кезі) жас әншіні алдырып, өнерін тамашалайды. Жазушы: «Балуан Шолақ таптырып алса, он бестер шамасындағы қойшы бала екен», – деп жазады. Дәл осы жолы Балуан ағасы жас Кененге батасын беріп, елдің игі жақсыларына: «Менен де зор әнші өздеріңнің араларыңда жүр, бірақ ән айтып жүрген жоқ, қой бағып жүр», – деп оған қамқорлық көрсетуді ерекше табыстаған екен. Сәбеңнің жазуынша, Кененнің даңқы дәл осы кезден бастап Алатауды шарлап кете барған.

Сәбең өмірінің соңына дейін Кененмен жақсы араласып-

құраласып тұрған. Балуан туралы шығармасын жазу үшін сан мәрте сұхбаттасқан, дерек жинаған. Алматының іргесіндегі Кенен аулына талай келіп, жата-жастана қонақ та болған. Жазушының шығармасы жарық көргенде Кенекеңнің көзі тірі, көрген-білгендерінің бәрі көкейінде сайрап тұр. Бірақ табиғатынан сыпайы, сырбаз жан кей деректерге келгенде авторға: «бұл олай емес, бұлай еді», – деп ешбір ескерту жасамаған.

«Балуан Шолақ» повесі жарық көргенде Кенен ақсақал өз естелігін әлі хатқа түсірмеген. Оның 1966 жылы көрген-білген, көкейге түйген оқиғаларын жаздырған естеліктері 1969 жылы ғана жеке кітап болып басылады. Онда шағын да болса Балуан Шолақ туралы арнайы бөлім бар. Кенекең ұлы ұстазымен кездесуі туралы: «Мен әуелі «Бозторғайды», онан соң «Көкшолақты», «Көпшілік, тыңда әнімді» деген әндерімді айтып бердім. Ол үнсіз тыңдап отырды да:

– Пәлі, нағыз әнші өз ауылдарыңда екен ғой, дауысы да құлаққа жағымды екен... деп мақтады», – деп жазады.

Кенен естелігі мен Сәбең шығармасындағы оқиға реті бірбірімен қабысып тұр. Кенекеңнің жазуынша, дәл осы жолы Балуан ағасы оны Олжабай, Ноғайбай, Байболат, Қасабек ауылдарына барғанда жанынан тастамай ертіп жүріп, көптеген әндерін үйретеді.

Оқиғаның дәл қай жылы өткенін аңғару үшін тағы да Кенен ақсақалдың естелігіне жүгінуге тура келеді. Онда Шолақ алдында орындаған үш әннің бірі ретінде «Көпшілік, тыңда, әнімді» айтылады. Кенен шығармашылығын зерттеушілердің бәрі дерлік бұл әнді 1902 жылы жазылған деп көрсетеді. Демек, кездесу 1902-1903 жылдар шамасында өтуі мүмкін деген болжам жасауға болады. Бұл кезде Кененнің жасы Сәбең айтқандай, 15-те болмаса да, 18-19-ға келген балаң жігіт. Егер болашақта Балуан Шолақтың Жетісуға келген алғашқы сапары туралы нақты мұрағаттық деректер табылса, ғажайып талант иесінің өміріне қатысты бұл кездесу тарихын әлі де болса нақтылай түсуге мүмкіндік туындайды. Әзірге кездесу өткен жылды осылай межелеген жөн деп санаймын.

Балуан Шолақпен кездесу Кененнің әншілік, композиторлық өнерін жаңа биікке көтереді. Ол Жетісу ән мектебінің жанға жайлы, қоңыр салқын әуенін Арқаның «алыстан сермеп, жүректен тербейтін» кең тыныстыәндерімен ұштастыра шырқайды.

Ұстазы Балуан Шолаққа атқосшы бола жүріп, жас Кенен репертуарын кеңейте түседі. Қордайдың қоңыр желімен бірге Алатаудың екі жағына бірдей тараған «Тік шырқау», «Қос қалқа», «Ойжайлау» сияқты әндерін дүниеге әкеледі. Солардың ішінде Жетісу ән мектебінің ең үздік үлгілерінің бірі саналатын «Ойжайлау» әні қазақ даласының төрт бұрышына түгел тарайды.

Осы тұста тағы да Балуан Шолақ тақырыбына оралайық.

Кенен Балуанмен екі рет кездескенге ұқсайды. Екінші кездесу 1912 жылы өткен. Бұл – Балуан Шолақ өмірін зерттеушілер тарапынан түгелдей қолдау тапқан дерек. Кененнің «Балуан Шолақпен кездескенде» деген өлеңі де бар. Кенентанушылар бірауыздан бұл өлеңді 1912 жылы жазылған деп санайды. Ақынның көзі тірісінде әлденеше рет басылған жинақтарда дәл осы дата көрсетілген.

Балуан тақырыбына қайта-қайта оралып отыруымыздың тағы бір себебі – бұл кездесудің ұлттың музыка тарихындағы алатын орнының алабөтендігінде. Құйма құлақ Кенен дәл осы жолы Балуан Шолақтың 11 әнін дәл бір нотаға түсіргендей етіп көкірегіне жазып алады.

Уақыт өте келе Балуанның даңқы шыққан Арқа өңірі, Көкше жұрты әуелі қарашекпендердің, кейін «тың игеруші» келімсектердің мекеніне айналып, біртіндеп отарлана, орысқолдана бастайды. Қазақ сахарасының аңызға айналған батыры, атақты композиторы Балуан Шолақтың есімі де, әндері де көмескі тартады. Осылайша XX ғасыр ортасында Арқа жұртында Балуанның мол мұрасынан бірді-екілі әндерін білетіндер ғана қалады. Бұл туралы белгілі музыка зерттеушісі Б.Ерзакович өзінің Балуан Шолақ өлеңдерінің жиналуына қатысты естелігінде егжей-тегжейлі жазады. Ол 30-40-жылдары арнайы музыкалық экспедицияларға шығып жүріп, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды өңірлерінен Балуанның 4-5 әнін әрең жазып алады. Ғалым: «Балуан шығармалары жоқтың қасы еді, мұның өзі мені Балуан Шолақ творчествосының көпшілігі жоғалып біткен екен деген ойға қалдырды», – деп тұжырымдайды. Сөйтіп жүргенде, 1952 жылы Ғылым академиясының вице-президенті Нығмет Сауранбаев оны Кенен ақсақалмен таныстырып, әншінің өлеңдерін жазып алып, нотаға түсіруді тапсырады. Сол жолы ол халық композиторының Қордайдағы үйінде қона жатып, 40 әнін таспаға да, жазбаға да түсіреді. Шаруа бітіп, көңілі жайланғаннан кейін Кенен атамыз оған Балуан Шолақ әндерін де

жазып алуды өтінеді. Қазақ музыкасының жай-жапсарын жақсы білетін Ерзакович бұған таң-тамаша қалып, бар ғұмырын Арқада өткізген Балуан әндерін Жетісудағы Кененнің қайдан білетіні жайлы сұрайды. Кенен өзінің «Мен келдім сәлем беріп, батыр аға» деп басталатын «Балуан Шолақпен кездескенде» әнін айтып, онымен жүздесуінің тарихын баяндап береді. Ерзакович: «Сөйтіп, Кенен он жылға жуық Балуан Шолақпен жиі кездесе жүріп, оның әндерін тыңдап, жаттап, үйреніп алған. Кенен нотаға түсіру үшін Балуан Шолақтың он бір әнін шырқап берді», – деп жазады.

Бұдан шығар қорытынды: егер Кенен мен Балуанның сол кездесулері болмаса, кейін біржолата ұмытыла бастаған Шөкеңнің ғажайып әндерінің көпшілігінен бүгінгі буынның көз жазып қалуы да әбден мүмкін еді. Кененнің ақындық кемел таланты, композиторлық қарымы мен әншілік шеберлігі ұштаса келіп, Балуан Шолақтың ғажайып әндерінің қазақ музыкасы төрінен автордың өзі шығарып, дәл өзі шырқағандай көркем қалыпта орын алуына өлшеусіз ықпал етті. Ұстаз мұрасына деген мұндай адалдық пен шынайы қамқорлық Кенен бойында адамгершілік асыл қасиеттердің молдығын тағы бір қырынан жарқырата көрсетеді.

Балуан Шолақ – қазақ тарихындағы есімі де, шығармашылығы да уақыт өткен сайын еңселене түсетін ғажайып тұлға. Бабаларының ерлік рухын аңсаған бүгінгі және келер ұрпақ бұл тақырыпқа әлі талай оралады. Сол кезде олар композитордың 11 әнінің бір нотасына қылаудай кінәрат түсірмей жазып қалдырған Кенен атамызға ризашылығын айтатын болады.

Шіркін-ай, дейсің осындайда. Егер Кенендей ақындығы ақ дариядай кең, жады мықты, музыкалық сауаты жоғары, сал-серілік өнерден хабары мол адамға қисынын келтіре сұрақтар қойып жетелей түскенде одан балуанның жасы, түр-түсі, кескін-келбеті, сөйлеу мәнері, дауыс диапазоны, қимыл-қозғалысы, киім үлгісі, айтқан әндері мен ұстаған домбырасының ағашы, шанағы, мойыны, пернелерінің тағылуы, ішегі, акустикасы, құлақ күйін келтіруі, домбыраны тартуы, қағу ерекшелігі т.б. қаншама құнды деректерді алуға болар еді. Кенен сияқты сезімтал, байқағыш, көргенін, естігенін қаз-қалпында жадында сақтағыш жан Балуан Шолақтың адами, шығармашылық портретін қолмен қойғандай етіп сипаттап берер еді. Бүгінгі ұрпақ үшін осындай аса құнды деректер бізбен бір заманда өмір сүрген қазыналы қариямызбен бірге кетіп, Балуан

Шолақ туралы естелік бір-ақ тұтам, бас-аяғы бір бетке ғана жетер-жетпес көлемде қалды. Өкінішті-ақ.

Кейбір зерттеушілер Кенен мұрасын алғаш нотаға түсірген қазақтың ән-күй өнерін XX ғасырдың басында-ақ күллі әлемге танытқан Александр Затаевич деп жазды. Біз оның «Қазақтың 1000 әні» атты хрестоматиялық еңбегінің ескі-жаңа басылымдарын түгел сүзіп шықтық. Онда Кененнің өз әндері немесе ол жаздырған әндер мүлде жоқ. Есесіне бес жерде Балуан Шолақтың есімі аталып, онда Әлікей Өтекиннен жазып алынған «Ғалия» әнінің екі түрі және Әміржан Наурызбаевтан жазылған Балуан Шолақ әнінің нотасы берілген. Бесінші жазбада халық әні «Екі жирен» Балуан Шолаққа телініп жаңсақ көрсетілген. Тіпті осы деректердің өзі-ақ ұлы зерттеуші А.Затаевичтің Қазақстанды түгел шарлап, қазақ музыкасының інжу-маржандарын зор ыждаһатпен іздегенде Балуанның екі-ақ әнін тапқанын аңғартады. Ал Кенен атамыздың бір өзі Затаевич жинағы жарық көргеніне 46 жыл өткенде ұстазының 11 әнін саф күйінде нотаға да, таспаға да жаздырған. Ғажап еңбек.

А.Жұбанов Кенен әндерін 1934 жылы Л.Хамиди мен С. Шабельскийдің де нотаға түсіргені туралы және бір әнді Е.Брусиловский өзінің «Қыз Жібек» операсында пайдаланғандығын жазады, бірақ бекзат болмысты Ахмет Қуанұлы оның қай ән екендігін мінәйым себептермен ашып көрсетпеген.

Қазақ операларының белгілі зерттеушісі, профессор Сара Күзембайдың деректері бойынша Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсына халқымыздың арасына кең тараған халық композиторларының әндері: «Гәкку», «Толқыма», «Дүние-ай», «Раушан», «Қос барабан», «Алқаракөк», «Қарагөз», «Аққұм», «Көкжендет», «Мәди», «Сарымойын» сияқты ән өнерінің төрелері таңдап алынған. Брусиловский әр әннің айтылуы, екпіні, лебіне қарай, суреттелетін оқиғаның тақырыбы мен табиғатына сәйкес операның өн бойына жымдастыра пайдаланған. Әнмен ғана шектелмей, би, хореографиялық композициялар тұсында «Ақсақ құлан», «Айжан қыз» (қыздар биі), «Тепең көк» (жігіттердің жігерлі биі), «Былқылдақ», «Бес төре», «Кеңес», «Алты қаз» сияқты күйлерді де қамтыған. Жалпы, Е.Брусиловский шығармашылығы, әсіресе қазақтың тұңғыш операсы – «Қыз Жібекте» пайдаланған халқымыздың музыкалық мол мұрасы терең, жан-жақты, арнайы

кәсіби зерттеуді қажет етеді.

Е.Брусиловский 1933 жылы Қазақстанға келгенде оның Ленинград консерваториясын бітіргеніне небәрі екі-ақ жыл болған. Музыкалық шығармалардың шыңы саналатын операны былай қойғанда, әлі орта көлемдегі бір туынды жазбаған шіп-шикі музыкант еді. Композиция бойынша аяқталған білімі мен табақтай дипломы бар.

Қазақстандағы жалғыз жоғары білімді музыка маманы болған соң өлкелік партия комитеті оған қазақтың тұңғыш операсын жазуға «тапсырма» береді. Шегінуге жер қалмаған жас сазгер дереу тапсырманы орындауға кіріседі. Оның бақытына орай, бұл ұлтымыздың інжу-маржанын жинақтаған Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» (1925) мен «Қазақтың 500 ән-күйі» (1931) қос кітабы жарық көріп, дүние жүзі музыка мамандарының бәрін таң-тамаша қалдырып жатқан кез еді.

Александр Затаевич өзі музыкалық шығарма жазбаса да, әлемдік деңгейдегі ұлы композиторлармен достық, шығармашылық байланыста болды. Мәселен, есімі жер жаһанға мәшһүр орыс композиторы, ғажап пианист, дирижер, туындылары әлемдік музыка өнерінің шедеврлеріне айналған Сергей Рахманинов өзінің «Алты музыкалық сәт» атты фортепианоға арналған бірегей туындысын дәл осы Александр ағамызға арнаған. Жалпы саны 2000-нан еркін асатын қазақтың ән-күй, музыкалық сарындарын жинап, халқымызға мәңгі өлмес ескерткіш тұрғызған А.В.Затаевичтің өмірі мен шығармашылық мол мұрасына келгенде біз әлі күнге дейін қос жинағын қайта-қайта бастырудан аса алмай жүргеніміз өкініштi. Тіпті оның жеке музыкалық мұрағатында қалып, күні бүгінге дейін жүйеге түсіп, жарыққа шықпаған құндылықтары қаншама. Қазақ музыкатану ғылымы қаншалықты үлкен биікке көтерілсе де, дәл осы бір аяулы жанның алдындағы парызымыз бен сол ғажайып музыканы тудырған туған халқымызға деген өлшеусіз қарызымыздың әлі өтелмегенін мойындауға тура келеді.

Кенен атамыздан жазып алынып, Ахмет Қуанұлы ишаралаған әнге келер болсақ, біздіңше, ол «Қыз Жібекте» Төлегеннің образын ашу үшін қолданылған Балуан Шолақтың «Қос барабаны» сияқты көрінеді. Бәлкім, музыка мамандары басқа да сарындарды таба жатар, жалпы, Е.Брусиловскийдің ұлттық музыкаға құрылған «Қыз Жібектен» басқа «Айман-Шолпан», «Ер Тарғын» опералары мен

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» балетіндегі қазақи туындылардың тінін ажырата талдау да музыкатанушыларымыздың еншісіндегі болашақта атқарылар сауапты істің бірі деп білемін. Өйткені «Қыз Жібек» операсының екі мыңнан астам көрсетілімі зор табыспен өтіп, бірнеше буынның жүрегіне еркін жол табуының басты сыры операның таңдаулы арияларының қазақи ән-күйлерден құралған таза ұлттық табиғатында деп санаймын.

КЕНЕН МЕН ЖАМБЫЛ

Кененнің жыр алыбы – Жамбылмен танысуы есімі қырғыз-қазаққа түгел жайылған Шабдан манаптың асында болды. Ертеректе жазылған жазбалардың бір парасында бұл Кененнің қой соңында жүрген бала кезінде болған оқиға деп көрсетіледі. Бұған қарт жырау естелігінің Шабдан асына арналған бөлігінде өзінің екі ұмтылып, дауысы шықпай қиналғанда, қаумалаған әлеуметтің: «Ау, халайық, күлмеңдер, бала екен. Қайта шырқасын», – деп жазғаны да себепкер болған сияқты. Оның тойда айтқан өлеңінде: «Мен өзім дулат деген елден келдім, Көл қопа, Қордай деген жерден келдім. Жас бала, жаңа талап, мен бір қойшы, Туғалы мұндай жиын көрмеп едім», – деген жолдар да бар. Ал шындығына келсек, бұл Кененнің 28-ге келген, көк семсердей қайралған кезі болатын.

Бай-манаптардың бәрі шетінен зұлым, қанаушы, үстем тап өкілдері саналған кеңес заманында Шабдан манаптың атына да қырғыз ағайындар жақсы сөз қосақтай қоймаған. Ол туралы сол кезде арнайы зерттеу де жазылған жоқ. Сондықтан Шабдан туралы деректердің мақтауынан гөрі даттауы басымдау болды. Бүгінгі Қырғызстанда ол – ұлттық батыр, аты да, атағы да аспандап тұрған тұлға.

Шабдан Жантайұлы өмір сүрген тұста қырғыздар Қоқан хандығына бағынышты болған. Қырғыз ағайындардың көңіліне келсе де айтайын: тарихта ешқашан «Қырғыз хандығы» деген мемлекет болмаған. Кезінде Шоқан еңбектерінде аталатын ықпалды сарыбағыш руынан шыққан Шабдан қырғыз жыр-дастандарында есімі жиі кездесетін атышулы Әтеке батырдың ұрпағы екен.

Реті келгенде айта кетейік: Қабанбай батыр туралы жыр дастандардың барлық нұсқаларында дерлік жекпе-жекте дәл осы Әтеке жырақты Қабанбай өлтіреді. Сонда Әтекенің ақ тайлақ же-

тектеп, еңіреген қызы Дарабоздан сауға тілеп, әкесінің сүйегін сұрап алады. Шабдан кезінде Қоқан хандары Мәлібек пен Құдиярға қызмет еткен, 1860 жылы Алматының іргесі – Ұзынағашта өткен шайқаста қоқандықтар жағында соғысқан. Кейін қырғыздар орысқа отар болғанда ақ патшаға құлдық ұрып, одан старшын шенін алған. Есімі қырғыз халқының есінде жоқ-жітікке көп көмектескен, өнер-білімге қамқорлық жасаған манап ретінде қалған.

Шабдан асы оның дүние салғанына тура бір жыл өткенде – 1913 жылы Алатаудың бауырында Шоң Кемін жайлауында өтеді. Тойға басынан аяғына дейін қатысқан Кенен атамыздың айтуы бойынша, қазақ тарапынан асқа әнші, күйші, ақын, балуан, мерген, сал-сері, батыр-бағлан, тіпті бір қойдың етін бір өзі асайтын мешкейлерге дейін қосқанда – жиыны 300-ден асатын адам барыпты.

Тойдың көркі қазақтың ұлы жырауы Жамбыл мен сол кезде екінші рет Сібірдегі айдаудан қашып келген қырғыз ақыны Тоқтағұл болыпты.

Астың даңқы да, дақпырты да алысқа кетіп, ұзақ жылдар қазақ пен қырғыздың жадында сақталды. Бұл туралы орыс этнографы С. Дмитриев «Известия императорского русского географического общества» басылымында шыққан мақаласында: «Пішпек уезінде өткізілген Шабдан Жантаевтың асына небір талантты ақындар келді. Олардың ішінде ең атақтылары Жамбыл, Қалмырза, Өмірзақ, Кенжеқара болды. Олардың өлең-жырлары еш жерде жазып алынбаған. Таңның атысы, күннің батысы тасқындай ағып, дамылсыз жырлаған ақын-жыршылардың табиғатына, болмысына қайран қаласыз», – деп жазған. Орыс ғалымы ақын-жыршылар ішінде жыр алыбы Жамбылдың есімін алдымен ауызға алады.

Осы аста Тоқтағұлға жыр кезегі келгенде кезінде оны итжекке айдауға жіберген қырғыз бегі дау-жанжал шығарып, заң құрығынан қашқан қылмыскерлігін бетке басып, астың шырқын бұзады. Сонда төрдің төбесінде отырған Жамбыл атамыз домбырасын қағып-қағып жіберіп:

«Келдің бе, ағиығым, алыс жерден,

Өтіпсің самғап ұшып асқар белден.
«Алмас пышақ қап түбінде жатпас» деген,
Хан төре айналмай ма сендей ерден.
Ер ғана елін табар іздеп жүріп,
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп.

Құландай ақ бұғауын үзіп қашқан,
Жетіпсің енді, міне, елге келіп», – деп қырғыз ақынына дем беріп, қасына отырғызады. Сол жолы Тоқтағұл өзінің: «Қазақта Жамбыл сен едің, Шалқып жатқан көл едің», – дейтін ұзақ толғауын төгіп, өмірінің соңына дейін оны ұстаз, аға тұтып өтеді.

Ақындарға арналған бас жүлдені сол кездің өзінде атағы жер жарған Жамбыл бабамыз алып, екі ұмтылып үні шықпай қиналған Кененнің ер кезегі – үшке келгенде дауысы Алатаудың шыңқұздарын жаңғырықтырып, әншілерге берілетін бас жүлде – кемер белдікті беліне байлапты.

